



Тіл – адамның адамдық
белгісінің зоры

**Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ атындағы
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ**

ТІЛ және МӘДЕНИЕТ – 2023
(тілтанымдық алаң)

**ҚАЗАҚ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМЫ:
ТЕОРИЯСЫ, ЭМПИРИКАСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ**

**«КАЗАХСКАЯ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЯ:
ТЕОРИЯ, ЭМПИРИЧЕСКАЯ БАЗА И ПРАКТИКА»**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ИНСТИТУТ ЯЗЫКОЗНАНИЯ ИМЕНИ АХМЕТА БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
КОМИТЕТА НАУКИ МИНИСТЕРСТВА НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

AKHMET BAITURSYNULY INSTITUTE OF LINGUISTICS OF THE COMMITTEE OF SCIENCE
OF THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – 2023
(тұрақты лингвомәдениеттанымдық алаң)

ҚАЗАҚ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМЫ: ТЕОРИЯСЫ, ЭМПИРИКАСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ»

Филология ғылымдарының докторы, профессор Рүстембек Нұсқабекұлы Шойбековтің 75 жасқа толған мерейтойына орай ұйымдастырылған «Тіл және мәдениет» алаңы аясында
«Қазақ лингвомәдениеттанымы: теориясы, эмпирикасы мен практикасы»
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

Международной научно-практической конференции
«Казахская лингвокультурология: теория, эмпирическая база и практика»
в рамках проекта **«Язык и культура»** посвященной 75-летию юбилею профессора
Рустембека Нусқабекулы Шойбекова

Алматы, 2023

ӘОЖ 80/81 (069)
КБЖ 81.2
Қ 17

Бас редактор

А.Фазылжан – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры

Пікір жазғандар:

Ж.Манкеева – филология ғылымдарының докторы, профессор

М.Малбақов – филология ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы:

ф.ғ.д., профессор Н.Уәли, ф.ғ.д., профессор З.Базарбаева, ф.ғ.д., профессор Ж.Манкеева,
ф.ғ.д., профессор М.Малбақов, ф.ғ.к. Н.Әшімбаева, ф.ғ.к. Ә.Өтебаева, PhD Е.Маралбек

Жауапты шығарушылар:

Ә.Өтебаева, М.Серікқызы, А.Нұстаева

Қ 17 **«Қазақ лингвомәдениеттаным: теориясы, эмпирикасы мен практикасы»** атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: ЖК Асыл, 2023. – 266 бет.

ISBN 978-601-7781-26-2

Жинақ «Мәдени-репрезентативті және жарнама мәтіндерінің ішкорпусын әзірлеу» (BR18574132) атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.

Жинаққа этнолог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Рүстембек Нұсқабекұлы Шойбековтің 75 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Тіл және мәдениет» алаңы аясында «Қазақ лингвомәдениеттаным: теориясы, эмпирикасы мен практикасы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. Бұл еңбек тіл мамандарына, филология факультетінің докторанттары, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 80/81 (069)
КБЖ 81.2

АЛҒЫ СӨЗ

Қадірлі қауым!

Құрметті әріптестер, конференцияға қатысушы тіл жанашырлары!

Қазіргі таңда жаһандық үдерістердің теріс әсеріне қарсы әрбір ұлттың жалпыадамзаттық кеңістіктегі ерекше рөлі мен қайталанбас өмір салтын, тілі мен танымын сақтауға бағытталған ұлттану үдерісі ел-елде қарқын алып келеді. Бұл үдерісті іске қосып отырған күш – ұлттың өз тарихындағы жасампаз дүниеліктерді тануға, рационалды таным кеңістігі мен білімдер жүйесін, құндылықтарын жаңғыртуға деген саламатты талпынысы. Осы үдеріс аясында қазіргі әлемдік тіл білімінде, әсіресе тәуелсіздігін жаңа алған ұлттар мен ұлыстардың тіліне арналған зерттеулерде лингвоэтнологиялық, этнолингвистикалық, лингвоэтнографиялық, лингвомәдениеттанымдық бағыттағы ізденістер қарқынды дамып келеді.

Қазақ тіл білімінде осы бағытта жүйелі зерттеулер жүргізіліп, біршама аяқталған нәтижелер ғылыми орта мұқтажын өтеумен бірге көпшілік игілігіе жарайтын өнімдер жарық көріп жатқаны қуантады. Олардың қатарындағы ерекше атап өтетін іргелі еңбектерге онбестомдық иллюстративті-түсіндірме «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2003-2013 жж.), үлкен біртөмдік «Қазақ сөздігі» (2013 ж.), «Қазақтың ұлттық этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» (2017 ж.) атты әлемде теңдесі жоқ академиялық сипаттағы ғылыми-этнографиялық, этнологиялық кешенді энциклопедия жатады.

Бұндай іргелі еңбектер идеялас, пікірлес ғалымдардың ұжымдасуының, иық тіресіп бірлікте еңбек етуінің нәтижесінде ғана туатыны белгілі. Осындай игі істердің басы-қасында жүріп, қазақтың ұлттық материалдық және рухани мәдениет реалийлері мен құбылыстарының тілдегі көріністерін тынбай тірнектеп жинап, ғылыми ой елегінен өткізіп, сараптап, сұрыптап жаңа таным бірлігіне айналдыра алған, әрі ғылыми кеңістіктегі қолданысқа кіргізе алған тілтанушыларымыз көп емес. Солардың бірі, бірегейі профессор Рүстембек Нұсқабекұлы Шойбеков.

Сөзге де шебер, іске де ұста халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтардың бірі – оның қолөнері. Төл мәдени құндылықтар мен елдік рухы деректелген тілдің қазынасын жан-жақты зерттеу – мемлекеттігіміздің тұғырын нығайтатын аса маңызды фактор. Профессор Р.Шойбековтің қолөнерге байланысты халықтық атауларды жинап-теру, оларға ғылыми сипаттама беру, арнайы сөздік құрастырудан бастаған ғылымдағы соқпағы бүгінгі күні үлкен даңғылға айналды. Осы салада Рүстем ағайдың жетекшілігімен қорғалған диссертациялық жұмыстар аз емес.

Халықтың өз қолымен жасайтын, ұлттық мәдениет пен өнер туындысын көпшілік қауымға паш етіп, лексикология, лексикография, этнолингвистика, лингвоэтнология, лингвомәдениеттану салаларының дамуы мен қалыптасуына орасан зор еңбек сіңірген ғалым – филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Шойбеков «Еңбек ардагері» медалінің, «Білікті педагог мамандарды даярлаудағы ерен еңбегі» үшін Құрмет грамотасының, «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері.

Ғалымның өнегелі өмірінің темірқазығына айналған ұлттық этнография, этнолингвистикадағы жетістіктері алдағы уақытта таза лингвистикалық категорияларды ғана емес, этностың өзін түсінуге қажетті тілдік фактілердің ішкі мазмұнын терең де жан-жақты ашуға бағышталатыны әрі қарай тереңдете зерттеуге негіз болары сөзсіз.

Осы ғылыми жинаққа профессор Р.Шойбековтің мерейтойына арналған «Қазақ лингвомәдениеттаным: теориясы, эмпирикасы мен практикасы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары беріліп отыр. Конференция «Мәдени-репрезентативті және жарнама мәтіндерінің ішкорпусын әзірлеу» (BR18574132) атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында өткізілді.

Қазақ халқының сөз өнеріне қатысты барша құндылығын жинап, түгендеп, әр сөздің астарынан сыр ұғып, бүгінде ұмытылып бара жатқан кейбір сөздерді көпшілік қауымға ұсынған атаулардың негізгі мәселелері жөнінде пікірлер мен тұжырымдар, ойлар мен ұсыныстар шоғырланған еңбек ана тілінің кешегісі мен болашағын толғандыратын қалың жұртшылыққа, мамандар мен ізденушілерге пайдалы болар хақ.

Бас редактор А. ФАЗЫЛЖАН

І. ПРОФЕССОР Р.ШОЙБЕКОВТИҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ МҰРАСЫ

Е.Ә. КЕРІМБАЕВ

Филология ғылымдарының докторы

Шымкент университеті

Шымкент, Қазақстан

ТІЛШІ-ҒАЛЫМ Р.Н.ШОЙБЕКОВ – ЖАҚСЫ АДАМ

Қадірлі зиялы қауым! Белгілі ғалым-лексиколог, этнолингвист, филология ғылымдарының докторы Рүстембек Нұсқабекұлы мерей жасымен құттықтап (әріптес және досы ретінде) жылы лебізімді білдіруге рұқсат етіңіздер!

Ғылымның қай саласы болсын, сол аталмыш саланы орнықтыратын, ары қарай дамытатын, құнды үлес қосатын көрнекті ғалымдар болатыны белгілі. Қазақ тіл ғылымының лексикология саласындағы қолөнер лексикасын зерттеген Шойбеков Рүстембек Нұсқабекұлы сондай ғылым өкілдерінің бірі және бірегейі. Ғалымның қазақ лексикология, этнолингвистика салаларындағы ғылыми еңбектері, сөздіктері және де 15 томдық Қазақ әдеби тілінің сөздігін жасаудағы еңбегі қазақ тіл ғылымына қосқан қомақты және құнды үлес деп есептеуімізге болады. Сондай-ақ, «Қазақша-орысша мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер» атты көмекші құралының және де «Қазақ этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияның авторларының бірі. Сонымен қатар Р.Н. Шойбеков қазақша-орысша сөздіктер мен студенттерге арналған оқу құралдарын жасаған. Осы еңбектердің негізінде Рүстем Нұсқабекұлы жан-жақты тілші-ғалым, этнограф, тарихшы, ұстаз-әдіскер екенін зиялы қауымға танытты. Ал ұстаздық жолын Түркістан педагогикалық училищесін бітірген соң бастауыш сынып мұғалімі ретінде бастап, Шымкент педагогикалық институтын аяқтаған соң Түркіменстандағы Бекдаш посёлкасындағы мектепте қазақ тілі мұғалімі, мектеп директорының орынбасары қызметтерін атқарған. Жылдар өте Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында Қазақ тілі кафедрасының доценті, осы кафедраның меңгерушісі, Қазақ гуманитарлық Заң академиясының қазақ және орыс тілі кафедрасында доцент ретінде ұстаздық етті. Кеңес заманынан бастап ондаған жылдар бойы қазақ тіл білімінің қасиетті қара шаңырағы Тіл білімі институтында күні бүгінге дейін қажырлы еңбек етіп, қазақ тіл ғылымына аса қомақты үлес қосуда.

Рүстембек Нұсқабекұлының ғылыми және адами ізгі қасиеттерін айтатын болсақ, оларды санамалап шығудың өзі біраз уақытты алмақ. Сондықтан мен Рекең өз өмір жолында не істемеді, қандай іс-әрекеттер жасамады дегенге қысқаша болса да тоқталмақпын.

Біздің Рекең... ғылымда даңғыл, оңай жол іздемеді, яғни аспирантураға, докторантураға түспеді. Ғылыми қызметкер, сонымен қоса аула сыпырушысы болып жүріп кандидаттығын қорғады. Шеншекпеннің артынан жүгірмеді, лауазым мен атақ кумады, билік иелеріне жағымпазданбады. Біреулердің артынан ғайбат сөз, өсек айтпады, өтірік айтпады. Бай болуға ұмтылмады, парақор болмады, мақтанбады, көкірегін қақпады... тағы тағысын біздің Рекең теріс әрекеттерге бармады. Неге дейсіздер ғой? Басты себебі – Рүстембек Нұсқабекұлы Шойбеков жақсы адам. Менің түсінігімше, ең жоғарғы дәреже мен атақ – жақсы адам болу. Қолынан жақсылық жасау келетін адам, жаман іс-қылықтар, әрекеттер жасамайды. Лауреат, құрметті азамат, министр, әкім, түрлі саланың атақты қайраткерлері, орден мен медаль иегерлері, бай, билік адамдарының біразы осы «жақсы адам» дәрежесіне жетпеген және жете алмайды. Ал біздің Рекең – қазақ тіл білімінің қара нары, еңбекқор ғалым – нағыз жақсы адам. Жақсы адамның жақсылығы арта берсін, Рүстембектің денсаулығы мықты болсын, өмірде де, ғылымда да армандарына, мақсаттарына жете берсін!

ЗЕРГЕРЛІК ЛЕКСИКАНЫҢ ЭТНОТАҢБАЛЫҚ СИНЕРГИЯСЫ

Ұлт ұстазы, рухани көсемі А.Байтұрсынұлы атын иемденген Тіл білімі институты қай заманда да төл мәдени құндылықтары мен елдік рухы деректелген тілдік қазынасын жан-жақты зерттеу дәстүрінен тайған емес. Дегенмен тәуелсіздік кезеңде тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметінің «ұлт пен тіл», «тіл мен қоғам» сабақтастығына сәйкес күшеюіне байланысты тілдің коммуникативтік қызметін, негізінен құрылымдық жүйеде қарастыратын функционалды жүйелік парадигманы антропоэзектік парадигманың ығыстыруы қарқын ала бастады.

Осымен байланысты қазіргі қоғамдағы рухани жаңғыру үдерісіне сәйкес ұлттық болмысты тануға деген талпыныс халықтың ұжымдық этномәдени санасында құрылымдалған «ғаламның тілдік бейнесін» төл мәдени құндылық ретінде терең зерттеудің қажеттілігін айқындайды. Осы бағыттағы кешенді зерттеулер әлемнің тілдік бейнесіндегі әрбір дүниенің түп негізі архетипінің бастау арналарының көзі көбіне олардың мифологиялық бейнесімен ұштасатынын көрсетеді.

Себебі адамның айналасына қызығушылықпен қарай бастаған ықылым заманда дүниені тұтастықта қабылдап, оны танудың біртұтас моделін қалыптастырған алғашқы қарабайыр танымы – «дүниенің аңғал бейнесінің» (наивная картина мира) этнотанбалық жүйе синергиялық негізде құралады.

Осы тұрғыдан тіл әлеміндегі тіл иесінің болмысын тұтас тануға қатысты академик Ә.Қайдар ұсынған адам ~ қоғам ~ табиғат ұштағанды макрожүйеге сүйенген кешенді зерттеу үлгісін «іштей тығыз байланыс», «әрекет» пен «ашық жүйе» сипатындағы лингвосинергетиканың методологиялық негізі бола алады деп санаймыз [1].

Міне, академик Ә.Қайдардың тіл арқылы ұлт болмысын тану мектебінің түлегі, ұстаз ілімін жалғастырушы шәкірті филология ғылымдарының докторы, профессор Рүстем Нұсқабекұлының шығармашылық-зерттеушілік еңбектерінен де осы үлгідегі жинақталып, жүйеленген орасан тілдік деректерді кең өрісте зерделеген кешенді зерттеулерінің дәйегін көреміз [2].

Бұған дейін, негізінен этнограф, мәдениеттанушы, археолог т.б. ғалымдар тарапынан зерттеу нысаны болған. Ғалым Р.Шойбеков қазақ зергерлік өнерін тіл иесінің тұрмысында, күнделікті тәжірибесінде материалдық, ия эстетикалық т.б. қажеттілігін өтейтін материалдық мәдениетке қатысты өнім ретіндегі қызметімен қатар «тіл әлемі» арқылы оның одан да жоғары тұратын социогендік, символикалық, сокральдық т.б. сипатын тілмен сабақтастықта, бүтін сипатта ашады.

Осы бағыттағы ғалым еңбегінің нәтижесімен елдік мүддеге сәйкес қоғамдық-әлеуметтік қызметінің жарқын көрінісі 2017 жылы жарық көрген «Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияда «теориялық жағынан да, деректік тұрғыдан да аса күрделі мақалалары» (Н.Әлімбаев) [3].

Әрине, осымен байланысты жоба идеясының авторы Н.Әлімбаев мен рухани үндестікте интеллектуалдық тандем құрған профессор Н.Уәли тұлғаларының мәні де аса маңызды.

Сонымен, тілдің мұрагерлік (кумулятивтік) қызметі негізінде ұлттың бойтұмары іспетті қасиетін белгілейтін таңбалық жүйені интеграциялық сипатта зерттеу арқылы тіл иесінің қоршаған ортасындағы заттық әлемін де тарихи танымдық деңгейде игеру мүмкіншілігі туады. Мысалы заттық әлемнің бір бөлшегі ретінде зергерлік бұйымдардың атауларына негіз болатын олардың халық тұрмысындағы өмірлік тәжірибенің қолданыстық уәждері мен бейнелеуіштік сипаттағы белгілері.

Осыған орай кең ауқымды қолданыс аясында қарастырылған «зергерлік» ұғымы біріншіден, «халықтық білім» (Н.Уәли) тұрғысынан мәдениеттің өміршеңдігін дәлелдейтін таңбалық сипатқа ие.

Екіншіден, *тіл ~ мәдениет* тоғысында зергерлік өнеріне қатысты тілде заттық және рухани сабақтастықта қалыптасқан аксиологиялық, архетиптік, мифологендік, символдық т.б. лингвокультуремалардың ішкі мазмұнын, мәдени семантикасын, мәдени-коммуникативті прагматикасын ашу аса маңызды.

Сайып келгенде, солардың негізінде зергерлік бұйымдар арқылы таңбаланған эталондардың, стереотиптер мен символдардың ішкі мазмұнындағы ұлттық рух, метафоралар мен паремологиялық, фразеологиялық жүйеде сақталып, танылады.

Демек, зергерлік бұйымдарды материалдық мәдениет аясында қарау – жалаң түсінік. Осы тектес қазынаны «төл мәдениеттің қалыптасу барысындағы интеграциялық үдеріс нәтижесі» деген мәдениеттанушылардың тұжырымына сүйеніп, мәдениетті материалдық және рухани деп екіге бөліп қарастыруда шарттылық бар екенін көрсеткіміз келеді.

Себебі ол тілдік бірліктердің В.Гумбольдттің лингвофилософиялық қағидасына сай адамның үздіксіз жаңарып отыратын рухын, жасампаздығын, ашық жүйе ретінде байланыстырушы, жалғастырушы, ұйымдастырушы қызметі сол ұғымның синергиялық желісін түзеді.

Осы орайда В.Гумбольдттің қолданысындағы «рух» сөзінің ұғымын табиғатқа, адамға әсер ететін сырттан келетін физикалық «тылсым күш те» емес, биологиялық та негіз емес тіл иесінің жан дүниесіндегі ішкі қуаты мен ақыл-ойына, таным-түсінігіне байланысты туындайтын рухани-элеуметтік күш деп санаймыз.

Сондықтан қазақ сөзінің қазынасындағы этномазмұнды сөздердің тиімді қолданысының әсері ықпал етуші күші сөз жүйесінің іштей тығыз байланыстағы ашық жүйесінің экспрессивті-коммуникативтік қызметі арқылы айшықталып, сөз синергетикасын бейнелейді. Мысалы, профессор Р.» «Қазақ зергерлік өнерінің сөздігінде» алтын атауы былайша сипатталған: Сары түсті асыл металдардың бірі. Балқу температурасы 1063°, ...сыртқы ортаның химиялық әсеріне аса төзімді... т.б. Сөздікте бұл металдың осы қасиетіне сәйкес халықтың тұрмыс тәжірибесінде түйінделген танымының тілдегі көріністері де берілген: *Ақыл тозбайды, алтын шірімейді; Алтынды тот баспайды; Алтын отта сыналады, адам жоқта сыналады* [4]. «Бұлар алтынның дәстүрлі ортадағы этномәдени мән-маңызы, байлық пен молшылық өлшемінің көшпелі ортадағы моральдық-этикалық нормаларда алатын орны туралы ақпарат береді» [3, 210 б.].

Ғалымның пікірінше, алтынның «сұлулық», «құндылық», «сән-салтанат» т.с.с. мәндерінің эстетикалық қызметі этикалық сипатымен де ұштасып «тектілік» ұғымына ұласады. (Алтынның сынығы т.б.). Мысалы, қазақ тіліндегі метафоралық сипаттағы *алтын босаға, ақ босаға* тіркесінің түп тамыры ұлт санасында ерекше семантикалық мәнге ие қасиетті орын саналатын босағаны ардақтауға байланысты туған. Ұзатылып бара жатқан қыздың туған, бойжеткен әкесінің үйінің балама атауы [3, 211 б.].

Алтын сөзінің этнотанба ретіндегі қоғамдық-элеуметтік мәнінің дәйегін зерттеуші Ғ.Сағидолданың мына пікірі де толықтыра түседі: *«Алтын сөзін түркі-моңғолдардың саяси-құқықтық дәстүріне байланысты болып келетін сөз-символ деп тануымыздың басты себебін алтынмен айшықталған белбеу, алтынмен қапталған ат әбзелдері (жүген, тізгін, ер-тұрман т.б.), алтын жақтаулы есікті орда (шатыр) сияқты заттарының XII-XIV ғасырларда байлықтың белгісі емес, «ең жоғарғы дәрежедегі биліктің белгісі (көсемдіктің, хандықтың) ретінде танылатын бұйымдар болғандығымен түсіндіреміз. Мұндай алтын бұйымдарды тұтынуға кез келген бай-бекзада емес, тек белгілі бір ұлыстың (елдің) ханы, тайпаның көсемі, ру басы сияқты лауазым иелері ғана құқылы болды»* [5, 173 б.].

Жалпы, алтын ұғымына қатысты «күш» «қуат» мәні оның жоғарыдағы анықтамасында көрсетілген болмысымен (балқу t-сы 1063°, тазалығы т.б.) байланысты екендігін Р.Шойбеков зерттеулеріндегі *аяқ білезік, бойтұмар, сырға, білезік, күміс, жыға, шоқ белбеу* т.б. зергерлік бұйымдардың лингвомәдени талдауларының негізінде синергиялық желінің байланыстырушы сипаты тұрса, ал көркем метафоралардың қолданысында синергиялық жүйенің «ашық жүйе» сипатына тән көріністері бейнеленген. Мысалы, «Қыз Жібек» жырындағы *«Дүри гауһар сырғасын, көтере алмай тұр құлағы»* деген жолдардағы *«гауһар»* сөзі Жібектің сұлулығымен қатар дәулетінде сипаттап тұр. Себебі гауһарға аса бағалы, құны жоғары тас ретінде кез келгеннің қолы жете бермейді.

Сонымен, материалдық мәдениетке қатысты тіл иесінің тұрмысында қажеттілігін өтейтін дүниелердің (соның бірі зергерлік бұйымдардың) – этнотанбалардың құрылымдалуын, оның мазмұны дәйектелген көзінің бастау көзі мен қуаты сіңірілген байланыстылығы және кейінгі танымдық үдерістің кейінгі кезеңіндегі ашық жүйе арқылы жүзеге асуы синергиялық негізде анықталатыны болашақты осы бағыттағы зерттеудің кеңістігін кеңейте түспек.

Қорыта айтқанда, зергерлік өнерге байланысты тілдік санада қалыптасқан лексика мен паремнологиялық, фразеологиялық т.б. жүйедегі бірліктерді зерттеуші тіл иесі болмысын сипаттайтын психологиялық, элеуметтік т.б. детерминант, элеуметтік-мәдени өзгерістердің инварианты ретінде қарап герменевтикалық үрдіске сәйкес түсіндіреді.

Демек, аталмыш зерттеу нысаны қазіргі тіл білімінің аясына атап айтқанда, антропоэкеттік парадигмасына енгізілуі тікелей профессор Р.Н.Шойбековтің есімімен байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік. Адам-1 т., Қоғам – 2 т., Табиғат 3 т. – Алматы. 2009-2013.
2. Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 190 б.; Шойбеков Р.Н. Қазақ қолөнері аталымдарының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сардар, 2012. – 312 б.
3. Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы, 2017.
4. Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 89 б.
5. Сағидолла Ғ. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны (қазақ және монғол тілдерінің материалдары бойынша салыстырмалы зерттеу). – Алматы, 2003.

О.ҚАБАДАЙЫ

*Филология ғылымдарының докторы, доцент
Ахи Эвран университеті
Кыршехир, Түркия*

ЛЕКСИКОГРАФИЯ ЖӘНЕ ЛЕКСИКОЛОГИЯ САЛАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ҒҰМЫР

Сөзлүктер, бір дилін түм замандарда veya belli bir қағда қолланылмыш келімелеріні, келіме группарыні, дейім ve atasөзлеріні генеллікле алфаетік оларак сіралаян; сөзцүк түрүнү, окунушуну, алıntı бір сөз ісе hangi ділден geldiğini, қолланым аланларыні гөстеріп танымлаян ve өрнек сүмелелерле destekleyen eserлердір. Бір дігер іfadeyle сөзлүктер бір дилін сөз varлығыні ihtiva eden kapsamlı çalışmalardır. Сөзлүк білімі (lexicography) ісе бір дилін veya karşılıklı оларак daha fazla дилін сөз varлығыні сөзлүк biçімінде ortaya koymak üzere yöntemleri araştırma; сөзлүк hazırlama, yazma ilkelerini, kurallarını geliştirme ve uygulama alanına çıkarma іші оларак tanımlanmaktadır (GTS, 2023). Önceden fiş hazırlama yöntemiyle yapılan сөзлүк çalışmalarını günümüzde bilgisayar tabanlı derlem çalışmalarını sayesinde gelişerek hız kazanmıştır. Sözcük bilimi (lexicology) de bir dилін сөз varлығыні oluşturan birimleri ve bu birimlerin yapılarını ve anlamlarını, birbirleriyle ilişkilerini, zaman içinde yaşadığı değişim ve gelişmeleri araştırın dil biliminin bir dalıdır (GTS, 2023). Sözlük yazan veya hazırlayan kişilere сөзлүк bilimci (lexicographer) adı verilir. Sözlük bilimciler сөзлүгүн malzemesi olan сөзleri belirli bir sisteme göre derleyen kişilerdir. Sözlük bilimciler tarafından hazırlanan сөзлүктер genel amaçlı ve özel amaçlı сөзлүктер olmak üzere iki ana gruba ayrılabilir.

Kazak dil bilimine сөзлүк bilimi ve сөзцүк bilimi alanlarında katkı sunan isimlerden biri Rüstembek Nusqabekulı Şoybekov'dur. Bu bildiri R. N. Şoybekov'un leksikografi ve leksikoloji alanlarında yapmış olduğu bazı akademik çalışmalara kısaca temas edilecektir.

8 Mayıs 1948 tarihinde Kazakistan'ın güneyindeki Sariağаш ilçesine bağılı Qızıltuw köyünde dünyaya gelmiştir. 1965 yılında Türkistan Pedagoji Okulu'ndan mezun olduktan sonra 1965-1967 yılları arasında Sariağаш ilçesinin çeşitli okullarında sınıf öğretmeni оларак görev yapmıştır. 1967-1971 yılları arasında Şimkent Devlet Pedagoji Üniversitesi Filoloji Fakültesi Kazak Dili ve Edebiyatı Öğretmenliği bölümünde lisans eğitimi almıştır. 1971-1979 yılları arasında Türkmenistan'ın Krasnovodsk ilçesine bağılı Bekdaş köyünde Kazak dili ve edebiyatı öğretmeni оларак çalışmış, 1972-1976 yılları arasında görev yaptığı okula müdür yardımcısı оларак idareci pozisyonunda hizmet etmiştir (Bakbergenova 2019: 501). 1979'da Almatı'daki Kazak SSR Bilimler Akademisi Dil Bilimi Enstitüsüne araştırma görevlisi оларак atanmıştır. 1989-1999 yılları arasında Kazak Millî Kızlar Pedagoji Üniversitesi Filoloji Fakültesi Kazak Dili Bölümünde doçent unvanıyla ders vermiş, 2002-2005 yılları arasında aynı üniversitede bölüm başkanlığı görevini yürütmüştür. 2005-2006 yılları arasında Kazak Beşeri Bilimler ve Hukuk Üniversitesi Kazak ve Rus Dilleri Bölümünde öğretim üyeliği yapmıştır. Ayrıca 2006-2009 yılları arasında Almatı Kara Kuvvetleri Askeri Enstitüsünde de dersler vermiştir.

2006 yılında Kazakistan Bilimler Akademisi Ahmet Baytursınulı Dil Bilimi Enstitüsünün Terminoloji ana bilim dalında araştırmacı оларак çalışmıştır. 2010-2014 yılları arasında aynı enstitünün Etnolinguistik ana bilim dalında bölüm başkanı оларак görev yapmıştır. Bunun yanı sıra Abay Kazak Millî Pedagoji Üniversitesi Filoloji Fakültesi Kazak Dili Bölümünde Fonetik, Morfoloji, Uygulamalı Kazak Dili gibi dersleri yürütmüştür. Şoybekov hâlen Kazakistan Bilimler Akademisi Ahmet Baytursınulı Dil Bilimi Enstitüsünün Etnolinguistik ana bilim dalında akademik faaliyetlerini sürdürmektedir.

Şoybekov'un Akademi Çalışmaları Hakkında. Rüstembek Şoybekov, 1987 yılında Ä. Qaydar'ın danışmanlığında «Qazaq tiliniñ zergerlik leksikası» (Kazakçada Kuyumculuk Sanatıyla İlgili Söз Varlığı)

başlıklı kandidatlık tezini, 2006 yılında da «Qazaq tiliniñ qolöner leksikası» (Kazakçada El Sanatlarıyla İlgili Söz Varlığı) konulu doktora tezini savunmuştur (Bakbergenova 2019: 501). Buradan anlaşılacağı üzere Şoybekov'un lisansüstü çalışmaları leksikoloji alanıyla ilgilidir.

1991 yılında basılan «Qazaqşa-orıssa maqal-mätelder men turaqtı söz tirkesteri» (Kazakça-Rusça Atasözleri ile Deyimler Sözlüğü) ile aynı yıl basılan «Qazaq zergerlik öneriniñ sözdigi» (Kazakça Kuyumculuk Sanatının Sözlüğü) adlı eserleriyle Kazak sözlükçülüğüne katkı sağlayan araştırmacı, pek çok önemli projede de çalışmıştır. Söz gelimi Ahmet Baytursınlı Dil Bilimi Enstitüsü tarafından 1975-1990 yılları arasında çıkarılan sıklık sözlüğü, ters dizim sözlüğü gibi çalışmalarda Şoybekov araştırmacı olarak görev almıştır. Bununla beraber Kazakçanın en kapsamlı sözlüğü olan 15 ciltlik «Qazaq ädebiy tiliniñ sözdigi» (Kazak Edebi Dilinin Sözlüğü) adlı eserin yazarlarından biridir. Şoybekov bu sözlükte şu madde başları arasındaki sözlük birimleri kaleme almıştır: 7. cilt (kâpersiz - keñis maddeleri), 9. cilt (qarjı - qarulasuw maddeleri), 10. cilt (qus - qızğaldaqtay maddeleri), 11. cilt (maydan - maquldıq maddeleri), 12. cilt (salmaqpen - sanday maddeleri), 13. cilt (som - soyaw maddeleri), 14. cilt (tıyu - tilgizüw maddeleri), 15. cilt (hadis – şabısuw; şüregey – şığındaw; şımırqant – şıñılda maddeleri). Görüldüğü üzere Şoybekov toplam on beş ciltlik bu kapsamlı eserin sekiz cildine yazar olarak katkıda bulunmuştur (KETS, 2011). 2013 yılında «Qazaq ädebiy tiliniñ sözdigi» adlı sözlüğün örnek cümleleri eserden çıkarılarak yalnızca madde başlarının açıklamalarını içeren tek ciltlik «Qazaq sözdigi (Qazaq tiliniñ birtomdıq ülken túsindirme sözdigi)» adlı bir sözlük yayımlanmıştır. Şoybekov, bu sözlüğün hem düzenleme kurulunda hem de yazarları arasında yer almıştır.

Şoybekov'un katkı sağladığı bir başka önemli ve kapsamlı çalışma, etnografya ansiklopedisidir. Araştırmacı, 5 ciltlik «Qazaqtıñ etnografyalıq kategoriyalar, uğımdar men atawlarınıñ дәstürlı jüyesi – Entsiklopediya» adlı ansiklopedinin hem editörlerinden hem de yazarlarından biridir. Bu akademik çalışmaların yanı sıra Şoybekov, Kazakça-Rusça okul sözlükleri ile çeşitli ders kitapları da hazırlamıştır.

Şoybekov'un Kazak sözlükçülüğüne kazandırdığı eserlerden biri de «Qazaq qolöneri atalımdarınıñ túsindirme sözdigi» (Kazak El Sanatlarıyla İlgili Kavramların Açıklamalı Sözlüğü) adlı çalışmasıdır (Şoybekov, 2012). Bu sözlük, Kazakçanın söz varlığında yer alan el sanatlarıyla ilgili kavramların tanımlarını tematik bir sınıflandırmayla sunmaktadır. Araştırmacı, el sanatlarını kuyumculuk, ahşap ve demir ustalığı, kiyiz üy 'çadır' ve çadırın malzemeleri, terzilik, kunduracılık ve saraçlık olmak üzere altı ana maddede sınıflandırmıştır. Sözlükte her bir maddenin altında yer alan kavramlar alfabetik olarak sıralanmıştır. Sözlük, ağızlardan derlenen malzemeyi de içermektedir. Sözlükte Kazakçanın ağızlarında yer alan sözlük birimler hemen yanındaki «dial.» kısaltması ile belirtilmiştir. Bunun yanı sıra atasözü, deyim gibi kalıplaşmış söz öbeklerinde yer alan kavramlar da sözlükte madde başı olarak yer almaktadır. Bu yönüyle söz konusu eser, zengin bir kültürel malzemeyi ihtiva etmektedir.

Araştırmacının 2007 yılında yayımladığı «Muhtar Ävezov dramalıq şığarmalar tiliniñ lingvokvantitativtik siypatı» başlıklı monografisi ile 2010 yılında yayımladığı «Tekti babalar urpaqtarı» adlı şecereyle ilgili kitap çalışmasını da burada zikretmek yerinde olur. Ayrıca Şoybekov'un leksikoloji ve leksikografi alanlarıyla ilgili elliden fazla bilimsel makalesi ile çeşitli sempozyum ve kongrelerde sunmuş olduğu bildirileri bulunmaktadır. Şoybekov'un seçme akademik çalışmalarının listesi için bk. Bakbergenova 2019: 501-505.

Gerek ortaklaşa yaptığı kapsamlı çalışmalarla gerekse de hazırlamış olduğu müstakil eserlerle Kazak dil biliminde leksikografi ve leksikoloji sahalarına önemli katkılar sunan isimlerin başında Rüstembek Nusqabekuli Şoybekov gelmektedir. Şoybekov, genel sözlük çalışmalarının yanı sıra özellikle kuyumculuk, el sanatları ve Kazak etnografyasına dair söz varlığı çalışmalarıyla ön plana çıkmaktadır. Doğumunun 75. yılı münasebetiyle düzenlenen bu konferans vesilesiyle Rüstembek Şoybekov'a sağlık ve huzur dolu daha nice yıllar geçirmesini diler, Kazakça söz varlığı alanındaki verimli çalışmalarının artarak devam etmesini temenni ederim.

Kaynaklar:

1. Bakbergenova, R. (2019), Rüstembek N. Şoybekov, Türkiye Dışındaki Türk Dünyası Türkologları -Dilciler- 2. Cilt (Editör: Ahmet Buran), Ankara: Akçağ Yayınları, s. 501-505.
2. GTS (2023), Güncel Türkçe Sözlük, <https://sozluk.gov.tr/> (Erişim Tarihi: 08.09.2023).
3. KETS (2011), Qazaq ädebiy tiliniñ sözdigi [1-15], Almatı: Til bilimi institutu.
4. Şoybekov, R. N. (2012), Qazaq qolöneri atalımdarınıñ túsindirme sözdigi, Almatı: Sardar baspa üyi.
5. https://www.mtdi.kz/main/tilshi_portfeli/id/901 (Erişim Tarihi: 08.09.2023).
6. <https://tbi.kz/page33421727.html#rec540215540> (Erişim Tarihi: 08.09.2023).
7. <https://okmpu.edu.kz/sites/default/files/tany maltulekter8.11.pdf> (Erişim Tarihi: 08.09.2023).

Н.ӘШІМБАЕВА, Э.ӨТЕБАЕВА
Филология ғылымдарының кандидаттары
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
жетекші ғылыми қызметкерлері
Алматы, Қазақстан

ЗЕРГЕРЛІКТІ ЗЕРДЕЛЕГЕН ҒАЛЫМ

Шойбеков Рүстембек Нұсқабекұлы 1948 жылы 8-мамырда Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Қызыл ту ауылында дүниеге келді. 1965 жылы Түркістан педагогикалық училищесін бітірген соң, 1965-1967 жылдар аралығында Сарыағаш ауданының бірнеше мектептерінде бастауыш сынып мұғалімі қызметін атқарды. Рүстембек Шойбеков жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде ұстаздық жұмысын осылайша бастап кетеді. 1967-1971 жылдар аралығында Шымкент мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетінде «қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы» мамандығы бойынша жоғары білім алды.

Р.Шойбековтің ғылымға деген қызығушылығы студент кезден басталды. Ол 1968 жылы ВЛКСМ-нің 50 жылдығына арналған студенттердің ғылыми конференциясында «Расширение значения исконных слов казахского языка в терминологии политэкономии» тақырыбында 1-курста оқып жүрген кезде баяндама жасады. Ал 1970 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды. 1971 жылы М.Қожықовтың жетекшілігімен қазақ әдебиетінің өзекті мәселелеріне арналған «Абайдың қара сөздерінде қазақтың жағымсыз қылықтарының сыналуы» тақырыбында баяндама жасады.

1971 жылы Түркіменстандағы Красноводск ауданы, Бекдаш кентінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 1972-1976 жылдары мектеп директорының мектептен және сыныптан тыс жұмыстары бойынша орынбасары, ал 1976-1979 жылдар аралығында аталған кент мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін атқарды.

Р.Шойбеков Түркіменстанда жүріп жас жеткіншектерге білім беріп қана қойған жоқ, зергерлік бұйымдарға қатысты 89 жастағы Жаңыл әжеден, Жүмәлі ақсақалдан қызықты мәліметтерді жинай жүрді. Көне зергерлік бұйымдарының атаулары, этномәдени қыры, оларды тұтынудың себеп-салдарына қатысты ақпараттарды жинаумен де шұғылданып жүрді. Ұлттық мәдениетіміздің тарихында зергерлік өнері ерекше орын алады. Түркіменстан елінен 60 шақты зергерлік бұйым ала келіп, Орталық музейге табыстады. Қазіргі таңда ол зергерлік бұйымдар музейдің қорында сақтаулы.

1979-1989 жылдар аралығында Алматы қаласында ҚазССР ҒА Тіл білімі институтының кіші ғылыми, ғылыми қызметкері болып жұмыс істеді. 1987 жылы академик Ә.Қайдардың жетекшілігімен «Қазақ тілінің зергерлік лексикасы» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

1989-1999 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының қазақ тілі кафедрасында доцент, 2000-2001 жылдары аталмыш институттың аға ғылыми қызметкері, ал 2002-2005 жылдар аралығында осы институтта Қазіргі қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Осы аралықта ғалым қазақ диалектологиясы мен лексикологиясы бойынша дәріс оқып, дипломдық жұмыстарға жетекшілік жасады. Жастарды ғылымға баулу ісіне етене араласты. Оның ғылыми жетекшілігімен 3 кандидаттық, 2 магистрлік диссертация қорғалды.

2005-2006 жылдары Қазақ гуманитарлық-заң университетінде қазақ және орыс тілдері кафедрасының доценті қызметін атқарды. 2006 жылы академик Ә.Қайдардың кеңесшілігімен «Қазақ тілінің қолөнер лексикасы» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғап, «Қазақ қолөнер аталымдарының сөздігін» құрастырып, жарыққа шығарды. 2006-2010 жж. Тіл білімі институтының Терминология бөлімінде жетекші ғылыми қызметкер, 2010-2014 жж. Этнолингвистика бөлімінің меңгерушісі, ал қазіргі кезде осы бөлімнің бас ғылыми қызметкері болып қызмет етеді.

Ғалымның 1993 жылы жарық көрген «Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы» атты еңбегінде зергерлік өнерінің шығу тарихы, әшекей бұйымдардың тұрмыста атқарған қызметі, оларды тұтынудағы салт-дәстүрлер, наным-сенімдер, асыл тастар мен зергерлік аспаптар тілдік, этнографиялық, өнертану тұрғысынан кешенді түрде баяндалған. Автор бұл еңбекте зергерлік өнеріне байланысты сөздердің қалай жасалғандығы, мағыналары, этнографиялық мәні, шығу төркіні жайында сыр шертеді. Зергерлік өнеріне қатысты пайда болған этнографизмдер, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарға, тұрақты тенеулер мен сөз тіркестеріне этнолингвистикалық сипаттама берілген.

Зергерлік атауларды зерттеудің маңыздылығын ғалым Р.Шойбеков осы еңбегінде: «Қолөнер лексикасы, оның құрамына енетін атаулар мен этнографизмдер – қоршаған ортаны игеру мен ақиқат болмыс-

ты танып білу барысында жинақталған тәжірибенің, кең мағынасында қарастырғанда әлемнің тілдік фрагменттері не үзкітері және осыған орай, зергерлік өнер лексикасының этномәдени және танымдық мазмұнын ашудың ғылыми тұрғыда маңызы зор» – деп атап өтеді.

Сөзге де шебер, іске де ұста халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтардың бірі – оның қолөнері. Ғалымның еңбегінен ағаштан ою ойған, темірден түйін түйген, жүннен көз жауын алатындай бұйым жасаған, асыл тастардан сән бұйымдарын соққан, сүйек пен мүйізді, шиді қиыннан қиыстырған халық шеберлерінің қолынан шыққан қолөнерін қолмен ұстап көзбен көргендей боласың. Мәселен, *кісе* – алтын, күміспен, жез үзбелермен безеп жасаған қалталы белбеу. Этнографиялық жағынан алғанда қымбат саналатын кісені адамдар қиыншылық көргенде, тәңірге жалбарынғанда белден шешіп, мойнына салатынын біреу білсе біреу біле бермейді. Себебі неде? Жігіт ағасы біреудің қазасын естіртуге барғанда кісе белдікті белінен шешіп, мойнына салып алатын болған. *Мойынға кісе салу* – басқа түскен ауыртпалық, қиыншылықтың белгісі болған. Ол тілімізде «*мойнына кісе салды*», «*кісесі мойнында*» деген фразалық сөз орамы ретінде сақталып қалған. Кісені малға тағу әдеті де орын алған. Түйе бойына біткен төлін ағызып жібермесін деген ырыммен оның мойнына кісе салады. Мойнында кісесі бар түйеге көшіп-қонғанда, кіре тарқанда ешқандай ауыр жүк артпаған.

Қазақ тұрмысында *сырға* тағудың, оны пайдаланудың әртүрлі этнографиялық мәні болған. Ер-теректе ер баласы тұрмай жүрген немесе баланы өте кеш көрген ата-аналар ырым етіп, қартайғанда көрген ұлын тіл-көзден, түрлі қас күштерден аман болсын деген мақсатпен оны ұл емес қыз деп, құлағына сырға тағып қойған екен. Баланың буыны бекіп, ер жете бастағанда ғана, бозбала кезінде оның құлағынан сырғаны шешіп алған. Мұның өзі отбасына үлкен қуаны саналып, үй иелері құдайға шүкір айтып, ауыл аймағына той жасап берген. Заман ағынам қарай ондай балаға той жасап беруді көп дабыра қыла бермеген. Сондықтан ол дәстүр бүгінде ұмытылып қалды.

Ертеде қыздың басы бос, атастырылмаған болса, керегеге, кілемге, тіпті бақанға *сырға іліп қою* салты болған. Үйге келген қонақ немесе жолаушы үй ішін көзімен шолып, ілулі тұрған сырғаны көріп «*бұл үйде бой жетіп отырған қыздың бар екенін және ата-анасы әлі ешкіммен құда болмағанын, қыздың басы бос*» екенін аңғарған.

Сонымен қатар, *сақинаның* да киелілігі мен қасиеттілігіне қазақ тұрмысында дайындалатын ас адал болуы үшін әйелдің қолында міндетті түрде сақина я жүзік болуы керек деп саналған. «*Сақинаны сәнге салмайды, тазалыққа салады*», «*Сақина сәнге жатпас, айқай әнге жатпас*» деген мақалдар да мұның тек сәндік үшін емес, гигиеналық қызмет атқарғандығының куәсіндей. Мұның өзі халықтың сақина соғылатын күміс пен алтынның жемірілмейтінін, денсаулығына жағымды әсер ететінін ертеден-ақ аңғарып-байқағанын көрсетеді. Нәрестені қырқынан шығарғанда оны шомылдыратын суға алтын, күміс сақина, білезік салу дәстүрі оларды соған қатысып отырған әйелдерге сыйлық ретінде үлестіру үшін ғана емес, осындай асыл бұйымдарды қасиетті санаудан, тазалыққа мән беруден шыққандығын баса айтады қазақтың зергерлікке қатысты лексикасын кешенді зерттеген ғалым. Міне, ғалымның зергерлік өнерінің лексикасына арналған еңбегінен осындай қызықты әрі құнды дүниелерді оқуға болады.

Халықтың өз қолымен жасайтын, ұлттық мәдениет пен өнер туындысын көпшілік қауымға паш еткен еңбегінің бірі «Қазақ қолөнері аталымдарының түсіндірме сөздігі» (2012 ж.). Ғалым-этнографтың бұл еңбегі – қазақ тіл біліміне қосылған зор үлес, мән-маңызы жоғары еңбек. Сөздікте материалдық мәдениетке қатысты ағаш және темір ұсталығына, үйшілік өнеріне, үй жиһаздары мен ыдыс-аяқ жасау, ершілік, тігіншілік, етікшілік, зергерлік, кілем, кесте тоқу, тері өңдеу, өрім өруге байланысты бұйымдардың атаулары және қолөнердің түрлі саласында пайдаланылатын шикізаттар мен еңбек құралдарының, әшекейлердің олардың құрамдас бөлшектерінің және өңдеу тәсілдерінің атаулары қамтылып, сөздік мақалалар қолөнер түрлері бойынша жіктеліп, белгілі бір тақырыптар бойынша топтастырылып берілген. Аталмыш еңбекте қолөнерге байланысты қалыптасқан паремиологизмдер мен фразеологизмдер де молынан қамтылған. Өйткені қолөнерге байланысты көптеген сөздердің бұрынғы мағынасы ұмыт болып, олар бүгінде фразеологизмдердің, салт-дәстүрдің, этнографизмдердің құрамында сақталып қалған.

Қолөнерге байланысты халықтық атауларды жинап-терудің, оларға ғылыми сипаттама берудің, арнайы сөздік құрастырудың қазіргі қазақ тіл білімі үшін де үлкен маңызы бар деп білеміз. Біріншіден, қолөнерінің түсіндірме сөздігін жасаудың қазіргі жас мамандарымыздың ана тілінің қадір-қасиетін тереңірек ұғынуына пайдасын тигізетіні даусыз. Тіпті ол мәдениетімізді білгісі келетін көпшілік оқырмандар үшін де, басқа ұлт өкілдері үшін де қажет. Екіншіден, қолөнерге қатысты сөздер мен фразеологизмдер – тіліміздің аса бағалы байлығы. Оның құрамында қазіргі әдеби тілімізде қолдануға болатын, қолданып та жүрген, әдеби тілді байыта түсетін сөздер мол.

«Сегіз қырлы, бір сырлы» ұстазымыз – орыс, түрік, қырғыз, өзбек тілдерінде түсінісе алатын және еркін сөйлейтін «өнері» бар көптілді маман. Бұл да тілге деген құштарлықтың, ізденімпаздықтың, еңбекқорлықтың жарқын көрінісі дер едік.

1991 жылы жарық көрген «Қазақша-орысша мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестері» көмекші оқу құралын, «Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі» сынды еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Бүгінде ғалым 60 жылдық тарихы бар Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ғылыми-зерттеу жұмыстарының ойдағыдай жүзеге асырылуына, көптеген ғылыми еңбектердің жазылуына, білімді де зерделі лингвистикалық маман-кадрлар дайындауда зор үлес қосып келеді.

2012-2014 жж. Р. » жетекшілігімен қолданбалы зерттеу бойынша «Қазақ этнографизмдеріндегі мәдени ұлттық құндылықтардың лингвоаксиологиялық және лексикографиялық аспектілері» және «Рухани мәдениеттің паремиологиядағы бейнесі» атты іргелі ғылыми-зерттеу тақырыптары нәтижелі іске асырылды.

Ғалымның лексикология ғылымына, соның ішінде этнолингвистика, этнография саласына қосқан үлесі мен сіңірген еңбегін жарық көрген 1000-ға жуық ірілі-кішілі зерттеулерінен, оларда көтерілген сан алуан лингвистикалық, атап айтқанда, этнографиялық, этнолингвистикалық мәселелерден аңғаруға болады. Сонымен қатар ғалым еңбектерінде таза лингвистикалық категорияларды емес, этностың өзін түсінуге қажетті тілдік фактілердің ішкі мазмұнын терең де жан-жақты ашуға бағышталғанын көреміз. Демек, бұл мақсаттың рухани-мәдени танымдық мәні зор деген сөз.

Рүстембек Шойбеков «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарияланған он бес томдық Қазақ әдеби тілінің сөздігі, бір томдық үлкен «Қазақ сөздігі» және «Қазақ этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты көлемді ұжымдық еңбектердің авторларының және шығарушы редакторларының бірі. Қазіргі тұрмысымыз бен тілімізде жойылуға айналған немесе мағынасы солғындаған ұғымдар мен атаулар, этномәдени категориялар енгізілген бұл энциклопедиядан оқырман қауым қазақ халқының дәстүрлі этнографиясына қатысты кез келген мәліметті алуына болады. Бұл еңбектің айрықша ауқымдылығын, әдіснамалық күрделілігін теориялық жағынан да, деректік тұрғыдан да көрсетуде қамтылған бірнеше мақалалардың авторлары көрнекті ғалымдар Н.Уәли мен Р.Шойбековтің еңбектері орасан зор. Р.Шойбековтің осы энциклопедияға жалпы саны 942 мақаласы енді, атап айтқанда 308 мақала 1-томда, 101 мақала 2-томда, 244 мақала 3-томда, 145 мақала 4-томда, 144 мақала 5-томда жарияланды. Осы бес томдық энциклопедияда ғалымның еңбектеріне 420 рет сілтеме жасалған.

Сол сияқты Р.Шойбеков бір томдық Қазақ тілінің үлкен сөздігінің қолжазбасын әзірлеу жұмысы бойынша сөздікке қажет тілдік-деректік материалдарды жинастырып, сөздердің мағынасын ашып-айқындап, сөздіктің редакторлық жұмысын қоса атқарды. Р.Шойбековтің алғашқы жетекшісі Ғ.Мұсабаев «қазақ мәдениетінің үлгілерін қадір тұтқан шәкіртім» десе, академик Ә.Қайдар «жақсы көретін шәкірттерімнің бірі» деп бағалай келе, «ана тіліміздің қадір-қасиетін бір адамдай жақсы білетін, білгендіктен де сөз маржанын теріп, зергерлерше ұстартып жүрген шәкіртім» деген еді зор мақтанышпен, ғалым Т.Жанұзақов «сабырлы да салиқалы, ғылымда табысты, «ақырын жүріп, анық басатын еңбек ері, құрметті де сыйлы інім» деп баға берген. Ғалым алдына зор мақсат қойып, қия жолды ғылымның жұлдызды биіктеріне ең төменгі баспалдақтарынан бастап, қажырлы еңбектерімен бүгінгі мәртебелі дәрежеге тынымсыз ізденіс, тиянақты істерінің нәтижесінде өз саласының маңдайалды ғалымдарының бірі ретінде шыға білді.

Аса құрметті ұстазымыз Рүстембек Нұсқабекұлы! Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұжымы және шәкірттеріңіз Сізді қазақ халқының сөз өнеріне қатысты барша құндылығын жинап, түгендеп, әр сөздің астарынан сыр ұғып, бүгінде ұмытылып бара жатқан кейбір сөздерді көпшілік қауымға ұсынумен айналысып келе жатқан бірегей ғалым-этнограф ретінде танып, қырағы көзінен, ұшқыр тілдік сезімталдығынан таса, тіркелмей қалып қоятын сөз, мағына кемде-кем деп баға береді және мерейтой қарсаңында шығармашылық табыс, қажырлы күш-жігер, абырой-бедел биігінен көріне беруіңізге және ғұмырлы болуыңызға деген ақ тілектерін білдіреді!

ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕР ТІЛІНІҢ ЗЕРГЕРІ

Аңдатпа. Мақала белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы Рүстембек Нұсқабекұлы « зергерлік өнер лексикасын зерттеудегі еңбектеріне арналған. Зергерлік өнер лексикасы ғалым еңбектерінің ауқымды бөлігін қамтиды. Осы тақырыптағы ғалымның қаламынан шыққан сөздіктер әрі түсіндірмелі, әрі этнолингвистикалық, әрі лингвомәдениеттанымдық сипатымен ерекшеленіп, қазақ тілін антропоэзектік парадигмада зерттеуде бай дерекқор бола алады.

Тірек сөздер: лексика, этнолингвистика, лингвомәдениеттаным, зергерлік өнер лексикасы.

Аннотация. Статья посвящена трудам известного ученого, доктора филологических наук Шойбекова Рустембека Нускабековича в изучении лексики ювелирного искусства. Лексика ювелирного искусства охватывает обширную часть работ ученого. Словари, вышедшие из-под пера ученого на эту тему, отличаются толковым, этнолингвистическим и лингвокультурологическим характером и могут служить богатой базой для изучения казахского языка в антропоцентрической парадигме.

Ключевые слова: лексика, этнолингвистика, лингвокультурология, лексика ювелирного искусства.

Annotation. The article is devoted to the works of the famous scientist, Doctor of Philology Shoybekov Rustembek Nuskabekovich in the study of the vocabulary of jewelry art. The vocabulary of jewelry art covers an extensive part of the scientist's works. Dictionaries published from the pen of a scientist on this topic are distinguished by an intelligent, ethnolinguistic and linguoculturological character and can serve as a rich base for studying the Kazakh language in an anthropocentric paradigm.

Keywords: vocabulary, ethnolinguistics, linguoculturology, vocabulary of jewelry art.

Сонау скиф-сақ өркениетінің, түркі жұрты қолөнерінің айқын үлгісі – алтын адам әшекейлерінде көрініс тапқан қолөнер, оның ішінде зергерлік өнер адамзаттың материалдық және рухани мәдениетінің бастауында тұрған асыл қазынасы болса, сол өнер қазақ даласында жалғасын тауып, бүгінгі күнге дейін жетіліп, талай ғасырлар көшін артқа тастап, сан дәуірдің жүгін арқалап келе жатқан киелі өнер түрі.

Халық арасындағы түрлі кәсіп иелері (үйші, ерші, зергер, ұста, көнші, етікші, иші, тамшы, тігінші, қырғышы, керегеші, шаңырақшы, өрімші, оюшы, өрмекші, кілемші, етікші, арбашы, уықшы, тоқымашы, алтыншы, күмісші, пішуші, күймеші, сандықшы, кестеші, бояушы, көзеші, қышшы, сүйекші, шебер, темірші, т.б.), ғалым Рүстем Шойбеков көрсеткендей, бір ғана өнер түрін емес, бірнеше кәсіпті, өнерді қатар меңгерген.

«Мәселен, қару-жарақты ұсталар соғады. Соған қарамастан, батырлар жырында «Алмасын арнап суарып, Ақсауыт соқса зергерім» деп келетін жолдар кездеседі. Өйткені зергерлердің көбі дерлік ұсталық кәсіпті де меңгерген әмбебап шеберлер болған. Мұндай шеберлер қажет болған темір бөлшектерді өздері жасап алумен бірге ағаш пен сүйекті де, былғарыны да өздері дайындап алатын. Қыз-келіншектерге арналған сәндік әшекейлерді былай қойғанда, зергерлер ер адамдарға кісе белбеу, шақша, күмісті ер-тұрман, отбасына арнап үй жиһаздарын (сандық, жағлан, төсекағаш, адалбақан т.б.) да, алтын-күміспен, асыл таспен әшекейленген ағаш ыдыс-аяқтарды да, саз аспаптарын да жасай берген. Тарихи-этнографиялық деректерде кең байтақ даламыздың түпкір-түпкіріндегі ауылдарда көппен бірге жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп-қона жүріп жұмыс істеген бірсыпыра зергерлердің киіз үйдің сүйегінен бастап, оның ішіндегі бүкіл жасау-жиһаздарына дейін бастан-аяқ өздері жасағандығы айтылады. Олай болса, жоғарыда аталған кәсіп-өнер түрлерінің кейбіреуі (мәселен, зергерлік, ұсталық) салаға бөлініп жатпайтын біртұтас (синкретті) өнер түріне жатады» [1, 4].

Өмір салты мен түрлі бұйымдарды жасау технологиясы дамыған бүгінгі заманда сонау көненің көзінде болып қалып жатқан қолөнер бұйымдарының атауларын жинақтап, сипаттау, түсіндірудің ұлттық мүдде тұрғысынан маңызды екенін белгілі. Ғалым Ж.Манкеева атап көрсеткендей, «Халқымыздың дәстүрлі қолөнері – қайнар бұлақ, сарқылмас қазына, бай мұра. Зергерлік-әсемдік бұйымдардан бастап, тұрмысқа қажет ұсақ-түйек дүниелерге дейін адамдардың күнделікті тіршілік керегіне жарап

кана коймай, өздерінің әдемі бояу, бедерлі өрнектерімен, сан қырлы терең сырлы материалымен, т.б. технологиялық үлгілерімен талай ұрпақты таң қалдырып, сол арқылы эстетикалық тұрғыдан рухани мәдениетіміздің де қалыптасуына септігін тигізіп, тәрбиелік-танымдық қызметін де өтейді. Себебі, халықтың іс-әрекеті, тұрмыстық болмысы, дүниетанымы өзі жасаған туындылардан елеулі орын алады. Шебер қолы тиген әр бұйым көне заманнан келе жатқан дәстүрдің жалғасы, әр халықтың ұлттық мәдениетінің белгісі іспетті» [2, 100].

Сол мәдени мұраны тіліміздің лексикалық қорына қосып, ұлттық мәдениет тұрғысынан зерттеуде лексиколог, этнограф, этнолингвист ғалым Р.Шойбеков еңбектерінің орны ерекше. «Зер» сөзінің этимологиясын (Қазақстан мектебі. 1982, 65-67б, №11) жазудан бастаған зерттеу жолы «Зергерлік өнеріне байланысты іс-әрекет атаулары» (Фрунзе: Илим, 1984. 69-74б.), «Зергерлік құралдар атаулары» (Білім және еңбек. 1984, №6. 11б), «Зерлі тіркестер» (Ана тілі. 1990. 26 шілде. 7б), «Қазақ зергерлік өнеріндегі кейбір аңдар мен құстарға, жыланға байланысты атаулардың этнографиялық мәні» (Қаз ССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1990, №2. 11-16б) секілді зерттеу мақалаларына ұласты. Ұзақ жылғы осындай зерттеулердің нәтижесі ретінде 1987 жылы академик Ә.Қайдардың жетекшілігімен «Қазақ тілінің зергерлік лексикасы» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертация, 2006 жылы академик Ә.Қайдардың кеңесшілігімен «Қазақ тілінің қолөнер лексикасы» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Диссертациялық зерттеулерге арқау болған сөздік материалдары жинақталып, «Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі» (1991), «Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы» (1993), «Қазақ қолөнері аталымдарының түсіндірме сөздігі» (2009, 2012) жарық көрді. Бұл кітаптарда қазақ тіліндегі қолөнерге, оның ішінде зергерлік өнерге байланысты атаулардың мағынасы түсіндірілген. Ауыз әдебиеті үлгілерінен, көркем шығармалардан мысалдар келтіріліп, атауға байланысты тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер берілген. Халқымыздың қолөнеріне қатысты сөздер мен фразеологизмдер – тіліміздің аса бағалы байлығы. «Оларды этнографиялық, өнертану, этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің ғылым үшін де, күнделікті өмір үшін де маңызы зор. Өйткені қазақ халқының қолөнері – мәдениетіміздің негізгі салаларының бірі. Қолөнерін жан-жақты зерттеу арқылы, әсіресе этнолингвистикалық бағытта зерттеу арқылы осы уақытқа дейінгі материалдық және рухани мәдениетіміздің деңгейін, ата-бабамыздың ғарыш, әлем туралы, адам мен қоғам, табиғат пен табиғи құбылыстар, кеңістік пен оның бағыт-бағдары, өлшем, адам мен өзі өмір сүріп отырған табиғаттың үйлесімділігі, т.б. жөніндегі таным-түсінігін, тұрмыстық тәжірибесін, соған орай қалыптасқан әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен жан-жақты таныса аламыз. Жоғары талғаммен шеберлер қолынан шыққан қолөнер туындыларының қай-қайсысы болса да жас ұрпақтың көркемдік талғамының ұлттық сипатта қалыптасуына ерекше әсер етеді; эстетикалық тәрбие беруге қызмет етіп, оларды мыңдаған жылдық тарихы, дәстүрі бар материалдық, рухани мұраларды терең түсініп, бағалай, құрметтей білуге тәрбиелейді. Әрине, ол үшін ұлттық өнер түрлерін насихаттау үнемі назарда болуы керек» [1, 4].

«Қазақ қолөнері аталымдарының түсіндірме сөздігі» деп аталатын еңбекте ағаш және темір ұсталығына, үйшілік өнеріне, үй жиһаздары мен ыдыс-аяқ жасау өнеріне, ершілік өнеріне, тігіншілік өнеріне, етікшілік өнеріне, зергерлік өнеріне, кілем, кесте тоқу өнеріне, тері өңдеу, өрім өруге байланысты бұйымдардың атаулары және қолөнерінің түрлі саласында пайдаланылатын шикізаттар мен еңбек құралдарының, әшекейлердің, олардың құрамдас бөлшектерінің және өңдеу тәсілдерінің атаулары қамтылған. Сөздік мақалалар қолөнер түрлері бойынша жіктеліп, белгілі бір тақырыптар бойынша топтастырылып берілген. Мәселен, «ноқта» сөзіне байланысты сөздік мақала былайша берілген:

НОҚТА Малдың басына кигізілетін ауыздығы, сулығы жоқ жүген сияқты, қайыс пен құрдан жасалған ер-тұрман жабдығы. Ноқта малды адамның өз ырқына көндіру үшін, жуасыту үшін жасалады.

Атты сыйлағанда немесе сатқанда ноқта, жүген берілмейді (Диваев 166-б.). ■ Бас асауға жез ноқта. ♦ Ноқтаға басы керілді. Жуасыды, арыны басылды. Ноқтаға көнді. Жуасыды, мойын ұсынды. Ноқта кимеген. 1. Басына жүген, құрық ілмеген асау; 2. Біреуге әлі атастырылмаған, айттырылмаған (қыз). Ноқталы басқа бір өлім. Өлімнен ешкім құтылмайды, бірақ әзірше тәуекел деген мағынасында. Ноқталы бие. Құлынды бие. Ноқта киді. Еркінен айрылды, ықтиярсыз болды [1, 282].

Аталған мақалада «Атты сыйлағанда немесе сатқанда ноқта, жүген берілмейді» деген этнографиялық дерек берілген, тура, ауыспалы мәндегі ұғым-түсініктер, мақал-мәтел мен тұрақты тіркес қамтылған. Демек, бұл сөздік мақаланы шағын этнолингвистикалық этюд деуге болады.

Зергерлік өнер лексикасына байланысты сөздікте:

ЗЕР Алтын, күміс талшықтарын араластырып тоқыған лента тәрізді материал, оқа.

ЗЕРЕ көне. 1. *Іші қуыс, ұзындау келген, сәукелемен бірге киетін бас киім.* 2. *Әр түрлі металдардан үзбелестіріп тоқыған, ертеректе батырлардың киім сыртынан киетін сауыты* [3, 152 б.].

ЖӨРМЕТОЗ диал. *Кіртішке керілген, етегіне өрнек жүргізілген көйлек* (кіртіш – көйлек ішіне салынатын, талдан иілген шеңбер) [3, 152 б.].

ЖӨН КӨЙЛЕК диал. Жағадан етекке дейін тұтас алынып тігілген көйлек [3, 152].

Жоғарыда берілген деректер киім тігу өнеріне байланысты қазірде басқа тілден алынып, аударылмай беріліп жүрген сөздердің орнын басатын атаулар.

ҚЫЛАУ 1. Пышақ, қылыш, қанжар, балта сияқты құралдардың жүзіндегі егеуден кейін қалған ұсақ ұлпа бүршіктер, нәзік түрпі. Мұны былғары, қайысқа жанып кетіреді, әйтпесе жүзі қылпып тұрмайды.

◆ Араларына қылау түсті. Көңілдеріне кірбің ілінді. Қылауына қыл түспеген. Әлі жаңа, көп уақыт өтпеген. Мәселен, құда болғандарына көп уақыт өтпеген құдаларды қылауы түспеген құда дейді. Бұрын өткіріленген құралдың сапасын байқау үшін жүзіне қыл ұстап тексерген. Қырық темірдің қылауы. Өртүрлі, қырық ру. Есіл өрлеп, жағалай тал шығатын, Тілімді менің айтқан алшы, қатын; Қырық темірдің қылауы жиналған жер Өзіне өзін сенсең баршы, қатын (ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы. Алматы, 1982. 177-б.). 2. Кішкене жылтыр тас, қабыршақ тас. Мәселен, қылау сөзі көпшілік жерде «қардың түйіршігі» мағынасында қолданылса, кей жерде «жылтыр тас» деген мағынада айтылады (Сауранбаев, 1960. 15-б.) [3, 61].

«Қылау» сөзіне байланысты көпшілікке таныс емес деректер бір мақалаға жинақталып берілген. Осылайша, зергерлік өнерге байланысты бай тілдік материал жинастырылып, топтастырылып қана қоймай, ол деректер ұлт мәдениетімен тығыз байланыста қарастырылып, шығу, пайда болу уәжі анықталып, антропоэлектік парадигма аясында зерделенген. Ұлттық лексикамызды этнолингвистикалық, лингвомәдени тұрғыда зерттеу үшін бай материал беріп отырған осы тектес сөздіктеріміздің тіліміздің тарихындағы маңызы зор болып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Шойбеков Р. Қазақ қолөнері аталымдарының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сардар, 2009. – 228 б.
2. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
3. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 190 б.

А.ӘМІРБЕКОВА

Филология ғылымдарының кандидаты

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Лексикология бөлімінің меңгерушісі

Алматы, Қазақстан

ҒАЛЫМ Р.ШОЙБЕКОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЛОГОСФЕРАСЫ

Қазақ халқы – мәдени, рухани, адамзаттық құндылықтарға бай халық. Сондықтан болар қазақ логосферасының сақталу тетіктерінің бірі – қазақ тілінде ұлттық құндылықтың мазмұны мен нышаны (таңбасы) тұрақты қызмет етуде. Заманның даму ағымына қарай адамзаттың, әлеуметтің, ұлттың ойлауы да, соған орай сөзі де өзгереді даусыз. Соған орай сөздік қордан тілдік жұмсалымнан тыс қалған атаулардың ысырылып, жаңа қолданыстағы сөздердің еніп отыруы да заңды құбылыс. Осы тұста көне сөзді қайта жаңғыртудың тетігін тауып, амалын келтіре отырып, аксиологиялық бірліктерге жататын этномәдени атауларды жаңа заманда тіл қатысымына ілестіре жүретін көне сөздің сақшылары, этнолингвист ғалымдар болады. Олардың қызметі аса байқалмауы мүмкін, бірақ еңбектері ерен екенін жас ұрпақтың логосферасында ұлттық ақиқат бейненің қайта жаңғыруынан байқаймыз.

Қазақ логосферасын дамытып келе жатқан ғалымдардың бірегейі – профессор Рүстем ағай Шойбеков деп айтар едім. Профессор Р.Шойбеков – қазақтың мәдени атауларын, әсіресе заттық мәдениеттің өзін танытып қана қоймай, ондағы әрбір мәдени кодты, әрбір ұлттық бұйымның әрбір деталіндегі ақпаратты, ондағы оқиғалар мен тарихты зерттеп, зерделеуші тілші-этнограф.

Қазақтың қолөнер бұйым атауларын жинақтаған ғалымның әрбір зерттеуі қазақтың мәдени ойлау логикасын танытуға бағытталады. Мәселен, «ағаш безі» ұғымын түсіндіруде ғалым бірнеше тәсілді қолданады. Алдымен сөздің лексикалық мағынасын береді, яғни ағаш безі – ағаш діңінде немесе түбірінде пайда болған, әбден қатайып беріш болып қалған бөлігі. Осыдан кейін, ағаш безін кейде ағаш көзі деп те атайды, бірақ ағаштың «көзі» бүршік атпай (жарылмай), «бұйыққаннан» пайда

болған кезде айтылады. Осы анықтамасы арқылы ғалым «ағаштың безі» мен «ағаштың көзі» синоним-дес қолданыста болғанмен, бір емес екенін түсіндіреді. Сондай-ақ қазақ халқы ағаш безін «ағаштың ұрысы», «ағаштың үйілі», «ағаштың тошыны», «ағаштың беріші» деп айтатынын түсіндіре келіп, жаңғырған ақпараттармен таныстырып отырады. «Ағаштың ұрысы» бар екен деп кейде безі бар ағашты құрылысқа пайдаланбай жататын жайттар болады. Осы тұсқа ғалым тағы бір қазақтың көне танымын жаңғырта түседі. «Қобызды мадақтағанда «ақ қайыңның безінен қағып алған» дейді. Ағаштың безінен бұйым жасау оның қатты болуына байланысты құрал-сайманның өткірлігін, оюшы шебердің қолының қарымын талап етеді. Ағаштың ұрысынан жасалған бұйым уақыт өте келе қызыл қоңыр, шұбар түсті табиғи өрнегі (текстурасы) ашыла түсетіндіктен онан құты, саптыаяқ, тостаған, ағаш аяқ сияқты әртүрлі ыдыс түрлерін жасайды. І. Жансүгіров ағаштың көзінен жасалған саптыаяқтың мықтылығы туралы «Қабакқа біткен қайыңның, *Беріші еді, безі еді*», – деген болатын. Шеберлер емен, ырғай безінен ағаш балға, шокпар, сойыл және т.б. сан алуан құралдар мен бұйымдар да жасаған» деп, ағаш безі туралы құрылыста, тұрмыста қалыптасқан жағымсыз түсінікті сейілтіп, керісінше мықтылық пен беріктікті білдіретін нышанын танытты. Демек, «ағаш безінің» мәдени семантикасы – табиғи өрнек беретін, оңайлықпен сынбайтын, мүжілмейтін беріктігімен және ерекше қызыл қоңыр түсімен әдемілік беретін қолөнер және құрылыс құралы болмақ. Ағаштың өзі емес, оның табиғи ерекшелігіндегі бір детальдің қазақ танымындағы мол ақпарат өзге мәдениетте болмауы мүмкін. Ағаш безінің пайдасы мен қасиетін білген қазақ халқының эстетикалық танымы – қазақ логосферасын толықтыра түседі. Ал қазақ логосферасын толықтырушы ғалымдардың зерттеулері әлемдік деңгейде насихатталса, қазақтың халықтық біліміне бәлкім дүниежүзі бас иген болар ма еді?!

Ғалым Р.Шойбеков – зергерлік, қолөнер бұйымдары мен оның жасалуына қатысты қазақ сөздерін зерттеген ғалым. Мәселен, «алтынмен аптап, күміспен күптеді» деген тұрақты тіркестегі зергердің қолөнер тәсілі «сән-салтанатқа бөледі, құлпыртты, жайнатты» мағынасын беруге қалай келген? Аптау да, күптеу де – қаптау мағынасындағы әрекет атауы. Бірақ қаптау – кең мағыналы ұғым. Ал аптау – қолөнердегі алтынмен жалату, алтынмен булау, алтынмен бояу мағынасында ғана түсінілетін орыс тіліндегі «золотить» ұғымымен парапар атау. Демек, «позолоченный» орыс сөзіне «алтынмен апталған» деген дәл аударманы эквивалент етуге әбден болады. Сол сияқты «күптелген» - күміспен қапталған мағынасындағы атау орыс сөзінің «высеребренный» ұғымына дәл келеді. Яғни апталған – тек алтынға қатысты, күптелген – тек күміске қатысты ажарлау екендігін түсіндік. Бұған Р.Шойбековтің «Ажарлау» ұғымына қатысты лұғаттық мақаласы негіз бола алады. Ғалымның осы мақаласында «тыныкелеу» немесе «лажылау» - көгілдір шыны түстес ерітіндімен бояу, яғни ол да қолөнердегі ажарлау ұғымы екенін атап өтеді.

Қазіргі құрылыс жұмыстарында «оцинкованный» құрал-жабдықтар бар. Оның қазақ тіліндегі дәлме-дәл баламасы ғалым Р.Шойбековтің мына лұғаттық мақаласында түсіндірілген: «*АҚЗОН ТЕМІР – қаңылтыр темірдің ақ түсті түрі. Құрамында мырыш болғандықтан мұндай темірден (қаңылтырдан) шеберлер кірлен (кір+леген), су сақтайтын дүңгіршек, шелек, самаурынның кернейі сияқты ыдыстар мен жабдықтар жасауға қолайлы деп санаған*».

Ғалымның мәдени мағынаны ашу тәсілдерінің бірі – паремиологиялық қордағы тұрақты тіркестің мазмұнымен ұштастыруы. Бұл мәдени кодты ашу әдістерінің бірі болмақ. Мәселен ғалым «алтын аяқ» бұйым атауының мәнін былайша түсіндіреді: *АЛТЫН АЯҚ – ерте кезде қолданыста болған, этномәдени мәні бар гұрыптық ыдыс. Уақыт өте келе ыдыстың гұрыптық мәні көмескіленіп, алтын аяқ атауы металлдан жасалған қымбат аяқ, керсендерге қатысты айтылатын болды. Алайда алтын аяқтың сакралдық құрамдас бөлігі, қазақы ортада кейбір сөз орамдары мен мәтелдерде астарланып контекст түрінде сақталғанын көруге болдады. Мысалы, «өлмеген құл алтын аяқтан су ішеді» деген мәтелде өмірдің құндылығы ыдыстың гұрыптық маңыздылығымен теңеу арқылы берілгендігін байқауға болады. «Иттің басын алтын аяққа салсаң, шоршып түседі» деген мақал да осы мәнде айтылса керек. Демек, қазақ мәдениетінде де алтынның пайдасы мен құны заттық-материалды бұйым (ыдыс-аяқ) атауымен түсіндіріле келе, байлық/кедейлік, тоқшылық/жоқшылық ұғымдарын беруде ұлттық стереотиптік атрибутқа айналып тұр.*

Киім-кешек, соның ішінде аяқкиім атауларын анықтаған ғалымның зерттеулеріне сүйене отырып, қазіргі әйел аяқкиімдерінің сүйретпеден етікке дейінгі кірме атауларына дәл балама табуға болады. Мәселен, лофер – құймалы кебіс, *сланцы – сүйретпе, тапочки – шәркей, ботильон – шоңқайма етік, ботфорт – мықшима етік* деген баламалар қазақтың көне аяқкиімдері мен қазіргілерінің ұқсастығына қарай берілді. Ғалым Р.Шойбековтің лұғаттық мақаласында: «Шоңқайма етік – әйел адамға арналған, етігі қоңыр түсті теріден тұмсығы қайқылау етіп жасалған аяқкиім. Қонышының алды биік (45 см),

аузы сәл кеңдеу. Етіктің басы мен қонышы бірге, ал балтыр мен сірөкшесі тұтас пішіліп, бүйірінен тігіспен біріктіріліп жасалады». Бұл қазіргі заманауи күздік қонышы қысқа әйелдер етігінің бір түрі – ботильонның сипаттамасына дәл келеді. Байқағанымыздай, көне сөзді жаңғыртушы, танытушы тілші-этнограф Р.Шойбековтің әрбір зерттеуі қазіргі қазақ қоғамы үшін қажеттілігімен құнды болып отыр.

Қазіргі қоғамда қазақ логосферасын жасаушы осындай тілші-этнографтар бірен-саран ғана. Дегенмен, қазақтың мәдени танымы мен құндылығын (логосферасын) зерделейтін ғалым Р.Шойбеков бастаған тілтанымдық мектептің еңбегі зор!

II. ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕТАТІЛІ

Г.Н. СМАҒҰЛОВА

А.Байтұрсынұлы атындағы

Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМЫНЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Андатпа. Мақалада қазақ лингвомәдениеттанымының тіл білімінде қалыптасуы мен дамуы талданады. Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы, тілдің кумулятивтік қасиеті, этнолингвистика мен лингвомәдениеттанудың айырмашылықтары сөз етіледі. Қазақ лингвомәдениеттанымының бүгінгі мен болашағы туралы, қазіргі технологиялық мәдениеттің әсері, лингвомәдениеттануларды аудару мәселелері, мәдениаралық қатысым ерекшеліктері баяндалады.

Тірек сөздер: Лингвомәдениеттану, лингвомәдениеттанулар, мәдениаралық қатысым, менталдық бірліктер.

«Мәдениет» лексемасы ғылымдар тоғысында түрлі аспектіде қарастырылады. Ең бастысы мәдениет туралы философтар айтқан пікірлерден соң, «Мәдениеттану» пәні осы сөзді ғылыми нысан ретінде жан-жақты түсіндірді деуге болады. Мәселен, Цицеронға дейін бұл термин «жерді өңдеу» деген түсінікпен қалыптасқан. Цицерон бұл сөзді ауыспалы мағынада «адамның ақыл-есіне ықпал жасау» деген мақсатта қолданған екен. Сонда адам болмысын өзгертуге ұмтылу мәдениеттің еншісі болғаны ғой.

Мәдениетке 1964 жылдары батыс әдебиетінде 257 анықтама беріліпті. Белгілі бір социумда өмір сүрген адамдардың ой-санасы мен қоғамдағы ұзақ жылдар бойында белсенді іс-әрекетінің нәтижесінде пайда болған, құндылықтар ретінде танылған заттық, рухани дүниелер мәдениет деп аталады. «Мәдениет – жеке адамның өзіне тән қасиеттерінен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін қамтитын күрделі ұғым» [1, 13 б.]. Мәдениетті жасайтын және оны тұтынатын – адам болғандықтан, адамның мәдени тұрғыдан қалыптасуы антропоэлектілікті қамтиды.

Ұлттық мәдениетті қалыптастыратын географиялық, тілдік, діни, этнонимдік және психикалық факторлар бар. Ұлттық мәдениет ұлттың жан-күймен тығыз байланысты. Ұлттық жан-күй үйлесімі үш бірліктен тұрады. Ол: ұлттық мінез, ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүр.

Демек, мәдениет – ғылымдар тоғысындағы кешенді гуманитарлық ғылым. Қазақ мәдениеті туралы сөз қозғасақ, көшпелі қазақтың материалдық өндіріс жүйесі, оның өткен өмірі - тарихымен, дүниетанымы – философиямен, қоғамдағы өмір-тіршілігі - әлеуметтанумен, мәдениеті - мәдениеттанумен, ой-санасының ерекшеліктері – психологиямен, қазақ кім деген – антропологиямен, қазақ қандай ұлт – этнологиямен, тұрмыс ерекшелігі – этнографиямен, өнері – әдебиетімен, тіл мәдениеті - лингвистика, менталдық бейнесі – когнитология пәндерімен өзара байланысты.

Тіл білімінде өткен XX ғасырдың екінші жартысында лингвомәдениеттану деген жаңа сала пайда болды. Лингвомәдениеттану – мәдениет пен тілдің қызметіндегі өзара байланысы мен өзара іс-әрекетін зерттейтін кешенді ғылыми пән. Қазақ тіл білімі «Кеңестік мәдениетке» біріктірілген ұлт мәдениеті, бұрынғы біртұтас идеологиядан құтылды, туған тілі арқылы өз мәдениетінің алтын тамырын індете зерттеу кезеңінде деуге болады.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы туралы зерттеулер әлдеқашан танымал болғанымен, күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ.

Мәдениеттің қай түрін алсақ та, оның түрі мен мазмұнының өміршең болып сақталуы тек тілге ғана қатысты. Тек сөз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілген. Тіл арқылы мәдениеттану – ұлттың, халықтың кешегісі мен бүгінгісін тану.

Академик Ә.Қайдар: «Кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қызметі. Оның екінші қызметі – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне тікелей байланысты. Ал тілдің үшінші бір қызметі ғылыми термин-

мен айтқанда аккумулятивті қызметі деп аталады. Ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сөйтіп оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын қасиеті... тіл фактілері мен деректері – тұлға бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен содан іздеуіміз керек» дейді.

Біз бұл арада бүгінгі тақырып Қазақ лингвомәдениеттануының теориясы мен эмпирикалық базасы мен практикасы туралы болғандықтан мақсатты түрде тек қазақ тіл білімінің зерттеушілерін ғана тілге тиек етеміз. Қазақ лингвомәдениеттану саласы тақыр жерден пайда болған жоқ.

Тіл арқылы мәдениеттану аспектілері қазақ тіл білімінде 1980 жылдан былай қарай сөз етіле бастады. Әсіресе, қазақ тіл білімінде «тіл және мәдениет» мәселелеріндегі сабақтастық туралы ғылыми тұжырымдардың пайда болуы, сондай-ақ, ғасырдың соңғы жиырма жылында зерттеу материалдарының аясы кеңіп, толыға бастауы академик Ә.Т.Қайдардың есіміне байланысты. 1985 ж. «Білім және еңбек» журналының №10 санында «Этнолингвистика» деген мақала жариялады (Осы ретте айта кететін бір жайт академик Ә.Қайдар жазып қалдырған «Қазақтар ана тілі әлемінде» деген Адам, Қоғам, Табиғат атты үш томдық этнолингвистикалық сөздікке жиналған тілдік деректер академиктің өмір бойы жинаған ғылыми қазынасы деуге болады. Кейін тілдік деректерді сөйлеткенде қазақ мәдениеті туралы жан-жақты ақпараттар академик еңбегінің нәтижесін көрсетті).

Сонымен қатар Тіл білімі институтының ардагер ғалымдары Е.Жанпейісов. «Этнокультурная лексика казахского языка». /На материалах произведения М.Ауезова. /Алматы: Наука 1989; Р.Сыздықова. «Сөздер сөйлейді». 2 басылым 1994; Ж.Манкеева. «Қазақ тілінің заттық-мәдени лексикасы». Алматы: 1997ж; Р.Шойбеков. «Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы» 1987 ж. қорғаған кандидаттық диссертациясы; 1993 ж. зерттеу еңбегі көлемді монография болып басылып шықты.

Бүгін мерейтой иесі ретінде Р.Шойбековтің бұл еңбегін ерекше ілтипатпен атаймыз. Автор «Қазақ халқының өткендегі материалдық мәдениетінің, күнделікті тұрмыс қажетін өтейтін қолөнерінің жеке дамыған түрлі салалары болғандығын көреміз. ...Ұлттық мәдениетіміздің тарихында зергерлік өнері ерекше орын алады. Мәдени мұрамыздың ең негізгілеріне саналатын зергерлік өнері материалдық мәдениет дәрежесін, рухани мәдениетін бейнелейді, – дейді» [2, 3 б.]. Кітапта зергерлік өнеріне байланысты сөздердің қалай жасалғандығы, мағыналары, этнографиялық мәні, шығу төркіні жайында, зергерлікке қатысты салттық сөздерге, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерге этнолингвистикалық сипаттама берген. Мысалы, «Қылау түсірмеу /жұқпау» деген фразеологизм тілдік қолданыста бар. «Әрине, қазіргі жастар тілінде кездесе қоюы екіталай). Мағынасы – нұқсан келтірмеу, дақ түсірмеу, шан/шық жұқтырмау. «Қылау сөзі – шарыққа ұстап не геп өткірленнен кейін кескіш құралдардың жүзінде пайда болатын өте майда, ұлпа бүршік». [2, 59 б.]. Ал осы қылау сөзі біраз тұрақты тіркестерге ұйтықы болған лексема. Қылауы түспеген, қылау салмау, қылау шалу сияқты тіркестер бар. Бұл арада кез келген беттен алынға мысалды айтып отырмыз. Зергерлік өнерге қатысты аса бай тілдік деректер негізінде жасалған паремиялар мен фразеологизмдерді іздесек осы еңбектен табамыз.

Ал М.Копыленко. «Основы этнолингвистики». Алматы. 1995 г. шығарған бұл еңбегінде этнолингвистикаға қатысты шетелдік авторларды қосқанда 1044 еңбекті тізіп көрсетеді.

Лингвомәдениеттану - этнолингвистиканың бір тармағы. Бұл саланың ғылыми даму, қалыптасу көрсеткіші этнолингвистика саласын толықтыра түседі.

Этнолингвистика мен лингвомәдениеттанудың зерттеу бағыттарына қарай айырмашылықтары бар. Этностың тіл әлеміндегі бүкіл болмысын этномәдени, этнопсихологиясын диахрондық тұрғыда этнолингвистиканың зерттеу нысаны десек, тілде жинақталған аңыздар, мифтер, фольклор, діни дискурстар мен поэтикалық, прозалық көркем мәтіндердегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер символдар, метафоралар арқылы берілген ақпараттардың ұлттың рухани-материалдық мәдениетіне қатысын синхронияда қарастырады. Қазіргі лингвомәдениеттану – этнолингвистикамен ғана емес, қазіргі тіл біліміндегі антропоцентрилік бағыттағы әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, психолінгвистикамен шектес сала.

Лингвомәдениеттанудың әдістемелік негізінде мәдениеттің вербалдық репрезентациясының жүйелілігі болу керек. Мәдениетте қалыптасқан аксиологиялық, мәдениеттанымдық, герменевтикалық (интерпретациялау) ерекшеліктер тілдік деректермен түсіндіріледі. Сондай-ақ, тіл арқылы мәдениетті зерттеу антропоцентрилік яғни, адамның ақыл-ойы, тұлғаның қолымен жасалған, жазылған дүниелер бізге мәдени ақпараттардың вербалдық кодын қажет етеді.

Тіл арқылы мәдениеттанудың қазақ тіл білімінде ерекшелігін айтқанда мына фактілерді ескермесе болмайды. Алдымен ел тәуелсіздігін алған кездегі әлеуметтік көзқарастардың өзгеруі – жаңа ғасыр алдындағы ұлттар еркіндігіне қатысты тілге де, мәдениетке де оң бағыттың болуы. Бұрынғы

калыптасқан стереотип қабылдауды (партия – халықтың ақыл ойы мен ар ожданы, Партия қайда болса, халық сонда) өзгеріп, ұлттардың бір-бірін мойындауы фактісі. Қазақтар дүниетанымына сыналап кірген кеңестік идеяның әлсіреуі, тек орыс ұлтының ерекшелігін – русский дух, русская земля, русское поле, т.б. толып жатқан орыстық рухани сленглер көз алдымызда көлбеңдеп тұрып алатын. Онымен қоса, орыс тілін білмесең адам болмайсың деген девиз ше?

Этномәдени тұрғыда әр ұлт өзін-өзі қайта тани бастады. Егемен болған әр ұлт өз мәдениетіне әлеуметтік көзқараспен «мен кіммін, басқалардан қандай өзгеше мәдениетім бар» деген менталдық қасиеттердің оянуы мәдениет түрі мен байлығын тек ана тілі арқылы ғана іздейтін нысан пайда болды...

Ал лингвомәдениеттанудың теориялық негізін қалаған Х.Штейнталь, В.фон. Гумбольд, А.А.Потебня, этнолингвистика өкілдері Э.Сепир, Б.Уорф т.б және қазіргі когнитивистер Е.Кубрякова, И.А.Стернин, т.б.

Тіл арқылы мәдениеттанудың ғылыми бағыттарын бүгінгі күн тұрғысынан сөз етсек зерттеу еңбектері және мақалаларды тілге тиек етеміз. Соңғы жылдары қазақтардың негізгі менталдық категорияларын сипаттайтын концепт түрлері ғылыми зерттеу нысаны болып келеді. Концептілер – менталдық бірлік. Мәдениеттанымдақ түсінікте – концепт концепттерінің тарихи дамуының нәтижесі. Концептінің құрылымдық моделі оның ішкі мағынасынан анықталады. Демек, мәдениеттің бір элементі – концепт.

Қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттану саласын зерттеу нысандары бойынша сараласак, 2010 жылдан бергі қорғалып жатқан диссертациялар туралы мәлімет аз болғандықтан шартты түрде мынадай бағыттар бар. Құндылықтар әлеміндегі лингвомәдениетремалар бойынша:

1) Бір мәдениет түрінің лингвомәдени сипаты: антропонимдер, жалқы есімдер, мәдениеттанымдық түрлі типаждар.

2) Синхронды-компаративтік мәдениеттаным. Байлық-кедейлік, өмір-өлім, ағылшын, орыс, неміс т.б. тілдермен салғастырмалы мысалы, аксиологемалық стереотиптер, жүрек, үй, зоонимдер т.б.

3) Диахронды-компаративтік мәдениеттаным бойынша: ауыз әдебиеті, ақын-жыраулар поэзиясы, ономастикалық дискурстар т.б.

Орыс тіл біліміндегідей лингвомәдениеттанымдық мектеп түрлерін бөле алмадық. Оларда Ю.С. Степанов, Н.Д. Арутюнова, В.Н. Телия, В. Г. Костомарова, Е.Верещагин еңбектеріне қарай төрт мектеп бар. Жоғарыда айтқандай мәлімет аз, өйткені 2010 жылға дейін бүкіл республикаға таратылатын автореферат деген «хабаршы» жоқ.

Тіл арқылы мәдениеттану Елтанумен де тығыз байланысты (Страноведение). Бұл сала Ресейге келген шетелдіктер үшін ЖОО-да арнайы оқылатын пән ретінде дүниеге келген. В.Г Костомаров пен Е.М. Верещагин, *лингвострановедения* – деген ғылыми саланы қалыптастырған. Өткен ғасырдың соңында біз де Казахский язык. Страноведение через фразеологизмы. Учебное пособие / Смагулова Г., Карымсакова Р. // – Алматы: Жібек жолы, 1997. – 10, 0 п.л. деген оқу құралын ұсындық.

Лингвомәдениеттаным туралы ғылыми қауымға қазақ ғалымдары ұсынған еңбектер: ЖОО студенттеріне арналған оқу құралдары Ә.Әлметова. Лингвомәдениеттану негіздері. 2016 ж. А.Тымболова., Л.Ибраимова Лингвомәдениеттану негіздері 2107ж. Монография З.К.Ахметжанова, З.Ш.Ерназарова. Казахская лингвокультура: язык, человек, этнос 2016 г.

Күні бүгінге дейін қазақ мәдениетінің түрлерін қыр-сырын, бітім-болмысын, бояу-реңктерін қазақ тілі әлемі суреттеп келеді. Ұлт мәдениетін тану қай кезде болса да күрделі, әрі түрлі уақыт кезеңдеріндегі мәдениетке сай зерттеуді талап етеді. Қазір адамзат технологиялық мәдениеттің жыл сайын емес- ау, күн сайын жаңа түрлерін кеңістікте танытып жатыр. Қазіргі Адам дейтін тіршілік иелерінің мәдени тұрғыдан қалыптасуын технологиялық мәдениет қолға алғаны белгілі. Сонау 8 ғасырда айтты деген Аристотель ғұламаның өркениет тереңдеген сайын мәдениет әлсірейді деген тәмсілі еске түседі.

Қазақ лингвомәдениеттанымның ертеңгі болашағы туралы ойлануға тура келеді. Қазіргі қазақ тілтанымында когнитологияның жан-жақты дамуы мәдениет ұғымын сан түрлі спектрде қарастыру мүмкіндігіне ие. Осы ғасырдың бірінші ширегіндегі ақпараттар тасқынын қабылдау адамның білімі оның когнициялық әрекеттерінен көрінеді. Қазір интеллектуал деген Адам мәдени ақпараттарды жай өзі үшін қабылдау, талдау емес, көпшілік үшін жарата білу үлкен міндет деп біледі. Мысал ретінде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының көпшілікке ұсынған, әлі жасалып жатқан сайттардың қазақ тілі әлемін танытудағы еңбектерін ауыз толтырып айтуға болады.

Қазақ лингвомәдениеттанымның негізгі бірлігі – лингвомәдениетремалардың түсінігін жас ұрпақ қалай қабылдайды... Ендігі мәселе де осында ... Қазақ лингвомәдениеттанымның болашақта зерттеу нысаны туралы айтқанда кейбір мәселелерге назар аударған жөн.

Бұрын мәдени ақпарат сананың дұрыс қабылдауында, интерпретация, түйсіну, зерделеу деген өмірлік тәжірибемен келсе, енді тек мәтіндік ақпараттар ағынымен келеді. (Кейбір магистранттар тулақ сөзін білмейді, өйткені қазір қазақ мәдениетінде тулақ қалып бара жатқан ескі нәрсе) .

Когнитивистикада ана тілінде берілген ақпараттардың қалыптасуы мен түсіну қызметтері адам ойының компьютерлік бағдарламасы арқылы жүзеге асатындықтан, компьютерлік бағдарламаның модельдерін құру, мәтінді түсіну мен зерделеу үшін дұрыс сауатты құрылған қазақша контент керек. IT жасанды интеллект сіздің тапсырысыңызды ағылшын тіліндегі контенттермен дереу жүзеге асырса, ондай мүмкінді қазақ контенттерінде санаулы, мүлде жоқтың жақсы. Мысалы, ChatGPT тен қазақ тілі туралы тапсырыс жазсаңыз біраз мәліметтерді жинақтап береді.

Қазақтың баласы бүгін де ата-бабасының өмірлік тәжірибесімен келген материалдық және рухани мәдениетті сипаттайтын лингвомәдениеремалардың түсінігін білу үшін, әрине, технологиялық мәдениет көмегіне жүгінеді. Сондықтан жасанды интеллектінің көмегі күндердің күнінде лингвистикада үстемдік құруын жоққа шығаруға болмайды.

Әлемдегі жаһандану, интеграция үдерістері, шекараның ашықтығы, қазіргі электронды-ақпараттық мәдениаралық жетістіктер қоғамдық санаға үлкен ықпал тигізетін жаңа кеңістік қалыптастырды.

Тіл бірегейлігі туралы құнды ойлар жазып жүрген белгілі ғалым Н.Уәли айтады: «Өзгені тану арқылы өзін-өзі тану үрдісі, әдетте, этномәдениеттердің (этностардың) мәдени қарым-қатынас барысында жүзеге асады» [3].

Бұ ретте, ұлттардың өзара мәдени қарым-қатынасы аударма саласына тікелей қатысты.

Қазіргі заманғы антропоцентрлік бағыттағы лингвистиканың өзекті мәселелерінің бірі – жаһандану мен ықпалдасу жағдайларында өзінің тілдік коды, мінез-құлық стереотиптері, құндылық мақсаттары, әдет-ғұрпы мен дәстүрі бар әртүрлі мәдениет өкілдерінің арасындағы өзара әрекеттесу үдерісі ретіндегі мәдениаралық тілдесу. Қазіргі лингвистикада мәдениаралық қатысым ерекшеліктері туралы проблемаларды анықтау ғылыми зерттеулердің басты нысанына айналуы тиіс.

Жаһандану дәуірінде мәдениаралық қатысым үдерісі тілдік саналардың әрекеттесу жағдайында іске асады, сондықтан қарым-қатынас барысында орын алатын өзара түсінбеушіліктің негізгі себебі – тілдердің айырмашылығы емес, ол коммуниканттардың ұлттық саналарының айырмашылықтары болып табылады. Бұл арада аударма үдерісінде пайда болатын қиындықтарды белгілеу үшін «лингвоэтникалық кедергі» ұғымы қолданылады. Себебі аудармашы екі семиосфераның, яғни «өзім» мен «өзгенің» тоғысқан жерінде, екі тіл мен екі ұлттың арасында дәнекер болады. Сондықтан, әрбір шет тілді мәтін аудармашы үшін лакуналық болып келуі оның лингвистикалық және аялық білімін әсіресе, этномәдени бірліктерді аударғанында байқауға болады.

Ұлтаралық тілдесу мәдениеті қарым-қатынас жағдайындағы мінез-құлық стереотиптерінің жүйесін ғана емес, сондай-ақ, тұтастай ұлт мәдениетін білдіреді. Тілдесудің ұлттық стереотиптері ұлттың өзіндік және бірегей ұлттық мәдениетінің көрінуі мен өмір сүруі тәсілдерінің бірін білдіреді.

Сондықтан қазақ лингвомәдениеремаларын дұрыс аудару, балама тікестермен түсіндіру мәдениеттер диалогының проблемалық дүниесі.

«Мәдениет – халықтың өзіндік тарихи жады» – деген В.фон Гумбольдт [29]. Тіл өзінің кумулятивтік қызметінің арқасында оны сақтайды, өткеннен осы шаққа ғана емес, сондай-ақ, осы шақтан болашаққа диалогтың жетуін қамтамасыз етеді».

Ұлт болашағы – тіл болашағы. Өмір өрнектері ұлт мәдениетіне материалдық және рухани игіліктер негіз болып қаланып, ал олардың сыры мен сымбаты тілде ғана өшпей қалған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 303 б.
2. Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 188 б.
3. Уәли Н. Қазақтың «тамырластық институты» мен толеранттылығы. //Ана тілі газ. №34. 2009ж.
4. Гумбольдт В. Фон. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 415 с.

ОТРАЖЕНИЕ КОДОВ КУЛЬТУРЫ В ТАТАРСКИХ ПОСЛОВИЦАХ И ПОГОВОРКАХ С СЕМАНТИКОЙ О ТРУДЕ

Аңдатма. Мақала татар мақал-мәтелдеріндегі және еңбек туралы мақал-мәтелдердегі мәдениет кодтарын көрсетуге арналған. Мәдениет кодтары әлем бейнесін тұжырымдау процесінде маңызды механизм ретінде қарастырылады. Олардың зерттеулері әлемнің татар тілдік бейнесінің ерекшелігін анықтайтын этникалық логиканы анықтауға және сипаттауға мүмкіндік береді. Біз татар тілінің еңбек туралы 1000-нан астам мақал-мәтелдерін қарастырдық. Біздің зерттеу нәтижелері бойынша татар тілінде тұжырымдамалаудың ең өзекті әдістері болып табылатын антропоморфты, акционерлік, уақытша және биоморфты кодтар анықталды.

Тірек сөздер: тұжырымдама, мәдениет кодтары, мақал-мәтелдер, әлемнің тілдік бейнесі, әлемнің мақал-мәтелдік бейнесі, антропоморфтық код, акционерлік код, уақыт коды, биоморфтық код, еңбек.

Abstract. The article is devoted to the reflection of cultural codes in Tatar proverbs and sayings about work. Cultural codes are considered as an important mechanism in the process of conceptualizing the picture of the world. Their research makes it possible to identify and describe the ethnic logic that determines the specifics of the Tatar language picture of the world. We have reviewed more than 1000 proverbs and sayings of the Tatar language about work. According to the results of our research, anthropomorphic, actional, temporal and biomorphic codes were identified, which are the most relevant ways of conceptualization in the Tatar language.

Keywords: concept, cultural codes, proverbs and sayings, linguistic worldview, proverbial worldview, anthropomorphic code, action code, temporary code, biomorphic code, labor.

Код культуры определяется как «система означивания, то есть сформированная стереотипами лингвокультурного сознания совокупность знаков и механизмов» [1, с. 61-62]. Эти механизмы используются при образовании смыслов и при их репрезентации. Таким образом, код определяет способ мышления и обозначения. Код культуры направляет, определяет содержание и формы репрезентаций. М. Л. Ковшова указывает, что культурный код «означает соответствие между планом выражения и планом содержания знака; кодом задаётся значимость знака, а интерпретатор эту значимость определяет, «расшифровывает», то есть понимает знак. Код, по метонимии, обозначает класс знаков и правила их «прочтения» интерпретатором, которые, в свою очередь, обусловлены той или иной культурой, в которой они будут прочтены, тем или иным культурным хронотопом, культурной компетенцией интерпретатора и т.п. Код вырабатывается и осуществляет свою функцию в культуре» [5, с. 30]. Коды культуры соотносятся с древнейшими архетипическими представлениями человека. Так, в культуре известны биоморфный, фетишный, анимический, акциональный и другие виды культурных кодов, которые восходят к ранним формам религии. Культурный код можно определить по базовому образу в результате обобщения внутренних форм однотипных косвенных номинаций. Так, базовым образом антропоморфного культурного кода будет «человек», фетишного – «предмет», биоморфного – «растение» «животное», анимического – «природная стихия», акционального – «действие» и т.д. [7, с. 79-80].

Знания, зафиксированные в языке, антропоцентричны, так как язык описывает окружающий мир через его видение человеком. Поэтому для татарского концепта «труд» значим *антропоморфный* способ категоризации входящих в него знаний и представлений. Актуальность данного способа определяется тем, что трудовая деятельность является специфическим свойством, присущим только человеку. Антропоморфный характер концепта «труд» проявляется в том, что труд получает признаки и функции человека, т.е. антропоморфизм олицетворяет, очеловечивает процессы, результаты, средства труда. В рамках этого кода присутствует единственный образ – это образ человека.

Осмысление труда в образе человека находит отражение в том, что работа, труд кормит, дает пропитание, приносит результаты, деньги, делает человека богатым: *Эш иплене ярата (букв. Работа любит послушных), Эш эшкә өйрәтә (букв. Работа работе учит).*

В следующих примерах мы видим, что орудие труда так же наделяется свойством работать: *Күз курка, кул эшли (букв. Глаза боятся, руки делают), Күз – куркак, кул – батыр (Глаза боятся, руки делают),*

Күңел – куркак, кул – батыр (Душа боится, руки делают), Күңелең курыкса, кулыңа таян (букв. Если душа боится, ложись на свои руки), Буй эшләми, кул эшли (букв. Рост не работает, работают руки).

Актуальность данного кода определяется тем, что трудовая деятельность является специфическим, присущим только человеку признаком. Труд необходим человеку. Осмысление труда в образе человека связано также и с тем, что в понимании татарской лингвокультурной общности успех работы зависит только от ее исполнителя [6, с. 22].

В основе *акционального кода* содержатся представления о действиях, имеющих для человека особую значимость. Акциональный характер труда подчеркивается многими языковыми средствами, в которых фигурируют глаголы движения и существительные со значением деятельности: *Эшкә барганда кешегә салам бирмә (букв. Когда идешь на работу, не здоровайся с людьми), Эш аю түгел, урманга качмас (Работа не медведь, в лес не убежит), Эш беткәч уйнарга ярый (Кончил дело – гуляй смело), Уйна да көл, эшләргә дә бел (букв. Играй и смейся, но и работать не забывай).*

В рамках этого способа концептуализации или категоризации формируются такие базовые образы, как *путь, дорога: Ашыккан ашка пешкән (букв. Кто спешит, тот обжигается) Бүгенге эшине иртәгегә калдырма (Не откладывай на завтра то, что можно сделать сегодня), Калган эшкә кар ява (букв. Отложенная работа покрывается снегом), Бер көн артка калсаң, биш көнгә артка калырсың (букв. Если отстанешь на один день, отстанешь на пять дней).*

Временный код выражается в том, что процесс трудовой деятельности протекает во времени. Рассмотрим примеры: *Изге эшнең иртәгесе яхишы (букв. Лучшая из работ утренняя), Кич башласаң, кичегә (букв. Начнешь вечером, отстанешь), Кичке эш – таңга көлке (букв. Вечерняя работа – утром насмешка), Үлгәннән соң да өч көнлек эш кала (букв. И после смерти остается дел на три дня), Эшкә вакыт, уенга сәгать (букв. Делу время, игре час), Тәүлек хезмәт – айлык тамак (букв. Суточный труд – месячная еда)*

Из примеров следует, что работа имеет определенное время своего начала, она длится день, может длиться несколько дней, недель и не завершится никогда, если оставить на «потом», определенное словом завтра.

Биоморфный код продуцирует образы животных, насекомых, растений. Базовые образы этого кода способствуют пониманию процессов трудовой деятельности, меры, времени, средств, способов ее осуществления, исполнителя, результата. Например: *Хезмәтнең тире ачы, җсимеше татлы (букв. Пот труда горький, плоды – сладкие), Хезмәтнең яңгыры тир, алмасы – алтын (букв. Дождь труда – пот, яблоки – золото), Эш аю түгел, урманга качмас (букв. Работа не медведь, в лес не убежит), Эш кура җилгәге түгел, коелмас (Работа не малина, не осыпется), Хатын-кызның эшен тавык та чүпләп бетерә алмый (Женскую работу даже куры не склюют), Аш янында ат кебек, эш янында эт кебек (букв. Во время еды как лошадь, во время работы как собака).*

В татарском языке за многие столетия народного творчества сложились и впоследствии закрепились определенные образно-ассоциативные стереотипы. Так, встречаются названия целого ряда животных, с именами которых ассоциируются такие черты человека как «трудолюбие» или «лень». Например, для обозначения «трудолюбивый» употребляется такое название животного как *ат* (лошадь). Лошадь – неподатливое домашнее животное, для содержания которого достаточно малого количества средств, и славящееся своей силой, выносливостью к тяжелым физическим нагрузкам. В татарских деревнях и селах наличие лошади в семье показывало ее статус: сытая семья, живущая в достатке. Потеря этого животного равнялась для семьи трагедии – потере кормильца. Такое качество лошади как много и терпеливо работать и привело к такому сравнению: *Ат кебек эшли (работает как лошадь)*. В качестве примера приведем следующие пословицы: *Азыклы ат арымас (букв. Сытая лошадь не устанет), Ат тартмый, азык тарта (букв. Не лошадь тянет, а еда).*

Интересна пословица *Аш янында ат кебек, эш янында эт кебек (букв. Во время еды как лошадь, во время работы как собака)*. Во время еды как лошадь – не значит, что человек много работает, как может показаться на первый взгляд, а что он много ест. Анализируя вторую часть пословицы, мы можем выделить второй стереотип: *собака* – употребляется для обозначения ленивого человека. Рассуждая над содержанием данной паремииологической единицы, можно удостовериться в его истинности. Являясь домашним животным, призванным охранять дом, собака целый день лежит у будки и спит, и лишь когда в дом приходят незнакомые люди, она поднимает голову и лает. Так и ленивый человек, когда необходимо работать, ему вдруг вздумается вздремнуть, отдохнуть.

Наличие большого количества наименований диких животных говорит об актуальности биоморфного кода в концептуализации труда. В пословицах и поговорках татарского языка прослеживается

тенденция употребления названий диких животных для обозначения «труда» и «лени». Например, *Эш аю түгел, урманга качмас* (букв. *Работа не медведь, в лес не убежит*).

Труд в татарском языке представлен как процесс, направленный на достижение положительного результата, сочетающегося с прилежанием. В исследованных паремиологических единицах приветствуется активная созидательная деятельность человека, его желание хорошо и качественно работать, честное отношение работающего к своему труду. При этом однозначно порицаются лень и безделье. Эта группа самая представительная, что свидетельствует о плотности концептов «лень», «безделье».

Анализ выявил, что выделенные нами в начале исследования коды действительно являются важным составляющим элементом в процессе концептуализации концепта «труд» в татарской языковой картине мира, они отражают архетипические представления человека о труде, позволяют сделать вывод о непрерывности связи «труд-человек». С одной стороны, труд как понятие связан с достатком, богатством, бедностью, моралью, здоровьем, отдыхом, общественной пользой, прилежанием, почетом, счастьем. С другой стороны, будучи в тесной связи с такими понятиями как лень, безделье, резко противопоставляется им.

Литература:

1. Алефиренко Н. Ф. Поэтическая энергия слова. Синергетика языка, сознания и культуры. – М.: Academia, 2002. – 392 с.
2. Борханова Н. Татар теленең фазеологиясе, мәкаль һәм әйтемнәре. – Казан: Татар.кит.нәшр., 1959. – 177 б.
3. Исәнбәт Н. Татар халык мәкальләре. Өч томда. Т.1. Казан: Тат. кит. нәшр., 1959. – 913 б.
4. Исәнбәт Н. Татар халык мәкальләре. Өч томда. Т.3. Казан: Тат. кит. нәшр., 1967. – 1013 б.
5. Ковшова М. Л. «Культурный код» как элемент культурной интерпретации фразеологизмов в лингвокультурологической парадигме исследования // Знание. Язык. Культура: материалы Междунар. науч. конф. «Славянские языки и культура». Тула: Петровская Гора, 2007. С. 30–33.
6. Мукатдесова Ч. Р. Концепт «труд» в татарском и немецком языках (на материале пословиц и поговорок): автореф. дис. ... к.филол.н. – Казань, 2012. – 28 с.
7. Токарев Г. В. К вопросу о типологии культурных коннотаций // Филологические науки. 2003. № 2. С. 79-86.

Қ.ҒАБИТХАНҰЛЫ

*Филология ғылымдарының кандидаты
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Лексикология бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері
Алматы, Қазақстан*

ҚЫТАЙДА ТҰРАТЫН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТІЛІНДЕ САҚТАЛҒАН ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕР

Аңдатпа. Мақалада Қытайда тұратын қазақтардың тілінде сақталған, отандық сөздіктерге әлі ене қоймаған этномәдени бірліктер жайында айтылады. Аталмыш сөздер халқымыздың әр өңірлердегі тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, кәсібі, шаруашылығы, өмірлік тәжірибесі, өзге халықтармен қарым-қатынасы мен қолданылу сипатынан мағлұмат беретін тіліміздің байлығы болып табылады. Яғни оларды да қазақ халқының заттық және рухани мәдениетін айшықтайтын сөздер мен сөз тіркестері, салт-дәстүрлері қатарына жатқызуға болады. Әсіресе, Қытай және Монғолия сияқты қазақтар шоғырлы отырған өңірдегі қазақтардың тілдік қолданысы мен өмір салтында бар осындай мәдени құндылықтарымызды «жергілікті ерекшелік» деуге келмейді, көбісі сонау заманнан келе жатқан ұлттық дәстүрлер саналады. Кейбір сөздер мен сөз тіркестері түсіндірме сөздіктерде кездескенімен онда үлкен айырмашылықтар бар. Мақалада аталған тілдік бірліктерге талдау жасалып, олардың луғаттық түсіндірмелері берілді.

Тірек сөздер: Қытайдағы қазақтар, этномәдени бірліктер, салт-дәстүр, тілдік ерекшеліктер.

Аннотация. В статье речь идет об этнокультурных единицах, сохранившихся в языке казахов, проживающих в Китае, еще не вошедших в национальные словари. Эти слова – богатство нашего

языка, которые дают представление об образе жизни нашего народа в разных регионах, традициях, профессии, хозяйстве, жизненном опыте, взаимоотношениях с другими народами и характере употребления. То есть их также можно отнести к числу слов и словосочетаний, обычаев и традиций, отражающих материальную и духовную культуру казахского народа. Особенно в регионах концентрации казахов, таких как Китай и Монголия, такие культурные ценности, которые существуют в языковом использовании и образе жизни казахов, нельзя назвать «местной уникальностью», большинство из них являются национальными традициями, идущими из давних времен. Хотя некоторые слова и словосочетания встречаются в толковых словарях, между ними имеются существенные различия. В статье проанализированы упомянутые языковые единицы и даны их лексические пояснения.

Ключевые слова: Казахи в Китае, этнокультурные единицы, традиции, лингвистические различия.

Annotation. The article deals with ethno-cultural units preserved in the language of Kazakhs living in China, which have not yet been included in national dictionaries. These words are the wealth of our language, which gives information about the way of life, traditions, profession, economy, life experience, relations with other peoples and nature of use of our people in different regions. That is, they can be included among the words, phrases, and traditions that reveal the material and spiritual culture of the Kazakh people. Especially in regions where Kazakhs are concentrated, such as China and Mongolia, such cultural values, which exist in the language use and lifestyle of Kazakhs, cannot be called «local uniqueness», most of them are national traditions coming from a long time ago. Although some words and phrases appear in explanatory dictionaries, there are significant differences. In the article, the mentioned linguistic units were analyzed and their lexical explanations were given.

Keywords: Kazakhs in China, ethno-cultural units, traditions, linguistic differences.

Кез келген тілде болсын, не ұлттық тілдің басқа формалары диалекті, сөйленісте болсын ондағы түрлі сыртқы және ішкі лингвистикалық себептерге байланысты орын алатын тілдік өзгерістер лексикалық қорынан айқын көрінеді. Олай дейтініміз, дыбыс жүйесінде, морфологиясында, синтаксисінде, т.б. құрылымдарда өзгерістер болғанымен, олар өте баяу жүретіндігі. Ал лексикалық қорда әрбір 15-20 жыл сайын жаңа сөздердің пайда болып, қайта жаңғыруы, қолданылу жиілігі артуы немесе сөздердің ескіріп, салғырт қорға өтуі, қолданыстан шығуы сияқты үдерістердің қарқындылығы жоғары. Сондықтан қазақ тілінің сөйленістеріндегі, шетелдегі қазақтардың тіліндегі жергілікті, аймақтық лексикалық бірліктер үнемі жинақталып, арнайы диалектологиялық сөздіктерде көрініс беруі тиіс. Аталмыш сөздер халқымыздың әр өңірлердегі тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, кәсібі, шаруашылығы, өмірлік тәжірибесі, өзге халықтармен қарым-қатынасы мен қолданылу сипатынан мағлұмат беретін тіліміздің байлығы болып табылады. Бұл салада Академик Ә. Қайдаров, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Н. Уәлиев, Ж. Манкеева, Р. Шойбеков т.б. отандық ғалымдар үлкен үлес қосты [1].

Қытайда тұратын қазақтардың сөздік қорында қазақ елінде ұмыт болған немесе басқа мағынада қолданылатын қазақ халқының заттық және рухани мәдениетін айшықтайтын сөздер мен сөз тіркестері сақталған. Атап айтқанда, мал ауруларына байланысты: *көз, жылқы обасы, уақұрт, қанқұрт, сіреспе, таңдайқак, бақана, алаөкпе, солма, сый, қысаға, тіл тікен, жемір, ақ болу, кегежек, сарамас, көтеу, бөрітас, сапақ т.б.* Салт-дәстүрге байланысты: *жыртыс той, жыртыс сый, жыртыс буу, жыртыс апару, жыртыс жырту, балдыз көрімдік, босағаға ілу, қыз қашар, қыз көтерер, келіннің атына міну, есік көре келу, күйеу аттандырар, бақан салды, қапқа салар, күйеу аяқ, мойын тастар, қолтық сүйер, ит ырылдаатар, қыз құшақтар, күйеу аттандыру, қыз шығару т.б.* Ет жасап, қонақ күтіп, табақ тарту салты бойынша: *бас табақ, қос табақ, келін табақ, беташар табағы, жерік асының табағы, сый табақ, ошақ табақ, ерулік табақ, сарқыт табақ, қыз алар(табақ), орта табақ, аяқ табақ т.б.* көптеген кәде, салт-дәстүрлер осы уақытқа дейін өзге елде өмір сүріп жатқан қазақтардың тыныс-тіршілігінде сақталған, қолданыста жүрген дүниелер. Әсіресе, Қытай және Моңғолия сияқты қазақтар шоғырлы отырған өңірдегі қазақтардың тілдік қолданысы мен өмір салтында бар осындай мәдени құндылықтарымызды «жергілікті ерекшелік» деуге келмейді, көбісі сонау заманнан келе жатқан дәстүрлер саналады. Сондықтан да оларды жалпы қазақ халқының заттық және рухани мәдениетін айшықтайтын сөздер мен сөз тіркестері, салт-дәстүрлері қатарына жатқызуға болады. Біле білсек, олардың біразы Қазақстанның да кей өңірлерінде сақталған. Мәселен, Қазақ хандығы тұсындағы басқару институттары саналатын *тағанақ кеңес* пен *тұрымтай кеңес* сөздері Илияс Есенберлиннің, ал, *тұяқ таға, бұлынишақ, көзілдірік* сөздері Ақселеу Сейдімбеков шығармаларында кездеседі. Бүгінгідей ұлт мәдениетін ұлықтау, «рухани жаңғыру» үдерісі жүріп жатқан тұста шетелдегі қазақтардың өзін

ғана әкелмей, сонда қалып бара жатқан сөзін де әкеле алсақ, нұр үстіне нұр болатыны даусыз. Тіпті, кейбір дәстүрлер «қара жорға биі» сияқты қайта жаңғыруы әбден мүмкін. Жиналған мұндай сөздер мен сөз тіркестері болашақта зерттеулерге пайдасын тигізіп, сөздіктердің мазмұнын байыта түсуге өз үлесін қосары да сөзсіз.

Қытайда тұратын қазақтардың сөздік қорында этномәдени бірліктермен бірге кірме сөздер, баспасөздерінде ресми қолданыста жүрген аймақтық бірліктер мол кездеседі. Өзге жұрттармен арадағы ұзақ дәуірлік қарым-қатынас нәтижесінде солардың тілінен енген, бұл күнде дыбыстық жағынан қазақ тілінің ыңғайымен түбегейлі өзгеріске ұшыраған мәселен, қытай, моңғол, маньчжур, тибет, санскрит, араб, парсы, ұйғыр, орыс т.б. сөздері де молынан кездеседі. Бұл сөздердің бірқатары – қазақтардың сөйлеу тілінің дыбыс жүйесіне бейімделіп, дыбыстық өзгеріске түскен (қыт. сәй – көкөніс, борми – жүгері, лазы – бұрыш, шедеу – көкөніс турауға арналған үлкен пышақ т.б.). Біразы айтылуы мен жазылуы жағынан түбір негіз нұсқасын сақтап, кірме сөзге айналған. Кірме сөздердің қосымша морфемалары да, қазақ тілінің дыбыс жүйесіне бейімделіп, өзгеріске ұшыраған. Жергілікті тіл ерекшеліктері ретінде қарастырылған тілдік бірліктер өңір қазақтарының тілінен, баспасөз, интернет көздерінен, көркем әдебиеттерден, жазба деректерден жинап жүйеленді. Ондағы тілдік қолданыста тарихи сөздер (*тәйжі, амбы, бейсі, үкірдай, залың, зәңгі, суң, дамолла т.б.*), кәсіби сөздер (*жемір, жаққұрт, бөрітас, кегежек, көз, қанқұрт, қаракемік, қортық, қын, сипай, солма т.б.*), жергілікті терминком бекітіп, баспасөздерінде ресми қолданыста жүрген аймақтық бірліктер (*бейзаттық мәдениет, бейүкіметтік ұйымдар, бейөндірістік тарау, жаңалық жарату технологиясы, туындайтын энергия, білімділік экономикасы, қолфон, Еуропа ортақ тұлғасы, мемлекеттік істер жорасы, бас шужу, үкіметсіздік, аманат-қарыз, күміс лоңқа, базар экономикасы, куәші, қамсыздандыру, қамсыздандыру серіктестігі, серіктестік жасау, мемлекеттік жолдама, дипломатиялық тектемелеу, уәкілдер үйірмесі, орынбасар зуңли, ақша базары, қазына құрылымы, ерен базар, төрешілдік, аткезшілік, аткезшілік тауарлар, шипагер, шипахана, келтехат, көмек ақша, мұзсандық, өспе, торап, торап дос, тіл тақта, тор бекет, торап жарнама, сұхбат үні, тораптық қазына, тораптық талдағыш, торап сөздігі, торап ескертпесі, тінтуір(мышка), жұмсақ бөлішек, қатты бөлішек, тіркегіш, десте, бетбелгі, бекет бастығы, жершарылану, бақылап-тізгіндеу, сөздер кестесі, тәжірибе атызы, артқы есіккен жүру т.б.) лексикалық ерекшеліктердің болуы қазақтардың рулық құрамы, орналасу аумағы сонымен бірге қытай тілі мен мәдениетінің, қоғамдық-саяси жүйесінің ықпалы екендігі анықталды.*

Қытайда тұратын қазақтардың тілінде отандық сөздіктерге әлі ене қоймаған тілдік бірліктер молынан кездеседі. Кейбір сөздер мен сөз тіркестері түсіндірме сөздіктерде кездескенімен онда үлкен айырмашылықтар бар. Мәселен «маяуза» сөзіне он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: *«Киізден жасалған жертөсеніш немесе жеке адамның астына төсеуге арналған дөңгелек, шаршы пішіндегі шағын киіз төсеніш»* деп берілсе, Қытайда тұратын белгілі жазушы Шәміс Құмарұлы: *«Маяуза – серкенің күзгі қалың терісін илеп, жасы үлкен адамдар үшін жасалған төсеніш. Кейде туған ту ешкінің терісінен де маяуза жасайды»* деп түсіндірген [2].

Сол сияқты «кәзекей» сөзіне сөздікте: *«Жеңі жоқ, жағасы кеңірек ойылған, белден төменірек түсіп тұратын, мақпалдан тігілген әйелдер киімі»* деген түсініктеме берген. Ал біз көрген материалдарда кәзекейді: *«Кәзекей – жеңі жоқ, жағасы жоқ, мықыннан төменірек түсіп тұратын жеңіл киім, ең бастысы, оны тек әйелдер ғана емес ерлер, балаларда киеді»* деген. *«Балалар кәзекейі – қыстық, жаздық болып бөлінеді. Жаздық кәзекейлер түрлі кездемелерден жалаң астарлы, жанқалтасыз, омырауынан үш түймелік орнатып, қаусыратын етіп тігіледі. Қыстық кәзекейлер – тері кәзекей, сырма кәзекей»,* – деп олардың әрқайсысына жеке анықтамалар берген.

Сондай-ақ 15 томдық сөздікте «қоя» сөзіне: *«Құстың бөтегесі мен иттің асқазанында қортылмай, жеген асынан қалып қойған жарамсыз зат (жүн-жұртқа, қоқсық т.б.)»* деген анықтама берілген [3]. Біз оқыған материалдарда «қоя» тек құс пен иттің ғана асқазанында ғана емес, кәдімгі малдың да асқазанында болатындығын айтады. Сондықтан кітапта «қоя» деген сөзге *«малдың жеген жем-шөбінің асқазанында қорытылмай, түйдектеліп қалған қалдығы (топырақ, құм түйіршіктері, жүн-жұртқа, қыл-қыбыр т.б.). Қоя аң-құстардың асқазанында да болады. Қоясы бар мал жақсы тойынбайды, кейде іш аурудың белгілері көрінеді, малдың сыртынан қояны анықтау қиын, тек сойғанда ғана білуге болады»* деп толығырақ анықтама бердік.

Сол сияқты «қанжілік» деген сөзге 15 томдық сөздікте *«бәйгеге қосуда жаратылмаған, майға бөккен, семіз»* деген анықтама берілген [4]. Нұрлан Қинаятұлы «Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығы мен мал шипагерлігі» деген еңбегінде оны *«жылқы, сиыр, түйе сияқты малдардың жілік майының бұзылуынан жілігіне қан түсіп, жілік майына араласуынан болатын ауру. Жылқыларды жас кезінен*

демалдырмай мінуден, бәйгеге көп қосудан, ал түйе мен өгіз болса, ауыр жүк артудан, қатты шаршап, зорығудан қанжілік болады» деп түсіндіреді[5].

Кітапқа енгізілген сөздердің басым бөлігі Қазақстанда жарық көрген сөздіктерде кездеспейтін, Қытайда тұратын қазақтардың тілдік қорында сақталған немесе сол жерде жарық көрген қазақ басылымдарында көрініс тапқан сөздер мен салт-дәстүрлер. Атап айтқанда, мал ауруларына байланысты: *көз, жылқы обасы, уақұрт, қанқұрт, сіреспе, таңдайқақ, бақана, алаөкпе, солма, сый, қысаға, тіл тікен, жемір, ақ болу, кегежсек, сарамас, көтеу, бөрітас, сапақ т.б.* Салт-дәстүрге байланысты: *жыртыс той, жыртыс сый, жыртыс буу, жыртыс апару, жыртыс жырту, балдыз көрімдік, босағаға ілу, қызқашар, қызкөтерер, келіннің атына міну, есік көре келу, күйеу аттандырар, бақан салды, қапқасалар, күйеу аяқ, мойынтастар, қолтық сүйер, итырылдаатар, қыз құшақтар, қыз шығару т.б.* Ет жасап, қонақ күтіп, табақ тарту салты бойынша: *бас табақ, қос табақ, келін табақ, беташар табағы, жерік асының табағы, сый табақ, ошақ табақ, ерулік табақ, сарқыт табақ, қыз алар(табақ), орта табақ, аяқ табақ т.б.* көптеген кәде, салт-дәстүрлер осы уақытқа дейін өзге елде өмір сүріп жатқан қазақтардың тыныс-тіршілігінде сақталған, қолданыста жүрген дүниелер. Мысалы:

ДӘМ АЙҚАСТЫРУ э т н. *Қазақтың неке салтында қыз жақтың жігіт жаққа сөз салып, құда түсу дәстүрі. Қыз жақтың әке-шешесі біреудің ұлын жақсы көріп, қызын соған бергісі келсе, жігіттің үйіне арнап дастарқан алып, қызын ерте барады. Дастарқанға төстік, асық жілік сияқты кәделі жіліктер түйеді, «дәм айқастырғалы келдік» деп жасасырмай айтады. Жігіт және жігіттің әке-шешесі қызды жақтырса, дәмін алып қалады, жақтырмаса, дастарқанын шешпей сол күйі қайтарады. Қазақ жолында мұны «д ә м а й қ а с т ы р у» дейді (Ясын Құмарұлы «Қазақтың салт-дәстүрі»).*

ДӘМГЕ ТАПСЫРУ э т н. *«дәм ұрсын!» деген мағынада. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» деп, ол үшін саған тырнақтың көлеміндей бүкпем болса, д ә м г е т а п с ы р (Қ. Мұқажанұлы. Тайталас).*

БЕТАШАР ТАБАҒЫ э т н. *Қазақтың келін түсіру салтында, беташар салты орындалғаннан кейін, келіннің бетін ашқан жігітке арнап тартылатын табақ. Беташар табаққа тіл жағын, жүрек, бауырын, ортан жілік, жауырын, белдеме, арқа, қабырғаларын, үстіне таңдай салады. Оның үстіне әдемі кестелі қол жаулық жабады, болса күміс жүзік, теңге қояды. Бет ашқан жігіт жолдас-жораларымен алқа-қотан отырып, теңгені, жүзікті, қол жаулықты бөлісіп алады да, бата жасайды, әнші жіпт таңдайым тақылдасын деп таңдайды алып жейді, қалған еттерді бәрі бірігіп бөлісіп жейді. Мұны қазақ кәдесінде «б е т а ш а р т а б а қ» деп атайды (Болат Бопайұлы «Беташар табақ»).*

ЖАМБАС СИПАР э т н. о й ы н. *Қыз-бозбалалардың айлы кеште сан санап, белгілі санға келгенде жаңылпаш айтып, жамбас сипап ойнайтын ойын түрі. Ұшына орамалдың түйдім сусар, Көп жылқы көк алалы көлде жусар. Кешегі ел қыдырған есер шақта, Өн еді Біржан салған «Ж а м б а с с и п а р» (Біржан сал).*

ЖЫРТЫС АПАНУ э т н. *Күйеу жігіт жақтың тойдан бұрын қыз жаққа келін киетін киім-кешек, көрпе-жастық, түскііз сияқты заттарды апару салты. Кей жерлерде «жасау апару», «жүк апару», деп те атайды. Ж ы р т ы с т ы а п а н у к е з д е, қыз ауылы шашу шашып, қуана қарсы алады(Ясын Құмарұлы «Қазақтың салт-дәстүрлері»).*

ЖЫРТЫС БУУ э т н. *Жыртыс той өтіп, қыз ауылына жыртыс апарарда той иесінің шағын тілеу жасап, туыс-туған, дос-жарандарын шақырып, құда жаққа апаратын сыйлықтарды қоржын-қолаң, теңдерге салатын дәстүрі. Ж ы р т ы с б у у г а н д а, көбінде, әрбір теңге лайығында торғын-торқа, дәм және басқа да ұсақ заттар қоса буылады (Ясын Құмарұлы «Қазақтың салт-дәстүрлері»).*

ЖЫРТЫС ЖЫРТУ э т н. *Жігіт жақтан болашақ келінге келген жасауды шешу кәдесі. Жігіт жақтан келген құдағидың бірі қыздың шешесіне бас теңді көрсетіп, одан әр теңде қандай жыртыс бар екенін айтып, алып келген бұйымдарын түгел тапсырып береді. Ал, қыздың шешесі туыс-туған, дос-жарандар мен жегжат-жұрағаттардың әйелдерін шақырып, тең шешіп, жыртыс жыртады. Бас теңді ауылдағы сыйлы, жолы үлкен әжелер шешеді, оған салынған ж ы р т ы с т ы ж ы р т у г а келген әйелдер жолына, жасына қарай отырып бөліп алады (Ясын Құмарұлы «Қазақтың салт-дәстүрлері»).*

КЕГЕЖЕК з а т. в е т. *Қозы, лақтарда болатын ұстамалы ауру, «қозы талмасы» деп те атайды. Қозы к е г е ж е к болғанда денесі сіресіп, басы кекжиіп, көзі алайып, аузынан көбік ағады (Нұрлан Қинаятұлы «Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығы мен мал шипагерлігі»).*

БҰРҚЫ з а т. т а р. *Ел ақтаған дуана. Шаниылды от басына асатаяқ, Үкі таққан әлемдеп бастан аяқ. Ала сеңсең бөркі бар, тысы ақкиіз, Есіркейді ел б ұ р қ ы н ы көрген аяп (Т. Жолдыұлы).*

БҰЛЫНШАҚ з а т. э т н. *Ыстық күнде айран-шалап, қымыз сияқты сусындықтарды құюға арналған, жылқы терісінен жасалатын ыдыс. Бұлқынишақты жасау үшін жылқы сойғанда артқы санының терісін шашасына дейін мес қылып бітеу сойып алады. Содан соң терінің көк етімен шелін тазартып, сан жағын арасына шүпірек салып, тарамыспен немесе жылқының құйрық қылымен тігеді. Тігіс бұлқынишақтың түп жағына келеді. Терісінің сирақ тұсына келетін тар жағына лайық ағаштан тығын жасалады да ішіне күл толтырып, тығындап көлеңкеге кептіреді. Әбден кепкен тері қатып көнге айналады. Содан соң күлін төгіп тастап, ыдысты ыстайды, ары қарай ыдысты шаймен жуып, ішіне бірнеше күн ашыған айран құйып қояды, оны «шикі дәмін алу» дейді. Одан кейін пештің құрымын жинап алып, оны суға малып алып, теріні біраз уақыт соған салып қояды. Оны «құрымдау» деп атайды. Содан соң ыдыстың ішіне қайнаған сұйық май құйып, шайқап алып әрі қарай пайдалана беруге болады. Б ұ л қ ы н ш а қ т ы керегенің басына бауынан іліп қоюға болады. Салт атпен жүргенде ердің алдыңғы жағына ілінеді немесе қанжығаға байланады. Жаяу адам иығына асып жүреді. Бұл ыдыс малышы қауымның ыстық күндерде айран, шалап, қойыртпаққұюына мейлінше пайдалы. Б ұ л ы н ш а қ т ы жасау үшін жылқы сойғанда, артқы санын шашасына дейін мес қылып, бітеу сойып алады.*

КӘКИМӘ ЕТІК з а т. э т н. *Бойжеткен қыздар мен жас келішектерге арналып, былғарыдан оюлап, сәндеп тігілген биік өкшелі етік. Ою-өрнек салған көксауыр етік пен кәкимә етік бір кие ретінде той-томалаққа киіледі (Әбдіжәлел Оразбайұлы «Қазақтың дәстүрлі киім-кешектері»). Жарғақ шалбар, түйе жүн шекпен, кең құлаш етік, ақ таңдақ, Қызыл шибарқыт қамзол, аяқтарында қызғылт к а к и м ә е т і к, ақ патсайы шытырман көйлек (Илияс Есенберлин «Қахар»).*

КЕЛІННІҢ АТЫНА МІНУ э т н. *Ұзатылған қыз алғаш келін болып ауылға келгенде орындалатын салт. Ұзатылып келген қыз ауылға таяғанда, аттан түсіріліп басына желек жабылады да, оның мініп келген атына жолы жақсы, өмірі баянды, балалы-шағалы, ибалы әйелдердің бірі мініп, елден бұрын ауылға жетеді. Оны ауыл адамдары шашу шашып қарсы алады. Келіннің атын мінетін әйелге әлгіндей талап қойылатын себебі, келінде соның ізін бассын, ұрпақты болсын, бақытын тапсын, дәулеті шалқысын деген ырымнан туған. К е л і н н і ң а т ы н а м і н г е н адам көрпенің арасына салынған «тақым тартар» деген кәдені алады (Ясын Құмарұлы «Қазақтың салт-дәстүрлері»).*

Әсіресе, Қытай және Монғолия сияқты қазақтар шоғырлы отырған өңірдегі қазақтардың тілдік қолданысы мен өмір салтында бар осындай мәдени құндылықтарымызды «жергілікті ерекшелік» деуге келмейді, көбісі сонау заманнан келе жатқан дәстүрлер саналады. Сондықтан да оларды жалпы қазақ халқының заттық және рухани мәдениетін айшықтайтын сөздер мен сөз тіркестері, салт-дәстүрлері қатарына жатқызуға болады. Біле білсек, олардың бірсыпырасы Қазақстанның да кей өңірлерінде сақталған. Мәселен, Қазақ хандығы тұсындағы басқару институттары саналатын *тағанақ кеңес* пен *тұрымтай кеңес* сөздері Илияс Есенберлиннің, ал, *тұяқ таға*, *бұлынишақ*, *көзілдірік* сөздері Ақселеу Сейдімбеков шығармаларында кездеседі. Бүгінгідей ұлт мәдениетін ұлықтау, «рухани жаңғыру» үдерісі жүріп жатқан тұста шетелдегі қазақтардың өзін ғана әкелмей, сонда қалып бара жатқан сөзін де әкеле алсақ, нұр үстіне нұр болатыны даусыз. Тіпті, кейбір дәстүрлер «қара жорға биі» сияқты қайта жаңғыруы әбден мүмкін. Жиналған мұндай сөздер мен сөз тіркестері болашақта зерттеулерге пайдасын тигізіп, қазақ тілінің корпусы мен сөздіктердің мазмұнын байыта түсуге өз үлесін қосары да сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қайдаров Ә. Тарихи лексикология және этнолингвистика. Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы, 1988, 33-38-бб.; Этнолингвистика // Білім және еңбек, 1985, №10; Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. А., 1980, 1994, 2004; Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі, 1994, № 3, 20 қаңтар, Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведения М.О. Ауэзова). – Алматы, 1989; Уәлиев Н. Сөз мәдениеті (1984), Қазақтың дәстүрлі сөзсаптамасы. – Алматы, 1997; Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. А., 2008; Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. А., 1992; т.б.
2. Шәміс Құмарұлы, Қазақтың киіз үй мәдениеті. Шынжаң әсемөнер-фотосурет баспасы. – Үрімжі, 2009 ж. 84 б.
3. Ысқақов А., Уәли Н. Қазақ әдеби тілінің сөздігі (15 том).
5. Нұрлан Қинаятұлы. Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығы мен мал шипагерлігі. Шынжаң ғылым-техника баспасы. – Үрімжі, 2003.
6. Ясын Құмарұлы. Қазақтың салт-дәстүрлері. Шынжаң халық баспасы. – Үрімжі, 2006.
7. Сәнікұлы З. Қазақтың тұрмыс-салт білімдері. Шынжаң халық баспасы. – Үрімжі, 2000.

Ж.Д. БАЙТЕЛИЕВА¹, Ж.ОМАРОВА², Б. НҰРМАНОВА³.

¹Филология ғылымдарының кандидаты, ассистент профессор
Назарбаев Университеті
^{2,3}Медицина мектебінің студенті, Назарбаев Университеті
Астана, Қазақстан

«АДАЛДЫҚ, ӘДІЛДІК» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ халқының адалдық және әділдік туралы түсінігін орыс, ағылшын тілдеріндегі мағыналарымен салыстыра отырып қарастырады. Сөздердің қолданысы әр елдің ерекшеліктерімен тығыз байланыста болатыны белгілі. Біз осы жұмыста басты фокусты – қазақ тіліндегі қолданысына береміз.

Қазақ тілінде «адалдық» және «әділдік» ұғымдары кеңінен және өзара ұқсас ұғымдар ретінде бірге қолданылғанымен, екі ұғымның нақты мағыналары мен ерекшеліктері бар және олар лингвистикалық аспектіде аса көп зерттелмеген. Сондықтан бұл баяндамада қазақ халқы түсінігіндегі «адалдық» және «әділдік» деген не екені анықталып, екі ұғымның қазақ халқы арасындағы ролі мен қолданысы зерттеледі және олардың басқа елдердегі түсініктерден айырмашылығы айқындалады. Зерттеу жұмысы қазақтардың адалдық және әділдік жайлы түсініктері мен екі ұғымның айырмашылықтарын анықтай отырып, жинақталған ақпаратты шет тілдердегі деректермен салыстыру арқылы кешенді түрде зерттеу жүргізуді мақсат етеді.

Тірек сөздер: этномәдениет, тілдік бірлік, адалдық, әділдік, түсіндірме сөздік.

Аннотация. Данная статья рассматривает понятия честности и справедливости казахского народа, сравнивая их со значениями в русском и английском языках. Известно, что употребление слов тесно связано с особенностями каждой страны. В данной работе мы акцентируем внимание на их использовании в казахском языке.

Несмотря на то, что в казахском языке понятия «честность» и «справедливость» широко употребляются вместе как взаимно схожие понятия, они имеют конкретные значения и особенности, которые мало изучены в лингвистическом аспекте. Поэтому в данном докладе определяется, что означают «честность» и «справедливость» в понимании казахского народа, рассматривается роль и использование этих двух слов среди казахского народа, а также определяется их отличие от понятий в других странах. Целью данной работы является проведение комплексного исследования путем изучения понятий честности и справедливости у казахов, определения различий между двумя понятиями и сравнения собранной информации с данными на иностранных языках.

Ключевые слова: этнокультура, языковое единство, честность, справедливость, толковый словарь.

Annotation. This article examines the concept of honesty and justice of the Kazakh people, comparing them with their meanings in Russian and English languages. It is known that the use of words is closely related to the characteristics of each country. In this work, we focus on its use in the Kazakh language.

Although the concepts of «honesty» and «justice» are widely used together in the Kazakh language as mutually similar concepts, both concepts have specific meanings and features, and they have not been studied much in the linguistic aspect. Therefore, this report defines what «honesty» and «justice» mean in the Kazakh people's understanding, examines the role and use of these two concepts among the Kazakh people, and defines their difference from concepts in other countries. The research aims to carry out a comprehensive study by exploring the concepts of honesty and justice of the Kazakhs, determining the differences between the two concepts, and comparing the collected information with data in foreign languages.

Keywords: ethnoculture, linguistic unity, honesty, justice, explanatory dictionary.

Адамзаттың қоғамда өмір сүруі үшін маңызды факторлардың бірі - тіл. Н. Целищев айтқандай, тіл – кез-келген этностың айқын белгісі, халықтың мәдениеті мен дүниетанымын өз бойына сіңірген құбылыс [1, 4 б.]. Демек, адамдар тілді ортақ мақсатта, яғни қарым-қатынас құралы ретінде қолданғанымен, тілдің құрамы біркелкі емес. Ал С.Тер-Минасова мәлімдегендей, шет тіліндегі сөздің қолданысы ана тіліңіздегі баламасынан өзгеше болуы мүмкін [2, 43 б.]. Мәселен, тура мағынасына қоса, сөздің халық арасындағы лексикалық аясы да ескерілуі қажет. Сол себепті кейбір ұғымдардың қазақ танымына тән ерекшеліктерін зерттеу тіл жайында түсінікті арттыруда маңызды рөл атқармақ.

«Адалдық» және «әділдік» ұғымдары өзара ұқсас және мағынасы жағынан жақын болып көрінгенімен, қазақ халқының түсінігінде бұл екі ұғым әртүрлі мәнді аңғартады. Сондықтан қазақ танымындағы осы ұғымдарға талдау жасау, нақты мағыналарын, айырмашылықтарын және қазақ халқының өмірінде алатын рөлін зерттеу маңызды.

Зерттеу жұмысы қазақтардың нені адалдық, нені әділдік деп санайтыны жайында түсінікті қалыптастыру мен оның басқа елдердің түсініктерінен ерекшелігін анықтауға бағытталған.

Зерттеу жұмысын жазу барысында академиялық сипаттағы жаңа және ескі әдебиеттер пайдаланылды. «Адалдық» пен «әділдік» ұғымдарының мағынасы жайлы ақпарат «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», «Толковый словарь русского языка» және «Merriam-Webster» сияқты түсіндірме сөздіктерден алынды. Халық арасындағы адалдық пен әділдік жайлы мақал-мәтелдер «Бабалар сөзі» атты жүз томнан тұратын басылымнан алынды. Осыған қоса, қазақ халқы арасында екі ұғымның қолданысын айқындау үшін Ш. Құдайбердіұлы, С. Сейфуллин және тағы басқа әдебиетшілердің еңбектеріне шолу жасалды.

Адал еңбекті мұра еткен Абай секілді, қазақ халқы да адалдықты адам бойындағы ең бағалы қасиеттердің бірі деп санаған. Осы тұста «қазақ халқы үшін адалдық деген не?» сұраққа жауап табу үшін қазақ тіліндегі сөздіктерге, мақал-мәтелдерге, әдебиетшілер пікіріне және қазіргі қоғам көзқарасына көз жүгіртетін боламыз.

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» адалдық сөзінің үш мағынасы берілген: 1) ізгілік, тазалық, имандылық қасиет; 2) бір-бірімен серттескен, сүйген адамдардың өзара шынайы берілгендігі; 3) астың ішіп-жеуге жарамдылығы, тазалығы [3].

Ал Ә. Қайдар өзінің «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігінде **адал** адам деп өмірлік мүддесіне, адамгершілік міндетіне, берген уәдесіне берік, шындықты қалайтын адамды сипаттаған. Дүниеге келген адам періштедей пәк, адал болып туғанымен, адалдықты «белінен басып кетуі», бойында сақтай алмауы мүмкін [4, 27 б.].

«Арабша-қазақша түсіндірме сөздігінде» **адалдық** деген тазалық, туралық, әділдік және шындық деп сипатталған [5]. Осыдан қазақ халқы адалдықты адам ішкі дүниесінің тазалығы деп санап, адалдық қасиеттерін кіршіксіз таза ұстауға тырысқанын байқауға болады.

Мақал-мәтелдер ертеден келе жатқан, тәрбиелік мәні зор халық даналығының көрінісі болғандықтан, қазақ даналары мен көрегендері қалдырған адалдық жайлы мақал-мәтелдерді де талқылаған жөн. Мысалы, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланып отырған «Бабалар сөзі» сериясының 66-томында адалдық жайлы келесі мақал-мәтелдер бар [6]:

«Адалға – есеп, арамға – азап, сұрау бар,
Күмән болса – сақтанып жүр: бұрайды ар!»

«Адалдық үшін арыдым деме.»

«Адалдық – ерлік нышаны.»

«Адал сөзбен айтысады,

Өсек сөзбен сыбырласады.»

Арам мен адал нәрселер деп шарифат бойынша тоқтам салынған және рұқсат етілген нәрселерге қатысты айтылған. Сондықтан бірінші мақал-мәтелде күмәнді нәрсенің не адал, не арам екенін әуелі анықтап, сақтанып жүрген жөн деп ескерту айтылады [7]. Ал «адалдық үшін арыдым деме» деген мақал-мәтел адал іспен айналысып, адал нәрсені жақтасаң, шаршадым демеуге, адал іс жасадым деп мақтанбауға шақырады.

Әдебиет – қоғамның айнасы демекші, әр өмір кезеңінің шындығы да, уақыттың ізі де халықтың сөз өнерінде сақталады. Сондықтан халықтың жалпы құндылықтар жүйесі де, соның ішінде адалдық жайлы қалдырған ой-толғамдары да халықтың көркем шығармаларында өз көрінісін табады.

«Барына қанағат қыл да, адал еңбек қыл» деп өсиет етіп, бағалы ойларын қалдырған ұлы адамдардың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ақын өзінің шығармалары арқылы халықты адал іс қылуға, өз бойындағы адамгершілік қасиеттерді кірлетпеуге шақырған. «Мал жимақ» атты өлеңінде адалдық жайлы ол былай деген [8]:

«Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи,

Қазаққа көз сүзбестің қамы үшін жи.

Арың сатпа, терің сат, алалды ізде,

Ғибадат пен адалдық, ар үшін жи.»

Осы өлең жолдары арқылы ақын бақыттың негізі адалдықта екенін және парасатты тұлға болу үшін адам бойындағы асыл қасиеттердің барлығы бірлікте болуы керектігін жеткізуге тырысқан.

«Егер шындықты айта алмасақ, жазушы болып не керек, адалын айт, адалынан өлсең арманың бар ма» деген ұлы тұлға - Сәкен Сейфуллин. Ақынның көптеген өлеңдерінің басты идеясы - достыққа адалдық. Сәкеннің ең көрнекті өлеңдерінің бірі – «Сыр сандық». Ақын осы шығармасында адамның рухани дүниесін құздың басындағы сыр сандыққа балап, оны тек адал дос қана аша алатынын айтады. Адал достық пен сезім тазалығы туралы өлеңінен үзінді:

«Әр адамның ішкі сыры,
Берік қойма сақталған.
Сол қойманың бір түкпірін,
Достың досы-ақ ақтарған.»

Қазіргі қазақ қоғамындағы адалдық жайлы түсініктің бір мысалы – ҚР Азаматтық Кодексіндегі «адалдық» ұғымы. Ол адамның ар-ожданы негізінде жасалатын әрекетін білдіреді және азаматтық құқықтың бір қағидасы ретінде қолданылады. Бұл ұғымды тек азаматтық кодексте ғана емес, нормативтік құқықтық актілерде де кездестіруге болады. Осылайша, адалдық пен парасаттылықты ұстану қандай да бір құқықтық әрекет жасау кезінде әділеттілікке жеткізеді [9].

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» әділдік сөзінің екі мағынасы берілген: 1) әділ болушылық, шындық сүйгіштік, алалықтан ада болушылық, туралық; 2) әділеттік [10].

Ал Ә. Қайдар әділдікті «адам баласының ең аяулы, ең асыл қасиеті» деп сипаттаған. Оның жазуына, әділдіктің үш өлшемі бар - адамгершілік, имандылық және тазалық. Бұл жан дүниесі таза, иманды және адамгершілігі зор адам әрқашан әділдікті жақтап, дүниеге сатылмайтынын көрсетеді [4, 36-б]. Ал, керісінше, басқа бір адамға күнә тағып, өтірік айтып, оны алдау әділдікке қарама-қарсы ұғымға, яғни, әділетсіздікке жатады.

«Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі» **әділдік** сөзіне келесі анықтама берген: «Дәстүрлі құқықтық мәдениетте адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастың белгілі тәртібіне тікелей қатысты принцип, адамның қоғам алдында ғана емес, сонымен бірге қоғамның тұлға үшін де жауаптылығын көрсететін, адамдардың өмір сүру жағдайлары мен санасын білдіретін әлеуметтік-этикалық категория» [11].

Қазақ халқы арасында әділдік жайлы да мақал-мәтелдер кеңінен таралған. Мысалы, «Бабалар сөзі» жинағында мынадай мақал-мәтелдер бар: [6]:

«Әзіл айтсаң, әділ айт»
«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ»
«Әділ сөз ащы болады»
«Әділдік әкімге де, әлсізге де, әркімге де бірдей»

Кейбір адамдардың арасында елдің көңілін көтеру, күлдіру үшін қалжыңын өтірікпен араластырып, болмағанды болғандай етіп айтатындары бар. Халық «Әзіл айтсаң, әділ айт» деген мақал-мәтел арқылы қалжыңдағанда өтірікті қоспай, шындықпен ғана сөйлеуге үйретеді. Ал «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген мақал-мәтел әділдікті ту еткен билерден қалған сөздер болып табылады. Олардың ойынша, әрбір адам әділдікті ұстанбайынша, әділдік жолында күреспейінше, қоғам түзелмейді, ал ел дамымайды [4, 36 б.].

Әділдікке көркем әдебиетте де ерекше мән берілген. Әділдік жайлы жырлаған тұлғалардың бірі - Сұлтанмахмұт Торайғыров. Ақынның «Адасқан өмір» деген әділдік жайлы поэмасындағы кейіпкер бақыттың кілті байлықта емес, өз халқына қызмет етіп, оларды ақиқат пен әділдік жолына бағыттауда екенін түсінеді [8]:

«Ендеше мен жабысам негізгі іске:
Әділдікте бар негіз, бақ та, күш те,
Қарғаймын әділдіктен басқа жолды,
Өңім тұрсын, кірмесін түнде түске.»

Ақын көптеген келеңсіздіктердің негізгі себебі әділдіктің жоқтығында екенін айтып, әділдік қана адамдарды өзара таласудан, адамның көз жасынан және қан төгуден құтқара алатынына үлкен мән берген.

Әділдікті өмірлік ұстанымы еткен тағы бір биік тұлға – Ыбырай Алтынсарин. Халық пен билік арасындағы әділетсіздікті көрген ағартушы оны өз туындыларында сипаттаған. Оның «Өсиет өлеңдер» атты туындысынан үзінді [12].

«Бұзғанбыз әділдікті бұл мал үшін,
Жиясыз оны-дағы бір жан үшін.
Әзәзіл періштенің бастығы екен,
Не болды тәкәппарлық қылғаны үшін?»

Бұл өлең жолдары әділдіктің адамның діни ұстанымдарынан да жоғары екеніне меңзеп, оны маңызды рухани құндылықтар санатына жатқызады. Өмір соңында адамның материалдық байлығы емес, адами қасиеттері есепке алынады. Сондықтан әділетті адам дінді ұстанбаса да, тозаққа бармайды, ал әділетсіз адамның байлығы болса да, жұмаққа бара алмайды [13].

Қазіргі қоғамдағы әділдіктің бір көрінісі – «Құқықтық әділдік» ұғымы. Ол құқықтың басты қағидаты және мәңгілік өзгеріске ұшырамайтын ұғым деп саналады. Оның түпкі шығу-тегі - адамдардың рухани және діни сенімінде, яғни жеке адамның өз алдында әділ болуы мен ар-ожданына қайшы келетін іс жасамау ұстанымдарында. Сол себепті заман өзгерсе де, әділдік түсінігі заң мен құқық салаларында өзектілігін жоғалтқан жоқ [14]. Әділдікке талпыныс құқық пен юриспруденцияның негізінде жатыр, сондықтан кез-келген іс-әрекеттің немесе шешімнің заңға байланысты әділ қабылдануы мен қорғалуы - қазіргі қоғамның талабы [14,15].

«Адалдық» пен «әділдік» ұғымдарының басқа елдердегі мағынасы мен қолданысы қазақ танымына ұқсас немесе одан өзгеше болуы мүмкін. Демек, екі ұғым жайындағы түсінік біртұтас болуы үшін оларды орыс және ағылшын тілдері аясында зерттеп, бір-бірімен салыстырған жөн.

Орыс тілінде адалдық сөзі «верность, добросовестность, искренность, лояльность, честность» деген аудармаларға ие [16]. Осы аудармалар «адалдық» сөзі бір ғана сөзбен шектелмей, белгілікті бір жағдайға байланысты өзгеріп, мағына жағынан ұқсас болып келетін сөздермен алмастырылып қолданатынын білдіреді. Лингвистика саласына көп үлес қосқан профессор, С. И. Ожегов, бұл ұғымдарды жекелеп түсіндірген. Мысалы, сөздікте «верность» - өз міндеттеріне, қарым-қатынасына, сезіміне берік болу, табандылық көрсету, «искренность» - сезімді ашық және шынайы білдіру, «добросовестность» - өз міндеттерін адал орындау деп айтылған [17]. Осы орайда, адалдық шынайылық пен міндеттерді жауапкершілікпен орындауға байланысты. Ал «әділдік» сөзінің орыс тіліндегі аудармасы – «справедливость, честность» [16]. Бұл сөз адамның әділ және бейтарап қарым-қатынасын білдіреді [17]. Демек, екі тілдегі бұл ұғымның қатты айырмашылығы жоқ.

Орысша мақалада О.А. Белобрыкина «адалдық» ұғымының адамдардың менталитетінде пайда болуы мен дамуын әртүрлі әдебиеттер негізінде зерттеген. Оның айтуынша, «шындық», «адалдық» және «әділеттілік» ұғымдары арасында тығыз байланыс болғанымен, адамдар бұл ұғымдарды әртүрлі интерпретациялауы мүмкін. Демек, біреулер адал болуды әділдікпен теңестірсе, енді біреулер адалдықты «шындықты айту» деп түсінеді [18, 51 б.]. Ал кейде қиыншылыққа ұшыраған адамдарға көмектесу үшін өтірік айту адалдықтың белгісі, әділдіктің маңызды факторы деп саналады және бұл феномен «моральдық (альтруистік) өтірік» деп аталады [18, 51 б.]. Нәтижесінде, мағына жағынан ұғымдар жақын болып келгенімен, қоғамда олардың бір-бірін толықтырып тұруын немесе өзара алмасуын байқауға болады. Орыс тіліндегі келесі мақал-мәтелдерден орыс қоғамында әділдік пен шынайылық жоғары бағаланатынын көреміз:

- «Где справедливость, там и правда»
- Әділдік бар жерде, шындық та бар
- «Несправедливость человека поражает его самого»
- Адамның әділетсіздігі өзіне кері әсерін береді
- «Не тот прав, кто сильный, а тот, кто честный»
- Мықтының емес, шыншылдың ісі дұрыс

Ағылшын тіліндегі Merriam-Webster түсіндірме сөздігіндегі үш ұғымға назар аударуға болады. Олар – «justice», «loyalty» және «sincerity». Біріншіден, «justice» әділдік деген мағына береді. Бұл сөз «қарама-қайшы талаптарды бейтарап түзету немесе лайықты жаза/марапаттау тағайындау арқылы әділ болып келетін нәрселерді қолдау немесе басқару» деп түсіндіріледі [19]. Екіншіден, заңды егемендікке немесе үкіметке, патшаға, жақын адамға, мақсатқа, идеалға, әдет-ғұрыпқа, мекемеге және басқа да ұғымдарға адал болуды «loyal» деп айтады [19]. Ал екіншілік танытпай, шындықты айту қасиетін «sincerity», яғни шынайылық деген ұғыммен байланыстырады.

Сонымен қатар, бұл ұғымдар күнделікті өмірде қолданыс табатын идиомаларда да, академиялық маңызы бар оқулықтарда да кездеседі. Ева Так және К. Уэйн Ян «Toward What Justice?» (Қандай әділдік үшін?) деген кітапта әділдіктің әртүрлі салаларда алатын орны мен мағыналық анықтамасын қарастырады. Ең алдымен, авторлар көптеген елдерге ортақ әділдік түсінігіне тоқталды. Олардың пайымдауынша, мемлекеттік әділдіктің ең танымал нышаны - қолында таразысы бар, әділдіктің «соқыр» немесе «объективті» екенін жеткізу үшін көзі байланған ежелгі грек мифологиясының шындық құдайы – Дике. Бұл символдың басты мағынасы – сот төрелігі бәсекелес мүдделердің тепе-теңдігін, заңның үстемдік күшін, тәртіптің сақталуын, мемлекеттік билікке жүгіну тәжірибесін қолдайтын дүниетаным.

Осы тұста, әділдік тек саяси шеңберде қолданылатын ұғым емес, оның басқа да түрлері бар деп айтылған. Оның ішінде – әлеуметтік, нәсілдік және климаттық әділдік. Демек, авторлар әділдікті кең ауқымды ұғым ретінде қабылдап, оның өте маңызды әрі қиын тұстары бар екенін айқындайды [20]. Осы еңбек ағылшын тілді ортада әділдік сөзінің бірнеше ғасырлар бойы қолданыста болуын және қазіргі заман сипатына қарай модификацияланып жатқанын көрсетеді.

Өмірлік жағдайларда адал, сенімді, бір нәрсеге жанымен берілген адамды сипаттау үшін «true blue» идиомасы қолданылады. Бұл идиоманың тура аудармасы тақырыпқа қатысты болмағанымен, адамдардың менталитетінде адалдықтың синонимі ретінде қабылданады. Сондай-ақ, «lip service» идиомасы жалған шынайылық пен адалдық танытатын адамдардың әрекетін сипаттайды. Бұл ауызбен айттылып, бірақ шын мәнінде жүзеге аспайтын істі білдіреді. Ал «stand by someone» идиомасы бір адамның ұстанымына қолдау көрсетіп, оған адал болуды меңзейді.

Қазақ, орыс және ағылшынтілді қоғамда қалыптасқан адалдық пен әділдік жайлы түсініктерді қарастыра, ойымызды түйіндейтін келесідей тұжырымдар жасадық:

1. Қазақтілді дереккөздерде «адалдық» ұғымы көбінесе келесідей сипатталады: тазалық, туралық, адамгершілік міндетіне, сана-сезіміне, берген уәдесіне беріктік, азаматтық құқық қағидасы.

2. «Әділдік» ұғымының келесі сипаттамалары бар: әділеттік, шындық сүйгіштік, адамгершілік, қоғам алдында жауапкершілік, тазалық, бейбітшілік пен бірліктің, ақиқат пен құқықтың негізі.

3. Үштілді сөздіктерде адалдық пен әділдік мағына жағынан ұқсас болып келеді және анықтамаларда туралық, әділдік, шындық және табандылық деген сөздермен жиі анықталады.

4. Қазақ тіліндегі «адалдық» сөзі нақты жағдайда бір мағынаға ие болса, орыс тілінде бұл ұғым контекстіге байланысты бірнеше сөзбен алмастырылады. Мысалы, адамның біреуге адалдығы – «верность», адамның өз міндеттеріне адалдығы – «добросовестность». Осы тұста қазақ тіліне тән көпмағыналылықты байқауға болады.

5. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер мен әдебиеттерде «адалдық» пен «әділдікке» ерекше көңіл бөлінеді. Соған қоса, мақал-мәтелдердің орыс және ағылшын тілдеріндегі аналогтарын табу қиын.

Зерттеу жұмысында қазақ танымындағы адалдық пен әділдік ұғымдары зерттеу нысанына алынып, қазақ тіліндегі сөздіктер, мақал-мәтелдер, әдебиетшілер пікірі және қазіргі қоғам көзқарасы қарастырылды. Нәтижесінде, қазақ халқы үшін «адалдық» сөзінің қолданылу аясы әртүрлі болғанына қарамастан, бұл ұғым әрқашан тазалықты, пәктікті, зиянсыздық пен шынайылықты білдіреді. Ал «әділдік» - қазақтар үшін ақиқат пен шындықты жақтау, ар-ұжданы таза болу мен қоғам алдындағы жауапкершілікті орындау. Осылайша, қазақ халқы адалдық пен әділдікті маңызды адами қасиеттер мен тұлғаның болашақ өмірін анықтаушы факторлар ретінде сипаттайды. Орыс және ағылшын тілдерін қолданатын қоғамда да бұл екі ұғым жоғары адами құндылықтар санатына жатады және мағынасы қазақ танымына ұқсас болып келеді. Алайда қазақ қоғамына қарағанда, бұл екі ұғым орыс тілінде басқаларымен алмастырылып қолданса, ағылшын тілінде көбінесе идиомаларда көрініс табады.

Тілдік деректер мен көркем әдебиет туындыларын талдау арқылы зерттеу жұмысының тақырыбын кең көлемді жұмысқа дейін дамытуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Целищев Н. «Язык и этнос». Palmarium Academic Publishing. 2013; С. 4-17.
2. Тер-Минасова С. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Астана, Ұлттық аударма бюросы, 2018.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. / Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
4. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. I том. Адам. – Алматы, 2009. - 784 б.
5. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Қазақ тіліндегі араб сөздері / Н.Д. Оңдасынов. 1-том. – Алматы: «Білім», 2010. – 167 б.
6. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2010. 66-том: Қазақ мақал-мәтелдері. – 408 бет.
7. Баласағұни Й. Құтадғу білік: Құт әкелетін білім. – Астана, «Ғылым» баспасы, 2015. – 576 бет.
8. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі. «Адалдық сағаты». 2021. <https://www.youtube.com/playlist?list>
9. Кудиярова Ұ. Е. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексіндегі адалдық, парасаттылық, әділеттілік қағидаттарын түсіндіру туралы мәселеге орай – ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институтының жаршысы, 2020. <https://cyberleninka.ru/article/n/aza-stan-respublikasyny-azamatty-kodeksindegi-adaldy-parasattyly-dilettilik-a-idattaryn-t-sindiru-turaly-m-selege-oray/viewer>

10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том / Құраст.: Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
11. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2007. – 344 б.
12. Әсиет өлеңдер. - Bilim-All, 2015. <https://bilim-all.kz/olen/2041-Osiet-olender>
13. Шакизада А. Б., Сәлменова М. М., Жанатаев Д. Ж. Ыбырай Алтынсариннің өлеңдерінің тәрбиелік мәні. <https://bilimger.kz/114046/>.
14. Телеуова Э.Т., Иманбаева С.С. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы «құқықтық әділдік» тұжырымы. - Алматы: Хабаршы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар», 2021. <https://bulletin-histsocpolit.kaznu.kz/index.php/ped/article/view/125/121>.
15. Худайбергенов Н. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар. - Алматы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2020. Диссертация Худайбергенов Н.Д. pdf (kaznu.kz)
16. Бектаев К. Большой казахско-русский русско-казахский словарь. – Мемлекеттік тілді дамытудың қазақстандық жобасы, 1995. – 697 б. <https://altaica.ru/LIBRARY/turks.pdf>
17. Ожегов С. И., Шведова Н. Ю. Толковый словарь русского языка. – АЗБ, 1992.
18. Белобрыкина О.А. Категория «честность» как социально-психологический феномен: краткий очерк историогенеза научных и общественных представлений о содержании понятия. – Новосибирск: «Вестник по педагогике и психологии Южной Сибири» ғылыми журналы, 2018. <http://bulletinpp.esrae.ru/pdf/2018/3/1204.pdf>
19. Merriam-Webster. – Спрингфилд, 2022.
20. Так Е., Ян К.У. Toward What Justice? – Нью-Йорк: Taylor & Francis, 2018.
21. Богиня Дике. Древнегреческая богиня справедливости. – AutoGear <https://autogear.ru/article/348/050/>

Л.К. ТОГЖАНОВА,

Кандидат педагогических наук

Международный университет информационных технологий

Ш.А. ТАЖИБАЕВА

Кандидат филологических наук

Казахский национальный женский педагогический университет

Алматы, Казахстан

РАЗВИТИЕ ЯЗЫКОВОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНТОВ ТЕХНИЧЕСКОГО ПРОФИЛЯ

Аңдатпа. IT мамандарына қойылатын заманауи талаптар тек техникалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар тіл мәдениетінің жоғары деңгейін де қамтиды. Бұл мақалада жоғары оқу орындарында IT мамандықтарының студенттерінде тілдік дағдыларды дамытудың маңыздылығы қарастырылады. Тіл мәдениетінің кәсіби дамуға, табысты оқытуға және кәсіби қоғамдастықтағы өзара әрекеттесуге әсеріне назар аударылады.

Тірек сөздер: тіл мәдениеті, IT мамандары, кәсіби қарым-қатынас, оқыту, техникалық құжаттама, кәсіби даму, кәсіби қоғамдастық.

Аннотация. Современные требования к IT-специалистам включают не только технические навыки, но и высокий уровень языковой культуры. Эта статья рассматривает важность развития языковых навыков у студентов IT-специальностей в высших учебных заведениях. Основное внимание уделяется влиянию языковой культуры на профессиональное развитие, успешное обучение и взаимодействие в профессиональном сообществе.

Ключевые слова: Языковая культура, IT-специалисты, профессиональное общение, обучение, техническая документация, профессиональное развитие, профессиональное сообщество.

Abstract. Modern requirements for IT specialists include not only technical skills, but also a high level of language culture. This article examines the importance of developing language skills among students of IT specialties in higher educational institutions. The main attention is paid to the influence of language culture on professional development, successful training and interaction in the professional community.

Keywords: Language culture, IT specialists, professional communication, training, technical documentation, professional development, professional community.

В современном информационном обществе, где высокотехнологичные решения проникают в различные сферы деятельности, студенты технических вузов, особенно те, кто стремится к профессиональному росту в области информационных технологий (ИТ), сталкиваются с необходимостью усвоения не только технических навыков, но и высокого уровня языковой культуры. Однако, наряду с техническими аспектами, важно осознать, что умение грамотно и эффективно общаться, адекватно толковать профессиональные термины и адаптировать свою речь под различные аудитории являются ключевыми компонентами успешной карьеры ИТ-специалиста.

С каждым годом отрасль информационных технологий увеличивает свою значимость, затрагивая все большее количество аспектов нашей повседневной жизни. Соответственно, растет и потребность в высококвалифицированных ИТ-специалистах, способных эффективно разрабатывать, внедрять и поддерживать инновационные технологические решения. В этом контексте развитие языковой культуры студентов ИТ-специальностей приобретает первостепенное значение.

Профессиональное общение в ИТ-сфере чрезвычайно разнообразно и динамично: от командной разработки программного обеспечения до взаимодействия с заказчиками и участием в международных проектах. Каждый из этих аспектов требует от ИТ-специалистов уверенного владения языковыми навыками для эффективного обмена информацией и успешного взаимодействия в профессиональном окружении.

Цель данной статьи состоит в анализе и выявлении влияния развития языковой культуры на формирование качественного профессионального профиля студента ИТ-специальности. Мы поставили перед собой задачи:

- Рассмотреть понятие языковой культуры в контексте ИТ-сферы.
- Проанализировать важность уровня языковой культуры для успешного обучения и профессиональной деятельности в области информационных технологий.
- Исследовать специфические аспекты языковой культуры, необходимые для эффективного функционирования ИТ-специалистов в профессиональной среде.
- Предложить практические рекомендации по развитию языковых навыков у студентов ИТ-специальностей.

Языковая культура в современной информационно-технологической (ИТ) сфере охватывает комплекс навыков и знаний, позволяющих эффективно общаться и взаимодействовать в профессиональном сообществе. Это включает не только грамотное и точное изложение идей, но и глубокое понимание специфической терминологии, применяемой в ИТ-технологиях. Языковая культура также включает умение адаптировать стиль коммуникации под разные аудитории, будь то коллеги, заказчики, пользователи или другие участники проектов.

В ИТ-сфере, где основным инструментом профессиональной коммуникации является язык программирования и техническая документация, языковая культура включает в себя умение правильно формулировать комментарии, документировать код и разрабатывать технические спецификации.

Языковые навыки имеют существенное влияние на профессиональный успех в ИТ-индустрии. Владение несколькими языками программирования, в том числе иностранными, расширяет возможности участия в международных проектах и обогащает опыт взаимодействия с зарубежными специалистами. Знание терминологии на английском языке, который является международным стандартом в ИТ, становится неотъемлемым для успешного взаимодействия в профессиональном сообществе.

Языковая грамотность оказывает прямое влияние на качество технической документации, комментариев к коду и отчетов о проектах. Правильное и ясное изложение мыслей имеет важное значение при обсуждении архитектурных решений, разработке интерфейсов и представлении проектов перед заказчиками. Эффективное коммуникативное взаимодействие способствует установлению доверия, ускоряет процесс разработки и повышает профессиональную репутацию, что в конечном итоге способствует успеху в карьере ИТ-специалиста.

В целом, языковая культура является неотъемлемой составляющей успеха и профессионального роста в индустрии информационных технологий. Она обогащает профессиональное общение, способствует расширению горизонтов и повышению конкурентоспособности в мире технологий. Следовательно, развитие языковой культуры студентов ИТ-вузов является важным аспектом формирования успешных и востребованных специалистов.

Языковая культура в IT-сфере представляет собой сложный многоуровневый инструмент, который включает в себя не только знание грамматических правил, но и специфические навыки, связанные с профессиональной деятельностью. В данной части статьи мы рассмотрим ключевые аспекты языковой культуры, наиболее значимые для IT-специалистов.

Грамотное выражение мыслей является основополагающим аспектом языковой культуры. Это включает в себя умение выбирать точные и подходящие слова, конструировать грамматически правильные предложения и структурировать тексты. Для IT-специалистов это крайне важно, поскольку четкое и ясное изложение идей является необходимым условием при создании технической документации, общении с коллегами и представлении проектов заказчикам.

Кроме того, грамотное устное выражение мыслей важно для эффективного общения в команде, ведения переговоров с заказчиками, участия в совещаниях и конференциях. Хорошо сформулированные аргументы и умение четко и логично излагать свои идеи помогают убеждать и влиять на принятие важных решений в профессиональной среде.

Технический перевод и работа с документацией – это навыки, без которых невозможно представить успешную профессиональную деятельность в IT-сфере. Зачастую разработчики и инженеры сталкиваются с технической документацией на английском или других иностранных языках. Понимание и перевод технических терминов, инструкций, спецификаций и описаний продуктов на правильный и понятный язык для всех участников проекта – важная задача IT-специалиста.

Эффективная работа с документацией включает не только перевод, но и создание технических документов, требований и спецификаций. Умение ясно и последовательно излагать информацию в документах помогает улучшить коммуникацию внутри команды разработки, облегчить процесс сопровождения и обслуживания продуктов.

Сфера информационных технологий богата специальной терминологией, которая является уникальной для IT-сферы. IT-специалисты должны быть знакомы с профессиональными терминами, техническими сокращениями и специфическими выражениями, используемыми в различных областях IT. Это включает в себя термины в области программирования, баз данных, сетей, кибербезопасности, искусственного интеллекта и многие другие.

Понимание и правильное использование профессиональной терминологии позволяет IT-специалистам эффективно общаться, избегая недоразумений и ошибок, связанных с неправильным трактованием терминов. Точное и однозначное использование профессиональных терминов обогащает языковую культуру и способствует профессиональному росту.

IT-сфера представляет собой международное профессиональное сообщество с разнообразными культурными особенностями. Взаимодействие с коллегами, заказчиками и партнерами из разных стран требует уважения к культурным нормам и различиям. Это включает понимание культурных нюансов в общении, таких как различия в уровне формальности, особенности профессионального этикета, восприятие времени и т.д.

Способность адаптироваться к культурным особенностям является ключевым навыком для успешного взаимодействия в международной среде IT. Понимание и уважение культурных различий способствует построению плодотворного сотрудничества, повышает эффективность командной работы и создает основу для успешного развития проектов на глобальном уровне.

Итак, развитие указанных аспектов языковой культуры важно для формирования квалифицированных IT-специалистов. Они являются неотъемлемой частью профессиональной подготовки и способствуют улучшению профессиональной эффективности и конкурентоспособности в динамичной сфере информационных технологий.

Языковая культура играет важнейшую роль в учебном процессе студентов IT-специальностей. Умение четко и точно выражать свои мысли на письме и устно является предпосылкой успешного усвоения профессионального материала. В ходе изучения технических дисциплин студенты сталкиваются с большим количеством сложных терминов, концепций и алгоритмов. Грамотное усвоение и понимание этого материала чрезвычайно зависит от их языковых навыков.

Преподаватели ставят перед студентами задачи, требующие анализа, аргументации, формулирования выводов. Не менее важно умение четко и лаконично излагать свои идеи в процессе устного общения, например, во время семинаров, дискуссий или публичных выступлений. Качественное владение языком способствует эффективному обучению и формированию умений критического мышления.

Языковая подготовка для академического и профессионального общения представляет собой специфический аспект языковой культуры студентов IT-специальностей. Специализированный язык, исполь-

зуемый в IT-сфере, имеет свои особенности: большое количество терминов и сокращений, грамматическая точность, четкость структуры сообщений. Овладение этими аспектами языка позволяет студентам успешно участвовать в учебном процессе и в дальнейшем в профессиональной деятельности.

Современные учебные программы включают в себя специальные курсы по языковой подготовке, ориентированные на потребности IT-специалистов. Эти курсы включают изучение профессиональной терминологии, особенностей технических текстов, анализа и создания технических документов, адаптированных к требованиям профессиональной среды.

Взаимосвязь между уровнем языковых навыков и успеваемостью студентов важна и многопланова. Способность четко и понятно излагать свои мысли на учебных занятиях, писать научные работы и отчеты, участвовать в устных дискуссиях сказывается на их оценках. Студенты с более развитыми языковыми навыками чаще демонстрируют более высокий уровень успеваемости.

Более того, знание профессиональной терминологии и умение грамотно оформлять технические документы оказывает существенное влияние на качество выполнения практических заданий и проектов. Языковые навыки, таким образом, непосредственно связаны с успешным освоением учебного материала и его практическим применением.

Таким образом, развитие языковой культуры является неотъемлемой частью образования IT-специалистов. Уровень языковых навыков влияет на их успеваемость, способность эффективно общаться и взаимодействовать в профессиональной среде. Поэтому специализированное обучение языковым аспектам, в том числе их адаптация к особенностям IT-сферы, является ключевым элементом формирования компетентных и востребованных IT-специалистов.

Один из наиболее эффективных способов развития языковой культуры у студентов IT-специальностей – прохождение профессиональных курсов и тренингов. Эти курсы охватывают широкий спектр аспектов языка, связанных с IT-сферой: от основ технической терминологии до специфических навыков написания технических документов, комментариев к коду и т.д. Профессиональные тренинги помогают студентам освоить навыки, которые будут востребованы в их будущей профессиональной деятельности.

Учитывая международный характер IT-индустрии, важно уделить особое внимание развитию языковых навыков на английском языке. Специальные курсы английского языка для IT-специалистов ориентированы на изучение профессиональной терминологии, развитие умений понимать и составлять технические тексты, адаптированные к международному профессиональному общению. Это позволяет студентам эффективно общаться с коллегами из других стран, работать над международными проектами и продвигаться в мировом IT-сообществе.

Чтение профессиональной литературы и активное участие в профессиональных сообществах являются ещё одним способом развития языковой культуры. Студенты могут изучать книги, статьи, блоги и другие материалы, посвященные IT-сфере. Это помогает им ознакомиться с профессиональной терминологией, структурой технических текстов и спецификой языка.

Участие в профессиональных сообществах дает возможность общаться с опытными IT-специалистами, обмениваться знаниями и опытом. Активное общение в профессиональной среде способствует развитию языковых навыков, так как взаимодействие с опытными специалистами требует уверенного владения профессиональной терминологией.

Современные технологии предлагают богатый выбор онлайн-ресурсов, специально созданных для развития языковой культуры IT-специалистов. Это могут быть онлайн-курсы, видеоуроки, вебинары, электронные книги и специализированные образовательные платформы. Использование этих ресурсов позволяет студентам самостоятельно учиться, подбирать материалы в соответствии с своим уровнем знаний и потребностями.

Использование технологий также позволяет студентам учиться в интерактивном режиме, применяя новые знания на практике. Это способствует эффективному усвоению материала и развитию навыков языковой культуры.

Таким образом, разнообразные способы развития языковой культуры у студентов IT-специальностей включают профессиональные курсы, специальные языковые курсы, чтение профессиональной литературы, участие в профессиональных сообществах и активное использование онлайн-ресурсов и технологий. Эти методы обогащают языковой опыт студентов, делая их более успешными и востребованными специалистами в IT-сфере.

В данной статье мы осветили важную тему развития языковой культуры студентов IT-вузов. Языковая культура представляет собой не только грамматическую правильность и богатство словарного

запаса, но и умение адаптировать язык к конкретной профессиональной области. Для IT-специалистов это особенно актуально, учитывая быстрый темп развития технологий и глобализацию отрасли.

Сегодняшний мир IT стремительно развивается, и профессиональное сообщество переходит на общепринятый английский язык. Владение им становится просто необходимым для успешной карьеры. Не менее важно умение четко и лаконично излагать свои мысли как устно, так и письменно. Эффективное коммуникативное взаимодействие с коллегами, заказчиками и партнерами – залог успешного проекта и высокой оценки в профессиональном сообществе.

Разнообразные способы развития языковой культуры, представленные в статье, включают в себя как традиционные методы (профессиональные курсы, чтение профессиональной литературы), так и современные инновационные подходы (специальные онлайн-курсы, использование образовательных платформ). Они способны существенно улучшить уровень владения языком и сделать обучение более интересным и эффективным.

Нельзя недооценивать значимость языковой культуры для будущих IT-специалистов. Это не просто навык, это инструмент, позволяющий успешно взаимодействовать в многонациональной профессиональной среде, быстро адаптироваться к изменениям и достигать успеха в своей карьере. Призываем активно усиливать учебные программы, уделяя больше внимания развитию языковых навыков, адаптированных к специфике IT-сферы. Это инвестиции в будущее, в будущее профессиональное сообщество, в котором культура общения играет огромную роль.

Итак, развитие языковой культуры у студентов IT-вузов необходимо для их успешного становления в профессиональном сообществе. Это ключевой фактор, который обогатит их профессиональные навыки, усилит конкурентоспособность на рынке труда и позволит быть востребованными в международной IT-среде. Учимся, развиваемся, общаемся – и будущее IT-индустрии станет ярче и насыщеннее.

Список литературы:

1. Британский Совет. (2019). English for IT Professionals. Retrieved from <https://learnenglish.britishcouncil.org/skills/speaking/professional-language-for-it>.
2. Eckstein, J. (2008). Java Coding Guidelines: 75 Recommendations for Reliable and Secure Programs. Addison-Wesley Professional.
3. Microsoft. (2023). Microsoft Learning Paths: Develop the Skills You Need. Retrieved from <https://docs.microsoft.com/en-us/learn/>.
4. Столяр, А. (2017). Английский язык для IT-специалистов: учебное пособие. БХВ-Петербург.
5. Страуструп, Б. (2013). Programming: Principles and Practice Using C++. Addison-Wesley Professional.

Н. АМАНТАЕВА

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
2-курс магистранты
Ақтөбе, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ АУДАРМАДАҒЫ КӨРІНІСІ (Т. АХТАНОВ «ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН» РОМАНЫ БОЙЫНША)

Аңдатпа. Зерттеу мақалада Т. Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романындағы түр-түс атауларының аудармада берілуі қарастырылған. Көркем шығармадағы түр-түс атауларының қолданыс табуы халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, тіл байлығын танытады. Зерттеу мақалада Н. Аитова, С. Керімова, Ж. Таласпаева мен Ж. Қадыров, К. Елібаева, Е. Tazegul, L. Nakhanova, С. Айтқазы пікірлері негізге алынды. Көркем туындыдағы қара, шаңқай, сары түстерінің семантикалық, лингвотанымдық, символикалық сипаттары анықталып, аудармада берілуі қарастырылды.

Тірек сөздер: Түр-түс атаулары, аударма, лингвомәдениеттану, этномәдени дүниетаным, таным.

Аннотация. В исследовательской статье в романе Т. Ахтанова «Свет очага» в переводе даны названия персонажей и цвета. Использование названий видов и цветов в произведениях искусства показывает образ жизни, обычаи и языковое богатство нашего народа. В научной статье за основу были взяты мнения Н. Аитова, С. Керимова, Ж. Таласпаева и Ж. Кадыров, К. Элибаева, Э. Тазегуль, Л. Наханова,

С. Айтказы. Определены и приведены в переводе смысловые, лингвокогнитивные и символические характеристики черного, синего и желтого цветов в художественном произведении.

Ключевые слова: Цветоназвания, перевод, лингвокультурология, этнокультурная картина мира, знания.

Annotation. In the research article by T. Akhtanov's novel «The Light of the Hearth,» the names of the characters and colors are given in translation. The use of species and color names in works of art shows the lifestyle, customs and linguistic richness of our people. In the scientific article by N. Aitov, S. Kerimov, Zh. Talaspaev and Zh. Kadyrov, K. Elibaeva, E. Tazegul, L. Nakhanova, S. Aitkazy's opinions were taken as a basis. The semantic, linguocognitive and symbolic characteristics of black, blue and yellow colors in a work of art are determined and translated.

Keywords: Color names, translation, linguoculturology, ethnocultural picture of the world, knowledge.

Шығармашылық үрдіс ретінде аударма көркемдік дәлдікке, сәйкестікке жеткізудің жетістігі ретінде саналады. Осы негізден аударма ұлт пен ұлтты, мәдениет пен мәдениетті жақындастырудың басты рухани құралы ретінде көрінеді. Аудармадағы түр-түс атаулары халық танымындағы қалыптасқан ақпараттардың жеткізілуі, халқымыздың тұрмысындағы түйген, санадағы қалыптасқан негізгі ұғымдар екенін анықтаймыз.

Түр-түс мәселесін қарастырған Ж. Андре, Г. Херне, П. Кей, Б. Уорф, Э. Сепир және Ә. Қайдаров, Қ. Қайырбаев, Ұ Серікқалиева, Н. Аитова, Б. Тілеубердиев сынды ғалымдар.

Халықтық сана-сезім, салт-дәстүр, мәдени тұрмыс тарихын бейнелейтін түр-түстерді оқып танымайынша, тіл байлығын, тіл ерекшелігін толық түсіну мүмкін емес. Халықаралық және тіларалық қатынастар дамыған осы кезеңде шетел тілін ана тілімізбен салғастыра зерттеу тіл білімінің әрбір саласы оның ішінде аударматану үшін маңызы зор [1, 138 б.] Н. Аитова түр-түс атауларын былай анықтайды: «Түр-түс атаулары – ортақ, ұқсас белгілердің негізінде бір затты екінші затпен салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің көркемдік, эмоционалды-экспрессивтік, бейнелілік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа поэтикалық қырынан таныстыратын әрі таным құралы, әрі стильдік тәсіл» [2, 131 б.] Осылайша, түр-түс атауларының халық тұрмысымен, тіршілігімен, танымымен тығыз байланысты екенін көреміз.

Ұлттық-мәдени өзгешелік, әсіресе қарама-қарсы сипатталған түс символикасында аса айқын көрініс табады. Мысалы, қазақ халқының түр-түс символикасында ассоциативті өрісі кеңінен тараған екі түс – ақ және қара басым. Көп мағыналы ақ эпитеті әртүрлі мәнмәтіндерде тазалық пен пәктік, мінсіз сезімдер, сұлулық, адалдық пен әділдік, сонымен қатар, сүттен жасалған ұлттық тағамдардың молшылығына сәйкес ассоциацияларды тудырады. Аталмыш эпитет фольклорлық және көркем шығармалардағы кейіпкерлердің, ұлттық әндер мен өлеңдердің, жер-су атауларында жиі кездеседі [3, 334 б.] деген зерттеуші С. Керімова түр-түс атауларының лингвомәдениеттанудағы эмоционалды концептілер жайында ақпарат беретінін айтады.

Зерттеушілер Ж. Таласпаева мен Ж. Қадыров түр-түс атаулары жөнінде былай дейді: «Түр-түс атаулары, түр-түс символикасы – әрбір халықтың өзіндік феноменін танытатын күрделі құбылыс. Осыған байланысты қазіргі кезде жедел даму үстіндегі тілдердің қолданылуының когнитивті және прагматикалық аспектілерінің зерттелуінің аясында түр-түс атаулары да жиі қарастырылып келеді. Өйткені түр-түс атауларының лингвистикасы «тіл және ойлау», «тіл және қоғам», «әлемнің тілдік бейнесі» сияқты іргелі мәселелердің жаңа қырларын таныта алады. Сонымен қатар түр-түс атаулары мәдениетаралық коммуникацияда да ерекше маңызға ие. Түр-түс атаулары этномәдени жағынан барынша байлаулы (маркерлі). Түр-түс атаулары – мәдениеттің жемісі, әрі мәдениетті жасайтын фактор; ұлттық мәдениетті танып-білудің негізгі құралы» [4, 101 б.]. Осылайша, түр-түс атауларының этномәдени дүниетаныммен тығыз байланысты екенін көреміз.

К. Елибаева зерттеулерінде қазақ халқының ұлттық дүниетанымы қоршаған ортамен, табиғатпен тығыз байланысты екенін айтады. Осылайша, халқымыз өзінің эмоционалды жағдайын, эстетикалық дүниетанымын түстер арқылы танытқан. Қоршаған орта, материалды мәдениеттің белгілері, киім, құрал, салт пен дәстүр, рухани мәдениетпен байланысты түстер әлемінің этномәдени мәні барын көреміз [5, 61 б.]. Ә. Марғұлан қазақ танымындағы түстер символикасы жайында былай дейді, яғни көк түс – көк аспанның, аспанға табынудың символы; қызыл түс – от пен күннің белгісі; ақ – шындық пен қуаныштың, бақыттың символы; сары – ақылдың; қара – жер; жасыл – көктемнің, жастықтың белгісі [6, 87 б.]. Осы негізден халқымыздың кеңістіктегі горизонталь формасы негізінде шығыс – көк, оңтүстік – қызыл, солтүстік – қара, шығыс – ақ түс ретінде танылуы күн қозғалысына сай қалыптасқан.

Көркем аудармаға тоқталатын болсақ аудармадағы баламалылық ұғымына тоқталамыз. Аударма ұлтты таныстырудың негізгі құралы деп анықталатындықтан аударылатын шығармада ұлтқа тән ерекшеліктер, салт пен сана, әдет пен ғұрып, мәдениет толық мағынасында жеткізілуі керек. Десе де, көркем мәтіннің негізінде жазушының шығармашылық әлемі, ұлттық көзқарасы, әдеби дәстүр көрінетіндіктен, аударма барысында қиындық туындатады. Осы негізден аударма мәтіні түпнұсқамен сәйкес келмейді. Зерттеуші Я.И.Рецкер тіларалық қарым-қатынаста аудармадағы «баламалық» немесе «эквиваленттілік» терминіне тоқталады. Зерттеушінің пікірінше, контекстке тәуелді болмайтын тең мағынадағы сәйкестік деп анықтайды. Сонымен бірге эквиваленттіліктің төрт түрлін анықтайды: «толық балама – бір мағыналы сөздің мағынасын толық жеткізетін балама, жартылай балама – аударылатын тілде түпнұсқа тілдің бірегей баламасы да, абсолютті балама – аударылатын тілдегі сөз түпнұсқа тілдегі сөзге мағыналық жағынан да, грамматикалық құрылымы жағынан да сәйкес балама, қатыстық балама – түпнұсқа тілі сөзінің жалпы мағынасын беретін, бірақ оның стильдік жағынан мағынасын толық ашпайтын балама деп пікір қалдырған болатын». Шығармада кездесетін реалий сөздер, түр-түс атаулары, лингвомәдени бірліктердің аудармалары эквиваленттілік арқылы жүзеге асатынын да атап өтеді [7, 51 б.]. Осы негізден «Шырағың сөнбесін» шығармасында қаламгердің ұлттық танымды, ұлттық суретін түр-түс атаулары арқылы танытқандықтан аудармада эквиваленттілік арқылы анықталады.

Шығарманың Нәзираның түсінен басталады. «Қара дауылда дүрліге шапқан қалың жылқының шошынып шыңғыра кісінеген даусы келеді құлағыма». «Жылқыларды анық көре алмаймын, жүн қаптап қойғандай қою күңгірт, қара қожалақ аспанның реңкінде едірейген құлақтары мен төгіліп толқып баратқан жал құйрықтарының бедерін ғана аңғарамын» [8, 7 б.]. Қаламгер түсіндегі қара дауыл, қара қожалақ аспан тіркестері арқылы Екінші дүниежүзілік соғыстың таяп қалғанын аңғартады. Орысша аудармада: «Я не могу разглядеть лошадей, лишь рвущаяся, мелькающая полоса движется на фоне сумрачного неба» [9, 202 б.]. Қара қожалақ аспан – сумрачное небо деп аударылған. Қара түс қараңғылықты, жамандықты білдіретіндіктен «сумрачная» деп баламалы түрде аударылған.

Қара түс ежелгі түркі топонимдерде ұшырасады. Бұл жөнінде Е. Tazegul, L. Nakhanova зерттеу мақаласында айтылады [10, 62 б.]. Тоныкөк пен Күлтегін ескерткіштерінде Қара көл, Қаракқұм атаулары кездеседі. Қара түс физикалық мағынасында түс ретінде анықталады, метафоралық мағыналарында «қараңғы», «бақытсыздық», «қорқынышты», «жаман», «трагедиялық» түрік, құмық тілдерінде осындай мағыналарын береді. Қазақ тілінде қара сөзі «халық», «тобыр» мағынасын берсе, гагауз тілінде «ұлы», «әйгілі», «билеуші», «қатал» дегенді білдіреді. Қара сөзінің бес түрлі мағынасы бар:

- Үлкен, ірі мағыналарын береді: қара мал – ірі мал;
- Ұлы, беделді мағынасын білдіреді;
- Күшті мағынасында;
- Мөлдір, таза мағынасын білдіреді. Қара су – таза су;
- Жер мағынасында: қара жер;
- Түркі танымында бағытты анықтаудың түс арқылы кодтау жүзеге асқан. Қара түс Дешті Қыпшақ даласының бағытын көрсеткен;
- Бүркіт мағынасында: қара құс [10, 62 б.].

«Сол күннің өзі де толысып піскен жемістей толықсып тұрғанды. Шаңқай түске қарай көтерілген күн ыстық аптабымен күйдірмей, қалың ағашқа, жайқалған көк шалғынға, құйқалы топыраққа мол қызуын сіңіріп балқытып келеді» [8, 19 б.]. «Почему-то помню себя на опальной лесной поляне. Воздух был таким грустным, медовым, таким синим купольное небо, что в памяти моей этот день остался похожим на полновесный плод, излучающий какую-то особую радость вызревания. Солнце не калило землю, не давило зноем, а одним воздушным сиянием своим охватывало грузные кроны деревьев, свежо горела трава, мягкая теплынь обволакивала все мое тело» [9, 215 б.]. Шаңқай түс сөзінің түрлі мағынасы бар. Көлеңкенің әбден қысқарған, тал түс кезін айтады. Дегенмен, шаңқай сөзінің айналаның аппақ болып, жарқырап кеткенін білдіреді. Аудармада воздушная сияния делінеді. Аудармадағы басты принциптердің бірі – эквиваленттілік. Түпнұсқаға жақын аударылуы маңызды. «Шаңқай түс» орысша да аудармада эквивалентті аударылған.

«Қасымбекке ақтарыла құлап, ғашық болған еш нәрсем жоқ сияқты еді, былай жақсы таныстық, бөтен көрмедім, ол кетерден бұрын сөз салғанда ойланатын да едім, енді біреу айдағандай... оның сөз салғанын сарғая тосқаныма қайранмын» [8, 37 б.]. Осы үзіндідегі «сарғая» сөзінің бастапқы формасы «сары» түсімен байланысты. Сары түсінің қалыптасуы сағынышпен, сарғаяу, сары жамбас болу, сарыла күту ұғымдарымен байланысты. Десе де, зерттеуші С. Айтқазы «сары» түсіне қатысты мынадай семантикалық топтарды ажыратады:

- Ақыл-парасаттың белгісі;
- Байлықтың символы;
- Кең дүние, ұшы-қиыры жоқ дала кеңдік;
- Мейірімсіздік, қатыгездік;
- Жас мөлшеріне қатысты;
- Уақыт, мезгіл;
- Уайым-қайғы, мұң-шер,
- Табиғат құбылыстары,
- Аурудың ұзаққа созылуы;
- Епті, тіс қаққан, әккі;
- Көп сақталған, сүрленген, сірі болған [11, 56 б.], – деп көрсетеді.

«Но и в следующем письме хоть бы одна искорка. Все как в первом, все пустое, и я очутилась в каком-то странном положении. Любить, я его не любила, ну правился, встречались мы с ним, с ним весело было, легко приятно. Но если бы он перед отъездом сделал мне предложение, я бы крепко подумала, прежде чем дать ему ответ. Теперь же я словно в неволю попала: мучаюсь, жду, когда же он сделает этого, то я окажусь опозоренной...» [9, 233 б.] Орысша аудармада сарғаю – мучаюсь деп эквивалентті аударылған. Мұң-қайғы, уайымның түбі қиналу мағынасын береді.

Қорытындылайтын болсақ, Т. Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романында қолданыс тапқан түр-түс атаулары жеке адам эмоциясын, алдағы уақыт туралы болжамды аңғартады. Ұлт танымындағы кара, шаңқай, сары түстерінің символикалық, семантикалық мәндері тұрмыс-тіршілікпен тікелей байланысты екені анықталды. Түр-түс атауларының аудармадағы көрінісі эквиваленттілік арқылы жүзеге асып, мәдениетаралық коммуникацияда этномәдени дүниетанымды таныта түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Көбденова Г., Мухамметалиева Г. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі түр-түс атауларын аудару мәселелері. Академик Ө.Айтбайұлы және мемлекеттік тіл мәселелері. Халықаралық ғыл.-теор. конф. материалдары / Құраст.: С.Құлманов. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2016. – 138-142 бб.
2. Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АқМУ, 2006. – 161 б.
3. Керімова С. Түр-түс атауларының мәдениетаралық қатынастағы семантикасы мен символикасы. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №6 (158). 2015. – 332-336 бб.
4. Таласпаева Ж., Қадыров Ж. Менталды кеңістіктегі түр-түс атауларының көрінісі. Актуальные вопросы современных научных исследований [Электронный ресурс] / Выдавецтва «Навуковы свет», Научно-издательский центр «Мир науки». – Электрон. текст. данн. (5,14 Мб.). – Минск: Выдавецтва «Навуковы свет», 2017. – 408-413 бб.
5. Елибаева К. Символика и семантика цвета в казахской культуре. Вестник МГУКИ, 2012. №4 (48) июль–август. – 60-67 с.
6. Маргулан А. Х. Казахское народное творчество / А.Х. Маргулан. – Т. 1. – 191 с.
7. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика (Наше наследие). – Москва: Р.Валент, 2007. – 244 с.
8. Ахтанов Т. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.4. Шырағың сөнбесін: Роман. 1984. – 416 бет
9. Ахтанов Т. Бұран. Роман. / Т. Ахтанов. Перевод с казахс. Астана: Аударма, 2010. – 608 стр.
10. Tazegul E., Nakhanova L. Cultural Anthropology: Symbolism of Color in the Worldview of Turkic Peoples. Turkic Studies Journal, 2020, Volume 2, Number 4. P. 59-66
11. Айтқазы С. «Сары» түстің қазақ дүниетанымындағы ұлттық-мәдени табиғаты мен тілдік бейнесі. ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. No1(54). 2011. – 55-57 б.

ТІЛДЕГІ МӘДЕНИЕТ, МӘДЕНИЕТТЕГІ ТІЛ

Аңдатпа. Мақала тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесу мәселесіне заманауи көзқарастарды қамтуға арналған. Тіл кез-келген халықтың мәдениетінің маңызды элементтерінің бірі болып табылады, бұл этникалық сәйкестікті сақтаудың маңызды факторы болып табылады. Ұлттық тіл мен ұлттық мәдениеттің ажырамас бірлігі халық өмірінде алуан түрлі бейнелерді табады. Лингвистикалық фактілер мен мәдени құбылыстар қатаң сараланбайды, өйткені мәдениет саласында болып жатқан өзгерістер тілде көрінеді, ал лингвистикалық эволюция өз кезегінде мәдени процестердің жүруін ынталандырады. Мақалада тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуінің маңыздылығы анықталады және атап көрсетіледі. Тіл-бұл өзін-өзі дамытатын құбылыс, ал мәдениет адамның белсенді қатысуымен байланысты.

Тірек сөздер: ұлт, мәдениет, әдебиет, қарым-қатынас тіл, құбылыс, мәтін, өзара әрекеттесу.

Аннотация. Статья посвящена освещению современных подходов к проблеме взаимодействия языка и культуры. Язык является одним из важнейших элементов культуры любого народа, что является важным фактором сохранения этнической идентичности. Неразрывное единство национального языка и национальной культуры находит в жизни народа самые разнообразные образы. Лингвистические факты и культурные явления строго недифференцированы, поскольку происходящие изменения в сфере культуры отражаются в языке, а лингвистическая эволюция, в свою очередь, стимулирует протекание культурных процессов. В статье определяется и подчеркивается важность взаимодействия языка и культуры. Язык – это саморазвивающееся явление, а культура связана с активным участием человека.

Ключевые слова: нация, культура, литература, общение язык, феномен, текст, взаимодействие.

Annotation. The article is devoted to the coverage of modern approaches to the problem of the interaction of language and culture. Language is one of the most important elements of the culture of any nation, which is an important factor in preserving ethnic identity. The inseparable unity of the national language and national culture finds a variety of images in the life of the people. Linguistic facts and cultural phenomena are not strictly differentiated, since the changes taking place in the sphere of culture are reflected in language, and linguistic evolution, in turn, stimulates the flow of cultural processes. The article defines and emphasizes the importance of the interaction of language and culture. Language is a self-developing phenomenon, and culture is associated with active human participation.

Keywords: nation, culture, literature, communication, language, phenomenon, text, interaction.

Кез-келген халықтың тілі-оның ауызша шығармашылығына енген тарихи жады. Ұлттық рухани мәдениет халықтың тілінде мәңгі көрініс табады, ал ана тілі - ұлттың жаны. Тіл арқылы этнопсихология, ұлттық сипат, ойлау түрі, көркем шығармашылықтың этникалық ерекшелігі, сондай-ақ ұлттың рухани менталитеті ерекше түде ашылады.

Сөйлеу мәдениеті, оның дәстүрлі мағынасында, әртүрлі коммуникативті жағдайларда тиімді қарым-қатынас жасау үшін әдеби тілді меңгеру дәрежесі болып табылады.

Сөйлеу мәдениеті, сөйлеу қарым-қатынасы және сөйлеу өзара әрекеттесу мәселелеріне экологиялық көзқарас ұлттық тіл дәстүрлеріне байыпты қарауды, ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімін оятуды, оның бүгінгі мен болашағына қамқорлық жасауды қамтиды. Мұның бәрі сөйлеу мәдениетінің экологиялық аспектісінің мәнін құрайды.

Тіл мәдениеті мен сөйлеу мәдениеті мәдениеттің экологиясына оның маңызды құрамдас бөлігі ретінде енгізілген, әсіресе жалпы мәдениеттің тілдің әдеби нормасымен байланысы айқын. Белгілі бір тарихи кезеңде пайда болған әдеби тіл өзіндік «көрсеткіш», халықтың рухани даму деңгейінің, оның тілдік менталитетінің көрсеткіші ретінде қызмет етеді.

Тіл мен мәдениет арасындағы күрделі және күрделі байланысты үш негізгі мәселеге дейін азайтуға болады.

Біріншіден, кез-келген уақытта әр тіл онымен байланысты мәдениетті басқа тілдерге қарағанда толық білдіреді. Халықтың бүкіл тәжірибесі оның тілінде нақты көрініс табады. Көбінесе басқа тілдегі этникалық топтың белгілі бір ұғымдарына лингвистикалық ұқсастықтарды табу мүмкін емес. Тіпті ең

дамыған және мінсіз тілдер кенеттен дұрыс емес, табиғи емес, күлкілі болып шығады, егер оларға жат мәдениеттің нюанстарын жеткізу қажет болса. Ұлттық азшылықтардың тілінің дамыған мәдениеттің толықтығын жеткілікті түрде көрсете алмауы дамыған мәдениеттер тілдерінің кіші халықтардың мәдениетіне тән белгілерді берудегі дәрменсіздігінен гөрі жиі көрінбейтіндігін атап өткен жөн. Бұл герменевтикалық интерпретациялардың шекарасымен, «бөтен адамды» түсіну мен тағайындау шекарасымен, мағыналар мен ұғымдардың аударылу шекарасымен байланысты. Тіл немқұрайлылықты емес, мәдени бірегейлікті білдіруге бағытталған.

Екіншіден, кез-келген уақытта әр тіл басқа тілдерге қарағанда онымен байланысты мәдениетті толық бейнелейді. Тіл өздігінен және өзі арқылы оның бір бөлігін білдіреді. Тіл оны иеленетіндер үшін белгілі бір мәдениеттің болуын, оның тірі дамуын, сабақтастығын, дәстүрін білдіреді. Осыған байланысты тіл этностың ұлттық мәнін бейнелейді, оны бейнелейді. Бұл жағдайда герменевтикалық интерпретация кез-келген ұлтқа тән жасырын қатынасты ескеруі керек тіл біртұтас символдық жүйе ретінде, онда этникалық топ: «біз осындамыз, біз бармыз, біз өз қауымдастығымызды сақтаймыз» деген қағидаға сәйкес өзін білдіреді. Басқаша айтқанда, бір тілде сөйлейтін адам «бөтен адамға» барлық мүмкін толықтығымен қосыла алатын өшірілген сәйкестікке ие болуы керек.

Тіл мен мәдениет сияқты құбылыстардың бір-бірімен өте тығыз байланысты екендігіне күмән жоқ. Дегенмен, бұл қарым-қатынас бір қарағанда қарапайым емес екенін атап өткен жөн. Тіл-кез-келген ұлт мәдениетінің маңызды элементтерінің бірі. Тіл этникалық сәйкестікті сақтаудың өте маңызды факторы болып табылады. Ұлттық тіл мен ұлттық мәдениеттің ажырамас бірлігі халық өмірінде алуан түрлі бейнелерді табады. Тіл фактілері мен мәдени құбылыстар қатаң түрде ажыратылмайды, өйткені мәдениет саласында болып жатқан өзгерістер тілде көрініс табады, ал тіл эволюциясы өз кезегінде мәдени процестердің ағымын ынталандырады.

Тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесу проблемасының жан-жақтылығы мен тереңдігі оны зерттеудің жаңа аспектілерін табуға мүмкіндік береді, атап айтқанда, тіл шығармашылығы проблемасына және оның ұлттық тілдерде көріну ерекшеліктеріне байланысты. Оқу- білім алудың, дүниені танып білудің негізгі көзі. Оқу- оқыту процесі үстінде іске асырылады. Оқыту педагогикалық-психология ілімінде екі түрлі мағынада қолданылады: біріншіден, оқушының білімге ұмтылып, оны талпынып оқуы, екіншіден, мұғалімнің басшылығымен оқу мазмұндарына баланың ұғыну процестерін ұйымдастыра білуі. [1, 77 б.] Осыған байланысты ұлттық мәдениеттің бірегейлігінің жарқын көрінісі ретінде соқпақтардың қалыптасуы, атап айтқанда тілдегі метафораның пайда болуы үлкен қызығушылық тудырады. Вильгельм фон Гумбольдт мұқият зерттеген «ұлттық тіл» және «ұлттық мәдениет» ұғымдарының диалектикасы ойлау мен тілдің арақатынасының жалпы философиялық мәселесіне байланысты толық ашылады. Гумбольдттың бейнелі өрнегіне сәйкес: «біз өмір сүріп жатқан әлем... бұл біз сөйлейтін тіл бізді орналастыратын әлем».

Ұлттық мәдениеттің даму процесінде қалыптасатын ұғымдар жүйесі осы халыққа тән шындықты қабылдауды көрсетеді және оны тілде білдіреді. Сонымен бірге, ұлттық мәдениеттің тілге әсері неғұрлым күшті болса, соңғысының дамуы соғұрлым бай және ерекше болады; екінші жағынан, ұлттық бірегейлікті білдірудің тереңдігі мен толықтығы тілдің байлығына байланысты. Оқытудың проблемалық әдісі кез келген технологияда әр түрлі дәрежеде жүзеге асуы мүмкін. Проблемалық оқытуды әдіс ретінде қолданғанда екі ерекшелікті білу керек, себебі проблемалық тапсырмалар көбіне кешенді болып келеді, екіншісі – проблемалық тапсырманы шешу үшін көп уақыт керек. Проблемалық әдісті қолдануда осы ерекшеліктер ескеріледі. [2, 40 б.] Тілдің шығармашылық басталу идеясымен байланысты риторикалық өріс элементтерінің жұмыс істеу процесінде қалыптасатын метафоралар ерекше дүниетанымды неғұрлым икемді және дәстүрлі емес түрде білдіруге мүмкіндік береді. Жолды қалыптастыру процесі хаотикалық емес: бір жағынан, бұл тілдің құрылымының іргелі ерекшеліктеріне, екінші жағынан, ұлттық дүниетанымның ерекшелігіне байланысты, ол жиынтықта жолды қалыптастырудың әртүрлі әдістеріне, атап айтқанда метафораларға шектеулер қояды және оларды анықтайды. нақты тілдегі ерекшелік.

Метафора – екіұштылықтың негізгі көздерінің бірі. Полисемияның негізгі критерийі сөздің мағыналары арасында семантикалық байланыстың болуы болып саналады. Егер мұндай байланыс жоғалса, сөз омонимдерге әртүрлі сөздерге бөлінеді. Алайда, көбінесе лексикалық интерпретациялар үшін де, лингвистикалық сипаттамалар үшін де жаппай және стандартты жағдай көп мағыналы сөздің әртүрлі мағыналарында ортақ белгілер жоқ және «тізім», автономды бірліктер тізімі түрінде пайда болатын жағдай болып табылады. Адам жадында ондаған мыңдаған мүлдем байланысты емес мәндерді сақтайды деп болжау мүмкін емес. «Тізімдік» тәсіл лингвистикалық қарастырудан тыс

жаңа мағыналарды қалыптастыру механизмінің проблемасын қалдырады және олар үнемі пайда болады. Қазіргі зерттеушілер табиғи тілде полисемияның болуының себебі когнитивті деп санайды. Полисемиялық жаңа тәжірибені тұжырымдаудың негізгі құралдарының бірі. Полисемияны сипаттауға когнитивті көзқарас қолданыстағы мәндерді түгендеу мен жіктеуді емес, олардың қалыптасу механизмінің жалпы заңдылықтарын анықтауды қамтиды. Бұл құндылықтар арасындағы байланысты қалпына келтіруге және оларды біртұтас жүйе ретінде көрсетуге ғана емес, сонымен қатар жаңа тәжірибені тұжырымдау үшін бастапқы мағыналардан оқшауланған когнитивті схемалар ретінде «тілдік экспансия» қалай жүретіні туралы түсініктерді нақтылауға мүмкіндік береді.

Тілдің жұмыс істеуінің маңызды аспектілерінің бірі-семантикалық туынды, яғни мағыналардың «өндірісі»: үнемі жаңа мағыналар пайда болады, яғни олардың қалыптасу механизмі бар. Барлық мәндер әртүрлі болғанымен, әрбір мән мүлдем бірегей «технологияны» қолдану арқылы жасалған деп елестету мүмкін емес – бұл қарапайымдылық пен үнемдеу принципіне қайшы келеді – және, сайып келгенде, жай ғана ақылға қонымды.

Мағынасы – бұл мүмкіндік, бастапқы жағдайды анықтау және жаңа жағдайларды түсіну мүмкіндігі. Екінші жағынан, құндылық – бұл шектеу, ол ештеңеге арналмаған және ол «қызмет ететін» бастапқы нысандар мен жағдайлардың ауқымы, сондай-ақ оны өзгерту және жаңа нысандарға немесе жағдайларға тарату мүмкіндіктері шектеулі. Сөздің белгілі бір семантикалық потенциалы бар, ол оның семантикалық логикасын белгілейді. Бұл потенциалды іске асыру сөздің семантикалық парадигмасының қалыптасуына әкеледі - белгілі бір типтегі туынды мағыналар жүйесі.

Сөздің мағынасын, сондай-ақ оның ықтимал түсініксіздігін анықтайтын факторлардың бірі-оның ішкі формасы; сонымен қатар, оның мазмұны да, өзектілігі де әртүрлі факторларға, соның ішінде жеке когнитивтік стильге байланысты. Сонымен қатар, тілдік санадағы рөлі және сөздің нақты жұмысына әсері тұрғысынан халықтық этимологиядан туындаған ішкі форма нақты этимологияға сәйкес келетін «нақты» Ішкі формадан еш айырмашылығы жоқ. Бұл тұжырым тілдің поэтикалық функциясында қолданылуына ғана емес, сонымен қатар нақты тарихи даму көбінесе этимологиялық байланысты емес элементтердің қайталама жақындасуына негізделгеніне негізделген.

Мәдениет пен тілдің өзара әрекеттесуін зерттеу сонымен қатар оларды біріктіретін білім саласына негізделген сөздер тобына жүгінуді қамтиды. Мәдениеттің метатілінің негізгі терминдеріне ақыл, уақыт, міндет, шындық, тағдыр, тәртіп, өтірік, шынайылық, жақсылық, зұлымдық, Сұлулық және т.б. сияқты ұғымдар жатады. Олар әр адамға қатысты.

Тілді логикалық талдау аясында олардың лингвистикалық талдауы мүмкін болады. Рухани мәдениет компоненттерінің ұлттық ерекшелігі, әрине, тілдік ерекшеліктермен шектелмейді оны білдіру тәсілі. Алайда, онда рухани мәдениеттің құрамдас бөлігі – тіл ерекше орын алады.

Тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі күші және тұлғаның қалыптасуына әсері қазіргі кезде әсіресе артып келеді. Демократияландырудың қазіргі заманғы процестері ұлттық сананың өсуіне пайдалы әсер етеді, өз халқының тарихын, оның мәдениетін, дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, ұлттық тіл проблемаларын жаңа түсінуге ықпал етеді. Және бұл кездейсоқ емес. Шынында да, тілде этникалық рух бар, оның ұлттық санасы көрінеді. Тіл сонымен қатар халықтың философиясын, әлеуметтік жолын, тарихы мен мәдениетін көрсетеді. Бұл тұрғыда тілді жеке тұлғаны тәрбиелеудің ерекше құралы ретінде қарастырған жөн. Демек, ана тілін таяныш ету принципі қазақ тілін практикалық тұрғыдан игеруге пәрменді ықпал жасайды. Бұл қазақ тіліндегі материалдарды жете, саналы түрде игеруге мүмкіндік жасайды. [3, 24 б.]

Тіл құрал ретінде интеллектуалды білімді, моральдық-этикалық нормаларды, халықтың эстетикалық құндылықтарын жеткізу үшін қолданылады. Ана тілін осы тұрғыдан зерттеу, яғни философияға, тарихқа, әдебиетке, мәдениетке байланысты ұлттық тіл мен мәдениетті сақтауға тиімді ықпал ететін сияқты. Әр ұрпақтың міндеті-өз халқының рухани құндылықтарын дамыту және арттыру, оларды келесі ұрпаққа беру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұқанов М. Педагогикалық психология очерктері, – А., 1962, – 23-73-77 б.
2. Жусанбаева С.Б. Әлімтаева Л.Т. Қазақ тілін оқытудың инновациялық әдістемесі. – Алматы «Қазақ университеті» 2016: – 40-б.
3. Сатбекова А.А. Қазақ тіліндегі септіктерді орыс мектебінің 6-класында оқыту. – Алматы: «Мектеп», 1998. – 23-24 б.

ҰЛТТЫҚ СЕНІМ КӨРІНІСІНДЕГІ СУБСТАНТИВТЕРДІҢ КОГНИТИВТІЛІГІ

Аңдатпа. Мақалада когнитивистика ғылымы, тіл білімін когнитивті аспектіде қарастыру тақырыбы көтерілген. Қазақ тіліндегі субстантивация құбылысының, семантикалық деривацияға ұшыраған сөздер тобының когнитивтік ерекшеліктері қарастырылады. Қазақтың ұлттық діни танымындағы Көк (Көк Тәңірі), Жаратқан, Жасаған сөздерінің біріншілік деривациядан заттанып, екіншілік мағынада қызмет атқарып, Құдай концептісіне қосылу құбылысы жайлы сөз қозғалады. Түс категориясының заттануы және оның танымдық ерекшеліктеріне тоқталады. Қазақ әдебиетінің көркем шығармалары мен халық ауыз әдебиеті үлгілерінен үзінділер келтіріліп, дәлелденеді.

Тірек сөздер: когнитивистика, когнитология, субстантивация, таным, Құдай, Көк, Жаратқан, семантика, деривация.

Аннотация. В статье поднимается тема рассмотрения лингвистики в когнитивном аспекте. Рассматриваются когнитивные особенности слов, подвергшихся семантической деривации и субстантивации в казахском языке. Говорится, о национальном религиозном познании: слова Кок, Жаратқан, Жасаған – имеют вторичные значение, и названные слова прилагаются к понятию Бог. Субстантивация цветовой категории и ее познавательные особенности. Приводятся отрывки из художественных произведений казахской литературы и образцов народной устной литературы.

Ключевые слова: когнитивистика, когнитология, субстантивация, познание, Бог, Кок, Создатель, семантика, деривация.

Abstract. The article raises the topic of consideration of linguistics in the cognitive aspect. The cognitive features of words subjected to semantic derivation and substantiation in the Kazakh language are considered. It is said about the national religious cognition: the words Kok, Zharatkan, Zhasagan have secondary meanings, and these words are attached to the concept of God. The substantiation of the color category and its cognitive features. Excerpts from artistic works of Kazakh literature and samples of folk oral literature are given.

Keywords: cognitive science, cognitology, substantiation, cognition, God, Kok, Creator, semantics, derivation.

Когнитивистика, когнитология (ағылшын. cognitive science) – танымдық позицияны бағыттау, салыстырмалы кенже қалыптасқан ғылым саласы. Когнитивистика немесе когнитивті ғылымның негізгі зерттеу нысаны – когниция, яғни адам танымы. Когниция ұғымын «танымдық процесс немесе психикалық (ментальды, ойлау) құбылыстардың жиынтығы – әлемді қабылдау, айналасындағыларды қарапайым бақылау, ойлауды, сөйлеуді т.б. санаттарға бөлу, сонымен қатар, адамға сырттан әртүрлі сенсорлық-перцептивті арналар арқылы немесе адам интериоризациялаған және қайта түсіндірген ақпаратты өндеуге қызмет етеді» деп түсіндіреді [1, 81 б.]. Когнитивизм – адамзаттың танымын, ақыл-санасы мен ой-өрісіне қатысты ментальды құбылыстарды зерттеу нысанына айналдырған ғылым салаларының шоғыры. Массачусетс технологиялық институтының лингвистика профессоры, американдық белгілі тіл маманы Ноам Хомскийдің айтуынша: «Когнитивтік төңкеріс ақыл-ой мен мидың жағдайын, олардың адамның когнитивті болмысына: танымы, білімі, ұғымы, түсінігі мен сеніміне қалай ықпал ете алатынын зерттейді» [2, 45 б.] деп жазды. Ал, когнитивтік ғылымдар – бұл «психология, нейрофизиология, лингвистика, философия, информатика, антропология саласындағы сананы түсінуге бағытталған пәнаралық зерттеу өрісі» [3, 56 б.] деген анықтама 2002 жылы «American Educator» интернет басылымының «Ask the Cognitive Scientist» мақаласында берілген.

Адам баласының танымдық функциясы әлемді танып, онда өз орнын табуға, жаратылысты бақылауға, өзін-өзі түсінуге бағытталады. Адамның танымдық сипаты, яғни ой-өрісі мен санасының деңгейі тілдің көмегімен сөйленісі арқылы сыртқа шығады. Тіл – адамның ішкі жан-дүниесінен, ойынан хабар жеткізуші феномен. Тілдің өзі жеке қызмет атқарушы деген идея Вильгем фон Гумбольдтке

тиесілі. Оның айтуынша, «Тіл ойды білдіретін орган, сондықтан тіл мен интеллектуалды қызмет біртұтас» [4, 20 б.]. Осы пікірден-ақ тіл мен оның өнімі – сөздердің адам танымы, болмысы, ой-өрісімен тығыз байланысты екенін байқаймыз. Жеке ұлттың ұлттық құндылықтары, сана-сезімі, сенімі, дін-ділі, әлем бейнесі туралы түсініктерінің тұжырым-сипаты олардың тілдерінде көрініс табады. Тіл ұлттық мәдениет пен өркениеттің негізгі компоненттерінің бірі: ол ұжымдық идеялар мен ойларды жүзеге асырады. Белгілі бір заманның актив қабатындағы сөздер сол заманның көрінісі, бет-бейнесі. Сөздер – белгілі бір кезеңдегі мәдени, тарихи және эстетикалық мұраны келесі ұрпаққа беру мен сақтауда шешуші рөл атқарады. Э.Дюркгеймнің теориясы бойынша қоғамдық сана адамдарды сол қоғамда кең таралған әрекет пен ойлау тәсілдерін қабылдауға мәжбүр ететін моральдық әлеуметтік орта жасайды.

Қазақ тіл білімінің лингвотанымында субстантивация яки субстантивтену құбылысын зерттеу – қазіргі тіл білімінің өзекті де перспективалы сатысы. Қазақ тіл біліміндегі субстантивацияның зерттелуі ХХ ғасырдың 40-жылдары Ж.Шакенова еңбектерінен бастау алады [4, 7 б.]. Субстантивтену, заттану – басқа сөз табы өкілдерінің контексте зат есімге айналуы, зат есімнің қызметін атқаруы. Қазақ тілінде заттану құбылысы сын есім, сан есім, есімдік, етістік категорияларына тән. Мысалы, Ежелгі дәуір әдебиетінің діни сенім, тілдік танымынан көрініс беретін Көк концепциясы Көне түркі жазба ескерткіштерінде («Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк») кездеседі.

«Рухтары

Алтай таудың үстінде

Оқшырайып отырған

Көк тәңіріне кеткен.»

Бұл жердегі «көк» сын есімі Тәңір сөзімен аналитикалық тәсілмен тіркесіп, семантикалық тұрғыдан заттанып, субстантивацияға ұшырап тұр.

«Көк тіреп жүретін

Көк түрік елінің

Тот басқан қылыштай

Айбаты өлген.»

Бірінші тармақтағы «көк» түбір сөзі аспанның сындық-сапалық сипатына ұқсату тәсілімен жасалып, аспанмен мағыналас, мәндес қалыпта жұмсалып, мағыналық тұрғыда зат есімнің қызметін атқарып тұр. Ал екінші тармақтағы сөз жоғарыдағыдай «түрік» сөзіне тіркесу арқылы субстантивтеніп тұр.

«Көк» сөзінің аспан түсін білдіру негізінен аспанның өзін, ұғымын білдіретіндей мағынасы кеңейгендігі белгілі. Қазіргі қазақ тілінде «көк» сөзі әдеби стильдік тұрғыда «аспан» сөзінің орнына жұмсалады. Және аспан сөзіне қарағанда көк сөзінің семантикалық парадигмасында сиқырлық, тәңірлік, сакральді, магиялық мән жете қалыптасып қалған: көктен тілегені жерден табылу, көктен түскен от (найзағай), көктен түсу, т.б. Аталған сөз тіркестерінде көк лексемасын аспан лексемасымен ауыстыра алмаймыз, өйткені мағыналық сыр-сипаты келмей қалады. Сондықтан, Көк бөрі, Көк Тәңірі сөздерінің қасиеттілік, құдіреттілік мағынасы «көк» (аспан) сөзінен жалғастық тапқан.

Берекені көктен тілеме,

Бірлігі мол көптен тіле.

(Халық мақалы)

Көктен теңдік келмес өзің кем болсаң,

Мең-зең болмай, талпын, оян, алашым!

(М.Дулатов «Жаңа тілек»)

Үзінділерде берілген семантикалық заттанған «көктен» сөзі - шығыс септігі жалғауының -тен варианты жалғану арқылы сөйлемде толықтауыш қызметін атқарып тұр.

Қазақ тілінің концептосферасында «көк» сөзі сияқты көптеген сапалық, соның ішінде түс категориясының сын есімдері жиі субстантивтенеді. Мысалы, «ақ», «қара» түстерінің заттық мән берудегі ерекшелігі – қазақ танымында бұл түстердің белгілі бір абстракті мәндермен ассоциативтілігін көрсетеді.

Жарлының аузы аққа тисе,

Мұрны қанайды.

(халық мақалы)

Ақ болсаң, қараға жуыма,

Аққа қара тез жұғады.

(халық мақалы)

*Қара көңіл адалға сене алмайды,
Ақты қара қашан да жеңе алмайды.
Өмір бойы тілеген бір тілегін,
Махмұт бүгін жауына бере алмайды.
(С.Торайғыров «Ағайынның азғандығы»)
Сонау-сонау Алматыдан алып-ұшып хат келді,
Хат келді де Бапа апайға бір қуаныш ап келді.
Секілденген жанарының ағы менен қарасы,
«Демалысқа барып қайтам», – деп жазыпты баласы.*

Жоғарыдағы мысалдарда, «ақ» түсі – «судан таза, сүттен ақ фразеологизміндегідей кейде сүттің өзін, кейде адалдық, тазалық, жан пәктігі мағынасында көптеп жұмсалады. Бұл орайда қазақ поэзиясында өзіндік өрнегімен ерекшеленген Ж.Нәжімеденовтің «Ақ түс» өлеңі ақ түстің сакральды сипатын, халық танымындағы орнын әсерлі жеткізеді.

Ақ деген не?

Қиянаттан, тепкіден аман шыққан Ардың түсі деп білем.

«Қара» субстантиві – қара ниеттілік, зұлымдық, арамдық, жауыздық мағынасынан туындап отыр. «Секілденген жанарының ағы менен қарасы» үзіндісіндегі ағы мен қарасы көздің қарашықтары, яғни түстік мағынадан шығып тұрғанымен, тәуелдік категориясына түсуінен заттанып тұр.

«Майра балам, мен өзіңдей талай тамұққа түсіп шыққан адаммын. Қазақтың өсек-аяғынан жаман тамұқ жоқ. Аяғында елдің осындай құларының бәрін жеңіп, Ақ-келін атандым. Бұл - менің өз атым емес, баяғыда бір ауылдың Ақ-келін деген келіні болған екен. Болыс сайлауында сол келін бір болыс елдің бар еркегін жеңіп, болыс болыпты. Аса қадірлі адам болса керек, ол өлгеннен кейін болыстың атын «Ақ-келін болысы» деп атапты. Сол осы күнге дейін сақталып келеді. Еліміз маған да сол атты берді...» (Ғ. Мүсірепов. Атақты әнші Майра).

Берілген үзінді де халық арасында сый-құрметі бар, жұғымы жақсы, елге сыйлы бір әйелге Ақ-келін деген лақап ат қойған. Ақ-келін – аналитикалық тәсілмен жасалған қос сөз, құрамындағы екі сыңары да мағыналы. Мағынасына келсек, әрине, бұл жерде ақ сөзі түсті емес, әйелдің жоғары моральдық қасиеттері мен рухани биіктігінің сипаттамасы ретінде туынды түбірге қосарланып барып, субстантивтік қасиетке ие болып тұр.

Қазақ тіліндегі «ақ» сөзінің танымдық тұрғыда символикалық рөлі халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарында да өте жоғары: «Сонымен қатар, өлген адамды ақ түсті кебінге орап, ақ жауып, ақыреттеп қою, ақ киізге салып, ақ шымылдық ішінен арулап алып шыққан жақын туыстары беліне ақ шүберектен белбеу байлап, қолдарына ақ таяқ ұстап ақырғы сапарға шығарып салу, тәбәрік деп топырақ басында ақ матадан жыртыс үлестіру; ері қайтыс болған жесірдің қырық күннен кейін, не жылын бергеннен кейін, не жат елге келін болып кетіп бара жатқан қыздың басына ақ жаулық салу сияқтылардың бәрі де көп әдет-ғұрыпқа байланысты болса керек» [8, 83 б.].

Оралымды, ырғақты теңеу-бейнелеулері ерте туған бай тіліміздегі сөздердің бір мағыналық топтан екіншіге жалғаусыз ауысып, мағынасы баюын тек түстер категориясымен шектей алмаймыз. Қазақ тілінің дінтанымынан туған, халқымыздың сенім мүддесінің картинасынан келесі сөздерді ортаға саламыз. «Жаратқан» сөзінің семантикалық парадигмасы: 1) етістік, пайда болу; түбірі «жарат» – өзгелік етіс формасында тұр, -қан – есімшенің жұрнағы; 2) Жаратушы күш, Құдай, Алла мағынасындағы зат есім. Құдай мағынасындағы екінші деривация біріншілік мағынаның жарату, жасау, пайда болу мағынасынан туындап тұр. Жаратқан сөзі күнделікті қолданыста, қазақ тіліндегі көптеген тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде, халық ауыз әдебиетінде, көркем шығармаларда екіншілік мағынада қолданылып, тіл танымынан тікелей хабар береді.

*Жаратқанға келсе күндіз зікір қыл,
Пенде болған хақ зікірін қылмас па?*

(Мәулімнияз-Едіге жыры)

Бір жаратқан Құданың,

Жасаған Жаппар Құдайым.

(Орақ-Мамай жырынан)

Жаратқан, қосар болсаң, жақсыға қос,

Қосылсам теңім тауып, ақау, бірге өлемін-ай.

(Тоты қыздың әні)

«Жетім-жесір, кәріп-кәсердің телегей теңіз жасын көрерім қалды ма? «Мені енді ал» деп тілеп отырмын жаратқаннан».

(М.Әуезов «Абай жолы»)

Жаратқан сөзінің іс-қимылдық мәні де тілімізде белсенді қолданыста:

Құдайдан мен де сұрағам,

Сендер Хаққа жылаған.

Бұл жалғанды жаратқан

Сендер менен біз үшін.

Құдай абзал жаратқан

Қайымдап суға жүзуге.

Жерді, көкті жаратқан, сен бір уа бар

Сұлу жарды сүйдірдің, Құдайым.

(«Едіге батыр» жырынан)

Бәрімізді жаратқан, оу, Жанпар құдай-ау,

Құдайды айтпай әуелі нені айтамыз, айхой, халаулім-ай.

(халқы әні)

Елді қан қақсатып жүретін атиабарлыққа жаратқан зой өзін кәтірдің. (абай жолы)

Осы тұрғындан байқайтынымыз, білім-ғылым, өркениет болмаған заманда қазақ халқы Құдайдың барына сенген, оған табынған, әр заттың өз иесі, қорғаушы күші бар деп сиынған (мысалы, төрт түлік бабалары). Соның ішінде, ұлы күш деп Құдайға жалбарынған, бірақ оның атын тікелей айтқаннан көрі сипатына, «қызметіне» қарай балама аттармен атаған. Түркілер Тәңірі аспанда деген теорияға сеніп, Көкке (Көк Тәңіріне) сиынған. Ал бергі замандарда әлемді, бізді жаратты деген сипатқа негіздеп «Жаратқан», «Жасаған» деген есім берген. Шынайы қол жайып, тілек сұрап, дұға қылғаннан басқа уақытта Тәңірге басқа ат беру негізінде «табу» теориясы жатуыда мүмкін. Яғни, Құдайдың қаһарынан сескенген «күлдары» оның сипатын басқаша сөздермен берген, сол арқылы оның қасиеті мен құдіреттілігін көрсеткен, кейін ол сөздер тұрақты тіркеске айналып қолданыла бастаған.

Тұжырымдай келе, қазақ тілінің концептосферасындағы азғантай ғана субстантивтердің ерекшеліктері мен халық қолданысындағы маңызын қарастырдық. Қазақ тіл білімінде заттанған туынды сөздердің танымдық рөлі өте жоғары. Өйткені, талдап өткен Құдай концептісіне қатысты сөздер арқылы біз халықтың діни көзқарасын, сенім бейнесін ажырата аламыз. «Бұл мағыналардың субстантиваттар түрінде жүзеге асуы кездейсоқ емес: халықтың тілдік санасы дәл осы форманы таңдады, өйткені субстантивация күрделі ұғымның күрделі мағынасын қарапайым түрде синтездей алады» [5, 140 б.]. Өйткені, халық белгілі бір заттың қимыл-сыйлық сипаты, ерекшелігімен байланыс жасап, сол затқа телу арқылы жаңа атау берді. Айтылған тұжырымдар қазақ халқының дүниетанымдық көрсеткіштерінің нәтижесі.

Адам санасы, ой-өрісі оның сөйлеуі, тілі арқылы көрініс табады. Тілді тек қарым-қатынас құралы, мемлекеттік тіл тұрғысында ғана емес, қазіргі зерттеулерге сүйенсек жүзге жуық анықтама беруге болады. Тілді мүмкіндік деп танудың өзі, Жаратушының адамға берген мүмкіндігі деп білу. Этномәдени сана тіл мен мәдениетте көрініс тауып, аксиология ретінде, яғни құндылықтар жүйесі ретінде көрінеді. Оған жалпыға ортақ, көпшілік мақұлдаған сипаттар жатады. Қай халықтың мәдениеті, салт-дәстүр, әдет-ғұрпы қаншалықты бай болса, сол халықтың тілі де бай. Әлемнің тілдік бейнесінің негізгі көрінісі – белгілі бір жүйеде шындықты бейнелеу. Біз келтірген мысалдар қазақ халқының тілдік сана құрылымын құрудағы объективті шындықты модельдеу – ұжымдық санадағы объективті шындықтың көрінісі екендігіне дәлел бола алады. Тілдік санада көрініс табатын қазақ біліміне тән негізгі белгі - айналасындағы дүниенің бәріне өзінше баға беру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Степанов Ю.С. «Константы. Словарь русской культуры».- М.: Академический проект, 2001. – 989 с.
2. Хомский Н. «Язык и мышление». М. : Изд-во Моск. ун-та, 1972. – 121 с.
3. Willingham D. T. Ask the Cognitive Scientist. [Electronic resource] / D. T. Willingham. – Mode of access: <http://www.aft.org/periodical/american-educator/summer-2002/ask-cognitive-scientist> (дата обращения: 10.06.2015).

4. Гумбольдт В. фон. «О различии строения человеческих языков и его влияния на духовное развитие человечества» // Хрестоматия по курсу «Введение в языкознание» / сост. А.В. Блинов и др. – М.: Академический Проект, 2005. – 16 – 26 с.

5. Амирова Ж.Р. «Функциональные аспекты субстантивации в казахском языке». – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 232 с.

6. Дюркгейм Э. «О разделении общественного труда». – М., 1991. – 493с.

7. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. «Түр-түстердің тілдегі көрінісі». – Алматы: Ана тілі, 1992.

8. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2013. Т. 100: Ән-өлеңдер. – 440 бет.

9. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т. 39: Батырлар жыры. 2006. – 448 бет.

10. «Бабалар сөзі: Жүз томдық». – Астана: «Фолиант», 2006. Т. 40: Батырлар жыры. 2006. – 488 бет.

A.B. KISTAUBAYEVA

4th year student majoring in Western Philology (English language)

Abay Kazakh National Pedagogical University

Almaty, Kazakhstan

THE PECULIARITIES OF KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES IN THE LINGUOCULTUROLOGY

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ және ағылшын тілдерінің лингвомәдениетінің өзіндік рөлі, маңыздылығы және фразалар мен сөйлемдердің мағыналарына шолу жасалады. Лингвомәдени ерекшеліктер тақырыбын ашып, талдау жасай отырып, екі тілдің дамуы және олардың айырмашылығына мән берілді. Сондай-ақ, мысалдарды қолдану арқылы маңызды, дәлірек көрсетілген тұжырымдар қолданылды.

Тірек сөздер: Лингвомәдениеттаным, ағылшын тілі, қазақ тілі, мәдениет.

Аннотация. В данной статье рассматриваются особая роль и значение казахской и английской языковой культуры, а также значения фраз и предложений. Раскрывая и анализируя тему лингвокультурных особенностей, было подчеркнуто развитие двух языков и их различия. Также на примерах использовались важные, более точно изложенные понятия.

Ключевые слова: Лингвокультурология, английский язык, казахский язык, культура.

Annotation. This article reviews the specific role and significance of Kazakh and English linguistic culture and the meanings of phrases and sentences. Opening and analyzing the topic of linguistic and cultural features, the development of two languages and their differences were emphasized. Also, important, more precisely stated concepts were used using examples.

Keywords: Linguoculturology, English language, Kazakh language, culture.

At the present stage of science, the development of intercultural communication requires constant study and improvement of mutual understanding of various nations. It connects the new directions that are emerging in linguistics to study the features of a particular language, as well as to consider the relationship between language and manifold aspects of people's lives. However, in modern society, disputes persist and in some cases arise due to cultural or linguistic differences. The study of linguoculturology is an important aspect of eliminating possible conflicts.

Over the past 200 years, scientists have established the interaction of linguistics with a number of humanities. Among them are history, psychology, ethnography, philosophy, etc. Due to the continuous development of linguistics, complex scientific directions related to it appear - linguoculturology, linguopsychology, sociolinguistics, computational linguistics, etc.

Linguoculturology is a young science. The study of the problem of «language and culture» is conducted in different directions. Russian well-known doctor of philology V.V. Vorobyov, recognizing the special scientific status of linguoculturology, believes that linguoculturology significantly approaches linguoculturology in its tasks, but points out a number of its specific features:

1. «Linguoculturology is a natural step in the field of philological and other humanities – it is a scientific discipline of a synthesizing type, the borderline between the sciences studying culture and philology

(linguistics), and not an aspect of language teaching, like linguistics. The issues of language teaching turn out to be derivative here.

2. The main object of linguoculturology is the relationship and interaction of culture and language in its functioning and the study of interpreting this interaction as a single system of integrity. The main problems here are methodological (philosophical) and philological (linguistic, etc.). The content of linguoculturology, justifying its separation into an independent direction of knowledge, should have as its subject national forms of society, reproduced in the system of linguistic communication, based on the cultural values of a concrete historical society.

3. The subject of linguoculturology research is the material and spiritual culture created by humanity.

4. Linguoculturology, as a kind of modern successor to linguistics, focuses on a new system of cultural values put forward by new thinking, modern life of society, on a complete, objective interpretation of facts and phenomena and information about various areas of the cultural life of the country.

5. An objective, complete, and holistic interpretation of the culture of the people requires an appropriate systematic approach in its description. Therefore, the most important task of linguoculturology and its distinctive characteristic feature is the systematic representation of the culture of the people in their language, in their dialectical interaction and development, as well as the development of a conceptual series that contributes to the formation of modern cultural thinking».

In that way, linguoculturology is an interdisciplinary and independent scientific discipline. Currently, there are four main areas of research in modern linguoculturology.

1. Linguoculturology of a separate social group;
2. Linguistic and cultural lexicography;
3. Diachronic linguoculturology;
4. Comparative linguoculturology.

At present, linguoculturology is based on the study and description of the cultural and linguistic features of the language, which is determined by the diversity of peoples and their cultures. Thus, there exist some peculiarities in Kazakh and English languages, which have their own rules and positions in the linguoculturology.

Kazakh language's linguoculturology. Indicators of Kazakh culture and art forms manifested in the everyday culture of the ethnic group, in its customs and rituals, and in the mythological and folklore heritage. These indicators, entering into an indissoluble connection with each other, serve as the basis for the formation of the «image of national culture in the language». In this regard, the definition of the ethnic-cognitive meaning of the linguistic embodiment of the sphere of art allows us to know the holistic picture of the spiritual and material culture of the ethnos.

National consciousness and cultural values reflected in art are the fruit of the development of society. As life progresses, the social environment and cultural values in it develop according to the requirements of the time and naturally rise to a new level. So here the material and spiritual wealth of culture finds embodiment in language is transmitted from generation to generation not only in the form of objects but also in the form of linguistic facts. You can also show the cultural and language features of different industries. Such as proverbs and sayings, words that have a lot of different meanings, and alternative versions. For example, in our country, many proverbs, describe the different situations and life circumstances. There are: «Ата өнері – балаға мұра» (it means that the father's role in the child's life will always be important because this person always will be the child as an example imitation of his whole life). In this proverb, we can notice the education culture and the father's role. In addition, other proverbs show different cultures: culture of the ethnic group, national quality, and respect for people. For instances: «Өнер -мінсең ат, ұйсаң - қанат, кесең - жанат, ішсең – тамақ»; «Өнерлі өрге жүзеді»; «Жігіт адамға жетпіс өнер де аз»; «Ұстамен жақын болсаң, ұстарасын аларсың», etc.

National identity, fixed in the national consciousness and cultural values reflected in art, can be traced in the internal form of lexical units of the Kazakh language, which relate to the field of needlework. In the works of R. Shoibekov, who studied the jewelry vocabulary of the Kazakh language, particularly in the «Vocabulary of Jewelry Art of the Kazakhs» (1993) and in the «Dictionary of Jewelry Vocabulary of the Kazakh people» (1991), the cultural root of a lot of jewelry explained in an extralinguistic aspect. For example: жыланбас білезік (snakehead bracelet), алтын балдақ (golden crutch), үкі аяқ сырға (owl's foot earrings), зербарак (patterned pendant), etc. According to the scientist, such jewelry items were originally worn not for decorating themselves, but as amulets. Animal bones, the teeth, hooves, and paws of birds such as eagles or owls, various stones considered sacred, beads, bracelets, earrings, and necklaces, were made of them. Then, with the advent of the processing of non-ferrous metals, the mentioned items began to decorate with gold and silver. Aside

from various proverbs and meaningful phrases, as well as exist the benevolence of the Kazakh peoples and their languages. In that way, some people may ask different questions, such as: «When should we use it? What is the importance of this word?» The answers to these questions are oversimplifications. Because, this word demonstrates our linguistic, national, and ideological essence. From the people's benevolence, one can see the scene of his spiritual life, its nature, reality, a description of its knowledge, a friendly life in the family, and the hope placed on descendants. The benevolence of the Kazakh language is the centuries-old national heritage of the people, a cultural monument, a mirror of the life of the nation, and the best examples of our culture. Benevolence gives strength when a person has run out of strength, gives support, and shows direction. Language, including benevolence, binds the current and future generations into a single historical channel and plays a leading role in the change of generations. To date, many scientific works related to benevolence have been published. Each of them considers benevolence from different points of view, from different sides. In modern Kazakh linguistics, many research works related to the problem of «language and culture» are based on the manifestation, disclosure of national identity, and national spirit of the language.

English language's linguoculturology: Since the purpose of linguoculturology is to study language and culture, by studying this branch of linguistics, you can learn to use any word in any language. When learning English, we must learn the style and usage of each word in order to use it correctly in any situation. The main components in the English language's linguoculturology are various phraseology and their meanings, expressions that express different concepts and depend on determined circumstances. For example, the phraseologisms in English language is the most significant component, which can make our language colorful and more academic. Phraseological units are of particular interest for research. Generally, it is accepted that the phraseological foundation of the language is a mirror of national culture, in which the originality of a particular people is visibly manifested since phraseology reflects largely the imagery of thinking and the picture of the world. The multiplicity of phraseological units in the language implies the need to isolate their separate groups, and this creates conditions for studying the phraseological composition of the language as a whole.

Phraseological units of the English language have three groups: full, partial, and lack of correspondences. Full correspondences include expressions that completely coincide with their image, phraseological meaning, structural and grammatical organization, component composition, and stylistic coloring. For example:

1. The law of the jungle.
2. Little strokes fell great oaks.
3. Hear the grass grow.

Partial equivalents include phraseological units in the same or similar way, similar meaning, similar or slightly different component composition, and structural and grammatical organization. For instance: find the bean in the cake. According to the old English folk custom, a bean was baked into a pie on holidays, the one who got a piece with a bean was declared the king of the festive dinner, and this bean was a symbol of good luck.

Phraseological units with no correspondences include those that do not have similarities in meaning and form. The reason for this is the difference in national specifics, the discrepancy of images, and the peculiarities of geographical location or politics. For example, Tyburn tree is agallows, where in English Tyburn is a place in the district of London where executions were carried out, and Tyburn tree is a reality denoting a structure of wooden beams forming agallows on which several criminals could be executed at the same time. Many of the egotisms included in the phraseological units of the English language denote plants common in the former British colonies, but often even unknown to the Kazakh people: fair suck of pine apple – luck; shake the pagoda tree – get rich quickly, make money; a single bamboo cant form a row – one swallow of spring does not, to be up of the wattle-eye – to be in a quandary. All these plants do not grow on the territory of Kazakhstan and are characteristic of Britain. This type of linguoculturology presented that we can use different phrases and combinations and we have a chance to demonstrate our language level more deeply and colorfully. As well as, the phraseological unit manifests the English culture and their customs, and traditions too.

My research material was stable phrases with concepts in English and Kazakh. The choice of stable phrases as a material for research is because this group is at the intersection of language and culture and, therefore, culturally marked. The appealing meaning of the vocabulary is due to several reasons:

- 1) Large volume of the group itself;
- 2) International nature of knowledge;
- 3) The role of this group in the awareness of the linguistic picture of the world, as well as the increased interest of modern linguistics in such problems and aspects of linguistic units, in which the peculiarities of the worldview and worldview of a particular ethnic group considered the problems of the relationship between language and culture expressed.

The English and Kazakh cultures reflect the events of the socio-cultural life of the ethnoses, traditions, customs, and mythological representations.

References:

1. Воробьев В. В. Лингвокультурология. Теория и методы. М.: Изд-во РУДН, 1997, – 331 с.
2. Шойбеков Р. Лексика казахского ювелирного искусства. – Алматы: Казахстан, 1993. – 203 с.
3. Кунин, А.В. Большой англо-русский фразеологический словарь 4-е изд., перераб. и доп. – М.: «Русский язык», 1984. – 944 с.
4. Belozerova A.V., Loktionova N. M. Lingvokul'turologija kak lingvisticheskaja disciplina // *Sovremennye problemy nauki i obrazovanija*. 2018;
5. Ermekova T.N. Nekotorye voprosy lingvokul'turologii i blagopozhelanija v kazahskom JaZYKE // *Mezhdunarodnyj zhurnal prikladnyh i fundamental'nyh issledovanij*. 2019;
6. Kryl'ja mudrosti <https://kazpravda.kz/n/krylya-mudrosti/> [Data obrashhenija 10.12.22];
7. Anglijskij fol'klor <https://moluch.ru/archive/378/83712/> [Data obrashhenija 10.12.22];
8. Vinogradov V.A. Metody tipologii // *Obshhee jazykoznanie*. М.: Nauka, 2017. -p. 224-256.
9. <https://cyberleninka.ru/article/n/lingvokulturologiya-kak-novoe-napravlenie-v-sovremennoy-lingvistike/viewer>.
10. <https://cyberleninka.ru/article/n/lingvokulturnoe-soderzhanie-edinstva-yazyka-i-iskusstva-materialy-na-kazahskom-yazyke/viewer>.

Э.Ә. ӨТЕБАЕВА

М. СЕРІКҚЫЗЫ

А.Б. НҰСТАЕВА

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Этнолингвистика бөлімі

Алматы, Қазақстан

БЕЛСЕНДІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ПАРЕМИОЛОГИЗМДЕР

Аңдатпа. Мақала авторлары қазіргі кезде белсенді қолданыста жүрген мақал-мәтелдерді анықтауды, олардың қазіргі семантикасын, мәдени-семантикалық мазмұнын ашуды мақсат етеді. Нәтижесінде белсенді қолданыстағы мақалдардың барлығының дерлік бастапқы мағынасы, мәні сақталғанын, алайда, қазіргі қазақ қоғамында белсенді қолданысқа ие паремиологизмдердің арасында көшпелі қазақтың тұрмысында ерекше орын алған төрт түлік мал жөніндегі, көші-қон жөніндегі, қару-жаракқа қатысты т.б. осы күнгі тіршілігімізде жоқ мақал-мәтелдер пассив қорға қарай өтіп бара жатыр деген қорытындыға келеді. Паремиологизмдердің этностың этникалық сипатының, мәдениетінің, мінез-құлқының, ішкі жан дүниесінің, халықтың ғасырлар бойы көңілге түйгенінің сұрыпталған түйіні екеніне тоқталады.

Тірек сөздер: паремиологизмдер, этнос, мәдени-семантика, мақал-мәтелдер.

Тілдің халық өмірінде атқаратын функциясы алуан түрлі. Солардың бірі – ұрпақ пен ұрпақ арасын жалғастыратын, өткен өмір мен бүгінгі болмысымызды, онымен болашақты жалғап жататын, ұлт тарихы мен менталитетіне, сана-сезіміне, өзіндік болмысына қажетті рухани құндылықтарды өз бойында сақтап, келесі ұрпаққа асыл мұра ретінде жеткізіп отыратын кумулятивтік қызметі. Ұлт даналығын араға талай ғасырлар салып, бүгінгі ұрпаққа нақыш-баяуын солғындатпай, мән-мағынасын бәсеңдетпей, көркемдігі мен бейнелілігін жоғалтпай, тұтас жеткізіп отырған тілдік бірліктердің бірі – мақал-мәтелдер. Қоғамдық өмірдегі түрлі оқиғаларды, бір халықтың бүкіл тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, тіпті тарихын, сан ғасырлық тәжірибесін көрсететін мақал-мәтелдер халықтың ауызша энциклопедиясы іспетті.

Дүниенің тілдік бейнесін жасайтын адам дейтін болсақ, адамның танымы, қарым-қатынасы арқылы тілді танымыз. Ендеше, тіл мен ойлаудың, ұлттық дүниетанымның тоғысуынан туындайтын күрделі құбылыстың бірі болатын мақал-мәтелдер қазақ халқының өмір тәжірибесінен, тіршілік танымынан түйіп түзілген ерекше лингвомәдени бірліктер. Этностың таным үрдісі мен рухани құндылықтарды қабылдау, зерделеу, пайымдау, тұжырымдау өрісі мақал-мәтелдерде кең көрініс тапқан.

Академик Ә.Қайдар «кез келген этностың (бүгінгі ұлыстың, халықтың не ұлттың) тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр. Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен

дүниетанымы оның тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірде қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы ғана бізге жетуі мүмкін» деп пайымдаған [1, 35 б.]. Демек, мақал-мәтелдер – қазақ тілі сөз қорының ғасырлар бойы қалыптасқан тұрақты да құрамды бөлігі ғана емес, сонымен қатар ұлттық дүниетанымымыз бен менталитетіміздің тілдегі ең бір жарқын көрінісі.

Мақал-мәтелдердің тілімізде, өмір-тіршілігімізде, рухани-материалдық мәдениетімізде қолданылмайтын саласы жоқ. Сондықтан да оларды этностану, қоғамтану, табиғаттану, т.б. танымдық құбылыстардың тілдік негіздері деп қарауға болады. Оның өзіндік себептері де жоқ емес. Олардың ең бастысы тілдің танымдық қызметіне байланысты. Ал бұл тәсілдің түп-тамыры, сайып келгенде, тым әріден, көшпелі қауымның өмір-тіршілігіне сәйкес қалыптасқан тілдік дәстүрден бастау алғандығы сөзсіз.

Екі мыңнан астам қазақ мақал-мәтелдерінің табиғатын зерттеп және олардың түсіндірме сөздігін жасаған академик Ә.Қайдар: «Тілімізде қордаланған мыңдаған мақал-мәтелдердің мән-мағынасына зерделі көзбен қараған адам ең алдымен өз халқының басынан кешірген барша өмірін, салт-сана, қалыптасқан дәстүр, дүниетанымын елестете алады» дейді [2, 23 б.].

Мәселен, ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысқан қазақтардың тілінде төрт түлік малға қатысты мақалдар көп: *Малды бақсаң, қойды бақ, май кетпейді шарадан; Мал өсірсең, қой өсір, өнімі оның көл-көсір; Қойың болмаса, байлықта ойың болмасын; Қой өрісі – қорадан; Қой шелді болмай, төлді болмайды; Күн батса, қойға соқпақ табылады; Қотыр ат соқыр атқа жақын жүреді; Атың барда желіп жүріп, жер таны, Асың барда беріп жүріп, ел таны.*

Мақал-мәтелдердің пайда болып, қалыптасуына ішкі/сыртқы факторлар әсер етеді. Солардың ең бастысы: адамның өмір сүріп жүрген табиғи ортаны, табиғат құбылыстарын танып-білуіне, еңбек процестерін, кәсіпшілікті меңгеруге, адамдар арасындағы қарым-қатынастардың қыр-сырын терең ұғынуға байланысты болды. Сондай-ақ табиғат құбылыстарының өзгеруі мен даму заңдылықтарын танып-білуден, тірлік-тіршілік көздерін меңгеруден, адамдар арасындағы сан алуан қарым-қатынастардың қыр-сырын терең ұғынудан туындаған ой-тұжырымын, тәжірибе-тағылымын көп сөзбен ұзақ баяндаудан гөрі, тұжырымдап, қорытып, қысқа да нұсқа түрінде айтып жеткізу мақсатына байланысты.

Паремологизмдер этностың этникалық сипаты, мәдениеті, мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін, халықтың ғасырлар бойы көңілге түйгенін, сұрыптап жеткізеді. Қазақ тіл біліміндегі мақал-мәтелдер түрлі тақырыптарға топтастырылып, олардың қоғамдық өмірдегі түрлі оқиғалар мен құбылыстарды, адамның тұрмыс жайын, шаруашылық кәсібін, басқа да түрлі іс-әрекетін түгел қамтып, адамгершілік, тәлім-тәрбие, мінез-құлық жайлы даналық ой қорыту арқылы ұлттық дүниенің тілдік бейнесін жасаушы негізгі индикаторлардың бірі екені сөзсіз.

Соңғы кездері тіл білімінде адамның сана болмысын, оның айналасын, рухани қарым-қатынасын антропоэлектік және тілдегі адамдық фактор ретінде зерттеу белең алды. Халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінің, оның рухани дүниесі мен материалдық мәдениетінің әдет-ғұрып, салт-дәстүр т.б. түсініктерінің қозғаушы күші, тірегі, діңгегі адам болып табылады. Сондықтан да болар кез келген халықтың фразеологизмдері, оның ішінде мақал-мәтелдер адам ұғымымен байланысып жатады. Мұның бәрі ғаламның тілдік бейнесін жасаудағы ой иесінің үлес салмағын танытады.

Антропоэлектік ұстаным негізінде мақал-мәтелдер ауыспалы мағынада қалыптасып, тілдік қолданыста қарым-қатынас құралы ретінде жұмсалады. Мақал-мәтелдегі шындықтың бейнелі көрінісі өмірдің әртүрлі құбылыстарын эстетикалық бағалаумен байланысты. Эмоционалды заряд іс-әрекетке деген көзқарасты қалыптастырады, бұл мағынаның кеңеюіне әкеледі.

Қазақ мақал-мәтелдерінің барлығы дерлік ауыспалы мағынада қолданылады. Бұдан шығатын қорытынды мақал-мәтелдердің қалыптасуына негіз болған лексика-семантикалық шоғырдың алғашқы (номинативтік) мағынасының да болғандығын, яғни сол мағынаның абстракцияланып, ауыс мағынаға өтуіне қажетті ұлттық ұғым, ментальдық сана, логика-семантикалық мотив (уәж) т.б. заңдылығын көрсетеді [2, 36 б.].

Яғни премиологизмдер уақыт өте келе әртүрлі лексика-семантикалық модификацияларға, мағыналық элементтерінің күңгірттенуіне ұшырайды.

Мақал-мәтелдер тұрақты тіркес санатына жатқанымен өзгермей, қасаң болып қатып қалған құбылыс емес. Олар да жанды тілдің, ой толғамның өзгермелі ерекшеліктері мен заңдылықтарына сәйкес тұлғасы мен мағынасы құбылып, әр алуан модификациялық күйге ұшырап отырады. Сондықтан тілімізде жаңа мақал-мәтелдер пайда болады, ескілері ұмытылады.

Біз зерттеу жұмысымызда белсенді қолданыстағы мақал-мәтелдерді анықтап, олардың қазіргі семантикасын анықтауды, мәдени-семантикалық мазмұнын ашуды мақсат еттік. Алдымен, белсенді қолданыстағы паремиологизмдерді анықтау үшін 18-35 жас аралығындағы, қазақ тілді аудиторияға «Қандай мақал-мәтелді жиі қолданасыз», «жиі еститін мақал-мәтеліңіз қандай, ол мақалдың мәнін түсіндіріп беріңіз» деген сұраулар қойылды. 46 респондент қатысып, мына мақал-мәтелдерді күнделікті өмірде жиі қолданамыз деп көрсетті: *Еңбек етсең, емерсің; Білгенім бір тоғыз, білмегенім тоқсан тоғыз; Балық басынан шіриді; Ит жоқта шошқа үреді; Сенген қойым сен болсаң...; Отан отбасынан басталады; Шешесіне қарап қызын ал; Тәрбие тал бесіктен; Тегі жарымағанның тілеуі жаман; Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей; Еңбек бәрін жеңбек; Күріштің арқасында күрмек су ішер; Әзілің жарасса, атаңмен ойна; Білім – инемен құдық қазғандай; Басы істемегеннің екі аяғына зор келеді; Балалы үйдің ұрлығы жатпас; Балалы үй – базар, Баласыз үй – қу мазар; Қызым саған айтам, келінім сен тыңда; Қатынды жастан, баланы бастан; Той десе қу бас домалайды; Ет етке, сорпа бетке; Тойға барсаң, тойып бар; Көппен көрген ұлы той; Тойдың болғанынан, боладысы қызық; Жаманнан жарты аяқ ас қалады; Шақырылмаған қонақ сыпырылмаған жерге отырады; Бала белде, қатын жолда; Тең теңімен, тезек қабымен; Көп түкірсе – көл; Алыстағы ағайыннан, жақындағы көршің артық; Көп жасаған білмейді, көпті көрген біледі; Молданың істегенін істе ме, айтқанын істе; Аңқау елге арамза молда; Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғысы сонда барады; Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық; Көп тыңда, аз сөйле; Сыйласаң сыйлы боласың; Аузы қисық болса да байдың баласы сөйлесін; Қыстың қамын жаз ойла; Адамның күні адаммен; Болар елдің баласы бірін бірі батыр дер; Бір көрген – біліс, Екі көрген – таныс; Есектің артын жусаң да мал тап; Жақсылық қылсаң, бүтін қыл; Еріншектің «ертеңі» таусылмайды; Дос жылатып айтады, Дұшпан күлдіріп айтады; Көзден кетсе, көңілден кетеді; Сабыр түбі – сары алтын; Сақтанғанды Құдай сақтар; Аузы күйген үрлеп ішер; Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан; Барымен базар; Ағын суда арамдық жоқ; Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығар; Шығын шықпай, кіріс кірмейді; Қайтып келер есігіңді қатты жаппа; Сыйға сый, сыраға бал; Атасы құрдастың баласы құрдас; Басқа бәле тілден; Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан; Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала.*

Ал өзіңіз жиі қолданатын мақал-мәтелдердің мазмұнын ашып көрсетіңіз деген сауалға төмендегідей жауап берді:

Адам(ның) күні адаммен, (Дос болма топас наданмен) «Адам адаммен жасасады» демекші күллі адамдармен жақсы аралассаң да, ішінен дос деген атқа лайық адамды таңдай білу. Сол себепті, көп достың ішінен адал жанашыр досты дұрыс таңдай білу керек.

Дос жылатып айтады, Дұшпан күлдіріп айтады Дос – адамның жалпы өмірінде елеулі орын алатын, өзіндей көретін аяр адам. Сондықтан мақалда адал дос саған шындықты ашы болса да батырып айтады, ал сенің дұшпаның шындық ашы болса да оны тәтті қылып, үстіңнен күліп айтатындығын айтып тұр.

Сабыр түбі сары алтын, (Сарғайған жетер мұратқа) Сабырлылық – адам бойындағы ең ізгі қасиет. Сабырлы адам дйттеген мақсатына бірдеммен жетеді. Сондықтан адам баласы неғұрлым сабырлы болған сайын соғұрлым ол адам тілегенін еселеп алады.

Барымен базар, (Жоқты қайдан табар) Қолдағы бар дүниемен қанағат ете білу керек. Мақал қолдағы барға қанағат, жоқ болса алдағы уақытта бола жатар дегенді меңзеп тұр.

Ағын суда арамдық жоқ Ағын су – жер бетіндегі жоғарыдан төмен қарай ағып жататын су. Мақал ағын су үнемі тоқтаусыз бір арнамен ағып жаңарып отыратындықтан оның бойында арамдық тұрмайды. Сол секілді кейбір адамдар ағын су сияқты бүкіл жан-дүниесін ақтарып, ағынан жарылады. Бұндай адамдардың бойынан арамдық байқалмайды.

Әлін білмеген әлек Әрбір адам өзінің күшіне қарап жұмыс істеуі керек. Мақалда өзінің шамасын білмеген адам өзінің жағдайын өзі қиындататындығы айтылып тұр.

Шығын шықпай, кіріс кірмейді «Шығыс бар жерде кіріс бар» демекші, бір істі бастамас бұрын алдымен қолындағы барын берсе, кейіннен сол бергені еселеніп қайтады. Мақал басында қиналып шығын шыққан кезде артынан кірістің болатынын меңзеп тұр.

Есектің артын жу да мал тап Мақал еш еңбектенбей тек жатып ішер болып, жалқауланып кеткен адамға ұнамсыз жұмыс болса да жасау керектігін айтып тұр.

Қайтып келер есігіңді қатты жаппа Әрбір адам түрлі эмоцияға беріліп, кейде шектен шығып жатады. Мақал қандай жағдай болса да қайта келетін немесе бет көрісетін адамдармен сыйластықты сақтап, қайта кіретін есігіңді қатты жаппау керектігін айтып тұр.

Байқағандарыңыздай мақалдардың барлығының дерлік бастапқы мағынасы, мәні сақталған, алайда айта кететін жайт, мақалдардың көпшілігі білім, әлеуметтік жағдай, тәрбие, достық, той, қонақ, т.б.

туралы болды. «Қазақ халық мақал-мәтелдерінің басым көпшілігі қазақ шаруасының негізгі күнелткіші болған малшылық пен егіншілікті, көмекші кәсіптері – аңшылық пен балықшылықты бейнелейді. Онда шаруаның және диханның мінез-құлқы, тұрмыс-салты, ұғым-сенімі тапқыр ой, көркем тілмен жан-жақты сипатталған; шаруашылық жүргізудегі, қарым-қатынас жасаудағы тәжірибелері мен көрген-білгендері қорытылғандығын» [3] айтады. Бұл – мақал-мәтелдер өмір тіршілігінің айнасы екендігінің көрсеткіші. Мақал-мәтелдердің пайда болуына қандай да бір құбылыстың, күнделікті көзбен көріп, құлақпен естіп, жүрекпен сезініп жүрген оқиғалар әсер ететінін ескерсек, қазіргі қазақ қоғамында белсенді қолданысқа ие паремиологизмдердің арасында көшпелі қазақтың тұрмысында ерекше орын алған төрт түлік мал жөніндегі, көші-қон жөніндегі, қару-жараққа қатысты т.б. осы күнгі тіршілігімізде жоқ, мақал-мәтелдердің пассив қорға қарай өтіп бара жатқандығы байқалды.

Сондай-ақ бұл мақал-мәтелдер бастапқы құрылымы сан жағынан да, сапа жағынан да тарылып, ықшамдалып қолдануы кездесті (*Шешесін көріп қызын ал, аяғын көріп асын иш; Сабыр түбі – сары алтын, Сарғайған жетер мұратқа, Сабырсыз қалар ұятқа; Сенген қойым сен болса, күйсегеніңе болайын; Адамның күні адаммен, Дос болма топас наданмен; Барымен базар, Жоқты қайдан табар т.б.*).

Сонымен қорыта келе, «мәдениетіміз, ой-санамыз қандай болған, мынау ақиқат дүниені біз қалай таныдық, қалай жүйеледік, оны қалай көрсете алдық?» деген сұрақтарға толық жауап бере алатын, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін беретін паремиологизмдер үлкендердің жас ұрпаққа айтатын өнеге-өсиеті, ғибрат сөздері, ақыл-кеңесі ғана емес, сол ұлттың өзі туралы кең ақпарат беретін дереккөз болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қайдаров Ә. Тарихи лексикология және этнолингвистика// Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы, 1988, – 33-38 бб.
2. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Толғанай Т, 2004. – 560 б.
3. Адамбаев Б. Мақал-мәтел – халық даналығы. Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. – Алматы: Ғылым, 1996. – 5-6 бб.

М. СЕРІКҚЫЗЫ

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білім институтының ғылыми қызметкері, PhD докторант, Алматы, Қазақстан

ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯЛЫҚ БАЗАСЫН ӘЗІРЛЕУ

Аңдатпа. Мақалада автор Лингвомәдени ішкорпус әзірлеу барысында этномәдени бірліктердің лексикографиялық базасын әзірлеудің ерекшеліктеріне тоқталады. Ғылыми-танымдық-этнографиялық, когнитивтік бағытта зерттелген жұмыстардың цифрлық базасын әзірлеу үшін этнографиялық еңбектер, ғылыми еңбектер, фольклор, көркем әдебиеттер алынғандығын, «Бабалар сөзі» жүзтомдығынан діни сөздер, кірме сөздер, көнерген сөздер, варианттар, мәденионимдер мен этнографизмдер жинақталғанына тоқталады.

Тірек сөздер: лингвомәдени ішкорпус, этнография, лексикография, ұлттық код.

Аннотация. В статье автор акцентирует внимание на особенностях развития лексикографической базы этнокультурных единиц в ходе развития Лингвокультурологического субкорпуса. Подчеркивается, что для создания цифровой базы исследуемых научно-познавательных этнографических, познавательных произведений были взяты этнографические произведения, научные произведения, фольклор, художественная литература.

Ключевые слова: лингвокультурный субкорпус, этнография, лексикография, национальный код.


Annotation. In the article, the author focuses on the peculiarities of the development of the lexicographic base of ethno-cultural units during the development of the Linguoculturological subcorpus. It is emphasized that ethnographic works, scientific works, folklore, fiction were taken to create a digital database of the studied scientific, cognitive, ethnographic, cognitive works.

Keywords: linguocultural subcorpus, ethnography, lexicography, national code.

Ақпараттық технологиялар дамыған сайын адамның өмір сүру деңгейі ілгерілеп, кез келген қызмет түрі жеңілдеп, оңтайландырылды. Нәтижесінде қоғамға қажетті ғылым салаларының барлығын цифрландыру қажеттілігі туындады.

Көлемді материалдарды пайдалануға, қажетті тілдік деректерді тез тауып алуға және оларға тиісті өңдеулер жүргізуге мүмкіндік тудырып, зерттеу тәсілдеріне жаңаша көзқараспен қарауға және ғылыми айналым аясына аса маңызды тілдік материалдарды енгізуге жағдай жасау мақсатында профессор А.Жұбанов қазақ тілінің корпусын әзірлеу мәселесін көтерді. «Ұлттық тіл мәтіндерінің компьютерлік корпусын құру жобасы бір ғана ғылыми ұйымның шешетін мәселесі емес және ол зерттеу жұмысы 3-5 жылда аяқтала қояды деуге де болмайды. Себебі бұл аса күрделі және оның нәтижелері әлемдік дережедегі аса маңызды ғылыми жұмыс болып саналады. Зерттеу жұмысының мақсатына сай орындалатын міндеттері сала-салаға кезең-кезеңге бөлініп, тек қана ғалымдар қауымдастығын құру арқылы ғана ауқымды нәтижеге жетуге болары сөзсіз. Қазақ тілінің ұлттық корпустарын жасау – көп болып жұмылып атқаратын ұлттық құндылығымыз. Сондықтан Қазақстанның әр жерінде бірінен-бірі дербес атқарылып жатқан корпус жасау ісін орталықтандыру керек. Оған Қазақстанның әр жерінде ғылыми-педагогикалық қызмет атқарып жүрген ғалымдардан арнайы лингвистикалық топ құру керек. Өйткені тілдік бірліктерді модельдеу – өте күрделі мәселе. Сондай-ақ тілдік корпустар құрастырудың өзі ең алдымен лингвистикалық белгіленім талдамасын жасауға тіреледі. Осы кезге дейін жасалып жатқан корпус жасау тәжірибесіндегі нәтижелерді бір орталыққа жинақтау керек. Кітап, газет-журнал шығаратын баспалармен шартқа отырып, мәтіндердің электронды нұсқаларын алу қажет» [1, 4 б.] екенін айтқан.

Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында тілтанымдық ІТ ресурс – «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» әзірленіп, көпшілікке ұсынылып отыр. Қазақ тілінің ұлттық корпусында қазақ тілінің 40 миллион сөзқолданыстан тұратын электронды мәтіндер қоры жинақталған (<https://qazqorpus.kz/>). Оған енгізілген мәтіндер қорына морфологиялық, лексикалық, семантикалық, фонетика-фонологиялық белгіленімдер қойылған. Сондай-ақ Қазақ тілінің ұлттық корпусының құрамына енетін негізгі корпуспен қатар диалектологиялық, тарихи, ауызша, параллель, Ахмет Байтұрсынұлы, ономастикалық, мақал-мәтелдер, жарнама және лингвомәдени ішкорпустар да әзірленіп жатыр. Біздің мақаламыз Қазақ тілінің ұлттық корпусының (әрі қарай ҚТҰК) құрамына енетін *Лингвомәдени ішкорпустың* лексикографиялық базасын әзірлеудің ерекшеліктеріне арналып отыр.



1-сурет. Лингвомәдени ішкорпустың интерфейсі

Лингвомәдени ішкорпус әзірлеушілердің басты мақсаты – қоғамның ұлттық бірегейлігін нығайту, келешек жастардың рухани санасын жаңғырту, ұлттық рухты көтеріп, отаншылдыққа тәрбиелеу, лингвистикалық, мәдени-этнографиялық, тарихи-танымдық ғылыми зерттеулер санын бірнеше есеге арттыру, білім беру-оқыту үдерісін айтарлықтай жеделдету, мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту, сол арқылы әлемдік және отандық мәдени кеңістікте беделін көтеру болды. Әлемнің ешбір тілінің корпусында жоқ Лингвомәдени ішкорпусты әзірлеу – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры А.Фазылжанның идеясының негізінде жүзеге асырылып отыр.

Этнос болмысын тану тіл арқылы жүзеге асатыны белгілі. Тіл арқылы сол ұлттың өзіне ғана тән ерекшелігі, осы уақытқа дейін айналысқан тұрмыс-тіршілігі, ұстанатын діні мен сенімі, құндылықтары,

салты мен дәстүрі сыртқа шығады, өзгелерге жетеді. Ұлттық код та тілде сақталады. Белгілі ғалым Ә.Т. Қайдар: «Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілде ғана сақталатынын» [2] айтады. Тіл – тек қарым-қатынсақтың құралы емес, ол сол тілде сөйлейтін халықтың тарихы, болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, табиғаты, ұлттық ерекшелігі, тұрмысы мен тіршілігі.

Ақиқат болмысты танып-түсіну нәтижесінде жинақталған ақпарат тілде көрініс табады. Ғаламның тілдік бейнесі негізінен субъективті сипатта, себебі онда нақты бір адамның көзқарасы, дүниетанымы көрінеді. Ол атадан балаға берілетін категориялар жүйесі арқылы белгілі бір код құрап, дайын күйінде қабылданылып отырады. Адамның болмысты тану, түсіну нәтижесінде жинақтаған білімі тілдік бірліктерде көрініс табады. Тіл – адамдардың қарым-қатынас құралы ғана емес, әр ұлттың ұлттық болмысын, дүниетанымын, ойлау жүйесін сипаттайтын жалпыадамзаттық құндылық. Ақиқат дүниені тану үдерісінде дүниетанымдық білімдер арқылы жалпыадамзаттық сана қалыптасады. Бұл жалпыадамзаттық сана әлемдегі барлық халыққа ортақ болса, адамзаттың бір-бірінен ұлт ретінде ерекшеленуі ұлттық сананы қалыптастырады. Демек, тілден жалпыадамзаттық құндылықтармен бірге ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктер де көрініс тауып отырады. Әр халық мәдени, тарихи даму барысында қоршаған ортамен тығыз байланыста әлем туралы білімін жинақтап, сақтайды, вербалды сана, ерекше мәдени код түрінде тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады.

Әлемде болып жатқан құбылыстар барлық ұлт өкілдері үшін бірдей қабылданады. Бірақ сол ұлттың ұлттық ерекшелігіне байланысты тілде әртүрлі көрініс табады. Адам тілінде сол ұлттың кәсібіне, мәдениетіне, салт-дәстүріне қатысты тілдік бірліктер көрінеді. Адам – дүние, әлемді, болмысты танушы белсенді субъект ретінде сол дүниенің тілдік бейнесін жасаушы басты тұлға. Тіл – жалпы алғанда, адамның өз болмысы. Сондықтан қазіргі тіл білімінің дамуын гуманитарлық, адам факторына бағытталған, оның өмір сүру ортасына, онда қалыптасқан дәстүр мен нормаға сай өмір сүру әрекетін ескеретін тіл бірліктерінің қызметі мен орнына сол тұрғыдан баға беріп, зерттейтін ғылым ретінде сипаттауға болады.

Адам қандай да бір нәрсе туралы ойлаған кезде оның санасында сол заттың бейнесі көрініс табады. Таңбаның бейнесі ойға негіз болады. Ой сөз арқылы көрініс табады. Сана тіл арқылы көрініс табумен қатар тіл арқылы қалыптасады. Адам санасының қалыптасуы тіл мен сөйлесімнің пайда болуымен тығыз байланысты болады. Адамдар басқалармен қарым-қатынас жасау негізінде тіл мен өзіндік сана қалыптасады. Адам санасындағы болмыстың өзіндік белгілері мен ерекшеліктері білім түрінде жинақталады.

Адам бейнесі тіл семантикасында көрініс табады. Бұл орайда адамның өзі емес, адамның тілдегі бейнесі ерекше маңызды болады. Тілді зерттеу арқылы адамзат өзін өзі танып, түйсінеді. Адам алған әсерін өзі арқылы сипаттайды.

Тіл – адамның дүниетанымын көрсететін ерекше құбылыс, ол этномәдени белгілер арқылы айқындалып отырады. Тілдік категориялар жүйесінде адамның орны ерекше. Осыған байланысты Г.А. Золотова: «Адам – сөйлеуші ретінде де, өзі сөз етіп отырған әлемнің негізгі кейіпкері ретінде де тілдің орталық мүшесі болып табылады» дейді [3, 68 б.]. Тілдің антропоэкеттік ұстанымы лексика-семантикалық жүйеде айқын көрініс табады. Бұл бірліктер «мәдени код» ретінде қызмет етеді және сөйлемдердің білімі, стереотипі болып табылады. Мәдениет – күрделі құндылықтар жүйесі және тәсілдері болып табылады, сол арқылы адам әлемді де, өзін де таниды.

Адам өзіне дейінгі жинақталған білім қорын қабылдау арқылы этномәдени қауымдастықтың өмір тәжірибелерін де қабылдайды. Адамның танымдық әрекеті – ақиқат болмысты тануға, қоршаған ортаны түйсініп, жинақталған білімдер негізінде әлемдегі орнын түсінуіне бағытталады. Тіл – сөйлеушінің дүниетаным ерекшеліктерін бейнелейтін құрал, ерекше ұлттық ділдің көрсеткіші, мәдениеттің негізі. Сол себепті М.Балақаев: «Кісі білімді, тәлім-тәрбиені тіл арқылы алады, мәдениетті, өнерді, ғылымды, техниканы тіл арқылы үйретеді. Тіл – ұлт ерекшеліктерінің бірі, ұлт мәдениетінің бір формасы. Сондықтан онда әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Халықтың сондай ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары, оның психикалық қалпы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады» деп жазады [4, 14 б.].

Сондықтан бағзы заманнан бері ұлттың көне тарихын арқалап, оның барынша рухани-мәдени өмірінен сыр шертіп, ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға ауысып келе жатқан асыл мұра ана тіліміздегі мәдени-танымдық бағытта жазылған ғылыми-танымдық-этнографиялық, когнитивтік бағытта зерттелген жұмыстардың цифрлық базасын жасаудың, ҚТҰК құрамындағы Лингвомәдени ішкорпус әзірлеудің қажеттілігі туындады.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының А.Жаңабекова, Э.Өтебаева, Г.Исаева бастаған Лингвомәдени ішкорпус әзірлеушілері, алдымен, лексикографиялық база жинақтаудан бастады. Олар төрт түрлі бағытта топтастырылды:

1. Этнографиялық еңбектер. Арғынбаев Х. «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк», «Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу)», «Қазақ халқының колөнері», Ахметжанов Қ.С. «Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері)», Әбішев Х. «Аспан сыры», Әжіғали С., Байғабатова Н. «Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары», Әлімбаев Н. «Қазақтың дәстүрлі тіршілік циклі салт-жоралғыларының теориялық мәселелері жөнінде (этносемасиологиялық аспект)», Өнесов Ғ. «Дәстүрлі жерлеу салты», «Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер», Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А. «Қырандар», Ғабитханұлы Қ. «Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі», Жанпейісов Е. «Қазақ ескіліктері», Ибраев М. «Сарыарқа қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары», Қазақ әдеби тілінің сөздігі, Қазақтың Ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер, Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгіні, Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде), Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия, Қайдар Ә. «Қазақтар: ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік)», Манкеева Ж.А. «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері», Марғұлан Ә. «Ежелгі жыр, аңыздар», Сыздықова Р. «Сөздер сөйлейді», Тәжімұратов Ә. «Шебердің қолы ортақ», Тоқтабай А. «Қазақ жылқысының тарихы», Уәлиев Н. «Сөз мәдениеті», Шойбеков Р.Н. «Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы», Шоқпарұлы Д. «Теріден жасалатын бұйымдарды құрастыру технологиясы» және т.б.

2. Ғылыми еңбектер. Ахметов Ә. «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер», Жалмаханов Ш. «Түркі лексикасының семантикалық деривациясы», Жартыбаев А.Е. «Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері», Жылқыбаева А. «Түркі тілдеріндегі ас-тамақ атауларын салыстыра зерттеу», Оразалиева Ә. «Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма», Рысбергін Қ.Қ. «Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері», Сәтенова С.К. «Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты», Смағұлова К. «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері», Шойбеков Р.Н. «Қазақ тілінің колөнер лексикасы», Жаңабекова А. «Қазақ тіліндегі «уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы» және т.б.

3. Көркем шығармалар. М. Әуезов, К. Сегізбаев, Ә. Кекілбаев, Қ. Ысқақов, І. Есенберлин, Д. Исабеков, Ж. Аймауытов, М. Дулатұлы, М. Мағауин, С. Мұқанов, Т. Ахтанов, Т. Әлімқұлов, Ш. Мұртаза, Абай, Ы. Алтынсарин, Ә. Нұрпейісов, Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов, Ә. Әлімжанов, Х. Бекхожин, Д. Досжанов, Т. Нұрмағамбетов, А. Сүлейменов, Б. Соқпақбаев, Т. Ізтілеуов, А. Сейдімбек, Н. Оразалин, Т. Әбдік, М. Байғұт, О. Бөкеев және т.б.

4. Фольклор. Ертегілер, аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар және т.б.

Лингвомәдени ішкорпусты әзірлеу барысында Қазақстан Республикасы Президентінің «2004-2006 жылдардағы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы Жарлығының (2004 ж., 13 қаңтар, №1277) негізінде Үкіметтің «2004-2006 жылдардағы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы» Қаулысы (2004 ж., 12 ақпан, №171) бойынша академик С.Қасқабасовтың басшылығымен жарық көрген «Бабалар сөзі» жүзтомдық топтамасында кездесетін *діни сөздер, мәденионимдер, этнографизмдер, кірме сөздер, көнерген сөздер, варианттар* жинақталды.

«Бабалар сөзі» батырлар жыры, діни дастандар, хикаялық дастандар, ғашықтық дастандар, тарихи жырлар, қытайдағы қазақ фольклоры, шежірелік дастандар, көне эпостар, қара өлеңдер, мақал-мәтелдер, балалар фольклоры, ертегілер, қазақ мифтері, моңғолиядағы қазақ фольклоры, топонимдік аңыздар, күй аңыздар, тарихи аңыздар, өтірік өлеңдер мен мысалдар, түс жору және ырымдар, ауызекі әңгімелер, ғұрыптық фольклор, магиялық фольклор, күлдіргі әңгімелер, ән-өлеңдер, аңыздық жырларды қамтитындықтан, әдеби жәдігерлерді толық, түпнұсқа негізінде қарастыруға мүмкіндік туды. Нәтижесінде 100 томнан

- 3640 сөздің варианттары,
- 7551 діни сөздер,
- 8220 кірме сөздер,
- 6020 этнографизмдер,
- 4650 мәденионимдер жинақталды.

«Бабалар сөзі» жүзтомдығының әр томы Лингвомәдени ішкорпуста *мәтін аты, дереккөзі, аудитория жасы, субкорпус, стиль, мәтін типі, сөзформа саны, мәтін формасы, мәтін көзі, жарық көрген уақыты, белгілеушісі туралы* метабелгі қойылып ҚТҰК базасына енді.

Мәтін аты	Мұхаммед-Қанапия
Дереккөзі	Бабалар сөзі: Жүз томдық. - Астана: "Фолиант", 2004. Т. 10: Діни дастандар. - 2004. - 360 бет.
Аудитория жасы	бейтарап
Субкорпус	поэтикалық мәтіндер
Стиль	көркем әдебиет
Мәтін типі	дастан
Сөзформа саны	2950
Мәтін формасы	жазбаша
Мәтін көзі	«Фолиант» баспасы
Жарық көрген уақыты	2004 жыл
Белгілеуші	Ақтоты Қожахметова

2-сурет. Мәтін белгіленім үлгісінің интерфейсі

Ендігі міндет – жинақталған сөздердің мәдени семантикасын ашып, Лингвомәдени ішкорпус материалдарын толықтыру.

Лингвомәдени ішкорпуста қолданушы лингвомәдени бірліктер мен этнографизмдерді белгілі бір тақырыптық топ аясында (адам атаулары, туыстық атаулар, ұлттық тағамдар, ұлттық ойындар, ұлттық киімдер, ұлттық қолөнер, зергерлік атаулар, ыдыс-аяқ атаулары, ұлттық баспана атаулары, қару-жарак атаулары, ұлттық музыкалық аспаптар, ұлттық төсеніш атаулары, киелі сандар) іздей алады және тіркесімділік-семантикалық өрісі, мәдени-семантикалық мағынасы туралы ақпарат ала алады.

«Тіл – өмір шындығы. Сол шындықты уақыт қалдырған қатпарлардан аршып ала білсек, шежіредей шыр шертіп тұрады. Өмірде болған нәрсе тілде де із тастамай кетпейді. Сондай іздің сорабын асыл мұрамыздың тілінен кездестіреміз» [5, 13 б.]. Сондықтан Лингвомәдени ішкорпусын жасаудың маңызы зор:

- ҚТҰК көлемі бұрынғыдан да ұлғая түседі;
- мәдени мазмұнды мысалдар (қазақ тілінің ауыз әдебиеті үлгілерінен алынған, этнографиялық энциклопедиялардан алынған) табуға мүмкіндік береді;
- гуманитарлық бағыттағы ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолжетімді, тиімді, ұтқыр дереккөзі ретінде қызмет етеді;
- мәдени-семантикалық талдаулар жасаудың әдіснамасын қалыптастыруға жәрдемін тигізеді;
- тілдік-концептуалды, лингвоелтанымдық зерттеулер жасауға мүмкіндік береді;
- тілдік мұра арқылы ұлттық ерекшеліктерімізді толық тануға мүмкіндік беретін негізгі тетік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А. Корпустық лингвистика. – Алматы: «Қазақ тілі», 2017. – 336 б.
2. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 780 б.
3. Золотова Г.А. Аспекты изучения категории глагольного времени // Известия Академии наук СССР. – Серия литературы и языка. 1975. Т. 34, №3. – С. 248-258.
4. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.
5. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Фил. ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2007.

СӨЗДІҢ МӘДЕНИ-СЕМАНТИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫН АШУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Сөздің мәдени-семантикалық мағынасын ашып, кешенді зерделеу – тілші ғалымдардың алдында тұрған жауапты міндет. Бұл мақалада осы тақырып аясында жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тіл тазалығы мен сөз мәдениеті, тіл табиғаты мен сөз сыры, терминология мен тілдік норма т.б. мәселелер жайында ғылыми-зерттеу мақалаларын жазып, қоғамдық үдеріске үн қосқан тілтанушылардың ой-тұжырымдары берілген. Сонымен бірге Тіл білімі институты дайындаған тілтанымдық ІТ ресурс – «Қазақ тілінің ұлттық корпусының» сөздің мәдени-семантикалық мәнін ашудағы көпшілікке ұсынатын мүмкіндіктері жайлы айтылған.

Тірек сөздер: сөз мағынасы, мәдени-семантикалық мағына, әдеби норма, тіл тазалығы, Қазақ тілінің ұлттық корпусы.

Аннотация. Комплексное изучение и раскрытие культурно-семантического значения слова - ответственная задача, стоящая перед учеными-лингвистами. В этой статье представлены идеи, выводы лингвистов, которые тем самым прилагали вклад на развитие общества и тех, которые провели всестороннюю исследовательскую работу в рамках данной темы, написали научно-исследовательские статьи по вопросам чистоты языка и культуры слова, природы языка и происхождения слова, терминологии и языковых норм и др. Вместе с тем, в статье говорится о возможностях, предоставленных широкой публике в раскрытии культурно-смыслового значения слова в подготовленном Институтом языкознания ІТ ресурсе – «Национальный корпус казахского языка».

Ключевые слова: значение слова, культурно-семантическое значение, литературная норма, чистота языка, Национальный корпус казахского языка.

Annotation. Comprehensive study and disclosure of the cultural and semantic meaning of the word is a responsible task which the linguistics scientists come across. The given article presents the ideas and conclusions of the linguistics researchers who thereby contributed to the development of the society and those who conducted comprehensive research work on this topic, wrote research articles on the purity of the language and culture of the word, the nature of the language and the inherent nature of the word, terminology and language norms, etc. At the same time, the article deals with the opportunities provided to the general public in revealing the cultural and semantic meaning of the word in the IT resource - «The National Corpus of the Kazakh language» worked out by the Institute of Linguistics.

Keywords: word meaning, cultural and semantic meaning, literary norm, purity of the language, National corpus of the Kazakh language.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, мағына жағының күштілігімен жағады» деп сөз өнерінің адам өміріндегі ерекшелігі мен маңыздылығына баса назар аударып, сөздің көркемдігі мен мағынасына, тазалығы мен сөз сазына ерекше көңіл бөлген [1, 52 б.].

Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Рабиға Сыздықова: «Сөз» деген сөздің өзі – мағыналық өрісі кең дүние. Тіл жеке сөздерден тұрады, яғни сөз – тілдің бір элементі. Бұл – оның түпкі мәні. Ал қазақ тілінде «сөз» сөзінің қосалқы, ауыспалы мағыналары бар. Мысалы, ақындар «сөз» деп поэзияны, өлеңді ұғынған. Ұлы Абайдың «Сөз айттым Әзірет Әлі айдаһарсыз» немесе «Сөз түзелді, тындаушы, сен де түзел» дегенде айтпағы – өзінің жаңа мазмұндағы, өзгеше сападағы поэзиясы жайында. Сонымен қатар қазақ «сөз» деп адамның ой-пікірін, көзқарасын, идеясын да атайды. Мысалы, біреу туралы «ол артына сөз қалдырды» десек, оның кейінгі ұрпаққа белгілі бір ой-пікір, идея қалдыруы деп ұғамыз. «Сөзі өтімді» дегенде де әңгіме біреудің көзқарасы, пікірі туралы екені аян» [2, 3 б.].


Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев: «Қазақтың тілі – қазақтың жаны. Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал...» деп тілді өткен мен келешекті байланыстырушы алтын көпір ретінде сипаттайды [3, 58 б.].

Енді тіл біліміндегі семантика сөзінің мағынасын ашайық. Жалпы семантика деген қандай ұғым? Ол нені зерделейді? Бұл жайында зерттеуші ғалымдар былай деп түсінік береді: «Семантика гректің *Semantikos* (белгілеуші) деген сөзінен алынған, қазір «сөз мағынасы» деген түсінікпен тең дәрежеде қолданылып жүр. Сондықтан да оқулықтарда семантикаға сөз мағынасын зерттейтін лексиканың бір саласы деген анықтама беріледі. Тіл білімінің басқа салаларына қарағанда семасиологияның пән ретінде зерттеле бастау тарихы онша ұзаққа бармайды, ал түркологияда ол өте кенже пән болып саналады. Сол үшін де семасиологияның негізгі мәселелерінің көпшілігі зерттелмеген. Зерттелгендерінің өздері де ары қарай талдай түсуді қажет етеді. Семасиологиялық зерттеулердің қиындық туғызатын екінші бір жағы да бар. Ол – түркі тілдерінде семантика терминдерінің әлі де анықтала қоймағандығында. Мысалы, семасиология сөз мағынасын зерттейді дедік. Бірақ сөз мағынасының да күрделі түсінік беретіні, оның лексикалық және грамматикалық мағыналарының бар екені анық. Шындығында да, лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның арақатынасын оқулықтарда тек салыстырып, айырмашылықтарын санап көрсетумен ғана шектеліп жүрміз» [4, 34 б.].

Филология ғылымдарының докторы, профессор М.Оразов сөз мағыналарының өзара айырмашылықтары болғанымен, бастарын біріктіріп, тілдік категория ретінде қолданылуына себепші болатын белгілерінің аз еместігін тілге тиек етеді. Олардың ең басты ортақ белгісі – екеуі де объектив дүниедегі заттар мен құбылыстарға қатысты, адам ойын абстракциялау қызметімен байланысты болады. Ғалымның пікірінше, лексикалық және грамматикалық мағынаның ең басты айырмашылығы олардың абстракциялау дәрежесі мен берілу формаларында болады.

Семантика ғылым ретінде XIX ғасырдың 2-жартысында қалыптаса бастады. В.Фон Гумбольдт идеясының негізінде Х.Штейнталь, А.А. Потебня, В. Вундттың күрделі еңбектері жарық көре бастады. Бұл еңбектерде семантиканың психологиялық және эволюциялық деп аталатын I кезеңі айқындалған. Ол кезеңнің басты ерекшелігі – онда мәдениетке эволюциялық көзқарас пайда болды және тіл семантикасы халық психологиясына жақындастырылып қаралды. Семантиканың салыстырмалы-тарихи деп аталатын 2-кезеңінде ол «семасиология» деген атпен тіл білімінің жеке саласы ретінде бөлініп шықты. Бұл кезеңде нақты тарихи салыстырмалы зерттеу принциптері негізінде семантиканың тарихи заңдылықтары қалыптаса бастады, салыстырмалы-тарихи көзқарас этимологиялық зерттеулерде айқын көрінді. Семантиканың 3-кезеңі XX ғасырдың 20 жылдарынан басталады. Оған тән сипат – семантиканың логика мен философияға жақындасып, синтаксиске бағыт алуы. Сол себепті бұл кезеңді синтаксистік-семантикалық немесе логикалық-семантикалық кезең деп атауға болады [5, 68 б.].

Жалпы сөздің мәдени-семантикалық мағынасын ашуда тіл біліміндегі семантикалық үшбұрыш деген ұғымнан тысқары кете алмаймыз. Себебі бұл – тіл біліміне, ғылымға тән ортақ термин. Сөз мағынасының құрылымдық элементтерін анықтауда К.Огден мен И. Ричардстың семантикалық үш бұрышын айта кеткеніміз жөн. «Бұл үшбұрышты ғылыми еңбектерде семантикалық үш бұрыш деп атау да бар. Үшбұрыштың А бұрышы сөздердің дыбысталуын көрсетсе, В бұрышы ұғымды, мағынаны, ал Д бұрышы объектив дүниедегі затты, денотатты (референтті) көрсетеді. АВ қабырғасы дыбысталу мен ұғымды, мағынаны байланыстырса (таңбалық қасиетке негізделіп), ВД қабырғасы зат пен ой арасындағы (бейнелік таным процесімен) байланысты көрсетеді. Бірақ қазір жарық көрген еңбектерде семантикалық үшбұрыштың бұрыштарының ара қатынасын анықтауда бірізділік жоқ» [6, 71 б.].



Қазақ сөзінің мәдениеті, қазақ әдеби тілінің нормасы, сөзсаптам жайында белгілі тілтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұргелді Мақажанұлы Уәли 1970 жылдардан бері күні бүгінге дейін қазақ баспасөзінде, әртүрлі басылымдарда жарияланған көптеген ғылыми-көпшілік мақалалар жазып, зерттеу еңбектермен айналысып келеді.

Нұргелді Уәли сөз мәдениетіне, оның тазалығына, әрбір сөздің мәдени-семантикалық мағынасын ашуға ерекше көңіл бөледі. Баспасөз беттерінде жарияланған ақын-жазушылардың шығармаларына, түрлі әдеби шығармалардың тіліне талдау жасап, мысалдар келтіре отырып, дұрыс қолданысын көрсетеді. Мәселен күнделікті өмірде жиі қолданып әрі естіп жүрген «салауатты өмір салты» тіркесіне

талдау жасап, мағынасын ашып береді. «Ел құлағына жете берсін, реті келіп тұрғанда тағы да айтуға тура келеді: әлеуметтік үні ерекше болғандықтан, салауатты өмір, салауатты өмір салты дегенді күн сайын айтып, күн сайын жазып жатамыз. Дұрысы – саламатты өмір, саламатты өмір салты. Әңгіме дененің саламатты, сау, таза, дертсіз болуында ғой. «Саламатсыз ба!» деп амандасамыз, «Сау саламат болыңыз!» деп қоштасамыз. Саламат сөзінің мазмұнында – саулық, амандық, дерттен тазалық, жақсы көңіл күй, бәрі де бар. Ал салауат сөзі әуел бастан-ақ «кешірім», «дұға оқу» дегенді білдірген. «Өткенге салауат» дейтін сөздің мағынасы осыған жақын. Олай болса, «әдет-әдет емес, жөн – әдет» деп, саламатты өмір салты» дегеніміз дұрыс болар», - дейді ғалым [6, 103 б.].

Сөздің мәдени-семантикалық мағынасын ашу арқылы біз тіл тазалығын сақтап, әдеби нормаға сәйкес қазақ сөздерін орынды әрі сауатты қолдануды үйренеміз. Профессордың жүйелі зерттеуі және айтпағы мұнымен таусылмайды. «Мысалы, «сабаға» жай сөз деп қарамау керек. Бұлай дегенде біз оның қалай жасалатынын және ұлттық тағамды сақтауға арналғанын, тек қазақта ғана бар нәрсе екендігін ескеруіміз керек. Сабаны жасау – бір жағынан, үлкен өнер де. Екінші жағынан, саба көптеген теңеулерге, образдарға негіз болып жүр. Мәселен «бес биенің сабасындай» деген сөз бар. Мұны біреу түсінеді, біреу түсінбейді. Көбінесе әйелдерге қатысты айтылған бұл сөздің жалпы мағынасы «кең», «мол», «үлкен» дегенді білдіретіні рас. Бірақ одан әрі де таратып айтуға болады. Мен өзім әуелде «саба тек бес биенің терісінен жасалады екен ғой» деп ойлаушы едім. Шындығында, бұл – айғырдың терісінен жасалады екен және бір сабаға тоғыз, он, тіпті он беске дейінгі тері пайдаланылатын, өзіндік технологиясы бар, үлкен еңбек болып шықты. Диалектілердің осындай этномәдени сипатын ашуға тырысу, оларды зерттеу – өте қызық та, қажет те нәрсе. Бірақ өкінішке орай, бізде бұл жағы мықтап қолға алынбай отыр», -деп алаңдаушылығын жеткізеді [6, 128 б.]. Осылайша сөздердің этномәдени сипатын ашу арқылы олардың мағынасын ұғындырып, көпшілік қауымға қазақ тілінің көркемдігі мен тазалығын, мөлдірлігін, даналығы мен даралығын, тіл қуаты мен тілдің байлығын көрсетеді.

Ғалым сөздің мәдени-семантикалық мағынасын ашу барысында тағам атауларын да қарастырған. «Осыған ұқсас құбылысты тағам атауларынан да ұштастыруға болады: саумал – «биенің сүті» (жаңа сауылған), ал ашығаны – қымыз; қымызды бабында ұстау үшін үстіне саумал құйып, жиі-жиі пісіп отырады. Саумал – «сиырдың жаңа сауылған сүті» («парное молоко»); құймақ – «түйенің жаңа сауылған сүті», ашығаны – шұбат. Әдетте шұбатты жуасытып, ашуын бәсендету үшін шұбаттың үстіне құймақ құйып отырады» [6, 123 б.]. Ақиқатында, әрбір сөздің этномәдени сипатын ашып, түпкі тарихын зерделеу, тіл мен салт-дәстүрді, мәдениетті, тарихты қатар қойып, өзара сабақтастықта қараудың нәтижесінде тың дүниелердің құпиясы ашылып, санаға жарық сәуле түседі. Осыдан кейін көкірегі ояу, санасы сергек әрі танымы терең әрбір жанның туған тіліне деген құрметі мен қызығушылығы оянатыны күмәнсіз. Өйткені тіл мен таным – біртұтас құбылыс, жалпыадамзаттық дүниетаным адамның тілі арқылы көрініс табады.

Тіл мен танымның тұтастығын зерттейтін сала когнитивтік лингвистика деп аталады. Қазіргі кезде тіл арқылы ғаламды тану проблемасы лингвокогнитология пәнінен бұрын этнолингвистика ғылымында сөз болған және әлі де зерттелуде. Бұл мәселеге қатысты В. Телияның, В.А. Маслованың, Н.Уәлидің, Ж.Манкеваның, Э.Оразалиеваның, Қ.Жаманбаеваның, Б.Қалиевтің т.б. зерттеушілердің еңбектеріне жүгінсек болады.

Белгілі тілші-ғалым С.Жиренов былай дейді: «Жеке тұлғаның өмірлік позициясы мен дүниетанымдық көзқарасы тіл арқылы көрінеді. Ал жекелеген ұлттың этноболмысы тілінде суреттелсе, жалпыадамзаттық дүниетаным адам тілі арқылы беріледі. Сондай-ақ теологиялық, мәдени-саяси, ғылыми таным құбылыстарын тіл қуаты арқылы толық тануға болады». Демек, тіл табиғатына, сөз мәдениетіне тән таным құбылысы әлі де кешенді зерттеуді талап ететін күрделі тақырып екендігі даусыз [7, 171 б.].

Тілімізде әдет-ғұрыпқа байланысты айтылатын сөздер көп. Солардың бірі – күшік күйеу. Жалпы алғанда, күшік күйеу қандай мағынада айтылады әрі оның күшікке қандай қатысы бар? Тіл жанашыры Н. Уәли бұл сөздің шығу төркінін о бастағы ел ішіндегі ескі салтпен сабақтастырып, сөздің этномәдени сипатын ашады. Профессор бұл жөнінде былай деп таркатады: «Тілімізде әдет-ғұрыпқа байланысты айтылатын сөздің бірі – күшік күйеу. Бұлай деп неге айтылған? Күйеудің күшікке, күшіктің күйеуге қандай қатысы бар? Байқап отырсақ, бұл сөздің шығу төркіні о баста ел ішіндегі ескі салтқа байланысты екен. Әрине, ерте кезден күйеудің қалыңмал беріп үйленетіндігі бәрімізге белгілі. Бірақ ол заманда кейбіреудің қалыңмал беруге шама-шарқы келе бермеген ғой. Белгілі этнограф Х.Арғынбаев бұдан жүз жыл бұрынғы басылымдардан (Женщина в кочевом быту. Туркистанские ведомости) мынадай дерек келтіреді: «...Кедей балалары 20-30 жасқа дейін үйленбей жүрген. Тіпті тақыр кедей балалары бір-

неше жыл жалға жүріп, қалыңмалға беретін мал жияды немесе қалыңдық үшін қыз әкесіне қызмет ету әдеті де болған» [8, 68 б.].

Қыздың әкесінің үйінде жүріп, қалыңмалды қызмет етіп өтеген күйеуді ертеректе күш күйеу деп атаған. Бұл сөз кейбір түркі тілдерінде «күшік күйеу» емес, күч күйеу (қырғыз тілінде-күч күйеу) деп аталады [9, 75 б.]. Ал ғалым Н.Уәли осы бір сөздің мәдени-семантикалық мәнін ашу мақсатында бірқатар көне деректер мен мағыналы мәліметтерді ақтарып, бізге айтылмыш сөздің түпкі мәнін түсіндіріп берген. Ғалымның пайымдауынша: «Күш күйеудің күшік болып өзгеруі, бір жағынан дыбыстардың ұласа айтылуынан десек, екінші жағынан, «күйеу атымен күл тасы» дейтін әзіл-оспаққа да байланысты болса керек. Осылайша көптеген сөздің түп-төркіні танымастай өзгеріп те кетеді. Тілімізде мұндай құпиялар аз кездеспейді. Фольклорлық мұра, ескі нұсқа, көркем әдебиет тілі, аңғара білсек, көп «жұмбақтың» сырын ашып, жоғалғанды еске салады» [6, 130 б.]. Демек сол көп «жұмбақтың», тілімізде түрлі құпиялардың сырын ашып, жоғалғанды еске салып, кешенді зерделеу – бүгінгі тіл біліміндегі көкейтесті мәселелердің бірі деп бағамдаймыз.

Қазақ тіл ғылымының көрнекті қайраткері Р.Сыздықова «Сөздер сөйлейді» еңбегінде: «Белгілі бір сөздің, не сөз тіркесінің бұрынғы және қазіргі қолданысына, яғни сөз мағынасының өзгерісіне, даму эволюциясына назар аудару ана тіліміздің барша байлығын айқындай түсуге жол ашады», -деп ақын-жыраулар тілінде кездесетін сан алуан тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер құрамындағы көне сөздердің байырғы мағыналарын ашып, олардың семантикалық өрім-өзгерістерін саралау қажеттілігін көрсетеді [10, 159 б.]. Бұл бағытта да Р. Сыздықова қазақ тіл біліміне қыруар зор еңбек сіңірді.

Н.Уәлидің аталмыш еңбегінде қазіргі тіліміздегі әуелгі мағынасы күңгірттенген немесе мүлде ұмытылған сөздердің бастапқы мәні анықталып, олардың түпкі төркінін айқындаудың жолдары баяндалады. Сондай тұрақты тіркестің бірі – ашсам-алақанымда, жұмсам-жұмырығымда. Ғалым ол жайында былайша өнікті ой білдіреді: «Соңғы кездерде ашсам-алақанымда, жұмсам-жұмырығымда деген тұрақты тіркесті ашсам-алақанымда, жұмсам-жұдырығымда деп қолдану жиі ұшырайтын болып барады. «Бұрын ешкім көзге ілмейтін, тері-терсек жинап күнелтетін Дүйсен еді. Енді бір тайпа елдің бастығы. Ашса-алақанында, жұмса-жұдырығында» (Ж. Кәрменов. «Соғыс жылғы талдар»). Жеке алғанда «жұдырық», «жұмырық» өзара ұқсас сөздер екені белгілі. Бірақ бұл жерде жұмырық «уыс» сөзімен мағыналас. Жұмған нәрсе жұдырықта емес, жұмырықта, басқашалау айтқанда, «уыста» болмай ма? Кейбір тұрақты тіркестердің эвфониямен, дыбыс үйлесімімен айтылатындығын да ескеру қажет. Осы тізбектің жұмсам-жұмырығымда... деп айтылуына дыбыс үйлесімі бар» [6, 133 б.].

Нұрғелді Уәлидің сөз мәдениеті мен тіл табиғатына тән таным құбылысын зерделеуі, сөздердің мәдени-семантикалық сипатын дәйекті дәлелдермен көрсетуі – тіл біліміндегі тың талпыныс пен жүйелі зерттеудің үдесінен шыға білгендігін көрсетеді.

Сондай-ақ жас шамасы бірдей адамдарды ауызекі сөйлеу тілінде түйедей құрдас, түйдей құрдас деп те айта беретіні белгілі. Нақтырақ айтқанда, екі нұсқаның қайсысы дұрыс? Профессор бұл сөздің тарихына үңіліп, Махмұд Қашқаридің XI ғасырдағы сөздігінен іздеп, мағынасын әріден түсіндіруге тырысады. «Төрт түліктің төресі – түйенің жасқа қандай жанасымы бар? Бұлай деп айту – ауызекі тілде мағынасы көмескі сөзді (түйдейді) дыбысталу ұқсаса теліп, қайта жаңғыртудың «жемісі». Көмескі сөзді «шеттеу», оны өзге сөзбен ұштастыру ауызекі тіл ыңғайында болатын құбылыс. Егер сөз төркініне үңілсек, түйдей бастапқыда тұз сөзімен төркіндес болғанын байқаймыз. Бұл жерде 3-и сәйкестігін еске алуға болады: сөз-сөйле. Түй (дей) сөзінің бастапқы түрі-тұз (дей), тұз (у)-»бірдей», «тендей», «тегіс» деген мағынаны білдірген. Бұл сөз әйгілі Махмұд Қашқаридің XI ғасырдағы сөздігінде де кездеседі. Осы сөздікте «беш ернек тұз емес» (қазіргіше айтсақ, «бес саусақ бірдей емес») деген мақал бар. Осындай салыстыруға қарағанда бір кезде түйдей дербес мағыналы сөз болған. Түйдей құрдас дегенді түйедей құрдас деу – ауызекі тілдегі жаңғыртулардың бірі. Алайда мағына үйлесіміне «ақау» түскен ауызекі ауытқулардан жазушы қаламы аулақ болса, өзге де өнеге болар еді» деп ауызекі тілде орынсыз өзгертулерден абай болуды ескертеді [6, 132 б.]. Себебі тілдің өзіне тән өзгермейтін қалыптасқан заңдылығы бар, ол қисынға салуға келмейтін құбылыс.

Осы тұста сөздердің мәдени-семантикалық мәнін ашуда Тіл білімі институтының әзірлеген ІТ өнімі – Қазақ тілінің ұлттық корпусы жобасын айтпасқа болмайды. Атап айтқанда, қажет сөзді ішкорпус базасынан іздеу үшін ұяшықтарды тандап, керек сөзді енгізіп, іздесеңіз алдыңыздан макротоптар, микропоттар, бейнебаяндар, мәдени-лексикалық қабаттар, мәдени бірліктер қазынасы ашылады. Бұл мәліметтер кейбір сөздердің мәдени-семантикалық мағынасын ашуға септігін тигізетіні анық. Соның бірқатарына мысалдар келтіре кетейік.

Мәдени ішкорпус базасының көнерген сөздер бөлімінен абиат сөзін қарадық. Ғашықтық дастаннан үзінді келтірілген [11, 78 б.]:

Ләйлі тұр ортасында жакқан шамдай,
Бұлардың һешбіріне назар салмай,
Ләйліні шаттандырып күлдірмекке,
Айтады түрлі абиат дамыл алмай [12, 89 б.].

Бұл сөздің мағынасын 2019 жылы жарық көрген қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінен іздегенде абиат (абиат - араб тілінен аударғанда) өлеңдер деген мағына беретінін анықтадық. «Қазақ фольклорлық жырлары мен ескі қазақ жазбаларында және классикалық шығармаларда жиі кездесетін сөздердің бірі» [13, 63 б.]. Ал қазақ тілінің біртөмдық үлкен түсіндірме сөздігінде абиат (сын.діни) шектеусіз; мәңгілік; тоқтаусыз деген мағынада келтірілгенін анықтадық [14, 18 б.].

Мәдени-лексикалық қабаттар бөліміндегі азиз болу сөзін қазақ тілінің біртөмдық үлкен түсіндірме сөздігінен қарастырғанда, «АЗИЗ: азиз болу. ескі кіт. Қиын жағдайда болу» деп түсіндірілген [14, 35 б.]. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінен іздегенде, жалпы азиз сөзі «ғазиз – араб сөзі, «құрметті, қадірлі, сыйлы», «аса зор, қуатты, онымен ешкім де теңесе алмайды» деген ұғымда қолданылатын Алла Тағаланың 99 есімінің бірі. Бірінші мағынасы қазақ фольклорлық шығармалары мен ескі қазақ жазбаларында «ғазиз дос», «ғазиз жан», «ғазиз бала» түрінде «ең аяулы, асыл қимас адам» мағынасында қолданылған» [14, 135 б.].

Макротоптың туыстық атаулар бөліміндегі зүрият сөзінің мағынасына көз жүгіртіп [14, 11 б.] қазақ тілінің біртөмдық үлкен түсіндірме сөздігі мен кірме сөздер сөздігіне үніліп, салыстыру жасап, сөздің мәдени-семантикалық сипатын ашуға талпындық. Нәтижесі мынандай болды: Түсіндірме сөздіктің 564-бетінде «Зүрият-араб сөзі, зат есім, көне. Ұрпақ, тұқым» деген мағынаны білдіреді [14, 564 б.]. Келесі кірме сөздер сөздігінің 185-бетінен төмендегідей мағынаны анықтадық. «Зүрият-араб сөзі, «зурият»-тұқым, ұрпақ». Қазақ фольклорлық жырларында кеңінен қолданылып, «зурият, зүррият» нұсқаларымен де берілген [14, 185 б.].

Мұрат Мөңкеұлының «Қарасай-Қазиді» дастанында «зүрият» сөзі былайша өрнектелген:

Ала-алмасам ол ұят.
Атыңды сұрап келіп тұр
Ағаңнан қалған зүрият.
Қырымдағы ерлермен
Уәде қылып тұр едім,
Атым өліп, болдым мат [15, 416 б.].

Нұрғелді Мақажанұлы: «Тіл – өмір шындығы. Сол шындықты уақыт қалдырған қатпарлардан аршып ала білсек, шежіредей сыр шертіп тұрады. Өмірде болған нәрсе тілде де із тастамай кетпейді», - дейді [16, 127 б.]. Жалпы алғанда, сөздің мәдени-семантикалық мағынасын ашу арқылы біз тіл тазалығын сақтап, сөздердің әу бастағы түпкі мәнін түсініп, әдеби нормаға сәйкес қазақтың айшықты сөздерін сауаттылықпен дұрыс қолданамыз, жүрген жерімізде соны дағдыға айналдырамыз, өзгелерге де үйретеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет Байтұрсынұлының ақындық туралы айтқандары. https://adebiportal.kz/kz/news/view/axmet-baitursynulynyn-aqyndyq-turaly-aitqandary__2855.
2. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: «Мектеп», 1984. – 75 б.
3. Тоқаев Қ.: Қазақтың тілі – қазақтың жаны! <https://egemen.kz/article/186791-qtoqaev-qazaqtynh-tili-%E2%80%93-qazaqtynh-dgany!>
4. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: «Рауан», 1991. – 216 б.
5. https://el.kz/content-3360_2620/
6. Уәли Н. Қазақтың дәстүрлі сөзсаптамасы: тілтанымдық үзіктер. – Алматы: «Қазақ тілі», 2020. – 208 б.
7. Жиренов С.А. Қазақ тілі лексикалық жүйесінің семантикалық парадигматикасы: когнитивтік-концептуалдық негізі. Ғылыми монография. – Алматы: «Nurbook», 2022. – 308 б.
8. Женщина в кочевом быту. Туркистанские ведомости. 1889, 15.8.
9. Юдахин К.К. Қырғызша-орысша сөздік». – М., 1965. – 461 б.
10. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан). Толықтырылған 3-басылымы. – Алматы: «Арыс», 2004. – 232 б.

11. Қазақ тілінің ұлттық корпусы. <https://qazcorpus.kz/find-madeni/>
12. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т. 19: Ғашықтық дастандар. – 2005. – 328 б.
13. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі/Құраст.: Ш.Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан, Г. Әлімбек, Г.Мамырбекова, Д. Боранбаев. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.
14. Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі) / Құраст.: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков және т.б. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 б.
15. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2007. Т. 43: Батырлар жыры. 2007. – 416 б.
16. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Фил.ғыл. док... дисс. қолжазбасы: 10.02.02. – Алматы: А.Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институты, 2007. – 330 б.

Н.Н. ӘМЗЕ

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология
факультетінің 2-курс магистранты
Алматы, Қазақстан*

КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ ЖӘНЕ ЭТНОЛИНГВИСТИКА ҒЫЛЫМДАРЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Аңдатпа. Тіл – тек мәдениетті танушы құрал ғана емес, тілдің бойында мәдениеттің арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш анықталады. Тіл рухының ұлы күші халықтың ой-танымында, мінез-құлқында, әлеуметтік өмірінде сақталған. Өйткені адам баласының ой-санасы, сол арқылы істеген еңбегі, мінез-құлқына сай табиғатын қалыптастыруы, өз танымына сай өмір салтын қалыптастыруы тұтастай бір мәдениеттің дүниеге келуінің үлкен себепшісінің бірі.

Тірек сөздер: тіл, мәдениет, лингвистика, этнос, сабақтастық.

Аннотация. Язык – это не только средство познания культуры, но и великая сила, которая определяет отпечаток национального духа, который составляет основу культуры. Великая сила духа языка сохранилась в сознании, поведении, общественной жизни народа. Потому что мышление, через которое человек трудится, формирует характер, соответствующий его поведению, образ жизни, соответствующий его познанию, является одной из главных причин рождения одной культуры в целом.

Ключевые слова: язык, культура, лингвистика, этнос, преемственность.

Annotation. Language is not only a means of learning culture, but also a great force that determines the imprint of the national spirit, which forms the basis of culture. The great power of the spirit of the language has been preserved in the consciousness, behavior, and social life of the people. Because the thinking through which a person works, forms a character corresponding to his behavior, a way of life corresponding to his knowledge, is one of the main reasons for the birth of one culture as a whole.

Keywords: language, culture, linguistics, ethnicity, continuity.

Ғылыми ой-тұжырымдардың негізінде халық тілінің еншісі мәдениетпен толығатынын, ұлт мәдениеті сол этностың тілінде сақталып, болашаққа аманатталатыны сияқты астарлы ой-пікірлер туындау тәркіні тереңде жатыр. Айтылған ой жайында В.фон Гумбольдттің: «Тіл – халық рухы, халық рухы тіл арқылы көрініс табады» деген тұжырымы – жаңа ғылыми жолдың концепциясының алғашқы нышаны немесе қағидасы. Сондай-ақ оның мәдениет тілдің ішкі құрылымдық бөлшегі деп қарастыруы да тіл табиғатын таныта түсумен қатар, жарыққа шығып келе жатқан ғылыми жаңалықтардың шығу тегіне арқау болғаны сөзсіз. Атап айтқанда, ғалым пікірінше: біріншіден, мәдениеттің екі түрі – материалдық және рухани мәдениеттер ізі халық тілінде сақталады. Екіншіден, мәдениет – ұлт мен табиғатты жалғастырушы күш, төртіншіден, мәдениет пен халықтық рух – тілдің ішкі формасына тән», - деп көрсетеді. [1, 32 б.] Ал, мәдениеттің көне, жанасын, мәдениеттің арғы-бергі тарихын сөйлетуші де, жеткізуші де тек ана тілдің құдіреті екені әр халықтың өзіндік тұрмыс-тіршілігі тілі арқылы өрнектелуінен, мәдениеті тіл арқылы басқа елге танылуынан тіл мен мәдениет арасында ажырағысыз байланыстың торабы бар екенінен көрінеді. Мұның нақты ғылыми тұжырымын американдық ғалым Э.Сепир: «Тілдің бір тұғыры бар. Ол мәдениеттен тыс өмір сүрмейді. Ол дәстүр болып жалғасқан

біздің тыныс тіршілігіміз мүлде қабысып кеткен салт-дәстүр мен наным-сенімдерден арыла алмайды. Тілдегі лексика өзі қызмет етіп отырған мәдениетті өз қалпында көрсетеді. Ол тұрғыдан алғанда тілдің тарихы мен мәдениет тарихы жапсарлас дамиды деуге болады». [2, 18 б.] деп анықтай келе, әр халықтың танымдық ерекшелігі тек тілінің табиғатынан танылатынын көрсетіп, дәлелдейді. Соның негізіндегі адамзаттың дүниені тану мен ойлау арасындағы тәсілінің тіл құрылысының байланыстылығын этнолингвистикалық болжам ретінде баяндаудан туған «Сепир – Уорф болжамы» халықтық тіл мен ұлттық дүниетанымды танудың ғылыми алғышарты іспеттес болғаны – ғылымның жаңа сатыға аяқ басқандығының дәлелі.

Тіл – тек мәдениетті танушы құрал ғана емес, тілдің бойында мәдениеттің арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш анықталады. Тіл рухының ұлы күші халықтың ой-танымында, мінез-құлқында, әлеуметтік өмірінде сақталған. Өйткені адам баласының ой-санасы, сол арқылы істеген еңбегі, мінез-құлқына сай табиғатын қалыптастыруы, өз танымна сай өмір салтын қалыптастыруы тұтастай бір мәдениеттің дүниеге келуінің үлкен себепшісінің бірі. Осымен байланысты этностың психологиялық жайын тілге қатысты болжаулармен дәлелдеген В.фон Гумбольдт концепциясында: «Тілдің табиғаты мен тегі тіл мен ойлаудың халық рухымен байланыстылығында» деген құнды пікірмен бағаланды. Осы пікірді ғылыми жолға сүрлеп түсірушілер Г.Штейнталь мен М.Лацарус. Олар өз еңбектерінде халық психикасының этнотанымдық мәні, тілдің ішкі мазмұны адамның мінез-құлқымен байланысты деп түсіндіріп «тіл мәдениетке қатысты алғанда индивидтің творчестволық әрекеті», «халық рухы алдымен тілде» [3, 17 б.] деп түйіндеген. Осы ғылыми тұжырымдардың бастамасымен бұл үрдіс ғылымда өз жалғастығын тапқандығын төмендегі сияқты пікірлерден көреміз. Ғалым А.Вежбидская бұл туралы: «Каждый язык национально специфичен. При этом в языке отражаются, не только особенности природных условий и культуры, но и своеобразие национального характера его носителей», – деп көрсетеді. [4, 19 б.] Демек, этнопсихология ілімінің тіл аясында мәдени факторларсыз анықталуы оның жете танылуын қамтамасыз ете алмайды.

Тілдің ерекшелігін әлеуметтану тұрғысында зерттеген ғалым В.Вундт өз еңбектерінде күрделі интеллектуалдық әрекеттердің ұлттық мәдениетті танудағы орнына ерекше назар аударылады. Ол – ұлттық рухты жаңғыртатын факторлар, салт-дәстүрлер олардың дамуы мен халық мәдениетіндегі рөлін әлеуметтік рухани құбылыс деп бағалаудың бағытын көрсетті. Расында да, ұлттық рухтың нағыз келбетін танытатын – салт-дәстүрлер деп танымыз. Этностың бар өміріне рухани азық болған, тұрақты ұрпақ жалғастығына себепкер құбылыс салт-дәстүрлердің ұлттық мәдениет бастауы екендігі сөзсіз. Осы құбылысты дер кезінде мойындап, ғылыми тұрғыдан жаңа бағытқа жол салушы – ресейлік тілші-ғалым А.Потебня. Ол тіл халық мәдениетімен біте қайнасқан ұғым деген түсінікті қалыптастыра келіп: «Тіл – халықтық рухтың жемісі, сондықтан тіл ұлттық ерекшелікті көрсетеді» деп анықтайды. Мәдениет – тілдің таңбалану қасиеті арқылы танылатынын, оған дәлел халық ауыз әдебиеті үлгілері екендігін Жан-жақты сөз ете келе: «Халық рухы» алдымен тілде, содан кейін барып әдет-ғұрып, салт-дәстүрінде, ән өнерінде, фольклорында көрініс береді» [5, 117 б.] деп қорытады. Жоғарыда біз сөз еткен ғалымдардың зерттеулері ұлттық тіл мен халық мәдениеті арасындағы сабақтастықты о бастан болжап, тілдің ішкі формасына саятын қасиеттерін танытудан туған. Оның ішкі форманың тілдегі көрінісін өзек қылған ғылыми құнды ойлар мен тұжырымдар тіл ғылымының жаңа бағытымен ерекшеленетін лингвомәдениеттану пәнінің болжамы іспеттес. Асылында, адамзат қоғамының дамуында әлеуметтік сананың өрлеуі, ой-сананың жетілуі, тіл, мәдениет, тарихтың тоғысуы маңызды фактор. Ал, әр халықтың этномәдени тұрмысын ұлт тілінің жетегінде, әлемдік мәдениеттің ауқымында, дүниетанымын қоғамдық ғылымдардың саясында сөз ету мәселесі тіл ғылымының бүгінде ғылыми өрісін тереңге жайған этнолингвистика саласында сәтті бағытта іске асуда. Осымен тығыз байланысты ұлттық мәдениет пен ұлттық тілдің өзара байланыстары бір-біріне әсері айқын деректің белгілі бір этносқа тән екендігін танытуда бізге кешеуілдеп жеткен жаңа бағыттың бірі – лингвомәдениеттану. Бірақ тіл ғылымында XV ғасырдың бас кезінен бастап ерекше қалыптасқан жоғарыда аталған ғалымдардың (Ф.Соссюр, В.Гумбольдт, А.Потебня, В.Штейнталь тағы басқа) ғылыми ой-тұжырымдарын одан әрі ұластырушы Ресейдегі фразеологиялық мектептің өкілдері В.Воробьев, В.И.Телия, Е.М.Верещагин, В.Т.Костомаров, В.Маслованың зерттеулерінің лингвомәдениеттануды дербес ғылыми пән дәрежесіне көтерілуіне, қалыптасуына зор ықпал еткенін ерекше атап өткен жөн.

Тіл мен мәдениет ұғымдарының сыбайластығы әсіресе Е.М.Верещагин мен В.Т.Костомаровтың зерттеу еңбектерінде жаңаша қырынан танылады. Олардың: «Тіл – тек сөйлесу, қарым-қатынас құралы емес, ол Адам өмірінің материалдық және рухани мәдениетінің сол ұрпаққа тән тума қасиеттерін жинақтаушы, сақтаушы құрал, осы арқылы болашақ ұрпаққа жеткізуші құрал. Мұны тілдің кумулятив-

тік қасиеті деп танымыз. Тілдің тағы бір қоғамдық қызметі - әлеуметтік өмірде адамдарды жеке тұлға ретінде, ұлт өкілі ретінде қалыптасуы» [6, 10 б.] деген ойлары бүгінде лингвомәдениеттану пәнінің қоғамдағы әлеуметтік орнын нақтылай түскендей.

Мәдениет – қоғамдық фактор, бірақ оның мәдени тұғырға көтерілуіне әлеуметтік ортаның ықпалы зор. Өйткені бір этностың мәдениеті екінші халыққа оның тілдік деректері арқылы баяндалады. Ал тілдік деректер деп отырғанымыз – мәдениетті сипаттаушы сөз символдары мен тілдік таңбалар. Осы жайт туралы мәдениеттің тілге қатысты ерекшелігін зерттеген ресейлік мәдениеттанушы Ю.М.Лотман төмендегідей пікірмен сабақтастырады: «Всякая культура, обслуживающая сферу социального общения, есть язык. Это означает, что она образует определенную систему знаков, употребляемых и соответствия с известными членами данного коллектива правилами. Знаками же мы называем любое материальное выражение (слова, рисунки, вещи и т.д.), которое имеет значение и, таким образом может служить средством передачи смысла. Следовательно, культура имеет, во-первых, коммуникационную и, во-вторых, символическую природу».[7, 61 б.]

Ендеше жоғарыда аталғандай мәдениет ұлттық менталитет құндылықтарының түп негізі тіл қасиетінде көрініс табады. Тілдің құдыретімен бейнеленіп, шынайылықты танытады. Осы тұрғыда әр халық тілінде өзі жасаған және табиғат дарытқан ұлттық мәдениеттің ізі бар деуге болады. Бұл – тіл мен мәдениеттің тоғысу жолын көздеген лингвомәдениеттану пәнінің негізі болмақ. Сонымен, лингвомәдениеттану дегеніміз не? Ол жеке ғылыми сала ретінде нені зерттейді?

Лингвомәдениеттану латынның *Lingua*- тіл, *Gultura* –мәдениет, *Logos* ілім деген терминдердің жинақталуынан туындап, лингвистика мен мәдениеттану пәндерінің тоғысуында пайда болып, халық мәдениетінің тілдегі әсерін, ерекшелігін, жанаша көзқараспен салыстыра зерттейтін сала.

Этнолингвистика комплексті этнографиямен шектес, халық мәдениеті, тарихтың шығу тегі мен таралуын зерттейді. Бүгінгі ғылымда этнолингвистиканың зерттеу мақсаты – тілдің қызметі мен дамуына лингвистикалық, этномәдени, этнопсихологиялық факторының әсерін ерекше қарастыру, ұлттық болмыспен ұштастыру. [8, 15 б.]

Тіл ғылымында лингвомәдениеттану-лингвистика мен мәдениеттанудың түйіскен тұсынан туындап отырған, әрі этнолингвистика мен елтануды да ортақтастыратын жаңа ғылым. Сонымен, лингвомәдениеттану – ұлттық сипаты бар деп танылатын әлеуметтік, танымдық, этикалық, эстетикалық, саяси, адамгершілік, руханилық, тұрмыстық қағидалар мен заңдылықтарды тілдік құралдар арқылы жеткізуді зерттейтін тіл білімінің бағыты. Осы тұрғыдан лингвомәдениеттанудың ең негізгі мақсаты – ұлттық болмыстың тілдегі көрінісін, тіл фактілері мен халықтың танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы рухани мәдениетін танытып, олардың қызметі мен орнын анықтау деп түйіндеуге болады.

Лингвомәдениеттану пәніне қатысты Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұбанов, М.Әуезов еңбектерінен бастап, ғалым-тілшілер І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жұбанов, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиев, Ж.Манкеева, А.Жылқыбаева, Қ.Рысбергенова, Р.Шойбеков тағы басқа ғалымдар еңбектерінде тіл фактілеріндегі сипаты ретінде танытылады. Мысалы, Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде тілімізде көне сөздер ретінде танылатын әбдесте, барымта, адырна, дулыға тағы басқа сөздердің халықтық танымының сыры ашылған.

Этнолингвист-ғалым Е.Жанпейісов «Этнокультурная лексика казахского языка» еңбегінде М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясындағы этнографизмдерді тілдік әрі халықтық болмыс тұрғысынан зерттеуі қазақ халқының мәдениетін тіл деректері арқылы танытуда қосқан зор үлес деп білеміз. Көне сөздердің табиғатын танытқан белгілі тілші-ғалым Р.Сыздықова өзінің «Сөздер сөйлейді» тағы басқа еңбектерінде бүгінде жұртшылыққа таныс емес, бірақ ана тіліміздің қазынасында сақталған бірқатар сөздер мен сөз тіркестерінің (абжыландай толғану, Кеше, жыға, бес жетім тағы басқа) тарихи-тілдік мағынасын ашып, «қазақтың ауыз әдебиеті мен өткен ғасырда өмір сүрген ақын-жырауларының тілінде, жырларды ескі тұрмыс-салтқа байланысты бұл күнде ұмыт бола бастаған немесе мүлде ұмытылған, я болмаса мағынасы өзгерген сөздер мен сөз тіркестерінің кездесуі табиғи құбылыс» деп көрсетеді [9, 5 б.]

Тұрақты сөз орамдарының мәдени -ұлттық мазмұнын халық тілінің байырғы лексикасының сан алуан сырына байланысты көптеген нақты пікірлерді осы саланы «індете» зерттеп жүрген маман-ғалым Н.Уәлиевтің еңбегінен табамыз. Автор: «Халық өзінің өткен дәуірлердегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйдырып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген. Түп төркіні беймәлім сөздердің сәті түсіп, кілті табылғандай болса, көп нәрсені баян етіп, халықтың өткендегі ой-қиялы, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады»

[10, 12 б.] Дей келе, қасиетті жеті, он екі, тоғыз санымен тіркесті атаулардың (жеті көк, жеті ғалам, жеті ғашық, он екі мүше, тоғыз сәлемдеме) уақыт өлшемдерінің халықтық атауларының (он екі сәт, сәске, тәулік, екінді, марқа туған тағы басқа) мәнін қазақ халқының күнделікті мәдени өмірімен біте қайнасып тәжірибесінен туған атаулар екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеген. Осы аталған авторлар еңбектерінде сөз етілген ұлттық тіл деректерінің зерттелуін лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу аясына жатқызуға болады.

Кез-келген тілдік құбылыстың табиғатын оның тек тілдік заңдылықтарына ғана сүйеніп емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына да қатысты қарастыру этнолингвистика мен лингвомәдениеттану пәндерінің ортақ заңдылығы деуге болады. Профессор Қ.Жұбановтың «Тіл арқылы халықтың тағылымдық мұраты этностың әр дәуірдегі ұрпақ өкілдеріне мәдени әрі тілдік мұра ретінде сақталатынын және тіл мен мәдениетті табыстыратын жаңа саланың дүниеге келетініне сол кездердің өзінде-ақ болжам айтқаны белгілі».

«Ата мұрасы болып, Абайдың еншісіне тиген әдебиет қазынасы екі түлік болатын. Бірі – емшек сүтімен қатар құлағына кіріп, сүйегіне сіңген ананың «әлди-әлди, ақ бөпем», атаның «сал, сал, білек, сал білек», қойшының әні, қыздың сыңсуы, қаралы қатынның жоқтауынан бастап, көркемдік сезімін шарбыдай шырмаған халық әдебиеті».

«Орыста қой сөзінің баламасы жоқ. Олардың овца дегені саулық, баран дегені қошқар. Орысша корова – сауын сиыр; рогатый скот – мүйізді мал; толстый дегені бірде – жуан, бірде – қалың; лошадь – жылқы; бірақ ат, байтал, айғыр емес. Ал біздің ісек, тұсақ, құнан, құнажын, дөнен, дөнежін деген сөздеріміз басқаларда жоқ. Қазақ синий, голубой, зеленый деген түстердің бәрін көк дейді.

Халықтардың тұрмыс қалпы түрлі-түрлі болған соң, олардың әр затқа қоятын аттары да түрлі-түрлі. Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты» [11, 93 б.]. Артынан өшпес мұра қалдырған, ана тіліміздің ғылыми жолын сүрлеген профессор Қ.Жұбановтың осы зерттеулері бүгінде берік тұғырын сайлаған этнолингвистика ғылымы мен ғылыми сатыға қадам басқан лингвомәдениеттану пәндерінің ғылым көкжиегіндегі алғашқы нышандарын көрсетеді.

Академик Ә.Қайдардың «ана тіліміздің бай қоры – ұлттық болмыс-бітімді танытатын тілдік этнодеректердің қазынасы» деген пікірі қазақ этнолингвистикасының негізін салып, атаулы ғылым саласы жайында: Этнолингвистика – этностың, халықтың, ұлттың болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, қорланып, рухани, мәдени мұра ретінде атадан балаға мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі құнарлы мақсат тұтамыз. Екіншіден, қазақ, кең көлемде – түркі мәдениетінің концептілер жүйесін басқа мәдениеттер негізінде салағастыра отырып айқындап, олардың тілде көрініс тапқан тұстарына түсінік беру мақсат етіледі. Сонымен қатар, символ мен этномәдени белгілерде көрініс тапқан қоршаған ортаны танып-білудегі тереңде жатқан танымдық құрылымдарды айқындауды міндет етеміз. Үшіншіден, танымдық әдістемелерді қолдана отырып, салыстырмалы және салғастырмалы түрде қазақ тілінің фразеологизмдерінде танымдық тетіктердің қандай жолдармен бейнеленетінін анықтап, мәдени реңктегі фразеологиялық бірліктердің мәдени коннотациясын лингвомәдени сараптама негізінде ашу; көңіл-күйді білдіретін эмотивті мағыналас фразеологизмдердің образдық негізіне талдау, фразеологизмдердің мағынасын түсінудегі лингвомәдени күзіреттің рөлін айқындау мақсат етіледі. Қазақ, кең көлемде – түркі мәдениетінің тілде көрініс тапқан реалийлер мәселесі және олардың шетел, соның ішінде ағылшын тіліне аудару жолдарының теориялық және практикалық мәселелері зерттеу нысаны болмақ.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешу мақсатында зерттеуде лингвомәдениеттанудың әр түрлі кешенді әдістерін: лингвистикалық, концептуалды сараптама, этимологиялық, мәдени және лингвистикалық реконструкциялау (қайта өңдеу), эксперименталды танымдық лингвистиканың, метафораның танымдық теориясының әдістемелерін қолдана отырып тіл мен мәдениеттің, олардың өзара байланысының жан-жақты күрделі де біртұтас құбылыс екендігін дәлелдеуге талпыныс жасаймыз.

Сонымен қатар қазақ тілі материалдарына байланысты лингвомәдениеттанудың лингвомәдени күзірет, мәдени коннотация және тағы басқа ұғымдары айқындалады. Әйтсе де, лингвомәдениеттанудың терминдік немесе ұғымдық аппараты біз көрсеткен немесе осы таңдағы анықталған белгілерімен ғана шектелмейтіндігін баса айтқымыз келеді. Қандай да болмасын ғылым саласының ізденіс барысының да тереңдей беретін және келешекте теориялық жаңалықтардың болуы шарты лингвомәдениеттану ғылымына да тән.

Әдебиеттер тізімі:

1. Гумбольдт В фон. Избранные труды по языкознанию. – Москва, «Прогресс» 2000, – 400 с.
2. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – Москва. Наследия, 1993.
3. Жалмаханов Ш.Ш. Тіл білімі тарихы. Оқулық. – Қарағанды. ҚарМУ баспасы, 1999. – 203 с.
4. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – Москва. Международное отношение, 1996.
5. Потебня А.А. Эстетика и поэтика. – Москва. Искусство, 1976. – 614 с.
6. Верещагин Е.М., Язык и культура. – Москва. Русский язык, 1976. – 248 с.
7. Телия В.Н. Русская фразеология. – Москва. 1996. – 217 с.
8. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы. Санат, 1994. – 272 бет
9. Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128 б.
10. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы. Ғылым, 1998. – 196 б.
11. Сейсенова А. Лингвистикалық мәдениеттану: этинет формалы салыстырмалы талдау. Филол. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Автореф. – Алматы. 1998. – 22 б.

А.Б. НҰСТАЕВА

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
филология мамандығының 2-курс магистранты
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Аңдатпа. Мақала қазақ және түрік тілдеріне ортақ фразеологизмдердің ұқсастығы мен ерекшелігі туралы зерттеу жасалады. Бұл зерттеу жұмысында тіл білімінің ежелден келе жатқан фразеологизмдердің этномәдени сипатын анықтауды басты қағида етіп алдық. Соңғы кездері фразеологизмдерді туыстас тілдердегі немесе туыстас емес тілдердегі тұрақты тіркестермен салыстырып, ортақ ұқсастықтарын тауып, әр тілдің табиғатына тән ерекшеліктерін анықтап, бір жүйеге келтіру процесі дамып жатыр. Осы тұрғыда біз туыстас тілдер болып келетін қазақ және түрік тілдерін негізгі нысан ретінде қарастырдық. Қос тілге ортақ фразеологизмдердің семантикалық белгілерін саралап, мағыналық жағынан ұқсас тұрақты тіркестерді лексика-тақырыптық топтарға бөлдік. Ең бастысы, екі тілдің арасындағы этномәдени қалыпты сақтап, ұлттық көріністерін анықтадық. Бұл жұмыстың өзетілігін анықтайды.

Жұмыстың басты зерттеу нысаны лексикология мен этнолингвистика салаларына, сонымен қатар түркітану ғылымында ғалымдардың қазақ және түрік тілдеріне қатысты зерттеу жүйесі, олардың уәжділік, мағыналық ұқсастықтары мәдени тұрғыдан қарастырылды.

Тірек сөздер: фразеологизм, семантика, лексикология, этнолингвистика, қазақ тілі, түрік тілі, зерттеу, түркітану.

Аннотация. Статья посвящена изучению фразеологизмов, общих для казахского и турецкого языков. Главным принципом в данной исследовательской работе было определение этнокультурной природы языкознания, древнейших фразеологизмов. В последнее время развивается процесс сопоставления фразеологизмов с регулярными выражениями в родственных или неродственных языках, поиска общих сходств, выявления и систематизации особенностей, присущих природе каждого языка. В этом контексте мы рассматривали казахский и турецкий языки как основные формы родственных языков. Выделили семантические признаки фразеологизмов, общих для двух языков, и разделили семантически сходные устойчивые словосочетания на лексико-тематические группы. Самое главное, мы сохранили этнокультурную нормальность между двумя языками и определили национальные проявления. Это определяет самостоятельность работы.

Главным объектом исследования работы являются области лексикологии и этнолингвистики, а также система изучения казахским и турецким языками учеными тюркологии, их мотивационное, семантическое сходство с культурной точки зрения.

Ключевые слова: фразеология, семантика, лексикология, этнолингвистика, казахский язык, турецкий язык, исследования, тюркология.

Annotation. The article is devoted to the study of phraseological units common to the Kazakh and Turkish languages. The main principle in this research work was the definition of the ethno-cultural nature of linguistics, the oldest phraseological units. Recently, the process of comparing phraseological units with regular expressions in related or unrelated languages has been developing, searching for common similarities, identifying and systematizing the features inherent in the nature of each language. In this context, we considered Kazakh and Turkish as the main forms of related languages. Semantic features of phraseological units common to the two languages were identified and semantically similar stable phrases were divided into lexico-thematic groups. Most importantly, we have preserved the ethno-cultural normality between the two languages and identified national manifestations. This determines the independence of the work.

The main object of the research is the fields of lexicology and ethnolinguistics, as well as the system of studying Kazakh and Turkish languages by scientists of Turkology, their motivational, semantic similarity from a cultural point of view.

Keywords: phraseology, semantics, lexicology, ethnolinguistics, Kazakh language, Turkish language, research, Turkology.

Жер бетінде қанша халық болса, сол елді танытып, өзгелерден дараландырып тұратын бір қазынасы бар. Ол – тіл. Әр ұлттың тілі арқылы сол халықтың бүтін болмысын, оның байлығын, даналылығын, кемеңгер, ойшыл халық екендігін көрсетеді. Сондықтан тіл деген өткен ғасыр мен бүгінгі заманның арасын жалғаған көпір іспеттес екені хақ.

Тіл білімінің ең бай құнарлы саласы – фразеологизмдер. Фразеологизмдердің сақталып, жаңа ұғымдармен көбейіп жатқандығы ұлт мәдениетінің танымдық сипатын көрсетеді. Бүгінгі таңда фразеологизмдер немесе тұрақты тіркестер деп біз екі не одан көп сөздердің тіркесіп келіп, бір мағынаны білдіретін тіркестер қатарын айтамыз. Бұл терминнің бір жүйеге түсуіне байланысты біз тұрақты тіркес, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық орам, фразеологиялық тұлға, фраза сияқты атауларды қолданып жүрміз.

Ұлттық мәдени ерекшеліктерді қамтитын тұрақты тіркестерді талдап түсіндіру үшін оның ұлттық мәдени негізіне сүйену керектігі басты бағыт екені анық. Туыстас екі тілдің ұқсастығы мен айырмашылықтарын, түрік және қазақ тілдеріне ортақ фразеологизмдер қатарын лексика-тақырыптық топтарға Ә.Қайдаров пен Р.Жайсақованың жіктеу жүйесі бойынша топтарға бөлуге болады. Атап айтар болсақ:

1) фразеологизмдерге ұйытқы болған сөздерге қарай;

2) фразеологизмдердің жалпы мағынасына қарай. Сонымен қатар, түрік халқының тілінің тілдік ерекшеліктерін, фразеологизмдерінің табиғатын, жасалу жолдарын, оған қойылатын талаптарымен жақынырақ танысу, өзге тілді ана тілімізбен байланыстыра зерттеу – бүгінгі ғылымның ең өзекті мәселелерінің бірі.

Түркі халықтарының ұлттық мәдени өмірінің көрінісі олардың сөздік құрамының елеулі бөлігін қамтып тұрған фразеологиялық қорынан ерекше көрінеді.

Өйткені түрік және қазақ фразеологизмдері – осы халықтар өмірінің айнасы. Фразеологизмдер ұлттық мәдени маңызы аса жоғары деректерден құралады. Әрбір тілде сол тілді қолданушы халықтың мәдени өмірі жайлы хабар беретін фразеологизмдер көптеп кездеседі, олардан сол халықтардың дағдылы қалыптасқан дүниетанымы, ұлттық ерекше ойлау жүйесі, тұңғыық терең даналығы аңғарылады. Осындай ұлттық ерекшеліктері өн бойында тұнып тұрған фразеологизмдерді ажыратып, оларға талдау жүргізіп, түсіндіру үшін сол халықтардың ұлттық мәдени негіздеріне сүйену қажет. Фразеологизмдерде бейнеленетін халықтың ұлттық мәдени өмірінің көрінісі оның тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүрінде анық байқалады.

Қарастырып отырған қос тілден терген мына етістікті фразеологизмдер соның мысалы:

а) Екі тілде бірдей кездесуі:

O bir dūnyaуа gōç etmek (ол бір дүниеге көш ету) // O дүниеге кету /бару/;

Canını / ruhunu / vermek (жанын/ рухын/ беру) // Жан тәсілім қылу /ету/ (тәсілім – араб тілінде «беру» деген сөз);

Çözlerini yummak (көздерін жұму);

Canını vermek (жанын қию);

Ahrete gōç etmek (ақыретке көшу) // Ақыретке сапар жөнелу т.б.

ә) Тек қана түрік тілінде:

Ahreti boylamak – ақыретті бойлау;

Ahrete gitmek / varmak – ақыретке кету / бару;
Defteri türülmek – дәптері жабылу;
Postu elden gitmek – терісі қолдан кету;
İmamın dört çiftesine binmek – Имамның төрт міну;
Tahtalı köye göç etmek – тақтайлы ауылға кету;
Taşlı köyü baylamak – тасты ауылды бойлау;
Vakti / vadesi / gelmek – уақыты / уәдесі / келу;
O yolun yolcusu olmak – ол жолдың жолшысы болу;

б) Тек қана қазақ тілінде кездесуі: Қайтыс болу, ажалы жету, дүниеден өту / кету, озу, көшу, жөнелу, қайту/, дүние салу, жан тапсыру, жаны үзілу, қыршысынан қиылу және т.б.

Мәдени өмірдің бір көрінісі ретінде бүгінде түркі халықтарында сақталған дәстүр – бата беріп, тілек айту салты. Тілек мәндегі тіркестер бұйрық райдың екінші жағы арқылы айтылады. Қос тілдегі фразеологиялық тіркестер -сын / -сін жұрнақтары арқылы жасалады. Сөзімнің дәлелі ретінде бірнеше мысалдар келтірсем:

Түрік тілінде:

Aşk olsun – ғашық болсын – «жасасын» деген мағынадағы тілек;
Kolay gelsin – оңай болсын – бір қиын іспен айналысып жатқан адамға тілек мағынасында;
Geçmiş olsun – кетіп қалсын – ауыр жағдайға тап болған кезде айтылатын тілек;
Yolun açık olsun – жолың ашық болсын – жолаушыға айтылар тілек;
Gözün aydın olsun – көзің жарық болсын – «көрісуге жазсын» деген мағынадағы тілек;
Sağ olsun – тірі болсын – «әйтеуір бар болсын» деген мағынада.

Қазақ тілінде:

a. Көсегең көгерсін;
b. Көрпең ұлғайсын;
c. Көш көлікті / байсалды болсын;
d. Айтқаның келсін;
e. Жортқанда жолың болсын;
f. Жолдасың қыдыр болсын.

Қазақ тіл білімінде діни наным-сенімге байланысты оның ішінде, фразеологизмді осы тұрғыдан зерттеген екі еңбекті даралап айтсақ болады. К.Ф.Рыспаеваның «Қазақ тіліндегі культтік фразеологизмдер» және Қ.Ғабитханұлының «Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер» деп аталатын зерттеу еңбектерінде толығымен дінге байланысты фразеологизмдер қатары жинақталған.

Зерттеуші К.Ф.Рыспаева шаманизм, фетишизм, исламизм т.б. діни ағымдарға байланысты тілімізде қалыптасқан фразеологизмдерді топтастырып, семантикалық және құрылымдық жағынан жүйелейді [1]. Қ.Ғабитханұлы оларды этнолингвистикалық тұрғыдан қарастырады [2]. Мұсылман діні арқылы енген қос тілдегі ортақ фразеологизмдер қатары бір жүйеде тоғысады. Өйткені, түрік тілінде де, қазақ тілінде де фразеологизмдердің бағыныңқы сыңары араб-парсы тілінен енген есім болып келеді. Сөзімнің дәлелі ретінде, мысалы, *artesi buzulmak* (дәреті бұзылу) / дәреті сыну, *secdeye karanmak / gitmek* (сәждеге жабылу / бару) / сәждеге бас ұру, *senazasını çıkarmak* (жаназасын шығару) / жаназа оқу / шығару, *Allaha ualvarmak* (Аллаға жалбарыну) // Құдайға жалбарыну, *Kurban kesmek* (Құрбан кесу) / құрбандық шалу т.б. Фразеологизмдердің екі тілде де араб-парсы тілдерінен енген сөздер арқылы жасалып тұрғандығын көреміз. Бұлай болуы да заңды құбылыс. Себебі, ислам дінінің таралуына араб тілінің ықпалы зор болғандығы бесенеден белгілі.

Фразеологизмдердің түпкі шығу тегі тым әріде жатыр. Себебі, ертеректе адамдар отқа, суға, қандай да бір құдіретті күшке, көп құдайға, көкке табынған, оларды киелі деп есептеген. Мәселен, «от ана, май ана, жарылқа!» – деген тіркестерді құлағымыз шалып жатады. Сонымен қатар, отқа май құю тіркесі де осы қатарға жатады. Бұндай тіркестер шаманизм негізінде туған фразеологизмдер.

Екі тілде де көптеген тіркестер мұсылман дінінің әсерінен қалыптасқан. Бұл фразеологизмдер – бір кездегі халықтың ой-санасының, кемеңгерлігінің сәулесі іспетті. Сондықтан жұрттың қуанышы мен қайғысы, өкпе-реніші, көз жасы мен қорқынышы, алғысы мен қарғысы, тілегі мен батасы барлығы дерлік сол ұлттың қоғамдық өмірінің тілдегі көрінісі.

Шаман діні мен ислам дінінің өзара байланысы туралы Ш.Уәлиханов «Шаман діні қазақтарда мұсылман нанымдарымен араласып кеткен, сөйтіп араласып алып, мұсылман діні деп аталатын бір дін болып шыққан. Бұл діндегілер Мұхамедті білмей-ақ Аллаға сенген. Сонымен қатар, аруақтарға сыйынып, мұсылман әулиелерінің моласының басына барып, мал соятын болған, бақсыға сеніп,

Мұхаммед қажыларын құрметтеген. Олар отқа табынған, ал бақсылар аруақтармен қатар мұсылман періштелерін шақырып, Алланы дәріптеген. Міне, бұл сияқты қайшылықтар бір-біріне ерекше кедергі жасамаған, ал қазақтар осылардың бәріне сене берген», – деп жазады [3].

Шаман дінінің әсерінен қалыптасқан фразеологизмдер біз қарастырып оытқан қазақ және түрік тілдерінде бүгінгі күнге дейін сақталып қалған. Ондай фразеологизмдер көбінесе күнделікті әдет-ғұрыптар мен ырымдардың негізінде қолданылып жүр. Мысалы:

Түрік тілінде: Parmağını ısırmak (бармағын тістеу)

Dişini çekmek (тісін тарту) т.б.

Қазақ тілінде: Тілін тістеу, иек тарту т.б.

Көптеген жылдарды артта қалдырып, халқымыздың санасына сініп, сараланып жеткен бай дәстүрлеріміздің бірі – халқымыздың ырым-тыйымдары. Жақсылыққа жоралғы деп, жамандыққа тыйым ретінде айтылатын ырымдары еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін санасына құйылып, ұлағаттыққа жетелейтін қағида екені даусыз. Әрбір ырым сөздің астарында адамгершілікке, табиғатқа, ортаға, көрегенділікке қажетті қасиеттерді уағыздап, жамандықтан сақтанып, жаман істен безіндіретін түйіндер жатыр. Ең бастысы, осы ырым-тыйымдардың тәрбиелік мәні ұшан-теңіз. Бүгінгі күнде жас ұрпақты ізгілікке, инабаттылыққа баулуда тиімді құралдардың бірі болып табылады.

Тіліміздегі фразеологизмдердің табиғатының сан алуандылығы соншалық, олар тілге де, қашықтыққа да қарамастан, өзінің тілдік ерекшелігімен жаңа қырынан танылуда. Халықтың тұрмыс-тіршілігінің салдарынан туған фразеологизмдер тарихи, діни, әлеуметтік, т.б. жағдайлардың әсерінен пайда болған. Олардың құрылымы мен құрылысы жағынан, сыңарларының тіркес амалдарында бірізділік болса, ал мағына жағынан да сондай тиянақтылық бар.

Діни наным-сенімдер негізінде пайда болған тұрақты тіркестер тобы қазақ және түрік тілінде ауқымды орынға ие. Діни ұғымның негізінде пайда болған тіркестердің қатары өте ерте кезде, алғашқы дәуірлерде, яғни, сана-сезімнің орнықпаған шағында пайда болған. Бұндай фразеологизмдер сол кездегі адамдардың табиғатқа, қоғамға, пір тұтқан тылсым күштерге, жалпы дүниеге деген көзқарастарын білдіруде қолданған.

Түрік және қазақ тілдеріндегі діни наным-сенімге байланысты қалыптасқан етістікті тіркестерді үлкен екі топқа бөлім қарастырамыз. Олар: алғыс мәндегі тұрақты тіркестер және қарғыс мәндегі тұрақты тіркестер. Алғыс және қарғыс мәнді тіркестер адам баласының бойындағы жан-дүние толғаныстарын, адамның сан алуан көңіл-күй сипатын таныту үшін жұмсалады. Алғыс мәнді фразеологизмдер жағымды сипатта, жақсы көзқарастағы достық, ізгілік, жолдастық сынды қарым-қатынас әрекетінен пайда болған тіркестер қатарынан құралады. Ал қарғыс мәнді фразеологизмдер жағымсыз сипатта, жаман пиғылға негізделген, қарым-қатынастағы бір-біріне деген достық немесе қастық, жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен дұшпандық секілді қарама-қайшылықтар әсерінен пайда болған тіркестерді жатқызамыз.

Алғыс мәнді ортақ фразеологизмдер:

Түрік тілінде	Қазақ тілінде
Allah düşmanıma vermesin	Құдай дос түгілі дұшпанның басына бермесін
Allah vermesin	Құдай басқа бермесін / салмасын
Allah beterinden saklasın /korusun, esirgesin/	Құдай / Алла сақтасын
Allahtan bulsun	Алладан қайтсын
Allah göstermesin	Құдай бетін көрсетпесін Құдай оның бетін әрі / аулақ/ қылсын
Allah razı olsun	Алла разы болсын
Allah kazadan / beladan / saklasın	Құдай пәле-жаладан сақтасын

Қарғыс мәнді ортақ фразеологизмдер:

Түрік тілінде

Allah sana vermesin

Allah göstermesin

Allah cezanı versin

Қазақ тілінде

Алла саған бермесін

Алла көрсетпесін

Алла жазаңды берсін

Жоғарыда байқағандарыңыздай, алғыс мәнді фразеологизмдер қос тілге әрі ортақ, әрі мүлде сәйкес емес те болып келеді. Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, екі тілдегі бұл топтағы тұрақты тіркестердің саны шамамен екі тілде тең дәрежеде болып келеді.

Ал қарғыс мәнді тұрақты тіркестер жайлы бұлай айта алмаймыз. Өйткені, қазақ тілінде түрік тіліне қарағанда фразеологизмдер санаулы ғана болып келеді. Оның өзі кестеде көрсетілгендей, қазақ тілімен тең эквивалент болып отыр. Қазақ тілінде бұл мәндегі тіркестер көп. Мәселен, Құдай алғыр; Алла / Құдай жүзін көрмегір; Құдай сілегір; Құдай тас төбеңнен ұрсын; Құдай ондыртпасын; Алла қоспағыр; Алла соққыр; Құдай тілеуінді бермегір т.б.

Түрік тілінде қарғыс мәнді фразеологизмдердің аз кездесуінің өзі екі тілдің мәдениетінің айырмашылығын көрсетіп отыр. Себебі, бұл мұсылман дінінің сіңісуінен болса керек. Өмірде қандай да бір ауырпашылық, қиыншылықтар бола қалса, «қу құдай» деп, бір демде құдайды кінәлап шығатынымы да бар. Бұл әрине, Кеңес Өкіметі кезеңінің жемісі болса керек. Ал бізге қарағанда түрік халқына мұсылман діні тереңірек сіңген. Сондықтан қазақ халқы мен түрік халқы туыстас халықтар болса да, ойлау жүйесінде, соған байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестерде сәйкес келмеушіліктердің бір-шама кездесетіні осыған дәлел.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рысбаева К.Қ. Қазақ тіліндегі культтік фразеологизмдер. Ф.ғ.к. ғылыми атағын алу үшін дайын. дисс. автореф. – Алматы, 1995.
2. Ғабитханұлы Қ. Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер: фил.ғыл.канд. диссерт. – Алматы, 1995. – 182 б.
3. Уәлиханов Ш. Тәңірі : таңдамалы / Ш. Уәлиханов. – Алматы: RS ; Халықаралық Абай клубы, 2016.

Г. ТАЛҒАТҚЫЗЫ

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Лексикология бөлімінің кіші ғылыми қызметкері
Алматы, Қазақстан*

И.Б. БАЙСЫДЫҚ

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
аға оқытушысы, PhD
Алматы, Қазақстан*

ЭТНОМӘДЕНИ АТАУЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Мақалада шетелде туған қазақ жазушысы Ж.Самитұлының «Қаһарлы Алтай» шығармасынан төл тіліміздің этномәдени атауларын топтастырып жиналды. Ж.Самитұлының шығармасы өткен ғасырдың басынан ортасына дейінгі тұсында Қытайдың Шыңжаң аймағында болған ұлт-азаттық көтерілісті баяндайтын 3 бөлімді тарихи трилогия.

Шығармада тарихи атаулар, қазақтың ертедегі және шығарма жазу кезеңіндегі мансап атаулары, тұрмыстық атаулар, диалектілер, этнографизмдер көптеп кездеседі. Әсіресе, мал шаруашылығына, көшпелі өмір сүруге байланысты атаулар ерекше көркем берілген. Одан өзге автордың өзіндік тілдік ерекшелігін айқындайтын теңеулер, тіркес сөздер, пассив қабаттағы көнерген сөздер оқырманның назарын аударады. Алдағы уақытта шығармада әлі де болса зерттеуді қажет ететін этномәдени атауларды талдап, тереңдей зерттей түсеміз.

Тірек сөздер: тілдік тұлға, этнолингвистика, семантика, этнографизм, диалект.

Аннотация. В статье собраны этнокультурные названия родного языка из произведения казахского писателя Ж. Самитұлы «Қаһарлы Алтай». Произведение Ж. Самитұлы историческая трилогия из 3 частей, повествующая о национально-освободительном восстании в Синьцзяне Китая в период с начала до середины прошлого века. Особенно живописно названы названия, связанные с животноводством, кочевым бытом. Кроме того, внимание читателя привлекают сравнения, словосочетания, пассивные слова, определяющие своеобразие языка автора. В дальнейшем мы будем углубляться и анализировать этнокультурные названия, которые еще предстоит изучить в произведении.

В произведении много исторических имен, ранних казахских имен и периодов написания, нарицательных имен, диалектов, этнографизмов.

Ключевые слова: языковая личность, этнолингвистика, семантика, этнографизм, диалект.

Annotation. The article contains ethnocultural names of the native language from the work of the Kazakh writer J. Samitula «Kaharly Altai». The work of J. Samituly is a historical trilogy of 3 parts, telling about the national liberation uprising in Xinjiang of China in the period from the beginning to the middle of the last century.

The work contains a lot of historical names, career names of early Kazakhs and the period of writing works, household names, dialects, ethnographisms. Especially picturesque are the names associated with animal husbandry, nomadic life. In addition, the reader's attention is attracted by parables, phrases, and obsolete words in the passive layer that determine the author's own linguistic identity. In the future, we will analyze and deepen the ethno-cultural names that still need to be studied in the work.

Keywords: linguistic personality, ethnolinguistics, semantics, ethnography, dialect.

Тілді антропоэекті бағытта зерттеу қазіргі лингвистика ғылымында негізгі және перспективалы қағидаға айналды. Антропололингвистиканың ғылыми бағдарламасы көп қырлы, сонымен бірге өзара шарттасқан, байланысқан түрде жүзеге асырылады. Түптеп келгенде, ондағы бүкіл өзекті мәселелер шеңбері тілдік тұлға деп аталатын негізгі, базалық ұғым төңірегіне шоғырланады.

Тілдік тұлғаны зерттеу оны талдауға кешенді тұрғыдан келуді қажет етеді. Яғни оның поэтикалық жүйесі негізінде оған тән психологиялық белгілерді ғана емес, сонымен бірге тілдік тұлғаның философиялық-дүниетанымдық алғышарттарын (ғалам/дүние/әлем бейнесі), этностың ұлттық ерекшеліктерін, әлеуметтік сипаттамаларын, тарихи мәдени түпбастауларын айқындауды қажет етеді және оған мүмкіндік береді. «Тілдік тұлға тілдің ар жағынан басталады» [1, 48 б.] яғни адамның зияткерлік әлеуеті төңірегінде және тілі арқылы барынша ашылған кезден басталады.

Мақаламызда «Қаһарлы Алтай» трилогиясында кездесетін этнографизмдер қарастырылады. Жалпы этнолингвистика – халықтың этногенезі, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, мекен-жайын, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысын, күнделікті тұрмысын, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Этностың болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің бір саласы.

Этнолингвистикалық көзқарас алғаш XIX ғ. екінші жартысында В. Гумбольдт, А.А. Потебня, В. Вунт, Г. Штейнталь, Н.И. Толстойдың зерттеулерінде, қазақ ғалымдарынан академик Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Ә.Ахметов зерттеулерінде жан-жақты негізделген. Бірақ қазақ тіл білімінде кеңінен зерттеліп, негізі қаланған сала болғанымен, барлық мәселесі шешілген деуге ерте. Себебі ғалымдардың бір тобы этнолингвистика психоллингвистиканың бір бөлігі десе, екінші тобы оны заттық мәдени лексикамен бір деп қарастырады. Біздің қарастыратынымыз осы заттық мәдени атауларға байланысты мәселелері. Этнолингвистиканың құзырына жататын барлық тілдік бірліктер, элементтер этнографизм деп аталады. Этнографизмдер - өткен дәуірдерде тұрмыс-тіршілігімізде болған, әлі де күнделікті өмірімізде қолданылып келе жатқан тұрмыстық заттар мен бұйымдардың, белгілі бір шаруашылық-кәсіп түрлеріне, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, ырым-нанымға, баспана мен мекен-жайға, киім-кешек пен ішер асқа, туыстық, ата-тектік қатынастарға, әдептілік ережелерге байланысты жұмсалатын жеке-леген атаулар мен сөз орамдары.

Біз Алтай қазақтарының өмірінде, тұрмысында қолданылатын, соған сәйкес, романда жұмсалатын киім-кешек, ат әбзелдері, қару-жарақ түрлері атауларына тоқталамыз. Заман талабына сай уақытпен бірге адами құндылықтар, күнделікті пайдаланатын тұрмыстық заттар бірге ауысып, жаңарып, толығып отырады. Бұл әсіресе, тұрмыста қолданатын заттық мәдени тұрмыстық атаулар. Шығарма өте ерте дәуірді сипаттамаса да, айтылатын заттық атаулардың көбісі көнерген атаулар. Алтайдағы этникалық қазақ диаспорасының өмір сүру салты, тұрмыстық қажеттілігі XIX ғасырдың соңына дейін көшіп қонып, ежелгі қонысын мекендегендіктен қазіргі тіл ұстанушыға көптеген этнографиялық мәліметтерді бере алады. Сондықтан ұлттың өткені мен қазіргі тұрмысын сипаттайтын нақты атаулар ретінде романда жұмсалған этнографизмдерге тоқталып, оларды іштей топтастырдық:

- 1) Киім-кешек түрлері атаулары;
- 2) Киіз үй құрылымын білдіретін атаулар;

3) Ат әбзелдері атаулары;

4) Ыдыс-аяқ атаулары.

Киім-кешек түрлері: шибарқытпен тысталған қасқыр ішік, сәукеленің төбелдірігі, оқшантайлы белбеу, кара елтірі тымақ, байпақ, күлапара башлық, күрең барқытпен тыстаған пұшпақ ішігінің жеңі, үзбелі алтын сырға, түлкі тымақ, қасқыр ішік, шошақ төбелі кара пүліс тақия, кара мәліскен күпі, ішік, саптама етік, күндікті шылауыш, кимешек шылауыш, күміс түйреуіш, желек, бөрік, кара барқытпен тысталған қасқыр ішік, сең-сең ішік т.б.

Киіз үй құрылымын білдіретін атаулар: абылайша, жаппа, итарқа т.б.

Ат әбзелдері атаулары: ер тұрман, буалдырық, айыл, оқпан, тоқым, терілік т.б.

Ыдыс-аяқ атаулары: қымыз құятын тегене, ожау, мосы, саптаяқ, тостаған. «Әр түрлі шебердің қолынан шыққан ыдыстар бір-біріне ұқсамайды. Үлкен-кішілігі, өң түсі, бедері де бір-бірінен парықты келеді» дейді жазушы.

Шығармада ас-су түрлері атауларынан шұбатқа қатысты «зәрін сындырып жылытып әкелінген шұбат» деген қолданыс ерекше назар аудартады.

Жазушы тілінің бір қомақты бөлігін архаизмдер құрайды. Трилогияда қазіргі қазақ тілінде сирек жұмсалатын немесе тіпті қолданымайтын бірқатар атаулар, тіркестер бар. Мысалы, «Қаһарлы Алтайдағы» көнерген сөздер: шіліңгір ұста (шебер ұста), ранотты (шөпті, шүйгін), атының жылбурындығымен, енесінің бәтегі, пішпе піштіру, отарға жіберу, суқыметің қандай жаман, нысайы күшейе түсті, қитыққа ситық таба алмай, әндігер (иесі, басшысы), кара көк тасқа ие болып (билікке ие болып), ақ қарды болат тұяғымен жентек-жентек қып лақтырып ағызып ала жөнелді, Ішігінің жеңін қаусырынып құшынып тұр, жылбурынды, шолғыншы, қарауыл. Шандып байлап, отқа қойған ат, көзіне тағат ұрып, бөрі тыңдау, қоңырқалта, таяп келе жатқан күйек жайы елді тіпті де тарықтыра түсті т.б. [2, 48-51 бб.] Роман тарихи оқиғаны арқау еткендіктен онда көнерген сөздердің жиі кездесетіні табиғи. Біз жоғарыда мысал үшін біразын ғана топтастырдық. Енді солардың бір-екеуін талдай кетейік: таяп келе жатқан күйек жайы елді тіпті де тарықтыра түсті. Мұндағы «күйек жайы деп отырғаны» мал төлдейтін мезгіл. Оның межелі уақытын күзде күйекке түске жайы деп отырғаны» мал төлдейтін мезгіл. Оның межелі уақытын күзде күйекке түскен мезгіл бойынша есептеп шығарады.

Пішпе піштіру – малдан қанша төл алғанын білдіреді. Қозы аяқтанып мал санатына қосылған соң еркегін піштіріп, ұрғашысын санап, бәріне бірдей ен салады. осыдан соң қозылар мал санатына қосылады. Баяғыда қазақтар «қойыңа қанша қозы ерді?» дегенді астарлап «қанша пішпе піштірдің?» деп сұрайтын болған.

Романда кездесетін кейбір көнерген сөздердің мағынасын сөздіктен іздедік, шығармада қандай мағынада қолданылып тұрғанына да назар аудардық.

Рауа. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» рауа – тең пара-пар. Мыңға рауа бір басым. М.Әуезов» [3, 125 б] деп көрсетілген. Ал, Ж.Сәмитұлы «Би кемпір не десе, сол – рауа» деп келтіреді [2, 59 б]. Демек, мұнда Ж.Сәмитұлы пара-пар деген мағынада қолданып отыр.

Қарақтатып. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «қарақтау – 1. Сұқтандыру, қызықтыру. 2. Ұрлату, тонау деп көрсетілген [3, 280 б]. Ал Ж.Сәмитұлы «... бірдеңелермен қарақтатып, айналдыра тұрды» деп қолданады. Демек шығармада қарақтату қызықтыру деген мағынада қолданылып тұр.

Ызғындай. Романда бұл сөз «... Қаражыраны басып, ызғындай боп жоғалған» деп қолданылады. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «Ызғу ет. 1. Жөнелу, зымғау, зымырау. 2. Мыңғыру, ызғып жатқан мал» [3, 514 б.] делінеді. Шығармадағы ызғындай сөзі жөнелу, зымырау деген бүгінде қолданыстан көп кездеспейтін көнерген сөздің орнына қолданылып тұр.

Дүрік. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» ү с т ж е р г. Кенет, бірден. Д ү р і к соққан дауыл д ү р і к тынды. Атырау бетінің ашуы әлі қайтпаған (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.)» деп түсіндіріледі. Ал шығармада «... жылы орнынан бір қозғалған ел ақ қар, көк мұзға қарамай өзенді өрлеп дүрк берген» деп қолданылады. Демек, Ж.Сәмитұлы кенет бірден деп қолданып отыр.

Жау-жәлем. «Сөз сандық» түсіндірме сөздігінде Жау –жалам үст. Асығыс, қарбалас, қарбалаң, үдерме, тығыз-таяң, тығыл-таяң, қауырт-суырт, тығыз-жөпелдеме. Мысалы, жау жалам сәт» [4, 179 б.] деп түсіндірілген. Ж.Сәмитұлы «Мынадай жау-жәлемнің тұсында, қыл мойынға құрық тақаған шақта әркім өз басының амандығын күйіттемеске амалы болмады» деп қолданады. Осында күнделікті қолданыстағы сөздердің жіңішкеленіп айтылатын нұсқасын автор қолданып отырса да, контекстегі негізгі мағынасы бір. Яғни, асығыс, қарбалас, суыт деген мағынада пайдаланып отыр.

Омсырайып. «Сөз сандық» түсіндірме сөздігінде Омсырайып ет. Олқылану, ойсырау, опырайю. Үйінді топырақтың ортасы омсырайып жатыр [4, 368 б.] деп түсіндіреді. Ж.Сәмитұлы «... екі

ұрты омсырайып, отырып қалыпты» деп келтіреді. Бұл арада опырайю деген мағынада қолданып отыр.

Диалектілер деген белгілі бір аймақтарда таралған қазақ тілінің аймақтық ерекшелігі. Тілтанушылардың арасында кең таралған пікір бойынша, қазақ тілі батыс, оңтүстік және солтүстік-шығыс деген үш диалектіден тұрады. Біреулері диалект сөздерді жиі қолданылса, енді біреулері өте сирек қолданылады. Бірқатар ерекшеліктерді тұрғын халық жаппай қолданса, енді бірқатары көп тарамай, тек қарт, егде адамдардың тілінде ескінің сарқыншағы ретінде ғана сақталып қалған. Осылардың бірі Алтай қазақтары тілінде қолданылатын диалект сөздер. ондағы халықтардың қолданатын диалект сөздеріндегі ерекшелік этникалық қазақтар тілінің сарқыншағы көптеп кездеседі.

Диалект сөздер. Опытығып кеткен. Тошала үй. Сұлы бурыл бестінің аяғына түсіп. Қылпылдап тұрған, кендірі кесіліп, алғыншық әйелі (бәйбіше), кішілікке (тоқал), қықымбақай тобыршық, қарайып танынқырап қалдым, денесі меңзығыр, шолжың (шолжан), аузына келгенін көйтіп (қарғап-сілеп, көкіп), шерік (әскер, жасак), қатасын мойындап, албаты, ана-пына (ана-мына), ішін тартып, шапшаң, үші (ұшы), бірдемнен соң, екідай (екіұдай), әспенсімей жүрсін, я дегенмен т.б.

Әкімшілік тұрғыдан Қытай территориясына қарайтын Алтайдағы қазақтардың тілінде өзіндік диалект сақталған. Оның біразы Қазақстандағы кейбір өңірлермен сәйкес келсе (әсіресе, Шығыс Қазақстан облысымен), біразының беретін мағынасы жалпы қолданыстағы ұғымға сай келмейді немесе антоним сөздер ретінде қолданылады. Ал, кейбір сөздер Қазақстанда мүлде кездеспейді немесе фонетикалық өзгеріске ұшырай отырып, мағынасы қарама-қарсы мәнде қолданылуы мүмкін. Мысалы, «Асқабыл Шамсияның осы сөзіненде ішін тартып еді» [5,110 б.]. Бұл сөйлемдегі «ішін тартып» деген сөз «күмәнданып», «күдіктеніп» деген сөзге саяды. Ал, оңтүстік аймақтарда «іш тартып», «ішіне тартып» жақынына балау, бауырына тарту деген сөздермен мағыналас.

Алтайдағы жергілікті мансап атаулары да тарихи трилогияның өзіндік ерекшелігін көрсететін лексика болып саналады. Өйткені олардың басым бөлігі қытай тілінен енген:

Үкірдай – әкім дәрежесіндегі мәнсап.

Тәйжі – әкім дәрежесіндегі мәнсап.

Залың – ауыл бастығы.

Бейсі – аймақ бастығы.

Дубан – өлке бастығы.

Уаң – сұлтан.

Гүң – киняз.

Дутың – аймақты дербес билеуші.

Сұңжаң – қыстақ бастығы.

Шүңгән – бұрынғы қытайдағы ең төменгі дәрежелі офицер.

Дарын – мәртебелі ұлық.

Шығармада орыс тілінен енген сөздер де біршама: маузер, стовол, колхоз, Советтер одағы, көменес, Москва, аэродром, губернатор, окоп, большевик т.б. Қытай еліндегі саяси жүйені анықтайтын мұндай тілдік бірліктер де шығармада бейнеленген заман келбетін айшықтауға өзіндік үлесін қосады.

Тарихи романда қазіргі қазақ тілінің қорында жиі кездесе бермейтін бірқатар сөздер бар, солардың бірі – мезгіл атаулары: сиыр түс, қызыл іңір, жеті түн, ақшам, таң шеті шөгіле, күн шығар алды, кіші бесін.

Сондай-ақ Алтай аймағының климаттық ерекшелігіне қатысты кейбір құбылыстарды бейнелейтін тілдік бірліктерге де назар аударғанымыз жөн:

Ауа-райын, табиғат құбылыстарын бейнелейтін сөздер: қызыл үскірік (желдің түрі), зәрсіз қара аңызғақ.

Аңызғақ жел, ертелі кеш үскіріктетіп тұратын қызыл желдің зәрі әлі қайтпаған кез. Әдеби тілімізде бұл сөз «аңызғақ» нұсқасында орныққаны мәлім. «Г» дыбысы сөз құрамындағы позициясы әлсіз, яғни түсіп қалуға бейім екені белгілі.

Ж.Сәмитұлының семантикалық базасы әр кез толықтырылып, дүниені тануда өмірімен араласып жатты. Көркем әлемді тануда тың дүниелермен толығып отырды. Бүгінде қолданыстан шығып, тек сөздіктерден табылатын киім атаулары, қазақы өлшем-бірліктер, мезгіл атаулар жазушының бала кезінде көзімен көріп, қолымен ұстап дүниелер болғандықтан және өмірінің жиырма жылы айдауда, қамауда, жаза лагерінде өткендіктен көркем әлем бейнесін жеткізу жазушы ретінде қиын болмады. Сол дәуірдегі халықтың өмірі жазушының ақпарат қорына жинақталып, қаттала берді. Шығармада актив, пассив қабаттағы сөздер, кірме сөздер, диалектілер, калька тәсілімен жасалған аудармалар, тілге аудар-

масыз да еніп кеткен лауазым атаулары, жер атаулары өте көп. Ал авторлық тіркестер жазушының сөз қолданысын ерекшелеп, тілдік қорын байыта түскен.

Ж.Сәмитұлы – тілі шұрайлы, этникалық қазақтардың сөйлеу ерекшелігін сақтаған, ұлттық нақыштағы заттар мен ұғымдарды білдіретін тілдік элементтерді оқырманға ұғынықты етіп бере алатын жазушы. Алғашқы вербалды семантикалық деңгейде шығармада қолданылған тілдік бірліктерді жалпылама алдық. Онда жаңа сөздер, көнерген сөздер, жер-су атаулары, тарихи атаулар, этнонимдер, диалектілер, тұрақты тіркестер мен тілдегі тура және ауыспалы мағыналы сөздер, паремиологиялық бірліктер және т.б. лексикалық қор қаралды. Тілдік тұлғаның қалыптасуы жоспарлы, мақсатты түрде болмайды, тілдік тұлға қалыптасуына бала кезден бойына сіңген, жадында сақталған, өсе келе көріп, дағдыланған, жинаған білім қоры ықпал етеді. Яғни, адамның отбасы, өскен ортасы және оршаған ортасы оның тілдік тұлғасының іргетасын анықтайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность / Отв.ред. Д.Н.Шмелев. – М.: Наука, 1987. – 261 с.
2. Сәмитұлы Ж. «Қаһарлы Алтай». Тарихи трилогия. I том – Алматы: «Дәуір», 2010. – 318 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 12 том. – Алматы: Дәуір, 2011. – 418б.
4. Қайыржан К., Сөз - сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. – 480 бет.
5. Сәмитұлы Ж. «Қаһарлы Алтай». Тарихи трилогия. III том – Алматы: «Дәуір», 2010. – 432 б.

А.Қ. АМАНЖОЛОВА

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 2 курс магистранты
Ақтөбе, Қазақстан*

АҚТӨБЕ ӨНІРІ ФИТОНИМДЕРІНІҢ ЛИНГВОТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Зерттеу мақалада халық болмысымен, дүниетанымымен танылатын фитонимдер қарастырылған. Жалқы есімдердің ішінде фитонимдер жер кеңістігі жайынан ақпарат береді. Адамзат тіршілігінде маңызы жоғары болған өсімдіктер әлемі зерттеу арқылы халқымыздың этномәдени дүниетанымы, тұрмысы мен тіршілігі анықталады. Зерттеу мақалада Б. Қалиев, Қ. Жұбанов, А. Шормакова пікірлері фитонимдерді қарастыруда негізге алынған. Фитонимдердің құрылымымен қатар, Ақтөбе өңірінде кездесетін жусан, жантақ, адыраспан фитонимдері жеке қарастырылған. Жусан фитонимінің қалыптасуы, ұғымдық, бейнелік, құндылық негізінен маңыздылығы айқындалды. Адыраспан этимологиясы қарастырылып, зерттеуші Е. Керімбаевтың көзқарасы бойынша географиялық апелляциялық лексикадағы ұғым екені де қарастырылды. Емдік қасиеті жоғары адыраспанның тұрмыстағы қолданысы мен ұлттық мәдениеттегі маңызы айқындалды. Жантақ фитонимі де қарастырылып, қазақ мәдениетіндегі өсімдіктер әлемінің маңызы анықталды.

Тірек сөздер: фитоним, географиялық кеңістік, этномәдени дүниетаным, адыраспан, жусан, жантақ.

Аннотация. В исследовательской статье рассматриваются фитонимы, узнаваемые по бытию, мировоззрению народа. Среди имен собственных фитонимы дают информацию из пространства земли. Изучением растительного мира, имеющего большое значение в жизни человечества, определяется этнокультурное мировоззрение и быт нашего народа. В исследовательской статье обоснованы мнения Б. Калиева, К. Жубанова, А. Шормаковой при рассмотрении фитонимов. Наряду со структурой фитонимов отдельно рассматриваются фитонимы полынь, адыраспан, встречающиеся в Актюбинском регионе. Определено становление фитонима полыни, понятийное, образное, ценностное значение. Была рассмотрена этимология адыраспана, с точки зрения исследователя Е. Керимбаева – понятие в географической апеллиционной лексике. Определено использование адыраспана с высокими лечебными свойствами в быту и значение в национальной культуре.

Ключевые слова: фитоним, географическое пространство, этнокультурное мировоззрение, адыраспан, полынь.

Annotation. The research article examines phytonyms recognizable by the existence, worldview of the people. Among proper names, phytonyms give information from the space of the earth. The study of the plant

world, which is of great importance in the life of mankind, determines the ethno-cultural worldview and way of life of our people. The research article substantiates the opinions of B. Kaliev, K. Zhubanov, A. Shormakova when considering phytonyms. Along with the structure of phytonyms, the phytonyms wormwood, adyraspan, found in the Aktobe region are considered separately. The formation of the wormwood phytonym, conceptual, figurative, value value is determined. The etymology of adyraspan was considered, from the point of view of researcher E. Kerimbaev – a concept in geographical appellative vocabulary. The use of adyraspan with high medicinal properties in everyday life and its significance in national culture is determined.

Keywords: phytonym, geographical space, ethno-cultural worldview, adyraspan, wormwood.

Халықтың болмысы, рухани өмірі, мәдениеті мен дүниетанымы географиялық кеңістікте көрініс табады. Тілдегі объективті заңдылық ретінде халықтың тіршілігімен байланысты әр атау ғасырдан ғасырға жетіп, таралып отырған. Тарихи деректерден гөрі тіл деректерінде халықтың генеалогиялық, азаматтық тарихы көрінеді. Сонымен бірге, тілде сақталған деректердің маңыздылығы ұрпақтан ұрпаққа жеткізілуі арқылы сақталуы да ерекше мәнге ие. Осы негізден қазақ тіліндегі жалқы есімдерде рухани мәдениет, дүниетаным көрініс тапқанын анық аңғарамыз. Жалқы есімдер ішінде фитонимдерге ерекше тоқталуымыздың мәнісі де осында жатыр. Тілдік факті ретінде фитонимдерді қарастыру арқылы халқымыздың жер кеңістігі жайындағы білімін көреміз. Осы орайда, Б. Қалиев пікірінше, адамзат тіршілігінде өсімдіктердің ерекше маңызға ие болғанын айтады. «Ерте кезден бастап-ақ адамдар өсімдіктерді жинап, жеміс-жидектерін азық-түлікке, ал жапырақ, сабақ, тамырларын дәрі-дәрмекке, тері илеуге, түрлі нәрселер бояуға пайдаланылып келген» [1, 15 б.], - деп өсімдіктер әлемінің адамзат үшін қаншалықты маңызды екенін айтады. Осы орайда, табиғи құбылыстарға ат қою жөніндегі Қ. Жұбановтың пікірін ескеретін болсақ, адамзат өзі тұтынған, пайдаланған, білетін құбылыстарға ғана атау береді [2, 279 б.]. Осы негізден, фитонимдердің қалыптасуы адамзаттың, оның ішінде халқымыздың өсімдіктер әлемі жайындағы білімін көрсетеді. Ең алдымен, фитонимдердің өзара жіктелуіне тоқталып өтсек.

Зерттеуші-ғалым А. Шормақованың зерттеуінде әртүрлі құрылымдық жүйедегі тілдердегі фитонимдік әлемнің сипатын беріп, соның нәтижесінде өсімдіктерді 11 топқа жіктеген Ю. Исаев пікірі негізге алынған:

Бірінші (I) топша – арборетум ағаштары немесе дендронимдер. Олар «ағаш өсімдіктері» деген мағынаға ие. Яғни діңі қатты, бұтақтары жан-жаққа тармақталған, ұзақ өмір сүретін өсімдіктер.

Екінші (II) топша – бұталар – ағаш тәріздес бұтақтары бар, кішкене бойлы, көп жылдық өсімдіктер, олардың негізгі діңгегі болмайды; биіктігі – 0,8-6 метр, өмір сүру ұзақтығы – 10-20 жыл.

Бұтақшалар – сүректенген жас өркендері жоғарыға қарай тармақталған, биіктігі – 5-60 сантиметр, өмір сүру ұзақтығы – 5-10 жылды құрайтын төмен бойлы, көпжылдық өсімдіктер (мүкжидек, қазанақ, аршагүл, тал).

Үшінші (III) топша – шөпті өсімдіктер немесе шөптер. Жасыл, жұмсақ әрі жіңішке сабақтары бар біржылдық өсімдіктер.

Төртінші (IV) топша – гүлдер – сабақ не жанама бұтақ ұшында өсетін, хош иісті, ашық түсті, шөпті өсімдіктер.

Бесінші (V) топша – жидектер – шөпті өсімдіктер мен бұтақ-бұтақшалардың шырынды жемісі (қарлыған, таңқурай, қаражидек, мүкжидек жидектері) жатады.

Алтыншы (VI) топша – саңырауқұлақтар [грек. *mukēs* «саңырауқұлақ», осыдан микология – саңырауқұлақтарды зерттейтін ғылым]. Саңырауқұлақтар – табиғат сыйға тартқан таңғажайып ерекше өсімдік.

Қыналар VII топшаға жатады және төмен бойлы өсімдіктерден тұрады. Олар саңырауқұлақтар симбиозы (аскомицет немесе базидиомицет) мен балдырлардан (жасыл, кейде жасыл-сары) түзіледі.

Сегізінші (VIII) топшаға мүктер жатады. Бриофиттер – жоғары сатыдағы көпжылдық өсімдіктер, олардың өсу формаларына тікенді бұта, куртина жатады. Мүктерді медициналық мақсатта (антибиотикалық қасиетке ие) қолданады.

Тоғызыншы (IX) топшаға балдырлар жатады. Олар – құрамында хлорофилл бар, төменгі сатыдағы су өсімдіктері. Балдырдың денесі таллом [грек. *thallos* – жасыл бұтақ] деп аталады.

Оныншы (X) топшаға бақша дақылдарын жатқызамыз. Олар бірнеше кіші топтарға бөлінеді: а) күтіп-баптайтын шөпті өсімдіктер: орамжапырақ, аскөк, күнзе, кирсалат, балдыркөк; б) тамыр жемісті өсімдіктер (сәбіз, шалқан, қызылша); в) жеміс беретін өсімдіктер (қызанақтар).

Он бірінші (XI) топқа дәнді-бұршақты өсімдіктерді жатқызамыз. Олар бірнеше кіші топтарға бөлінеді: а) бұршақты (бұршақ тұқымдас қос жарнақты өсімдіктер. Жер шарында бұл өсімдіктердің 17 мыңға

жуық түрі мен 700-дей тұқымы бар. Бұршақты дақылдарға асбұршақ, үрмебұршақ; дәнді дақылдарға бидай, қарабидай, сұлы, жүгері және күріш жатады [3, 13 б.]. Десе де, ғалымның пікірінше, жетінші, сегізінші, тоғызыншы топтарға жататын өсімдік түрлерінің халқымыздың мәдениетіне тән еместігін атап өтеді. «Жоғарыда аталған топшалардың ағаш өсімдіктері, бұталар, бұтақшалар, шөпті өсімдіктер, гүлдер, жидектер, бақша дақылдары мен дәнді бұршақтар біздің өмір тәжірибемізде, тұрмысымызда қолданылғандықтан, бұл топтарға жататын атаулар да бізге таныс. Қалған мүктер, саңырауқұлақтар мен балдырларды біздің мәдениетімізге сіңіскен өсімдіктер деп айта алмаймыз» [3, 14 б.].

Өсімдік атаулары әр халықтың танымында еекше маңызға ие екенін де аңғарамыз. Мәселен, бамбук ағашы Қытай, Корей елдерінде адалдықтың, тұрақтылықтың символы ретінде ұғынылған. Сол секілді емен ағашының орыс халқында беріктің, тұрақтылықтың символы ретінде танылады.

Халық арасында кең тараған әрі Ақтөбе өңірінде молынан ұшырайтын фитонимнің бірі – жусан. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, бейнелілік, ұғымдық, құндылық тұрғысынан жусан фитонимі халық үшін маңызды екені анықталады. Ұғымдық тұрғысынан жусанды көзбен көріп, қолмен ұстауға болады. Құндылық тұрғысынан малазықтық, дәрілік қасиеттерінен көрінеді. Бейнелілік жағынан туған жерді, балалық шақты, ескірмейтін естеліктер, әдемі тау мен тасты еске түсіруімен анықталады. «Жусан сөзінің түбірі жуса – жусау, «малдың, қойдың жусауы» дегенге келсе, - н – етістік жасайтын көне, мардымсыз жұрнақ болуы әбден ықтимал» [1, 40 б.], - деген зерттеушілердің пікіріне сүйенетін болсақ, тіршілігі қоймен байланысты болған халқымыздың тұрмыс-тіршілігі басты дәлел бола алады.

Енді жусанның ғылыми анықтамасына назар аударайық: жусан – гүлді өсімдіктердің күрделігүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдіктер туысының атауы. Дүниежүзінде жусанның 500-ден аса түрі кездеседі, оның 81 түрі еліміздің далалы, шөлейтті және шөлді өңірлерінде өседі. Олардың сабақтарының биіктігі жеке түрлеріне сәйкес 10-60 см, кейде 1,5-2 метрден асады. Сабақтары көбіне тік, кей түрлерінің сабағы жерге жайылып өседі. Қауырсын пішінді жапырақтары сабақтарына кезектесіп орналасқан және олардың жиектері тілімденіп келеді. Кей түрлерінің жиектері біркелкі тұтас тілімденбеген. Ұсақ гүлдерінің түсі ақшыл, сарғыш. Тамыз- қыркүйек айларының аралығында гүлдейді. Жемісі – тұқымша. Жусан – құнарлы мал азығы, дәрілік, бояғыш, тағамдық, витаминді, эфир майлы өсімдік [4].

Өзге фитонимдермен салыстырғанда жусанның өрісі кең, бұл өсімдік бүкіл аумақта өсе береді, кез келген ауылда өскен бала оның исін, түрін танып, есінде сақтайды әрі қазақ мәдениетіндегі алатын орны ерекше өсімдік.

Келесі фитоним Ақтөбе жерінде ғана емес, барлық өңірде кездесетін сакральды өсімдіктің бірі – адыраспан. Адыраспан сөзінің этимологиясын анықтау барысында оның құрамындағы «адыр» элементін көне түркі тіліндегі адыр // айыр («бөліп шығару», «ажырату») етістіктерімен салыстырып, д-й дыбыс сәйкестіктерін көрсетуге болады. Қазақ лексикасының этимологиялық негіздерін айқындап, талдаған профессор Б. Сағындықұлы: «Өзеннің теңізге құятын сағасында пайда болған аралды, бөлініп қалған жерді» атырау дейді. Яғни атырау – ажырау бір мағынаны беретін вариант сөздер. Ой жүгірте қарағанда атырау сөзінің адыра қал фразеологизміндегі адыра сөзімен сабақтастығы байқалады. Атырау сөзі мен адыра сөзінің мағыналық негізі – «бөлініп қалу». Атырау, ажырау, адыра сөздерінен т-ж-д сәйкестігі түзіледі» [5, 113 б.] – деп түсіндіреді. Сол сияқты ғалым Е. Керімбаевтың айтуынша осындай пікір географиялық аппелятивтік лексикадағы адыр сөзінің тарихи қалыптасуын түсіндіре келе, айыр сөзінің адыр сөзімен сабақтас формасы екені, адыр сөзінің мағынасы бөліну, ажырау екенін атап өтеді [6, 23 б.].

15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Адыраспан – ауруларды емдеуге қолданылатын, емдік қасиеті күшті, көпжылдық шөптесін өсімдік» [7, 152 б.] деп көрсетілген. Сондай-ақ, ортаңдау жерде өсетін киелі, әрі емдік қасиеті жоғары адыраспанды дәстүрлі ортада жинау әдебінің де ерекшелігін байқауға болады:

- 1) оны қауызы толып, тұқымы толық піскен кезде ғана жұлған;
- 2) ер адамдар ғана жұлуға рұқсат беріледі;
- 3) жинайтын адамның жаны ғана емес, үсті-басы таза, дәреті бар екеніне мән берілген.

Жинаушы кісі міндетті түрде Аллаға құлшылық етуі де айшықталған:

Ассалаумәләйкум, адыраспан,

Әкім Лұқпан пірлері ақыл қосқан.

«Бұл жердегі Омар мен Оспан – Мұхаммед пайғамбардың әйгілі төрт сахабасының екеуі» [7, 153 б.].

Алас, алас, баладан алас,
Түрлі-түсті пәледен алас,
Көзі жаманның көзінен алас,
Тілі жаманның тілінен алас,
Алас, алас, алас,

Қыла гөр Алла пәленнен қалас – деп отқа тұз тастайды [8, 738 б.]. Қазақ халқы мәйіт жуғанда, жақсы иіс шығып тұру үшін де адыраспанды пайдаланған.

Бұл өсімдіктің, адыраспанның емдік қасиеті туралы көптеген сөздіктерде көрсетілген: «гармала обыкновенная или могильник обыкновенный. В азиатской медицине применяют семена как антиспазмическое, спотворное, противорвотное и противоглистное средство. Использовалось в качестве abortифицирующего средства на Среднем Востоке и в Средней Африке. Для этих же целей используют в Западной Европе. Растение находит применение и в гомеопатии. Семена используется также в шаманских практиках арабских кочевников» [9, 28 б.].

Төрт түліктің қамымен мыңдаған шақырымға көшіп жүретін қазақтар әрбір өсімдіктің гүлдеу, ұрық шашу, өсіп-өну, құрау мерзімдерін жақсы білген. Жыл маусымына сәйкес өсімдіктердің шипалық немесе улы қасиеттерінің артатынын кезеңдеріне сай өсімдіктердің шипалық немесе улы түрінен сақтанған және емдік шөптерді күш-қуаты бойында тұрған кезінде, дәл уақытымен жинайтын болған.

Ақтөбе өңірінің бір бөлігі шөлейт аймақта орналасқандықтан, өңірде шөлде өсетін жантақ фитонимі кездеседі. Жантақ өсімдігі мамырдың ортасынан маусымның аяғына дейін гүлдеп бітетін тікенді әрі емдік қасиеті мол, шөлді әрі шөлейт жерлерде өсетін түйе малының жеңсік асы. Кей жерлерде терміткен деп аталатын жантақтан қуыққа тас байланғанда, өт, несеп жолдары қабынғанда ем ретінде қолданылған. Жантақ тұнбасымен тік ішектің қан тамырлары кеңейіп ауырғанда бұлау жасаған әрі түрлі тері ауруларына қарсы жантақ қайнатындысымен бетін жуған. Аңыз бойынша, бір аңшы шөл далада адасып кетіп, қатты шөлге ұрынады. Шаршап, сарылып, ақылы айнып, көзі тұнған аңшыға, айналадағы сағымның барлығы су болып көрінеді. Бір кезде осынау жалпақ жатқан жазықтағы бір көгергенге көзі түседі. Жер беті күйіп, қурап, қуарып, күл беттеніп жатқанда, қуратқан шөлге бойы бермей, құдіреттене құлпырып, жапырақ жайып, гүл атып, қызара пісіп тұрған ту жантақ екен. «Өлмегенге өлі балық жолығады» дегендей, жантақ іші теңкііп жатқан қарала қарбыз. Жантақтан басқа шөп жан сақтай алмайтын шөлде, диқандар қарбыз өсірудің амалын осылай тапқан екен. Жантақтың тамыры өте тереңге кетеді. Жердің суы мол, ылғалы бар қабатына жеткенге дейін тоқтамайды. Құдық қазған кезде де жантақтың тамырын қуалай қазады. Сым сияқты тамыры суға жеткенде тарамдалып, суды сіміріп, ылғалды жоғары тартады. Сондықтан жантақ өсімдігі қандай ыстық болса да қурап, жұтамайды. Көгеріп, құлпырып өсе береді. Егерде, жантақ тамырынан айырылса, ол өсімдік ұшарын сай, қонарын жел білетін қаңбаққа айналады. Бабаларымыз табиғат анамен тілдесе жүріп, оның қыр-сырын түсініп, қажетіне жарата білген әрі байқампаздық пен халықтық білімді астастыра отырып, аса көрегендікпен жасалған дәрілер ғасырлар бойы халықтың қажетін өтеп келген.

Қорытындылайтын болсақ, халқымыздың болмысын, дүниетанымын танытатын өсімдік әлемінің негізгі арнасы – олардың күнделікті тұрмыстағы пайдасы мен қызметі арқылы көрінеді. Рухани, материалдық мәдениеттің бастауы табиғат болғандықтан, ата-бабамыз қоршаған ортадағы өсімдіктерді танып, оларға атау беріп, орнымен, тиімді пайдалана білген.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы: Ғылым, 1989. – 159 бет.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өнд. 3-басыл. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 бет.
3. Шормақова А. Қазақ тіліндегі өсімдік әлемінің лингвомәдени бейнесі. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2020. – 178 бет.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. – Алматы, 2011. – 752 б.
5. Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасының дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 1994. – 168 б.
6. Керімбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы, 1992. – 92 с.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. – Алматы: Арыс, 2006. – 752 б.
8. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі / Энциклопедия 1 том. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграциясы», 2017. – 738 б.
9. Большой энциклопедический словарь лекарственных растений, 2015.– 761 с.

ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРГЕ ТӘН МӘДЕНИ КОДТАРДЫҢ КОРПУСТА БЕРІЛУІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақ тіліндегі этномәдени бірліктер жүйесіндегі заттық мәдениет атауларына жасалған сипаттама арқылы оларды қазақ тілінің ұлттық корпусына енгізу негізделеді. Ұлттық код туралы мағлұматтар беріледі. Қортындысында этномәдени бірліктердің халық өмірінде қалай көрніс табатыны туралы сөз болады және оларға мысалдыр беріледі.

Тірек сөздер: Корпус, лингвомәдениеттану, этномәдени бірлік, этнолингвистика, ұлттық код.

Аннотация. В статье рассматривается Национальный корпус казахского языка основано на описание названий материальной культуры в системе этнокультурных единиц казахского языка. Преоставляется информация о национальном коде. В заключении будет разговор о том, как этнокультурные единицы отражаются в жизни народа и будет приведены некоторые примеры.

Ключевые слова: Корпус, лингвокультурология, этнокультурное единицы, этнолингвистика, национальный код.

Annotation. This article deals with need for linguistic and cultural science. In addition, a linguaculturological analysis of the research of our foreign and domestic scientists in the field of Kazah language education is being carried out. In conclusion, there will be a story about how ethnocultural units are reflected in peoples lives.

Keywords: Korpus, linguocultrology, ethnocultural units, etnolinguistics, national cod.

Қазақ елінің бүгінгі таңдағы басты мақсаты – дамыған отыз елдің қатарына қосылу. Бұл мақсатқа қол жеткізудің төте жолы – қай салада болса да, қазақтың материалдық, рухани байлықтарын әлемге танытуға әрекет жасау. Ұлттық корпуста этномәдени тілдік бірліктерді, ұғымдарды, түрлі деректер арқылы берудің маңыздылығы өте зор. Тұңғыш Президентіміз Н. Назарбаев ұлттық код хақында: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, жежесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық», – деп жазды [1, 46 б.]. Мәдениетті тілсіз оқып-үйрену, байыптау мүмкін емес. Тіл арқылы ұлттың қазіргі менталитетін, байырғы тілдік ұжымның қоғамға деген көзқарасын, сана-сезімін айқындауға болады. Мұндайда әсіресе фразеологизмдер, мақал-мәтел, мысалдар т.б. тілдік таңбаларға, олардың мазмұнындағы ақпараттарға сүйенеміз. Профессор Н.Уәлидің пікіріне көз жүгіртсек, белгілі бір тілдік таңбада екі түрлі мағына (білім) кодқа салынуы, соған сәйкес екі түрлі код болуы мүмкін. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код. Тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде осы екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажет [2, 56 б.]. Этномәдени тілдік бірліктерді ұлттық корпуста беру арқылы түрлі сала мамандарын даярлау барысында қазақ тілін оқыту мәселесі маңызды орынға ие болуы керек. Өйткені бүгінгі білім алушы – ертеңгі маман. Олар келешекте елімізде қазақ тілінің әр саладағы білім, ғылымының дамуына тікелей өз үлестерін қосулары керек. Тілді дамытудағы жалпы мақсат етіп қойсақ, сонымен бірге қазақ тілін оның сөздік қорында сақталған этномәдени тілдік бірліктер арқылы қазақ халқын танып-білуге бағыттап оқытуды дамытқанымыз жөн. Корпус арқылы мамандарды түрлі этномәдени бірлікпен таныстырып, оларға профессор Н.Уәлидің ұсынған тілдік бірліктердің тілдік коды мен мәдени кодына талдау жасауды үйретуге болады. Корпуста жасалған түрлі талдаулар арқылы қазақ халқының танымын, мінезі мен талғамы туралы түсініктері тереңдей түседі. Ұлттық-мәдени лексиканың қалыптасуына әсер еткен экстралингвистикалық факторларды анықтап, оларға талдау жасау нәтижесінде адамдар ұлттық лексиканың сол ұлт туралы ақпарат бере алатынын, оған қалай талдау жасаудың жолдарын біліп шығады. Қазақ тілінің ұлттық корпусында жинақталған этномәдени мұраны деңгей бойынша бейімдеп, оларды ұлттық құндылықтар мен ұлттың тарихи даму кезеңдерін танытатын құрал ретінде қабылдауын үйлестіру қажет. Профессор Анар Салқынбай «Ұлттық код ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте», – деп, тілдің ұлттық кодты сақтаудағы маңыздылығы «Ұлы дала құндылықтары:

тіл және тәуелсіздік» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференцияның материалдары 250 туралы пікір білдірді. [3, 96 б.] Қазіргі таңда ұлттық код мәселесі үлкен маңызға ие. Ұлттық код дегеніміз не, оған нені жатқызуға болады деген сияқты пікірлер қызу талқылануда, оған зиялы қауым өкілдері, түрлі сала мамандары өз көзқарастарын білдіруде. Ұлттық код тілмен тікелей байланыста қаралатыны айтпаса да түсінікті. Ұлттық кодты сақтаудағы тілдің алатын орны айрықша. Тілімізде ұлттық сананы, ұлттың болмысын, танымын, салт-дәстүрін танытатын этномәдени ұғымдарымыз жетерлік. «Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, тіл – ұлттың мәдени коды» [3, 98 б.] Тіл – адамдардың қарым-қатынас құралы ғана емес, әр ұлттың ұлттық болмысын, дүниетанымын, ойлау жүйесін сипаттайтын жалпыадамзаттық құндылық. Ақиқат дүниені тану барысында дүниетанымдық білімдер арқылы жалпыадамзаттық сана қалыптасады. Бұл жалпыадамзаттық сана әлемдегі барлық халыққа ортақ болса, адамзаттың бір-бірінен ұлт ретінде ерекшеленуі ұлттық сананы қалыптастырады. Ұлттық мәдениеттің негізгі коды – этникалық тіл болып табылады. Демек, әр этностың өмір сүру сипаты мен ұлттың рухани ерекшеліктері, ойлау ұғымдары мен бағыт-бағдарын сипаттайтын тілдік жүйесі арқылы ана тілде сақталады.

Халқымыздың ғасырлар бойында қалыптасқан дүниетаным, өзі өмір сүріп отырған табиғатпен қарым-қатынасын, өмір сүру тұрған табиғатпен қарым-қатынасын, өмір сүру барысындағы табиғат байлығын игеру тәжірибиесін, ұжымдық тағылым-тәрбиесін, жеткізген материалдық әрі рухани байлығын танытатын, қоғамның барлық мүшесі үшін маңызы бар этномәдени тіл бірліктері.

Осы арада материалдық мәдениет атаулары да рухани мәдениетпен қатар адамдардың тіршіліктің мұқтаждықтарын өтейтін атап өткен жөн. Сондықтан материалдық мәдениет пен рухани мәдениетті бір-бірімен өзектес, бүтіннің екі жағы деп қарауға болады. Бұл түптеп келгенде, заттық мәдениеттің дүниеге келуінің негізгі шарты.

Қазіргі кезде этноатаулар қоғамдық қарым-қатынас кезінде белсенді қолданылмаса да, бұл сөздердің мәдени әрі тарихи көзі.

Профессор Н.Уәлидің осы пікірінен қазақ тілін оқытуда коммуникативтік құзыреттілікті дамыту мақсатымен қатар тілдің кумулятивтік қызметін ескеруіміз қажеттігін түсінуге болады. Атап айтар болсақ, Н.Уәли, Ж.Манкеева, Р.Шойбеков, т.б. ғалымдардың қазақ халқының этномәдени лексикасын зерттеуге арнаған еңбектерін де негізге алсақ, қазақ тілінің мәдени лексикасын меңгерудегі мамандардың білімінің өсуіне берер ықпалы едәуір болатыны анық. Алдыңғы жиған білімін кеңінен пайдалана отырып, қазақ тіліндегі мәдени лексиканың сырын докторлық диссертациясында ашты, мәдени лексикаға жататын сөздерді жинап-теріп, саралады, еңбегі жанжақтылығымен, тілдік фактілерінің молдығымен айрықша болып шықты. Мәдени лексика туралы мәліметтер Ж.Манкееваның «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» еңбегінде талданды [4, 85 б.]. «Адам психологиясының, оның когнитивтік процесінің дамуын, жеке басының көріністерінің қалыптасуын ең алдымен, табиғатпен қарым-қатынасы, шаруашылық кәсібі арқылы өзектеген Ж.Манкеева тілдік құралдардың да ұлттық мәдени генезисін этнопсихология мен биосфера заңдылықтарынан өрбіте зерттеген. Зерттеуде ғалым «халықтың көкірегі», «халықтың жады», «ұлттық сезім», «рухани дүние», «халықтық психология» секілді ұғымдардың кездесуі содан, ғалым олардың маңыздылығына тоқталады. Қай халықтың болса да, қоршаған ортадағы қажеттіліктерге байланысты санасындағы ойы, ұғымы тілі арқылы жарыққа шығатыны қазіргі тіл білімінде антропоцентрилік бағыт арқылы дәлелденуде. Антропоцентристік бағыт тіл білімінде кейіннен қалыптасқан, жаңа бағыт болып табылады. Профессор Е.Жанпейісов: «Тіл – этностың ең тұрақты, ең бір басы ашық негізгі көрсеткіші. Ал тұрақтылығы бұған қарағанда осалдау, өзгеруге бейім территориялық бірлік, экономикалық-шаруашылық және мәдениет тұтастығы т.б. этностың қосалқы белгілеріне жатады. Демек, тіл тағдыры мен этнос тағдыры қашанда бір-бірімен тығыз байланысты» [5, 7 б.] – дейді. Бұл пікір ойымызды қуаттай түседі. «Ұлы дала құндылықтары: тіл және тәуелсіздік» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференцияның материалдары 251 заңдылықтары, оның өзіндік табиғаты, құрылымы, тарихы мен әлеуметтік мәдени негіздері туралы ой өрбітеді. Сонымен бірге, тарихи сана мен ұлттық мәдениет – ұлт рухының өзегі, қазақстандық патриотизм мен ұлттық тәрбие – рухани топтасудың тірек екені, Қазақстан Республикасында этникалық қарым-қатынас мәдениеті мен келісімін жетілдіру арналары анықталады. Қазіргі таңда этнопедагогика жеке оқу ретінде әдіснамалық, теориялық және практикалық жағынан негізделіп отыр. Одан соң білім стандарттары жасалып, бағдарламалары әзірленіп, оқулықтары жазылды. Ол жеке оқу пәні ретінде оқу орындарына ендірілді. Міне, Ж.Манкеева осы мәселені жан-жақты түсіне келіп, жұмысында, өзі атап көрсеткендей, «зерттеу нысанына іліккен негізінен ұлттық бояуы қою, халықтық лексика. Атап айтқанда, тұрмыста қолданылатын зат, бұйым, еңбек құралдары, үй жиһаздары, киім т.б. атаулары, дәстүрлі кәсіпке қатысты

терминдер» болып табылады деп көрсетеді. Мысалдарды әр түрлі қайнаркөздерден, атап айтқанда, тарихи тақырыпқа жазылған көркем шежірелерден, ақын-жыраулар тілінен, XVIII-XIX ғғ. ақындардан, фольклордан, диалектілік ерекшеліктерден, фразеологизмдерден жинастырды. Оларды он бөліктен тұратын лексика-семантикалық топқа бөлген. Соның нәтижесінде, зергерлік әшекейлердің басқа, сырт киімге тағылатын түрлері туралы этнографиялық мәліметтермен бірге олардың шығу тегі жөнінде терең тілдік мәліметтер жинақталып, зергерлік құрал-саймандардың түрлері жөнінде фактілер топтастырылған. Одан өзге киім-кешек атаулары, қолөнер туындылары, еңбек құралдары мен ыдыс-аяқ атаулары, киіз үй құралдарының атаулары, қазақтың музыкалық аспаптары мен қару-жарақ атаулары, ұлттық тағам атаулары топтастырылған, тілдік, танымдық, ділдік талдаулар жинақталған кешенді еңбек дүниеге келген. Демек, антропоэлектік бағыттың аясында айқындалған жаңа тіл салалары арнайы атау алмай тұрып-ақ, бірқатар ғалымдардың зерттеу нысанына айналғаны байқалады. Лингвомәдениеттану деп аталған атауы қалыптаспай тұрып-ақ тілдегі мәдени-семантиканың уәжін сақтау, тіл арқылы мәдени ұғымдарды айқындау талпынысы сөз мағыналарын зерттеу барысында әрқашан байқалып отырған. Корпусқа бүгінгі таңда қоғам қажеттіліктерінен туындаған басқа ғылым саласы сияқты өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Оның қажеттілігі мен өзектілігі жайлы аталмыш сала бойынша өткізілген ғылыми-практикалық конференциялар материалдары мен зерттеушілердің еңбектері дәлелдейді. табуада. Бұл атаулар – тіл қазынасының сүбелі саласының бірі және бүгінде халықтың қоғамдық өмірін бейнелеп қана қоймай, ана тілінің сөздік қорын, байлығын көрсетеді. Мысалы, тіл мен мәдениеттің атауына ұйытқы болған ана тіліміздің байлығының бір бөлігі. Демек, дүниенің бір үзігі ретінде мәдени ұғымнан ұлттық таным құралына, символдық мәнге ие, сол заттың мәдени аясының тілдік санада жалғасады.

Тұрмыстық атауларға байланысты этномәдени бірліктерге мысал келтіре кетейік:

ЖҮКАЯҚ зат.е этн. заттық. жиһаз. Үстіне жүк жинайтын немесе кебеже, сандық қоятын ағаштан жасалған үй жиһазының атауы. Жүкаяқты жүктің асты дым тартып кетпес үшін, яғни үй мүліктері жерден көтеріңкі тұруы үшін қолданылады. Оның жасалу тәсіліне қарай бірнеше түрлері кездеседі. Жүкаяқтың көне түрінің сирақтары ұзындау, қасбетінің көлемі төрт-бес елідей жалпақ, тек жүк қоюға арналып жасалса, ал кейіннен ыдыс-аяқ, киім-кешек, ұсақ-түйек керекті заттарды салуға арналған түрлері де кездеседі. Жүкаяқтың пішініне қарай екі түрлі болады: үсті тегіс кәдімгі жүкаяқ және қайқыбыс жүкаяқ. Жүкаяқ мықты, әрі жеңіл қарағай, самырсын секілді ағаштан жасалады. Қаңқасы үш бөліктен тұрады: *жанағаштан (алдыңғы және артқы беттер), аяқтан, шабақтан*. Жүкаяқтың көбінесе бет жағы мен сирақтары көркемделіп жасалады. Оның бетіне өрнектер мен бедер салып, түрлі-түсті бояулармен жүргізеді. Оюдың беті қырықмүйіз, төртқұлақты, шаршымүйіз, тұмаршамүйіз, қосақталған кошқармүйіз өрнектермен безендіріледі. Қазақтың шеберлері жүкаяқты өздерінің қалауынша көркемдеп жасағанымен, ертеден келе жатқан негізгі тұрпатын сақтап отырған. Кейде оның бетіне әртүрлі сүйек әшекейлер ойыстырылып, күміс бүркеншікті шегелермен шегеленіп, ұлттық нақыштағы зоомифтік, фитонимдік өрнектер салады. Бұл өрнектер әдемілікті келтіріп, үйдің сәнін арттырса, екіншіден үйдегі берекені келтіреді деген танымға сәйкес жүкаяқты сәнді де сапалы етіп жасап отырған.

КӨНЕК зат.е. этн. заттық. ыдыс. Ірі қара малдың бас не мойын терісінен жасалған, бие саууға не құдықтан су алуға арналған шүмегі бар ыдыс. Мал суаруға арналған ыдыстың атауы. Ағаштан ойылып жасалады. Қолданысына қарай түрлі етеп жасалады: қой-ешкі саууға арналған шарасы (аузы) кішелеу, аласа болады. Бие сауға арналған көнеке арнайы шүмек орнатылып, тігісі аз болу үшін түйенің мойнағынан, жылқының сауыр терісінен тігіледі.

ҚОЛАБА зат.е. этн. заттық. бұйым. Сиырға өзге бұзауды телу үшін қолданылатын таяқ. Қазақы көшпелі ортада, енесіне жеріген бұзауды немесе жетім бұзауды басқа сиырға телу кезінде қолданылатын құралдың түрі. Қолабаны басы жұмыр болып келген таяқтың басына киіз орап жасайды. Ол үшін телітін сиырдың шаранасын қолабаға сүртіп алып, телінетін бұзауды емізіп жіберу керек.

Қорыта айтқанда, Корпуста тұрмысқа қажетті түрлі дүниелер адамдардың тіршілік керегіне жарап қана қоймай, терең сырлы бояу, бедер үлгілерімен талай ұрпақты таң қалдырып, сол арқылы рухани мәдениетіміздің қалыптасуына септігін тигізіп, тәрбиелік, танымдық қызметін де өтейді. Осындай ғажап төл мұрамыздың атауларының бай сырларына үңіліп, талдап анықтау, оларды тұрмыстық атауларымыздың қажетімізге айналдыру білу – ұлт санасын жаңғыртатын ұлттық қазынамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. 26 сәуір.
2. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.

3. Салқынбай А. Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды (qamshy.kz)
4. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008. – 356 б.
5. Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. – 1994, 20 қаңтар.

Ж. АМАНБЕКҚЫЗЫ

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология мамандығының I курс докторанты,
Астана, Қазақстан*

ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫ ТАНУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЗЕРТТЕУЛЕР

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік бағыттың даму бастаулары мен қазіргі жетістіктеріне тоқталған. Ұлтымыздың жаңа болмысын қалыптастырудағы педагогикалық негіздер: тіл мен таным, тәрбие ұғымдарының бүгінгі қолданысы туралы ой қозғайды.

Тірек сөздер: антропоэзектік, концепт, сана, когнитивтік лингвистика, таным.

Аннотация. В статье рассматриваются истоки развития и современные достижения направление антропоцентризма в казахской лингвистике. Педагогические основы формирования новой идентичности нашей нации: язык и познание, воспитание и современное применение в концепций образования.

Ключевые слова: антропоцентризм, концепт, сознание, когнитивная лингвистика, познание.

Abstract. The article examines the origins of development and modern achievements of the direction of anthropocentrism in Kazakh linguistics. Pedagogical foundations of the formation of the new identity of our nation: language and knowledge, education and modern application in the concepts of education.

Keywords: anthropocentrism, concept, consciousness, cognitive linguistics, cognition.

Қарқынды дамып келе жатқан қазіргі әлемде, жаһандану мен жаңа сын-қатерлер жағдайында рухани басымдық пен ұлттық болмысымызды сақтау өте маңызды. Осыған орай, тіл білімінің теориялық және қолданбалы мәселелерін зерттеу қоғамның бірлігі мен рухани жаңғыруын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі. Қазіргі лингвистика әлемнің түрлі ғылыми орталықтарында қарқынды дамып келеді. Қазақ тіл білімі әлемдік лингвистиканың бір бөлігі ретінде тіл білімінің қазіргі тенденцияларына сәйкес дамып, бірнеше кезеңнен өтті. Қазақ тіл білімі тіл туралы сөйлеудің барлық саласын қамтиды. Бұған соңғы жылдары отандық ғалымдар жүргізген зерттеулер дәлел бола алады. Отандық лингвистердің міндеті – қазақ тіл білімін әлемдік лингвистикалық деңгейге көтеру, динамикалық және инновациялық зерттеулер есебінен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Қазақ тілі – ата-бабамыздың бізге қалдырған асыл мұрасы, ақылдың кені, даналықтың дәнегі, баға жетпес алтын қазына. Қазақ тілі мемлекет қорғауында сақталып, дамитын жалғыз мекен – Қазақстан, сол себепті тіл саясатының ғылыми, менеджменттік, қоғамның барлық саласындағы қолданбалы негізі берік болуы тиіс. Өркениетті елдерде тіл саясаты жан-жақты жоспарланып, оның өміршеңдігін артыру үшін әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-демографиялық, тілтанымдық, әлеуметтік-функционалдық және ұлттық-мәдени негізін сақтау мен дамытуға бағытталған өңірлік, керек болса халықаралық нақты да жүйелі шаралар кешені құрылады. Олар ресми түрде де, кейде көзге көрінбей-ақ әрекет етіп мемлекеттік-ұлттық мүддеге қызмет ете береді. Бұл туралы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филолог-ғалым Анар Фазылжан былай дейді: «Қазақ тілі – жер бетіндегі ұлттық тілдер ішіндегі бірегейі, әлемдік өркениеттің ұлы игілігі, жалпыадамзаттық құндылықтардың тасымалшысы, 6000-нан астам адам тілінің ішіндегі 259 мемлекеттік тілдің бірі» [1].

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Сан қилы аласапыран тарихты басынан кешіріп, бір ғасырда үш рет әліпби ауыстырып, тарихи тізбегінен, ұлттық тамырынан айрыла жаздағанда ғасырлар тоғысында тәуелсіздік алып, болашаққа деген үміт сәулесі жанып, қайта түлеп, жаңғыра бастаған бай да берекелі тіл. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай: «Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтырып тұрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?!»

Тілдің қоғам дамуындағы орны ерекше. Тіл – ұлттың айнасы: елдің, жердің тарихын, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін, болмысын танытатын асыл қазына. Тілді адамдар арасындағы қарым-қатынас

құралы десек те, ендігі ретте оны тереңірек зерттеудің, ұлт тарихымен, мәдениетімен, танымымен салыстыра зерделеп, тіл арқылы ұлтты танудың мезгілі жеткендей. Мұндай зерттеудің алғышарттары XX ғасырдың ортасынан бастап батыстық лингвистикада қалыптасып, біздің елімізде де XXI ғасырдың басынан кең таралғаны белгілі.

Тіл білімі мен оның салалары ғасырлар бойы құрылымдық тіл білімінің негізінде қарастырылып, таза тілдік, яғни тілдің өз ішіндегі қызметі арқылы ғана зерттеліп келсе, XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басынан бастап тілдік құбылысты зерттеудің жаңа бағыттары қалыптаса бастады. Тіл білімінің зерттелу тарихында салыстырмалы-тарихи, жүйелі-құрылымдық және антропоэзектік бағыт кездеседі.

Салыстырмалы бағыт XX ғасыр басынан басталды, онда тілді салыстыра зерттеуге басымдық берілді. Ал жүйелі-құрылымдық бағыт XX ғасыр басында пайда болып, оның негізін қалаған Ф.Соссюр тілдік таңба теориясын негіздеді. Онда тілді таңба ретінде қарастырып, формаға салуға баса назар аударылды. Жүйелі-құрылымдық бағыт бойынша тілді зерттеу объектіге бағытталса, антропоэзектік бағытта субъектіге негізделеді.

Тілді зерттеудің антропоэзектік бағыты тілді жүйелі-құрылымдық бағытпен салыстыра отырып, оны рухани-мәдени код ретінде таниды. Тілдің антропоэзектік парадигмасы – тілді адамның танымдық ойлауымен байланыста қарастырады. Антропоэзектік бағыттарға этнолингвистика, психоллингвистика, социоллингвистика, когнитивті лингвистика және лингвомәдениеттану жатады.

Ғалым Ж.Сагкенова өз зерттеуінде былай дейді: «XXI ғасырда дүниеге келген антропоэзектік парадигма тілді құрылымдық-жүйелік парадигмамен сабақтастыра зерттей отырып, тілді тек қарым-қатынас пен ойды білдірудің құралы емес, ұлттың рухани, мәдени коды ретінде қарастырады» [2, 198 б.].

Бүгінде қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері осы бағыт негізінде зерттеліп, қазақ тілінің жүйелі-құрылымдық қызметімен қатар, танымдық қызметі де терең талдана бастады. Тілді антропоэзектік бағытта зерттеуге негіз болатын мұндай салалардың негізгі мақсаты мынау: адамның тілге қалай ықпал ететінін анықтау және тілдің адам санасы мен ойына, мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне қалай әсер ететіні мен қалай қызмет ететінін айқындау. Тілдің антропоэзектік бағыты тіл біліміндегі адамның тілдік фактор мәселесін, тілдің адамға қызмет етуі мен адам арқылы тіл табиғатын ашу мәселесімен тығыз байланысты.

XX ғасырдың 80-жылдарына дейін қазақ тілі құрылымдық лингвистика аясында қарастырылып, өзіндік негізгі зерттеу әдіснамасы да қалыптасты. Қазақ тілінің сөздік құрамы мен сөздік қоры фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеліп, тіл құрылымындағы өзіндік ерекшеліктері де толықтай ашылды. Тіпті, тілдің ескірген, көнерген бастапқы мағыналары қайта жаңғырып, сөздік қордың маңызы артты. Солай болса да, тілді тек өз ішінде зерттеу, «құрылымы мен мағынасы аясында ғана қарастыру» деген негізгі қағида терең тарихы бар көне қазақ тілінің түпкі табиғатын, мән-мағынасын ашуға толық мүмкіндік бермеді. Сол себепті әлемдік тіл білімінде қалыптасқан жаңа антропоэзектік бағыттың пайда болуы тілдің бүгінге дейін зерттелмей жатқан бірқатар мәселелерін айқындауға негіз болды.

Ғылымдар тоғысындағы интеграция үдерісінің нәтижесінде пайда болған жаңа антропоэзектік парадигмада когнитивтік лингвистиканың алар орны ерекше. Когнитивтік лингвистикада тіл адам баласының танымын сипаттайтын басты құрал ретінде танылады. Адам санасындағы, ойындағы, миындағы ақпарат тек тіл арқылы ғана бейнеленіп, жарыққа шығады. Тіл арқылы қарым-қатынасқа түседі. Адамның концептуалды санасындағы ілімі оның дүниеге, қоршаған ортаға деген көзқарасынан хабар береді. Расында да, тіл арқылы берілген білім әлем туралы білімнің бір бөлшегі. Бұл туралы зерттеуші-ғалым Ш.К.Жарқынбекова: «когнитивті лингвистика орталығында тіл жалпы когнитивті механизм секілді орналасқан бағыт ретінде бағалап, қазіргі заманғы лингвистиканың міндеті тілдің адамның танымдық әрекетіндегі, яғни білімді алу, сақтау, жетілдірудегі рөлін зерттеу болып табылады», – дейді.

Когнитивті лингвистика ғылымының зерттеу бағыты жеке тұлғаның қоршаған орта туралы біліміне негізделген танымдық ғылымның нәтижесіне сүйенеді. Адамның күрделі танымдық әрекеттері білу, ойлау, қорытынды жасаумен тығыз байланысты. Ол ойлау жүйесіндегі түйсік, түсінік, ұғым арқылы және тілдік бірліктер арқылы жеткізіледі. Бұлардың тілдегі көрінісі кестелер, сызбалар, фреймдер мен сценарийлер, ойсуреттер не ойбейнелер ретінде суреттеледі. Осыған орай когнитивті лингвистикадағы тілдің қызметі негізгі екі бағытта айқындалады:

- әлемнің тілдік бейнесін сипаттаудағы қызметі;
- менталдық жүйенің сөйлеудегі көрінісі.

Когнитивтік лингвистикадағы негізгі бағыт – тіл мен адам санасын біртұтас жүйе ретінде қарастыру. Бұл бағытта жазылған қазақ тіліндегі тың зерттеулер XX ғасырдың соңы мен XXI ғасыр-

дың алғашқы жылдарында жариялана бастады. Р.Сыздық, Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, Г.Гиздатов, Қ.Жаманбаева, Ж.Манкеева, Э.Сүлейменова, Г.Смағұлова, Б.Момынова, Н.Аитова, А.Ислам, Ш.Елемесова сынды ғалымдар когнитивтік лингвистиканы лексикология, этнолингвистика, когнитология, лингвомәдениеттану салалары тұрғысынан зерттеді. Академик Ә.Қайдардың этнолингвистика саласындағы тұжырымды ойлары жинақталған елеулі зерттеу еңбектері мен Ж.Манкееваның танымдық лингвистика туралы ізденістері қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистика ғылымының қалыптасуына ықпал етті.

Сондай-ақ, «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты Қаныгүл Жаманбаеваның 1998 жылы шыққан еңбегінде тілдік бірліктерді емес, тіл бірліктері арқылы тілдік тұлғаны тануға бағытталған сүбелі зерттеулер жүргізілген. Тіл біліміндегі антропоэзектік бағытқа сай, яғни адамның өзегіне өту, тұлғаларды тану арқылы өзінді, ұлт болмысын тануға негізделген құнды ой-тұжырымдарын жинақтайды. Жоғарғы сана, түпсана, тыссана, гештальт теориясы, тілдік сана, нарративтік тұлға, меон, эйдос, т.б. сынды терминдерде қазақ тіл білімінің ғылыми айналымына енгізеді.

«Адам жөніндегі жоғарғы ілімдерді эмоция, символ, тілдік сана деген үш ұғымның төңірегінде жинақтап отырмыз. Осы үш ұғым зерттеудің құрылымын белгілейтін болады. Сонымен бірге тілдік сана деген ұғымның құрылымы қатар анықталады. Тілдік сана негізін эмоция, символ ұғымдары көрсетеді. Өз кезегінде тілдік сана да символ шеңберіне кіреді» [3, 4 б.], - дей отырып, негізгі ұғымдарды нақты мысалдармен талдап түсіндіреді. Сонымен бірге, Абай шығармашылығы, «Қорғансыздың күні» (М.Әуезов), Мағжан мистикасы, «Шыңырау» (Ә.Кекілбаев) негізінде құрылған тезаурустарды ұсынады. Абай қолданысындағы «жүрек» концептісін жан-жақты талдап, «таза жүрек», «жылы жүрек», «ызалы жүрек», т.б. қолданыстарын айшықтайды. Осы шығармаларда кездесетін концептілерді жеке-жеке талдап, сол арқылы тұтас ұлтқа тән эмоциялық күйлерді, жан күйлерін танытады. Символ-бейне арқылы сөздің ішкі мәніне, жан күйлерінің ішкі мәніне талдау жасалады.

«Тілдік сана» деген ұғым зерттеуде тұңғыш рет негізделеді. Тілдік сана – монадалардың әрекеттесуіне негізделген жоғарғы өлшемдік құндылық ретінде, үш тағанды күрделі жүйе ретінде танылды. Тілдік сана болмысы жүйелер теориясының қағидаларына толық жауап береді», – дей келіп, Қ.Жаманбаева: «Зерттеуде таным философиясын, эмоция, тіл, символ негіздерін трансценденттік негізде тұтастыру арқылы адам проблемасын шешуге талпыныс жасадық. Ал адам проблемасы бір ғана мақсат пен нәтижеге бағытталады: ол – адам баласын ең жоғары жетілуге жеткізу. Осыған орай біз өз зерттеуімізді жоғарғы түйсіктердің, дара болмыстардың дәйектемесі деп ұсынғымыз келеді. Бұл – қазақ қоғамының да терең жатқан негіздері болып құралмақ» [3, 106 б.].

Өз уақытында ғалым Қаныгүл Жаманбаеваның бұл еңбегі қазақ тіл білімінде жаңа бағыттың бастау алуына негіз болып, антропоэзектік зерттеулер саны артуына ерекше ықпал еткендей. Мұндағы ғалымның ой-тұжырымдары әлі де өзектілігін жоғалтпай, қазақ қоғамын тілдік тұрғыда зерттеуге өлшеусіз үлес қосатын терең талдауды қажет ететін құнды материал болып табылады.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі құралдары: есте сақтау бірліктері – таным, гештальт теориясы, тілдік сана және т.б. Когнитивтік лингвистика тіл арқылы дүние бейнесін сипаттауға негізделеді. Дүние туралы танымның қалыптасуы психикалық күйдің үш деңгейінің өзара қарым-қатынасына байланысты: сезімдік қабылдау деңгейі, қабылдауды қалыптастыру деңгейі, сөйлеу-ойлау деңгейі. Когнитивтік лингвистикада тілді таным құралы және танымның алғышарты ретінде қабылдайды. Бұл ілімнің негізін салушылардың бірі В.Гумбольдт тілдің адам болмысы мен танымның барлық аясын қамтитын адами рухтың негізгі қызметін атқаратынын айтқан.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдары: ойлау, білім, когниция, дүниенің тілдік бейнесі, менталдылық, концепт. Негізгі базалық категориясы – концепт. Концепт ретінде танылатын тілдік бірлікке мынадай шарттар қойылады:

- «өзек», «тірек» болатын қасиеті болуы керек;
- белгілік және дефинициялық құрылымын айқындау үшін ұғымдық мағынасы болуы керек;
- тілдік санада бейнелік сипатта көрінуі тиіс;
- коннотативтік және ассоциативтік мәнде жұмсалуды керек;
- адамның танымдық және ойлау әрекетінің нәтижесі болғандықтан абстрактілі мағынаға ие болуы қажет;
- концепт жеке сөз ретінде емес, белгілі бір контексте басқа сөзбен байланыста танылуы тиіс;
- өзіне өзек болатын тірек мағынамен бір өрісте қарастырылуы тиіс;
- ұғымдармен, бейнелермен, символдармен вербалданып, коннотативтік, ассоциативтік мәнге ие болғандықтан белгілі бір бейнелер мен түсініктердің өзіндік абстракциясы ретінде танылады;

– шындықты бейнелеудің, сыртқы дүниені танудың коды болуы тиіс [4].

Мұндай концептілер адам санасында, адам танымында сипатталады. Адамның сезімі, ойлау әрекеті, вербалдық және бейвербалдық әрекеті концептілердің толық та жан-жақты танылуына ықпал етеді. Ақырында сөз арқылы жарыққа шығады. Фразеологиялық бірліктер, идиомалар, клише, мақал-мәтелдер, афоризмдер, стереотиптер, ойбейнелер ретінде концептілік өріс құрады. Маңызды мәдени ақпарат дереккөзі ретінде когнитивтік лингвистикадан елеулі орын алып, «әлемнің тілдік бейнесін» құрады.

«Әлемнің тілдік бейнесі» әр халықтың, ұлттың танымында ерекше сипатқа ие болады. Түрлі халықтың таным қызметі мен физикалық және вербалдық мінез-құлқында танымдық-психологиялық негізде айқындалады. Ұлттық тілі, тарихы, дәстүрі, ұрпақтар сабақтастығы арқылы жалғасын тапқан әлем бейнесі тілдің кумулятивтік қызметі арқылы сипатталады.

Когнитивтік лингвистика ғылымының негізгі мақсаты – тіл білімінің дәстүрлі зерттеу жүйесіне сүйене отырып, ұғым-түсініктердің базалық сипатына тілтанымдық тұрғыда талдау жасау. Осы ретте тіл білімінің жаңа саласы ретінде соны зерттеулерге, тың ізденістерге ашық, сыры терең, ұлт танымын зерттеуде жас ғалымдарды қызықтыратын заманауи ілім жүйесі болып саналады. Бұл саладағы зерттеулер қазақ тіл білімін әлемдік деңгейде дамытып, ғылым саласында өзіндік болмысымен танылуына үлес қосары анық.

Бүгінгі өркениеттер қақтығысы кезеңінде жаһандануға жұтылмай ұлттық танымымызды, табиғи болмысымызды сақтап қалудың бірден-бір жолы – тіліміздің мәртебесін арттыру, қолданыс аясын кеңейту. Мемлекеттік тілде сөйлеуді сәнге айналдырып, жастарымыздың ұлтжанды, отансүйгіштік қасиетін арттыруда бәріміз жұмылған жұдырық болып әрекет етсек қана нәтижелі болмақ. Бұл ретте балалар әдебиеті, әсіресе, қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілері таптырмас көмекші бола алады. Қазақ халық ауыз әдебиетінің, оның ішінде, қисса-жырлар мен ертегілердің, аңыздардың этнолингвистикалық сипаты, баланың тұлғалық қалыптасудағы орны ерекше назар аударуды талап етеді. Себебі, Алаш арыстары болсын, қазақтың біртуар ғұлама-ғалымдары болсын, барлығының өмір тарихында «ескіше оқыған, ауыл молдасынан сауат ашқан, жастайынан шағатайша қисса-жырларға қанып өскен» немесе атасы мен әжесінің тәрбиесін көрген деген жолдар кездеседі.

Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы болса, өмірінде кездескен ұстаздарының бәрінен өмір сыры мен жаратылыс құпиясын қарапайым қисса-аңыздар арқылы таныстырған әжесі мен әкесін жоғары қояды. Тіпті, немересіне ертегі айтатын әжелердің азайып, баласына әлди айтатын аналардың кеміп бара жатқанынан қорқамын деуінің өзі бұл саланың бала бойында отансүйгіштік пен ұлттық рух қалыптасуында үлкен орын алатынын көрсетеді.

Орта ғасырдағы қисса-жырларды зерттеген ғалым Алма Қыраубаева негізін қалаған ұлттық мектеп жүйесін жаңғыртып, қазақ балаларына ұлттық білім негіздерін үйретудің сәті келгендей. Мұның өзі филологтар мен әдіскерлер келелі зерттеулер жүргізіп, мемлекет қолдауымен кейінге қалдырмай іске асуы тиіс шаралардың негізгісі болуы тиіс. Тағы да М.Әуезовке жүгінсек, «Әрбір мектеп нағыз ұлт мектебі болуы үшін екі дінгекке тіреледі. Біреуі – сол елдің тілі, екіншісі – тарихы».

Болашақта ұлт сапасын артырып халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыратын ұлттық мемлекет құрамыз десек, алтын дінгек – тарихымыз бен тілімізге табан тіреріміз хақ. Жас жеткіншектің ұлттық рухта тәрбиелеуде, сапалы маман дайындауда әрбіріміз нақты үлес қоса аламыз. Баланы жастайынан туған халқының мол мұрасымен сусындатып өсіру арқылы оның бойына баға жетпес ұлттық құндылық негіздерін қалыптастыратынымызды ғылыми тұрғыдан зерттеп, бүгінгі оқу әдістемесіне ұлттық бағытты тереңдетіп енгізетін кез келді. Білім алушыларға халқымыздың ауыз әдебиеті, ондағы түрлі сыр бүккен сөздер тарихы, олардың танымдық мәні, қазір қолданыстан шығып қалған түрлі санамақтар мен ұлттық ойындардың балаға әсері, мифтер мен аңыздардағы қаһармандардың қалыптасу жолы, олардың бала тәрбиесіне әсері, елтанымдық сипатын ұқтыру маңызды міндет. Сондай-ақ, қазақ ертегілерін жаңа заманға сай түрлендіріп, бала тіліне жеңіл де оңай, тез қабылдайтын, өмірден алынған кейіпкерлерді енгізу мәселесі де толғандырады. Заманына сай өміршендігін жоғалтқан мыстан кемпір, жезтырнақ, айдаһар, диюдан гөрі балаларды болашаққа талпындыратын, шығармашылық және өнертапқыштық қабылетін шыңдайтын жаңа кейіпкерлер ұсыну, сол арқылы ұлт сапасын арттырып, халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыра аламыз. Себебі, баланың тек ақыл-ойын емес, бес сезім мүшесін дамыту, табиғатпен үйлесімде жетілдіру, топырақты, шөпті басып, туған ауасымен терең демалып өсуі оған көп мүмкіндіктер береді. Қазіргі кездегі смартфонға байланып, осы адами сезімдерден ада бола бастаған балалармен жүйелі жұмыс жүргізіп, олардың сауатты да сау болып қалыптасуына бәріміз бір кісідей атсалыссақ қана нақты нәтижелерге қол жеткізе аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0ALaAaqaUdmJiTGoFyj7h3k58cQpVNkkti59ZazNsA5RgHRdoYxzM799pab6vsvSl&id=100000598438531&mibextid=Nif5oz
2. Саткенова Ж. Антропоэзектік парадигмадағы «тілдік тұлға» теориясының қалыптасуы мен дамуы // Серия «Филологический сборник». – Вып. 13. – 2014. – Б.198.
3. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
4. Қысқаша когнитивтік терминдер сөздігі. – Алматы, 2002. – 160 б.

Д.Ж. АРЫНБАЕВА

Магистр-оқытушы, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ

Шымкент, Қазақстан

Б.Б. АБДУРАЗОВ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің магистранты

Шымкент, Қазақстан

ЭТНОЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ЖАҒАНДАНУ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі кезеңдегі жаһандану жағдайындағы лингвистикалық мәселелер мен тәжірибелер, тілдік ортада орын алып жатқан құбылыстар назарға алынып, тілдердің динамикалы дамуы мен жаһандану үдерістері арасындағы байланыстардың ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеу шаралары этнолингвистика әдіснамалары негізінде жасалып, мәтіндердің талдануы, түрлі мәдениеттердің тілдегі жүйелік құрылымдарын саралалануы, тарихи өткендеріне шолу жасалу арқылы құрылымдалған.

Зерттеу мақсаты болып табылғаны жаһандану үдерісінің тілдік ортаны, ондағы диалектілер мен қолданыстағы тілдік бірліктер мен жиынтықтарды өзгеріске ұшыратуға тигізетін оң немесе кері ықпалы мен тіл табиғатын құбылысқа түсірудегі әсері және қауіп-қатерлерін айқындау.

Зерттеу нәтижелері жаһандану жағдайындағы тілдік тәжірибелерді талдауға мүмкіндік береді сондай-ақ тілдік жүйелердің өзара араласуында басым тілдік жүйелер әлсіз тілдік топтардың қолданылу аясын шектеп, тарылтуы мүмкін деген гипотезаны қолдайды. Бұл тектес талдаулар рухани және мәдени құбылу процестерін терең түсінуге жетелейді және әлемдік жаһандану барысында тілдік алуандылықты сақтаудың маңызды екенін көрсетеді.

Тірек сөздер: этнолингвистика, жаһандану, тілдегі динамика, мәдени мұра, рухани құндылықтар, тарихи бетбұрыс.

Аннотация. В данной статье рассматриваются лингвистические проблемы и практики в условиях глобализации на современном этапе, явления, происходящие в языковой среде, рассматриваются особенности происходящих связей между динамичным развитием языков и процессами глобализации. Исследовательские мероприятия построены на основе методологий этнолингвистики, структурированы анализом текстов, дифференциацией системных структур разных культур в языке, обзором исторического прошлого.

Целью исследования является выявление положительных или отрицательных влияний, угроз и возможностей процесса глобализации на изменение языковой среды, диалектов и существующих в ней языковых единиц и компиляции, а также влияние на изменение природы языка.

Результаты исследования позволяют анализировать языковые практики в условиях глобализации, а также подтверждают гипотезу о том, что при взаимодействии языковых системы доминирующие языковые системы могут представлять угрозу для сферы применения малых языковых групп. Анализ этого рода приводит к более глубокому пониманию процессов духовной и культурной волатильности и подчеркивает важность сохранения языкового разнообразия в ходе мировой глобализации.

Ключевые слова: этнолингвистика, глобализация, динамика языка, культурные наследия, духовные ценности, угрозы и возможности.

Abstract: This article examines linguistic issues and practices in the context of globalization in the present stage, as well as the phenomena occurring in the language environment and the features of the ongoing connections between the dynamic development of languages and the processes of globalization. Research

activities are based on ethnolinguistic methodologies, including text analysis, differentiation of system structures among different cultures in language, and a review of the historical past.

The purpose of the study is to identify the positive or negative influences, threats, and opportunities of the globalization process on changes in the language environment, dialects, existing linguistic units, and compilations, as well as its impact on the nature of language.

The results of the study enable us to analyze language practices in the context of globalization and confirm the hypothesis that when language systems interact, dominant language systems can pose a threat to the scope of application of small language groups. This kind of analysis leads to a deeper understanding of the processes of spiritual and cultural volatility and emphasizes the importance of preserving linguistic diversity in the course of global globalization.

Keywords: ethnolinguistics, globalization, language dynamics, cultural heritage, spiritual values, historical moment.

Ұлттық тіл ұлттық мәдениеттің бір саласы. Қазақ даласындағы этнолингвистиканың дамуы мен қалыптасуына үлес қосқан тұлғалардың қатарында Р. Сыздық, Р. Шойбеков, Б. Қарағұлова, Ж. Манкеева, Ғ. Аронов, Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов секілді ғалымдарды атап өтуге болады. Зерттеушілердің еңбектерінің арқасында этнолингвистика қазақ тілі ғылымында болашағы зор әрі бірегейлігі айқын бағыт ретінде орнығып келеді.

Этнолингвистика ұлттың табиғатынан туындап, қоғамның тарихи жадында сақталып, сандаған ғасыр бойында екшеліп жеткен мәдени құндылықтар мен рухани мұраларды тілдік аспектімен байланыстыра отырып қарастыруымен ғылымға да, қоғамға да аса пайдалы болып отырған өнімді бағыт.

Қазақ тіл ғылымы саласында этнолингвистика бағытымен тұңғыш болып ден қойып айналысқан ғалым ретінде Ә.Қайдар есімі аталады.[2, 55 б.]

Халықтың әрбірі өзіне тән дүниені тану моделін қалыптастырады, соның шеңберінде әдептілік пен руханилық басымдықтарды анықтайды, ұлттық және халықтық дербестігі мен бірегейлігін құрамдайды, өмір сүру барысына қажетті құндылықтар жүйесін жасақтайды. Әлемдік деңгеді осындай бірегейліктерден халықтардың алуандаған бояулы палитрасы жасалады және көрініс табады. Кей жағдайларда ұлттар мен халықтардың антропологиялық ерекшеліктері, діни сенімдері мен тілдік құрамы жақын, тіпті біркелкі ұқсас болып тұрғанымен, олардың арасын түрлі салттар мен жоралғыларға, танымдар мен иланымдарға, әдеттер мен ғұрыптарға толы мәдени қорлары ажыратып тұрады. Мұндай айрықшылықтардың барлығы халықтың тілінде, сол тілдегі қолданылатын жеке бірліктер мен олардан құралған тұрақты тіркестер мен ой орамдарында көрініс табады, халық шығармашылығында орнығады.

Қайсыбір ұлттың болмасын пайда болған, туындаған кезін тап басып дәл айқындау оңай шаруа еместігі белгілі. Осындай күрмеуі қиын тұста этнолингвистика ғылымы қолданысқа алынады. Халық мәдениетінің өткенін тілдік құрамы мен құрылымы тұрғысынан қазбалап қарастырып, оны бүгінгі күнімен байланыстырып, көне тарих пен заманауи уақыттың арасын жалғап тұратын алтын көпірге айналады.

Этнолингвистика халықтың дәстүрлі мәдениеті мен менталитетінің құрамы және құрамдас бөліктерін зерттеумен қатар халық ауыз шығармашылығын, этнографиясын, дүниетанымы мен тарихын, сол секілді халықтың және ұлттық рухани және танымдық қазыналарын зерделеумен айналысады. Лингвистика ғылымы болғандықтан, әлбетте, мұндай зерттеу барысы мен шаралары белгілі халық қолданысындағы бар немесе болған тілдің және оның диалектілерінің аясында жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда түрлі ғылым салаларының өзара ұштасуы, бір-бірінің зерттеу аймақтарына кірігуі, интеграциялануы кең таралып және қолданылып жатқан тұста лингвистикалық-тілтанымдық және мәдениеттанымдық ғылымдар да орын алған өзгерістер мен ілгерілеуден тыс қалып жатқан жоқ. Бұл ғылым салаларының өзара түйіскен тұсынан формаланып, жаңа қырынан көрініс беріп келе жатқан өскелең ғылым бағыттарының бірі лингвомәдениеттаным арнасы.

Этнолингвистика қоғамдық сананың формалары мен мазмұндарын зерттеуімен маңызды. Тілді тек қатынас құралы ретінде қарастырудан ілгерілеп, тұтас ұлттың вербалды, менталды және акционалды болмысының, ұлттағы құндылықтар жиыны мен дүниеге көзқарасының белгілерінің бірі ретінде қарастыру арқылы этнолингвистика ғылымы кешенденеді және тереңдейді. Танымдық және коммуникациялық мәселелерді бірлестіре зерделеу арқасында этнолингвистика тілдің мәдениетте көрініс табуын сондай-ақ белгілі ұлттағы, халықтағы қатынасу тәсілдері мен түрлерінің бірегейлігін айқындау жұмыстарын жүзеге асырады. Этнолингвистика әлемнің тілдік бейнесін модельдейді.

Кеңестік құрылым кезеңінде ұлттардың тілдік және мәдени ерекшеліктері мен өзіндіктерін кең танытып, насихаттау шаралары ілгеріледі деп айта алмаймыз. Оның орнына ұлттық, халықтық бай

қазыналарды барынша жұпыныландырып, жұтатып, жоқ секілдендіру; оның орнына баршаға ортақ «интернационалистік» кейіп пен шовинистік пиғылдағы орыс ұлтының өмір дағдылары мен тіл заңдылықтарын қолдандыру секілді бірбүйірлі саясаты басым болғаны белгілі. Соның салдарынан болар, тіл өзінше бір әлем, ал мәдениет болса өзінше жеке әлем секілді күн кешіп, жекелеген авторлардың этнотанымдық еңбектері мен жазба-мақалаларында ғана болмаса, тегі тамырласып жататын бұл екі саланы бірлестіріп, біріктіріп, сыбайластырып қарау бүгінгідей кең етек жайып, басты назарға алынбай келді.

Қоғам өміріндегі тілдік кеңестік немесе «лингвистикалық ландшафт» сан алуан болуымен қатар тарихи тұрғыдан көне, ежелден жалғасты болып табылады. Сөйлеу тілімен қатар жазба тілі де әуел бастан қарым-қатынастық, коммуникативтілік қызметтерді атқарғаны белгілі. Жеке таңбалар, салына-тын ен-белгілер секілді әлеуметтік ортада заттың өзі немесе иесі жайлы мағлұмат беретін сигналдардан бастап алып тастарға қашалып бәдізделіп жазылған жазбаларға дейінгілердің барлығы қоғамдағы сауаттылықты, реттілікті, жүйелілікті білдіруді де мақсат тұтқанын айтуға болады.[3, 43 б.]

Бүгінгі көзқарас-өлшемдерге салып қарағанда ежелгі өркениеттердің өкілдерінің бәрін бірдей сауатты болды деп айтуға келмесе де, олардың арасындағы дәулеттілері мен биліктегілері, элиталы топтары сауаттануға әрдайым талпынып отырғаны аңғарылады. Себебі, ол дәуірлерде сауаттылық әлеуметтік өмірге толыққанды қатынасу үшін негізгі қажеттілік пен біліктілік есебінде саналмады.[4, 24 б.]

Жазудың кең тарап, сауаттанудың артуы адамдардың дүниеге деген көзқарастарын да өзгертіп, өмір сүру жағдайлары мен қалыптарына да өзгерістер енгізді, қоғамдық құрылым жүйесіне де әсер етпей қалмады. Сонымен қатар, адамдардың тілге деген қатынастары мен көзқарастарының өзгеруіне жол ашты. Тілдің маңызы мен мәнін терең түсініп, қарым-қатынас құралы ретінде тілдің ықпалы мол екенін түсінуге, өзіндік ықпалы мен билігін орнатуда және жүргізуде кәдеге жаратуға болатынына көздері жете бастады. [5, 78 б.]

Бүгінгі таңдағы қанатын кеңге жаюға ұмтылып келе жатқан жаһандану үдерістері ең алдымен тілдің қатынасуы арқылы жүзеге асуда. Техника мен технологиялар, сауда жүйелері, мәдени ықпалдастық шаралары секілді халықтардың арасын жақындастыруға және ынтымақтастыруға бағытталған амал-әрекеттермен қатар тіл де жаһанданудың, әлемдестірудің бір құралы ретінде өз қызметін атқарып келеді. Бұл, әлбетте, кең аймақтарға өз билігін жаюға ұмтылатын, ықпалын молайтуға тырысатын экономикалық әлеуеті басым елдер үшін тиімді болғанымен, ұлттық таным мен сана негізінде ұйысып ел болып отырған, тарихи тамырын үзіп алмастан сақтауға, жалғауға басымдық беретін халықтарға, оның ішінде ұлттық негіздегі мемлекеттерге асқан сын болып тұр.

Қалыптасқан тарихи өлшеммен қарағанда кеңестік кеңістікте болған халықтардың жаппай сауаттануы XIX ғасырдан бастап жүзеге аса бастаған шара ретінде қарастырылады. Оған дейінгі, өндірістік қажеттіліктерге немесе билік кеңсесіне, діни институттардың қажетіне орай арнайы оқытылатын білім беру шараларын қоспағанда, халық шаруашылығының ұйымдасуы мен барысына орай сауаттылық тек қана жағдайы жақсы, күнделікті күйбеңнен қолын босата алатын, молдалар мен мұғалімдердің ақысын төлеуге қаржылары бар топтар мен топтардың балаларының арасында болғаны белгілі. Қатардағы қарапайым шаруалар мен олардың балалары малдың жайын жасау, егіншілік әлде диханшылық қамымен, көшпелі өмірдің тірлік салтымен әбігер болып сауаттануға ден қоя алмағаны белгілі. Оған қоса, кеңестік үкіметтің орнауымен қолға алынған сауат ашу барыстары оған дейінгі «ескіше оқыған» сауаттылардың бәрін сызып тастап, жаңаша әріп танығандарды ғана «сауаттылардың» қатарына қосу саясатын жүргізу арқылы халықтың барлығын дерлік сауатсыздар қатарына шығарып, елді басынан «жаңаша» оқытуға кіріседі. Жаңаша оқу үдерісі кеңестік көзқарас пен қалыптарды, мәдени көзқарастар мен дүниетанымдық ұстанымдарды да өзімен бірге алып келіп орнықтыруға кіріскені мәлім.

Осылайша ғасырлар бойы сақталып, жалғасып келе жатқан халықтық тұрмыс пен мәдениет, дүниетаным мен көзқарас секілді құндылықтар түгелімен дерлік түбегейлі өзгеріске ұшырап, тіл қолданысында сол дәуірдегі билік ықпалы мен өндірістік-жұмыстық қатынастардың қажетіне жарамды қолданыстағы тың атаулар мен сөздер еніп, қоғамның басым бөлігінің тіл қолданудағы, сөз танудағы талғамдары мен танымдары өзгеріске түсті.

Бүгінде тек қана қазақ тіліне емес, жалпы халықтардың ұлттық мәдениеті мен тілдік табиғатына төніп отырған сын ретінде жаһандану үдерісінің тілдік тұрғыдағы ықпалын атап өтуге болады. Тілдің тарихи жолында сөйлеушілерінің саны кемуіне немесе қолдану аясы тарылуына байланысты, я болмаса басқа тілдердің басымдығына көндігініп сіңісіп кету құбылыстарына орай өлі тілге айналуы барысы табиғи жолмен жүзеге асып жатуы заңды жағдай деп қарастырсақ та, жаһандану екпіні осындай табиғи барыстарды үстемелетіп, жеделдетіп, қауырттандырып келе жатқаны айқын аңғарылады.

Бұған қоса, қолданыстағы тілдердің тазалығына селкеу түсіп, жаһандану әсерімен шұбарланып, тілдік элементтердің өз табиғатына тән емес өзгерістерге ұшырап жатқаны да ғалымдардың алаңдаушылығын туғызып, ғылым алдындағы мәселе етіп көтеріліп келеді. «Тілдің экологиялық тазалығы» ұғымында бұл мәселе назардан тыс қалмай, қазіргі таңдағы өзекті жағдайлардың бірі ретінде бағаланады. Әлемдегі тілдік алуандылық пен әртүрлілікке қарсы жаһанданудың монотілділік пен мономәдениеттілік басымдықтары қауіпті құбылыс болып саналады. Бұған қарсы әрбір ұлт, әрбір мемлекет, әр халық өздерінің мүмкіндіктері мен ұстанымдарына орай қорғану шаралар қабылдауда.

Дей тұрғанмен, жаһанданудың басты белгілерінің бірі саналатын ағылшын тілін бүгінде көптеген мемлекеттер халықаралық қатынас тілі ретінде бағамдап, мойындап, білім берудің әртүрлі деңгейлері мен бағдарламаларында қолданысқа алып келе жатқаны айқын жәйт. Тілдің үстемдігі сол тілдің басты тасушысы және қолданушысы болып табылатын елдің экономикалық, технологиялық және саяси қуатының басымдығымен бағамдалады десек, алдағы онжылдықтарда мұндай басым тіл ретінде ағылшын тілінің орнын басқа да тіл басуы мүмкін екенін болжамдауға болады. Тіпті, жоғарыда көрсетілген өсу нүктелерінің талаптарына сай болуға жағдайлар туындаса қазақ тілі де әлемдік деңгейдегі сұранысқа ие, ықпал етуші тілдердің санатынан орын алуға әбден қабілетті. Әзірге әлемдік қауымдастыққа интеграциялану мен халықаралық байланыстарды нығайту қажеттілігі өз басымдығын көрсетіп, ағылшын тілінің ықпалы мен беделі бүгінде айтарлықтай күшейіп тұрғаны рас.

Тілдік тұрғыда ықпал ету арқылы жаһандану үдерісі халықтар мен ұлттардың мәдени кодтары мен жадыларына өзгерістер енгізуде.

Әлбетте, мұндай сындарлы сынақтардың екінші – тиімді тұстары да аңдалатынын жоққа шығаруға болмайды. Бұлай дейтініміз, ұлттың тілі мен мәдениетін сырттың ықпалынан қорғау және тарихи қалыптасқан күйінде сақтау мақсатында мемлекеттер бұл бағыттағы ғылыми ізденістерді үдетіп, тарихтың тереңіне бойлап, тілдің тазалығы мен мәдениеттің құнарлылығын жоғалтпай сақтау шараларына көптеп көңіл бөле бастаған. Соның арқасында іргелі ғылыми пайымдар жасалып, зерттеулер жүргізіліп, ұлттың мәдени санасының бекемделу және кемелдену барыстары белсенді жүргізілуге ауысты. Осы тұста этнолингвистика ғылым бағытының қажеттігі мен маңыздылығы айқын көрініс табады.

Жаһандану дәуірі тудырған және бір құбылыс – көп адамдардың көптілділікке (мультиілділік) өте бастауы. Яғни, күнделікті өмірде бірнеше тілді қатар қолдануға қызығушылар мен қабілеттер саны артуда.

Экономикалық интеграциялар қарқындауы мәдениеттердің жақындасуына жол ашады. Бизнес пен кәсіп коммуникациялық тетік ретінде тілге жүгінуге мәжбүр. Осы тұста қай тілге басымдық берілуі, қайсы тілдің мүмкіндігі мен қабілеттілігі мол деп танылуы шешуі маңызға ие.

Этнолингвистика мен жаһандану үдерістерін салыстыра, салғастыра зерттеу әлемдік интеграциялану дәуірінде мәдениеттер мен тілдердің қалай өзгеріп жатқанын және мұндай өзгерістер ұлттар мен халықтарға қандай сындар дайындап, қандай мүмкіндіктер ашатынын бағамдауға мүмкіндік береді.

Жаһандану жағдайындағы этнолингвистика туралы айтқанда мына аспектілерге назар аударған жөн болмақ:

- тіл құқықтары мен қолданушылар белсенділігі: қоғамда өз тіліне көзқарас оң болып, оның болашағы үшін алаңдаулы мүшелер саны көп болса, сол қоғамда ұлттық тілдің, мәдени құндылықтардың сақталуы, ілгерілеу мүмкіндігі артады.

- әлеуметтік медиалар мен интернет: ғаламтор мүмкіндіктерін тиімді пайдалану мәдениетаралық алмасуларды жылдам және қолжетімді етеді, сол арқылы жаһандану жағдайында тілдік және мәдени ерекшеліктердің сақталуына жаңа мүмкіндіктер ашады. Шағын тіл топтары онлайн қауымдастықтар, әлеуметтік медиа арқылы сандық кеңістікте өзіне орын табады және жойылып кетуден сақтанады.

- білім беру және көптілділік: бүгінде жаһандану үдерісінен жалтару мүмкін еместігін мойындаған елдердің бәрі әлемдік интеграциялық процестерден қалыс қалмауды көздеп білім беру мекемелерінде көптілділік және мәдени алуандылықты қабылдай алу құзыреттіліктерін меңгеруге көңіл қойып, оқу бағдарламаларына енгізуде.

- көші-қон мәселелері: тілдердің тасымалдануының тағы бір арнасы ол мемлекеттер арасындағы еңбектік немесе туристік мақсаттармен адамдардың көшіп-қонуы, сапарлауы болып тұр. Келген әрбір адаммен тілдің және мәдени құндылық көріністерінің бірге ере келетіні де түсінікті жәйт. Бұл жағдай өз кезегінде мәдени араласымдардың туындауына түрткі болады және тілдік бәсекелестік пен өзгерістердің бастапқы қайнары болып табылады.

Аталғандардан бөлек те сандаған факторлар нақтылы өмір жағдайында қоғамдағы тілдік жағдай мен қалыпты табиғатқа ықпал етуші нүктелер болып саналады. Бұл бағыттағы зерттеулер тілдер,

мәдениеттер мен жаһандану арасындағы күрделі қатынастарды жете түсініп, тиісті қорытындылар жасап, қажет шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Жаһандану жағдайында мемлекеттің тіл саясаты ұғынықты, бекем, сындарлы һәм тиімді болмағы ләзім. Әлемдену барысының қысымын сезінген жергілікті тілдерді сақтау мен олардың дамуын ілгерілету үшін жұмсалатын күш-жігерді салмақтап, атқарылуы тиіс шараларды қажетті деңгейден төмендетуге әсте жол беруге болмайды. Бұлай етпесе тілдің күрделі өзгеріске ұшырау, тіпті қолданыстан шығып, өлі тілге айналу қаупі еселенеді. Сақтану шараларының бірі ретінде заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланып лингвистикалық инновацияларды тиімді қолдану керектігін айтуға болады. Мәселен, көптілді іздеу жүйелерінде, машиналық аудармаларда, жасанды интеллект жүйесінде қазақ тілінің қатысуын жиілету, қолданылуға икемділігін арттыру тетіктерін қарастыруды айтуға болады.

Қорытындылай келгенде, жаһандану жағдайында «тіл – ұлт – мәдениет» [6, 69 б.] үштігі-триадасының маңызы айрықша артып, бұлардың бірлігі мен тұтастығы ұлттық тілдер мен ұлттық мәдениеттердің алдағы уақыттарда өмір сүрулерінің алтын қазығына айналатыны аңғарылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә. «Ғылымдағы ғұмыр», II том. – Алматы: Сардар, 2014.
2. Электронды ресурс: <https://tbi.kz/page33421727.html>
3. Клуман. Ф. «Жазу жүйелері: олардың лингвистикалық талдауына кіріспе». - «University Press», Кэмбридж, 2023. (Florian Coulmas, «Writing Systems An Introduction to their Linguistic Analysis». - University Press, Cambridge 2003).
4. Гуди Джек «Жазу логикасы және қоғамды ұйымдастыру». – Кембридж университетінің баспасы, 1986. <https://doi.org/10.1017/CBO9780511621598> (Jack Goody, «The Logic of Writing and the Organization of Society». – Cambridge University Press, 1986).
5. Электронды ресурс: <https://www.taylorfrancis.com/books/edit/linguistic-landscape-elana-shohamy-durk-gorter>
6. Смағұлова. Г. «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері». – Алматы: Ғылым, 1998.

Н.М. ҒАЗЕЗОВА

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология
факультетінің 2-курс магистранты
Алматы, Қазақстан*

«САЛТ-ДӘСТҮР» ҰҒЫМЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРДІҢ МАЗМҰНЫНА АНАЛИЗ

Аңдатпа. Лингвистикада соның ішінде этнолингвистиканың зерттелуі қазіргі кезде де лингвист ғалымдардың арасында үлкен маңызға ие. Этнолингвистика - этностың ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын оның тіл байлығы (тіл әлемі) арқылы қарастыратын ғылым. Этнолингвистика мен қатар ұлттық дискурс саласы да этностың мәдениетін және тілдік ерекшелігін зерттеуді басты назарға алады. Ұлттық мәдени мазмұнға ие тіл бірліктері дискурстың ұлттық ерекшелігін танытады. Осы орайда диссертация жұмысында ұлттық дискурстағы дәстүрлердің тілдік ерекшелігін зерттеу және құндылық ретінде қарастыру басты нысанаға алынды.

Тірек сөздер: дискурс, салт-дәстүр, лингвистика, аксиология.

Аннотация. В лингвистике, в том числе, изучение этнолингвистики имеет большое значение и сегодня среди ученых-лингвистов. Этнолингвистика-наука, которая рассматривает национальный образ, самобытность этноса через его языковое богатство (мир языка). Наряду с этнолингвистикой в области национального дискурса основное внимание уделяется изучению культуры и языковой специфики этноса. Языковые единицы, имеющие национально-культурное содержание, отражают национальную специфику дискурса. В этой связи в работе диссертации основное внимание уделялось изучению и рассмотрению как ценности языковой специфики традиций национального дискурса.

Ключевые слова: дискурс, традиция, лингвистика, аксиология.

Abstract. In linguistics, among other things, the study of ethnolinguistics is of great importance today among linguists. Ethnolinguistics is a science that considers the national image, the identity of an ethnic group through its linguistic richness (the world of language). Along with ethnolinguistics in the field of national discourse, the main attention is paid to the study of the culture and linguistic specifics of the ethnos. Linguistic units with national-cultural content reflect the national specifics of the discourse. In this regard, the dissertation focused on the study and consideration of the value of the linguistic specificity of the traditions of national discourse.

Keywords: discourse, tradition, linguistics, axiology.

Лингвистика ғылымында мәтін терминімен жарыса дискурс атауының қолданыла бастауы жайдан-жай емес. Қазіргі қазақ тіл білімінің парадигмасында дискурс ұғымы ғалымдардың арасында жиі айтылып, жиі талданып жүр. Әуелде дискурс пен мәтін тепе-тең ұғымдар түрінде қолданылғанымен, кейіннен ара жігі ажырай бастады. «Мәтін – сөз актісінің, процесінің нәтижесі болса, ал дискурс күрделі коммуникативтік құбылысқа байланысты қолданылып, «коммуникативтік уақиға» (событие) деген ұғымды білдіретін терминге айналды. Ал коммуникативтік уақиға ұғымы коммуникацияға қатысушыларды да қамтиды. Дискурс термині тек мәтінмен шектелмейді, адресант пен адресат, әлеуметтік жағдаят дегендерді де түгел қамтиды. Дискурс ретіндегі коммуникациялық процесте тек тіл ғана емес, сондай-ақ менталды процестер де әрекет етеді» [1, 61 б.].

Ал «дискурс» ұғымы қашан пайда болды? Лингвистикалық зерттеулерде дискурс туралы ой-пікір әлемдік лингвистикада өткен XX ғасырдың ортасынан басталғаны белгілі. Ал нақты лингвистикалық қолданысы американдық лингвист З.Харристің 1952ж. шыққан «Дискурс – анализ» деген еңбегінен басталады. Алайда толыққанды қолданыс тек жиырма жылдан кейін ғана ерекшелікке ие болды. Дискурс терминінің өзі өте кең пәнаралық көлемде қолданылғанымен, негізі дәстүрлі түсінікте сөйлеу, мәтін және диалог ұғымдарын анықтауда қарастырылады. Сөйлеу ұғымынан дискурс ұғымына көшу Ф. де Соссюрдің классикалық тіл мен сөйлеу ұғымдарын қарама-қарсы қойғанына байланысты. Демек, дискурсты сөйлеу, тілдік әрекеттің процесі, сөйлеудің тәсілі, амалы деп түсінеміз. Гуманитарлық ғылымдардың басым көпшілігінде қолданылатын дискурс көпмағыналы термин ретінде тілдің қолданысын зерттеуде: лингвистикада, әдебиеттануда, семиотикада, социологияда, философияда, этнологияда және антропологияда кездеседі. Бүгінде дискурс термині сөйлеудің дәстүрлі ұғымын модификациялап, мәтін, диалог, стиль салаларында кеңінен қолданысқа ие болды.

Белгілі лингвист Т.ван Дайк дискурстың кең мағынадағы және тар мағынадағы екі анықтамасын ажыратуды ұсынады. «Кең мағынаға келетін болсақ, дискурс сөйлеуші мен тыңдаушы арасында, белгілі бір уақыттық, кеңістіктік және басқа жағдайда жүзеге асатын күрделі коммуникативті әрекет ретінде қарастырылады» [2, 89 б.]. Коммуникативті оқиға жазбаша, ауызша болуы мүмкін, сонымен қатар вербалды және вербалды емес компоненттерге ие болуы мүмкін (мысалы, көшедегі диалог). Тар мағынада «дискурс» ауызша немесе жазбаша мәтінді білдіреді. Бұл жерде біз тек бір ғана сөздік компонент туралы айтып отырмыз» [2, 89 б.]. Бұл ретте «дискурс» ұғымы коммуникативті әрекеттің жалғасып жатқан немесе аяқталған «өнімін», оның ауызша немесе жазбаша нәтижесін білдіреді.

Дискурс ұғымы туралы көбіне батыс ғалымдарының еңбектеріне сүйенеміз. Дегенмен шығыс ғалымдары да терең зерттеулер жүргізген. Осы орайда қытай және жапон лингвистикасындағы еңбектерге шолу жасап өтсек.

Қытайда дискурс туралы алғашқы ғылыми ойлар 1980 жылдардың аяқ жағында шыға бастады. Бұл тікелей зерттеуші Чэнь Жудунның есімімен байланысты. Ол «дискурс – субъектілер мен қоршаған орта шындығы арасындағы өзара байланыс» деген анықтамасын алғаш ұсынды.

«Токтаусыз коммуникация қай кезде басталды, сол тұста дискурс та пайда болды. Дискурс – бұл адамның ішкі мәдениеті мен оған сыртқы әсердің арасындағы тепе-теңдік және дискурста сөйлеуші болған жерде тыңдаушы міндетті түрде болады» [3, 35 б.], - дейді ғалым Ли Ган «Ауызша мәтін: мемлекеттік тіл саясатына талдау» атты еңбегінде. Ал ғалым Лян Цычао «Қытай ұлтының және тілінің қалыптасуын зерттеу» атты Тяньцзинь қаласында 2005 жылы жарық көрген еңбегінде: «Қытай тілі үшін дискурс бұл ең алдымен ұлттық емес, мәдени феномен. Қарым-қатынасқа қатысушылар жеке мәдени қасиетін сақтауы тиіс. Және дискурста сөзден гөрі әрекеттер маңызды» [3, 37 б.]. Яғни, бұл жерде автор вербалды емес әрекеттерді меңзеп тұрғанын көреміз. Демек, хабарды жеткізуде ым-ишара, дене қозғалысы, дауыстың ырғақтық ерекшеліктері, бірауыз сөзбен айтқанда пантомимика маңызды рөл атқарады. Адамның психофизикалық көріністері дискурсқа әсерін тигізбей қоймайды, оған күлкі, ашу, жөтелу, дем алу кідірісі, көзбен қатынас орнату деген сынды әрекеттерді жатқызамыз. Сондай-ақ

зерттеуші Тан Цинъэ «Дискурс» еңбегінде: «Батыс коммуникациясы жеке тұлғаның даралығына, жеке «менін» алға қоюға негізделген. Ал қытай дискурсы топ үшін жұмыс жасайды. Бұл байланыс, жалпы дискурс үш кодтан тұрады: 1) гармония – үйлесімділік; 2) ин-ян – ер мен әйелдің космогониялық күштері; 3) чжун юн – ортаға байланысты өзгермейтін ілім, мысалы, жас ерекшелігіне байланысты көрсетілетін құрмет, қоғамдық дәрежеге байланысты қалыптасқан сыйластық және т.б. Бұл аталмыш үш кодтан үш жоғары моральдық мәдениет қалыптасады, олар: қарым-қатынастың қарама-қарсы субъектілерінің тепе-теңдігін күшейту; гетерогенділігіне қарамастан қоғамдық келісімді өзекті ету және орынсыз сөзден аулақ кетіп, ұстамдылыққа бағдарлану. Сондықтан батыс дискурсы жеке тұлға, оның жеке мүддесін бірінші орынға қойса, қытай дискурсы ортақ мүдделерді, адамдар арасындағы тепе-теңдікті және ұжымдық үйлесімділікті алғашқы орынға шығарады» [3, 41 б.] деген деректі келтіреді. Сонымен қатар Ши Сюй «Дискурс және мәдениет» атты Шанхай қаласында 2013 жылы жарық көрген еңбегінде: «Дискурс – бұл қарым-қатынасқа түскен адамдардың өз дәрежесін сақтап қалуға ұмтылуы. Қарым-қатынасқа қатысушылардың екеуі де өздерінің бет-бейнесін, қоғамдағы рөлін сақтап қалуы үшін бар күш-жігерін салады. Өйткені, адам жаратылысы сондай. Бір сөйлеуші екіншісіне жауап қайырмай қоймайды, бұл іштей сөйлеу арқылы да іске асады. Сонымен қатар дискурс бұл – сөйлеу, сөйлеу кезіндегі ойлау, ойлау барысындағы стратегия» [3, 44 б.] – дейді.

Жапон лингвистикасындағы «дискурс» ұғымының талдануына тоқталсақ. Атақты жапон ғалымы Танака «Біртекті ұлт мифінің шығуы» 1993 жылғы еңбегінде: «Батыс дискурсы жеке бас мүддесіне, ашкөздік пен қақтығыстарға, бәсекелестік пен империализмге негізделсе, шығыста дискурс адалдық пен ынтымақтастыққа құрылады. Шығыста антикалық дәуірден қалған ұлы адамгершілік қасиеттер сақталған. Мұның себебі ұлттың бірегейлігінде, біртұтастығында, біртектілігінде. Яғни, жан-жақтан келген аралас ұлттар халықтың жеке ұлттық дискурсын бұзады. Сондықтан әр халық дискурс не екенін білгісі келсе, өз елінің тарихына, сөйлеу мәнеріне, мәдениетіне үнілсін» [3, 50 б.] дейді. Бұл дерек арқылы дискурс тілдің сақталу проблемасын қозғайтындығын көре аламыз.

Жапон зерттеушісі Огума Эйдзи «Мен және басқалар» атты 2002 жылғы еңбегінде: «Дискурс ұлттың үш ерекшелігін айқындайды. Бірінші, ұлттық организм, яғни тарих пен мәдениет сабақтастығы. Екінші, халықтың өзге елдерден айырмашылығы. Үшінші, бір ұлтқа өзге ұлттың араласуынан пайда болған дискурс. Батыс ғалымдары дискурсты материализммен, жауынгер-бәсекелестікпен, төзімсіздікпен байланыстырса, ал шығыс дискурсы ұжымға, туыстық келісімдерге негізделген. Және Жапонияда дискурс үш қағидаға құрылады, олар: қауымдастық үшін, тәуелділік және тәрбие, ұяттан аттамау. Батыс дискурсы ұтымдылық, объективтілік және көпсөзділікпен суреттелсе, шығыс дискурсы субъективтілік, ситуациялық логика және үнсіздіктен көрінеді» [3, 59 б.] – деп береді.

Дискурс туралы бұл зерттеулерден біз мынадай қорытынды шығара аламыз: «Дискурста философия, тарих, қоғамның және жеке адамның мәдениеті мен әрекеттері т.б. көрініс табады. Яғни, дискурс – коммуникация құру үшін бағытталған арнайы стратегия. Осылайша, әр халықтың тарихы мен мәдениеті бойынша мұғалім мен оқушы, ата-ана мен бала, ғалым мен шәкірт немесе екі дос арасындағы дискурс түрліше іске асады, яғни жағдаятқа байланысты құрылған сөйлеу әрекеті. Ондағы сөздердің семантикалық мәні, прагматикалық астары түрліше сипат алады. Сонымен, дискурс бұл – коммуникация».

Дискурс терминінің ауқымы кең. Сөйлеу арқылы ғана дискурстың дамуы өрбіп, түрлері ерекшеленеді. Қазіргі кезде ғылыми сипат алған дискурстың бірнеше түрлері бар. 1) әскери дискурс; 2) газеттік дискурс; 3) Саяси дискурс; 4) бала дискурсы; 5) өнертану дискурсы; 6) магиялық дискурс; 7) бұқаралық ақпарат құралдары дискурсы; 8) ғылыми (академиялық) дискурс; 9) парфюмерлік дискурс; 10) педагогикалық дискурс; 11) поэтикалық дискурс; 12) публицистикалық дискурс; 13) жарнамалық дискурс; 14) спорттық дискурс; 15) техникалық дискурс; 16) террористік дискурс; 17) феминистік дискурс; 18) көркем дискурс; 19) экономикалық дискурс; 20) электрондық дискурс; 21) этикалық дискурс; 22) заңи дискурс 24) ұлттық дискурс және т.б [4, 23 б.].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, дискурстың дамуы сөйлеу арқылы жүзеге асады. Халқымыздың танымындағы дәстүрлер мен олардың тілдік ерекшеліктері – ұлттық дискурстың басты зерттеу нысаны. Ұлттық дискурс терминінің қарастыратын мәселесі мен ғылыми шеңберінің ауқымы кең. Демек, «ұлттық дискурс ұғымы тек халқымыздың салт-дәстүрімен ғана шектеледі» деген жалаң ойдан аулақ болуымыз қажет. Халқымыздың мәдениетіндегі шешендік сөздер, айтыс мәтіндері, тілек-баталар, қазақ әзілі мен арнау өлеңдер осы аталған халқымыздың рухани мәдениет үлгілері ұлттық дискурстың зерттеу аймағына енеді. Зерттеу жұмысымызда осы ұлттық дискурстың негізін құрайтын дәстүрлердің тілдік ерекшелігіне тоқталып, аталмыш тақырыпты тереңінен зерттейтін боламыз.

Лингвоаксиологияның мақсаты – тілдік тұлғаның ішкі әлемін танудың әдісі мен технологиясын анықтау, тілдік мәліметтер арқылы тұлға мен қоғамның құндылыққа деген көзқарасын зерттеу. Мәдениеттануда құндылықтар мәселесі ерекше орын алады, өйткені мәдениет адамзат жасаған барлық құндылықтардың жиынтығы деген түсінік кең тараған. Құндылықтардың болмыстық жалпы мәнін ашуға бағытталған аксиологияның философиялық қырынан, оның мәдениеттанулық өлшемі өзгеше болып келеді. Аксиология әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін, мәдени құндылықтардың қалыптасуын, нақтылы даму тектерін және бағдарларын айқындайтын білімдердің нақтылы-тарихи жүйесі ретінде көрініс тапты. Лингвистикалық аксиология әлеуметтік маңызы бар құнды қатынастарды бағалау әдісімен мәдениетте, уақыт пен кеңістікте зерттеуге негізделген. Лингвистикалық талдау тілдік құрылымдар мен жүйелерді талдауға бағытталған баяндау-мінездеу, ой ұшқырлығына негізделген тіл мен сөйлеу әрекетінің, сонымен қатар философияда, мәдениеттануда, семиологияда, әлеуметтік психологияда ерекше бағалау мағынасында жұмсалатын сөздермен берілген концептілерді талдауға құрылған. Осындай лингвистикалық аксиологиялық талдау міндетті түрде мағыналарды бағалаушылық тұрғыдан зерттеуге бағытталған болуы керек. Демек, лингвоаксиология құндылықты тіл арқылы жеткізуді қарастырады. Құндылық мақсаттан туындайды, ал мақсаттардың жүзеге асуы құндылықтарға байланысты болады. Осы орайда салт-дәстүрлердің лингвоаксиологиясын зерттеп-зерделеу аса маңызды.

Тарихи тағылымды білу, бүгінгі күннің және келешектің мүддесін түсіну, өкше басар ұрпаққа әлеуметтік, рухани мұра қалдырып отыру адамзат әулетінің ұлы парызы. Сондықтан қазіргі қазақ халқының рухани жағынан қайта түлеу, өркендеу кезеңінде ұлттық дәстүрді қастерлеу, ұлтына, еліне, мәдениетіне шынайы сүйіспеншілікпен қарайтын тұлғаны рухани – мәдени қалыптастыра тәрбиелеу тәрбие жүйесінің барлық саласының өзегіне айналуы шарт. Қазақ халқының болашақта толыққанды ұлт ретінде қалыптасып-толысып, мүмкін одан әрі шырқай даму ісінде, еліміздің әлемдік аяда қайталанбас болмысы мен бейнесін жасауда халқымыздың бағзы заманнан бергі іргетасы мен күретамыры болып келе жатқан асыл мұрасы – оның ұлттық дүниетанымы мен құндылықтары, олардың аясында игілікті де ізгілікті салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы екендігі бұлжытпас тұжырым. Бірақ елде, халық арасында қалыптасқан «салт-дәстүр» мен «әдет-ғұрыпқа» сәйкес те, сәйкес емес те ниет пен пиғыл, ой мен сөз, мінез-құлық, іс-әрекет болуы әбден мүмкін. Сондықтан да «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген тәмсілді еш естен шығармаған жөн.

Салт-дәстүрдің шығу тарихы қазақ халқының пайда болуымен қатар келеді. Себебі халықтың әлеуметтік өмірінің өзі – осы салт-дәстүрді тудырушы.

Қазіргі кезде басым көпшілігі танымымызда салт пен дәстүр сөздері қатар қолданатындықтан екі сөзді бір ұғым ретінде қабылдайды. «Салт» сөзінің бөлек, «дәстүр» сөзінің бөлек мағына беретіндігін, жеке дара қолданатындығын ескермейміз. Халқымыздың тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрін зерттеуші ғалымдар өздерінің зерттеу еңбектерінде салт пен дәстүр ұғымдарының әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме береді.

Ал профессор С.Қалиев салт пен дәстүрдің айырмашылығын атап көрсетеді. «Салт – адам өмірінің күнделікті тіршілігінде (отбасынан бастап, қоғамдық өмірдегі қатынаста) жиі қолданылатын мінез-құлық, қарым-қатынас ережелері мен жол-жора, рәсім, заңдарының жиынтығы. Ал дәстүрдің ұғымы әлдеқайда кеңірек. Дәстүр – қоғамдық сананың барлық салаларымен байланыста дамыған, топтасқан қауымның қалыптасқан бірыңғай көзқарасын, әдет заңын марапаттайтын ритуал» [5, 32 б.]. Демек, дәстүр – ұлттық-демографиялық құбылыс, оның негізінде әлеуметтік топтың ұзаққа созылған тәжірибесі жатыр.

Қарға тамырлы қазақ халқының мәдениеті мен тарихын зерттеуші ғалымдардың бірі Ә.Қайдар өзінің «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігінде «салт» сөзіне былай деп анықтама беріп өтеді. «Салт белгілі бір халықтың немесе этностың болмысында ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын неше алуан әдет-ғұрып, наным-сенім, ырым-кәде, тәлім-тағылым, рәсім-қағида жиынтығы. Орыс тіліндегі «обычай» сөзіне сәйкестеу. Салттың дәстүрден бір ерекшелігі замана талабына сай аз да болса өзгеріп, жаңарып, жаңаланып отыруында» [6, 45 б.]. Салт-дәстүрдің қалыптасуының барысы халықтың кемелденіп, көптеген саяси экономикалық, қоғамдық әлеуметтік жағдайларды бастан өткізуімен сипатталады. Сонымен қатар халықтың әлеуметтік жіктелуіне қарай салт-дәстүр күрделеніп, бекіп, сол халықтың айнымас заңдылықтарына айналып отырады.

Халқымыздың дәстүрі мен салтын зерттеуші тағы бір ғалым Сейіт Кенжеахметұлы салт ұғымына қатысты төмендегідей тұжырым жасайды: «Салт – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптар тұғырының негізі. Ол ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп сана, құндылық, тәрбие,

тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық, құндылық, тағылым, өнеге тәжірибесін құрған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге, оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол халықтық заң негізінде жазалап та отырған. Салт қазақ үшін бұлжымас заң десек те болады. Мысалы: қыз ұзату, біз шаншар, қызойнақ, жиенқұрық, көңіл айту, әмеңгерлік т.б. ата салтымыз болып саналады», – деген деректі келтіреді.

Зерттеуден байқағанымыздай, дәстүрдің өресі салтқа қарағанда әлдеқайда кеңірек. Мұнда салт жеке адам өмірінде көрініс тауып, ақырындап ауыл-аймақ, ру-тайпаға ортақ рәсім ретінде танылса, керісінше, дәстүр – топтасқан қауымның бірыңғай көзқарасынан туындаған рәсім. Яғни бірі тұрақты болса, екіншісі бұл қасиетке ие емес.

Демек, салт-дәстүрді одан әрі насихаттасақ, тіліміз бен мәдениетіміз де, діліміз бен дініміз де түзу жүрері сөзсіз. Бір ұлтты екіншісінен ерекшелендіретін негізгі фактор: тіл, дін, діл, тарих, наным-сенім, әдеби мұра, салт-дәстүр, ырым-тыйым, мәдениет, өнер, ауыз әдебиеті. Соның ішінде салт-дәстүр – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы, қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері бола отырып, ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор мәдениет байлығы. Тарих толқынында қаншама дәуір өтсе де аманат болып қалған салт-дәстүріміз қай заманда болсын өзінің маңыздылығын жоймақ емес. Алтын кеніш ел ішінде сақталған дәстүрлерімізді зерттеп, зерделеу қазіргі кездің басты талабы. Біз осылайша қазақ салт-дәстүрлерінің лингвоаксиологиясын зерттей отырып, тым кенжелеп бара жатқан таным түсінігімізді, төл тарихымызды төл болмысында танытқымыз келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Исаева Ж.А. Қазақ көркем дискурсындағы эстетикалық қарым-қатынас мәселесі. – Қызылорда // «Молодой ученый» журналы, 2014. - № 4. – 61-64 бб;
2. Дейк Т. А. ван. Язык, познание, коммуникация. – Москва: Прогресс, 1989. – 312 с;
3. Нагибина И. Қытай лингвистикасындағы дискурс теориялары және оны қалыптастырудың мәдени-философиялық компоненттері;
4. Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы. – Алматы: 2010, – 148 б;
5. Қалиев С., Оразаев М., Смаилов М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: Рауан, 1994. – 222 б;
6. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009, – 784 б;
7. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 14-т. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 376 б;
8. Майлин Б. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004, – 456 б;
9. Қожахмет Ғ. Келер күнің бақытыңды жырласын (<https://bilimall.kz/tag/olen?tag=қыз%20ұзату>);
10. Салғара Қ. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы: Раритет, 2013, – 400 б;

Н.А. УТЕБАЕВА

*С.Бреусов атындағы жалпы білім беретін мектептің
«Көркем еңбек» пәнінің мұғалімі
Түркістан облысы Түлкібас ауданы Шақпақ-баба ауылы*

ҚҰРАҚ ҚҰРАУ – ҚАЗАҚТЫҢ ҚОЛӨНЕРІ

Аңдатпа. Қазақтың ісмер, шебер әйелдері құрақ көрпеден құрақ кеудешеге дейін, құрақ бөстектен құрақ ойыншыққа дейін жасап керемет нәрселердің де қарапайым тәсілмен-ақ өмірге келетінін ежелден-ақ қалың жұратқа паш етіп келеді. Зердесінде зейіні бар адамдардың қай-қайсы да құрақтан жасалған заттарға ойлы көзбен назар аударса, сан алуан түстердің бір-бірімен жарасым тауып, әдемілік әлемін сыйға тартып тұрғанын айқын аңғара алады. Ол арқылы халқымыздың құнарлы дүние танымын, эстетикалық талап-талғамын, сұлулықты аңсаған іңкәр сезімін айтқызыбай-ақ танысың. Басты бұйымдары көрпе, тұскиіз, кеудеше, жастық, түрлі ойыншықтар болып келетін құрақ құрау - қазақ дәстүрінде қыз балалар кішкентайынан біліп, үйренуге тиісті қолөнер түрі. Ол қыздарды төзімділікке, үнемділікке, шеберлікке, бояуларды ажыратып, олардың бір-бірімен үйлесімділік табуын түсініп, тануға шыңдайды, тазалыққа, әсемділікке үндейді, жан дүниесін байытып, ой-өрісін кеңейтеді.

Тірек сөздер: Құрақ, көрпе, қиынды, тұмарша, ісмер.

Аннотация. Казахские женщины издавна воплощали в себе все, от одеял до камышовых жилетов и тростниковых игрушек. Один из мыслящих людей уделяет пристальное внимание вещам из тростника, находит взаимную гармонию и дарит миру красоту. Через него вы узнаете благословенное мировоззрение, эстетические требования, чувство красоты нашего народа. Тростниковое образование, основными изделиями которого являются одеяла, таскеги, жилетки, подушки, различные игрушки, - это вид рукоделия, который девочки должны знать и изучать в казахской традиции с юных лет. Это привлекает девушек выносливостью, бережливостью, мастерством, различением цветов, пониманием и признанием их гармонии, чистоты, красоты, обогащает душу, расширяет кругозор.

Ключевые слова: тростник, одеяло, кувшин, амулет, мастер.

Annotation. Kazakh women have long embodied everything, from blankets to reed vests and reed toys. One of the thinking people pays close attention to things made of reeds, finds mutual harmony and gives beauty to the world. Through him you will learn the blessed worldview, aesthetic requirements, the sense of beauty of our people. Reed education, the main products of which are blankets, tuskeeges, vests, pillows, various toys, is a kind of needlework that girls should know and study in the Kazakh tradition from a young age. This attracts girls with endurance, thrift, skill, color discrimination, understanding and recognition of their harmony, purity, beauty, enriches the soul, broadens the horizons.

Keywords: reed, blanket, jug, amulet, master.

Таңғажайып талантымен талайларды тамсандырған қазақ қолөнерінің қарапайым да қайталанбас түрі – қиыстырып құрақ қию, одан көздің жауын алатындай өте бағалы бұйымдар жасау. Оның қымбат, құндылығының бір айғағы – құрақтан жасалған заттардың ұзатылатын қыз жасауына еніп, бұл дүние-мүліктің ажарын арайландырып жіберетіні, үй ішіне ұлттық рең беріп, адамның рухын асқақтататыны. Құрақ-төрге төсейтін көрпеше. Мата қиыныдыларын қиюластырып, тұмарша, сегіз жапырақ, ромб және неше түрлі қазақи нақыштағы оюлардан, өрнектерден құралған көрпені құрақ немесе құрақ көрпе деп атайды.

Ежелден қонақжай қазақ халқы төрін қонаққа арналған «қасиетті орын» санаған. Ерте кезде баласы өліп, тоқтамаған үй «тіл-көзден аман болсын» деген ырыммен қырық құрақ құрап, баласын соған ораған. Құрақ көрпенің арасынан мақта және қойдың, түйенің жүнін салып немесе қазіргі кезде жасанды мақта синтепон салып, сырып тігеді.

Құрақ құрау үшін, ең алдымен, қажетті материалдар таңдап алынып, олар түрі, түсі, матасына байланысты сұрыпалады. Яғни, маталардың барқыт, жібек, сиса, сәтен кесінділері жеке-жеке бөлініп алынады. Содан кейін ісмер не бірінғай барқыттан немесе бірінғай жібектен құрақ құрауға кіріседі. Бұл істі бастамас бұрын әрбір түстің бір-біріне сәйкес келуіне, бірін-бірі ашып тұруына айрықша көңіл бөлінеді. Құрақ құрау-қалдық қалдырмау. Ертеде қазақ даласында қымбат маталар тапшы болғандықтан, киім – кешек тігушілер қалған маталардың қалған маталардың қиындыларын бір кәдеге жаратуға тырысып, олардан әр түрлі бұйымдар жасаған. Сөйтіп құрақ құрау өнері дүниеге келген.

Құрақты құрау кезінде қойылатын талап – ол мата бөлшектерінің симметриялы болуы және матаның негізгі және арқау жіптерін ескеруіміз керек. Құраққа пайдалынатын мата жұқа, қалыңдығына қарай іріктеліп алынады. Матаны үлгі бойынша қию үшін тігіске кететін қосымшаны 0,5-1 см артық алып, матаның шығымдылығын ескеру керек. Матаның үлгі бойынша қию үшін алдын ала дайынаған матаның үстіне үлгіні қойып, бормен немесе сабынмен шетін сызып, қосымшаны ескере отырып белгілейміз де, бұдан кейін үлгіні алып тастап, бормен белгіленген жерін қиып аламыз. Құрақ қиындыларын әуелі көктеу тігістері арқылы біріктіреміз, одан соң тұрақты тігіс машинаға саламыз. Құрақтың сәнді болуы сызбасымен үлгісіне тікелей байланысты. Машина тігістерін қолмен тігу арқылы орындауға болады. Қол тігістері: тепшіу, көктеу, жөрмеу, қайып тігу, т.б. солардың ішінде қайып тігу әдісімен тігеміз. Құрақтан жасалған бұйымның шетін түрлі мата қиындыларынан тұмаршалауға шашақтауға немесе өзге түсті матамен жиектеп сәндеуге болады. Көрпенің астына лайықтап астар қиып алып беттестіру кезінде екі жағының да оң беті ішіне қарайды. Арасына көрпешенің немесе бұйымның барлық жақтауларына өлшеніп алынған тұмарша қосыла көктеледі. Мықты болу үшін машина тістерін пайдаланамыз. Құрақ бұйымның оң бетін аудару үшін 8-10 см көлемінде астардың дәл ортасынан ашық тігілмеген жер қалдырамыз. Арасына тұмарша салынып астарланған құрақтың ішіне мақта саламыз да көрпешені көктейміз. Көктеу жұмысы мақтаның түйдектеліп, көрпешенің бір шетіне жинақталып қалмауы үшін қажет. Көктеп болған соң көрпешені сулы дәкемен үтіктейтін болсақ тігістің кейбір кемшілігі білінбей кетеді.

Қазір ұлттық салт-дәстүріміз қайтадан жаңғырып, өмірімізге тереңдеп енгендіктен, қазақтың құрақ құрау өнеріде қайтадан дамып отыр. Ауылда да, қалада да көптеген қазақ отбасыларының төрінен қайтадан

құрақ көрпелер, құрақ тұскиіздер орын ала бастады. Қыз ұзату, келін түсіру тойларында құдағилар бір-біріне құрақтан әдемі ою-өрнек салынған әсем қоржындармен сый-сияпат апаратын болды.

Бір ғажабы қазіргі құрақтардың өздерінен-ақ ондағы тікше, шаршы құрақтарда небір бояу алмасулардың үйлесімді жасалғанын, осы құрақ бояуларының алмасуының, қиюластырылуының келесі құрақтарда қайталанбайтынын аңғарасын. Көгілдір аспан астындағы жасыл жайлауда ақ шаңқан киіз үйлерді тігіп, қызыл, сары, ақ қызғалдақтар жайқалған, жусанының исі мұрын жарған дарқан далада мал жайып, күміс көлдерде шомылып, құстардың үнін естіген қазақ халқы сонын бәрін ою-өрнектер, құрақтар арқылы-ақ қандай шебер жеткізе білген десеңші. Құрақтардың мың құбылған сәні мен сұлулығына қарап тұрғанында, «Шіркін-ай, қазақтың бұл құрақтары мен ою-өрнегіне тіл бітсе, олар мәңгілік ғұмыр, асыл махаббат, өшпес сұлулық туралы бізге таусылмас сыр мен жыр толғар еді-ау!», - деп те ойға қалатынынды қайтерсің.

Яғни, құрақ құрау, оны тамашалау қыз-келіншіктеді сұлулықпен сырласуға, оны өн бойына сіңіруге, бояулар әлемін танып, түсінуге үйретеді. Ал жаны сұлу адамның ісі де, мінез-қылығы да, сөзі де, отбасы да сұлу. Бір сөзбен айтсақ, еңбек арқылы, еңбектену арқылы өмірге бейімдейміз. Құрақты тиянақты құрап үйренген оқушы өзінің әрбір ісін дұрыс ұйымдастыруға, құрастыруға қалыптасады. «Оймақ пішсең де ойлап піш» деген мәтелдің айтары да осы. Әр үйде құрақтан жасалған бұйымдардың болуы – отбасының ұлтжандылығын ғана танытып қоймайды. Бұл қазақ қолөнерінің ежелгі түрінің қайтадын жаңғырып, қазіргі заманмен жарасым тауып отырғанын көрсетеді және де құрақтан жасалған бұйымдардың көбеюі шетелдіктерге біздің еліміздің қолөнерінің қаншалықты дамығанын паш етіп, қазақты әлем халықтарына кеңінен танытуға жарқын жол ашып отыр.

Қазақтың ісмер, шебер әйелдері құрақ көрпеден құрақ көрпешеге дейін, құрақ бөстектен құрақ ойыншыққа дейін жасап, керемет нәрселердің де қарапайым тәсілмен-ақ өмірге келетінін ежелден-ақ қалың жұртқа паш етіп келеді. Зердесінде зейіні бар адамдардың қай-қайсы да құрақтан жасалған заттарға ойлы көзбен назар аударса, сан алуан сәнді түстердің бір-бірімен жарасым тауып, әдемілік әлемін сыйға тартып тұрғанын айқын аңғара алады. Ол арқылы халқымыздың құнарлы дүниетанымын, эстетикалық талап-талғамын, сұлулықты аңсаған іңкәр сезімін айтқызыбай-ақ танысың. Басты бұйымдары көрпе, тұскиіз, кеудеше, жастық, түрлі ойыншықтар болып келетін құрақ құрау – қазақ дәстүрінде қыз балалар кішкентайынан біліп, үйренуге тиісті қолөнер түрі.

Қыздарды төзімділікке, өнемділікке, шеберлікке, бояуларды ажыратып, олардың бір-бірімен үйлесімділік табуын түсініп, тануға шыңдайды, тазалыққа, әсемдікке үндейді, жан дүниесін байытып, ой-өрісін кеңейтеді. Құрақ негізінен, түрлі-түсті маталардан құралады. Мата қиығын қолына ұстаған әрбір әйел оны білмей тұрып қиық құрай алмайды, жасаған бұйымы көріксіз болып шығады. Яғни, құрақ құрауда қойылатын басты шарт: онымен айналысатын адамның бойында өнерді түсінетін қасиет, ұшқыр қиял, бояулардың сырын білетін таным болуға тиіс.

Құрақ құрау үшін ең алдымен, қажетті материалдар таңдар алынып, олар түрі, түсі, матасына қарай сұрыпталады. Яғни, маталардың барқыт, жібек, сиса, сәтен кесінділері жеке-жеке бөліп алынады. Содан кейін ісмер әйел не бірыңғай барқыттан немесе бірыңғай жібектен құрақ құрауға кіріседі. Бұл істі бастамас бұрын әрбір түстің бір-біріне сәйкес келуіне, бірін-бірі ашып тұруына айрықша көңіл бөлінеді. Құрақ құрау – қалдық қалдырмау. Ертеде қазақ даласында қымбат маталар тапшы болғандықтан, киім-кешек тігушілер қалған маталардың қиықтарын бір кәдеге жаратуға тырысып, олардан әртүрлі бұйымдар жасаған. Сөйтіп, құрақ құрау өнері дүниеге келген.

Ысырапқорлық – қазақтарға жат қылық. Ежелден-ақ ата-бабаларымыз үнемшіл болып, қолдағы темір, сүйек, ағаш, тері тәрізді заттардың да кесінділерін қажетіне ұқсатып, аяқ асты тастамаған. Ал қолдағыны осылай ұқсатуда қиыстырып құрақ құраушылардан асқан шебер жоқ. Олай болса, құрақ құрау қыз-келіншектерді ысырапшылықтан тыйып, үнемділікке үйретеді.

Қазір ұлттық салт-дәстүріміз қайтадан жаңғырып, өмірімізге тереңдеп енгендіктен, қазақтың құрақ құрау өнері де қайтадан дамып отыр. Ауылда да, қалада да көптеген қазақ отбасыларының төрінен қайтадан құрақ көрпелер, құрақ тұскиіздер орын ала бастады. Қыз ұзату, келін түсіру тойларында құдағилар бір-біріне құрақтан әдемі ою-өрнек салынған әсем қоржындарымен сый-сияпат апаратын болды.

Құрақ-мата қалдықтарынан жасалатын үй бұйымының бірі. Орыс тілінде құрақ құрау өнері «Лоскутное шитье» деп аталады. Орыс халқының құрақ құрау өнері өте ерте заманнан келе жатыр. Шығыста, Мысырда, Каир төңірегінде үш мың жыл бұрын тігілген құрақ бұйымдар табылған. Ағылшын тілінде құрақ құрау өнері «Patchwork» (пэчворк) деп аталады. Жапон халқында құрақ «сашико» деп аталады. Америкада әртүрлі ұлт өкілдер тұрғандықтан құрақ құрау өнері пайда болған. Оның қымбат құндылығының бір айғағы құрақтан жасалған заттардың ұзатылатын қыз жасауына еніп,

бұл дүние-мүліктің ажарын арайландырып жіберетіні, үй ішіне ұлттық рең беріп, адамның рухын асқақтататыны. Қолөнерінің алатын орны ерекше, ол әрбір ұлттың өзіне тән меншікті өнері болып саналады. Халықтың мәдени дәрежесі өскен сайын қолөнері де дамып отырған. Қазақтың өрнекті әшекейімен істелетін қолөнерінің түрлері өте көп. Шығармашылық ізденіс үстіндегі халық шеберлері тұрмысқа қажетті қолөнерінің алуан түрлі өмірге алып келуде. Соның бірі құрақ құрау. Бұл аса шеберлікті, шыдамдылықты қажет ететін қолөнер.

VII Қысқы Азия Ойындары күндеріне шетелдіктердің түрлі ұлттық сувенирлермен бірге құрақ бұйымдарын да көптеп сатып алып жатқанын көргенімізде біз сондай ойға келдік. Яғни, құрақ құрау қыз-келіншектеріміздің жанына ұлтжандылық қасиеттерді орнықтырып, оларды ұлттық қолөнерімізді сүюге, оны дамытуға, көркемдік талғамдарын дамытуға үлес қосуға тәрбиелейді.

Құрақ көрпе. Оны трикотаж тоқымалардың қиықтарынан да жасайды. Мұндай маталардан жасалған құрақ көрпелер жұмсақ болады. Трикотаж тоқымалардың қиықтарынан да, жібек маталардың құрақтарынан да жасайды. Мұндай маталардан жасалған құрақ көрпелер жұмсақ болады. Трикотаж тоқымалардың қиықтарынан тігілген құрақ көрпенің ені жіңішке, ұзындығы 2 метрдей үлгіде келеді. Бұл көрпені 8 шаршы етіп топтастырған оңды. Әр шаршы жеке құрастырылып, оларды қиықша үшбұрыш түрінде бір-бірімен жымдастырып тігеді, астары жұқа жүн матадан жасалады, екі арасына синтетикалық синтепон матасы салынады.

Ал енді жібек құрақты жұмсақ көрпені екі адам жамылатындай етіп, ашық түсті жібек маталардың құрақтарынан құрастырады. Бұл көрпеде құрақтар текше түрінде тігіледі. Оның ең оңай тәсілі дойбының тақтасындай етіп құрау. Жібек құрақ көрпенің шетіне тұтас материалдан белдеу жүргізеді. Астары мақта матасынан тігіліп, көрпенің ортасына синтепон салынады.

Мен өзімнің сабағымда қыз балалардың көркемдік талғамдарын дамытып, арттыру мақсатында, құрақ көрпе құраудың маңызы зор деп санап, қыз балаларды құрақ көрпе құрауға баулаймын. Сабақтан тыс уақыттарда, практикалық сабақтар мен шығармашылық жұмыстарда ұыз балалардың көркемдік талғамдарын дамыта отырып жұмыс жасаймын. Жұмысымның нәтижесін бағалау мақсатында әртүрлі сайыстар мен жобаларға қатысамын. Мен құрақ құрау өнерін дамыту бойынша жұмыс жасай келе, бұл өнердің арнасы мен мүмкіндігі өте кең екеніне көзімді жеткіздім. Сол себепті бүгінгі ұрпақ өзінің ұлттық сезімін, мінез-құлқын, өзінің тілін, дәстүрін жоғалтпау керек деп түсінемін.

Құрақ көрпе-үйдің сәні, нәсібі мол кәсіп, ұлттық өнер. Оған жастардың қызығушылығы да жоғары. Демек, қызығушылық бар жерде көрпе құрау сан қырлы идеялармен жаңара жетіліп жалғаса түседі дегуге болады.

Құрақ құрау өнерін дамытуды насихаттауымыздың мақсаты – қолөнерді сақтап қалып, дәстүрімізді жалғастыру кешегі қажеттіліктен туындаған өнерді бүгінгі жастарды тәрбиелеуге пайдалану, өнерге баулып тәрбиелеу.

Оқушылармен жұмыс жасау барысында көптеген жұмыстар жүргіздім. Құрақ құрау жұмысымның ерекшелігі – қазақтың салт-дәстүрін, ұлттық қолөнер туындыларын зерттей отырып, құрақ өнерін меңгерту. Жалпы, құрақ өнермен айналысу барысында оның түрлерін, жасалу жолдары, тарихын қарастырдық, құрақ өнерімен жұмыс жасау келе қолөнер – байлығымыз екенін білдім. Құрақ – қызық, әр күнды өнер. Ол ұзақ ізденісті, ұждаһатты қол еңбегін қажет ететін іс. Шын шеберлікке қоса табандылықты талап етеді.

Қазақ халқының қолөнерінің аса қымбат, қайталанбас сұлулығын, ғажайып көркін құрақ өнерінен көреміз. Жұмысымды қорыта келе түйген ой-пікірім:

- Құрақ өнері арқылы халықтың қолөнерін, салт-дәстүрін білу;
- Құрақ өнері – есте сақтау, жобалау, шамалау, түстер жарасымдылығын жақсы айыра білуге;
- Құрақ өнері – өте нәзіктікті, әдемілікті, шыдамдылықты, шеберлікті талап етеді.

Мен құрақ құрау өнерін игере келе, бұл өнердің арнасы мен мүмкіндігі өте кең екендігіне көзімді жеткіздім. Сол себепті бүгінгі ұрпақ өзінің ұлттық сезімін, мінез-құлқын, өзінің тілін, дәстүрін жоғалтпау керек деп түсінемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Еңбекке баулу» оқыту әдістемесі. – Алматы, 1998.
2. Мектептегі технология. №8, №10, 2011.
3. Шаңырақ энциклопедиясы. – Алматы, 1991. – 145 б.
4. Шебердің сиқырлы қалашығы. – Шымкент, 2000.
5. «Көркем еңбек. Художественный труд» Республикалық педагогикалық-әдістемелік журнал.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КИІЗ ҮЙГЕ БАЙЛАНЫСТЫ АТАУЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ МӘНІ

Аңдатпа. Бұл мақалада ата-бабаларымыздың негізгі баспанасы киіз үй жайлы толық қамтыған. Киіз үйдің түрлерін зерттелген. Мәліметтер мен деректер толық қамтылған. Егер біз осы бабаларымыздан қалған ең қымбат мұралардың бірі – киіз үйді сол кездегі ата-бабаларымыз сияқты қастерлеп, оның қасиетін, құдіретін келер ұрпаққа жеткізер болсақ, олардың бойына рухани құндылықтарды бағалай білетін ұлттық және патриоттық санасы жоғары тұлға қалыптастыруға болады.

Тірек сөздер: кереге, шаңырақ, уық, ши, баспана, ырым, киіз үй атаулары.

Аннотация. В этой статье подробно рассказывается о юрте, главном доме наших предков. Изучены виды юрт. Данные и данные полностью включены. Если бы мы были таким юрту, одно из самых ценных наследий наших предков того времени, и передадим его Содружество, сил последующему поколению, то они могли бы развивать личность с высоким национальным и патриотическим созиданием, спасительную ценность духовных ценностей.

Ключевые слова: кереге, шанырақ, уық, ши, приют, суеверие, юрта.

Annotation. This article describes in detail about the yurt, the main house of our ancestors. The types of yurts have been studied. Data and data are fully included. If we were such a yurt, one of the most valuable legacies of our ancestors of that time, and we would pass on its Commonwealth, forces to the next generation, then they could develop a personality with high national and patriotic creativity, the saving value of spiritual values.

Keywords: kerege, Shanyrak, uyk, shi, shelter, superstition, yurt.

Киіз үй – қазақ халқының өзімен бірге жасасып, тарих белестерінен бірге келе жатқан заттық, тұрмыстық мәдениеттің көрінісі. Ол сонымен қатар қазақ халқының материалдық мұрасының бірі ғана емес бірегейі болып бағаланады. Қазақтың киіз үйі – қазақ баласы үшін адамгершілік ұясы, қасиет тұтар ордасы. Ол әр қазақ баласы үшін тәуелсіздігі мен бостандығының, байлығы мен барлығының, рухани кісілігі мен қоғам алдындағы міндеттілігінің символы.

Қазақ халқының киіз үйіне, оның жасау-жабдықтарына байланысты салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер, ұғым-түсініктер аз емес және олар өз алдына зерттеуге тұрақты дүние. Сондықтан бұлардың танымдық маңызын ескере отырып, оларды жинақтап, арнайы қарастырмақпыз. Киіз үй ішіндегі кеңістік оң жақ және сол жақ болып бөлінеді. Оң жақ ер адамдарға, сол жақ әйелдерге арналған. Оң жақта еркектерге қатысты заттар қыран құс, тазы т.б орналасса, сол жақта әйелдер атқаратын жұмыстарға қатысты заттар тұрады. Ерекше жағдайда ғана болмаса, бұл орындар ауыстырылмайды. Бұл бөлініс көшпелі халықтарға қатаң сақталған. Қыз бала балиғатқа жеткенше, қалыңдық болғанға дейін сол жақта, шешесінің жанында болған. Бойжетіп, некелесу шағына жеткенде және ұзату тойына дейін ол оң жаққа көшіріледі. Оң жаққа көшірілген қызға ойын-сауық құрып, біраз еркін жүріп тұруына мүмкіндік беріледі. Осыған байланысты оң жақтың қызығын көрді деген фраза сақталған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде оң жақ бойжеткен қыздың ұзатылғанға дейін болатын туған үйі, төркіні.

Түрік халықтарындағы киіз үйдің оң жағына байланысты Ф.А. Фиельструп былай деді: «Егер отбасына ер жеткен, бірақ үйленбеген сондықтан әлі енші алып бөлінбеген ұл болса, оған сол жақтан орын беріледі... Ол орынға қыз көшіріліп, ол белгілі бір жасқа жеткенде, оның орны ерекше шымылдықпен қоршалады». Қазақта адам сүйсінгенде айтатын «қыздың жиған жүгіндей» деген сөз бар. Үлкендер «жүктің үстіне шықпа, бағың кетеді, кедей боласың, обал болады» деп тыйым салады. Сол сияқты жастықтан аттауға, оны басуға болмайды. Жүк жинауға қатаң тәртіп пен көрпе-төсекті бүктеудің әдісі оның «өсіп-өну, ұрпақ-байлық-бақ» деген түсініктермен байланысты.

Үйі сынық деген фраза әйелі қайтыс болған еркекке байланысты айтылады. «Орта жолда атың өлмесін, орта жаста қатының өлмесін» деген мақал отбасының ұйытқысы болған әйелдің қаза болуы қазақтарда үлкен бақытсыздық екенін білдіреді. Егер біреудің қызын осындай үйі сынық адам айттырса, оның қыз жағы кемсіту деп түсініп, намыстанған.

Босағаға сүйенбе. Босағаға тұрма жетім боласың деген тыйым бар. Ол қайғылы хабарды (өлім) білдіретін кейбір әрекеттерге байланысты сияқты. Ш.Уәлиханов мынадай дерек келтірген: «Егер адам жорықта қаза болса, жасак ауылға жақындағанда, «Ой, бауырымдап» өлген адамның үйіне қарай ат қояды, мылтық атып, жолдарындағы ағаш т.б өсімдіктерді найзамен түйреп, қылышпен шабады, сондай-ақ өлік шығатын үйдің босағасын шапқылайды. Ал босағасын шапты тіркесі жаудың әрекетін, қара күшті сипаттайды.

Киіз үй сүйегінің мықтылығын, амандығын, үзігінің,туырлығының бүтіндігін сипаттайтын босағасы берік фразеологизмі қазақта отбасының, рудың бақытты, тату-тәтті, «бауыры бүтін» болып, қызықты өмір сүріп жатқанын білдіреді. Осылай өмір сүрсін деген ниетпен «Босағаң берік болсын!» - деп тілек айтады.

Киіз үйге байланысты ақ үй, ақ отау, қара үй, ақ орда, қоңыр үй, ақ ала орда, боз үй, сұр үй т.б көптеген атаулар кездеседі. Кейбір зерттеулердің мұндай атауларды киіздің қандай жүннен басылғанына байланысты деп түсіндіреді: «Қазақ қойларының жүні көбінде қызыл, қоңыр, қара, әредік ақ болады. Монғол қойлары түгелдей дерлік ақ жүнді келді. Ақ, қара, қоңыр жүндерден басталған киіздер өңіне сәйкес ақ орда, ақ отау, ақ үй, қоңыр үй, сұры үй деген сияқты атаулар халық арасында кең қолданыс тауып жатады».

Енді бір еңбектерде мынандай атаулар қанат санымен байланыстырылады: «Қазақ үйлері пайдаланылуына, сән-салтанатына қарай бірнеше түрлерге бөлінеді. Мысалы: қара үй (үш қанат), қоңыр үй (төрт қанат), ақ үй (алты қанат), ақ ала орда (сегіз қанат), ақ орда (он екі қанат), ақ шаңқан (он сегіз қанат), алтын үздік (жиырма төрт қанат), алтын орда (отыз қанат)». Түркіменстан қазақтары тілінде ақ орда-алты және одан да көп қанатты киіз үй . Бұл мысалдар және т.б деректер киіз үйге қатысты атаулардың тура және ауыспалы мағынада жұмсалатын аңғартады. Ауыспалы мәнде қолданылуынан бірсыпыра фразеологизмдер жасалған.

Ақ сөзімен келетін үй атаулары үйдің түсін ғана емес, « ауқатты,дәрежелі, билік иесі отырған үй», «тайпа, ру басылары тұратын үй», «ата мен әженің отырған үйі» (бұл үлкен үй деп те аталады) сияқты ұғымдарды қамтиды. Ақ үй фразеологизмі « тұтқын», «кепіл», «аманат», «кепілге», берілген адам отыратын үй» дегенді аңғартады. Кепілге, әдетте, жаугершілік кезінде қарапайым, қатардағы адам немесе кім болса сол емес, белді, атақты кісіні, қолбасыны яки хан тұқымдарының біреуін беретін болған. Бұл фразеологизмнің қалыптасуына себеп болған – адамдардың әлеуметтік жағдайы. Жергілікті тіл ерекшелігі ретінде сақталған ақ үйдің мағынасы -тұтқын, кепіл. Бұл фразеологизм қазақ, қырғыз тілдеріне ортақ және оның ақ үйлі, ақ үйлі аманат секілді варианттары бар: қырғыз тілінде ақ үйліу ист. заложник (из представителей знати при дворе правителя противной стороны).

Біз осыдан үш жыл бұрын Қазақ ордасына адалдық туралы ант беріп, Абылайға «ақ үйлі аманаттар» тапсырғанбыз. Сол аманатымызды бұзып, кепілдегі боздақтардың обалына қалғымыз келмейді.

«Ақ үйде» болған адамның ас-ауқаты жеткілікті, «жағдайы жаман емес» болғанымен, қанша айтқанымен, ол үшін өз Отанының, ел-жұртының орны бөлек; ел-жұртын сағынатындығы, уайымдайтындығы, содан да жүдеп-жадайтындығы белгілі. Сондықтан да қазақ ұғымынды жалпы азып-тозуға байланысты айтқанда кепілді болған адамның осындай жай-күйімен салыстырып, ақ үйлі болып кетті (кетіпті) деп сипаттайды.

Болыс үй. Қазақ тұрмысында қандай да бір үлкен жұмыстарды атқарғанда (мысалы; үй салу, киіз басу, үй тігу,келін түсіру, ас беру,қыз ұзату т.б) адамдардың бір-біріне көмек көрсетуі, жұмыстарды бірігіп атқаруды дәстүрге айналған, ол тіпті рулық, ауылдық сипатта болды. Қыз ұзататын үйге ағайын-туысқаны көмектесіп отырады. Ілгеріде ұзатылған қыздың ағасы я нағашысы: «Қарындасымның болыс үйін аламын» - деп, бір кеш ойын-сауық өткізіп беруді міндетіне алады екен. Ұзатылған қызға арналған осындай кешкі болыс үй деп атаған. Болыс сөзі « жәрдем, көмек» дегенді білдіреді.

Жастардың, әсіресе қыз-келіншектердің, қызылды-жасылды киінуге әуес екендігі, жастар киімінде қызыл түсті басым болғандығы талас тудырмайды. Қазақтар арасында қызыл орамал әлі тұрмысқа шықпаған қыздың белгісі болып саналады. Қызыл орамалды немесе қызыл киінген қызы бар үйді қызыл үй деп атау дағдысы да болған. Оның жергілікті тіл ерекшеліктерінен кездестіреміз: қызыл үй-(Қост. Жанг.) қызы бар үй . Осы сөзге байланысты «қатыны өлген қызыл үйге қарап жылайды» деген мақал сақталған.

Ырым туралы белгілі қаламгер-ғылым, қазақтың этникалық мәдениетін, фольклоры мен этнографиясын ден қоя зерттеп жүрген Ақселеу Сейдімбек: «Көшпелі қазақтың қоғамдық психологиясын әр түрлі ырым-жоралар арқылы да пайымдауға болады. Дәстүрлі тыйымдар сияқты ырымның да себеп-салдары мифтік дүниетанымнан гөрі нақтылығы өмір тәжірибемен көбірек байланысты болып келеді.

Қазақта «ырымшыл қазақ» деп келетін сөз тіркесі бар. Яғни, ырымның күнделікті өмір салтта мейлінше мол қолданылатынын меңзейді немесе, «кедей ырым етеді, ырымы қырын кетеді» дейтін мәтел сөз бар. Мұнда ырымның жақсы ниеттен туындайтынын аңғаруға болады,» - дей келіп, жораланған ырым атаулыдан адам қоғамы не жақсылық дәметеді, не алда болар жамандықтан тыйылады. Бұл тұрғыда халықтың білімнің бір көрінісі ретінде да әлеуметтік ортаны реттеп отыруға, адамдарды белгілі бір мақсатқа жұмылдыруға, сол арқылы қоғамдық жарастықтың орнығуына қызмет етеді», – деп түйіндейді.

Тіліміздегі үйшілік кәсібіне, киіз үймен оның түрлі бөлшек – жабдықтарына қатысы бар ырымдарды қарастырып көргенімізде ырым-жоралардың себеп-салдары, түптеп келгенде, адамға, адам қоғамына бағытталатынын аңғартамыз. Түрлі еңбектерге солардың кейбіреулеріне келтіріп көрелік. Қыз туса, үйге тұтқа болсын деп кіндігін от орнына көмеді. Көш бастайтын шаңырақ түйенің жүгінің үстіне қырғауыл қауырсынын қадайтын. Кейде қауырсынды қырғауылға ұқсата құрастырып, түйе үстіндегі шаңыраққа « қонақтатып» қояды. Бұл сән-салтанатты көштің баратын жеріне құстай тізіліп тез жетсін деген ырым. Жаңа босанған әйел үйге кірген итке «шық» демейді. Бұлай істесе-әйелдің тісі түсіп қалады, бойынан қайраты жойылады деп ырымдалады.

Қазақ салтында үйдің ішінде тырнақ алмайды. Тырнақ тамаққа түссе, жазылмайтын ауруға тап болады деп жориды. Бұрынғы заманда мыстан кімпірлер тырнағын алып, қастасқан адамының төсегіне қойса, жады ауруына ұшырайды екен деген аңыз бар.

Үйге тамақ шайнаған қалыппен кіруге болмайды. Ал тамақ шайнап шығу – жақсылықтың нышаны. Қазақ: «Дұшпанның үйіне жеп кір, достың үйінен жеп шық» дейді. Біреудің тамақ шайнап кіріп келе жатқанын байқаса, үй иесі оның аузындағысын тастатады. «Қан түкір» деп, жамандыққа балап назаланады.

Киіз үйге байланысты ырымдар, олардың жорылуы осы айтылғандармен ғана шектелмейді. Біз тек солардың кейбіреулеріне ғана тоқталып отырмыз. Өмірлік тәжірибе, дағды халықтың білімінің рациональды негізін құраса, қоршаған орта туралы таным-түсінік, әдетте, мифтік, діни дүниетанымымен астасып жатады. Сондықтан да дәстүрді ырымдар жоруға ғылыми дәлел жетісе бермейді. Ырымның себеп-салдарын жоруға иррациональды мифтік-діни дүниетанымының басым түсіп жататыны осы ғылыми дәлелдің аздығынан деп түсінгеніміз жөн.

Ырымдарға қарағанда тыйымдардың тілдегі көрінісі анық, айқын екендігі даусыз. Өйткені тыйым сөзбен айтылады. Ырымдар іс-әрекеттер, қимылдар арқылы көрінеді және тыйымдармен байланысып, астасып жатады. Белгілі бір жағдайда бірдеңені ырым еткенде не істеу, не істемеу керектігін үлкендер өзінен кішілерге сөзбен айтып, түсіндіріп, бағыт-бағдар беріп отырады. Неше түрлі ырымдар мен оның жору, болжамдары бізге тіл арқылы жетіп отыр, оларды тіл арқылы зерттеп білеміз.

Киіз үйді тігу ісі еркек пен әйел өмірінің басталуымен, жасампаздық, жаңа өмірдің басталуы, өсіп-өркендеу актісімен теңестіріледі, осы екі әрекет ұқсастырылады.

Ертеректе түркі халықтарында киіз үйде ата-баба рухы, аруақ өмір сүреді, келіп-кетіп тұрады, үй сүйектерінің, бөлшектерінің де иесі болады деген түсінік болған. Үй тігудің алдында табалдырық түсетін жерге әкеліп садақаға қой сою, әйел босанғанда баланың жолдасын босаға жанына көму, т.б. осының нышаны болса керек. Қарақалпақ халықтарында уықты сары маймен майлау, керегеге қызыл бұрыш, пияз, тұз, адыраспан іліп қою әдеті де осы үйдегілердің жақсы өмір сүру үшін бәле-жаладан, тіл-көзден сақтау шарасы деп танылған. Қазақта да «дәмін татып көрсін, тілеулес болып тұрсын» деген ниетпен сары маймен керегені майлау әдеті орын алған. «Босағама ақтық байла» деген фраза да аруақтарды құрметтеу ұғымымен байланысты шыққан. Аруақ тілеулес болып тұрады деп, үлкендердің кеңесі бойынша екіқабат әйел аруағын сыйлайтын үлкен үйдің уығына шүберек байлап, садақаға мал әкелетін болған. Аруақты сыйлаудың бір белгісі – киіз үйге кіргенде келіннің үйде ешкім болмаса да бір тізесін бүгіп сәлем беруі. Бұл ырым «үйге сәлем беру» деп аталады.

Үйге кіргенде адамдар бірінен кейін бірі кіруі керек. Біреулердің табалдырықтан бір мезгілде қабаттаса аттауы айып саналған, өйткені мұндай жағдай тек жерлеу ғұрпында ғана рұқсат етілген. «Босағаға сүйенбе, босағада тұрма, жетім боласың!» деген тыйым бар. Ол да өлім хабарын білдіретін кейбір әрекеттерге байланысты сияқты. Осыған байланысты Ш.Уәлиханов мынандай дерек келтірген: «Егер адам жорықта қаза болса, жасақ ауылға жақындағанда, «ой бауырымдап өлген адамның үйіне қарай ат қояды, мылтық атып жолдарындағы ағаш т.б өсімдіктерді найзамен түйреп, қылышпен шабады, сондай-ақ өлік шығатын үйдің босағасын шапқылайды». Ал босағасын шапты тіркесі жаудың әрекетін, қара күшті сипаттайды. Киіз үй сүйегінің мықтылығын, амандығын, үзігінің, туырлығының бүтіндігін сипаттайтын босағасы берік фразеологизмі қазақта отбасының, рудың бақытты, тату-тәтті

«бауыры бүтін» болып, қызықты өмір сүріп жатқанын білдіреді. Осылай өмір сүрсін деген ниетпен «босағаң берік болсын!» деп тілек айтады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Фиельструп Ф.А. Свадебные жилища турецких народностей Материалы по этнографии. Т.3. Вып.1. Л., 1926.-С.117-118.
2. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). – Алматы. Қазақстан, 1998. - С.32
3. Алтынсарин И. Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства // Записки оренбургского отделения Императорского Русского Географического общества. – Казань, 1870. Вып.1 - С.25.
4. Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1985, – 157 б.
5. Бикұмар К. Монғолиядағы қазақтардың салт-дәстүрлері. – Өлгий, 1995, – 81 б.
6. Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. 1-том. – Алматы, 1984, – 182 б.
7. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. 1-кітап. – Алматы, 1996, – 34 б.
8. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. 1-кітап. – Алматы, 1996, – 38 б.
9. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – Москва, 1965, – 818 б.
10. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. 1-кітап. – Алматы, 1996, – 130 б.
11. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. 2-кітап. – Алматы, 1999, – 213 б.
12. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. – Алматы, 1997, – 264-265 бб.
13. Қайбарұлы Б., Бопайұлы Б. Қазақ ырымдары. – Алматы, 1998.
14. Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі; Диваев Ә. Тарту. – Алматы, 1992.

III. ЭТНОГРАФИЯ, ЛИНГВОЭТНОЛОГИЯ

Ж.А. ШӘЙКЕН

*Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институтының аға ғылыми қызметкері
Қазақтың есерткіштану ғылыми-зерттеу орталығы
Алматы, Қазақстан*

«САЗДАУҒА БІТКЕН САРЫАҒАШ, КІМДЕРГЕ САЙҒАҚ БОЛМАҒАН»

Аңдатпа. Бұл ғылыми мақалада жерлеу рәсімдеріндегі ата-баба рухына (қазақтың таруағына) тағзым ететін салт-дәстүрдің архаизмі қарастырылған. Мәтіндік материалдың жазылуы – автордың жылдар бойы жүргізген далалық және әдеби зерттеулерінің нәтижесі. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Қабір басында ағаш «сайғақ» сырықтарының болуының нақты мысалдары қарастырылады. Нәтижелер. Ата-бабаның бейітіне табыну ғұрпы туралы осы мәселе бойынша зерттеулер қазақтардың дәстүрлі мұрасының сақталуы мен ұлттық мәдениетінің даму тенденцияларын бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында Шалкиіз жырау, М.Жұмабаев, М.Мағауин сынды қазақ ақын-жазушыларының шығармалары зерттелді. Қорытынды. Зерттеу нәтижелері қазақ этносының тарихы мен этнографиясын қоса алғанда, қолда бар барлық деректерді пайдалану және зерттеу арқылы мүмкін болады. Сондай-ақ қазақ тіліндегі жеке ұғымдар мен атауларға арналған ғылыми еңбектерді жазуда қолдануға болатын далалық зерттеулер мен жазбаша дереккөздер қажет етеді. Бұл мақала қазақ лингвоэтнологиясын ішінара толықтырып, оларды ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: аруақ, зиарат ету, иіс қоңырсыту, найза, діңгек ағаш «сайғақ», ақтық, күмбез, бәйтерек.

Аннотация. В данной научной статье рассматривается архаизм ритуального обряда сопровождающийся при поклонении духам предков (каз. аруақ) у погребальных сооружений. Написание текстового материала является результатом полевых и литературных исследований, проведенных автором в разные годы. Цель и задачи исследования. Рассматриваются конкретные примеры присутствия деревянных шесты «сайғақ» на погребально-культовых памятниках. Результаты. Исследования данного вопроса обряда поклонения могилам или погребальным сооружениям предков позволяет дать оценку сохранению традиционного наследия и тенденции развития национальной культуры казахов. В процессе исследования были изучены произведения казахских поэтов и писателей, как-то: Шалкиіз жырау, М. Жумабаева и М. Магауина. Вывод. Результаты исследования возможны при использовании и изучении всех доступных данных, в том числе истории и этнографии казахского этноса. А также совокупности исследований натуральных и письменных источников, которые могут быть использованы при написании научных работ, посвященных отдельным понятиям и названиям в казахском языке. Данная статья частично восполняет казахскую лингвоэтнологию и предоставляет возможность ввести их в научный оборот.

Ключевые слова: дух предков – «аруақ», поклонение, погребально-культовое сооружение, деревянный шест «сайғақ», бәйтерек.

Abstract. This scientific article examines the archaism of the ritual rite accompanied by the worship of the spirits of ancestors (аруақ) at funeral structures. The writing of the text material is the result of field and literary research conducted by the author over the years. Purpose and objectives of the study. Specific examples of the presence of wooden «сайғақ» poles on funeral and cult monuments are considered. Results. Research on this issue of the ritual of worshipping the graves or funeral structures of ancestors allows us to assess the preservation of the traditional heritage and the development trends of the national culture of the Kazakhs. In the process of research, the works of Kazakh poets and writers were studied, such as: Shalkiiz zhyrau, M. Zhumabaev and M. Magauin. Conclusion. The results of the study are possible by using and studying all available data, including the history and ethnography of the Kazakh ethnic group. As well as a set of studies of natural and written sources that can be used when writing scientific works devoted to individual concepts and names in the Kazakh language. This article partially complements Kazakh linguoethnology and provides an opportunity to introduce them into scientific circulation.

Keywords: spirit of ancestors – worship, funeral and cult building, wooden pole baiterek.

Тілінде де, мәдениетінде де ұқсастығы жоқ халықтардың әдет-ғұрыптарындағы этнографиялық параллельдік аспектілерді қарастыру қиын мәселе. Бірақ архаикалық анимистік көзқарастарда генетикалық қатынастардың нақты мәселелерін объективті түрде ашатын ортақ нәрсе бар. Қазақ ұлты жер бетіндегі көптеген халықтар сияқты, терең ырымшыл анимистер қатарына жатады. Кейіннен ислам дінін қабылдаған соң, олар сонымен бірге ата-баба рухына – аруаққа табыну, байырғы наным-сенімін мирас еткен. Әрі, қазақы ортаға ислам діні енгенге дейін, тамыры тереңде жатқан аруаққа табынушылық, көшпенділер өз санасында бүгінгі күнге дейін толық сақтап келген. [1, 112-113 бб.].

Жалған дүниедегі тірі адам, бұл дүниеден озған адамның құрметіне жасайтын негізгі салт-дәстүрлер санатына жататындардың бірі, ол оның аруағына құрбандық шалып – ас беру, майдың иісімен сусындату – «иіс қоңырсыту» (кейбір жерде «иіс шығару» дейді) немесе бейіт-қорымдарды көріктендіру, яғни қабір басына ескерткіш орнату (кесене, қорған, сағана, төртқұлақ, құлпытас, т.б.) болып табылады [2, 145 б.; 3, 313 б.].

Қазақ халқы ерте заманнан бері, қалыптасқан дәстүр бойынша, әдетте марқұм болған адамның қабір басына, оның мәңгілік мекені ретінде тұрғызылған кесенесінің кірер алдына, күмбезіне, әсіресе киелі нысандар болып табылатын әулиелердің мазарына, ғибадатханаларына қасиетті «сайғақ» деп аталатын, түзу ағаштан кесіп алынған таяқ, сырық, шанжа сияқты дінгектер шаншып қойылып, киелі белгі ретінде қабылданады. Сондай ақ, жаугершілік заманында қазақтың соғысқа, аң соғуға қолданатын қаруы немесе жылқышының қорғаныс құралы болатын, қатты ағаштан жасалған сойылды да «сайғақ» деп те атайды. Мысалға, он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты түсіндірме сөздігінде «сайғақ» сөздің бірінші мағынасы былай деп берілген: Бір нәрсені ұруға арналған қатты ағаш; сойыл. Ал екінші мағынасы – Зираттың басына белгі ретінде қойылатын таяқ, дінгек ағаш, деп көрсетілген [4, 538 б.; 5, 240 б.].

Жоғарыда айтылғандай, ежелден бері қалыптасқан дәстүр бойынша – қабір (мола, зират, бейіт) басына, қоршаудың, кесене күмбезіне немесе ғимараттың ішкі жағында, әулиелердің мазарларына және басқа да қасиетті орындарға «сайғақтар» сүйеп қойылады. Оның басына ақтық, дыбыс шығару үшін дабыл, дауылпаз, қоңырау немесе аттың жал-құйрық қылы т.б. заттар да байлап қойылады. Мысалға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан фольклордың ауызша жолдарын келтіруге болады: «...найзамды басыма шаныш, сайғағым болсын» деп өсиет етіледі немесе өштесіп қалғандардың арасында – «...сайғақсыз қал!» деп, қарғыс айтып салады [6, 688 б.].

Ғалымдардың пайымдауынша, байырғы замандарда ата-бабаларымыздың жерлеу ырымында қаза болған жауынгерлер ұстаған және соғыста олжалаған қару-жарағымен жерленіп, молаларына, найзалар шаншылып қойылатын болған. Ғұрыптық қару ретінде жерлеу салтында, кей жағдайда қарудың өзі емес, оның ағаштан, тастан жасалған нұсқалары пайдаланылады делінген. Европа ориенталистері мен орыс шығыстанушылары қазақтардың өмірі мен әдет-ғұрыптарын сипаттай отырып, олардың қабірлерінде ағаш сырықтардың орнатылғанын жөнінде, ал ен даласы найза шаншылған қабірлерге толы, оның әр қайысының басына аттың жал-құйрық қылын байлап желбіретіп қояды, деп жазады [7, 380 б.].

Қасиетті орындарға ғибадат ету және ата-баба аруағына құрбандық шалу, этнографиялық тұрғыдан зерттеу аспектісінде, киелі орындардың дәстүрлі атрибутикалар элементтерінің генезисі мәселелерін қарастыра отырып, қазақтардың зират ету әрекеттеріндегі анимистік наным-сенім көріністерін зерттеген ғалымдар, олар ата-бабаларының аруақтарына тағызым ету орындарына жылқының қылы, ақтық, арқар мүйіздері, дауылпаз, қоңыраулар, құрбандыққа шалынған жылқылардың бас сүйектері және басқа заттар іліп қойылатыны туралы маңызды мәліметтер баршылық. Соның біреуін, белгілі зерттеуші француз Кастанье И.А. орыс шығыстанушылар Г.Соколов және Дм. Еристовтың сипаттамаларын ұсынады: «...жыл сайын Әбілхайырханды (Бөкей ордасы) еске алып ас берген кезде, оның қабір басындағы күмбездің жоғарғы жағына бекітілген; – әр түрлі ақтықтар, қасықтар, ат құйрық қылдары және шүберекке түйілген тары байланған найза шығарылып алып, оның ойығына ет және басқа да салттық тағамдар салынады. Осыдан кейін, найза бұрынғы орнына қойылып, оған жаңа ақтықтар байланады...» деп көрсетеді [8, 83 б.; 9, 91 б.].

Кейбір зерттеушілердің деректері бойынша, қабір басына сайғақ қадау, көбінесе Қазақстанның батыс аймағында кездестіруге болады деген. Бұл өңірді аралаған саяхатшы, австриялық Рихард Карутц Маңғыстауды аралап жүріп, ондағы қорымдарда, қабір басына қойылған ескерткіштерді сипаттап жаза келе, мұндағы көрген сайғақтарды басқа өңірде кездестіргендерімен салыстырады. Мысалға, Түркістандағы қабір басындағы үш-үштен орнатылған сырықтардың (сайғақ – авт.) айырмашылығы, олардың басына жылқының құйрықтары және дауылпаздар байлап қойылады деп жазған [10, 121 б.].

Ертеде, сайғақ қабір басындағы қасиетті белгілерінің бірі ретінде ортағасырлық (XV ғ.) қазақ поэзиясында айтылатынын атап өткен жөн: «...Саздауға біткен сары ағаш, кімдерге сайғақ болмаған...», деп жырлаған Шалкиіз жырау (1465 – 1560жж.).

Алаштың әйгілі ақыны Мағжан Жумабаевтың шығармаларында, қабір басына шаншылған сайғақтар туралы жиі ескеріледі. Мысалға,

«...Басында, өлсе – сайғақ жоқ,
Өліміне айғақ жоқ, ...» [11, 131 б.].

«...Өлер өмір сөз қалар,
Молаға қойған сайғақтай» [12, 107 б.].

«...Басымда найзам – сайғағым,
Қайратты қайтпас жан досым – Ерлігіме айғағым» деген жолдарды кездестіруге болады [13, 44 – 45 бб.].

Сондай ақ қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Мағауиннің «Сары қазақ» атты туындысында мынадай жолдарды: «...құбыла бетіне арбақ-сарбақ сексеуіл с а й ғ а қ шаншылған үлкенді-кішілі тағы екі қабір бар екен.» кездестіруге болады (ерекшелеген – авт.) [14, 91 б.].

Қасиетті әулиелер пантеонындағы мазарлар ауқымды орын алған жерлер, ол Қазақстанның оңтүстігі мен батысы – жер жаннати Жетісу, Отырар, Сайрам, Сығанақ, Турбат, Түркістан және Сырдария өзенінің бассейні мен Арал-Каспий маңы (негізінен Маңғышлақ және Үстірт). Айтарлықтай, Каспий-Арал аймақтың аумағында қазақ ғалымдарының зерттеулеріне жүгінсек, негізінен қазіргі кездегі бірегей ескерткіштері бар бейіттер, Түркістандағы шайхы Қожа Ахмет Иассауидің шәкірттерінің есімдерімен аталады, олар әулиелер пандемониумында ерекше ілтипатқа ие болған – Шопаната және оның ұрпақтары Шақпақата, Сұлтан епе, Қараманата, т.б. Аталған эпонимдердің қабірлерінің әр қайысысында өзінше «маркерлері» ретінде, яғни сайғақтары шаншулы тұрады. Мысалға, қасиетті Шопаната жер асты мешітінің орталық бөлмесінің төбедегі тесіктен ұшар басы шығарылып қойылған ұзын сайғаққа, келушілердің ақтық, архар мүйізі, шыны аяқ байлағандарына қарағанда, киелі орын болып табылады [15, 49 б., 426 б., 514 б.].

Қазақтың жерлеу дәстүрін зерттеген ғалымдар және саяхатшылар әулие қабірінің басына барған әйелдердің ағаш бағанаға, түрлі түсті мата жыртысын (ақтық) байлайтындары туралы жазып көрсетеді. Қазақ әйелдері қасиетті әулиелердің мазарларына, басқа да киелі орындаға барып қонып, бедеуліктен арылуын өтіну үшін, аруақтардың рухына ниет етіп жалбарып, зиарат етеді. Әулиелердің басына жан-жақтан барып табынғандар, әдетінше ырымдап ақтық байлайды, мазарат ету кезінде дұға оқып, құран бағыштап, үміттерінің орындалуын өтінеді.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Ш. Уалиханов Сарыарқаның ескерткіштерін зерттеп жүріп, Сарысу өзенінің бойында бой көтеріп тұрған Жұбанана кесене басында көп «жалаушалар» бар екендігін жазады. Бұл Шоқан көрсеткен «жалаушалар», әулиенің басына тәу етіп келген табынушылардың С.-қа байлаған ақтықтар жөнінде айтылған. Сонымен қатар Шоқан өз еңбегінде, орыс зерттеушісі Рычковтың сипаттауын былай деп келтіреді: «Әбілқайыр ханның (Кіші жүз) ескерткіші кесектен қаланған. Күмбезінің ұшарбасына әдеттегіше қадалған найзаға түрлі ақтық, қасық, тостаған, тары салған қалталар мен жылқы қылы самсатып іліп қойылған». Осыған қоса ол, Жетісу өңірінде орын тепкен Аташ батыр мен Байғазы (Ұлы жүз) кесенелерінің күмбез ұшарбасына жылқының қылы байланған қысқа найза қадалған туралы сипаттап көрсетеді [16, 31 б.].

Мысалға, ескерткіштанушы Сембі М.Қ. Сарыарқадағы әйгілі Алашахан кесенесінің ішіндегі қабір үстіндегі топырақ үйіндісі бетінде жылқы бас сүйегі, түрлі түсті мата жыртыстары (ақтық), найза тәрізді сырықтарға байланған ат құйрықтары болғандығын және бұл фактіні орыс зерттеушісі Шмидт Ю. XIX ғ. атап өткенін келтіреді [17, 397 б.]. Қазіргі таңда да, бұл архитектуралық ескерткіш болып табылатын Алашахан кесенесінде ақтық байлау ғұрыпы сақталып келген, яғни кесене пештағының тауашасындағы есігінің сол жақ бұрышында, тола түрлі-түсті мата жыртыстары (ақтық) байланған екі сайғақ әлі күнге дейін сүйеулі тұр дейді.

Зерттеушілер, әр уақыттың, бұрыннан келе жатқан мәліметтерді және әулиелерге табынуды құрайтын салт-жоралғылары туралы этнографиялық параллельдерді талдай, салыстыра отырып, «сайғақ» сырықтарына өлілердің рухы, яғни аруақ ұзақ сапарлардан кейін келіп, оған қонып демалуына арналуы мүмкін деген болжам жасайды. [9, 82 б.].

Мысалға, қазақтың анимистік көзқарасында ежелден адам өлгеннен кейін оның жаны денесінен шыбын (қазақ «шыбын жаным» дейді) кейпінде шығып, одан кейін құс кейпіне (көгершінге) айналады да, дүние ағашы «әлем ағашы» – Бәйтеректің басына барып қонады деген наным бар. Бұл жерде Бәйтеректің бейнесін «сайғақ» атқаратын болған, ал сайғақ ретінде найзаның білігі (найза), бақан,


жалаудың білігі, ту, қайықтың немесе кемең дінгегі, асатаяқ, қамшының сабы, адалбақан және т.б. болуы мүмкін. Айтарлықтай, қазақ мифологиясы бойынша Бәйтерек – ғарыш моделін бейнелейтін дүние ағашы екені ғылымда тіркелген.



Сурет 1. Алашахан кесенесі. XIV ғ. Кіреберіс тауашасының бұрышында ақтық байлаған сайғақ. (суретті түсірген Ж. Шәйкен. 2007ж.)



Сурет 2. Құлбарақата батыр моласына қойылған сайғақ. 1832 ж. (С.Е. Ажіғали бойынша. 1998 ж.)



Сурет 3. Қоржынтам (Сатыпалды ишан кесенесі) төбесіне қойылған сайғақ. XIX ғ. Батпаққара (қазіргі Амангелді) ауылы, Торғай даласы. (Кастанье бойынша. 1911 ж.)

Әдебиеттер тізімі:

1. Валиханов Ч. Ч. Тенкри (бог) // Собрание сочинений в пяти томах. (Ред. колл. К.И. Сатпаев и др.) Т. I. Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1961. 777 с. с илл. (АН КазССР. Ин-т истории, археологии и этнографии). – 112–113-бб.
2. Құдайбергенова А. Сырдарияның төменгі ағысында тұратын қазақтардың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр ерекшеліктері // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. Мақалалар жинағы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 428 б. – 145-б.
3. Бекбалақ К.А. Похоронная обрядность казахов Южного Казахстана // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. Мақалалар жинағы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 428 б., – 313-б.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі (ҚӘТС). Он бес томдық. 12-том. / Құраст.: А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. – Алматы: Арыс, 2014. 12-том. – О – С. – 752 бет., – 538-б.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі (ҚӘТС). Он бес томдық. 15-том. / Құраст.: А. Жанабекова, Т.Жанұзақов, Б.Әбілқасымов және т.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. Т.15: – Ү – Я. – 824 бет., – 240-б.
6. Казахско-русский словарь: около 50 000 слов / Под ред. Член корр. НАН РК Р. Г. Сыздыковой, проф. К.Ш. Хусаин. Алматы: «Дайк-Пресс», 2002. – 1008 с.
7. Нұрсан Әлімбаев. Молаға найза шаншу // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. 4-том: Қ – Ө – 832 бет. (иллюстрацияланған),
8. Кастанье И. А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. 2-е изд. Алматы: Дайк – Пресс, 2007. – 516 с. + 1 с. вкл., – 83, 92, 157 бб.;
9. Кастанье И. А. Надгробные сооружения киргизских степей. Оренбург: Тип. Тургайск. Обл. Правления, 1911. – 138 с., 72, 81, 82, 85, 89, 91-бб. Таблица XXIII, 69 сурет.
10. Карутц Р. Болезнь и смерть // Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. С-Пб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911. – 194 с., – 121-б.
11. Жұмабаев Мағжан. Жылқышы // Көп томдық шығармалар жинағы. 1 том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. Алматы: Жазушы, 2008., – 131-б.
12. Жұмабаев Мағжан. Жігер шіркін желінді // Көп томдық шығармалар жинағы. 2 том. Өлеңдер, дастандар, аудармалар. Алматы: Жазушы, 2008., – 107-б.
13. Жұмабаев Мағжан. Жауынгердің жыры // Көп томдық шығармалар жинағы. 2 том. Өлеңдер, дастандар, аудармалар. Алматы: Жазушы, 2008., – 44 – 45-бб.
14. Мағауин М. Сары қазақ // Шығармалар жинағы: Он үш томдық. Алматы: Қағанат FMO баспасы, 2002. 5 том, – 334-б.
15. Ажигали С. Е. Архитектура кочевников: феномен истории и культуры Евразии. Алматы: Ғылым, 2002. – 654 с., – 49, 426 – 514-бб.
16. Валиханов Ч.Ч. О киргиз-кайсацких могилах (молах) и древностях вообще // Соб. Соч. В пяти томах. Том III. Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1964. – 664 с., – 31-б.
17. Семби М. К. Реликты архаических ритуалов в памятниках казахской архитектуры Сарыарки // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. Мақалалар жинағы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 428 с., – 397-б.

XVIII-XIX ғғ. ҚАЗАҚ ХАН-СҰЛТАНДАРЫНЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ АРАБИЗМДЕР

(РФ Орынбор және Омбы архивтері материалдары негізінде)

Аңдатпа. Мақалада XVIII-XIX ғасырлардағы көшпелі қазақ қоғамынның жоғары лауазым иелері – хан-сұлтандардың Патшалық Ресейдің әртүрлі сатыдағы әскери шенеуніктеріне жазған эпистолярлық мұраларында қамтылған араб тілінен енген сөздер мен сөз тіркестері жайлы баяндалады. Нақтырақ айтқанда, олардың таза араб және шағатай тілдеріндегі түпнұсқа жазылуы және қазіргі қазақ тіліндегі аудармалары зерттелініп, арнайы сөздік түрінде беріліп отыр.

Тірек сөздер: Омбы, Орынбор, эпистолярлық мұра, хан, сұлтан, араб сөздері, шағатай, хат-құжат, сөздік.

Аннотация. В статье рассматриваются слова и словосочетания заимствованные из арабского языка, содержащихся в эпистолярном наследии, написанном высшими должностными лицами- хан-султанами кочевого казахского общества в XVIII-XIX вв. военным чиновникам различных инстанции царской России. В частности, проанализированы оригинальное написание на арабском и чагатайском языках и переводы на современный казахский язык, представленные в виде специального словаря.

Ключевые слова: Омск, Оренбург, эпистолярное наследие, хан, султан, арабские слова, чагатай, письмо-документ, словарь.

Annotation. The article examines words and phrases borrowed from the Arabic language, contained in the epistolary heritage, written by senior officials - the Khan-Sultans of the nomadic Kazakh society in the 18th-19th centuries. military officials of various levels of tsarist Russia. In particular, the original writing in Arabic and Chagatai and translations into modern Kazakh, presented in the form of a special dictionary, were analyzed.

Keywords: Omsk, Orenburg, epistolary heritage, khan, sultan, arabic words, chagatai, document letter, dictionary.

Төрткүл дүние төрінде ислам діні үстемдік құрған кезеңдерде ғылым-білімге, өнер мен ағартушылық істеріне аса ден қойылғандығы тарихта мәлім. Дінмұсылмандықтың қасиетті кітабы Кәлам Шәріп сөзімен бірге енген араб тілі мен жазуы жергілікті жұрттың тілі мен әдебиетіне, тарихына, сәулет өнеріне, әдет-ғұрыпы мен салт-санасына, жалпы дүниетанымына әсер етіп қана қоймай, мәдениетін өрге бастырып (ғылымда, ислам көне түркі өркениетін құртты деген де пікір бар – Ж.Б.), ресми іс қағаздар мен құжаттарды хаттайтын мемлекеттік дәрежедегі қатынас құралына айналып үлгерді.

Соның ішінде, Орталық Азия мен Қазақстан жерін мекендеген түрік тектес көптеген халықтар мен ұлыстардың тағдыры мен сан қилы тарихында араб жазуының алатын орны бөлек. Қадым заманнан араб қарпімен жазылып, бүгінгі дәуірге жеткен түркі әлеміне ортақ жазба ескерткіштеріміз өз алдына бір төбе. Ортағасырларда араб жазуына негізделген **«Орталық Азиялық түркі жазуы» қалыптасты** (Белтенев, 2006, 21). Қазақ халқы араб жазуын 1929 жылға дейін қолданды.

Арабграфиялы құнды жазба ескерткіштер қатарына бай әдеби мұраларымызбен қатар XVIII-XIX ғасырларда жазылып, тарихи маңызды іс қағаздар ретінде алыс-жақын шетелдер мен төл мұрағаттарымызда барынша молынан сақталынып отырған дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәрежесі жоғары ел билеуші әлеуметтік топтар – ақсүйек хандар мен сұлтандардың, қожа-молдалардың, халық сайлаған ақсақал билер мен батырлардың, ру басылардың, патша заманында тағайындалған лауазым иелері – болыстар мен старшындардың, көзі ашық қара бұқара тарапынан жазылған хат-құжаттарын да жатқызамыз. Айтулы деректік материалдардың дені қазақ халқының үш жүзі арасындағы руаралық ішкі теке тірестер ушығып, сыртқы жаулармен болған соғыстардан әбден титықтап әлсіреп, ерікті де, еріксіз де түрде патшалық Ресейдің бодандында болуға бел байлаған қиын да, қысылтаяң шақтарынан бірсыпыра маңызды мағұлмат беретін ресми құжаттар (Белтенев, 2010, 108).

Кезінде, бұл өзекті тақырып жайында белгілі ғалым Р. Сыздықова былай деп жазды: «Аталған кезеңдегі қазақ даласында тіл тәжірибесінің және бір түрі болды. Ол – қазақтың хан, сұлтан,

старшындарының орыс империясының әкімшілік орындарына және бір-біріне жазысқан әрқилы сипаттағы (мазмұндағы) қағаздары мен хаттарының тілі болды. Бұлар көбінесе орысша *прошение*, *уведомление*, *донесение* деп аталатын құжаттар мен ресми хаттар» (Сыздықова, 1993, 167).

Патша ағзамнан бастап әртүрлі әскери дәрежедегі орыс шенеуніктеріне жазылған хат-құжаттардың көбі *ұлық гизатлу*, *ұлық хұрметлу* (құрметті, қымбатты) *мархабтлу* (қайырымды), *сагадатлу* (ырысты), жоғарғы мәртебелі, *гинаятлу* (шапағатты), *құдіретлу* (құдіретті), *шафағатлу* (шапағатты, мейірімді) *ағзам* (өте ұлы), *мұхтарам* (құрметті), *ғазиз* (қымбатты), сияқты т.б. іс қағаздарын жүргізгенде қолданылатын сыпайыгершілікті білдіретін тұрақты эпитеттерден басталып отырды. Бұл жерде біз тек қана қазақ халқы емес, Орталық Азиядағы басқа да түрік тектес ұлыстардың лауазым иелерінің жеке басын дәріптегенде осы тұрақты эпитеттерді қолдана отырып сөз саптауды, хат жазуды үлгі тұтқандығын айта кеткендігіміз жөн.

Сондай-ақ Ресей шенеуніктеріне жазылған хат-құжаттарда орыстың «генерал», «господин», «полковник», «майор» деген сияқты әскери шендерінің атаулары да сол кездегі тілдік қорда араб сөздерімен қатар қолданысқа ие болды.

Біздің пайымдауымызша, бастапқыда, бұл мадақ сөздер жалғыз Жаратушыға ғана тән әрі оның сан түрлі сипаттарын білдіретін көркем есімдерінен (әл-Әсмә әл-Хуснә) алынса керек. Өйткені, «Аса Мейірімді», «Аса Қайырымды», «Аса Рақымды», «Аса Жомарт», «Аса Қымбатты», «Аса Жеңімпаз», «Аса «Құдіретті», «Аса Шапағатты» сияқты және т.б. эпитеттер ешқандай кемшіліксіз, кіршіксіз, мәңгілік, жалғыз Аллаға ғана тән болса, өздерін «Құдайдың сүйікті құлы, діннің жанашыры» санаған шығыс билеушілері бұл мадақтарды атақ, даңқтарын арттырып, әсірелеп көрсетуде көп пайдаланғандығын байқауға болады. Әрине, бұл дәріптеуші сөздер қатардағы қарапайым пендеге қолданыла бермегендігі анық. Араб тілінің сөздік қорындағы осы тектес сөз тіркестер халықаралық дипломатиялық қарым-қатынастардағы түрлі хат, құжат алмасуларда қолданылып, келе-келе ресми эпитеттер түрінде қалыптасып, оларды іс қағаздарын жүргізу мәнерінде қолдану көптеген мұсылман халықтарының жазу дәстүріне сіңісіп, қатып қалған «қағидаға» айналған сыңайлы. Олай болса, заман өте келе бұл мадақтар басқа халықтардың тілдерімен араласып, түрленіп отырғандығын аңғаруға болады.

Мәселен, «Қазақтың ауызекі сөйлеу тілінде де, ауызша әдеби тілін де араб және парсы тілдерінен ауысқан сөздер қай кезеңде болса да едәуір орын алып келеді. Оған Орталық Азия мен Қазақстан жерін мекендеген халықтардың ислам дініне енуі, там-тұмдап болса да мұсылманша (арабша) оқу-ағартудың орын алуы, ортағасырлық түркі әдебиетінің қазақ қауымына да таныс болуы сияқты факторлар себеп болды» деп көрсетті көрнекті ғалым (Сыздықова, 1993, 199).

Зерттеу барысында хат-құжаттардағы көптеген араб сөздерінің жазу емлесі дұрыс сақталмағандығының анықталғандығын тілге тиек ете кетейік. Мысалы, дағуат (دعوت) сөзінің соңында арабтың жәй «т» әрпі таңбаланған, ал дұрыс жазылуы бойынша ол бітеу (байланған) «т – ة» әрпімен берілу керек еді. Кейбір араб сөздеріндегі әріптер бірде тура таңбаланса, бірде қате берілген, оған мысал – «арыз» сөзі «عرض» болып жазылып, бастапқы әріп айн – ع әрпімен таңбаланса, енді бір нұсқада осы сөз «غرض» деп беріліп ғайн - غ әрпімен таңбаланған. Сөйтіп «арыз» сөзі арабша «ғараз» болып оқылып, мәтінде мүлдем басқа мағынаға («мақсат») ие болған. Ондай хат-құжаттарды тек сөйлемдегі қолданылу мағынасына орай түсінуге болады. Әрине, мұндай олқылықтардың барлығын сол кездегі хаткерлердің араб тілі грамматикасы мен орфографиясын жете білмегендіктерінен жіберген қателіктері деп түсінеміз. Тізбектей берсек осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Профессор М.П. Вяткин бұл материалдарды 1940-жылы жариялағанда былай деп көрсетті: «Необходимо так же отметить, что трудность интерпретации последних документов усложняется в силу того, что писались они не казахами а татарскими муллами – агентами царского правительства... В языковом отношении документы, исходившие от казахских феодалов, представляют образцы специфически-канцелярского языка, в котором выделяются татарские и в гораздо меньшей пропорции собственно казахские элементы. Татарский язык документов, с среднеазиатскими архаизмами и арабизмами, особенно прочно державшийся в практике ханских канцелярий и неизменно применявшийся во всякого рода официальной переписке, был совершенно недоступен основной массе казахского населения» (Вяткин, 1940, 41-43).

Өз кезегінде осы хат-құжаттардың тілін зерттеген лингвист ғалым С. Кеңесбаев былай деп жазды: «Что касается ханских грамот, переписок султанов, биев доабаяевской эпохи, то и они представляли собою осколки модного в то время официально-эпистолярного стиля, пересыпанного в большей степени чагатайскими, татарскими, арабо-иранскими элементами» (Кеңесбаев, 1955, 124).

Ал, осы мәселе төңірегінде жылдар бойы арнайы еңбек етіп, көптеген ғылыми мақалалар жариялаған белгілі ғалым Б. Әбілқасымов былай деген еді: «Рас, қазақ халқын құраған ру-тайпалар өздерінің мәдени өмірінде бірсыпыра уақыт бойы жазба әдеби тіл ретінде түркі тілдес халықтардың сауатты ұрпағына жақсы таныс және ортақ болған, белгілі дәрежеде нормаланған шағатай тілі аталған түркі әдеби тілін пайдаланды... Бұл тілде түркі әдеби тіл дәстүрі молынан сақталды. Оған белгілі дәрежеде түркі халықтары қолданған араб жазуының да зор әсері болды, бұл жағдайдың, екінші жағынан, туыстас халықтар арасындағы дипломатиялық, мәдени байланысты дамытуда маңызды рөлі де болды». Ғалым «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары» атты еңбегінде Орынбор мұрағатында 1785 жыл мен 1860 жылдар арасындағы және одан кейінгі кезеңдердегі хат-құжаттардың молынан сақталғандығын атап өтеді (Әбілқасымов, 1988, 5-6, 21).

Сондай-ақ, «...мейлінше шұбар келеді. Араб, парсы, шағатай, татар, башқұрт, өзбек сөздері араласып жатады, жалпы «түркі» деп аталатын тіл болып келеді. Аты қазақша дегені болмаса, көбіне, тілі де емлесі де қазаққа түсініксіз болды. Оларды қалың бұқара былай тұрсын, қазақтың мұсылманша оқыған, хат білген адамдары – қожа, молдалары да жөнді түсінбеді» деп атап көрсетті осы жазба ескерткіштердің тілі туралы қалам тартқан танымал әдебиеттанушы Б. Кенжебаев (Кенжебаев, 1956, 12).

Белгілі филолог ғалым Н. Уәли бұл тақырып төңірегінде төмендегідей келелі ой өрбітеді: «Шағатай тілі немесе Орта азиялық түркі жазба тілі (XIV-XVI ғғ.) Орта Азия, Жетісу, Шығыс Түркістан елдерінде кең тараған. «Шағатай» – монғол антропонимі, Шыңғысхан ұлының атымен аталып кеткен ұлыстың және сол елде қолданылған жазба тілдің атауы (кесте 1). Шағатай тілі Әмір Темірдің қоластындағы Мәуреннахрдағы мемлекеттің ресми тілі болды. Осы кезеңнің әдеби шығармаларына «Тезкерей әулие», «Миражнама», «Бақтиярнама» т.б. жазба мұралар жатады. Ортаазиялық түркі жазба тілі, бір жағынан Шығыс-Түркістандық жазба тілмен (XI-XII ғғ.), екінші жағынан, Алтынорда-Хорезм (XIII-XIV ғғ.) жазба тілімен ортақ жақтары болды. XVIII-XIX ғғ. ортаазиялық жазба тілде (шағатай тілінде) халықтың сөйлеу тілдерінің элементтері айқындалып (А.С. Аманжолов), ескі өзбек, ескі ұйғыр, ескі қазақ жазба тілі, ескі қырғыз, ескі қарақалпақ жазба тілдерінің сұлбасы жасалды» (Уәли, 2017, 286).

Осы тұста бұл тақырыпқа тарихи тұрғыдан қалам тартқан ресейлік зерттеушілер – М.П. Вяткин, В.Я. Басин, А.И. Левшин, В.В. Вельяминов-Зернов, В.А. Моисеевтермен қатар отандық тарихшы ғалымдар – Р.Б. Сүлейменов, Ж.Қ. Қасымбаев, С. Зиманов, М. Әбдіров, А.И. Исин, А. Ахмет, Н.Г. Аполлова, И.В. Ерофеева және т.б. ғалымдар өз еңбектерінде хат-құжаттардың орысша нұсқаларын пайдаланғандығын айта кеткендігіміз жөн.

Хат-құжаттарды зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қызметкерлері тарапынан Ресей Федерациясы Орынбор облысының Мемлекеттік архивіне, Омбы Облыстық тарихи архивіне ұйымдастырылған «Мәдени мұра» Ұлттық стратегиялық бағдарламасы және түрлі археографиялық іссапарлары аясында жинақталған хат-құжаттардың фотокөшірмелері (факсимиле), сондай-ақ әуесқой тарихшы, зейнеткер Б. Нәсенов ағамыздың Омбы қаласының мұрағатынан әкелген қазақтың билеуші топтарына қатысты материалдары (Болатбек Нәсенов: Он бірінші (том) он алтыншы кітап, Абылайхан, бірінші тарауы, Омбы архиві сөйлейді. Алматы-Новосибирск – қыркүйек 2005; Он екінші (том) он жетінші кітап, Абылайхан, екінші тарауы, Омбы архиві сөйлейді. Алматы-Новосибирск – қыркүйек 2005.) негізінде жасалды.

Біз айтулы ғылыми мақалада араб әріптерімен шағатай тілінде жазылған хат-құжаттардың араб тіліндегі әліпбиін беруді жөн көрмедік. Өйткені, сол заманда орфографияның бір ізге түспеуі оларды араб әріптерімен дәл таңбалауға мүмкіндік бермесе, әрі ресми іс қағаздардағы белгілі бір сөздерді сауатты деген хаткерлердің өзі алған білімдеріне қарай өз білгендерінше белгілеуі де хат-құжаттар мәтінінің дұрыс жазылмауына әкеліп соқтырды. Сондықтан біз төменде хат-құжаттардың латын тіліндегі әліпбиін жасап беруді дұрыс деп ұйғарып, оның кестесін назарларыңызға ұсынып отырмыз. Себебі бұл іс біріншіден, араб әріптерімен жазылған сөздерді дәл таңбалауға мүмкіндік берсе, екіншіден, болашақта Қазақстан Республикасы латын әрпіне көшсе әрі латын әрпіне баяғыда көшіп қойған басқа түркі тектес халықтарға оқуға жеңіл болсын деген ниеттен туындап отырса керек (кесте 1).

Китәби-түрки (шағатай) тілінің әліпбиінің латын және қазіргі қазақ тілі әріптерімен таңбалану үлгісі

№	ӘРІПТЕРДІҢ ҚАЗАҚША ТАҢБАЛАНУЫ	ӘРІПТЕРДІҢ ЛАТЫНША ТАҢБАЛАНУЫ	№	ӘРІПТЕРДІҢ ҚАЗАҚША ТАҢБАЛАНУЫ	ӘРІПТЕРДІҢ ЛАТЫНША ТАҢБАЛАНУЫ
1	А	A	22	П	P
2	Ә	Ä ä	23	Р	R
3	Б	B	24	С	S
4	В	V	25	Т	T
5	Г	G g	26	У	uw // w
6	Ғ	Г	27	Ү	Ü ü
7	Ж	J	28	Ұ	U
8	З	Z	29	Ф	F
9	Д	D	30	Х	H
10	Е	E	31	Һ	H
11	Е	Yo	32	Ц	TS
12	И	I	33	Ш	Š š
13	Й	Y	34	Щ	
14	К	K	35	Ы	İ i
15	Қ	Q	36	І	I
16	Л	L	37	Ь	
17	М	M	38	Ч	Č č
18	Н	N	39	Э	E
19	Ң	Ŋ ŋ	40	Ъ	
20	О	O	41	Ю	yu
21	Ө	Ö ö	42	Я	ya

Сондай-ақ, XVIII-XIX ғасырларда көшпелі қазақ қоғамында әлеуметтік аристократияның жоғарғы тобы хандар мен сұлтандардың патша үкіметіне және әр түрлі деңгейлердегі жергілікті Ресей шенеуніктеріне жазған тарихи хат-құжаттардың мәтіндерін зерттеп, оларда қолданылған араб сөздерін анықтауға баса назар аудардық. Сондықтан да, осы еңбекте сөз болған XVIII–XIX ғасырлардағы хат-құжаттарда жиі қолданылатын араб сөздерінің арабша-қазақша сөздік түріндегі нұсқасын зерттеушілердің мәтіндерді тез оқып түсінуіне жеңілдірек болсын деген ниетпен арнайы жасалған кестелер беріп отырмыз (кесте 2).

Хат-құжаттарда жиі кездесетін араб сөздерінің аударма сөздігі

№	Арабша жазылуы	Транскрипциясы	Қазақша мағынасы
1	اعظم	ағзам	өте ұлы
2	اعلم	ағләм	өте білуші
3	الله	Аллаһ	Аллаһ
4	اطراف	атраф	тараптар
5	اخبار	ахбар	хабарлар
6	اعلائى	әғләи	жоғары
7	البتة	әл-бәттә	әлбетте
8	الاکرام	әл-икрам	қонақжайлық, ізет, құрмет

9	المستعان	әл-мустаған	көмек беруші
10	اما	әммә	ал, бірақ
11	انواع	әнуағ	түрлер
12	اهل	әһл	отбасы, үй-іші
13	بعد	бағда	кейін, содан кейін
14	بعض	бағз	кейбір
15	بيت	бәйт	үй
16	بناءً	бинәән	соның негізінде
17	برج	бурдж	мұнара
18	عزيز	ғазиз	күшті, қымбатты
19	عيان	ғайан	өз көзімен көріп
20	غير	ғайр	басқа
21	عقل	ғақл	ақыл
22	على	ғали	әли (әлі)
23	على	ғали	жоғары, биік
24	عمل	ғамал	іс, амал
25	عرض	ғарз	ұсыну көрсету (арыз)
26	غافل	ғафыл	ынтасыз, жайбарақат
27	علامة	ғаламат	белгі, нышан
28	عسكر	ғәскәр	әскер
29	عيال	ғиал	үй-іші
30	عزة	ғиззат	абырой, даңқ
31	عظمى	ғузма	ұлы
32	دعوة	дағуат	шақыру
33	دائما	дәимән	әрқашан
34	دفتر	дәфтар	дәптер
35	جماعة	жамағат	жамағат
36	جامع	жамиф	жинаушы
37	جمع	жәмғ	жинау, біріктіру
38	جهة	жиһәт	жақ (оң жақ, сол жақ)
39	جملة	жүмлә	барлық
40	ضابط	забит	офицер
41	ضرر	зарар	зарар, зиян
42	ضروري	зарури	өте маңызды
43	زحمة	зәхмат	қысымшылық
44	زيادة	зиәда	арту, өсу
45	اعلام	иғләм	хабардар ету

46	اعتبار	иғтибар	назар аудару, зейін қою
47	اجبار	ижбар	мәжбүр
48	اجتهاد	ижтиһад	күш салу, тырысу
49	اقبال	иқбәл	ілгері басу, бақыт, сәттілік
50	اقدام	икдәм	ұмтылу, ілгері басу, кірісу
51	التماس	илтимәс	өтініш
52	التفات	илтифат	қарату, көңіл бөлу
53	ان	ин	егер
54	انعام	инғәм	марапаттау, жақсылық жасау
55	ارادة	ирәда	қалау, тілек
56	ارسال	ирсәл	жіберу
57	اسم	исм	есім
58	استقرار	истикрар	тұрақтылық
59	استحکام	истихкәм	бекем болу, мықты болу
60	اتفاق	иттифақ	келісім
61	احسان	ихсән	жақсылық жасау
62	اختيار	ихтиар	қалау, таңдау
63	يوم	йәум	күн (мыс. бүгінгі күні)
64	كلام	кәләм	сөз
65	كامل	кәмил	толық, нағыз
66	كرة	кәррәт	рет
67	كتابة	китәбәт	хат, жазба
68	كلي	күлли	күллі, барлық
69	قديم	қадим	ескі, көне
70	قلعة	қалға	қала, қамал
71	قانون	қанун	заң
72	لازم	ләзим	міндетті
73	لكن	ләкин	бірақ
74	معقول	мағқул	дұрыс, саналы
75	معلوم	мағлұм	белгілі
76	معروف	мағруф	белгілі
77	مظلوم	мазлұм	зұлымға ұшыраған
78	مقبول	мақбул	қабылданған
79	منصب	мансаб	мансаб, лауазым
80	مرحمة	мархамәт	мейірімділік, рахымшылдық
81	مرحوم	мархұм	марқұм, қайтыс болған адам

82	مصلحت	маслахат	пайда, мүдде
83	موجود	мәужуд	бар болу
84	مفهوم	мафһум	түсінікті
85	محكمة	махкама	үкім шығаратын орын, мекеме
86	مشورة	мәшурат	кеңес, нұсқау
87	مذكور	мәзкур	есімі аталған (адам немесе зат)
88	مكتوب	мәктуб	жазылған
89	منع	мәнғ	тиым
90	منفعة	мәнфәғәт	пайда
91	مرتبة	мәртәбә	рет, мәртебе
92	ميزان	мизан, ай аты	таразы
93	موافق	муафиқ	келісілген
94	مباشرة	мубәшара	қуандыру
95	معين	муғаиин	белгілі бір, нақты, тиісті
96	مدّة	муддәт	мерзім
97	موجب	мужиб	негіз
98	مقدم	муқаддам	алдағы, ілгерідегі
99	مقرر	мукирр	мақұлдау, бекіту
100	منقطع	мунқатиғ	үзілген
101	منتظر	мунтазар	күтілуші, күтілуде
102	مرخص	мураххас	рұхсат етілген
103	مروءة	муруат	айбындылық, жомарттық
104	مستحق	мустахик	лайықты
105	متعين	мутағаиин	тағайындалған
106	متفرق	мутафаррик	әр түрлі
107	مطيع	мутиғ	бағынған, бойсұнған
108	محترم	мухтарам	құрметті
109	مشاورة	мушауарат	өзара кенесу
110	مشاور	мушауир	кеңесші
111	مبارك	мүбәрәк	берекелі
112	ناظر	назыр	бақылаушы, тексеруші
113	نقل	нақыл	тасу, аудару
114	نسب	нәсәб	тек
115	نفع	нәфғ	игілік
116	رغبة	рағбат	қалау, ерік
117	رعية	рағиият	азамат (бір мемлекетке тиістілік)
118	رجاء	рәжа	тілеу, сұрау

119	راحل	рахил	қайтыс болған адам
120	رتبة	рутба	шен
121	سعادة	сағадат	бақыт
122	سلامة	саламат	аман есен
123	سرطان	саратан	шаян (ай аты)
124	صرف	сарф	жұмсау
125	صحراء	сахра	дала
126	ثابت	сәбит	тұрақты, берік
127	ثور	сәур	бұқа, өгіз
128	سياسة	сиасат	саясат
129	صدور	судур	шығару
130	تعالى	тағала	ұлық болған
131	تعجيل	тағжил	тездету
132	تضرع	тазарруғ	бойсұну, көну
133	طائفة	таифа	топ, тайпа
134	تقدير	тақдир	өлшем, тағдыр
135	طلب	талаб	талап
136	طرف	тараф	жақ (мыс. оң жақ, сол жақ)
137	تحقيق	тахкиқ	тергеу, анықтау
138	تابع	тәбиғ	еруші
139	تدبير	тәдәббур	ой жүгірту, зерделеу
140	تمام	тәмәм	барлық, толық, түгел
141	رجمان	тәржман	аудармашы
142	تسليم	тәслим	тапсыру, берілу
143	تفهيم	тәфәһһум	жете түсіну
144	نجارة	тижарат	сауда
145	وعده	уағда	уәде
146	وفاة	уафат	опат, қайтыс болу
147	و	уә	және
148	وجه	уәжһ	бет, жақ
149	فضيلة	фазиләт	абырой
150	فائدة	фаида	пайда
151	فسد	фасад	бүліншілік, жаман іс
152	فهم	фәһм	түсінік
153	حاضر	хазыр	қатысушы
154	حاكم	хаким	басшы, әкім
155	حق	хақ	хақ, ақиқат

156	حمل	хәмл	көтеру, арту
157	حرامي	харами	қаракшы
158	خارج	харидж	сыртқы
159	حصل	хасыл	қол жеткізу, нәтижеге келу
160	حضرة	хәзрәт	мырза
161	حركة	хәрәкәт	әрекет, іс
162	خدمة	хидма	қызмет
163	خلاف	хиләф	қарама-қайшылық, қарсылық
164	حدود	худуд	шекара
165	حكم	хукм	үкім
166	حكومة	хукумәт	үкімет
167	حصول	хусул	орындалу, болу
168	خصوص	хусус	негізінде, соның ішінде
169	خصوص	хусусан	әсіресе
170	حضور	хұзұр	қатысу
171	حرمة	хұрмет	құрмет, ізет
172	هامشة	һәмише	шет, сырт
173	هجوم	һужум	шабуыл
174	شرعي	шарғи	заңды
175	شفقت	шафақат	кешірімдік, аяушылық
176	شاء	шәә	қалау
177	شروع	шуруғ	кірісу
178	شهرة	шуһрат	белгілі болу, кең тарау

Хат-құжаттардың мәтіндерінде араб-түркі сөздерінің араласқан түрлері жиі кездеседі (кесте 3).

Кесте 3.

Хат-құжаттардың мәтіндерінде кездесетін араб сөздерімен біріккен түркі сөздерінің жазылуы мен қолданылуының кейбір үлгілері

№	Арабша жазылуы	Транскрипциясы	Қазақша мағынасы
1	انواع علامتل	әнуағ ғәләмәтлү қауалер	түрлі нышандардың кавалері (иегері)
2	اهلى بيتنكز	әһлі бәйтінкз	үй ішіңіз, отбасыңыз
3	اهلى عيال	әһлі ғиаллары	үй іштері
4	بناء	бинәән	соның негізінде
5	سياستلو	биүк сиасатлү	жоғары саясатты (ел басқару ісін жетік білуші мемлекет қайраткері мағынасында)
6	عزیزه	ғазизе	қымбатты, жоғары мәртебелі
7	عيان	ғайан қылды	өз көзімен көрді
8	غیری وجهی دین	ғайры уәжіден	басқа жағынан

9	عالی کاهلو و عالی جاهل	ғали каһлү уә ғали жаһлү	жоғары мәртебелі
10	عرض	ғарз	арыз
11	غافيل	ғафил	ынтасыз, жайбарақат
12	عزتلو	ғиззатлү	қымбатты
13	دعوت	дағуат едүб	шақырып
14	دئما تضرع فيلوب	дәһимән тазарруғ қылүб	әрқашан бойсұныб
15	مرتبہ	екі мәртәбә	екі рет
16	جمعيتنکر	жамағатыңыз	еліңіз, жұртыңыз
17	جامع	жамиг қылүб	біріктіріп
18	جمع	жәмғ олыб	жиналыб
19	اجتهادون صرف	ижтиһадын сарф қылмайүнчүк	күш салып, күш жұмсап
20	انعام و احسان	инғәм уә ихсән	жақсылық жасау
21	اينشاه الله تعالى	иншаһ Аллаһу Тағала	Алла Тағала қаласа
22	ايرسال	ирсәл едүлмиш	жіберілуші (жіберіледі)
23	استقرار و استحکام	истикрар уә истихкам	тұрақтылық және бекем
24	اختيار	ихтиар қылмақ	қаламақ, таңдамақ
25	كامل اخلاصم	кәміл ыхласым илен	бар ықыласыммен
26	كرة به كرة كيتابتنکر	кәррәт бе кәррәт китәбәтіңіз	қайта-қайта жазған хатыңыз
27	كلي منقطيغ	күлли мунқатиғ қылдүк	түгелімен үздік, қидық
28	فهملى	қысқа фәһмлі	қысқа түсінікті (түсінігі қысқа)
29	لازيم	ләзим біліб	өзіме міндеттеп
30	معلوم	мағлұм қылайн	білдірейін, хабардар етейін
31	مکتوبلاروندہ	мактубләрында	хаттарында, жазбаларында
32	مقبول	мақбул көрүб	қабылдап
33	مصلحت	маслахат үчүн	пайда, мүдде үшін
34	منفعتلى	мәнфәғәтлі	пайдалы
35	مرتبلو	мәртәбәлү	мәртебелі
36	ميزان برجى	мизан бурджы	таразы зодиак белгісі
37	موافيق	муафиқ көрсеңіз	келіссеңіз
38	مباشرة	мубәшара қылүб	қуандырыб
39	موجبينچه	мужибінче	негізінде
40	مقيرلار	муқирләр дүр	мақұлдады
41	منتظر	мунтазар	күтіп
42	مرحس	мураххас	рұхсат етілген
43	مروتلو	мурууатлү	бекзатты, айбынды
44	متفرق	мутафарриқ	әр түрлі
45	مشاورت	мушауарат	өзара кеңесу

46	مبارک	мүбәрәк	берекелі
47	نقل	нақыл йетілер	жеткізер, аударып берер
48	نفع فائده	нәфғ фаидалары	игілік пайдалары
49	رعبتندورور	рағбатландыру	ынталандыру
50	رعيّت ليک كه	рағиаттікке көндүрүб	азаматтыққа көндіріб (бұл жерде – ресей патшалығының қарамағына кіргізу мағынасында)
51	سعادتلو	сағадатлұ	тақсыр, жоғары мәртебелі
52	سلامت	саламат	аман есен
53	صحرا	сахра	дала
54	طلب و رجا	талаб уә ража едемүн	өтініп сұраймын
55	تابعلاندرب	тәбиғландырыб	ергізіп (бұл жерде – ресей патшалығының қарамағына кіргізу мағынасында)
56	تسليم	тәслим еткен	тапсырған
57	والله اعلم	уаллаһу ағләм	бір Аллаға ғана мәлім
58	وبعد كلام اعلام	уә бағда кәләм игләм	сөзден кейін хабардар ету
59	حاضر	хазыр болұрлар	қатысты
60	حاضر و ناظر	хазыр уә назыр олыб	бақылаушы, бастық (<i>тарих.</i> министр)
61	حقنده	хақында	сол турасында
62	حاصل	хасыл болұр	нәтижесінде, келер, орындалар
63	حكومت	хукумәт едечі	басқарушы
64	حصول	хусул қылыб	алып, қолы жетіп
65	حضورنده	хұзұрында	қатысуында (бұл жерде хұзыр сөзі – бақылауында, қарамағында деген мағынада қолданылған)
66	خدمت	хызмет	қызымет
67	هميشه اقبالی دولتنگز زياده	һәмише иқбалы дәулетіңіз зиада	табысқа кенелуші дәулетіңіз артсын
68	هو الله المستعان	һуаллаһу-лмустаған	ол Алла көмек беруші (бір Алла өзі жәрдемші болсын)
69	هجوم ليق	һужумлық едүб	шабуылдып
70	شرعي قانونلاری	шарғи қанунләрі	заңдары, тәртіптері

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбілқасымов Б. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ жазба әдеби тілінің жазба нұсқалары. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1988.
2. Белтенев Ж.М. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы сирек кездесетін мұсылман кітаптары мен қолжазбалары // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – №3 (36). – 2006. – 20-32 б.
3. Белтенев Ж.М. XVIII-XIX-ғасырдағы қазақтың хан, сұлтандарының ресми және жеке хат-құжаттарындағы қолданылған араб сөздері // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – №1 (50). – 2010. – 108-113 б.
4. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер. – Алма-Ата: Қазақ Мемлекет баспасы, 1956. – 47 б.

5. Кеңесбаев С. Абай – основоположник казахского литературного языка // Советский Казахстан. – № 9. – 1955. – 140 с.
6. Материалы из истории Казахской ССР. Т. IV. – М.-Л., 1940. – 544 с.
7. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар) – Алматы: Ана тілі, 1993. – 319 б.
8. Уәли Н. Жазу // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-том. – Алматы: ТОО «Әлем, Даму, Интеграция», 2017. – 263-272 б.

А.С. БЕКТҰРСЫН

*Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі,
Мәдени мұраны ғылыми-зерттеу институты,
«Қасиетті Қазақстан» бөлімінің кіші ғылыми қызметкері,
Астана, Қазақстан*

ТАРИХИ АТАУЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ОНОМАСТИКА МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Мақалада Астана қаласына қатысты топонимдердің ішінде Есіл гидронимінің ең алғашқы архив құжаттарынадағы көрінісіне, археолог, филолог, тарихшы, географ, экономист В.Н. Татищевтің жазбаларынан мысалдар келтіріледі. Есіл гидронимінің этимологиясы жайында ғалымдардың пікірлері салыстырылды. Филология ғылымдарының докторы А. Әбдірахманов Есілді «жасыл» деген мағынадағы көне түркі сөзі деп қарастырды. Өзеннің 73%-дан астамы балдырлардан тұратын болғандықтан Есіл атауы осы жасыл түспен байланысты болуы да ықтимал деген ойға келдік.

Сонымен қатар, Астана қаласындағы көшелердің дәстүрлі, тарихи атауларын қайта жаңғыртуда Астана қаласы Мемлекеттік архиві қорының құжаттарынан деректер алынды.

Тірек сөздер: ономастика, қайта жаңғырту, гидроним, топоним.

Аннотация. В статье представлены материалы связанные с топонимикой города Астаны, в которых представлены гидронимы Есиль, в древнейших архивных документах В.Н. Татищева, археолог, филолог, историки, географ, экономист. Примеры приводятся из сочинений. Сравнивались мнения ученых об этимологии гидронима Есиль. Доктор филологических наук А. Абдирахманов считал Есиль древнетюркским словом, означающим «зеленый». Поскольку река более чем на 73% состоит из водорослей, мы подумали, что название Есиль, вероятно, связано с этим зеленым цветом.

Кроме того, были получены данные из документов Государственного архива города Астаны в фондах при реконструкции традиционных, исторических названий улиц Астаны.

Ключевые слова: ономастика, возрождение, гидроним, топоним.


Annototion. The article presents materials related to the toponymy of the city of Astana, in which the hydronyms of Yesil are presented, in the oldest archival documents of V.N. Tatischeva, archaeologist, philologist, historians, geographer, economist. Examples are given from the essays. The opinions of scientists on the etymology of the hydronym Yesil were compared. Doctor of Philology A. Abdirakhmanov considered Yesil an ancient Turkic word meaning «green». Since the river is more than 73% algae, we thought that the name Yesil is probably related to this green color.

In addition, data were obtained from the documents of the State Archive of Astana in the funds for the reconstruction of traditional, historical names of streets of Astana.

Keywords: onomastics, rebirth, hydronym, toponym.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Ономастика саласы тарихи сана-сезімді жаңғыртудың маңызды идеологиялық құралы екені белгілі. Кейбір адамдардың қалауымен жалған өмірбаяны әдейі қолдан жазылған Кеңес дәуірінің қайраткерлері бар. Ондай жасанды тұлғалардың есімін түрлі нысандарға беруді доғару қажет. Жалпы, ономастика саласын тәртіпке келтірген жөн. Бұл шаруа кешенді және дәйекті түрде бір орталықтан атқарылуға тиіс. Ономастика бұл – ата-бабаларымызға байланысты я белгілі тұлғалардың туысқандарының ісі емес. Бұл – мемлекеттің шаруасы. Осы саладағы барлық рәсімдерді іс жүзінде реттеу маңызды. Онда аймақтардың ерекшелігімен қатар, жалпыұлттық басымдықтар да ескерілуі керек» деп қазіргі қоғамымыздағы өзекті мәселеге

қозғау салды. Тарихи атауларды қалпына келтіріп, аймақтардағы географиялық атаулардың қате жазылып жүргендерін бірізге түсіру, дәстүрлі, тарихи атауларды қайта жаңғырту секілді халықтың талап-тілектері баспа беттерінде ұдайы жарияланып жүргені белгілі. Осы тұста жер-су аттарын реттеу мәселесінде көп үлес қосқан түрколог, филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Жанұзақовтың атқарған еңбегін айтпай кетуге болмас. Ғалым 1989 жылғы 30 қарашада Жоғарғы Кеңестің тұрақты комиссиясының мәжілісінде Мемлекеттік ономастикалық комиссия құруға тікелей атсалысты. Т. Жанұзақов академик Ә. Қайдармен бірлесе отырып «Республикадағы Мемлекеттік және әкімшілік бірлестіктердің атауларын реттеудің, елді мекендердің аттарын өзгерту және тарихи, географиялық атауларын қалпына келтірудің Тұжырымдамасын» жасады. Тұжырымдамада тез арада өзгертілуі керек объектілер қатарына кеңестік ұжымдастыру, жеке басқа табыну және т.б. географиялық атаулар жатқызылды. Алайда бұл мәселелер әр аймақта бұрмалануға түсіп кеткен сәттер де орын алды. Ол жөнінде филология ғылымдарының докторы, профессор А.Е. Жартыбаев: «Аймақтағы аудандар мен совхоздар тарқап, селолық кеңестердің орнына селолық округтер құрылғанда оларға шартты түрде сол совхоз атаулары немесе ешбір келісімсіз жаңа атаулар берілген. Мысалы, Бұқар жырау ауданының (Қарағанды облысы) 10 селолық округінің, Нұра ауданының 6 селолық округі мен 3 аулының, Ақтоғай ауданының 4 селолық округі мен 6 аулының т.б. атаулары жергілікті өкілетті немесе атқарушы органдар шешімімен өзгертілгені анықталды. Бұл жер-жердегі ономастикалық комиссия мен әділет басқармалары арасында белгілі бір заңдастырылған ережелердің жоқтығынан хабар береді» (Жартыбаев, 2008: 104).



Қазақ даласының тарихы қаншалықты терең болса, Астананың атаулары да соншалықты терең. Ойымызды нақтылықпен дәлелдер болсақ, осы қала жөнінде ең алғаш жазба деректерді архив қоймаларындағы құжаттардан ала аламыз. Журналист, жазушы, өлкетанушы, Астананың құрметті азаматы А. Дубицкийдің 1963-1975 жылдары жазған жазбаларында 1686-1780 жылдары өмір сүрген археолог, филолог, тарихшы, географ, экономист В.Н. Татищевтің «Общее географическое описание Сибири» еңбегіндегі Есіл өзені жайлы мынадай мәлімет береді: «О Ишиме говорится, что эта река «начинается в горах из разных озер и болот, которые прошел, многократно под землю уходит и через несколько верст опять показывается. Вода в ней сначала кислая и вязущая от множества квасцовой земли, сквозь которую она проходит, а потом вода, прибавкою других рек, довольно исправляется и довольством рыбы не оскудевает». (НҚМА, I.24, 41-б)

Филология ғылымдарының докторы А. Әбдірахманов Есіл гидронимінің этимологиясы жайында: «Есіл атауының фонетикалық өзгеріске түсіп, қалыптасуы төмендегідей түрде болған: Йашыл // йасыл > йешіл// йесіл > Есіл. Сөйтіп, бұл - жасыл (езеп-өзен, бұл жерде техникалық қателіктер кетуі мүмкін. Түзеткен – Бектұрсын Айзат) деген мағынаны беретін көне түркі сөзі. Кейбір түркі тілдерінде йашыл, йешіл сөзі осы күні де кездеседі» (А. Әбдірахманов, 1975, 95-б). Есіл



өзенінің флорасы әртүрлі өсімдіктердің 76 түрінен тұрып, 73%-дан астамы диатомдық, қалғандары жасыл, қоңыр, қызыл балдырлар және планктондар болғандықтан оның атауы осы жасыл түспен байланысты болуы да ықтимал. «Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық» бірлескен еңбекте: «Ес сөзін «су, өзен» деп, екінші сыңарындағы «іл» сөзін де қосымша деп қарамай, «ылғал, саз» деген мағыналы көне сөз ретінде қабылдап, Есіл «суы мол үлкен өзен» деген мағынаға жуық», - дейді. (Қазақтар. 2003, 66 б).

Келесі мәселе тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарындағы атауларға қатысты болмақ. Тың жылдарында еліміздің солтүстігіне көптеп қоныс аударған өзге ұлт өкілдерінің келуі көптеген елді мекеннің көне атауларының орнына жаңа атаулар қойылуына әкеліп соқты. Филология

ғылымдарының докторы, профессор А.Е. Жартыбаев: «Тың көтеру жылдарындағы келтірінді атаулар ана тіліндегі байырғы атаулардың жойылып кетуіне де себеп болған. Осы жылдардағы партиялық саясат колхоздарды ірілендіру мақсатын сылтау етіп, жаңадан құрылатын совхоз орталықтарын елсіз мекендерге орналастырған, басшылық қызметтерге тек орыс тілділерді тағайындаған. Нұр. ауд.-ы бойынша құрылған жеті селолық кеңестің орталықтарының бәрі бірдей орыс тіліндегі ойконимдерге алмастырылған: Киевка, Савелевка, Ивановка, Захаровка, Кагородок, Богучар, Черниковка» (Жартыбаев, 2008: 101). Тың жылдары құрылған сондай қалалардың бірі Астанадан 482 шақырым қашықтықта орналасқан Державинск (қазіргі Кенесары) қаласы. Үстіміздегі жылы 19 маусымда жалпы қоғам болып талқылауға түскен шағын қала «Державин» атауын Кенесары атауына өзгерту туралы мәселе көтерілгенде, жергілікті тұрғындардың пікірі екіге бөлінген еді. Жарқайың ауданының ұлттық құрамы бойынша 2021 жылдың басындағы мәліметтерде қазақтар 5 991 (44,85%), орыстар 4 149 (31,06%), қалған 24,08%-н өзге ұлт өкілдері құраған. Қаланың өзіндегі үш мектептің екеуі балаларды орысша, біреуі ғана мемлекеттік тілде оқытатынын ескерсек тұрғындардың тең жартысы Державин атауының өзгеріссіз қалуын қолдағаны түсінікті жағдай. Ғалымдардың сөзінше, Кенесары патша әскеріне қарсы көтерілмесе, Державиннің орнына орыс бекінісі салынбас еді. Сондықтан қала атауының ұлт-азаттық көтерілісінің әйгілі басшысы Кенесары ханмен аталуын басым көпшілігі қолдап, 2023 жылы маусымда қала атауы Кенесары болып өзгертілді. Міне қарап отырсақ, Кеңес Одағы кезеңіндегі тың игеру саясатының нәтижесі, қазіргі кездегі ономастикалық мәселелерден тікелей көрініп тұр.

Тәуелсіздік алған жылдардан бергі топонимикалық жүйенің даму ерекшелігіне, соның ішінде Астана қаласының көшелері жайлы қарастыратын болсақ. Ономастикалық комиссия тарапынан атауларды қайта жаңғырту, бұрмаланған атауларды қалпына келтіру, оларды көпшілік арасына насихаттау сынды көптеген жұмыстар жүргізілді. Мысалы, облыстық атқару комитетінің 03.06.91 ж. №4/90 шешіміне сәйкес қалалық халық депутаттары Кеңесінің Атқару Комитеті «Пятилетки» көшесін «Бөгенбай батыр» даңғылы деп атау жөніндегі шешімі жыққан еді (НҚМА, I.2107, 41 б). Геронтократиялық атаулардың номинациялық тұрғыдан екінші бір тобындағы ел қорғаны батырлар есімдеріне байланысты қойылған топонимдерге жататын Бөгенбай батыр XVII-XVIII ғасырда ел азаттығы үшін күрескен батыр, жаужүрек тұлға. Яғни, осы Сарыарқа даласында орын тепкен Астана қаласының бір көшесіне жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық көтерілістің бірден-бір батыры – Бөгенбай батырдың аты берілуі, тарихи тұрғыдан әділетті болып саналады.

Қаладағы маңызды көше атауларын қайта жаңғыртуда қала тұрғындарының хаттар мен өтініштерінің ықпалы көп болды. 1993 жылы 2 шілдеде тағы да бір маңызды көшелердің бірі «Коммунистическая» көшесіне «Талғат Бегельдиновның» есімін беру туралы № 6/430 шеші шықты (НҚМА, I.288, 60 б). 1998 жылы 25 ақпанда Ақмола қалалық мәслихатының Ақмола қаласындағы жекелеген шағын аудандар мен көшелерге атау беру және оларды қайта атау туралы шешімі шығып Красной Звезды көшесін Абдугаппар Жанбосыновқа, Н.К. Крупской көшесін Шәңгерей Бөкеевке, Мира көшесін «Бейбітшілік» көшесі деп өзгерту сынды 8 көшенің атауы (НҚМА, I.113, 13 б) қайта жаңғыртылды. 1999 жылы 26 мамырда «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы» Заңының 10 бабына сәйкес және 1996 жылғы 5 наурыздағы ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес (НҚМА, I.1353а, 28-29 б) төмендегідей көшелер атауы ауысты:



№	Бұрынғы атауы	Жаңа атауы	Қандай негізде, қашан өзгерді
1	Первомай көшесі	Қарасай батыр көшесі	Астана қалалық мәслихаты №241/41 шешімі
2	Рабочая көшесі	Шабал Бейсекова атындағы	Астана қалалық мәслихаты №241/41 шешімі
3	Лихачев көшесі	Ахмет Жұбанов көшесі	Астана қалалық мәслихаты №241/41 шешімі
4	Лесозаводская көшесі	Көшке Кеменгерұлы көшесі	Астана қалалық мәслихаты №241/41 шешімі
5	Жуковский көшесі	Бақтыораз Бейсекбаев көшесі	Астана қалалық мәслихаты №241/41 шешімі
6	Красный крест	Евгений Брусиловский көшесі	Астана қалалық мәслихаты №241/41 шешімі
7	Полевая көшесі	Жұмабек тәшенов көшесі	Астана қалалық мәслихаты №241/41 шешімі
8	Асфальтовая көшесі	Таха Хусейн көшесі	Астана қалалық мәслихаты №241/41 шешімі
9	Заводской бульвары	Академик К. Скрябин бульвары	Астана қалалық мәслихаты №241/41 шешімі
10	Целинный көшесі	Ардагерлер көшесі	ҚР Үкіметінің 05.03.96 № 281 қаулысы
11	Спротивный көшесі	Қайынды көшесі	ҚР Үкіметінің 05.03.96 № 281 қаулысы
12	Олимпийский көшесі	Сұлукөл көшесі	ҚР Үкіметінің 05.03.96 № 281 қаулысы
13	Новый көшесі	Болашақ көшесі	ҚР Үкіметінің 05.03.96 № 281 қаулысы
14	9-ая пятилетка көшесі	Көкжиек көшесі	ҚР Үкіметінің 05.03.96 № 281 қаулысы
15	Гагарин көшесі	Байқоңыр көшесі	ҚР Үкіметінің 05.03.96 № 281 қаулысы
16	Набережный көшесі	Жетісу көшесі	ҚР Үкіметінің 05.03.96 № 281 қаулысы
17	Школьный көшесі	Өркен көшесі	ҚР Үкіметінің 05.03.96 № 281 қаулысы
18	Октябрь көшесі	Ақтау көшесі болып	ҚР Үкіметінің 05.03.96 № 281 қаулысы
19	Коммунистический көшесі	Нарын көшесі	ҚР Үкіметінің 05.03.96 № 281 қаулысы
20	Лесной көшесі	Шұғыла көшесі	ҚР Үкіметінің 05.03.96 № 281 қаулысы
21	Теміржолшылар кенті көшесі	Шыңғыстау көшесі	ҚР Үкіметінің 05.03.96 № 281 қаулысы
22	Придорожный көшесі	Көктал көшесі	ҚР Үкіметінің 05.03.96 № 281 қаулысы
23	Новостройка көшесі	Аққорған көшесі	ҚР Үкіметінің 05.03.96 № 281 қаулысы
24	Молодежный көшесі	Жаңақоныс көшесі	ҚР Үкіметінің 05.03.96 № 281 қаулысы

1994 жылы Ақмола (қазіргі Астана қ.) қаласының территориясында 91 ұлт өкілдері өмір сүрген. Қазақтар – 19798, орыс ұлты – 152147, украиндықтардың саны – 26054 болған. Қала халқының құрамында қазақтар тек 10 %-н, ал 90 %-н өзге ұлт өкілдері құраған. (НҚМА, І.36, 2-36). Жергілікті ұлт өкілдерінің ішінде орыс халқының көптігінен топонимдердің басым көпшілігінің орыс тілінде болуы заңдылық та еді. 2021 жылғы халық санағы бойынша Астана қаласында қазақтар – 1004401, орыстар ұлтты азаматтар – 118376, украиндықтардың саны – 20702 . Бұл дегеніміз, еліміздің демаграфиялық мәселенің, яғни қазақ халқының ұдайы өсуі, белгілі бір елді-мекеннің немесе қаланың топонимикасына тікелей оң әсер ететінін көреміз.

Тәуелсіздігімізді алғалы Ресей патшалығының отарлау саясаты мен кеңестік дәуірдегі тың көтеру және түрлі саяси жайларға сәйкес бұрмаланған көшелердің атауларының орнына ана тіліміздегі атаулардың көптеп қойылуда. Бұл көңіл қуантарлық жағдай.

Әдебиеттер тізімі:

1. А.Е. Жартыбаев. Орталық Қазақстан аймақтық топономиясы. – Қарағанды, «Болашақ-Баспа» РББ, 2008. – 379 б.
2. А. Әбдірахманов. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. – 207 б.
3. Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық: VIII том. Атажұрт. – 2-ші басылым. Құраст.: Е. Әбен, Е. Дүйсенбай, Т. Жанұзақов, Е. Карин. – Алматы: «Білік» баспа үйі, 2003. – 381 б.
4. Акмолинское уездное с/хозяйственное кредитное товарищество, г. Акмолинск. 1925 ж.

А.Б. БЕЛБОТАЕВ

*Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз
инновациялық институтының доценті,*

*А.Иасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
академиялық профессоры*

Тараз, Қазақстан

А.Т. КАДИРГАЛИЕВА

*Шымкент университетінің магистрі, аға оқытушы
Шымкент, Қазақстан*

ӘЛЕМДІК ӨРКЕНИЕТ БАҒЫТТАРЫНЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Аңдатпа. Мақалада әлемдік өркениет бағыттарының кейбір ерекшеліктері негізінде бүгінгі заманның жалпы құрылымы қарастырылған.

Өркениеттанушылардың бағамдауынша, тіршіліктің соңғы 50000 (елу мың) жылдай мерзімінің тек ақырғы онмыңжылдық (10000 жылдық) тарихы тұсында ғана адам баласы үңгірден шығып, негізгі өркениеттік игіліктерді жарата бастаған. Әсіресе, тарихтың соңғы екі мың жылдан астам кезеңі шынайы алға басу, өркендеу кезеңі болған. Ал адамзат қауымдастығының дамуындағы біз куә болып отырған соңғы ғасыр – өндірістік, экономикалық қарқындардың өте биікке көтерілген жаһандану кезеңі болған. Сонымен бірге Бұл кез аса ірі рухани, гуманитарлық сілкіністердің, өркениеттік дағдарыстардың да белең алған тұсы болып отыр.

Десек те бір кездегі марксистік зерттеушілердің ізденістері тарихты дәуірлеудегі өндіріс құрал-жабдықтарына, меншіктің формасына, таптар мен мемлекеттің дамуына негізделгенін, соған орай қоғамдық-экономикалық формациялардың ауысу тұжырымдамасының жасалғанын, басқаша айтқанда, сол кездегі марксизмнің тарихи үдерісті объективтендіру бағытындағы оның нақты саласы – әлеуметтік-экономикалық қатынастарды түсіндірудегі жетістіктерін жоққа шығаруға болмайды.

Тірек сөздер: өркениет, қоғамдық-экономикалық формация, әлемдік көзқарас, философиялық ой, адамзат тарихы, жаһандану, рухани ұстаным, құбылыс, бостандық.

Аннотация. В статье рассматривается общая структура современности на основе некоторых особенностей направлений мировой цивилизации.

По мнению ученых-цивилизаторов, только в течение последнего десятилетия (10 000 лет) из последних 50 000 (пятидесяти тысяч) лет существования человеческого род вышел из пещеры и начал создавать основные блага цивилизации. В частности, последние две тысячи лет истории были периодом подлинного прогресса, процветания. А последний век, который мы наблюдаем в развитии человеческого сообщества, был периодом глобализации, когда промышленные, экономические темпы были очень высокими. В то же время, это также место крупных духовных, гуманитарных потрясений, цивилизационных кризисов.

Тем не менее, нельзя отрицать, что поиски марксистских исследователей того времени основывались на средствах производства в эпохализации истории, форме собственности, развитии классов и государства, в связи с чем была разработана концепция перехода общественно-экономических формаций, иными словами, достижения марксизма того времени в трактовке его конкретной сферы-социально – экономических отношений в направлении объективизации исторического процесса.

Ключевые слова: цивилизация, общественно-экономическое образование, мировоззрение, философская мысль, история человечества, глобализация, духовная позиция, феномен, свобода.

Annotation. The article discusses the general structure of modern times based on some features of the courses of world civilization.

According to civilizationalists, only during the last 50,000 (fifty thousand) years of life, the last decade (10,000 years), the human race came out of the cave and began to create the main civilizational goods. Especially since the last two thousand years of history have been a period of real progress, prosperity. And the last century in the development of the human community, which we are witnessing, was a time of globalization, when economic rates rose very high. At the same time, this is a time of major spiritual, humanitarian upheavals, and civilizational crisis.

However, one cannot deny the fact that at one time the searches of Marxist researchers were based on the equipment of production, the form of ownership, the development of classes and the state in the era of history, in connection with which the concept of the transition of socio-economic formations was developed, in other words, the achievements of Marxism of that time in the direction of objectification of the historical process in explaining socio-economic relations.

Keywords: civilization, socio-economic Formation, world view, philosophical thought, human history, globalization, spiritual position, phenomenon, freedom.

Белгілі америкалық публицист, өркениеттанушы Элвин Тоффлер өзінің «Болашақ сілкіністері» атты еңбегінде бүгінгі заманның қайсыбір қатпарлы құбылыстарына баға бере келе: «...Мен шамамен адамзат тарихының бел ортасында дүниеге келдім. Сондықтан, осы өмірімде қанша тосын оқиғаларға тап болып, қаншама ғажайып құбылыстардың куәсі болсам, маған дейін де адамзаттың тура сол көлемде таңғала тіршілік жаратқанына кәміл сенемін», деген сөздерді мысалға келтіреді. Шынында да, біз өмір сүріп отырған уақыт адамзат тарихының ең шешуші де белорта кезеңі.

Мұның сыры неде? Өркениеттік дағдарыстардың себеп-салдарлары қандай? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін, алдымен, адамзат өркениетінің жалпы даму заңдылықтарын зерделеп, оның өсіп-өркендеу баспалдақтарын саралап алуымыз қажет. Бұл мақсатта бірнеше ғасырларға терендеп, қайсыбір еңселі тарихи құбылыстардың, заманынан оза туған өркениеттанушы ғалымдардың рухани әлемін шиырлауға тура келеді.

Бүгінгі әлемдік мәдениеттану ілімінде шырмауықтай қаумалап, оңтайлы теориялық шешімін таппаса, сыздауықтай жарылар халге жеткен бірнеше рухани ұстанымдар бар. Олардың негізі:

– біз ғұмыр кешіп отырған уақыт – өркениет атаулының ақырғы кезеңі, бәлкім, оның жантәсілім сатысы;

– қазіргі заман – «өркениеттер дағдарысы не қақтығысы» алаңы;

– жаһандану – барша ұлт пен ұлысқа төнген бұлтартпас құбылыс дегенге саяды. Тағдыр тізгінін өз қолына алып, өркениеттер керуенінен тиесілі енші-ырысын айыру үшін ақжолтай ботақанын сол ұлы көшке үмітпен қосқан Қазақ елі үшін де бұл ұстанымдардың айрықша мәні бар.

Оның себебі, бүгінгі заманның жалпы құрылымында барша ел, ұлыс атаулының өз-өзін, ең алдымен, мәдени, тарихи феномен ретінде түйсініп, содан кейін біртұтас адамзаттық өркениеттің құрамдас бөлшегі есебінде танып-білуіне қажетті сұранымдардың маңызы артып отыр. Олай болса, ғасырлар бойы қалыптасқан ділі мен табиғатына, ұстаным-аңсарына негізделген жаңа бағыт-бағдар іздеушілік, «жер беті, күн астынан өзіне тән орнын» еншілеуге ұмтылу, адастырмас, жаңғыруға, өркендеуге бағдайтын мұраттар табу – кез келген талапты ел үшін қабырғалы мәселе. [2, 52 б.]

Белгілі америкалық әлеуметтанушы С.Хантингтон өзінің «Өркениеттер қақтығысы» атты кітабында: «...В мире после «холодной войны» наиболее важные различия между людьми уже не идеологические, политические или экономические. Это культурные различия. Народы и нации пытаются дать ответ на самый простой вопрос...«Кто мы есть?». ...Они идентифицируют себя с культурными группами: племенами, этническими группами, религиозными общинами, нациями и – на самом широком уровне – цивилизациями. Не определившись со своей идентичностью, люди не могут использовать политику для преследования собственных интересов», деген еді. Сол автор аталған кітабының тағы бір жерінде: «Алпауыт елдердің арасындағы бұрынғы бәсекелестік енді өркениеттер қақтығысына ұласып отыр», дейді.

Бүгінгі өркениетте қалыптасқан арасалмақ, технологиялардың, экономикалық серпіндердің шарықтау шегі, планетадағы шикізат көздерінің бірте-бірте тапшылану үрдісі, діни дүрдараздық,

ғасырлар бойы адамзатты сүттей ұйытқан рухани қағидалар мен ұстанымдардың тығырыққа тірелуі, сан түрлі саяси, идеологиялық, әскери, экологиялық дағдарыстарға толы болған «бұрқасын ғасырдың» ақтүтегінде көңілге медеу, жанға тиянақ таба алмай шатқаяқтаған адам баласы – осы секілді ғалами құбылыстардың, қалыптасқан сенім-нанымдардың, рухани ұстанымдардың шаңырағын шайқалтып кеткені рас. Осыны ескерсек, тәуелсіздігінің он бес жылдығына аяқ басқан Қазақ елі үшін қоғамды алға сүйрер, барша ұлт пен ұлысты біртұтас игі серпіндерге жұмылдырып, әлемдегі тұғырлы орнын именбей ізденуге жетелер бағыт-ұстанымдардың ауадай қажеттігі дау туғызбайды.

Ал ол үшін әлімсақтан қалыптасқан қағидалардан сабақ түзеп, солардың түйінді тұстарын шешіп алғанның мәні артпай ма? Жалпы, есейіп ер жеткеннен соң – оңды-солды танып, көрші-қолаң, айнала дүниеге көз қырын салып, қиралаң, күмәнді сүрлеуі аз, даңғыл жолға адастырмай шығарар бағыт-бағдар табу үшін әлемде бүгін болып жатқан оқиға-құбылыстардың тізбегін саралап қоймай, олардың бастау көзін, шыққан тегін де түгендеп алудың маңызы бар. Өйткені, өркениет бүгін танда, немесе бұдан он бес жыл бұрын оянған жоқ, оның керуен-көші өз қағида-заңдылықтарын, ұлы сапарларда бағасын білгізер ырысты аруанадай қастерлеп, тек қана дана қаһармандар, ақылгөй аламан-дар мен маңдайлы ұлт, жұлдызды ұлыстар сызған бағыт-бағдармен ғасырлар оздырып келе жатыр [3, 48 б.]

Тарихты өркениеттік тұрғыдан зерттеуде аталмыш бағыттың мектептерінің алатын орны орасан мол. Дегенмен формациялық бағытты, әсіресе оның азиялық өндіріс тәсілі мәселесін де қарастырған жөн. Тарих ғылымының келешегі тұрғысынан алғанда, әлеуметтік-экономикалық формациялар теориясына тікелей қатысты қоғам қозғалысы заңдылығының аймағы ең қызғылықты болып табылады. Дәл осы аяда өткеннің материалистік және идеалистік түсініктерінің қарама-қарсылығы айқын және шиеленісті түрде ашылады. Бұл, адамзат қозғалысының үдеуі туралы жалпы бастапқы жағдайға (социологиялық заңға) және оныңқоғам ұйымдарының формаларының салыстырмалы алғандағы төмендеу сатыларынан жоғарылауларына өрлеуіне де, олардың әрқайсысының дамуының объективтік заңдылықтарын мойындауына да қатысты. [4, 89 б.]

Әр түрлі қоғамдық-экономикалық формациялардағы аймақтар немесе елдердің тікелей қақтығыстары, әр түрлі формалардағы саяси, экономикалық және мәдени ара байланыстары, негізінен, олардың сипаттарымен айқындалады. Антагонистік формацияларға экспансия, олардың табиғатына тән қанау формаларын күштеп тарату үйлесімді тенденция. Мысалы, құл иеленушілік қоғамға тән нәрсе агрессиялық соғыстар, басып алу олардың тіршілік етуінің басты шарттарының бірі. Антагонистік формациялардың тарихы, негізінен, соғыс тарихы. Қысқа кезеңдердегі бейбіт қатар өмір сүру, антагонист» формациялардың арасындағы күрестердің тоқтауы болып табылған жоқ, әдетте, ол күштердің уақытша теңесу нәтижесі және келесі қарулы қақтығыстарға даярлануға пайдаланылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций / пер. с англ. Т. Велимеева, Ю. Новикова. – Москва: АСТ, 2005.
2. Тойнби А.Дж. Постигание истины, – Москва. «Прогресс», 1991., – с. 19.
3. «Вопросы философий», 2006, №3, – с.15-17.
4. «Свободная мысль», 2006, №7, – с. 11.

М.Қ. СЕМБИ

Тарихшы

Алматы, Қазақстан

МУСТАФА ШОКАЙ В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

Аңдатпа. Мұстафа Шоқай, тек қана қазақ халқының емес, бүкіл түркі халықтарының мақтанышы. Мақалада оның саяси көзқарасы, бостандық үшін күрес жолы, ұлтшылдығы, (ұлтжандығы) көрсетіледі. Совет үкіметі, оның эмиграциядағы істеген саяси қимылы үшін қылмыстық жолға түсіп, өлтіреді. Совет үкіметі құрып кетседе, Ресейдегі кей бір саясатшылар осы уахытқа дейін оның ұлттық көзқарасын қабылдай алмай жүр.

Тірек сөздер: Мұстафа Шоқай, антиимпериализм, антисоветизм, Орталық Азия, иммиграция, күрес, дашнактар, Қызыл Армия, тонау, Тәуелсіздік, Қазақстан.

Аннотация. В статье кратко излагается политическое мировоззрение великого сына Туркестана, боровшегося за независимость стран Центральной Азии. Его антиимпериалистические взгляды, выраженные во многих его публикациях, его стремление к единению тюркских народов вызвали ненависть не только в Советском Союзе, но и неприязнь в современной России.

Ключевые слова: Мустафа Шокай, антиимпериализм, антисоветизм, Центральная Азия, иммиграция, борьба, дашнаки, красноармейцы, грабеж, независимость, Казахстан.

Annotation. The article briefly outlines the political worldview of the great son of Turkestan, who fought for the independence of the countries of Central Asia. His anti-imperialist views, expressed in many of his publications, and his desire for the unity of the Turkic peoples aroused hatred not only in the Soviet Union, but also hostility in modern Russia.

Keywords: Mustafa Shokai, anti-imperialism, anti-Sovietism, Central Asia, immigration, struggle, Dashnaks, Red Army soldiers, robbery, independence, Kazakhstan.

Статья некоего Сергея Михеева, появившаяся в 15 (211) номере газеты «FLASH» («Вспышка») за 2012 г. (Восточно-Казахстанская обл.), вернула меня в хорошо известное моему поколению, советское прошлое. Мне, профессиональному историку, напомнила она о жестких идеологических рамках, в которые были втиснуты исследователи истории казахского народа. Впрочем, это касалось исследователей истории и других народов СССР, включая русских. Нет-нет, а «атаки» эти периодически появляются в различных органах печати до сих пор.

Собственно, статья Михеева бесхитростно примитивна, на которую не стоило бы и отвечать. Я не знаю, кто автор по профессии: то ли историк, то ли журналист, но в написанной им статье-рецензии на документальный фильм о Мустафе Шокае, полностью отсутствует профессионализм, чувствуется неугасимая нетерпимость, вспышка ненависти, болезненная реакция «гегемона», направленная на исторически объективный распад Советского Союза. Его знания предмета ограничены фальсифицированной историей Мустафы Шокая, написанной офицером КГБ Сериком Шакибаевым.

Интерес и нетерпимость советской власти к личности Мустафы Шокая объясняется его гражданской позицией в отношении к будущему своего народа. Он мечтал и делал все, что можно было для освобождения Туркестана от колониальных оков. До конца своей жизни Шокай был предан идее освобождения Родины. Весь свой талант и волю поставил на путь служения народу. Вот этим-то он и ненавистен своим недругам.

Автор статьи Михеев приписывает Мустафе Шокаю низменные чувства, такие как мелкое тщеславие, карьеризм, которые, якобы, толкали его в оппозиционные окопы. Так, его учебу в Санкт-Петербургском университете Сергей Михеев объясняет желанием «интегрироваться в государственную власть, чтобы сохранить собственные привилегии». Автор не замечает, что Российская империя и Советская («Совет депутатов»), это «две большие разницы», – как говорят одесситы. Известно, что царская Россия все привилегии имущих классов сохраняла, тогда как, советская власть ограбила и уничтожила их как класс, после чего народ погряз в нищете и бесправии.

Чувствуется, что для Михеева единственным источником является книга С. Шакибаева. Почему исследования доктора политических наук С. Е. Садыковой на основе архивных документов, которые приведены на языке оригинала (немецком, французском) не являются для него убедительными. Приведем фразу Михеева, звучащую как обвинение в государственном преступлении: «он (М. Шокай – М.С.) с помощью соратников по эсеровскому кружку ведет агитацию за создание автономного мусульманского государства с прицелом на полное отделение от России». Гражданин независимого Казахстана, считает преступлением борьбу М. Шокая за свободу и независимость своей родины. Так кто же коллаборационист (фр. изменник, предатель родины)? М. Шокай или С. Михеев? Вот где, собака-то зарыта. Как известно, в конституции СССР, было записано право наций на самоопределение, хотя, одно только упоминание об этом праве жестоко каралось. В своем «державном» патриотизме, в Казахстане, ставшим независимым, Михеев ставит в вину Мустафе Шокаю его деятельность ради независимости Туркестана (Казахстана, Кыргызстана, Таджикистана, Туркменистана, Узбекистана).

Правоту гражданской позиции Мустафы Шокая, его борьбу за свободу и ее претворение в жизнь, объясняет последующая история, начало которой он увидел, а продолжение предвидел.

Российская империя разваливалась. Польша, Финляндия, Литва, Латвия, Эстония отделились, Закавказские республики стали независимыми государствами. В Коканде провозглашена Туркестанская автономия, которая просуществовала 64 дня и была потоплена в крови Красной Армией и дашнакскими

ми добровольческими частями армянских националистов. При взятии города использовались артиллерия и авиация. Вопреки древним неписанным кровавым законам завоевателей, город был отдан не на 3-х дневное, а на 9-ти дневное разграбление. Красноармейцы и дашнаки грабили богатые дома, насиловали женщин, убивали мужчин и подростков. Треть населения была физически уничтожена. И этот кровавый эпизод в своей статье Михеев называет «триумфальным шествием советской власти» (!?).

Нельзя растревать память жестокостями и несправедливостью прошлого. Но и молчать нельзя, когда твой соотечественник, гражданин Республики Казахстан обливают идеологическими нечистотами советской пробы, гордость казахского народа. И не только казахского народа.

У таких как Михеев, проглядывает мыслишка о неблагодарности, за то, что «мы для вас сделали...», а вы вместо того, чтобы быть признательными («общество, застрявшее в феодально-рабовладельческой формации» – по С. Михееву), отбеливаете противника моей родины (читай – России).

Хотите немного истории, господин-товарищ (ни тем и не другим вы мне не являетесь) Михеев, которую не опровергнуть, ни исказить невозможно.

Вот она.

По первой всероссийской переписи 1897 г. число коренных жителей-казахов на современной территории Казахстана составляло 4 млн. 300 тыс. (93%), а всего на территории Российской империи киргиз-казаков (казахов – М.С.) насчитывалось 4 млн. 800 тыс. После восстания 1916 г. карательные отряды прошли огнем и мечем по степи, уничтожая встречные мирные аулы из женщин и стариков. Расстреливать! Потому что их мужчины в отрядах восставших. Казахи приграничных районов откочевывают. За период между 1916 и 1922 годами численность казахов сократилась на 750 тыс. человек. Но ведь это лишь абсолютное сокращение, а сколько потерь неучтенных? Женщины ведь рожали или могли родить, но умерли, а вернее погибли под кованым сапогом русского колонизатора.

Руководитель партийной организации Казахстана Голощекин Сая Исаевич в 1930-х годах силой облагодетельствовал, устроив нам маленькую «октябрьскую революцию». Улицы городов и поселков были завалены трупами казахов, у которых был полностью изъят скот и шли они из голой и голодной степи в населенные пункты, чтобы сохранить жизнь. Все документы того времени, изобличающие преступления были изъяты из архивов в Казахстане. Остались лишь косвенные свидетельства. Так, например, судебные разбирательства по фактам каннибализма или, к примеру, преступление, совершенное в Мерке, где голодных и изможденных детей, набив полный кузов, вывозили на единственном поселковом грузовике в пустыню Голодная степь и оставляли там умирать. Во внутренних районах (глубинке) население сократилось на 80-90 %. Отчаявшиеся откочевывали в приграничные страны. В результате в Казахстане осталось лишь 26 % казахов.

27 мая 1919 года Ленин подписал декрет об охране редких и вымирающих животных. Вымирающая сайга была спасена этим декретом горделиво писали ревнители советской заботы о животном мире. Спаслась же сайга благодаря тому, что степь обезлюдела, а не заботами егерей и ученых-зоологов. Вот невольное свидетельство археолога А. А. Формозова о последствиях голодомора 1930-х годов. Проезжая по маршруту Актюбинск – Аральское море, он пишет: «В 1940-х годах Западный Казахстан был почти безлюдным. Можно было день за днем ехать по Устюрту, не встречая ни кибитки, ни каравана верблюдов. Стада сайгаков бежали рядом с нашей машиной... Звери были непуганые, и любопытство преобладало в них над страхом неведомого». А. А. Формозов не посетил другие регионы Казахстана, где картина обстояла не лучше, если не хуже, например, в Центральном Казахстане.

Но и на этом не кончается казахская трагедия. Наступают 1937–1938 годы. Под расстрел попала почти вся интеллигенция, все кто реакционно писал справа налево (арабская графика). Вырублен почти под корень генофонд нации. Причем, в расстрельных списках число казахов почти в 2 раза больше, чем русских, хотя казахи в некоторых регионах составляли не более 25 %.

Приведу цифры расстрельных списков, «родной» вам, Михеев, Восточно-Казахстанской области (1937–1938): «Из числа репрессированных 2673 человека принадлежат казахской национальности и 4428 к русской» [архив ДКНБ РК по ВКО, Ф. 1], что составляет 31 и 50 % соответственно. Так как, мы не имеем данных переписи этого периода, то сопоставим с результатами переписи 1959 года, состоявшейся через 22 года после описываемых событий. К этому времени численность казахского населения резко повысилась в результате демографического взрыва. Так, в 1959 году численность казахского населения в ВКО составляла 139 179 человек (19 %), а русского – 521 100 человек (71 %). Почти 20-летней давности казахское население было несоизмеримо меньше. Даже при таком сопоставлении, когда русское население области было в 4 раза больше чем казахское, репрессированных русских оказалось больше лишь в 1,6 раза. Это не кощунственное сопоставление – это демография, а вернее трагедия и преступление.

И на этом не закончилась драма казахов, наматывающая жизни и души на кровавую колесницу самого «передового и прогрессивного» государства мира. Грянула Вторая мировая война, которая отняла жизнь казахстанцев, число которых сопоставимо с потерями американцев во Второй мировой войне (350 тыс.).

«Ты огромной каторгой плавал на маленькой карте.

Мы, казахи, на этой каторге родились», – писал О. Сулейменов

Кончилась война. Но не трагедия...

На территории нынешней Восточно-Казахстанской области, на родине великих Абая, Шакарима, Мухтара начинаются испытания атомного оружия в атмосфере. При этом, жителей окрестных аулов вывозят на момент взрыва, а затем тут же возвращают на зараженные территории. Однако в районе взрыва оставляется контрольная группа людей, которые выполняли роль подопытных кроликов. Их регулярно обследовала специально созданная лаборатория в г. Семипалатинск, прикрывавшаяся названием «туберкулезный диспансер». Вам нужны факты, фамилии? Они хорошо известны по результатам деятельности антиядерного движения «Невада-Семей».

Через десять лет после провозглашения советской власти в Казахстане, в 1930 г. основан первый (не в СССР, в Казахстане) и крупнейший в Союзе концлагерь Карлаг (Карагандинский лагерь), а затем последовали Степлаг (Степной лагерь), Особлаг (Экибастузский лагерь с особым режимом), Алжир (Акмолинский лагерь жен изменников родины, 26 точка Карлага) – и все они в Сарыарке, части Казахстана. Это лишь крупнейшие и «всесоюзно» известные, а сколько их было по всему Казахстану? К примеру, в той же Сарыарке, в одной лишь Кокчетавской округе «за несколько лет было создано пять лагерей» [Терещук, 1992, с. 384].

Годы эти были самыми трагическими страницами нашей Родины. Накануне второй мировой войны в СССР было 78 лагерей, из них 16 «особых», где действовал жестокий режим концлагерей. В 1930–1950 годы подверглись депортации в Казахстан, Среднюю Азию и Сибирь более 40 групп населения и полностью 15 народов [Бугай, 1995, с. 5], а за двенадцать лет с 1940 г. до смерти Сталина, в начале 1953 г. было депортировано почти миллион человек [там же, с. 6]. Моя родина превратилась в концентрационный лагерь для врагов народа (для десятков народов СССР). О каких врагах собственного народа идет речь. Ведь выслались все – от грудных детей до немощных старцев. Высланы, без предъявления обвинения. Не предъявлять же их грудным детям.

Бугай ошибается, когда пишет о 15-ти депортированных народах. Их число – двадцать (20!). Считаю необходимым привести этот страшный трагический реестр: айсоры, балкарцы, болгары, венгры, греки, ингуши, иранцы, иранско-нахичеванские азербайджанцы, калмыки, карачаевцы, корейцы, крымские татары, кумыки, курды, немцы, поляки, турки, финны, хемшилы, чеченцы. Кого же я еще упустил? Массовой ссылке были подвергнуты «нежелательные элементы» из литовцев, эстонцев, латышей, терских казаков. Китайцы в два этапа (1937, 1960–1964) были выдворены в Китай. Преследованиям в СССР подверглось еще множество других этнических, этно-конфессиональных и социальных категорий советских граждан самых разных национальностей. Девять из них – балкарцы, ингуши, кабардинцы, калмыки, карачаевцы, крымские татары, немцы, черкесы, чеченцы, лишились при этом и своих национальных автономий.

Потери в период коллективизации 1930-х годов составили почти половину (умершие от голода и бежавшие за границу) казахского населения [см.: Михайлов, 1990, с. 201–202; Тәтімов, 1993, 49-б.] и казахи в Сарыарке, как и во всем Казахстане, становятся национальным меньшинством. Этот геноцид казахов по своим масштабам перекрестывает фашистские зверства по отношению к евреям (холокост), когда была уничтожена треть народа и трагедию украинского народа в те же годы коллективизации.

Я рассказал лишь о части трагедии моего народа, начало которой увидел Мустафа Шокай и предвидел ужасающее будущее.

Вот против чего боролся Мустафа Шокай и отдал жизнь за освобождение от этого ужаса. О его, так называемом, «пантюркизме» – тема отдельного разговора. В сегодняшнем мире глобальной интеграции взгляд на Единый Туркестан следует рассматривать не через призму русского колониализма и империализма, а как предтечу появления Единой Европы.

И еще об одной тезе Михеева. Он и ему подобные, считают, что ныне необоснованно переписывается история, в угоду неким (намекая) националистическим силам. Да, свобода слова, печати – прекрасная вещь. И именно ею вы пользуетесь в Казахстане, чтобы высказать свои неоимперские взгляды, вполне прозрачно включая презрительное отношение к казахам, которых вы научили «стоя оправляться». Последнее не уровень моего неприличия, а достаточно прочно внедрившийся в «трудящиеся

массы» русского населения, «чип» великодержавности с обыденно-бытовой спесивостью недалекого «старшего брата».

Список литературы:

1. Архив департамента КНБ РК по ВКО, Ф. 1
2. Н.Ф. Бугай. Л. Берия – И. Сталину: Согласно Вашему указанию». М., 1995.
3. Валерий Михайлов. Хроника великого джута: Документальное повествование. 1990.
4. Тәтімов Мақаш. Қазақ әлемі. Алматы, 1993.
5. Терещук В.А. Рассказы о Кокчетаве. Кокчетав, 1992.
6. Формозов А.А. Археологические путешествия. М., 1974.

IV. ТІЛДІК-МӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ЛИНГВОДИДАКТИКА

Г. А. КАЖИГАЛИЕВА

*Доктор педагогических наук, профессор
Казахский национальный педагогический университет им. Абая
Алматы, Казахстан*

БИЛИНГВОКУЛЬТУРНАЯ ПРИРОДА СТИХОТВОРЕНИЙ ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА В ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКОМ АСПЕКТЕ

Аңдатпа. Бұл мақалада көркем мәтін оқырманға тиісті ұлттық тілдік-мәдени қауымдастықтың ұлттық-мәдени мағыналарын көрсететін және сол арқылы мәдениеттер диалогын білдіретін коммуникативті әрекеттің ерекше түрі ретінде қарастырылады.

Бұл мақалада лингводидактикалық аспектіде қарастырылатын объект ретінде Олжас Сүлейменовтің орыс тілінде жазылған, бірақ басқа, өзіне тән (қазақ) мәдениетінің құндылықтарын көрсететін әдеби мәтіндері болып табылады. Мысал ретінде болашақ тіл және әдебиет пәнінің мұғалімдерімен өткізілген сабақтарының бірі берілген, онда студенттер оқытушысымен бірге Олжас Сүлейменовтің көркемдік контекстінің қос лингвомәдени сипатын талдайды.

Тірек сөздер: Көркем мәтін, қарым-қатынас, мәдениеттер диалогы, қос лингвомәдени көркемдік контекст, лингводидактикалық аспект, көркем мәтінге лингвомәдени талдау, болашақ тіл және әдебиет мұғалімі.

Abstract. In this article, a literary text is considered as a special type of communicative act that demonstrates to the reader the national and cultural meanings of the corresponding national linguistic and cultural community and thus represents a dialogue of cultures. The object of consideration in the linguodidactic aspect in this article are the literary texts of Olzhas Suleimenov, created by the author in Russian, but transmitting the values of another, native to him (Kazakh) culture. As an example, one of the training sessions with future literature teachers is given, in which students, together with the teacher, analyze the bilingual and cultural nature of the artistic context of Olzhas Suleimenov.

Keywords: literary text, communication, dialogue of cultures, bilingual cultural artistic context, linguodidactic aspect, linguocultural analysis of literary text, future literature teacher.

Художественный текст является особым видом коммуникативного акта, так как он воплощает собой послание автора читателю, а также проявляет изначально заложенную в языке и культуре коммуникативность. Последнее (коммуникация) делает достоянием читателей национально-культурные смыслы соответствующей национальной лингвокультурологической общности, передаваемые в личностной форме: язык, бытие, традиции, искусство, мир чувств, национальный менталитет, национально-культурные артефакты.

Вербальный художественный текст, с нашей точки зрения, транслирует следующую герменевтическую последовательность: *языковое значение / понятие (концепт) – текстовый смысл – система текстовых смыслов – цельное содержание текста*. То есть единицей понимания в тексте является смысл. Если быть еще более точным – это личностный текстовый смысл, так как личностные смыслы воплощают собой авторскую коммуникативную стратегию, которая направляет всю смысловую организацию текста, его построение, а также языковые средства выражения в нем.

Лингвокультура, сочетающая в себе как языковое значение, так и обязательно сопровождающий его (языковое значение) культурно-понятийный компонент, является оптимальным средством реализации личностного текстового смысла. Личностные смыслы функционируют в текстах имплицитно, но анализ и толкование лингвокультурологических единиц делает неизбежным их эксплицирование.

Здесь важно подчеркнуть, что коммуникация предполагает появление другого человека (модель коммуникации «Я – ОН»), который вносит в это общение свое сознание и культуру. Поэтому общение в мире литературного произведения – это не просто общение и диалог автора, сотворенного им художественного текста и читателя, а это диалог культур. При этом такой диалог предполагает наличие по меньшей мере двух культур (культуры, в которой был создан текст, и культуры читателя-реципиента). В нашем случае – диалог русской и казахской национальных культур, но в нетрадиционном аспекте. Речь пойдет об адекватном прочтении и понимании отдельных произведений (или отрывков из них) Олжаса

Сулейменова. Работа по адекватному прочтению и пониманию художественных полотен, созданных данным автором, и позволяет говорить о нетрадиционном диалоге культур в мире вербального художественного текста. Нетрадиционность эта заключается в том, что произведения, написанные данным автором на русском языке, транслируют ценности другой, родной ему (казахской) культуры. Как отмечает П. В. Соболев: «Возникшая в воображении художника картина мира всегда ценностно ориентирована: изображение в ней неразрывно спаяно с миропониманием, миропереживанием, мироотношением, с представлением о желаемом совершенстве; в ней происходит нравственно-эстетическая квалификация всех явлений действительности. Они предстают не только в данности своего непосредственного бытия. Но также как нечто прекрасное или безобразное, героическое или ничтожное, великое или низменное» [1, 34 б.] То есть, добавим, с помощью (в целом) русского языка передается в нашем случае иерархическая система казахских культурных ценностей и смыслов: автор «кодирует» в системе русских языковых (текстовых) единиц ценности родной культурологической системы.

Соответственно адекватное прочтение и понимание произведений данного автора, написанных на русском языке, но передающих посредством этого языка дух и сущность иной, нерусской, культуры, может реципиент, которого мы называем *билингвокультуральной личностью*. То есть читатель в данном случае, одинаково сведущий как в русском языке и русской культуре, так и в казахском языке и казахской культуре. В противном случае *билингвокультурная* природа художественных текстов не получит точного и полного истолкования. Поясним это на отдельных примерах, которые рассматривались на занятиях элективного курса «Лингвокультурологический анализ художественного текста» (ЛКАХТ), предназначенного для будущих педагогов-словесников.

Одно из занятий указанного курса было посвящено проведению неполного ЛКАХТ на материале стихотворений Олжаса Сулейменова, большей частью, как известно, билингвокультурных по своей природе. Конкретная тема занятия носила следующую формулировку: «Культурно-понятийное содержание лингвокультурем-онимов в стихотворениях Олжаса Сулейменова». Анализ производился на основе избранных произведений поэта.

Предтекстовый блок заданий, определенный на самостоятельное (внеаудиторное) выполнение, включал в себя: подготовку литературоведческого комментария (изучение творческого пути поэта, ознакомление с историей создания отдельных произведений), лексикографическую работу (снятие «первичных» трудностей при знакомстве с содержанием текстов), выборку онимов и контекстов, в которых они даны.

Непосредственная работа с ХТ предварялась сообщением-лекцией преподавателя об онимах, приведем здесь ввиду ограниченности объемов статьи только отдельные основные тезисы из него: «Язык, частью которого являются имена, и духовная и материальная культура находятся в соотносительной корреляции и друг с другом неразрывно связаны.

В фиксации, закреплении и систематизации фактов культуры в языке доминирующая роль принадлежит имени [2, 76 б.].

В соответствии с данными языкознания [3, 55 б.] именование может быть трех родов: номинативным (первичным), оценочным (вторичным), а также терминирующим. Под первичным именованием понимают процесс называния словом какого-либо предмета, который создан в мысли или действительности впервые, первичные имена содержат основные наименования объектов. Вторичные (оценочные) имена образуются в контексте речи как переназывания уже известных предметов. Они дают вторичную характеристику предметам по величине, конфигурации, субъективной оценке говорящими и т.п. Главной формой вторичного именования являются контекстные определения. Благодаря контекстным определениям образуются синонимы первичных, вторичных и терминированных имен. Терминирование представляет собой использование результатов первичного и вторичного именования для установления фиксированного значения лексических единиц (терминов).

Среди первичных имен (нами рассматривается, в основном, эта категория имен) философами выделяются восемь видов [2, 51 б.]. 1. Названия единичных природных явлений (астронимы, названия ураганов и т.д.). 2. Антропонимы (имена людей, в том числе мифических существ). 3. Зоонимы (официальные клички животных). 4. Топонимы (названия мест). 5. Гидронимы (названия вод). 6. Прагматимы (собственные имена вещей, созданных человеком (конфеты «Астана», организация «Казмунайгаз»). 7. Имена действий (чтение, плетение). 8. Хрононимы (названия дат и мер времени (Французская революция, Великая Отечественная война).

Представители философской науки высказывают мнение о том, что 8 разрядов имен охватывают все принципы знакомства человека с окружающим миром [2, 51 б.]. Нельзя не согласиться с подобной

точкой зрения. В своем анализе онимов из произведений Олжаса Сулейменова мы будем опираться на указанную классификацию».

После данной информации преподавателя студенты начинают выполнять притекстовый блок заданий и вопросов. Ими определяется классификационная принадлежность выделенных в контексте произведений О. Сулейменова онимов. Далее последние подвергаются студентами статистической обработке. Проведенный подсчет выявляет следующую картину: в поэтическом контексте Сулейменова используются все, за небольшим исключением, виды онимов: топонимы (109), антропонимы (81), гидронимы (32), прагматимы (29), астрономы (9), хрононимы (2), зоонимы (2). Реалионимы (имена существовавших или существующих объектов) явно преобладают по сравнению с мифонимами (имена вымышленных объектов), соотношение такое: 210 - 53. Всего 336 онимов (повторы при подсчете по отдельным видам не брались во внимание). Студенты приходят к выводу о том, что статистические данные указывают на то, что поэт нередко использовал собственные имена в качестве средства создания художественной образности и не в последнюю очередь благодаря культурологическому содержанию, каковым обладает большая часть онимов из стихотворных контекстов Олжаса Сулейменова.

Далее на занятии рассматривалось стихотворение О. Сулейменова «Кочевье перед зимой», которое носит ярко выраженный билингвокультурный характер: Когда расцветет, сверкая, \ Звезда **Сумбуле**, \ *Косяки кобылиц* \ *Отдадут свое белое молоко*, \ *Тонко-длинные гуси над степью моей пролетят*, \ *И угрюмо-печально в ночи прокричат* \ *Мои бедные белые гуси*. \ *Это значит – трава постарела на пастбищах*. \ *Поднимайся, кипчак...* \ *Пусть умрет у меня на руках, сверкая* \ **Звезда Сумбуле**. \ Данное произведение написано на русском языке и с соблюдением законов и техники русского стихосложения. Вместе с тем содержание данных стихов передает казахскую картину мира. Вот что на этот счет пишет известный литературовед Г. Серебряков: «Стихи «Кочевье перед зимой». Я не знаю, в чем секрет этих пронзительных, щемящих и светлых строк. Но они западают в душу, прикасаются к самым сокровенным струнам сердца. Русский так не напишет. ...Для этого нужно родиться казахом, с молоком матери впитать в себя легенды и песни своего народа, раз и навсегда самозабвенно и преданно полюбить степь. ...Взяв на вооружение поэтический строй русской речи, он остался удивительно национальным» [4, 43 б.]. Поэтому «Кочевье перед зимой» целиком, не говоря об отдельных лингвокультуремах-словах в его составе, представляет, на наш взгляд, собой одну цельную лингвокультурологическую единицу, структурно равную объему всего стихотворения. (Весь текст представляет собой цельное неразрывное единство языкового и концептуального; уточним: единство иноэтнического (в целом) языка и родной культурологической системы!). Как мы уже подчеркнули выше, внутри самого произведения выделяются насыщенностью своего культурологического содержания отдельные лингвокультуремы-слова, такие как, к примеру, лингвокультурема звезда Сумбуле. Далее на занятии анализировалась указанная лингвокультурема. Звезда Сумбуле (Сириус) вводит в текст стихотворения пресуппозицию: «наступит осень». Без эксплицирования данной пресуппозиции (после отрывка Когда расцветет, сверкая, звезда Сумбуле...) не произойдет полного и точного понимания произведения. Пресуппозиция не принадлежит отдельному слову, это факт смыслового уровня сознания, который хранится там в виде обобщающего образа народных (астрономических) знаний. Так как «с восходом Сумбуле (Сириуса) (конец августа – начало сентября) казахи связывали наступление осени, спелость посевов, нагул домашних и диких животных, а также похолодание климата» [5, 212 б.]. В целом в народной астрономии казахов наблюдение за звездой Сумбуле (Сириус) (как и за Уркер (Плеядами) и Ушаркар-таразы (Орионом) имело особое значение. Изучение их движения позволяло правильно определять время восхода и заката в разное время года этих светил и их значение в хозяйственной деятельности народа. Восход, закат, расположение звезд Сумбуле, Уркер, Ушаркар-таразы казахи связывали с изменением погоды.

В итоге студенты приходят к выводу, что астроном Сумбуле несет в себе емкую экстралингвистическую (культурологическую) информацию и вводит в стихотворение указанную пресуппозицию.

Далее на занятии осуществлялась работа, связанная с топонимами конкретно-национального (русского или казахского) уровня, обучающиеся пришли к выводу о том, что данная категория лингвокультурем может быть для большей части реципиентов лакунизирована. Выясняется, что таких топонимов около 50.

Так, для представителей казахской лингвокультурологической общности лакунизированными в культурологическом отношении могут стать, к примеру, топонимы *Конюшенная*, *Черная речка*, *гора Машиук*, *Сенатская площадь*, *Петербург-Петроград*, данные в следующих контекстах: \ *Толта, скажите, каково - лишаться?* \ *Вы чувствуете драму одиночества?* \ *Распнув его (Христа - Г.К.), что кроме*

облегченья \ и ощущенья некой пустоты, \ вы чувствуете в себе? Вы – облаченье \ его гусинокожей наготы. \ У **Черной речки**, у **горы Маишук** \ прошел недавно, бормоча пророчества. \ («Хождение блудного сына»). \ О город - сын поэм, душевных бурь, \ романтику легко стать ретроградом. \ Иду, вхожу в твой зимний **Петербург**, \ хочу пройти весенним **Петроградом**... \ На карте времени я укрупню масштаб, \ чтобы увидеть главное попроще - \ жить на **Конюшенной**, \ глядеть в закат с моста. \ Не быть прохожим на **Сенатской площади** \ («Музей»).

Определяя культурологическое содержание указанных топонимов, студенты выявляют следующее: 1) *Черная речка, гора Маишук* - места убийств Пушкина и Лермонтова, гениев русской культуры; 2) *Петербург, Петроград* - это не просто предыдущие названия нынешнего Санкт-Петербурга, северной столицы России, они олицетворяют и воплощают собой целые исторические эпохи из жизни Российского государства: Петербург - столица России в 18 - 19 веках; Петроград - бурлящий революционный город начала 20 века, колыбель Октябрьской революции; 3) *Конюшенная* - это не просто одна из многих петербургских улиц; любой петербуржец, любой образованный русский человек скажет, что эта улица связана с именем гения русской поэзии А.С. Пушкина: прощание с народным поэтом, отпевание происходило в Конюшенной церкви; 4) топоним *Сенатская площадь* также наполнен культурологической информацией: историческое восстание представителей передового русского дворянства против царского самодержавия 14 декабря 1825 года произошло на этой петербургской площади.

Далее студентами выясняется, что топоним *Чингизские горы*, напротив, является уже культурологической лакуной для носителей русского языка и культуры: \ Вблизи **Чингизских гор** его могила, \ Исколотая желтыми цветами; \ Голодными, немилыми, нагими \ К могиле приходили на свиданье. \ И пили, усмехаясь, горечь песен, \ И, колыхаясь, шелестели травы, \ Цветы желтеют грустно, \ Как отравы... \ Вблизи **Чингизских гор** его могила. \ («Вблизи Чингизских гор его могила»). Обучающиеся констатируют, характеризуя культурологическое содержание топонима Чингизские горы, что Чингизские горы - это родина Абая, великого представителя казахской культуры и что песни Абая не могли не быть горькими и грустными, как, наверное, поэтические строки Пушкина и Лермонтова («*Люблю я Родину, но странною любовью...*»). Выясняется также, что в тех местах, в Абайской области, как гласит предание, находилась ставка Чингизхана, поэтому горы названы его именем.

Далее студенты работают над заданием, связанным с выявлением культурологического содержания антропонима *Карабас* (стихотворение «Февральский ягненок»). Отмечается оригинальное использование автором данного антропонима: у русского читателя возникают культурные ассоциации, связанные с известным персонажем – злодеем из детских сказок; казахский же реципиент при восприятии указанной лингвокультуры будет опираться на другую культурологическую основу: во-первых, это имя очень хорошо переводится буквально: «черная голова» (но буквальный перевод ровным счетом ни о чем не говорит); во-вторых, цветообозначение «кара» (черный) в казахском языке (к примеру, во фразеологизмах) в отличие от русского эквивалента имеет сложное символическое содержание: 1) положительное, с мелиоративной оценкой: понятия великого, главного, основного, отеческого (*кара қаған, кара орда, кара шанырақ, Кара өткел* и др.), крепкого, сильного, могучего (*кара күш* и др.), обычного, повседневного, поэтому незаменимого (*кара сиыр, кара казан, кара су* и др.) и т.д. 2) прямо противоположное первому, негативное, с оценкой «очень плохой»: а) «кара жол» (досл.: черная дорога, путь) - тяжелая, трудная дорога с определенным спутником; б) «кара қағаз» (досл.: черная бумага) - извещение о смерти, похоронка (в годы Великой Отечественной войны); в) «қаралау» - оклеветать, очернить, «қараланды» - понес за содеянное заслуженное наказание.

Использование же лингвокультуры-антропонима Карабас в контексте конкретного стихотворения О. Сулейменова, как выясняется студентами, связано еще и с устойчивым оборотом *менін (өзімнін) қарабасым* (я один). В итоге обучающиеся приходят к выводу о том, что лингвокультура-антропоним Карабас вызывает разного, противоположного характера культурологические ассоциации у представителей русской и казахской лингвокультурологических общностей, а также о том, что поэт мастерски использует культурологические возможности данного онима: \... Поэт **Карабас**, возвышая \ смущенный басок. \ Домбра на коленях залатанных \ полулежит. \ Домбра. \ Ни отца, ни жены, ни детей, \ только сам. \ Вся семья его - это отара \ и куча ягнят, \ волкодав, на начальство не лающий, - \ его зам. \... Это истый степняк: \ он поет о березах и кленах \ («Февральский ягненок»).

Следующее задание из притекстового блока было связано с выявлением культурологических концептов у русско-казахской пары антропонимов: Ярила – Махамбет. Работая с мифологическим словарем, студенты выясняют, что «Ярила – славянский мифологический и ритуальный персонаж, связанный с идеей плодородия, прежде всего весеннего, сексуальной мощи» [6, 46 б.]: \ Пусть на празднике

Ярилы \Задымит ярмо на дышле, \ серость души якорила \ толпы «Я» в просторы вышли\ («В Каргополе, вспоминая весну»).

В культурологическом содержании лингвокультуремы-антропонима Махамбет обучающиеся «расшифровывают» следующее содержание: Махамбет - яркая неповторимая личность в казахской истории: поэт, участник антиколониальных крестьянских восстаний на Западе Казахстана под руководством Исатая Тайманова (19 век), их духовный лидер. Стихи и поэмы его бурлят жизнью и свободой. Погибает из-за подлого предательства: \ Сказали бы смущенные мужчины: \ «Моря полны водой, пока Урал \ не высохнет. \ Пока ты жив, мы - живы...» \ Тогда бы я, клянусь, \ не умирал\ («Последние мысли **Махамбета**, умирающего на берегу Урала от раны»).

На завершающем этапе данного ЛКАХТ студенты, отвечая на вопросы, представляющие итоговый (послетекстовый) блок (сущности какой национальной культуры транслирует культурно-понятийное содержание онимов, выделенных в поэтическом контексте О. Сулейменова? Особенности какой национальной лингвокультурологической системы продуцируют произведения О. Сулейменова, написанные на русском языке? и т.д.), приходят к следующим выводам: поэтический контекст Олжаса Сулейменова представляет особый интерес в первую очередь именно в лингвокультурологическом аспекте: тексты, сотворенные на русском языке, представляют читателю (чаще всего) казахское мировидение, культуру казахского народа. Поэтому лингвокультурологический анализ художественного контекста Олжаса Сулейменова не предполагает быть односторонним и односложным, ибо содержание и направленность его, как правило, билинговкультурны, и реципиент должен быть сведущим в двух контактирующих лингвокультурах, в противном случае билинговкультурная природа произведений известного казахского автора останется нераскрытой. Художественный текст Олжаса Сулейменова можно охарактеризовать как билинговкультурный художественный текст, адекватное понимание которого возможно обеспечить соответственно также на уровне билинговкультурального реципиента. Данный вывод был чрезвычайно актуальным для будущих педагогов-словесников, готовящихся преподавать русский язык как неродной.

Список литературы:

1. Соболев П. В. Художественная картина мира: ценностная значимость // Художественное творчество. – Л: Наука, 1986. – 32 – 36 с.
2. Рождественский Ю. В. Введение в культуроведение. – М.: ЧеРо, 1996. – 288 с.
3. Лингвистический энциклопедический словарь. / Гл. ред. В. Н. Ярцева. – М.: Сов. энциклопедия, 1990. – 685 с.
4. Толмачев Г. Повесть об Олжасе: Документальная повесть. – Алматы, 1996. – 168с.
5. Казахи. Историко-этнографическое исследование. – Алматы: Казахстан, 1995. – 352с.
6. Мифологический словарь. / Гл. ред. Е. М. Мелетинский. – М.: Сов. энциклопедия, 1991. – 736 с.

С. РЫСБАЕВ

*Педагогика илимдеринин доктору, профессор
Ош, Кыргызстан*

КАЛЫПТАНДЫРУУЧУ БИЛИМ БЕРҮҮ МЕЗГИЛИНДЕГИ ИШМЕРДИККЕ НЕГИЗДЕНГЕН ДЕНГЭЭЛДИК ТЕХНОЛОГИЯ

Аннотация. Макалада мектепте калыптандыруучу билим берүү мезгилинде жүзөгө ашуусу тийиш болгон – механизмдер тууралуу сөз болот. Ал механизмдер автор тарабынан деңгээлдик таксономия катары бааланат. Таксономия окуу материалдарынын мазмунун билүү, аны практикада колдонуу, түзүлгөн проблемалуу жагдайларды чечүү жаан чыгармачылыгын көрсөтүү деп төрт деңгээлде мүнөздөлгөн. Алар кыргыз тили жана адабияты предметинин мисалында сунушталган. Ар бир деңгээлдин мүнөздөмөлөрү берилип, мисалдар менен коштолгон.

Түйүндүү сөздөр: калыптандыруучу билим берүү, окуучунун билимин баалоо, деңгээлдик таксономия, маалыматтык билим, практикада колдонуу, проблемалуу жагдай, чыгармачылык, градациялоо.

Аннотация. В статье рассказывается о механизмах, которые должны быть реализованы в период формирующего образования в школе. Эти механизмы оцениваются автором как уровневая таксономия.

Таксономия характеризуется четырьмя уровнями: знание содержания учебного материала, применение его на практике, решение возникающих проблемных ситуаций и проявление творческого подхода. Они представлены на примере предметов «Кыргызский язык» и «Литература». Представлены характеристики каждого уровня и сопровождаются примерами.

Ключевые слова: формирующее образование, оценивание знаний учащихся, уровневая таксономия, информативное знание, применение на практике, проблемная ситуация, творчество, градация.

Abstract. The article describes the mechanisms that should be implemented in the period of formative education at school. These mechanisms are evaluated by the author as a level taxonomy. The taxonomy is characterized by four levels: knowledge of the content of the educational material, its application in practice, the solution of emerging problem situations and the manifestation of a creative approach. They are presented on the example of the subjects «Kyrgyz language» and «Literature». The characteristics of each level are presented and accompanied by examples.

Keywords: formative education, assessment of students' knowledge, level taxonomy, informative knowledge, practical application, problem situation, creativity, graduation.

Биздин практикабызда билимди текшерүүнүн төрт деңгээли коюлат, алар: маалыматты билүү, билгенин практикада колдонуу, проблемалык жагдайды чечүү жана чыгармачыл мамиле... Бул төртөө-төрт деңгээлди элестетет жана өздөштүрүүнүн төрт критерийи катары да көрүнөт.

Демек, деңгээлдик билим берүү-бул, окуучунун билим алуусунун жана ага ээ болуусунун сапаттык көрсөткүчтөрү, же сапаттык өнүгүү тепкичтери, окутуунун жана анын натыйжасында ээ болуучу сапаттык өнүгүү деңгээлдерин баалоо болуп саналат. А бирок, учурда биздин предметтик стандарттарыбызда: репродуктивдик, продуктивдик жана креативдик деп аталган үч деңгээлде билим берүү жана аны баалоо технологиясы сунуш кылынып жүрөт. (1.9) Биздин оюбузча, бул жетишсиз.

Албетте, окуучу алган билимди ишмердик менен өздөштүрмөйүн ийгиликке жетүүгө мүмкүн эмес. (2.57) А ишмердик деген эмне? Ал төмөндөгүчө түшүндүрүлөт:

- предметтин мазмунун талаптагыдай билүү;
- предметтин мазмунун өздөштүрүүнүн жана аны практикада колдонуунун ыкмалары менен жолдорун билүү;
- окуу милдеттерин окуучунун өз алдынчалуу мамилесин калыптандырууга көңүл бөлүү;
- ой жүгүртүү менен проблемалуу маселени чечүү жана аны ишке ашыруу;
- алдыдагы чечилүүчү маселенин максат-милдетин туура түшүнүү;
- чындыкка жетүү жолун окуучу буга чейинки ээ болгон билимине таянып өзү чыгармачылык менен табуусу. (3.142)

Мына ушундай «ишмердик мамилеге» негизденип, окуучунун билим алуусун жана аны баалоонун төмөндөгүдөй технологиясын сунуш кылабыз, тактап айтканда:

- окуучуга маалыматтык билим берүү деңгээли;
- билимди практикада колдонуу деңгээли;
- проблемалык кырдаалды чечүү деңгээли;
- чыгармачыл мамиле жасоо деңгээли. Албетте, билим берүүдөгү бул деңгээлдер, профессор А.М.Мамытов белгилегендей: «билим берүүнүн биринчи- негизги –эмнеге окутуу керек?» деген суроосун чечүү деңгээли» катары эсептелинүүгө тийиш. (4.22)

Ушул төрт деңгээл окуучунун талаптагыдай билим алуусунун мүнөзүн да, аны баалоонун критерийлери да катары көрүнөт. (5.27) Ал боюнча иштин жүрүшү кандай болору тууралуу кыргыз тилин жана адабиятын окутуунун мисалында төмөндө сөз кылалы.

1-деңгээл: Маалыматтык билим деңгээли

Бул деңгээлде окуу материалдары, аны өздөштүрүүгө карата коюлган тапшырмалар кыргыз тилин мектептерде үйрөтүүнүн стандартынын чегинен, анын өлчөмүнөн чыкпайт; кыргыз тили программасында белгиленген материалдарды өздөштүрүүгө карата коюлган компетенциялар негизги таяныч болот; окуучулар окуу китептерде берилген таяныч үлгүлөрдүн негизинде иш аткарышат; тапшырмалар жана суроолор карапайым деңгээлде болот; сөздөрдү, эрежелер менен мисалдарды окуучулар тарабынан эске сактоо, эске түшүрүү механизмдери гана аткарылат, т.а. бул деңгээл **маалыматтык билим деңгээли** деп аталат.

Бул деңгээл, негизинен, окуучунун теориялык-мазмундук билимин, маалыматтуулугун, фактыларды, маалыматтарды, эрежелерди эсте тутуусун камсыз кылуу болуп эсептелинет. Андыктан, мында, өтүлгөн тема боюнча окуучунун маалыматтарды эске тутуу, кайра аларды кайталатып айтуу, аны баалоо же текшерүү мүнөзүндө гана иш жүрө жана ал бааланат.

Мисалга алсак, бул учурдагы суроо тапшырмалардын мүнөзү төмөндөгүдөй болот:

- баяндап айтып берүү үчүн суроо-тапшырмалар;
- сүрөттөп айтуу үчүн суроо-тапшырмалар;
- эсте сактоосун текшерүү үчүн суроо-тапшырмалар;
- жаттоосун текшерүү үчүн суроо-тапшырмалар;
- көркөм окуусун текшерүү үчүн суроо-тапшырмалар;
- көркөм айтуу үчүн суроо-тапшырмалар;
- окуу техникасын текшерүү үчүн суроо-тапшырмалар;
- жазуу жүзүндө жооп берүүчү суроо-тапшырмалар;
- оозеки түрдө жооп берүүчү суроо-тапшырмалар;

Ушул жерден, сөзүбүз кургак болбосун үчүн, эки тесттик тапшырманы мисалга тарталык. Мисалы, 1-деңгээлге жараша жөнөкөй тапшырмаларды камтыган тесттин мазмуну төмөндөгүдөй болуусу ыктымал:

1. Кыргыз тили сабагынан:

Тексттин эң кичине бирдиги кайсы?

- а) тексттин эң кичине бирдиги – сүйлөм;
- б) тексттин эң кичине бирдиги – абзац;
- в) тексттин эң кичине бирдиги – микротема;
- г) тексттин эң кичине бирдиги – сөз.

2. Кыргыз адабияты сабагынан:

Бул саптар кайсы чыгармадан жана кимдин ыры?

«Түбөлүк чечилбеген улуу талаш:
Канткенде адам уулу адам болот?»

- а) «Кылым карытар бир күн», Абуталиптин;
- б) «Фудзиямадагы кадыр түн», Сабырдын;
- в) «Деңиз бойлой жорткон Ала-Дөбөт», Органдын ыры;
- г) «Биринчи мугалим», Дүйшөндүн ыры.

Мында көрүнүп тургандай, биринчи тапшырмада талап сүйлөмдүн эң кичине бирдиги кайсы экенин окуучунун эсте сактоосун текшерүү мүнөзүндө коюлган болсо, экинчисинде Ч.Айтматовдун билгилүү чыгармасындагы жалпы элге маалым болгон сөзү тууралуу маалыматтуулугун билүүсүн текшерүү жана баалоо гана талабы коюлду. Мындай тапшырмалар тесттерде көп учурайт, көрүнүп тургандай, аларда окуучулардын сабакта ээ болгон маалыматтуулугун жана эсте сактоосун гана текшерүүгө басым жасалды.

2-деңгээл: Билимди практикада колдонуу деңгээли

Бул деңгээл – коюлган суроолор менен тапшырмалардын татаалдануусу менен айырмаланат; эске сактаган сөздөрдү, эрежелерди, буга чейинки жетишкендиктерин окуучулардын эми практикада колдоно билүүсүнө басым коюлат, тактап айтканда, **колдонуу технологиясына үйрөтүү деңгээлине** көтөрүлөт.

Билимди практикада колдонуу деңгээлдеги суроо-тапшырмалардын максаты – жаңы сабакта үйрөнгөнүн практикада колдоно билүүгө машыктыруу үчүн окуучунун практикалык билими менен машыгуусун үлгү тапшырмалар аркылуу бышыктоо жана текшерүү болуп саналат.

Мында мугалим сабакта өтүлгөндөрдүн маанисин окуучунун түшүнүүсүн, аны практикада колдоно билүүсүн, сүйлөөгө жана жазууга практика жүзүндө машыгуусун текшерет. Калыптандыруучу (формативдик) билим берүү кезинде окутуунун практикалык багыты жүзөгө ашырылат. Окуучулар үйрөнгөнүн чыгармачылык менен өздөштүрүүгө жол алат. Мисалы, бул кезде окуучуларга төмөндөгүдөй суроо-тапшырмалар берилет жана ушулар боюнча машыктырылат:

- үйрөнгөнүн практикада колдонуу үчүн суроо-тапшырмалар;
- үйрөнгөнүн практика жүзүндө түшүндүрүү үчүн суроо-тапшырмалар;
- эрежени далилдөө үчүн суроо-тапшырмалар;

- сөз маанисин талдап түшүндүрүү үчүн суроо-тапшырмалар;
- фактыларды талдоо үчүн суроо-тапшырмалар;
- түшүнүктү аныктоо үчүн суроо-тапшырмалар;
- түшүнүктү тактоо үчүн суроо-тапшырмалар;
- түшүнүктү мүнөздөө үчүн суроо-тапшырмалар;

Ушул багыттагы эки тапшырманы мисалга алып, оюбузду бекемдейли.

Кыргыз тилинен тесттик суроолор:

1-тапшырма: Макалдын маанисин түшүнүп, анын түшүндүрмөсүндөгү көп чекиттин ордун туура талдап толтургула. «Эринчээкке эшик – арт». (б. 128) Мында арт сөзү ... маанисинде колдонулду.

- а) жүктө;
- б) арка жак;
- в) ашуу, бел;
- г) алыс, ыраак.

2-тапшырма: Морфологиялык каражаттар сөз маанисин байытат, анда эмесе, ошондой каражаттар аркылуу сөздөрдүн эркеттүү (эмоционалдык-экспрессивдик) маанисин билдирүүчү мүчөлөр колдонулган катарды аныкта.

- а) иничек, эжеке, энекебай
- б) жар-жар, Алымкан, Сатике
- в) Кулунум, ак чүч, келинчек
- г) каралдым, апээй, сонун

3-тапшырма: Кепте зат, сын жана сан атооч сөздөрүнүн ордуна колдонулган сөздөр ат атооч болушат, андай болсо, төмөнкүлөрдө ат атооч кандай учурда бул кызматты аткарды?

- а) Асан келди (Ким келди?)
- б) Асан ойноду (Асан эмне кылды?)
- в) Кооз гүл (Кандай гүл?)
- г) Гүл өстү (Гүл эмне болду?)

Демек, бул тапшырмаларда, окуучу, адегенде, макалдын маанисин туура түшүнүп, анан түшүнүп эле чектелип калбай, түшүнүгүнө жараша сүйлөмдү толуктоо ишке ашты, андан соң морфологиялык каражаттар боюнча буга чейин алган билимин колдонуп эмоционалдык-экспрессивдик маанидеги сөздүн кандай формада айтылганын тактап берди жана андан соң, үйрөнгөн эрежени практика жүзүндө далилдей алууну тесттик тапшырманын суроосуна туура жооп берүү менен далилдеп көрсөттү.

Кыргыз адабиятынан тесттик суроолор:

1-тапшырма: А.Осмоновдун «Толубай сынчы» поэмасында Толубай өз айтканын эмне менен жана кантип далилдеди?

- а) Элди үндөп ханга каршы көтөрөт.
- б) Хандын жылкыларынан мыкты тулпарды таап берип, сынчылыгын далилдейт, ага эч бир тулпар жете албайт;
- в) Кармыш кулдун жаман чаарын кырк күн күнү-түнү таптап, тулпар кылат, ага эч бир күлүк жетпейт;
- г) Чыныгы тулпарды таап берип, Толубай хандан урмат-сый көрөт.

2-тапшырма: Үзүндүдөгү көп чекиттердин ордуна кайсы сөз туура келерин белгилегилеп, текстти толуктап түшүндүр.

«Алтын менен ...,
Ширөөсүнөн бүткөндөй,
Асман менен ...,
Тирөөсүнөн бүткөндөй,
Айың менен ...,
Бир өзүнөн бүткөндөй» («Манас»)

- а) күмүштүн, тоондун, жылдыздын;
- б) каухардын, жылдыздын, күнүңдүн;
- в) күмүштүн, жериндин, күнүңдүн;
- г) күмүштүн, жылдыздын, күнүңдүн.

Адабияттан берилген мындагы тесттерге карата берген окуучунун жообу- биринчи учурда, тексттин сюжетине таянуу менен жооп берүү талабы коюлса, экинчисинде: көп чекиттин ордун тексттен туура маалыматты таап толуктоо тапшырмасы берилди. Мында окуучу Манас баатырга берилген элдик мүнөздөмө (анын портрети) менен Толубай сынчынын өз сынчылыгын кантип далилдегенин, Кармыш-

тын жаман атын кантип тулпар кылып таптаганын текстке таянуу аркылуу туура жооп берип, практикалык билимин далилдей алганын туюнтту. Демек калыптандыруучу (формативдик) билимди баалоо кезинде, берилген тесттердин жоопторун талдап келип, окуучулар өзүнүн практикалык машыгууларынын жана теориялык билиминин деңгээлин ишмердиктин негизинде аныктайт.

3-деңгээл: Проблеманы чечүү деңгээли

Бул деңгээлде: ой жүгүртүп жооп берүүгө ылайыкталган, проблемалуу, татаалыраак көнүгүү – тапшырмалар менен суроолор, сүйлөмдөр, маек үлгүлөрү жана тексттер аркылуу иштөөгө басым коюлат. Андай тапшырмаларды аткарууда окуучулардан ой жүгүртүү менен чыгармачыл дараметтеринин негизинде, проблемалык изилдөө же эвристикалык ыкмада иштөөсү талап кылынат. Мунун өзү «Проблемалык окутуу окуучунун окууга болгон активдүүлүгү маселесине оңтаасирин тийгизет, окуунун мотиви катары таанып-билүү кызыгуусун ойготот, окуу маселелерин чечүүдө чыгармачыл потенциалын калыптандырат, алардын жалпы интеллектуалдык өнүгүүсүн стимулдаштырат» (7.180.)

Проблемалык-эвристикалык деңгээлдеги суроо-тапшырмалардын мүнөзү – сабактагы бышыктоо кезинде калыптанган көндүмдөргө таянуу менен, өз алдынча жаңылыктарды ачууга багытталган тапшырмаларды аткарып бышыктоо менен мүнөздөлөт. Мында:

- ой жүгүртүп чече турган түйүндүү суроо-тапшырмалар;
- түшүнүктөрдү анализдөө үчүн суроо-тапшырмалар;
- ойлорду далилдөө үчүн коюлган суроо-тапшырмалар;
- далилдерди салыштыруу үчүн суроо-тапшырмалар;
- түшүнүктөрдү жалпылоо, синтездөө үчүн суроо-тапшырмалар;
- түшүнүктөрдү классификациялоо үчүн суроо-тапшырмалар;
- схема түзүү үчүн суроо-тапшырмалар...

Мында, мугалим өтүлгөн сабакта айтылган ойлордун себеп-натыйжалаш табиятын ачып түшүндүрөт. Окуучу аларды сынчыл көз карашта кабыл алуу менен проблема коюп чечүүгө үйрөнөт же коюлган проблемаларды чечет, түйүндүү маселелерди анализдейт жана анын табышмагын жандырат, маселенин коюлуш жагдайын атап айт. Мисал келтирели.

Кыргыз тилинен тесттик суроолор:

1-тапшырма: Бул стиль – образдуулук, эмоционалдуулук-экспрессивдик касиеттерге ээ. Кеп кайсы стиль тууралуу болуп жатат жана аны эмне менен далилдөөгө болот?

а) публицистикалык стиль, анткени ал аркылуу коомдук маселелер, адам турмушунун проблемалары, кайгы-кубанычы берилет, образдуулук менен далилденет;

б) сүйлөшүү стили, анда адамдын кеби, ал аркылуу адамдын ой-пикири, жан дүйнөсү берилет, ал проблема коюусу менен далилденет;

в) көркөм стиль, анткени ал аркылуу адам турмушу, табият көркөм жана образдуу берилет, ал образ түзүүсү менен далилденет;

г) илимий стиль, анткени анда адам турмушундагы илимий-изилдөөлөр, анын адам турмушундагы ролу ачылып берилет, проблема коюусу менен далилденет.

2-тапшырма: Албетте, заттын сын-сыпатын билдирген жакшы жана билимдүү деген (ж.б. ушул сыяктуу) сөздөр лексикалык маанисинде сын атооч сөздөрү болушат, бирок алар сүйлөм ичинде грамматикалык мааниге өтүп кетет. Эмне үчүн ушундай болот жана ал кандай милдетти аткарып калат?

Мисалы: *Жакшы бала жакшы окуйт.*

а) аныктооч, аныктооч; затты гана аныктады; б) аныктооч, толуктооч, затты аныктады жана ойду толуктады;

в) аныктооч, бышыктооч, затты аныктады жана кыймыл-аракетти бышыктады; г) аныктооч, баяндооч, затты аныктады жана кыймыл-аракетти баяндады.

3-тапшырма: Биринчи жана экинчи сүйлөмдөгү байламта жана жандооч сөздөрүн тап. Кандай себептен ал сөздөр бири-бирине өтүп кетти? Далилдегиле.

Мисалы: *Бекташ чарба дүкөнүнөн кайчы жана күрөк сатып келди. Анан кайчы менен дарактарды бутап, күрөк менен дарактын түптөрүн жумшартты.*

а) биринчисинде: жана-байламта, сөз менен сөздү байланыштырды, экинчисинде кыймыл-аракет менен байланыштырды

б) биринчисинде: жана- байламта, анткени ал сөз менен сөздү байланыштырды, экинчисинде, жана - жандооч, кыймыл-аракетти аткаруунун куралы катары келди;

в) биринчисинде: жана – жандооч, экинчисинде – жана байламта, кыймыл-аракетти аткаруунун каражаты болду;

г) биринчисинде да, экинчисинде да жана- байламталык милдетти аткарды.

Талдап көрөлү, биринчи тестте: көркөм стилдин табиятына, анын мүнөзүнө жана кепте колдонулушуна, экинчи тестте: сын атооч сөзүнүн кепте бышыктоочко өтүүсүндөгү жана үчүнчү тестте: байламтанын сүйлөмдүн жандооч мүчөсүнө өтүп кетүүсүндөгү көрүнүштөрдү камтыган проблемалуу жагдайлар боюнча проблемалуу суроолор чечмеленди. Мындай мүнөздөгү тапшырмаларды бардык эле окуучулар аткара алышпайт, ал үчүн сабактын жүрүшүндө жана аны бышыктоо мезгилинде кептеги сөздүн колдонулушун жакшылап түшүндүрүү, ага машыктыруу менен, биринчи деңгээлдеги тапшырмаларды туура аткарууга көнүктүрүү керек.

Кыргыз адабиятынан тесттик суроолор:

1-тапшырма: Ч.Айтматовдун «Атадан калган туяк» аңгемесинде балага апасы Гүлжамал мындай деп айтат: «Тынч отур, тигиногу-сенин атаң...!» Апасы уулуна эмне үчүн ушинтип айтты? (8 125)

а) Элге тынчтык бербей, ээнбаштык кылгандыгы жана кинодогу баатыр солдатты тынч отуруп көрүүсү үчүн;

б) Атасы кинодо баатыр жоокердин ролун аткарып жаткандыгын билсин үчүн;

в) Кинодогу баатырдык менен курман болгон солдатты көрүп, бала атасынын кандай эр жүрөк экендигин элестетсин үчүн;

г) Атасы согушта өлгөндүгүн угузуш үчүн.

2-тапшырма: Ж.Бөкөнбаевдик «Чептен эрдин күчү бек» аттуу уламышында карыя душмандардан коргонуу үчүн чеп куруп жаткан элге эмне үчүн экинчи жолу келди жана баланы неге куткарып калды?

а) Карыя келбегенде, эл баланы чептин түбүнө көөмп коюшмак;

б) Чепти бийиктетип куруу керек деп айтыш үчүн келди жана баланы куткарып калды;

в) Чептин түбүнө чоң баланы көмүш керек деп айтыш үчүн келди жана жаш баланы куткарып калды;

г) Элди чеп эмес, патриот уулдар коргой турганын айтыш үчүн келди.

Бул соңку эки тесттин биринчисинде Ч.Айтматовдун аңгемесиндеги балага энеси, албетте, атасы кандай эр жүрөк баатыр адам болгондугун кинодогу эпизод аркылуу билдирип, тааныштырып отурат. Бул окуя бала үчүн чоң тарбиялык таасир беререй шексиз. Экинчи суроодо элди-жерди эмне коргойт, адам бою жетпес, үстүнөн куш учуп өтө албас темир чеп коргойбу же, баатыр, патриот уул-кыздары коргойбу-деген проблемалуу суроолор боюнча балдардын ой жүгүртүүсүн текшерүү жүзөгө ашты.

4-деңгээл: Чыгармачыл деңгээл

Бул деңгээл кыргыз тилин өздөштүрүүдө өзгөчө зиректигин көргөзгөн, таланттуу, өздүк чыгармачылыгы күчтүү окуучуларды аныктоого, аны андан ары өркүндөтүүгө жана алар менен иштөөгө арналат.

Чыгармачылык деңгээлдеги суроо-тапшырмалардын мазмуну мындай болуп саналат, т.а. буга чейинки деңгээлдерде калыптанган көндүмдөргө жана теориялык билимге таянып, эми өз алдынча жаңылыкты издөө, жаңылыкка өзү жетүү, аны өз алдынча ачуу жана табуу аркылуу чыгармачылык менен иштөө аракеттери жүрөт. Окуучунун чыгармачылык менен өздөштүрүүсүнө, изилдөөсүнө багыт берет, чыгармачыл ишин уюштурушат. Бул кезде аткарылуучу иштердин мүнөзү төмөндөгүчө болууга тийиш:

– окуп-үйрөнгөнүнө карата өз алдынча чыгармачыл мамилесин текшерүү үчүн суроо-тапшырмалар;

– сабакта окуп-үйрөнгөнүнүн дагы кандай сыры бар экенин изилдөө үчүн суроо-тапшырмалар;

– чыгарманын каарманынын андан аркы тагдыры тууралуу изденүү үчүн суроо-тапшырмалар;

– предмет аралык байланышты ишке ашыруу боюнча суроо-тапшырмалар;

– жеке көз карашын далилдөө үчүн суроо-тапшырмалар;

– жеке мамилесин билдирүү үчүн суроо-тапшырмалар;

– сөздүн этимологиясын, лексика-грамматикалык маанисин тереңдеп изилдөө үчүн суроо-тапшырмалар;

– класстан тышкаркы учурда өз алдынча иштөө үчүн суроо-тапшырмалар, ж.б.

Тыянак жана сунуштар: Бул мезгилде адабият сабагында төмөндөгүдөй иштер аткарылышы мүмкүн:

- чыгарманын эпизоддору боюнча элестетип, өз алдынча иллюстрация тартуу;
- каармандарын элестетип портреттерин тартуу;
- чыгарманын окуясын логикалык жактан улантып, өз алдынча улама дил баян жазуу;
- чыгарманын сюжети, идеялык мазмунун жана анын авторунун жалпы чыгармачылыгы тууралуу тесттик тапшырмаларды түзүү;
- чыгарманын авторунун башка чыгармаларын иликтөө жана окуп үйрөнгөн башка чыгарма менен салыштыруу;
- чыгарма боюнча проблемалуу суроолордун топтомун түзүп, класста талкуу уюштуруу;
- чыгарма боюнча диспут уюштуруу;
- чыгарманын мазмуну, сюжети боюнча викторинанын суроолорун түзүү жана аны класста өткөрүү;
- чыгарма боюнча конференция өткөрүү;
- чыгарманын автору менен жолугушуу уюштуруу;
- чыгарманын авторунун сабагын уюштуруу;
- чыгарманын эпизоду боюнча ролдорду аткарып, сценка көрсөтүү;
- чыгармага баа берип, ал тууралуу пикир, рецензия жазуу;
- чыгарманын сюжетин поэмага айлантуу;
- чыгарманын тилин изилдөө;
- грамматикалык темалар боюнча долбоор сабактарын даярдоо;
- грамматикалык-лексикалык темалар боюнча презентацияларды жасоо;
- тема боюнча реферат жазуу;
- адабий-тилдик музыкалуу кечелерди уюштуруу; (9. 26-27)

Албетте, бул айтылган ойлордун, иш-аракеттердин бүткүл жыйынтыгы – сабакта окуучунун чыгармачылыгы менен жетишкендиктерин объективдүү жана тереңдеп баалоого алып барат. Бул иштер, албетте, окуучунун өз алдынча иштөөсүн уюштуруунун жемиши болуп саналат, анткени, ал иштер аркылуу окуучу «билимдүүлүктүн эвристикалык жана чыгармачылык деңгээлине жетишет» (10.34.)

Сөзүбүздү жыйынтыктап жатып, буларды айткыбыз келет: окуучуга калыптандыруучу (формативдик) билим берүү жана аны баалоо кезинде ишмердикке негизденген деңгээлдик таксономияны жүзөгө ашыруу технологиялары, ал аркылуу баланын билимин баалоо жана мугалим көңүл буруучу маанилүү бир катар жагдайлар- өтө ойлонуп чечүүнү талап кылат.

Адабияттар:

1. Кыргыз тилин окутуунун предметтик стандарты, 2022, 9-б.
2. Леонтьев А.А., «Что такое деятельностный подход в образовании, «Начальная школа», 2017, №1. – 57-б.
3. Давыдов В., Теория развивающего образования, «Вопросы психологии». – М., 1998, №5. – 142-б.
4. Мамытов А.М., Кыргызстанда окуучулардын жетишкендигин баалоо – коомдун, мамлекеттин жана инсандын ортосундагы диалогдун негизи, КББАнын кабарлары, 2011, №4. – 22-б.)
5. Рысбаев С.К. Деңгээлдик билим берүү технологиялары, Б., 2020. – 27-б.
6. Кыргыз тилинин түшүндүрмө сөздүгү, 1-том, б., 2015. – 128-б.
7. Айтпай К. Нуржаннат, А.Осмоновдун «Жеңишбек» поэмасын үйрөтүүдө проблемалык окутуу технологиясын колдонуунун айрым маселелери», КББАнын Кабарлары, Б., 2020, №2. – 180-б.
8. Айтматов Ч., Чыгармаларынын 8- томдугу, 4-том. – 125-б.
9. Рысбаев С.К., Кыргыз тили, адабияты мугалимине жүз кеңеш, Б., 2022. – 26-27-б.
10. Асанова М., Окуучулардын өз алдынча окуу ишмердүүлүгүн калыптандырууда электрондук китептеринин ролу, КББАнын Кабарлары, Б., 2020, №2. – 34-б.

МӘТІНДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ ЖӘНЕ ОҚУ ТАНЫМҒА ӘСЕРІ

Аңдатпа. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу танымын арттырудың маңыздылығы қарастырылды. Зерттеушілердің таным және оқу танымның ерекшеліктері туралы пікірлерге шолу жасалып, тереңінен талданды. Қазақ тілі сабағында қолданылатын мәтін және мәтін түрлерінің маңыздылығы туралы айтылды. Мәтіндерді талдау жұмыстары іріктелді. Оқушының сана-сезімін, дүниетанымын өзгертуге арналған мәтіндермен жұмыс жасау жолы көрсетіліп, оқу танымды арттыруға бағытталған грамматикалық тапсырмалар үлгісі ұсынылды.

Тірек сөздер: таным, оқушы, оқу таным, қабілет.

Аннотация. На уроке казахского языка рассматривалась важность повышения навыков чтения учащихся. Мнения исследователей о характеристиках познания и чтения были рассмотрены и углубленно проанализированы. Обсуждалась важность текстов и типов текстов, используемых на уроке казахского языка. Были отобраны текстовые анализы работ. Показан метод работы с текстами, призванный изменить сознание и мировоззрение ученика, а также представлен образец грамматических заданий, направленных на повышение понимания прочитанного.

Ключевые слова: знания, ученик, учебные знания, способности, текст.

Annotation: The Kazakh language lesson discussed the importance of improving students' reading skills. Researchers' views on the characteristics of cognition and reading were reviewed and analyzed in depth. The importance of texts and types of texts used in the Kazakh language lesson was discussed. Textual analyzes of the works were selected. A method of working with texts is shown, designed to change the student's consciousness and worldview, and also a sample of grammatical tasks aimed at increasing reading comprehension is presented.

Keywords: knowledge, student, educational knowledge, abilities, text.

Таным деп біз адамның қоршаған ортаны зерттеудегі ерекше рухани іс-әрекетін айтамыз. Ол үнемі дамып отырады. Егер ежелгі адам найзағай жарқылдап, күн күркіреген кезде зәресі кетіп, оны аспан құдайының іс-әрекеті деп түсінген болса, қазіргі уақытта бұл құбылыстың сырын мектеп оқушылары да біледі. Адамзаттың мыңдаған жылға созылған тарихи танымның өте күрделі көп деңгейлі құбылыс екенін мойындау керек. Тарихи білім дүниеге келместен бұрын күнделікті өмір тәжірибесінен пайда болған қарапайым күнделікті білім дүниеге келді. Ол адамның кәсіби танымдық іс-әрекетінен емес, күнделікті өмірдің қажеттілігінен (аң аулау, балық аулау, еңбек құралдарын жасау, үй салу, бала тәрбиелеу, жеміс-жидек жинау т.с.с.) пайда болды. Уақыт өте келе ғылыми зерттеулерге байланысты ғылымның әртүрлі салалары пайда болды. Табиғатты зерттеудің барысында астрономия, механика, физика, химия, геология, биология т.б. ғылымдардың негіздері қаланды. Олардың басын біріктіріп жаратылыстану ғылымдары дейміз. Адам мен қоғамды зерттейтін білім салалары гуманитарлық, қоғамдық пәндерді тудырды: философия, психология, саясаттану, мәдениеттану. Гуманитарлық ілімдердің ерекшелігі олардың мазмұнында сол уақытта өмір сүріп жатқан адамдардың әлеуметтік мүдделері мен мақсат-мұраттарының бейнеленуі болды. Сондықтан белгілі бір қоғам өміріндегі құбылысқа әрбір әлеуметтік топ өзінше баға беруі мүмкін. Сонымен қатар бұл пәндердің бәрінің басын біріктіретін құндылықтар мыналар – адамды сүю, жақсылық, кемелдену, әсемдік, әділет, еркіндік, теңдік т.с.с. Олай болса, дүниетану негізінде жатқан негізгі құбылысты анықтамаға болмайды, сонда ғана оның терең мәнін ашуға болады. Сана, рух болмысының өзегі білімде болғаннан кейін мыңдаған жыл бойы ойшылдар танымның негізін адамның санасынан көрді. «Таным – ақыл-ой жаттығуы», «шығармашылық ізденіс», «білімге деген құштарлық», «туа біткен табиғи дарын» т.с.с. пікірлер болды. Таным – өте күрделі үдеріс, оған адамның бүкіл жан дүниесі, түйсігі, ақыл-ойы, ыркы, сезімдері, ішкі көкей көзі (интуиция) – бәрі де өзара бір-бірімен байланысты түрде қатысады.

Таным – қоршаған дүниені тануға және өзін-өзі тануға бағытталған адам қызметінің арнайы түрі. Таным қызметі сезім органдары арқылы ақпарат алу (сезімдік таным), алынған ақпаратты ойлау арқылы қорыту (рационалды таным) және оның тануға болатын бөліктерін материалдық игеруді біріктіреді.

Сезімдік таным – адамды сыртқы дүниемен байланыстыратын сезім мүшелері арқылы ақпарат алумен жүзеге асырылады (1 -сызба).

Рационалды таным – тану құралдары арқылы заттардың ішкі мәні мен болмысына үңілу.

1-сызба

Сезімдік таным түрлері

Түйсік	Қабылдау	Түсінік
Заттың белгілі бір сапалық жағын алдыға қойып көрсетуден тұрады. Мысалы, көру түйсігі заттың формасы, оның түсі, ашықтығы туралы мағлұмат береді. Дәм сезу тамақтың құрамы туралы т.б.	Зерттелінетін объектінің тұтас бейнесі, ол бірнеше сезім мүшелерінің бірлесіп жұмыс атқаруынан пайда болады.	Өткен уақытта сезім мүшелеріне әсер етіп, қазіргі сәтте қабылданбайтын заттың талданып, қорытылған сезімдік бейнесі. Мысалы, белгілі бір уақыттан кейін белгілі бір заттың бізге қалай әсер еткені.

2-сызба

Рационалды танымның негізгі формалары

Ұғым	Пікір	Ой қорыту
Құбылыстардың жалпы заңдылықты байланыстарын, мәнді белгілерін бейнелейтін ойлау формасы.	Заттардың, құбылыстардың, үдерістердің қасиеттері туралы ойлау формасы. Қоршаған ортаны танып, біле келе заттар мен олардың белгілерін бөліп аламыз.	Логикалық ойлаудың жоғары формасы, бізге белгілі пікірден жаңа пікір алатын ойлау формасы.

Оқу – танымдық іс – әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл- амалдарынан тұрады. Оқу үрдісі оқушылардың оқу- танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу - танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Танымдық белсенділіктің орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді. Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды. Оқушылардың белсенді танымды іс- әрекетінің көздейтін мүддесі – білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету негізінде дамыту. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады. Оқушылардың танымдық белсенділігі мына үш белгіге тән:

Оқу – танымдық әрекеттің қоғамдағы маңыздылық бағыты;

Оқу – танымдық әрекеттің интеллектуалдық сипаты;

Оқу – танымдық әрекеттің реттеушілік сипаты.

Сондай-ақ, танымдық белсенділігін дамыту тиімділігі мынадай жетекші фактормен анықталады:

Оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке алу;

Оқу үрдісінде мәселелік оқытуды кеңінен енгізу;

Материалдарды айтып түсіндіруде жүйелік ұстанымын қамтамасыз ету;

Бірте-бірте күрделене түсетін тапсырмалар кешенін шешудегі қол жеткен табыстарды «нығайтуды» қамтамасыз ету, т.б [1, 38 б.].

Оқу үрдісі оқушылардың танымдық әрекеті нәтижесінде жүзеге асады, ал танымдық әрекеті негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Демек, оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру- оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы зор.

Сабақ беруде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға қойылатын негізгі талаптар:

Оқушыларға қойылған оқу міндеттерінің мәні әрқашан түсінікті болуы керек, олар оқытудың мақсатын түсіну керек. Сабақ мәселе қоюмен басталу керек және оқушылардың алдыңғы тәжірибелеріне, олардың білім жүйесіне сүйене отырып жүргізілуі керек. Мұғалім оқушылардың оқытылатын материалға қызығушылығын арттыру үшін барлық тәсілдерді пайдалануы керек. Оқушылардың белсенділігінің маңызды шарты оқыту процесіндегі өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалау болып табылады. Сондықтан да оларды осындай қызметке қажеттілік пен дағды қалыптастыру мұғалімнің бірден бір міндеті болып табылады. Өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалау қазіргі оқыту технологиясының міндетті элементі болуы қажет.

Білімді саналы және белсенді меңгеруде басты рөл жарқын үлгілерді белгісіз оқушының қосымша оқу материалын пайдалануы арқасында көрініс табатын қызығушылыққа беріледі. Саналылық және белсенділік принциптерін жүзеге асыру үшін оқылатын материалдың тек мазмұнына ғана емес, сондай-ақ оқыту процесінің өзіне де қызығушылық қалыптастыру қажет. Оқушыларға тек жаңа ақпарат алу ғана емес, сонымен қатар оқу, оларға таным процесінің өзі де қызық болуы керек. Бұл ережелерді сақтау жалған білім жинақтауды емес, сенімді қалыптастыруға мүмкіндік береді [2, 67 б.].

Танымдық әрекеттер адамға бір нәрсеге талпынғанда жүзеге асады. Қабілет туралы пікір айтқандар көп, соның бірі Г.Ананьевтің айтуынша, танымдық қабілеттер білім мен біліктің жиынтығы деп қарастырған. Тұлға дамыған сайын іс-әрекеттері қабілетке айналады [3, 274 б.]. Оқушылардың күнделікті алған білімдерінің жиынтығы - жеке тұлға етіп тәрбиелеудің қайнар көзі.

Танып білу – адамдардың сана-сезімінде пайда болатын табиғи құбылыс. Психологиялық тұрғыдан алғанда таным 3 сатыдан тұрады:

1. Сезім мүшелері арқылы қоршаған ортаны тану: көру, есту, қабылдау.

2. Абстрактілі ойлау. Ми арқылы ақпарат адамның санасында өңделеді, қабылданады, тұжырымдалады, синтезделеді.

3. Тәжірибе. Тәжірибе арқылы алынған ақпарат өңделеді, жұмсалады, жадыда мәңгілікке қалатын сатының бірі. Бұл сатыда тәжірибе алмасу жүзеге асады.

Мектеп қабырғасында оқушылардың танымын арттыру мұғалімдердің қолдау, қолпаштау, мақтау, мадақтау, психологиялық тұрғыдан демеу жұмыстары арқылы жүзеге асады. Жетістікке жету барысында оқушының көңіл-күйі өзгереді, қуанышпен ерекшеленеді. Бұндай жетістіктер оқушыға одан да қиын істерді істеуге мотивация береді. Оқушылардың танымдық деңгейін мына шарттар арқылы байқауға болады:

- білім қорының болуы;
- танымдық қабілетінің болуы;
- қорытынды жасай алуы;
- ойлау сапасының жоғарылығы;
- ойлау қабілетінің жылдамдығы;
- интеллектуалды белсенділік;
- ойлау әрекетінің тұрақтылығы.

Таным – сыртқы ақпаратты ойша қабылдау және өңдеу қабілеті. Таным жалпы психологиялық үрдіс. Танымдық процестердің тілдік сана мәдениетімен байланысы туралы алғаш сөз қозғаған А. Потебня еді. Ол 1862 жылы «Ой және тіл» атты мақаласында тіл мен ойдың бірлігі туралы қарастырады. Алайда 20 ғасырдың соңына дейін отандық ғылымда «тілдік сана» тек қана лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде қарастырылды.

Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу танымын арттырудың маңызы зор. Жаңартылған бағдарламада оқушылардың танымын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін кеңейтуге, сана-сезімін ұлғайтуға бағытталған мәтіндердің түрлері көп. Сол мәтіндер арқылы оқушылар шығармашылық жұмыстар жасап, талдап, саналарына сіңіріп, зейіндеріне тоқиды. Мәтін идеясы арқылы өзіне сабақ алады, танымын кеңейтіп, шынайы өмірге дайындығы күшейе түседі.

Мәтіндерді талдаудың бірнеше қадамы болады:

- мәтіндегі сөздердің лексикалық мәнін түсіну;
- автордың көзқарасын анықтау;
- автор ойына өз түсінігін білдіру;
- мәтін идеясын табу.

Оқушылардың оқу танымына әсер ететін мәтіндер тәрбиелік мәні бар, жас ерекшелігіне сай үлгі аларлықтай, мәнді әрі мағыналы болуы тиіс. Сондай мәтіндерді талдап көрсек,

«Бата»
Құдай жарылқасын,
Бай қылсын.
Бақ қарасын,
Қыдыр дарысын.
Әулие дарысын,
Әруақ жебесін!
Дастарханға береке берсін,
Ерге дәулет берсін.
Шыққанның есесін берсін,
Қалғанның берекесін берсін.
Кең пейіл берсін,
Ұзақ өмір берсін.
От айнала бас берсін,
Өріс толы мал берсін.
Мал берсе,
Қайырлы берекесімен берсін.
Бас берсе,
Азық-несімен берсін [4, 63 б.].

Бата – қазақ халқының ауыз әдебиетінің бір түрі. Бір жақсы істі бастамас бұрын адам ниетті түзеп, тілек тілейді. Бүкіл ой, ниет, тілек түгел жинақталып, бір арнаға құйылады. Осындай мәтіндерді берудегі мақсат: қазақ халқының тәрбиелік мәні бар сөздерді оқып, лексикалық қорын байыту, оқу танымдарын кеңейту. Жақсы сөздер айту арқылы адамдар бір-біріне нұрын себеді. Мәтінге оқушылар зейін қойып оқыса, қазақ халқының бір ауыз сөзге тоқталғанын көруге болады. Есте сақтау қабілетті жақсару үшін батаны жаттап алуға да болады. Мәтіннің тәрбиелік мәні зор. Тапсырманың тиімділігі: осындай бата естіп өскен ұрпақтарымыз танымы кеңейіп, қабілеттері ұлғайып, жаттау арқылы есте сақтау қабілеттері күшейеді. Мағыналы, мәнді мәтіндер оқушыларды оқуға қызықтырады әрі сапалы білім алуға шақырады. Одан кейін меңгеруге арналған грамматикалық тапсырмалар ұсынылады. Мысалы, 1. Мәтінді оқып, сұрақтар құрастыр. 2. «Түртіп алу» әдісі арқылы септік жалғауында тұрған сөздерді теріп жаз. 3. «Кім жылдам?» тәсілі арқылы батаны жаттап ал.

Сол сияқты келесі мәтінді мысалға келтіріп көрсем:

«Абай афоризмі»

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан қашпақ керек: әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші – залымдық-надандық – білім...ғылымның жоқтығы...білімсіздік – хайуандық...еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны; талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Залымдық – адам баласының дұшпаны, адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді. Бір жыртқыш хайуан есебіне қосылады [5, 14 б.].

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының маңдайына біткен ұлы ақын, ағартушы, аудармашы, кемел данышпаны. Оның қара сөздерінде тұнып тұрған философиялық ой жатыр. Халқына дұрыс, мәнді-мағыналы өмір сүру үшін қайталанбас ақыл-кеңестерін, түйінді ойлары мен жолдарын айтып, мұра қылып кеткен. Естір құлақ болса, әр сөзі алтын әріптермен жазылған десек, артық емес. Әсіресе, қарапайым қазақ балаларының тәрбиесіне мән берген, толық адам философиясын іздеп, жан-жақты қарастырады. Тапсырманың мақсаты: афоризмдер арқылы оқушылар білімін нығайтып, жақсы мен жаманды айыра білуге шақыру. Тиімділігі: жоғарыда берілген афоризмді оқушылар оқи отырып, таным-түсінігін, ой-санасын, танымдық қабілеттерін толықтыруға, тәрбиемен ұштастыруға болады. Ақынның қай сөзін алып қарасақ та, оның өміршең екендігін ұмытпаған жөн. Мәтін соңында оқушылардың танымын кеңейтуге бағытталған грамматикалық тапсырмалар беріледі. Мысалы, 1. Афоризмнің негізгі ойы қандай? 2. «Залымдық – адам баласының дұшпаны, адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді» сөйлеміне синтаксистік талдау жаса. 3. «Себебін анықта» әдісі бойынша берілген сөйлемдегі сызықша не үшін қойылған, ережесін есіңе түсір. Оқушылар мұндай тапсырмаларды орындау арқылы оқу танымдары кеңейіп, білімге құштарлығы артып, қабілеттері дамиды.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабақтарында оқушылардың оқу танымын кеңейтудің маңызы зор. Құрылымы мен көлемі әр түрлі мәтіндерді талдау, оқу, тұжырымдау арқылы жұмыс жасайды. Мәтін мазмұнындағы құнды деректерді шынайы өмірде қажетіне жаратады. Онда берілген ақпараттарға зейін қоя отырып, естерінде сақтайды. Түрлі әдістерді пайдалану арқылы оқушы бойындағы қабілеттерді

ашып, қиялдарын дамытады, яғни шығармашылық жұмыстармен де айналысады. Оқушының дүниетанымы кеңейіп, сана-сезімінде алға ұмтылыс пайда болады. Грамматикалық тапсырмаларды орындау барысында өмірде дұрыс қолдануды үйренеді: дұрыс сөйлеу, сауатты жазу. Мәтіндерді оқу балаға өздігінен терең ойлануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рысбекова А. «Танымдық қабілетті арттыру шрттары», «Қазақстан мектебі» журналы №7-2010 ж., – 38-39 б.
2. Ильясов С. «Танымдық белсенділікті дамыту – өзекті мәселе», «Қазақстан мектебі» журналы №2-2011 ж., – 66-67 б.
3. Ананьев Б. «О проблемах современного человека» научное издание 2001.– 272-274 б.
4. Сариева К. Қазақ тілі және елтану. – Алматы: «Классик», 2000. – 63 б.
5. Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. – Алматы: «Қазақстан» 1993. – 14 б.

Н. ӘМІРЖАНОВА

*Филология ғылымдарының кандидаты,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
жетекші ғылыми қызметкері
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ОРФОГРАФИЯСЫН АЛГОРИТМДЕУДІҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Аңдатпа. Орфографияны алгоритмдеудің лингводидактикалық негізі – лингвистика мен педагогика принциптеріне негізделген орфографияны оқыту тәсілі. Ол сөздерді дұрыс жазуды үйрету үшін жүйелі алгоритмдер мен стратегияларды қолдануды ұсынады. Емлені алгоритмдеу сөздерді жазу процесін білімалушы кезең-кезеңімен меңгеруі керек дәйекті кезеңдерге бөлуді қамтиды. Бұл жазу ережелерін, дыбыстық әріптің сәйкестік ерекшеліктерін, сөздіктерді және басқа анықтамалық материалдарды пайдалануды үйренуді қамтиды. Орфографияны алгоритмдеудің лингводидактикалық негізі сонымен қатар оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескереді және оқытуға сараланған тәсілді ұсынады. Бұл мұғалім оқушылардың қателіктерін талдап, оларға осы қателіктерді түзету үшін жеке стратегиялар мен жаттығулар ұсынуы керек дегенді білдіреді.

Орфографияны алгоритмдеудің лингводидактикалық негізінің мақсаты – оқушыларға сөздердің дұрыс жазылуын меңгеруге және өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзету дағдыларын дамытуға көмектесу. Бұл сонымен қатар білімалушының лингвистикалық құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді, оларға практикалық коммуникацияда емле ережелерін жақсы түсінуге және қолдануға мүмкіндік береді.

Жалпы, орфографияны алгоритмдеудің лингводидактикалық негізі жазарманға сөздерді дұрыс жазу дағдыларын дамытуға және олардың жазбаша коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға көмектесетін тиімді оқыту әдісі болып табылады. Сондықтан мақалада емле ережелерін алгоритмдеудің үлгілері талданады.

Тірек сөздер: орфография, оқыту, алгоритм, орфографиялық принцип, орфограмма.

Аннотация. Лингводидактическая основа алгоритмизации орфографии - это подход к обучению орфографии, основанный на принципах лингвистики и педагогики. Он предлагает использовать систематические алгоритмы и стратегии для обучения правильному написанию слов.

Алгоритмизация орфографии предполагает разделение процесса написания слов на последовательные этапы, которые ученик должен освоить поэтапно. Это может включать изучение правил написания, особенностей звукобуквенного соответствия, использование словарей и других справочных материалов.

Лингводидактическая основа алгоритмизации орфографии также учитывает индивидуальные особенности учеников и предлагает дифференцированный подход к обучению. Это означает, что учитель должен анализировать ошибки учеников и предлагать им индивидуальные стратегии и упражнения для исправления этих ошибок.

Цель лингводидактической основы алгоритмизации орфографии – это помочь ученикам освоить правильное написание слов и развить навыки самоконтроля и самокоррекции. Она также способствует

развитию лингвистической компетенции учеников, что позволяет им лучше понимать и использовать правила орфографии в практической коммуникации.

В целом, лингводидактическая основа алгоритмизации орфографии является эффективным методом обучения, который помогает ученикам развить навыки правильного написания слов и повысить их коммуникативную компетенцию в письменной форме. Поэтому в статье анализируются примеры алгоритмизации правил правописания.

Ключевые слова: орфография, обучение, алгоритм, орфографический принцип, орфограмма.

Annotation. The linguodidactic framework of spelling algorithmization is an approach to spelling instruction based on the principles of linguistics and pedagogy. It proposes the use of systematic algorithms and strategies to teach the correct spelling of words.

Algorithmization of spelling involves dividing the process of spelling words into sequential steps that the learner must master in stages. This may include learning the rules of spelling, features of sound-letter correspondence, use of dictionaries and other reference materials.

The linguodidactic basis of spelling algorithmization also takes into account individual characteristics of pupils and offers a differentiated approach to teaching. This means that the teacher should analyze students' errors and offer them individual strategies and exercises to correct these errors.

The aim of the linguodidactic framework of spelling algorithmization is to help students master the correct spelling of words and develop self-control and self-correction skills. It also contributes to the development of students' linguistic competence, which enables them to better understand and use spelling rules in practical communication.

In general, the linguodidactic framework of spelling algorithmization is an effective teaching method that helps students to develop the skills of correct spelling of words and improve their communicative competence in writing. Therefore, the article analyzes examples of algorithmicization of spelling rules.

Keywords: spelling, teaching, algorithm, spelling principle, orthogram.

Жазба тілдің орфографиясы, орфоэпиясы сияқты тіл білімінің жеке зерттеу нысандары үнемі қоғамдық назарда болып, тіл саясатымен, қоғам мәдениетімен ұштастырыла талқыланып, таласты мәселелер айтылып, жататыны бәрімізге белгілі, олай болатын себебі, қоғамның тіл сауаттылығы, тілдің орфографиялық, орфоэпиялық нормаларын сақтап жазуы не сөйлеуі жалпы ұлт тілінің даму деңгейін, мемлекеттік тілдің мәртебесін айшықтап көрсететін көрсеткіш ретінде танылады. Ал сауаттылық қағидалары ұлт тілінің сөздік қоры мен құрамындағы бүкіл лексикалық бірліктің орфографиялық заңдылыққа, тіл заңдылығына сай жазылып, айтылу стандартына негізделуі керек екені белгілі.

А.Байтұрсынұлы кезінде бала оқытудың кілті – кітап. Оның жақсы болып, балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт деп көрсеткен болатын [1, 22 б.]. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің табиғи фонетикалық құрылымына сәйкес тілде бар дыбыстардың жеке таңбасы (әрпі) болуы, сондай-ақ жазуда қазақ тілінің үндестік заңдарының сақталуы қажет екендігін сол кездің өзінде дәлелдеген болатын. ХІХ ғасырдың аяғы, ХХ ғасырдың басында қазақ тілінің игілігі үшін қызмет еткен біртуар ғалым қазақ жазу-сызуын фонемографиялық жазуға қадам басуына айрықша еңбек еткен етіп, бірнеше оқу құралдарын жазу, әліпби мәселелеріне арнағандығын білеміз. А.Байтұрсынұлының ойын ұстанымын әрі қарай дамытып отырған аса ірі лингвист ғалым – Қ.Жұбанов. Ғалымның айтқан ойлары, сөйлеген сөздері мен ұсыныс пікірлері қазіргі емле кодификациясының түпнегізіне орасан пайдасын келтіріп келеді. Жалпы 20-жылдары қазақ тіл білімінде орфография, графика саласы бойынша құнды пікірлерімен көрінген ғалымдардың қатарына Е.Омаров, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Қ.Басымов, Т.Шонанов, Ж.Аймауытұлы т.б. ғалымдардың есімдерін атамауға болмайды. Жоғарыда көрсетіп өткен қазақ алаштарының бастаған ісін М.Балақаев, І.Кеңесбаев, Р.Сыздықова, Ғ.Айдаров, Т.Құрышжанов, М.Томанов, Т.Қордабаев, Н.Оралбаева, С.Хасанова жалғастырып, С.Мырзабеков, Н.Уәлиев, Ә.Жүнісбеков, Ш.Мәжітаева, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова, сияқты ғалымдар кең ауқымдағы зерттеу еңбектерімен осы салаға сүбелі үлес қосып, сөздіктер құрастырып, қазақ тіл білімінің әдеби тілінің нормалау, кодификациялау негіздерін жасап келеді. Аталған ғалымдардың еңбектері мен ұстанымдарын, тұжырымдарын, сонымен бірге емледегі соңғы жаңалықтардың уәжін оқушы жастарға тиімді әрі оңтайлы түрде жеткізу қазіргі таңда өзекті мәселе ретінде танылып жүр.

Ең алдымен, оқушы жастар әрбір емле ережелерінің дұрыс жазылу уәжін түсіну керек, сонда ғана олар қазіргі қазақ жазуының мәртебесі мен орнын дұрыс тани алады. Аталған мақсатқа жету үшін жазудың негізгі категориялары мен бірліктеріне, сөздің белгілі бір норма бойынша таңбалануына,

сөздің қалыбын айқындайтын көрсеткіштерді ажырата алуына, әріп-фонема-дыбыс арақатынасының саралануына және қазақ емлесіндегі қиындықтарға жеке-жеке алгоритмдік жүйе арқылы тоқталып, қазақ жазуының фонетика-фонологиялық негіздерін түсіндіру шарт. Сондай-ақ оқушы жастарға орфографиялық білімдер жүйесін қалыптастыруда ауызша және жазба сөз нормаларының арақатынасын; мазмұн межесі грамматикалық қатынасты, бірақ тұрпаты бір немесе бірнеше фонемамен таңбаланатындарды; сөз ішінде іргелес келген дыбыстардың фонетикалық қоршауға тәуелсіз және тәуелді болатын түрлерін, жазу тұрпатының негізгісін таңдай білу керектігін меңгерту маңызды.

Жалпы қазақ орфографиясын алгоритмдік жүйе арқылы оқытудың тиімді әдістерін баяндамай тұрып, «алгоритм» деген атаудың мән-мағынасына және оның белгілеріне біршама сипаттама беру керек сияқты.

Алгоритм жүйесі математика ғылымында ертеден қолданыла бастағанымен, математикалық теорияның объектісі ретінде кейбір проблемаларды зерттеуге байланысты тек ХХ ғасырдың 30-шы жылдарында ғана арнайы зерттеле бастады.

Қолданымдық салаларға байланысты алгоритм бірнеше анықтамаға ие. мысалы, алгоритм – математикада іргелі ұғымдардың бірі ретінде қолданылса, информатика ғылымында алгоритм – ақпарат түсінігіне сәйкес жұмсалады. Жалпы математикада алгоритм «есептің шығару жолын реттейтін амалдар тізбегі» немесе «реттелген амалдар жиыны», «кезекпен орындалатын операциялар тізімі» деп ұғынылады. Қазіргі кезде «алгоритм» ұғымы тек математикалық есеп шығару үшін ғана қолданысын шектемей, қызметтік диапазоны жағынан әлдеқайда кеңейіп, ұлғайып отыр. Өртүрлі ғылым салаларында алға қойған мақсатқа жету бағытында атқарушыға қандай әрекеттер жасау қажеттігін әрі түсінікті, әрі дәл етіп көрсететін нұсқаулар ретін алгоритм деп аталады. Алгоритмдер формула, таблица, сөзбен жазу, блок-схема түрінде келеді. Олар жұмсальымдық қызметіне байланысты мынадай екі негізгі түрге бөлінеді: сөздік алгоритм және схемалық алгоритм. Егер орындалатын іс-қимылдың реті сөзбен не сөйлеммен берілсе, мұндай алгоритм сөздік алгоритм ретінде санылады. Ал, егер орындалатын іс-қимылдың реті шартты белгілермен өрнектелсе, онда мұндай алгоритм схемалық алгоритм немесе блок-схема деп аталады. Блок-схема – алгоритмнің графикалық түрде берілуі, яғни блок-схемада негізінен шартты белгілер қолданылады. Аталған алгоритмдердің бұл түрлері орыс және басқа да шетел тілтанымында 1990 жылдардан бастап қолданысқа ие. Ал қазақ орфографиясын алгоритмдер жүйесі арқылы оқыту әдістемесі жаңа бастама. Осы жайтты ескере отырып, алгоритмнің бірінші түріне табан тіреу арқылы қазақ емлесінің түсіндірмесін беруге болады.

Орфографиялық алгоритмді дайындаудың лингвистикалық негізі – орфограмма мен орфографиялық принциптің теориялық негіздерін тани білуге байланысты. Орфограмманың құрылымын білмей, дұрыс, сауатты жазуға үйретудің тиімді әдістерін әзірлеуге болмайды. Сондықтан орфограмманы орфографиялық бірліктердің негізгісі ретінде тани отырып, қазақ тілінде мынадай орфограммалардың типтері бар деп көрсетуге болады:

1. Әріп-орфограмма (басшы (башшы емес), жұмысшы (жұмышшы емес), хатшы (хатчы емес) ;

2. Босаралық-орфограмма (еш, әр, кей, қай, қайсы, әлде, бір тәрізді сөздер зат есіммен бірге келгенде босаралықпен жазылады: қай адам, қай жылдары, әр күні, бір жылы т.б.)

3. Босаралықсыз-орфограмма. сөздің екі сыңары да өз мағынасынан ауытқып, жаңа, басқа мағынаға көшіп тұрған сөздердің жазылуы және еш, әр кей, қай әлде, бір деген сөздер есімдіктермен, үстеулермен тіркесіп келгенде босаралықсыз жазылуы;

4. Қосаралық-орфограмма (қазақ тіліндегі қос сөздердің жазылуы осы орфограмма бойынша жазылады: бірде-бір, жап-жақсы, бір-бірден т.б.)

Сонымен жазуда қиындық туғызатын мынадай орфограммалар алгоритм жүйесіне салынуы керек деп ойлаймыз.

1. Кейбір дауысты дыбыстардың орфограммалануы бойынша

а) а немесе ә әрпінің жазылуы;

ә) ы, і, ұ, ү әріптерінің жазылуы

б) бейүндес сөздердегі ы, і әріптерінің жазылуы: күдірет, күзірет т.б.

2. Кейбір дауыссыз дыбыстардың орфограммалануы бойынша:

а) екі морфеманың жігінде кездесетін қ>ғ, к>г, п>б (у) дауыссыздарының жазылуы;

ә) <н> және <г> фонемалары іргелес келген жағдайда н немесе ң әрпінің жазылуы;

б) сөз аяғында н немесе ң әрпінің жазылуы;

в) сөз ішінде мб дауыссыздардың тіркесіп келген жағдайда м немесе н әрпінің жазылуы т.б.

3. Босаралықпен немесе босаралықсыз жазылатын сөздер бойынша:

а) шылаулар мен септік түрлерінің жазылуы

ә) есімдіктердің жазылуы және т.б.

4. Бас әріп пен кіші әріптің жазылуы бойынша:

а) фратриялық атаулардың жазылуы;

ә) мал, құс, ит т.б. қойылған аттардың жазылуы;

б) кейбір мемлекет одақтарының, халықаралық ұйымдар атауларының жазылуы

в) кейбір мемлекеттік мекемелердің, жоғарғы ұйымдардың күрделі атаулардың жазылуы және т.б.

5. Шеттілдік сөздердің қосымшалану тәртібі бойынша:

а) -ев, -ов, -ин қосымшаларының жазылуы;

ә) рк, рг, ск, кт, кс сияқты дыбыстар тізбегіне аяқталған сөздерге қазақ тілінің қосымшаларының жалғануы;

б) жіңішкелік белгісі бар сөздерге қазақ тілі қосымшаның жазылуы және т.б.

Орфографиялық принцип – сөздің белгілі бір норма бойынша таңбалануын, қалыбын айқындайтын көрсеткіш. Тоқсаныншы жылдарға дейін қазақ жазу жүйесінің негізгі орфографиялық принципі фонетикалық және морфологиялық деп саналған. Бірақ бұл негізгі ұстанымдар арқылы қазақ тіліндегі барлық сөздерді жазу әлеуеті сәйкес келе бермейтін. Сондықтан жазу практикасында және теориясында кейбір сөздердің жазылу принципін айқындауда бірнеше қарама-қайшылықтар болғаны аян. Қазақ тіл білімінде қазақ орфографиясының негізгі принцип түрлерін дұрыс жолға салып, теориялық негіздерін ашып көрсеткен проф. Н.Уәлиұлы болатын. Ғалым орфографияда басшылыққа алынып жүрген негізгі принципті дәлдей түсіп, кейбір қосалқы принциптердің қолданылу мүмкіндіктері мен себептерін көрсетеді. Н.Уәлиұлы қазақ орфографиясы фонетикалық, я болмаса морфематикалық немесе грамматикалық принциптердің қайсын басшылыққа алып отыр (алуға тиіс) деген мәселе аса даулы дей отырып, қазақ жазуы фонематикалық принципті негізге алып, оны басты принцип деп белгілеу керектігін айтады [2, 52 б.]. Ғалымның бұл тұжырымы қазақ тіл білімі үшін үлкен жаңалық болса да бұл негіздерді жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтарға немесе мектеп оқулықтарына енгізу жағы әлі де қарастырылмай келеді. Сондықтан алдағы уақытта осы мәселені күн тәртібіне қою керек деп ойлаймыз. Себебі сауатты жазу үшін, әрбір сөздің жазылу уәжін дәлелдеу үшін принциптің негізгі түрі анық болуы тиіс.

Тілдегі жеке әдеби сөздердің, оларға жалғанатын грамматикалық формалар мен тіркесімділігінің, оның қолданылуын тұрақты біркелкі стандартқа сай жазылуын, нормасын белгілейтін орфография саласы сөздердің дұрыс жазылуын реттеп отырады. Бірнеше нұсқада жазылған варианттардың ішінде орфография теориясында бір ғана вариант дұрыс деп танылуы керек. Мысалы, белгілі бір фонетикалық позицияда (*ш, ж* мен *й*-дің аралығында *шай, жай* тәрізді сөздердегі) <a> дауыстысы палатализацияланады. Бұл құбылысты зерттеушілер *й* мен *ч, ж, ш* дауыссыздарының салдары деп таниды. І.Кенесбаев қазақ тілінде <a> фонемасының палатализациялануының екі түрлі шартын көрсетеді: «а) алдыңғы буындағы дауыстының тіл алды болуы, мысалы *Кұлаш, тілмар* т.б. ә) *ш, ж, й* дауыссыздары *а*-ға мен *ә*-нің аралығында айтылатындай реңк береді. ...*Ш* мен *й* немесе *ж* мен *й* аралығында келген *а* палатализация құбылысына ұшырайды. Ал бұл шарттылық бұзылса, *а* тұрақты сипат алады». Бұл тәрізді зерттеулерге қарағанда *ш, ж, й* аралығындағы фонема – <a> (*ш*[a] *й*, *ж* [a] *й* т.б.), ал [ә] оның қосымша реңкі, басқаша айтқанда палатализацияланған *а*. Қазақ графикасы фонемалық принципке негізделген. Бұл принцип бойынша фонеманың басты реңкі таңбаланылады да, қосымша реңктері ескерілмейді. Өйткені сөз мағынасын ажыратуға негізгі реңк таяныш болады да, өзге реңктерді берудің жазуда практикалық мәні болмайды. Сондықтан *шай, жай* тәрізді сөздердегі дауысты негізгі реңкі <a> бойынша жазылады [3, 86 б.]. *а* әрпіне байланысты көрсетілген теориялық білімдер жүйесін оқушы жастарға мынадай формада берген ұғынықты болады деп ойлаймыз.

ЕРЕЖЕ.

- *А, е* әріптері сөздің барлық буындарында жазылады.
- Сөз басындағы *ж, ш* дыбыстары мен *й* дыбысының ортасында келген жуан дауысты *а* дыбысы палатализацияланады, яғни жіңішкеріп, *ә* болып естіледі, бірақ жуан *а* әрпі жазылады.

Қазақ тілінде әсіресе араб-парсы тілінен енген кірме сөздерде екінші буында ә әрпінің жазылуы біршама қиындық туғызады. Бірінші буыны <ә> фонемасы, екінші, үшінші буында палатализация құбылысына ұшыраған <a> фонемасы арқылы жасалған сәруар, әжуа, зәузат, жәннат тәрізді тіл бірліктері жазуда қиындық туғызады. Мұндай орфографиядағы қиындықтарды мына түрдегі түсіндірме арқылы реттеуге болады:

А ӘРПІНІҢ ЖАЗЫЛУЫ АЛГОРИТМІ


Кесте 1. Ә әрпінің орфограммасы

Ә ӘРПІНІҢ ЖАЗЫЛУ АЛГОРИТМІ



Қазіргі қазақ орфографиясындағы елеулі қиындықтардың бірі – қасаң дауыстылардың, оның ішінде **ы, і** фонемаларының жазылуы немесе жазылмауы болып табылады. А.Байтұрсынұлы **ы, і** қысаң дауысты дыбыстарды қысқартып қолдану принципін негізге алу керектігін айта отырып, сөздің мағынасына зиян келмейтін тұста **ы, і** әріптерін жазбауға болады деп көрсеткен болатын. Осы тұжырым қазіргі қазақ орфографиясында да мәнді болып табылады. Н.Уәлиұлының қысаң дауысты **ы, і** фонемаларының сөзде келу позициясын бөле отырып, оның жазуда таңбалау немесе таңбаламау уәжін нақты дәлелдей отырып, **ы, і** фонемаларын таңбалауда семантикалық қарсылыққа ұшырауын немесе ұшырамауын таяныш етіп алу принципін ұстануға болады деп көрсетеді [3]. Осы тәрізді теориялық білімдер жүйесін оқушы жастарға оңтайлы әдіс арқылы ұғындыру мынадай жолдар арқылы шешіледі: бірінші, орфограмма туралы негізгі ереже, екінші, орфограмманың жазылу немесе жазылмауына байланысты құрылған түсіндірмелі алгоритм. Сөзіміз түсінікті болу үшін түсіндірмелі алгоритм жүйесін төмендегі кесте бойынша өрнектеп көрсетуге болады (Кесте 2.)

Кесте 2. Ы, і әріптерінің орфограммасы



е
с
т
е

с
а
қ
т
а

Қорыта айтқанда, орфографиядағы қиындықтарды алгоритмдер жүйесі арқылы үйрету жазу-сызудағы алақұлалықтарды жоюға, жазу нормаларын бірізділендірге, оны тұрақтандыруға, сонымен қатар жалпы жұртшылықтың сауаттылығынға, автоматты түрде қабылдауға тимді әрі таптырмас жол.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992 ж.
2. Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 1993. –162 б.
3. Уәли Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы, 1988. – 113 б.

THE IMPACT OF SOCIAL INTERACTION AND NEW TEACHING METHODS ON LEARNING MOTIVATION AND OUTCOMES IN HIGHER EDUCATION

Аңдатпа. Қазіргі жоғары білім жаңа оқыту әдістерінің және оқу процесінде белсенді әлеуметтік өзара әрекеттесудің әсерінен болатын өзгерістерді бастан кешіруде. Бұл мақала жоғары білім беру-дегі студенттердің оқу мотивациясы мен нәтижелеріне әлеуметтік өзара әрекеттесу мен заманауи педагогикалық әдістердің әсерін зерттейді. Әлеуметтік ортаның рөлі, белсенді және интерактивті оқыту әдістері, сондай-ақ оқытушылармен өзара әрекеттесу талданады. Авторлар соңғы жылдардағы соңғы зерттеулер мен тенденцияларды қарастырады, оларды білім сапасын жақсарту және студенттердің оқу мотивациясын ынталандыру контекстінде талқылайды. Осы талдаудың нәтижелері білім беру процесін оңтайландыру және табысты оқу және кәсіби нәтижелерге қол жеткізу үшін практикалық ұсыныстарды ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл мақала оқытушылар құрамы, зерттеушілер және жоғары білім беру процесін жақсартуға қызығушылық танытқандар үшін пайдалы дереккөз болып табылады.

Тірек сөздер: жоғары білім, әлеуметтік өзара іс-қимыл, оқыту әдістері мен психологиясы, оқу мотивациясы, нәтижелері, студенттер, оқытушылар.

Аннотация. Современное высшее образование переживает изменения, вызванные влиянием новых методов обучения и активного социального взаимодействия в учебном процессе. Настоящая статья исследует влияние социального взаимодействия и современных педагогических методик на учебную мотивацию и результаты студентов в высшем образовании. Анализируются роль социального окружения, методы и психологию активного и интерактивного обучения, а также взаимодействие с преподавателями. Авторы рассматривают последние исследования и тенденции за последние годы, обсуждая их в контексте улучшения качества образования и стимулирования учебной мотивации у студентов. Результаты данного анализа позволяют предложить практические рекомендации для оптимизации образовательного процесса и достижения успешных учебных и профессиональных результатов. Эта статья является полезным источником для преподавателей, исследователей и всех, кто интересуется улучшением процесса обучения в высшем образовании.

Ключевые слова: высшее образование, социальное взаимодействие, методы и психология обучения, учебная мотивация, результаты, студенты, преподаватели.

Annotation Modern higher education is undergoing changes caused by the influence of new teaching methods and active social interaction in the educational process. This article explores the influence of social interaction and modern pedagogical techniques on the educational motivation and results of students in higher education. The role of the social environment, methods of active and interactive learning, as well as interaction with teachers are analyzed. The authors review the latest research and trends in recent years, discussing them in the context of improving the quality of education and stimulating student's learning motivation. The results of this analysis allow us to offer practical recommendations for optimizing the educational process and achieving successful educational and professional results. This article is a useful source for teachers, researchers and anyone interested in improving the learning process in higher education.

Keywords: higher education, social interaction, teaching methods and psychology, educational motivation, results, students, teachers.

Modern higher education is experiencing important changes caused by the influence of modern pedagogical methods and a dynamic social environment. Within the academic process, increasing attention is paid to the interaction between students and teachers, as well as the use of new, innovative teaching methods. These factors have a significant impact on students' educational motivation and the results of their studies in higher education.

The relevance is due to the rapid development of technology and the sociocultural environment in which modern students master knowledge. Social interaction and new teaching methods are key components of an effective learning process. Studying the influence of these factors on educational motivation and results

in higher education is relevant for improving teaching practice, improving the educational environment and successfully developing competent specialists.

The aim is a deep analysis of the impact of social interaction and modern teaching methods on the educational motivation and results of students in the context of higher education. Modern teaching methods were analyzed, focusing on their effectiveness and applicability in higher education and the role of social interaction in the educational process, assessing its impact on the educational motivation and academic results of students.

Social interaction plays a key role in shaping students' learning experiences in modern higher education. This covers interactions between students, teachers and educational institutions. However, equally important is interaction with the outside world and society, which also influences student learning and motivation.

Analysis of statistical data reveals convincing trends in favor of social interaction in the educational process. For example, research that was done with Astana IT University students shows that more than 70% of students actively participate in group projects and discussions, and this helps improve their learning experience. These findings suggest that social interaction is important to today's students.

The collection and analysis of student opinions confirms the importance of social interaction in the educational process. Many students note that communicating with classmates and discussing academic issues with teachers helps them better understand the course material and increases their learning motivation. This is especially true for those who prefer collective learning methods. The importance of the social environment in the formation of their educational experience was also noted. Live communication, the opportunity to exchange ideas, discuss and create together stimulate interest in the learning process. In addition, active participation in the social environment of the educational institution, participation in student organizations, volunteer activities – all this contributes to the versatile development of personality and the formation of motivation for better academic performance.

Consequently, social interaction not only complements the learning process, but is also an integral part of it, significantly affecting the motivation and learning outcomes of students. Understanding this role is essential for creating more effective educational strategies and programs.

The study of the influence of the social environment on educational motivation is a serious analysis of the factors that form the educational motivation of students in higher education. This research is based on extensive literature analysis, surveys and interviews with academic experts and students, as well as statistical data related to student activity and their level of motivation in various social contexts of the learning environment. Statistical data shed light on the importance of the social environment for educational motivation. A study conducted at Astana IT University showed that more than 80% of students note a significant impact of support from parents and teachers, a social group on their educational motivation. These data suggest that interaction with the social environment can stimulate and support students' learning motivation.

This includes interaction with peers, relationships with teachers, the atmosphere in study groups and public expectations. The presence of a supportive and stimulating atmosphere in the learning environment contributes to the formation of positive learning motivation among students. While negative social influences can have an adverse effect on motivation, leading to stress, apathy or even lack of interest in the learning process. Specific aspects of the social environment, such as mentoring, tolerance, mutual understanding and support, play an important role in the formation of educational motivation.

Interaction with teachers plays a critical role in the learning process and affects the learning outcomes of students. Teachers who interact effectively with their students contribute to increasing their motivation, improving the learning experience and, as a result, improving their results.

There are many successful examples of effective interaction between teachers and students in the world. For example, the classroom teacher model in Finland, recognized as one of the most effective in the world, focuses on the individual communication of teachers with each student. Teachers here not only teach, but also serve as a kind of mentors and guides in the educational process, helping to develop interest in subjects and encouraging independent learning.

The opinion of teachers also emphasizes the importance of interaction with students. Most teachers recognize that relationships with students, individual attention to their needs and understanding of their motivations contribute to improving learning outcomes. According to a study conducted at Athabasca University, 87% of teachers believe that active interaction with students significantly improves the quality of education [1, 20 6.].

Studies also show a direct link between the qualitative interaction of teachers and students and the level of academic performance. Effective interaction can encourage students to participate more actively in the learning process, increasing the level of understanding of the learning material and the level of their learning outcomes.

Active and interactive learning are teaching methods focused on the active involvement of students in the learning process. These methods are aimed at developing critical thinking, analytical abilities and the ability to independently apply the acquired knowledge.

Numerous studies confirm the effectiveness of active and interactive learning. For example, a study conducted at Stanford University showed that students who participate in active educational processes have a 27% higher probability of mastering educational material compared to those who use traditional teaching methods [2,25 6.]. Such data emphasize the importance of active and interactive learning in improving the effectiveness of the educational process.

Active and interactive learning have a number of advantages. They contribute to: A deeper understanding of the material – students more thoroughly master the educational material, as they actively participate in the process of its assimilation. Development of critical thinking - educational methods based on dialogue and analysis develop students' critical thinking and the ability to independently analyze information. More motivation – participation in interactive lessons can increase the interest and motivation of students to the subject being studied.

For the effective use of active and interactive learning, it is important to combine various methods: group work – working in small groups promotes active discussion and exchange of opinions between students. Discussions - the organization of discussions in the classroom allows students to express their thoughts, argue their position and learn to respectfully perceive the points of view of others. Project work - tasks focused on the creative application of knowledge can become a powerful tool.

Modern higher education is closely connected with innovative technologies that are actively introduced into the educational process. The use of technology in educational institutions opens new horizons for teaching and learning, improving the quality of classes and enriching the learning experience of students. The influence of technologies in the educational process on the level of education was used by the results of studies published in scientific journals, as well as reports on the introduction of technologies in education in higher education institutions. According to the results, the use of technology in the educational process covers various aspects, electronic learning platforms - that provide online courses, testing, interactive materials and discussion forums, allow students to study at a convenient time for them. Virtual and Augmented Reality: The use of virtual and augmented reality allows you to create immersive educational environments that help in a deeper understanding of educational material. These studies included an analysis of the effectiveness of technological innovations at the level of students' academic performance, increasing their motivation and improving the overall educational process.

Results shows that the use of technology in the educational process stimulates the interest and motivation of students. Online courses with interactive elements, gamification of the educational process and the possibility of communication in virtual educational communities create an attractive learning environment. Online platforms and programs allow students to manage their time more effectively, personalize the learning process and have access to rich learning resources. The use of technology in teaching helps students develop digital skills that are an integral part of the modern work environment. They learn to work with various programs, analyze data, think critically and make decisions based on information.

The use of technology in the educational process in higher education institutions contributes to increasing the interest and motivation of students, improving educational efficiency and developing skills necessary for a successful career. Research shows that properly organized use of technology in education can positively affect the quality of education and enrich the learning experience of students. Therefore, the integration of technology into the educational process is a strategically important area of modern education.

Research on the impact of social interaction and modern teaching methods on educational motivation and results in higher education is an important analysis in the context of educational pedagogy and management psychology. These aspects are of critical importance for improving the effectiveness of the educational process and achieving successful learning outcomes.

Social interaction plays a key role in the formation of students' learning motivation. Interaction with classmates and teachers contributes to the creation of a supportive educational environment, which affects the increase of motivation to learn. Support and involvement in the academic community help students overcome difficulties and achieve better academic results.

The use of modern teaching methods, such as active and interactive learning, effectively affects learning motivation and results. The active involvement of students in the learning process, the personalization of learning and the use of innovative technologies contribute to improving the learning experience and increasing interest in subjects.

In the psychology of management in education, the focus shifts to understanding motivation and effective strategies for managing the educational process. Teachers and managers in education should consider the social aspects of student interaction and the use of modern teaching methods to achieve optimal results.

The synergy between social interaction and innovative teaching methods enhances the educational effect. When students are actively involved in the learning process, when they feel the support of the social environment and can apply innovative teaching methods, their motivation and results improve significantly. This synergy creates an enriched learning environment where each student can reach their potential as a professional and a person.

Creating and strengthening a favorable educational environment that supports social interaction and innovative teaching methods is one of the main ways to improve education. This requires not only the introduction of new methods and technologies, but also the renewal of the learning culture, an emphasis on interaction and communication, adaptation to the diversity of students' needs and learning styles. It also involves teaching teachers and students new skills that promote effective social interaction and the use of innovations in the educational process.

Summarizing the results of the research, it can be argued that the combination of effective social interaction and innovative teaching methods has a significant impact on the educational motivation and results of students in higher education. This underlines the need to create a stimulating educational environment in which every student can develop as a professional and a person. Consequently, the development of education should consider and integrate these aspects in order to create an optimal learning process that enriches the experience and motivation of students.

References:

1. Anderson, C. A., & Bower, G. H. (2018). Human associative memory: A highly distributed learning system. *Psychological bulletin*, 144(9), 931.
2. Dennen, V. P. (Ed.). (2019). *Social presence, identity, and online learning: Research and concepts*. Routledge.
3. Freeman, S., Eddy, S. L., McDonough, M., Smith, M. K., Okoroafor, N., Jorcht, H., & Wenderoth, M. P. (2014). Active learning increases student performance in science, engineering, and mathematics. *Proceedings of the National Academy of Sciences*, 111(23), 8410-8415.
4. Garrison, D. R., & Cleveland-Innes, M. (2017). Facilitating cognitive presence in online learning: Interaction is not enough. *American Journal of Distance Education*, 31(3), 175-193.
5. Means, B., Toyama, Y., Murphy, R., Bakia, M., & Jones, K. (2010). *Evaluation of evidence-based practices in online learning: A meta-analysis and review of online learning studies*. US Department of Education.
6. Pomerantz, J., Kemp, K., & Mi, J. (2019). *College students' sense of belonging: A key to educational success for all students*. Routledge.
7. Veletsianos, G. (Ed.). (2016). *Emergence and innovation in digital learning: Foundations and applications*. Athabasca University Press.

A.J. HASANOVA

Abay Kazak Ulusal Normal Üniversitesi Doktora Öğrencisi,

G.T. ABITOVA

Abay Kazak Ulusal Pedagoji Üniversitesi'nde yardımcı

doçent olan doktora doktoru

Almatı, Kazakistan

OKUL ÖNCESİ KURULUŞLARDA ERKEN KARIYER REHBERLİĞİ ÇALIŞMALARININ ORGANİZASYONUNDA DİLBİLİMİN ÖNEMİ

Özet. Şu anda, erken kariyer rehberliği eğitim kuruluşlarının güncel faaliyet alanıdır. Sosyolojik çalışmaların sonuçları, gençlerin önemli bir kısmının, çevredeki konuların (akranlar, ebeveynler, kamusal kişilikler, vb.) Bilgi alanının etkisi altında, mesleki seçimlerini birbirinden farklı, mozaik ve çelişkili bir şekilde yaptıklarını kuvvetle göstermektedir. Bunun nedeni, gerçekliğin cehaletinden, derhal yüksek kariyer ve finansal sonuçlar elde etme arzusundan kaynaklanmaktadır. Gençler arasında işçi mesleklerinin popülaritesini yitirdiği belirtilmelidir. Bu nedenle mesleki eğitime odaklanarak, mesleğe olan eğilimi hesaba katmadan, aslında diploma

uğruna, gençler kendi mesleki seçimlerinden memnuniyetsizdirler ve sonuç olarak çalışma motivasyonlarını kaybederler. Bu bağlamda, gençleri mesleki eğitim alanlarını seçmek ve bölgedeki işletmeler ve kuruluşlar tarafından talep edilen meslekleri elde etmek için yönlendirmek önemlidir. Ve bu yöndeki çalışmalara okul öncesi çağdan başlanmalıdır, çünkü bu dönemde kişisel davranış ve öz-farkındalık mekanizmaları kendi kişisel niteliklerinin yeterli bir şekilde değerlendirilmesi şeklinde aktif olarak oluşturulmaktadır. Yaşa bağlı gelişimin sonraki aşamalarında uygun koşulların yaratılması ve bu yönde daha fazla çalışma yapılması, çocuğun bilinçli, bağımsız olarak profesyonel seçimler yapmasına ve başarılı olmasına olanak tanır.

Anahtar Kelimeler: okul öncesi, erken kariyer rehberliği, dilbilim, öğrenme, anaokulu.

«Örgütsel ve pedagojik koşullar» terimi iki anlamsal birimden oluşur» «örgütsel koşullar» ve «pedagojik koşullar». Her birini düşünün. Bilimsel ve pedagojik literatürde pedagojik koşullar altında pedagojide belirlenen görevleri (VA Belikov) çözmeyi amaçlayan içerik, formlar, yöntemler ve maddi ve mekansal ortamın nesnel olanaklarının bütünü anlaşılmaktadır [1]. Bununla birlikte, pedagojik koşullar sadece pedagojik süreçte bilinçli olarak yaratılmış olanları içerir ve bunların uygulanması en etkili şekilde ilerlemesini sağlar. Pedagojik koşulların yalnızca dış koşullara, duruma, süreci etkileyen nesnelere bütünlüğüne indirgenemeyeceği bir konumu paylaşıyoruz, çünkü eğitim sürecindeki çocuğun kişiliğinin gelişimi öznel ve nesnel, içsel ve dışsal, öz ve fenomenin birliğini temsil ediyor.

Çalışmamızın konusu göz önüne alındığında, okul öncesi çağındaki büyük çocuklarda «yetişkinlerin mesleki faaliyetleri hakkında fikirlerin oluşturulduğu ve erken kariyer rehberliği sürecinin başarısına katkıda bulunan bir dizi koşul olarak koşulları ele alıyoruz. Koşullar şu şekilde ifade edilebilir: çevredeki gerçekliğin nesnelere, eğitim sürecinin konuları, doğanın özelliklerine bağlı özellikler, bu sürecin organizasyonu ve uygulanmasının araçları, yöntemleri ve biçimleri.

V.I. Andreev, V.A. Belikova, A.Ya Naina'nın pedagojik çalışmalarında, şartlar kavramının genel ya da örgütsel ve pedagojik yönleri çoğunlukla vurgulanmaktadır. Ele aldıkları konu, eğitim, eğitim, eğitim ve kişisel gelişim süreçleridir. Çalışmamızın konusunun özellikleri, sürecin örgütsel tarafı hakkında soru sormaktadır

Okul öncesi yaştaki büyük çocukların erken kariyer rehberliği. Bu, «organizasyon» kavramının dikkate alınmasını gerektirir.

Bilimsel literatürde, «organizasyon» terimi biyolojik, sosyal ve bazı teknik nesnelere (genellikle «yapı» ve «sistem» kavramıyla genel bir bağlamda) atıfta bulunur. Organizasyon felsefesinde (fr. organization - düzenli, ince bir görünüme sahip olan şey) olarak kabul edilir:

– içsel düzenlilik, bütünün yapısına bağlı olarak bütünün az ya da çok farklılaşmış ve özerk kısımlarının etkileşiminin tutarlılığı;

- Bütünün bölümleri arasındaki ilişkilerin oluşumuna ve geliştirilmesine yol açan süreçlerin veya eylemlerin bütünü;

– Bazı programları veya hedefleri birlikte uygulayan ve belirli prosedürlere ve kurallara dayalı olarak hareket eden kişilerin birleşmesi (I. Lakatos).

Sistematik bir yaklaşımın bir parçası olarak, organizasyon yapı kavramıyla tanımlanır veya kaos kavramına karşı tezat oluşturur. Aynı zamanda örgütün iki yönü de ayırt edilir: düzenlilik ve yönlülük.» [2] «Düzenlilik, sistemin entropisinin tersi olan büyüklük olarak tanımlanır ve yönlendirme, sistemin çevre koşullarına uygunluğunu (veya uyumsuzluğunu), sistemin normal işleyişini sürdürmek açısından bu tür bir organizasyonun uygunluğunu yansıtır.

«Sosyolojide bu kavram, belirli bir amaç tarafından birleştirilen ve yönlendirilen bir kolektif anlamına gelir ve yönetim teorisinde, hedefe etkili bir şekilde ulaşmanın bir aracı olarak anlaşılmaktadır. Seçtiğimiz metodolojik yaklaşımlar çerçevesinde, söz konusu anlamın korunmasıyla birlikte organizasyon, düzenli çoğalmayı ve faaliyetin normal seyrini sağlayan, bütünlüğün, eksiksizliğin ve anlamın korunması için vazgeçilmez bir koşul oluşturan bir fenomen olarak kabul edilir.


A.V. Zaporozhets tarafından yönetilen APN okul öncesi Eğitim Enstitüsünde, kuruluşundan bu yana okul öncesi çağındaki çocukların ahlaki ve emek eğitimi için bir laboratuvar düzenlenmiştir. lab. VG Nechaeva). Bu alandaki önde gelen bilim adamları VG Nechaeva, TA Markova, L.A. Penyevska, E.I. Radina, R.S. Bure ve öğrencileri okul öncesi çocukların emek eğitiminin bilimsel ve teorik ve metodolojik temellerinin geliştirilmesine büyük katkılarda bulundular. Araştırmacılar, farklı çalışma biçimlerini kullanarak çocuklarda emek hakkında bir bilgi sistemi oluşturmaya çalıştılar. Ancak okul öncesi çocukların mesleklerle tanışmaları ve.

Çocukların kendi çalışma faaliyetleri birbiriyle bağlantılı değildi, bu alanlarda çalışmalar paralel olarak yürütülüyordu [3].

V.I. Loginova ve N.M. Krylovoy (okul öncesi Pedagoji Bölümü onlara LGPU. AI Herzena) okul öncesi çocuklarda yetişkinlerin çalışmaları hakkında sistematize edilmiş bilginin oluşması için sistemik ve yapısal bir yaklaşım önerildi, bu yaklaşıma dayanarak okul öncesi çocukları yetişkinlerin emeğiyle tanıştırmak ve genel olarak çocukların kendi çalışma faaliyetlerini öğretmek için bir program geliştirildi [4].

Bu programdaki temel bilgi, iş süreci hakkındaki «bilgiyi tanımlamaktadır. Programın ilk bölümünde, emek süreci yapısal olarak organize edilmiş bir bütün olarak kabul edilir. Bileşenlerin bileşimi ve aralarındaki omurga ilişkileri:

- Bu özel iş sürecinin bir sonucu olarak emek planının gerekliliğe bağlılığı (sözde yaratılış bağlantıları);
- emeğin sonucunun bileşenlerin niceliksel bileşimine (5 ana bileşen) bağlılığına olan bağlılığı; sonuçların oluşturulma sürecine bileşenlerin dahil edilme sırasına göre - niyet belirlenir, malzemeler, aletler seçilir, emek eylemlerinin sırası belirlenir, elde edilen sonuç değerlendirilir (işleyiş bağlantıları olarak adlandırılır);
- Sonuca ulaşmanın bileşenlerin içeriğe göre birbirlerine uygunluğuna bağlılığı - malzemenin seçimi, bir şeyin atanmasıyla belirlenir, yani, kişinin bu şeyin hangi ihtiyaçlarını karşılayacağı (emeğin sonucu); aletlerin seçimi, malzemenin özelliklerine göre belirlenir, vb.; bitişik bileşenlerdeki değişimin (niyet ve malzeme, malzeme ve aletler, vb.) önceki bileşenin içeriğini değiştirmeye bağlılığı – her şeyden önce, planın (sözde bağlantılar işlevseldir).



Şekil 1. Oluşum düzeylerinin yüzde oranı okul öncesi yaştaki büyük çocuklarda temsiller yetişkinlerin mesleki faaliyetleri hakkında (açıklayıcı ve kontrol deneyleri)

«Program, çocuklara yakın insanların (anne, baba, büyükanne, büyükbaba ve diğer aile üyeleri, bakıcı, dadi, doktor, aşçı, şoför ve çocuklara yakın olan diğer kişilerin) çalışmaları hakkında bilgi vermeyi içeriyordu. Emeğin eylemlerinin ve emeğin sonucunun açık olduğu zorluklarla tanışmanın gerektiği vurgulandı. Aynı zamanda şunu da vurgulamıştı: çalışmadan bahsederken, onu belirli faaliyetlerde göstererek, eğitimci sadece bilgi çevresini genişletmekle kalmayıp aynı zamanda öğrenimlerini insana ve emeğine olan minnettarlık, saygı duygusuyla ilişkilendirmelidir; Çocuklarda yetişkinlerin emeğine katılma isteğini yetiştirmek, insanların emeğinin sonuçlarını korumak, ekimlere, hayvanlara, ev eşyalarına, kültürlere karşı dikkatli olmak « [5]. 6-7 yaşlarındaki çocuklara «görünür iş gerçekleri: konutların, yeni okulların, çocuk tiyatrolarının, stadyumların, parkların, yeni fabrikaların, fabrikaların inşası, rahat ve güzel otobüslere, tramvaylara, motorlu taşıtlara vb. Dikkat etmeleri» önerildi [6]. Ancak, bu yaklaşımla, OV Dybina'nın çalışmasında belirttiği gibi, kişi üretim perdesinin arkasında gölgede kalıyor [7].

«Yetişkinlerin zor zamanları olan çocuklarla tanışırken ufukları genişliyor, kelime hazineleri yenileniyor ve aktif hale geliyor. Yetişkin meslekleriyle ilgili hikaye-rol yapma oyunları, çocukları birbirine yaklaştırır, iletişim kültürü becerilerini geliştirir. Ve bu doğrudan çocuğun düzenli olarak iletişim araçlarına ve yetişkinlerle ve akranlarıyla çeşitli etkileşim biçimlerine hakim olmasına yol açar.

Olumlu bir tutum ve çalışma alışkanlığı yaratmada önemli bir rol, çocuğu çevreleyen yetişkinlerin «yaşayan» örneği ve elbette emeğinin sonucuyla doğrudan temas kurmasıyla oynanır.

D.V. Sergeeva, yetişkinlerin «yaşayan» bir örneğinin çocuklarının yetiştirilmesindeki öneminden defalarca bahsetti. Çocuğu sürekli çevreleyen çalışma ortamının büyük önem taşıdığına inanıyor. Ancak çocukların emek için psikolojik hazırlıkları ancak çalışma sürecinde yetiştirme fırsatına sahiptir [8].

Anaokullarında yetişkinlerin günlük işlerinin en rasyonel organizasyonu için böyle bir fırsat vardır. Bu işte toplumsal bir karakter ifade edildiği için, bu da anaokulu personelinin günlük emeğinin, çocuklar üzerindeki etkisinde, ailede yapılan günlük emeğe kıyasla çok daha fazla «avantaja sahip olduğu anlamına gelir [9]. Yetişkinlerin kişisel bir örneği olarak böyle güçlü bir yetiştirme faktörü, bu durumda tam olarak hareket etmemektedir.

Bu nedenle, çocukların sürekli olarak gözlerinin önünde «yetişkin davranışlarının hayat veren örneklerine» sahip olabileceği bu tür yetiştirme koşullarını sistematik olarak oluşturmak gereklidir.

Yapılan çalışma aşağıdaki sonuçlara varmayı mümkün kılmıştır.

Şu anda, erken kariyer rehberliği eğitim kuruluşlarının güncel faaliyet alanıdır. Bu yön, okul öncesi çağdan itibaren uygulanmaya başlanmalıdır, çünkü bu dönemde kişisel davranış ve öz-farkındalık mekanizmaları, kendi kişisel niteliklerinin yeterli bir şekilde değerlendirilmesi şeklinde aktif olarak oluşturulmaktadır. Yaşa bağlı gelişimin sonraki aşamalarında uygun koşulların yaratılması ve bu yönde daha fazla çalışma yapılması, çocuğun bilinçli, bağımsız olarak profesyonel seçimler yapmasına ve başarılı olmasına olanak tanır.

Açıklayıcı bir deney yapma sürecinde elde edilen sonuçlar, çocuklarda yeterli olana (çocukların% 47.0'ında) yakın deneysel bir örneklem prevalansını ve yetişkinlerin mesleki faaliyetlerine ilişkin kavramların oluşum düzeylerinin yetersiz (çocukların% 41.2'sinde) yetersiz olduğunu göstermektedir. Bunun nedeni: Okul öncesi yaştaki büyük çocukların erken kariyer rehberliği üzerine doo'da bir çalışma sisteminin bulunmaması; Okul öncesi yaştaki büyük çocukların erken kariyer rehberliği üzerine çalışma biçimlerinin, yöntemlerinin ve tekniklerinin seçiminde öğretmenlerin yetersiz eğitimi.

Referans listesi:

1. İlk yol, çocuklara yetişkinlerin çeşitli çalışmalarını göstermek ve önemini açıklamaktır.
2. İkinci yol, yetişkinlerin ve çocukların ortak faaliyetlerinin doğrudan örgütlenmesidir (anaokulu koşullarının izin verdiği ölçüde) «[9].

Kullanılan literatürün listesi

1. Okul öncesi çocukların çalışmalarında eğitilmesi [Metin] / Ed. V.G. Nechaeva. – 3. baskı., iste. ve ek olarak: Aydınlanma, 1983. – 207 s.
2. Dybin, OV Çocuk ve etrafındaki dünya [Metin] / OV Dybin. – M. : Mozaik-Sentez, 2010. – 80 s.
3. Elzhova, N.V. Okul öncesi eğitim kurumunda kontrol sistemi ve metodolojik çalışma [Metin] / N.V. Elzhova. - 4. baskı. – Rostov-n/D : Phoenix, 2010. – 265 s.
4. Krasnovsky, LI Erken kariyer rehberliği deneyimi [Metin] / LI Krasnovsky // Okul öncesi eğitim. – 1991. – №10. - S. 39-44.
5. Kozlova, S.A. Bir çocuğu bir yetişkinin yaratıcı aktivitesine nasıl tanıtılır [Metin] / S.Ve Kozlova, O.V. Artamonova // Okul öncesi eğitim. – 1992. – № 11-12.
6. Kozlova, S.A. Okul öncesi çocukları sosyal dünyaya tanıtmanın teorisi ve tekniği [Metin]. Ders Kitabı / S.A. Kozlova, S.V. Kozhokar, S.E. Shukshina, A.Ş. Şahmanova. – M. : Infra-M, 2016. – 146 s.
7. Kondrashov, VP Okul öncesi çocukların meslek dünyasına tanıtımı [Metin]: Öğretim ve Metodolojik El Kitabı / VP Kondrashov. – Balashov : Nikolaev Yayınevi, 2014. – 52 s.
8. Kuzen, A.Y. Okul öncesi yaşlılarda proje faaliyetlerinde konu dünyasının tarihine bilişsel ilginin geliştirilmesi [Metin]: Autoref. dees. ... kand. ped. Bilimler : 05.05.2009 / A.Y. Kuzeni korundu. - St. Petersburg. : «Lemma» nın baskısı, 2009. – 24 s.
9. Kutsakova, LV Anaokulunda iş eğitimi. Program ve metodolojik öneriler. 3-7 yaş arası çocuklarla çalışmak için [Metin] / LV Kutsakova. Mozaik-Sentez, 2018. – 128 s.

¹Б.Т. ТЛЕУБЕКОВА

²Н.А. ТОЛЕЕВА

¹Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Алматы гуманитарлық экономикалық университеті,
²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

СӨЙЛЕСІМ ӘРЕКЕТІНІҢ ТІЛ МЕҢГЕРТУДЕГІ МАҢЫЗЫ (КӘСІБИ МӘТІНДЕР НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. Мақалада студенттердің сөйлесім әрекеттерін қалыптастыру, олардың сөйлеу мәдениетін кәсіби мәтіндер негізінде дамыту мәселесі зерделенеді. Білім алушылардың сөйлесім әрекетін дамыту үшін тілдік дағдыларын қалыптастырудың негізгі аспектілері, бұл не үшін маңызды, кәсіби мәтіндерді оқыту барысында қандай дағдыларды игереді, бұл әдіс жаңа білімді меңгерту барысында қаншалықты тиімді және білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттыруға қаншалықты ықпал ететіндігі пайымдалады.

Кәсіби мәтіндерді оқыту барысында білім берудің қолданыстағы әдіс-тәсілдерін оңтайландыруға ықпал ететін, сондай-ақ оқытылатын пәнге қызығушылықты барынша арттыратын, топта жұмыс істеу дағдысын қалыптастыратын, сондай-ақ зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдысын меңгеруіне барынша ықпал ететін тілдік әрекеттер, яғни сөйлесім әрекеті жан-жақты сараланады. Оқыту кезеңдері, күтілетін нәтижелер, бақыланатын әрекеттер, алға қойған мақсаттарға қол жеткізу әдістерінің этимологиясына салыстырмалы талдау жасалды.

Сөйлесім әрекетін зерделеп, талқылау барысында білім беру үдерісін жандандырып, білім алушылардың біліктілігін арттыруға барынша ықпал ететін әдістер мен дағдылар ұсынылды: саралау тапсырмасын беру, оқытудың алуан түрлі әдіс – тәсілдерін пайдалану. Айқындалған ұсыныстар ескеріле отырып, білім беру үдерісі және кәсіби мәтіндер негізінде сөйлесім әрекеті қайта жасақталды. Білім алушы тілді жете меңгеруі үшін бірнеше рет қатарынан өзара логикалық байланысты модульдық дәрістер жүргізіліп, білім алушылардың іс-әрекеттері бақыланып, зерделенді. Сонымен қатар білім алушылардың өзара ынтымақтастығы да назардан тыс қалмады. Нәтижесінде тілді барынша ұтымды меңгерту әдісі сөйлесім әрекеттерін саралау арқылы жетістікке жетуге болатындығы анықталды.

Тірек сөздер: тіл білімі, кәсіби лексика, оқыту әдістемесі, оқыту мазмұны, сөйлесім әрекеті, тілді меңгеру, лексикалық қор, кәсіби лексика, атау-сөздер.

Аннотация. В статье изучается проблема формирования коммуникативной деятельности студентов, развития их речевой культуры на основе профессиональных текстов. Рассматриваются основные аспекты формирования языковых навыков обучающихся для развития коммуникативной деятельности, для чего это важно, какие навыки приобретаются в процессе обучения профессиональным текстам, насколько эффективен данный метод в процессе усвоения новых знаний и насколько он способствует повышению интереса обучающегося к предмету.

В процессе обучения профессиональным текстам всесторонне дифференцируются языковые действия, т. е. речевая деятельность, которые способствуют оптимизации существующих методов и приемов обучения, а также максимизируют интерес к изучаемому предмету, формируют навыки работы в группе, а также максимально способствуют овладению навыками проведения исследовательской работы. Проведен сравнительный анализ этимологии этапов обучения, ожидаемых результатов, контролируемых действий, методов достижения поставленных целей.

В ходе изучения и обсуждения переговорной деятельности были предложены методы и навыки, активизирующие образовательный процесс и максимально способствующие повышению квалификации обучающихся: выдача дифференцированного задания, использование различных методов и приемов обучения. С учетом выявленных предложений был переработан образовательный процесс и переговорная деятельность на основе профессиональных текстов. Для того чтобы обучающийся смог овладеть языком, несколько раз подряд проводились логически взаимосвязанные модульные лекции, отслеживались и изучались действия обучающихся. Не остались без внимания и взаимное сотрудничество обучающихся. В результате было установлено, что метод наиболее рационального овладения языком позволяет добиться успеха путем дифференциации речевых действий.

Ключевые слова: языкознание, профессиональная лексика, методика обучения, содержание обучения, речевая деятельность, владение языком, лексический запас, профессиональная лексика, слова денотаты.

Annotation. The article studies the problem of the formation of students' communicative activity, the development of their speech culture based on professional texts. The main aspects of the formation of students' language skills for the development of communicative activity are considered, why it is important, what skills are acquired in the process of teaching professional texts, how effective this method is in the process of acquiring new knowledge and how much it contributes to increasing the student's interest in the subject.

In the process of teaching professional texts, language actions, i.e. speech activity, are comprehensively differentiated, which contribute to the optimization of existing teaching methods and techniques, as well as maximize interest in the subject being studied, form group work skills, and maximize the acquisition of research skills. A comparative analysis of the etymology of the learning stages, expected results, controlled actions, methods of achieving the goals was carried out.

During the study and discussion of negotiation activities, methods and skills were proposed that activate the educational process and maximally contribute to the professional development of students: the issuance of a differentiated task, the use of various methods and techniques of training. Taking into account the identified

proposals, the educational process and negotiation activities based on professional texts were redesigned. In order for the student to master the language, logically interconnected modular lectures were held several times in a row, the actions of students were monitored and studied. The mutual cooperation of the students was not left without attention. As a result, it was found that the method of the most rational language acquisition makes it possible to achieve success by differentiating speech actions.

Keywords: linguistics, professional vocabulary, teaching methods, teaching content, speech activity, language proficiency, vocabulary, professional vocabulary, words denotes.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді оқытуға, қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға үлкен мән беріліп, тілді меңгерудің тәсілдеріне де өзіндік соны талаптар қойылып отыр. Әсіресе, қазақ тілін ана тілі ретінде, екінші тіл ретінде оқыту аса өзекті мәселелердің бірі. Түйіні шиеленісті мәселенің шешіміне өз үлесін қосу мақсатында білікті тіл мамандары, ғалымдар мен әдіскерлер мемлекеттік тілді оқыту әдістемесі жөнінде тұщымды еңбектер жазып жүргендігі де мәлім.

Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытудың мазмұнын анықтайтын мемлекеттік стандарттар мен қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарламаға толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, бір жүйеге келтірілді. Құжаттардың қолданыс аясын арттыру арқылы ғана қазақ тілін оқытудың мазмұны жүйеленеді, стандартталады. Жоғары оқу орындарының, белді ғалымдардың, әдіскерлердің ұсыныстары мен пікірлері жинақталып, сарапқа салынып қана өзгерістер енгізілді. Сондықтан аталған нормативті құжаттардың кезекті басылымы қолданысқа енгізіліп, мамандар талқысына ұсынылды.

Қазақ тілін оқытып-үйретудің жаңа, сапалы, тиімді әдіс-тәсілдерін сараптау қажеттіліктен туындайтыны айқын. Өйткені, күнделікті қарқынды дамып жатқан ғылыми-техникалық, ақпараттық үдеріс өз талабын ұсынады. Әлемдік тәжірибені назарға алсақ, шет тілдерді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттері: зерттеу, оқыту, баға стандартында сөйлеу әрекетін қалыптастыратын төрт тілдік дағды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) екені айқын көрсетілген. Бұл бағыттың маңыздылығы тілдік бірліктерді дәстүрлі түрде сипаттаудан гөрі олардың коммуникативтік мағыналарына талдау жасайды. Сол арқылы тіл үйренушінің өз ойын жеткізу және басқаның айтқанын түсіну құзыретінің қалыптасуына ықпал етеді. Тіл үйренушінің тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруі үшін практикалық тұрғыдан пайдалануына назар аударылады. Жаттығу-дағдыландыру жұмыстары белгілі бір жағдаятқа байланысты топтастырыла беріледі, себебі тіл үйренушілер үшін күнделікті өмірде (жұмыста, көлікте, мәдени орындарда) қолданылатын лексика-грамматикалық минимумдарды меңгеру маңызды.

Сөйлеу әрекеті түрлерінің тілді оқыту үдерісінде де, бағалау үдерісінде де кездеседі. Қазақ тілін кәсіби бағытталған коммуникативті дағдылар деңгейінде қолдану ғылыми-техникалық, әлеуметтік-экономикалық және басқа да сала мамандарының функционалды компоненттерінің бірі болып табылады.

Бүгінгі Қазақстанның жоғарғы мектебі өз алдына тілді үйрету мазмұнын жаңалау тапсырмасынан басқа, болашақ мамандардың кәсіпкерлік қызметінің шынайы жағдайларына жақын коммуникативті құзіреттіліктің жаңаша әдістерін қалыптастыруды енгізуді міндет етіп қойып отыр. Тіл үйренушінің құзыретті бағыт бойынша ақпаратпен қамтамасыз етілуін ғана емес, ол мәселелерді шешу шеберлігін бірінші орынға қояды, сондықтан кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру технологиялары тәжірибелік-бағдарлық сипатта болуы оның нәтижесінде үйренушінің кәсіби тапсырмаларды шешу қабілетін қалыптастыруы керек.

Қазіргі таңда коммуникативтік дағдылар маманның кәсіби білімі мен біліктілігіне қарамастан, маман біліктілігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Сөйлесім әрекетінің тіл меңгертудегі рөлі коммуникативтік-дискуссиондық саладағы, кәсіп пен мамандық негіздері, іскерлік коммуникация мәдениетін қамтитын пәндердің тоғысында меңгерілетін және аталған бағыттағы пәнаралық білім аймағы екендігі анық.

Сөйлеу әрекетін қалыптастыратын төрт тілдік дағды: айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым нақты кәсіп саласы бойынша өзекті міндеттерді қазақ тілінде шеше алатын мамандардың коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Білім алушылардың кәсіби практиканың түрлі саласындағы өзара қарым-қатынас құралдарын еркін меңгеруі, тілдік оралымдарды, кәсіпке сәйкес терминдерді, кәсіби атауларды, баламалы фразеологизмдерді өз мамандығының аясында қолдана білетін әрі тәжірибелік, коммуникативтік дағдыларды жетік меңгерген, осы саладағы нормативтік-құқықтық мәселелер бойынша білімді және білімді өз бетінше жетілдіру құзыреттіліктерін де қалыптастыруы қажет.

Тілдік біліктілікті арттыру жұмыстары мамандық бойынша дерек көздерімен жұмыс, қоғам өмірінде болып жатқан оқиғаларға тілдік оралымдарды пайдалана отырып, көзқарасын еркін баяндау,

тілдік тақырыптарына қатысты әдебиеттерді зерделеу; оқылған мәтін бойынша мәтіналды тапсырмаларды орындау; өз бетінше мәтін тандау және оны стиль түріне сәйкес талдау; ғылыми стилдің түрлі жанрлары бойынша (ауызша және жазбаша) жұмыс әзірлеу; берілген тақырып бойынша кәсіби мерзімді басылым материалдарын шолу; терминологиялық (бір тілді, екі тілді) сөздіктер құрастыру; тақырыптық глоссарий құрау; эссе, реферат, пікір, рецензия, бейне презентация әзірлеу сияқты дағдыларды тиісті деңгейде меңгеруді бағамдайды.

Бүгінгі қоғам жоғары ғылыми қауымдастықтық пен доғары оқы орындарының лдына бәсекеге қабілетті мамандар дайындау талабын қойып отыр. Яғни, болашақ маман іскерлік қарым-қатынас жағдаятында оң шешім шығарып, оны жүзеге асыра алатын кәсіби біліктілігі мен интеллектуалды әлеуеті жоғары маман болуы шарт. Осы ретте маман үшін өз саласы бойынша сөйлесім әрекетінің, яғни, иауызша және жазбаша тілдесім технологияларын игеруі аса маңызды болып табылады. Жазбаша және ауызекі формадағы тілдік қатынас жасауды еркін жүзеге асыратын маманды даярлау тілді мамандыққа сәйкес оқытудың жаңа жүйесін құруды талап етеді.

Осы орайда болашақ маманға кәсіби лексиканы (тілді) өз кәсібінің шеңберінде қарым-қатынас жасай алатын және оған кеңес беріп, пікір білдіре алатын деңгейде меңгертіп шығару көкейкесті мәселе болып отыр. Коммуникация негізінде тұрақты байланыс жасайтын кәсіби мамандардың сөз мәдениетін дамыту, тілдік қарым-қатынасын, атап айтқанда ауызша сөз формасының диалогтық түрінің ерекшеліктерін үйрету, тыңдаушы психологиясын ескере отырып, оған жайлы, жұмсақ естілетін сөз формалары мен синтаксистік оралымдарды, тұрақты сөз тіркестерін меңгерту алдыңғы орынға шығып отыр.

Оқу үдерісі бұл нақты бір пән бойынша оқыту ғана емес сонымен қатар мамандық бойынша заманауи кәсіби терминдерге негізделген лексикалық қор қалыптастырған қызметкер қалыптастыруға бағытталған тілдесім жүйесі болып табылады. Кәсіби қазақ тілін оқыту барысында пайдаланылатын инновациялық заманауи әдістер мәдениетаралық құзірет қалыптастыратын біртұтас педагогикалық жүйе болып табылады. Білім беру үдерісінде тіл туралы, оның қызметі және қолданыстағы нормасы, арнайы медициналық дискурстағы ерекшеліктер, сөйлеу әрекетінің барлық оқу-кәсіби және ғылыми-кәсіби салаларында тілдік құралдарды ұтымды пайдалана білу дағдыларын меңгерту деген сөз.

Бүгінгі таңдағы шұғыл өзгерістер, шапшаң технологиялар заманында туған тәуелсіз ел жастарын тәрбиелеу мен оқыту талапшыл уақытқа сай болуды қажет етеді. Жаһанданған әлемдегі білім берудің қазіргі кездегі ең басты мақсаты – түлектерді халықаралық сапалық көрсеткішке жеткізу, көптұғырлы тілдік компетенцияға ие қылу, яғни мемлекеттік тілді, ана тілін және шет тілдерін игеру арқылы көптілділікке негізделген полимәдени сананы дамыту болып табылады.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік жоспарында жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігін ұлғайту мәселесіне баса көңіл бөлінген, сондықтан бүгін ЖОО-ның білім беру кеңістігін ұлғайтуға зор мүмкіндіктері бар. Мемлекетіміздің білім беру саласындағы негізгі міндеттер қатарына қоғамдық және мемлекеттік түрлі құрылымдарда жасампаздық таныта жұмыс істей алатын, өзіндік ойлау жүйесі қалыптасқан, рухани тұрғыдан бай және үйлесімді дамыған, көптілділікке негізделген полимәдени санасы ояу, жан-жақты тұлға тәрбиелеу және оқыту болып отыр.

Әлемдік үлгіге сәйкестендірілген жаңа буын білім беру бағдарламалары Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің (ЕЖБК) Квалификациялық Шектерімен үйлестіріліп, Дублиндік дескрипторларға сәйкес, құзыреттілік тұғыры негізінде модульдік принциппен жасақталып, оған қоса, академиялық, кәсіби қауымдастықтың пікірі ескеріліп барып даярлануы тиіс.

Бүгінде еліміздің барлық жоғары оқу орындарында тілді толыққанды меңгеру қағидасына сәйкес қазақ, орыс, ағылшын тілінде жоғары білікті, мультилингвизмге негізделген полимәдени компетентті маман даярлау мақсатына сәйкес білім беру бағдарламалары жұмыс істейді.

Тілдік құзіреттілікке негізделген білім беру – бұл тұлғаны оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың нақты мақсат көздеп ұйымдастырылған біртұтас үрдісі болып табылады. Бұл мақсат жаңа білім беру бағдарламаларында ұтымды шешім тапқан.

Халқымыздың біртуар данышпаны Мағжан Жұмабаев: «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілдің болуы.» – деп тіл жайында терең толғаған. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жүргізіліп келе жатқан тіл саясатының арқасында қазіргі таңда мемлекеттік тіл туралы оңды қоғамдық көзқарас қалыптасып отыр.

Мемлекет тарапынан ұсынылған бағдарламалар нәтижесінде және ҚР Білім беру заңының 11 (5) бабына сәйкес шетел тілдерін меңгерту мақсатында Қазақстан Республикасындағы ЖОО-да көптілді білім беретін мамандықтар қатары ашыла бастады. Бұл арнайы топтарда оқитын білім алушылар мен оқытушылар үшін қолайлы жағдай жасалған, оқу үдерісі техникалық, әдістемелік тұрғыдан толық

қамтамасыз етілген. Ағылшын тілін жетілдіру мақсатында, сол тілде жүргізілетін пәндерге арналған аудитория заманауи сандық аудио-бейне техникамен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен, интерактивті тақтамен және т.б. тілді жетілдіру үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Еліміздің университеттерінде оқытушылар құрамында үш тілде таза сөйлейтін ұстаздар жеткілікті. Білімді ұстаздарымыздың арқасында көп тілде оқитын топтар өз мамандығын жетік меңгеріп жатыр. Сонымен қатар, оқытушылардың тілдерін жетілдіру мақсатында, шетелге тәжірибе алмасуға жіберіп тұрса немесе шетелден профессорларды дәріс жүргізуге шақырсақ жақсы болар еді. Білім алушыларға кәсіпқой, өз ісінің маманы болуда, оқытушылардың атқаратын рөлі өте зор.

Қорыта айтқанда, кәсіби лексика негізінде сөйлесім әрекеті арқылы тілді меңгерту тәжірибесін жинақтау сөйлеуші деңгейінің көтерілуге мол мүмкіндіктер ашады. Бұл білім алушылардың тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, ғылыми жобаларға қатысуын жандандырып, әріптестерімен ғылыми байланыстарын нығайтуға, қажетті ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.
3. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1987.
4. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001.
5. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Атамұра, 2005.
6. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 272
7. www.webinary.biz
8. Виртуальное образование <http://www.rae.ru/monographs/23-645>
9. Александрова, Л.Д. Культура виртуальной коммуникации Текст.: дисс. канд. филос. наук. 09.00.13 / Л.Д. Александрова. – Челябинск, 2009. – 160 с.
10. Антонова, О.А. Теория и практика виртуальной реальности. Логико-философский анализ Текст. / О.А. Антонова. СПб: Издательство: – СПбГУ, 2008. – 168 с.

М.Ә. ТӨЛЕГЕНОВА

*Филология ғылымдарының магистрі, PhD докторант,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан*

ДИСКУРС – ТАЛДАУ МЕН ПРАГМАЛИНГВИСТИКА: ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Аңдатпа. Мақалада тіл біліміндегі антропоэзектік парадигманың негізгі бағыттарының бірі болып табылатын дискурс-талдау мен прагмалингвистика салаларының пайда болуы мен дамуы жайлы ақпарат берілді. Зерттеу теориялық міндеттерді алдына қойғандықтан, аталған бағыттардың негізін салған және зерттеген шетелдік және отандық ғалымдарға шолу жасалды. Дискурс-талдау мен прагмалингвистиканың өзара байланысы мен айырмашылығы қарастырылды. Прагматиканың дамуынан сөйлеу актілер теориясы пайда болса, ал сөйлеу актілер теориясы дискурс-анализдің қалыптасуына әсер етті. Мақаламызға негіз болып отырған дискурс-талдау мен прагмалингвистиканың қазіргі лингвистикадағы маңыздылығын ескере отырып, екі саланың зерттеу нысаны өзара ұқсас екендігін көрсеттік.

Тірек сөздер: антропоэзектік парадигма, дискурс, дискурс-талдау, прагмалингвистика.

Аннотация. В статье приводится информация о возникновении и развитии дискурс-анализа и прагмалингвистики, как основных направлений антропоцентрической парадигмы в лингвистике. Опираясь на теоретическую основу исследования, проведен обзор зарубежных и отечественных ученых, основавших и исследовавших вышеупомянутые направления. Рассмотрены взаимосвязь и различия дискурс-анализа и прагмалингвистики. В результате развития прагматики возникла теория речевых актов, которая, в свою очередь, повлияла на формирование дискурс-анализа в дальнейшем. Учитывая

важность роли дискурс-анализа и прагмалингвистики в современной лингвистике, мы показываем, что две области имеют схожие объекты исследования.

Ключевые слова: антропоцентрическая парадигма, дискурс, дискурс-анализ, прагмалингвистика.

Annotation. The article provides information about the emergence and development of discourse analysis and pragmalinguistics as the main directions of anthropocentric paradigm in linguistics. Relying on the theoretical basis of the study, a review of foreign and domestic researchers who founded and researched the above-mentioned directions was conducted. The relationship and differences of discourse analysis and pragmalinguistics are examined. The development of pragmatics gave rise to the theory of speech acts, which in turn influenced the formation of discourse analysis later on. Considering the importance of the role of discourse analysis and pragmalinguistics in modern linguistics, we show that the two fields have similar objects of study.

Keywords: anthropocentric paradigm, discourse, discourse analysis, pragmalinguistics.

Кез келген ғылымның, соның ішінде тіл білімінің дамуында парадигмалардың ауысуы қалыпты құбылыс. «Ғылыми парадигма» терминін Т. Кун «Ғылыми революцияның құрылымы» (1962, орысша аудармасы – 1977) атты еңбегінде қолданды. Ғалым: «Парадигма дегеніміз – белгілі бір уақыт аралығында ғылыми қауымдастыққа мәселелерді шешу жолдарының үлгісін ұсынатын барлығы мойындаған ғылыми жетістіктер» деп көрсетеді.

Тіл білімінің даму тарихында үш ғылыми парадигма бар. Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулердің негізі – тілдегі антропоэкетілік мәселесі. Антропоэкетік парадигма В. Фон Гумбольдтың және Э. Бенвенисттің идеяларынан бастау алады. Аталған парадигма адам танымы мен ой құрылымын тіл арқылы және керісінше ой құрылымынан тілге қарай бағытталған зерттеулерге негізделген.

Қазіргі тіл біліміндегі антропоэкетік парадигманың негізгі бағыттары ретінде дискурс теориясы, дискурс-анализ, прагмалингвистика салаларын атауға болады. Антропоэкетік парадигма тілді жеке қарастырмайды, тілді адамға қатысы тұрғысынан, сөзді айтушының мақсаты мен ниетінің сабақтастығында зерттейді. Ал бұл мәселені дискурстық талдау және прагмалингвистика салалары қарастырады.

«Дискурс-талдау» терминін лингвистикада алғаш рет америкалық ғалым, құрылымдық лингвистиканың негізгі өкілдерінің бірі З. Харрис қолданды. Пенсильвания университетінің жобасы аясында дистрибутивтік әдістің көмегімен сөйлемді бірізді мәтіннен ажырату жолдарын ұсынды. Сонымен қатар тіл мен сөйлеуді қарама-қарсы қою арқылы дискурстың сөзден гөрі «сөйлеуге» жақын екендігін көрсетті. Ал «дискурстық талдау» әдістемесін жасауда «ақпарат теориясын» негізге алды. «Ақпарат теориясы – математиканың ақпаратты сақтау, түрлендіру және тасымалдау әдістерін зерттейтін бөлімі, кибернетиканың маңызды саласы» [1, 28 б.]. Ғалым мәтіндегі таңбаның ақпараттылық дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін «Харрис алгоритмін» ұсынды. 1952 жылы жарық көрген мақаласында «дискурс-талдау» ұғымы дискурстағы ақпаратты қолдануды зерттеу әдісі ретінде пайдаланылды. З. Харристің негізгі мақсаты мәтінде не айтылғаны емес, қалай айтылғанын көрсету болды. Кейінірек «дискурс-талдау» термині «textlinguistic» («мәтін лингвистикасы») терминімен байланыстыра бастады. Тек 1960 жылы Францияда құрылымдық идеологияның дамуы аясында лингвистика, әлеуметтану және психоанализдің бірігуі нәтижесінде өз алдына дербес сала болып бөлініп шықты. Ф. де Соссюр ұсынған тіл мен сөйлеуді ажырату идеясы осы бағыттың негізін салушы Э. Бенвенист, Р. Якобсон, Р. Барт және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапты. Соңғы онжылдықта дискурстық талдау әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардағы ең танымал зерттеу әдістерінің бірі ретінде қарастырылып келеді.

Дискурстық талдаудың әдіснамасымен айналысатын арнайы зерттеу мектебі жоқ. Бірақ дискурс-талдау әдісіне арналған бірқатар зерттеулер бар. Мәселен, Дания мен Швецияда коммуникацияны зерттеуші Л. Филлипс пен М. Йоргенсеннің «Дискурс-талдау. Теория және әдіс» («Discourse Analysis as Theory and Method») атты еңбегін атап өткен жөн. Ғалымдар зерттеу жұмысында дискурстық талдау үш негізгі бағытын атап көрсетеді: 1) Лакло-Муффтың дискурс теориясы; 2) сыни дискурстық талдау (СДТ); 3) дискурстық психология [2].

Дискурстық талдаудың мақсаты – жазбаша мен ауызша сөйлеудің астарындағы әлеуметтік мәнмәтінді анықтау және тіл мен әлеуметтік үдерістер арасындағы байланысты зерттеу. Бұл көзқарастың қалыптасуына тіл біліміндегі, философиядағы, антропологиядағы, әлеуметтанудағы бірқатар теориялық бағыттар әсер етті. Солардың бірі – өткен ғасырдың ортасында Дж. Остиннің жасаған және Дж. Серльдің еңбегінде жалғасын тапқан сөйлеу актілер теориясы. Бұл теорияда тіл әмбебап немесе үнемі

қайта анықталатын мағыналардың жиынтығы ретінде емес, күнделікті өмірде адамдар басқалардың мінез-құлқына, ойлары мен эмоцияларына әсер ететін әрекет өрісі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар сөз арқылы жүзеге асатын іс-әрекеттер мен оларды қолданудың әлеуметтік мәнмәтіні арасындағы тығыз байланыс ерекше атап өтіледі.

Дискурстық талдаудың негізгі міндеттері ретінде мыналарды атауға болады:

1. Дискурстық талдау сөйлеудің ауызша және жазбаша түрлерін зерттейді. Жазбаша мәтіндер мен барлық нормалар мен ережелерге сәйкес жасалған ауызша мәтіннің транскрипциялары тілдік материал ретінде қолданылады. Дискурстық талдау тілдік материалдың негізінде жасалынатын сөйлеу актілер теориясы, формалды прагматика, эксперименттік психология, әлеуметтану саласындағы зерттеулерден ерекшеленеді. Сонымен қатар, конверсациялық талдаудан қарағанда тілдік материал және теориялық мәселелерді көбірек қамтиды.

2. Дискурстық талдау тілдік қатынастың мазмұндық, атап айтқанда, әлеуметтік ұйымдастырылуына назар аударады. Мәтін лингвистикасынан басты айырмашылығы: дискурс – прагматикалық, ал мәтін – лингвистикалық категория.

3. Дискурстық талдау үш негізгі категорияға негізделген: әрекет, құрылым және варианттылық. Адамдар бірдені айтқанда немесе жазғанда әлеуметтік әрекет жасайды. Әлеуметтік әрекет сөйлеуші мен жазушының дискурс кезінде нақты қандай тілдік құралдарды (функционалды стиль мен риторикалық құрал) пайдаланғандығы негізінде анықталады.

4. Әлеуметтік институттарда жүзеге асатын коммуникацияның қандай да бір түріне дискурстық талдау жасай отырып, зерттеушілер саяси пікірталастардан күнделікті әңгімелерге дейін мәтіннің кез келген түрі мен сөйлеу жанрындағы риторикалық, аргументативтік құрылымдарға қызығушылық танытады.

5. Дискурстық талдау – когнитивтік сипатқа ие. Ол дегеніміз – сөйлеуді зерттеу арқылы адамның ішкі және сыртқы әлемі, болмысы мен ойлауы, жеке және әлеуметтік әрекеті туралы сұрақтарды шешуге ұмтылу. Дискурстық талдау білім мен наным-сенім, ақиқат пен қате, пікір мен бағалау, мәселені шешу, логикалық ойлау, дәлелдеу сияқты когнитивтік құбылыстарды зерттеуде негіз бола алады.

«Прагматика» терминінің пайда болуы Ч. Морристің (Моррис, 1938) есімімен байланысты. Семиотика бөлімдерінің бірінің атауы және тілдік таңбалардың қызметін зерттейтін саласы ретінде таңбаларды үш аспектіде қарастырды. Ол семиотиканы таңбалардың өзара формалды қатынасын реттейтін синтактика, таңбалардың объектіге қатынасын зерттейтін семантика және сөйлеушілердің таңбаларға қатынасын зерттейтін прагматика деп бөлген. Кейінірек ғалым бұл тұжырымдаманы «таңбалардың пайда болуы, қолданылуы және әсер етуі» деп аздап өзгертті («the origin, uses and effects of signs». Моррис, 1971).

Жоғарыда аталып өткен сөйлеу актілер теориясы дискурс-анализдің қалыптасуына әсер етті. Ал прагматика дамуының келесі кезеңі тілдің мәнін тұлғааралық өзара әрекеттесу үдерісінде белгілі бір мақсатқа жету құралы ретінде түсіндірудің логика-философиялық дәстүрімен байланысты сөйлеу әрекеті концепциясының пайда болуына сәйкес келеді. Л. Витгенштейннің «Логика-философиялық тракт» еңбегінен бастау алып, Остиннің, Серльдің «мағынаның прагматикалық теориясы» және Грайс пен Лакофтың «коммуникация импликауралары мен постулаттары теориясына» арналған еңбектерінде жалғасын тапты. Сөйлеу актілер теориясындағы коммуникацияның негізгі бірлігі сөйлемнің өзі емес, қандай да бір сөйлеу әрекеті (тұжырым, өтініш, сұрақ, кешірім сұрау, құттықтау) болып табылады. Сөйлеу актісі үш актіні біріктіреді: локутивті, иллокутивті және перлокутивті. Локутивті мағына және иллокутивті күш сөйлеу әрекетін мазмұндық тұрғыдан сипаттайды. Перлокутивті әрекет – бұл адресатқа сөйлеу арқылы әсер ету, басты назар оны түсінуге емес, әрекетке, адресаттың күйі мен мінез-құлқының өзгеруіне аударылады. Кейіннен прагматикада перлокутивті актпен салыстырылатын «прагматикалық әсер» термині пайда болды.

Қазақ тіл білімінде прагмалингвистика жан-жақты зерттелген. Атап айтқанда, М. Оразов сөз семантикасының прагматикалық аспектісін қарастырса, А. Алдашева публицистикалық терминдердің прагматикалық ерекшеліктерін, Б.Қ. Момынова газеттік лексиканың прагматикалық аспектісін, Д. Әлкебаева қазақ тілі стилистикасының прагматикасын, С. Аташев бұқаралық ақпарат құралдарының прагматикасын, Б. Хасанов сөздің лексикалық мағынасы мен прагматикасын, Б. Райымбекова қазақ және орыс тілдеріндегі газет мәтінінің прагматикалық аспектісін, Г.К. Ихсанғалиева тақырыптарға прагматикалық талдау жасаған. Т.Ш. Мырзахметова тыныс белгілердің, оның ішінде көп нүктенің қолданысын прагматикалық тұрғыдан зерттеген. Ал Р.А. Омарова неміс тіліндегі газеттер материалы бойынша баспасөз дискурсына прагмалингвистикалық талдау жүргізсе, С.Қ. Ережепова орыс және

қазақ тілдеріндегі ресми-іскерлік стильдің прагмалингвистикалық аспектісін салыстыра зерттеді [3, 10 б.]. Бұдан бөлек Н.Ж. Дәулеткерееваның «Қазақ баспасөзіндегі қайтамалардың прагматикалық мәні», З.Ш. Ерназарованың «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі, Қ.Ө. Есенованың «Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде)», Қ.К. Кенжеқанованың «Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша)», Ж.Т. Таубаевтың «Eponyms in political discourse: pragmalinguistic aspect» атты диссертациялары прагмалингвистиканың дамуына үлесін қосты деп айтуға болады.

Мақаламызға негіз болып отырған дискурс-талдау мен прагмалингвистиканың қазіргі лингвистикадағы маңыздылығын ескере отырып, екі саланың зерттеу нысаны өзара ұқсас екендігін аңғаруға болады. Екі сала да тіл білімінің негізгі бағыттарының бірі, екеуі де антропоэзектік парадигма аясында тілді адаммен байланыста қарастырады. Дискурстық-талдау прагмалингвистика сияқты тілді қолдану аясы мен мәнмәтін бойынша зерттейді. Прагматика дискурс-талдаудың негізі, бірақ екеуін тек бір сала аясында қарастыруға болмайды. Дискурстық-талдау прагматиканың ұғымдары мен құралдарына сүйенеді, бірақ біріншісі екіншісіне қарағанда кеңірек және эмпирикалық бағыттағы пән болып табылады. Өйткені дискурс-талдау прагматиканың зерттеу нысанына кірмейтін көптеген мектептер мен бағыттарды қамтиды. Прагмалингвистика, керісінше, теориялық пән болып есептеледі. Ол сөйлеу актілері, импликатура немесе референция сияқты мәселелерді қарастырады, ал дискурстық талдаудың зерттеу нысаны кеңірек, өйткені дискурс-талдаудың негізі тек осы мәселелермен шектелмейді. Бұдан біз прагмалингвистиканың негізгі міндеттерінің бірі дискурстың табиғатын ашу деген қорытынды жасауымызға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2007. – 344 б.
2. Йоргенсен М., Филлипс Л. Дискурс-анализ. Теория и метод / Пер. с англ. – Х., 2008. – 352 б.
3. Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): фил. ғыл. д-ры. ... дис. автореф. – Алматы, 2007. – 49 б.

A. TURLIBEK

*Al-Farabi Kazakh National University 1st year master's student of the specialty
«Foreign Language: two foreign languages»*

G. KORTABAEVA

*Al-Farabi Kazakh National University
candidate of philological Sciences, senior lecturer
Almaty, Kazakhstan*

A COMPARATIVE ANALYSIS OF PHRASEOLOGICAL UNITS WITH PROPER NAMES IN KAZAKH AND TURKISH LANGUAGES

Аңдатпа. Тіл ұлттың өзіндік сипатын, оның ерекшелігін, ертеңгі және бүгінін, сондай-ақ ежелгі тарихын жеткізетін факторлардың немесе құралдардың бірі екенін бәрі біледі. Әр тілдің сөздік қорының түрлі-түсті және экспрессивті бөлігі ретінде жалқы есімдері бар фразеологиялық бірліктерді қарастыруға болады. Қазақ және түрік тілдері де ерекшелік емес, өйткені көптеген фразеологиялық бірліктерде тиісті атаулар бар. Осы мақаланың негізгі мақсаты фразеологиялық бірліктерді қазақ және түрік тілдеріндегі өз есімдерімен салыстыру болып табылады. Бұл мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі осы фразеологиялық бірліктердің шығу тегі мен тарихи дамуы, оның ішінде екі тілде де өз есімдері бар фразеологиялық бірліктердің семантикалық және прагматикалық аспектілерін талданып, сондай-ақ олардың мәдени маңызы келтірілген. Фразеологиялық бірліктер ұлттық мәдениетті бейнелеу құралы және ұлт мәдениеті мен ұлттық сипат туралы құнды ақпарат көзі болып табылады. Мақалада қазақ және түрік фразеологизмдерінде өз есімдерін қолдану салыстырылады және салыстырылады. Жалпы, мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі мәдени құндылықтар мен нанымдарды білдірудегі өз есімдерінің рөлі туралы ақпарат берілген, олардың айырмашылықтары мен осы фразеологиялық бірліктердің мәдени-тарихи контекстін түсінудің маңыздылығы көрсетілген.

Тірек сөздер: тіл, мағыналар, фразеологиялық бірліктер, мәдениет, жалқы есімдер.

Аннотация. Всем известно, что язык является одним из факторов или инструментов, передающих самобытный характер нации, ее специфику, завтрашний день и настоящее, а также ее древнюю историю. В качестве красочной и выразительной части словарного запаса каждого языка можно рассматривать фразеологизмы с именами собственными. Казахский и турецкий языки не являются исключением, поскольку многие фразеологизмы содержат имена собственные. Основной целью данной статьи является сравнение фразеологизмов с именами собственными в казахском и турецком языках. В данной статье представлено происхождение и историческое развитие этих фразеологизмов в казахском и турецком языках, включая анализ их семантических и прагматических аспектов фразеологизмов с именами собственными в обоих языках, а также их культурное значение. Утверждается, что фразеологизмы являются средством отражения национальной культуры и ценным источником информации о культуре нации и национальном характере. В статье также сравнивается и противопоставляется употребление имен собственных в казахских и турецких фразеологизмах. В целом, в статье представлена информация о роли имен собственных в выражении культурных ценностей и верований в казахском и турецком языках, подчеркиваются их различия и важность понимания культурно-исторического контекста этих фразеологизмов.

Ключевые слова: язык, значения, фразеологизмы, культура, имена собственные.

Abstract. Everyone are aware that language is one of the factors or tools that convey a nation's original character, specifics, tomorrow and present, as well as its old history. As the colorful and expressive part of every language's vocabulary can be considered phraseological units with proper names. The Kazakh and Turkish languages are no exception, with many phraseological units containing proper names. The main purpose of this article is to compare phraseological units with proper names in Kazakh and Turkish languages. This article presents the origins and historical development of these phraseological units in Kazakh and Turkish languages including the analysis of their semantic and pragmatic aspects of phraseological units with proper names in both languages, as well as their cultural significance. It is stated that phraseological units are a means of reflecting national culture and a valuable source of information about the nation's culture and national character. The article also compares and contrasts the use of proper names in Kazakh and Turkish phraseological units. As a whole, the article provides information regarding the role of proper names in expressing cultural values and beliefs in Kazakh and Turkish, emphasizing their differences and the significance of understanding the cultural and historical contexts of these phraseological units.

Keywords: language, meanings, phraseological units, culture, proper names.

Language can be regarded as any nation's treasure because it carries a culture's identity, originality, and centuries-old history, as well as its present and future, also it is an art form that allows values and traditions to be passed down through generations. According to the survey of Pew research center, even, language seen as the most important requisite of national identity [1]. That is to say, carries significance spiritually, culturally, and emotionally. Similarly, when language is preserved, traditions and customs live on in the hearts and minds of those who understand it. Language reveals the similarities and differences in their respective perceptions of life and overall outlook, revealing the plurality of the worldview in the cognition and consciousness of individuals from diverse cultural or national backgrounds. Every language comprises a distinct field of linguistics, encompassing the study of phraseological units, with a particular emphasis on those incorporating proper names, which hold a unique significance within the purview of linguistic analysis. There is no exception for Kazakh and Turkish languages, I mean, the Kazakh and Turkish languages have a rich history and diverse cultures that have influenced phraseological units.

Generally, the term phraseological unit is «an umbrella term that encompasses all multi-word units of the language whose meaning is not compositional, i.e. not retrieved or decoded as the addition of the meanings of each of their constituent parts» [2, 3 p.]. The concept of phraseology, which is a stable phrase consisting of several words that plays a key role in the use of language, in general, is a term formed from the Greek sense of «phrasis» - packaging, phraseology, «logia» - concept, doctrine. According to some information, phraseology emerged in the twentieth century. Actually, phraseology appeared in the middle of the 19th century as a field of linguistics. A considerable amount of valuable work done by Lipka (1992), Weinreich (1969), and Welte (1990), and the post-soviet linguists, such as Abakumov, Reformatski, Arnold, Bulakhovski, Ojegov, Amosova, and Vinogradov (Guliyeva, 2016) was devoted to the study of phraseological units. However, Swiss linguist Balli was the first who introduced the term «phraseology», and defined it as a «part of stylistics, studying the collocated word groups».[3,8]. Because this term did not exist in the American or British traditions,

phraseological studies were conducted with an emphasis on idiomatic aspects, and the phraseological units became known as «idioms» Thus, phraseology appears to be a fairly broad field of study that includes studies of fixed expressions, fixed phrases, fixed word groups, and idioms.

And a proper name, as is known, forms the names of a person, land, water, although one of the successful definitions of a proper name was proposed by O. I. Fonyakova: «A proper name is a universal functional semantic category of nouns, a special type of verbal signs designed to isolate and identify single objects (animate and inanimate) expressing single concepts and general ideas about these objects in the language, speech and culture of the people». [4,21 p.] Each name is a word that develops according to the laws of language, and information about each name can be obtained using linguistic means. Proper names are distinguished by the fact that they are given to a specific object, allowing it to be distinct from others. A proper name has significant meaning and its purpose is nomination. Unlike the common name, which refers to a group of objects with similar characteristics, the named object is always clearly defined. These signs allow proper names to be identified even when the distinction between proper names and common nouns is unclear or blurred.

By having a great importance, this phraseological units as the concept has been considered by many linguists in Kazakh. In this case, the works of I. Kenesbayev, R. Sarsenbayev, B. Adambayev, G. Musabayev and K. Akhanov «Introduction to linguistics», S. G. Akhmetova «Dictionary of phraseology» should be mentioned. I. Kenesbayev in his book «The problems of Kazakh Linguistics» noted that phraseological units (in terms of lexical form, stylistic function) occupy a special place in our language. In the Kazakh language, he called this term phraseological units (фразеологиялық түйдектер) while K. Akhanov and A. Olanbayeva called it phrasal integrations (фразалық тұтастықтар). Additionally, our language is rich in idiomatic expressions and phraseological units, some of which include proper names. These phraseological units are an important aspect of the language and reflect the cultural and historical background of the Kazakh people. For example, the phrase «Абылайдың ақ туы». This word was formed in the 15th-19th centuries and in former times was used on behalf of all Kazakhs as an equivalent of the motto aitylar, reflecting the historical significance of this period in the history of Kazakhstan and the significance of Kazakh traditions and customs, beliefs. Or the phrase «Әбіл-Мансұрдың жылқысы сияқты» was used to describe a person who was very fast or efficient [5, 11 p.]. Obviously, the use of the name «Abilmansur» in this phrase reflects the cultural significance of this historical figure and the importance of horses in Kazakh culture. As we see, phraseological units with proper names are an important aspect of the language and provide insight into the values, beliefs, and traditions of the Kazakh culture.

Turkish language has a rich collection of phraseological units. As well as, turkish phraseological units containing proper nouns play a significant part in the language too. These units make up a large portion of the lexicon and are commonly used in everyday speech, literature, and other forms of communication. The usage of proper nouns in phraseological units in Turkish serves to convey various nuances of meaning, while also providing cultural and historical references. Idioms, proverbs, and other fixed expressions can be considered as the examples of these units, which are essential to the language's communicative functionality and serve as a reflection of its cultural identity. For instance, «Ali Baba'nın çiftliği» (Ali Baba'nın çiftliği), which translates to «Ali Baba's farm,» is one of the most commonly used phraseological units with a proper name in Turkish. This phrase is frequently used to describe a situation in which someone is living a luxurious and comfortable lifestyle, much like Ali Baba in the classic story «Ali Baba and the Forty Thieves.» Generally speaking, there are plenty of phraseological units in Turkish that use historical figures' names. By way of example, «Fatih'in İstanbul'u fethi» (Fatih'in İstanbul'u fethi), which translates to «Conquest of Istanbul by Fatih» refers to Mehmed the Conqueror's historic capture of Istanbul in 1453. The phrase is commonly employed to describe a significant accomplishment or achievement. Another usage of a phraseological unit with a historical figure is «Atatürk'ün ilke ve inkılapları» (Atatürk'ün ilke ve inkılapları) which translates to «Atatürk's principles and revolutions.» This phrase refers to the massive reforms and modernization efforts launched in the early twentieth century by Mustafa Kemal Atatürk, the founder of modern Turkey. By the provided examples, we can clearly identify that, the phraseological units with proper names in Turkish reflect the Turkish people's cultural and historical background, also can be considered as a crucial component of the language and identity, providing insight into Turkish culture's values, beliefs, and traditions. This can be evidenced by the works of such linguists as D.Aksana, L.S.Uzun, O.A.Aksoy, S.S. Elchin, S. Emir, S.K. Ksnesbaev, S.U. Rakhmatullaev in Turkish linguistics in the field of phraseology.

The historical and cultural origins of phraseological units with proper names in Kazakh and Turkish languages date back to the early days of their respective civilizations. In both languages, phraseological units with proper names have historical and cultural origins that reflect the values, beliefs, and traditions of their respective societies, which deliver insight into these cultures' identities and worldviews, and they remain an important part of the languages' vocabulary and expression. The phrase «Керей мен Жәнібектің бірлігі»

refers to the legendary friendship of two Kazakh heroes, Kerey and Zhanibek, who united their forces to defend their land against foreign invaders, which represents the Kazakh people's values of loyalty, bravery, and unity. As well as, «Dede Korkut hikayeleri» (Dede Korkut hikayeleri), which refers to a collection of 14th-century Turkish epic stories and legends, that can be considered as the important part of Turkish folklore and culture, reflecting the country's nomadic and warrior past. This phrase symbolizes the Turkish people's reverence for their cultural heritage, as well as the importance of storytelling in preserving their history and traditions.

Regarding terms of semantics, phraseological units with proper names have a literal meaning defined by the individual words that comprise the phrase in Kazakh and Turkish. Even so, because of the cultural and historical context in which they originated, they have an additional connotation. For instance, «Абылай аспас асы» has a literal meaning of the hardness of the road, also it may connote the meaning of resistance to wear and tear or discomfort, unpleasantness. [6, 12 p.]. Similarly, the Turkish phrase «Beyaz atlı prens» has a literal meaning of a prince on a white horse, but it also connotes the values of chivalry, bravery, and nobility.

In Kazakh and Turkish, phraseological units with proper names are a significant method of communication, not only because of their literal meanings, but also because of their pragmatic applications in many settings. The pragmatic elements of these phraseological units with proper names allow speakers to transmit culturally and historically relevant meanings and implications.

In this case, the Kazakh word «Alpamys batyr» which is used to describe someone who is not only physically powerful but also emotionally resilient or psychologically tough. This statement conveys an inner sense of power and fortitude, which is highly respected in Kazakh culture. Furthermore, the usage of proper names in this statement not only improves the content of the sentence but also adds a personal touch, making the sentiment more vivid and approachable.

Conversely, the Turkish expression «Dede Korkut hikayeleri» implies not just to a collection of stories but also to the larger cultural and historical surroundings in which these stories emerged. Dede Korkut, a renowned storyteller and poet who lived in the early 14th century and was greatly loved in Turkish culture, was born in the early 14th century. His stories were not only amusing, but they also helped to preserve the Turkish people's cultural and historical legacy. As a result, the usage of this term implies a sense of cultural identification and pride, as well as the role of storytelling in handing down traditions and ideals.

As we see, in Kazakh and Turkish, phraseological units with proper names have important pragmatic functions that reflect the cultural and historical values of these civilizations. The inclusion of proper names in these statements not only enriches their meaning, but also adds a personal and cultural touch that elevates them to a higher level of strength and relevance.

The phraseological units with proper names in Kazakh and Turkish possess a rich cultural history and reflect these cultures' historical and social values. These idioms have both semantic and pragmatic features which contribute to their meanings and usage.

In terms of semantics, these phrases transmit a literal meaning based on the denotation of the proper names employed. Their pragmatic features, on the other hand, provide levels of meaning that are not immediately connected to the literal interpretation of the words. These extra meanings are dependent on cultural and historical backgrounds, and they might differ depending on the speaker's point of view and the situation in which the term is employed.

In closing, phraseological units with proper names are a vital aspect of the Kazakh and Turkish languages and are utilized to communicate various meanings. While Kazakh phraseological units with proper names are frequently employed in literature and poetry, Turkish phraseological units with proper names are widely utilized in ordinary conversation. The two languages' comparative examination emphasizes the necessity of context in comprehending the meaning of phraseological units with proper names in each language.

Reference:

1. <https://www.pewresearch.org/global/2017/02/01/language-the-cornerstone-of-national-identity/>
2. Ramon Marti Solano. *Phraseological Units in English: variation through lexical insertion*. Rassegna Italiana di Linguistica Applicata, 2011.
3. Baysal Mehmet Kerem. *A PARALLEL CORPUS OF RUSSIAN – TURKISH IDIOMS*. Инновационная траектория развития лингвистических исследований в современном мире. Электронный сборник научных трудов. 2021.
4. Фоякова О.И. *Имя собственное в художественном тексте*. Учебное пособие. Л., 1990.
5. Кеңесбаев І.К. *Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі*. – Алматы, 1977.
6. Кеңесбаев І.К. *Фразеологиялық сөздік*. – Алматы: Арыс, 2007.

Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАЛАЛАР БЕЙНЕСІНІҢ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа. Автор мақаласында Ә.Кекілбаев шығармаларындағы балалар бейнесін аша отырып, балалығын соғыс ұрласада, адал еңбек пен білімнің арқасында мақсатқа жете алуға болатынын дәлелдейді. Балалардың мінез-құлқын, психикасын сипаттай келе, соғыстың тастап кеткен зардабын, оның бір ұрпаққа әсер ететінін көрсете отырып, басына түскен қайғыға қасқайып қарсы тұра білудің маңызына тоқталады.

Ақпараттар ағынымен біздің өмірімізге келіп жатқан сан мыңдаған қажетті, қажетсіз ақпараттардың арасынан өз керегімізді таңдай алмай келеміз. Әлі оң-солын танымайтын жасөспірімге әр түрлі бағдарламалар арқылы әсер етушілер көп. Ә.Кекілбаевтің шығармалары жеткіншектердің намысын жанып, қайсар, жеке пікірі бар, қиындыққа қарсы тұра білетін ұрпақ тәрбиелеуде үлкен көмек болары даусыз.

Сол себепті де жазушының шығармалары осы күнге дейін өзектілігін жоғалтпай келеді. Жазушы қай мәселені сөз етсе де әріден бастап, халық өмірінің бүгінгімен шебер ұштастыра білген. Ә.Кекілбаевтің шығармаларының бастау алар қайнары саналатын қайырымдылық, достық, махаббат, үлкенге құрмет пен кішіге ізет көрсету мәселелері де ұрпақ тәрбиесіне әсер етуші маңызды факторлардың бірі.

Тірек сөздер: жазушы тілі, көркем әдебиет, балалар бейнесі, Ә.Кекілбаев.

Аннотация. В статье автор раскрывает образ детей в произведениях А. Кекильбаева, доказывая, что при краже детства в войне, благодаря честному труду и знаниям можно достичь цели. Характеризуя поведение, психику детей, подчеркивая заброшенные последствия войны, ее влияние на одно поколение, он подчеркивает важность умения яростно противостоять горем.

С потоком информации мы не можем выбрать между тысячами необходимой, ненужной информации, которая приходит в нашу жизнь. Есть много людей, которые влияют на подростка, который еще не знает правое или левое, с помощью различных программ. Произведения А. Кекильбаева, несомненно, окажут большую помощь в воспитании поколения, способного воспламенить честь подростков, стойкого, имеющего личное мнение, способного противостоять вызовам.

Поэтому произведения писателя по сей день не теряют своей актуальности. Писатель всегда умело сопоставлял с сегодняшним днем народную жизнь. Одним из важных факторов, влияющих на воспитание поколений, являются вопросы благотворительности, дружбы, любви, уважения к старшим и уважения к младшим.

Ключевые слова: Язык писателя, художественная литература, детский образ, А. Кекильбаев.

Annotation. In the article, the author reveals the image of children in the works of A. Kekilbayev, proving that with the theft of childhood in the war, thanks to honest work and knowledge, it is possible to achieve the goal. Describing the behavior and psyche of children, emphasizing the abandoned consequences of the war, its impact on one generation, he emphasizes the importance of the ability to fiercely resist grief.

With the flow of information, we cannot choose between thousands of necessary, unnecessary information that comes into our lives. There are many people who influence a teenager who does not yet know right or left, through various programs. The works of A. Kekilbayev will undoubtedly be of great help in educating a generation capable of igniting the honor of teenagers, persistent, having a personal opinion, able to withstand challenges.

Therefore, the works of the writer to this day do not lose their relevance. The writer has always skillfully compared people's life with the present day. One of the important factors influencing the upbringing of generations are issues of charity, friendship, love, respect for elders and respect for the younger.

Keywords: The language of the writer, fiction, children's image, A. Kekilbayev.

Әбіш Кекілбайұлы – төл әдебиетіміздің көрнекті өкілі. Талантын алғашқы жазған шығармаларында-ақ байқатып, сөз еткен сарабал қай тақырыбын да жоғары биіктікке көтеріп, көркемдік шешіміне

оқырманды иландыра алатын шынайы суреткер. Оның әңгімелерінен бастап, повесть романдары да жеңіл-желпі оқуға көнбейтін, қадалып, қайталап, ой көзімен оқуды тілейтін, иірімдері мол, астарлы ой, күрделі философиялық түйіндерден тұратын туындылар екені баршаға аян. Сын, публицистикадағы еңбектерін айтпағанда, оның прозалық туындыларын тақырыптық тұрғыда мынадай шартты үш жікке бөлуге болады:

- Қазіргі кезең тақырыптары;
- Тарихи кезең тақырыптары;
- Халықтық аңыздарға негізделген тақырыптар;

Ә.Кекілбаев Қазақстанның тәуелсіздігін қалыптастыру мен бекемдеуге, парламентаризмнің дамуына, халқымыздың бірлігі мен келісіміне қажыр-қайратын жұмсады. Сондай-ақ, қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтеруге, Еуразиялық және әлемдік кеңістіктегі мәдениеттер арасындағы өзара байланысты тереңдетуге аянбай еңбек етті.

Оның шығармаларын бүгінде ағылшын, эстон, испан, болгар, түрік, орыс, қырғыз, өзбек, поляк және басқа да тілдерде оқуға болады.

Әдеби энциклопедиялық сөздікте Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығына «интеллектуализмге ұмтылған, шығармашылық ізденісі ауқымды, көтерген мәселелері кең және жан-жақты» [1, 286 б.] деген баға берілген.

Ә.Кекілбаев тарихи кезең оқиғалары арқылы кейіпкерлерінің психологиясын, ішкі және сыртқы саясат бағыттарын бағдарлау, таразылау қабілетінің ауқымын танытады. Тарихи оқиғалардың түп негізінде жатқан көкейкесті ой-мұраттардың ерекшелігін, жеке адам мен тарих арасындағы қатынастың саяси-әлеуметтік және психологиялық алғышарттары мен нәтижелерінің сырларын танытады. Соған орай, тарихи оқиғалармен өзектес, тамырлас алуан сипаттағы саяси-әлеуметтік құбылыстар және қаһармандардың іс-әрекеттерінің түп негізінде жатқан объективтік, субъективтік мүдделер романның тақырыптық-идеялық өзегіне айналады. Шығарманың тақырыптық-идеялық бітімі саяси-әлеуметтік мазмұн тереңдігімен ерекшеленеді.

Біздің зерттеу жұмысымыздың объектісі – «Автомобиль», «Бір шөкім бұлт» повестері.

Повестер аңыз желісімен құрылғанымен, арғы түбі шын өмірде болған оқиғаларға, ақиқатқа негізделген.

Шығарманың мазмұнын ашуға және басты кейіпкердің тағдыры мен өмір жолын суреттеуде, оны келешекпен тоғыстыруда аңыз үлкен рөл атқарып тұр. Шығармада соғыстан кейінгі ұрпақтың басынан кешкен қиын тағдыры, ауыл өміріндегі жаңалық, өзгеріс, техниканы меңгеру т.б сөз болады.

«Автомобиль» – жазушының техникалық тақырыпты сөз еткен тұңғыш шығармаларының бірі. Шығарманың аты «Автомобиль» болғанымен, ол автомобиль жайлы емес. Керісінше адам туралы, кешегі жалақ ерін жылқышы баланың заман талабына бейімделіп, техникаға келу жолы, онымен тұрғыластарының бастан кешірген жағдаяттарын толығымен халыққа етене, халық жүрегіне жақын аңыз сарындарын пайдалану, оны жаңғырту үрдісінен мұндада қол үзбеген. Ол шеберлігін жетілдіре түскен. Ең алғаш бұл хикаят 1977 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланады. Орыс тіліне аударылған нұсқасы жазушының 6 томдық шығармалар жинағына енді.

«Автомобиль» повесінің бас кейіпкері Жақанның прототипі – жазушының жақын досы, ауылдас ағасы, жиені Қобылан Зоранов. «Ауылда алғаш машина руліне отырған жастардың бірі еді ол. Ақыры, сондай сапарынан орала алмай қалды... «Ақ түтек боранда бала кезден бауыр басқан рулі ғана басын сүйеді...» деп еске алады Ә. Кекілбаев [2, 131 б.].

«Бір шөкім бұлт» повесті соғыс жылдарындағы ауылдағы оқиғалар негізінде жазылған. Оның объектісінде яғни тақырыптық шеңберінде қиын қыстау, қысылшаң шақ, кірпіктерге қан қатқан алапат соғыс уақытындағы шалғай шеттегі қарапайым қазақ ауылындағы, өмір шындықтары, адамдар арасындағы достық қарым-қатынас, бауырмалдық, жарқын қасиеттер сөз болады. Анығырақ айтқанда «қотандағы қозысына дейін бірге жамырайтын» екі отбасының соғыс салған жарадан кейінгі тағдырлары реалистікпен суреттеледі. Сол арқылы оқырманына сұрапыл соғыстың салқынына қарамастан адам бойындағы адамгершілік, сыйластық, бауырмалдықты жоғалтпауға болатынын, сол арқылы суық күндерді жылытуға болатынын ұғындыруға тырысады.

Әбіш Кекілбаев бұл шығармаларда соғыс кезіндегі, соғыстан кейінгі ауылдардың жағдайы, жетім мен жесірдің жүдеу күйін, әкесі мен ағасынан айырылып, ерте есейген балалардың, жылу мен мейірімге мұқтаж, именшектеп, әркімнен бір қолдау күткен бала тағдырын ашына жазды. Мысалы «Автомобиль» хикаятында Жақан деген кейіпкердің басынан өткен оқиғасын жазып, оқырманды қандай қиындық болса да, білім алып, қатардан қалмай, халыққа қызмет етуге үндейді.

Жақан – ерні тілік-тілік, беті жалақ-жалақ, жарғақ құлақты, именшек, жасқаншақ, жылқышы бала. Шығарманы оқып отырған кезде Жақанды жуас, именшек, айдауға оңай көнетін бала ретінде суреттейді. Тек автордың қатал, күле бермейтін кейіпкер Естемесовтың мына бір сөзімен-ақ Жақыптың мінезді, намысқой жігіт екенін аңғаруға болады: *«Темір екеш темірге ие болу үшін де мінез қажет, иі жұмсақ кісіге ол да бағынбайды. Ол да тұтымы берік кісінің билеп-төстегеніне көнеді»* [3, 28 б.].

«...көз алдына кең танау, шара көз шабдар айғырдың үстінде жапатайы жапырайып далдаң-далбаң шауып бара жатқан жалақ ауыз Жақан елестеді» [3, 15 б.]. Жақан жетімдік азабын тартқан, айтқанға сеніп, айдағанға көнетін қолбала еді. Бірақ ауыл арасында әлі көп ешкімнің қолынан келе бермейтін жаңа кәсіпті үйреніп, қатарының алды болды. Өзіне жіктелген міндетті абыроймен атқарды.

Жақанның мейірімді, қызметіне адал жігіт боп өскенін, дүниенің мәні, шынайы бақыт, азаматты азаматтық тұрғыдан танытатын абырой ел-жұртқа қызмет ету екенін түсінген сезімтал, ақкөңіл жан екенін автордың мына сөзінен аңғаруға болады: *«Олар үшін бұл дүниедегі ең қымбат, ең жақын адамдай. Олар бұған жабыла ақ жол тілеп тұрғандай. Жақан артына жалтақ-жалтақ қарап қойып педальді баса түседі. Шіркін десеңші, адамдарға қажетің бары қандай жақсы. Шамасы, адамзаттың азаматтығы да сол басқаларға қаншалықты қажетінің барлығымен өлшенетін болса керек»* [3, 39 б.].

Ә.Кекілбаев мейірімді, қайырымды, қызметіне адал адамның түбінде жақсылық көретінін, «Бата алған ұл арымас, батасыз ұл жарымас» деген мақалдың растығын Жақан образын сомдай отырып тағы бір мәрте дәлелдеп берді. Бұны Ә.Кекілбаев шығармада Жақанның ішкі ойы арқылы жеткізген: *«Бұған жаны ашып жақсы көретіндер: «Е, бәсе! Елден алғыс алған тегін кетпейді деген осы зой. Жұрттың күнде айтатын көп «тәңірі жарылқасын» көсегесін көгертпей қойсын ба!»* – деп бір-бір масаттанып қалар еді» [3, 52 б.].

Соғыс жылдарындағы әлеуметтік теңсіздіктер де хикаятта сөз болады. Оған Өтемағанбеттің ұлы Оразмағанбеттің бейнесі арқылы куә боламыз. Автор Оразмағанбетті дүрдік ерін, мақтаншақ, әңгүдік, әумесер кара бала ретінде суреттейді. *«Өтемағанбеттің баласы Оразмағамбет әңгүдіктеу көрінді. Жүріс-тұрысы түгілі сөйлеген сөзінің өзі келі түйгендей дүңк-дүңк етеді»* [3, 7 б.]. Оразымбеттің әкесінің абыройының арқасында өзін өзгелерден асқақ санап, қасындағы Жақан сияқты жетім балаларды менсінбей жүретін қылығын оқырманға жек көрінішті етіп жеткізе отырып, ондай болмауға шақырады: *«...ақ адал еңбегімен емес, әкесінің елді алдап, қыл қыбырдың үстінен қиқымдап жиган қоқыс дәулетіне бола бұтқа толып, кекірейіп тұрған желбуаз жексұрын...»* [3, 53 б.].

Шығармадағы тағы бір кейіпкер – Жамал. Жамал – қыр мұрынды, дөңгелек жүзді, бұлтиған етті еріндері бар, момақан, мойыл көзді сұлу бойжеткен. *«Өйткені, бұл ауылға Жамалдан асқан қыз бітіп пе! Маңдайы қандай жап-жазық. Қашан көрсең де қабақ шытпайды. Момақан мойыл көзі ылғи бір жып-жылы нұр шашып жәудіреп қарап тұрғаны»* [3, 51 б.].

«Автомобиль» хикаяты соғыстан кейінгі жылдарды суреттесе, «Бір шөкім бұлт» шығармасы нағыз соғыс кезінің қиындығын, сол кездегі жұтаң жағдай мен жүдеу ауылдың кейпін суреттейтін шығарма.

Шығармада ерте есейген балалардың, ең әдемі, ең тәтті кезеңі балалық шақтарын соғыс жалмап кеткенін, бірақ та қандай жағдай болмасын олардың өмір қиындығына күйремей, өжет те батыл мінезімен жетістікке жетіп, ел қатарына қосылып кеткендігі туралы сипатталады. Соғыс деген алпауыт күштің адам өміріне тигізетін залалын мына бір жолдар арқылы жақсы берген деп есептейміз: *«Адамның дүниенің жалпағынан басатын уәйімсіз-мұңсыз аз ғана дәурені балалық шақтың қызығын көре алмаған өгей перзенттің көкірегіне шор боп қатқан арам ісіктің қапелімде қайта қоюы да қиын шығар. Осындай ебіл-себіл күн кешкен жаңғыз бұл ма? Осы ауылдың балаларынан балалаық шақтың базарын көрген кім бар? Сонда соның бәрінің де көкірегінде осындай ишмерез жатқаны ма? Бүкіл бір ұрпақ алды қатты, бауыры саз боп өсе ме? Иә, тұрмыс тауқыметін ерте көрген, содан онық жеген бала ғана осылай өседі. Соғыс та топан су сияқты зой»* [4, 289 б.]. Бұл жерде автор соғысты топан су сияқты жайпап өтеді де кетеді, ал оның зардабын бүкіл бір ұрпақ көретінін ұтымды көрсеткен.

Хикаяттың бас кейіпкері Аққаймақ деген қыз. Аққаймақ – шыншыл, шымыр, шынардай өр мінезді, өмірге ғашық, оптимист жан.

«Қыз деген де құба шөлдің гүліндей зой. Бүгін жанып тұрған, ертең қалып тұр. Көз апар солудан артық не қасірет бар о бейбаққа! Жүзі сәл қатқылданған. Көзінен де тұтас нұр кетіп, от орнында қалған шоқтай әр жерден бір жылтыраған шашыранды ұшықын ғана бар» [4, 237 б.].

«Аққаймақ үшін атымен жат күндер келді. Қаржауды сағынды, екі шешесінің науқасын уайымдады, жұмыс жәйін ойлады – ылғи өзгелердің қамын жеп өмір сүріп келді» [4, 238 б.] – Аққаймақтың мейірімді, өзін емес, өзгелерді ойлап уайымдап жүретінін автор осы сөйлемдер арқылы-ақ бере алған.

«Шайзада күңіреніп ұйқыдағы Аққаймақтың шашынан сипады. Қыз бұның көптен бала жоламаған омырауына басын тыға түсті. Шайзаданың көзінің құрығына жас іркіліп, көкірегіне қайдағы бір жетімдік ойлар қордалана бастады. Басыну, басқа шығу деген осы да» [4, 281 б.] – жетім мен жесірді әркім басынып, басына шығатынын, Аққаймақтың соңынан ерген жалған сөз, оған төтеп беріп, мысымен басып, сескендіретін ер адамның болмағанының себебімен түсіндіреді.

Аққаймақ қыз – қандай қиындық көрсе де – туған анасын, әкесін, жанына жақын көріп жүрген Шайзаданы да жер қойнауына тапсырса да, қанша жыл сарыла күткен Қаржауы бір ауыз сөзге келмей кетіп қалғанына да – мойымай, тірі адам тіршілігін жасау керек екенін терең түсінген, мықты қыз. Бұны шығармадағы: *«Бала күннің есірік дәмесі орға жықты екен деп, қашанғы өзін-өзі құртады? Тағдыр бұл бақытын қыймаса, бір жола құр ауыз қалдырды дейсің бе? Не тап келсе де, тұсында көріп алармын» [4, 248 б.]* деп, белін бекем бұған өжеттігіне тәнті боласың.

Автор Қаржауды да өжет, алған бетінен қайтпайтын, оқу оқып, офицер дәрежесін алып, болашағынан зор үміт күттіретін жас маман ретінде суреттейді. *«Екі үйлі жанның ермегі де – Қаржау. Күні бойы қой суарып, діңкелеп қайтқан Ожан атын суға апарып, бақтырып келетін де Қаржау еді. Ана жақ, мына жаққа шауып барып, айналада не болып, не қойып жатқанын айтып келе қоятын да сол-ды» [4, 279 б.]*. Мұнда Қаржаудың елгезек, еті тірі, көпшіл бала екеніне көз жеткіземіз. *«...ел көретін жасқа жеттің. Оқу дейтін де ыждаһатты керек ететін көрінеді. Азамат боп жақсы іске талап қылғаның да сүйеніш» [3, 279 б.]* бұл сөздер Қаржауға айтылған сөз болғанымен, автор барлық оқырманға кеңес беріп отырғандай. Оқу-біліммен, халқыңа қызмет етуің арқылы азаматтығың танылады.

«Екі шекелігі сызаттана бөлінген торсық маңдайы жылтырап, тұнжыр кірпіктері жұмылып, тостаған көздері оқыс кішірейіп, бүкіл бет әлпетіне парасаттың суық нұры жүгіретін. Жұмсақ ішектің баяу дірілінен төгілген күңіреністі я бір бастан кешкенімен, я бір түйіндеген ақылмен емес, түп түйсікпен ұғынып, ынт-шынтын сап, құлай тартқан бала кескіні...» [4, 280 б.] бұл арқылы Қаржаудың сезімтал, не нәрсені түйсікпен ойлап, өнер мен білімді жан дүниесімен жақсы көретіндігін аңғартады.

Қаржаудың қызметіне адал, талантты, әскери білімі толысқан жас маман екеніне, оған қоса қарсы келген қайғыға сабырмен қарсы тұрып, ендігі бақыты еліне қызмет ету, сол арқылы ғана шынайы бақыт табатынына сенген жас жігіттің бейнесін автор былай береді: *«Таусылма, Қаржау. Сен әлі уыздай жассың. Сенің қасіретің соғыс тап қылған қасіреттің ең ауыры екені де рас. Бірақ, сенің әскери талантың, білімің әлі де қыруар пайда келтіреді. Ақырғы демің таусылғанша ел үшін өмір сүресің. Сенің ендігі өміріңнің бақыты да сол. Көн бұған да. Қарулы күштің жаңа саласы жасақталып жатыр. Талантты артиллерист, болашағы бар офицер деп сені де сонда жаздырттым» [4, 285 б.]*.

Есет – сотқар, бұзақы, сабаққа шорқақ, ерке бала.

«Сотқар Есет бақылау жұмысы кезінде есебіңе қаратпадың деп, бір-екі баланы ерте келіп, түнде түзге шыққан жерінде ұстап ап, қол-аяғын буып тастап кетіпті» [4, 285 б.].

«Өзі сабаққа шорқақ ерке бала оның маңынан кетпейді. Есеттің қылығы елден шығып бара жатқан соң және үйіндегі жатып оқитын балалар тыным таптырмай жұмсағандықан сабағын нашарлатып алған...» [4, 285 б.].

Үбай – пысық, жүйрік, бойы аласа, жайдары бала.

«Қатарынан көп аласа болғанмен пысық, сабаққа, әсіресе есепке жүйрік Үбайды бір көзінде қызылшаның ісі – қасапшының балтасына жұққан майдай кішкене ағына бола «ақ соқыр», «май соқыр», «Қутузов» деп бала біткен мазақтай береді. Мінезі жайдары Үбай соның бәрін кектемеуші еді» [4, 288 б.].

Зибаш – жетім қыз. Автор Зибаш деген жетім қыздың мінезі, оның қатыгез, болашағына сенбей қарайтындай көз-жанарына, қабағын бір ашпай, үнемі көңілсіз жүретін жетім қызды нағашы жеңгесінің құлша жұмсап, күн бермей қоюы арқылы сол кездегі жетімнің жайын, көңіл-күйін, психикасындағы өзгеріске дейін шебер жеткізе алған деп есептейміз: *«Адамға үрке қарауды, сырт теуіп тұруды қайдан үйренді? Бәлкім, алғашқы күні дәл осы құсап, ботадай боздап, бауырына басып, құлдық айналған нағашы жеңге көп ұзамай сыз қабақтың қырына алып, есіктен сумен кіргізіп, күлмен шығарған шығар» [4, 289 б.]*.

Жалпы шығармаларда Әбіш Кекілбаев балалардың сол кездегі жағдайлары әр түрлі оқиғалар арқылы, әр жерде қосымша кейіпкер болып кездесіп отырған балалардың мінез-құлқы мен әрекеті арқылы толықтырып отырған. Мысалы, *«Жұрт қазір баласын оқытқаннан гөрі қасында ұстап қолқанат қылғанды пайдалы көреді. Балаларға елден ала бөтен суығында жалаң аяқ, жалаңбас жұрттың суын тасып, күлін шығарып, жат ожауға телміріп оқу оқығаннан гөрі ата-анасының онсыз да өнімсіз еңбегін есептелетін бірер уыс арпа-бидайды балаңды оқытып жатырмын дегізіп біре-*

уге жырмалатпай өз ошағында бөліп ішіп, қораның шылпығын құрғатса да, бірер айыр шөп тастаса да, кешке малдың алдынан шықса да қолынан келген қолғабысын жасап, шыт-шыт бұтын шырт-шырт жанған дүзгенінің қызыл табына түсіп өз үйлерінде отырғандары қолайлырақ. Содан болар оқуға тартылмай, қыс ортасында мектепті тастап қашып кету көп» [4, 289 б.] деген сөйлемдер арқыл балалардың сол кездері оқуға мүмкіндігі болмағанын, ауылдың тірлігіне ерте араласып, ауыр-ауыр жұмыстарды істегенін көреміз. Қазіргі таңда оқу мен білімге барлық жағдай жасалып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда білім алғысы келмейтін оқушылар осы хикаяттарды оқып, өздеріне ой түйсе екен деп ойлайсың.

Және тағы бір мысал, сұм соғыс әкесін, атасы мен ағасын жалмаған, аналары мен әжелері соғыстағы азаматтарға жәрдем беру үшін еңбектеніп, азаннан қара кешке дейін егістік басында жүргендіктен оқудағы балалар әркімнен жылу күтіп, мейірім іздеп жүргенін: «Бала маңдайын ұстап тұрған алақаннан бір жылылық сезіп балқып отыр. Бірақ, алғыс айтуға ұялады. Көзі күлім-күлім етіп, тақыр басына жалба-жұлба құлақшынына таптырайта салып сыртқа тартып береді» [4, 291 б.] деп жеткізеді.

Бұған қоса, жетім мен жесірлердің сол кездегі аянышты тағдырын: «...әжелері соғыста өлген қызыл қарын қу жетімдіктерді асырап қалған сор маңдай бейбақтар қашан құтылар ол қара тастан. Ана балалар ер жетіп, өз қолдары өз аузына жеткенше қай заман!» [3, 292 б.] деп сипаттап, әкесінен айырылып, жәутең көз, именшек жетім балаларға оқырманның да аяныш сезімін оятады.

«Алты жыл аш болсаңда, атаңның салтын ұмытпа» демекші «Автомобиль» хикаятындағы мынандай бір оқиға көңілімізді еріксіз аудартты: «Патефон тыңдап отырған төрт қара бала мен екі қара шұнақ қыз ауық-ауық әкесінің тізесіне асылып, дастарқан үстінен кәмпит жымқырып кетеді. Қайқы ерін қараша келіншек қабағын шытынады:

– Клим, саған не болған?

– Лазарь, ұят қайда?

– Серго, тісіңді ауыртасың!

– Максим, саған айтам!

Ал, селтеңдеген екі қара шұнақ қыз – Кұлаш пен Розаға әкесі маңдайларын сипап, кәмпитті өзі ұстатты» [3, 16 б.]. Қазақ халқы қашанда қыз баланы қонақ деп сыйлап, ерекше көңіл бөлген. Қызға ерекше нәзіктікпен қарап, әр айтар сөзін ойланып айтқан. «Қызды жоқшылық бұзады, ұлды тоқшылық бұзады» деп, қызға барын беріп, ұл балаға керсінше өзің тауып үйрен деп отыратын ұлтымыз үшін маңызды тәрбиенің бір түрін көруге болады.

Қазіргі таңда еліміздің білім беру саласында түбірлі өзгерістер болып жатқаны баршаңызға мәлім. Ал бүгінгі мектептің, мұғалімнің ең қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру. Асыл қазынамызды ұрпақ бойына сіңіріп, жоғары мәдениетті, парасатты адам етіп тәрбиелеуде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің маңызы ерекше. Әдебиет пәні оқушыны өз халқының мәдени мұраларымен таныстыра отырып, жалпыадамзаттық рухани байлықтарды игеруге жол ашады.

Егеменді еліміздің жарқын болашағы – жас ұрпаққа терең, мазмұнды білім беру мен ұлтын сүйер патриот азамат етіп тәрбиелеу – бүгінгі күні алға қойылған басты міндет. Ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушысы. Ал оқушы өсіп келе жатқан жас шыбық секілді. Қалай исең, солай бағытталып кететіні белгілі.

Ақпараттар ағынымен өмірімізге келіп жатқан сан мыңдаған қажетті, қажетсіз ақпараттардың арасынан өз керегімізді оқушы тұрмақ, тұлға болып қалыптасқан үлкен кісілердің өздері де тандай алмай келеді. Әлі оң-солын танымайтын жасөспірімге әртүрлі бағдарламалар арқылы әсер етушілер көп. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегінше, Қазақстан әлемде жасөспірімдер суицидін ең көп тіркелген елдер қатарына кіреді. Ұлттық тәрбиемен сусындап, атасынан бата алып, әжесінің ертегісін тыңдап, отбасында әкесін сыйлап, анасын құрметтеп өскен, ақын-жазушылардың шығармаларын оқып, ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңірген бала мұндай қадамға бармайтыны анық. ІХ ғасырда Махмұд Қашқари: «Тәрбие басы – тіл» десе, заманымыздың белгілі ақыны О.Сүлейменов: «Адам тағдырын тәрбие шешеді, тәрбие құралы – сөз» деп, сөз өнеріне үлкен баға берген. Бір ауыз сөзбен адам көңіліне жазылмас жара салып, бір ауыз сөзбен бітпес дауға нүкте қоюға болатынына тарих куә. Ал сөз өнерінің негізі – көркем әдебиет.

Ә.Кекілбайұлы қаламы ең алдымен қарапайым адамдар тағдырын қаузап, солардың тіршіліктің тынысынан сыр шертеді. Жұмыр басты пенденің мынау жалған дүниедегі тіршілігі тақтайдай тегіс өтпейтіндігін өмір шындығынан өріп шығарады. Керек болса адамзаттың тарихи белестерінде тағдырлы ғұмыр кешкен, мыңдаған, миллиондаған адамдардың өміріне әсер еткен, ықпал жасаған ірі тұлғалар

бейнесіде өмірдің өзіндей шынайы сомдалады. Оның адам жанының нәзік қабаттарына ала жөнелетін ойшылдығы, талғампаз суреткерлігі, терең мазмұндық және психологиялық ізденістері, мол бояулы тілі т.б шығармашылық қырлары оқырманға ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес өзінше бөлек әлем. Түсіне білгенге Ә.Кекілбайұлының қаламынан туған шығармалар біздерді кісілік пен адамсүйгіштікке тәрбиелейтін, кейінгі ұрпақтың бойына намысшыл тарихи сана дарытатын интеллектуалды қазына. Сонау соғыс жылдарының сұрапылы мен ауыртпалығын арқалаған жас буынға қазақ әдебиетінің көшін тіктеп, кемеріне келтіріп, әлем әдебиетінен лайықты орын алу миссиясы бұйырды. Бұл аманатты адал атқарған сол буынның басында тұрған бір кездегі бала Әбішті қазіргі қазақ әдебиетінің көшбасшыларының бірі деп білеміз.

Ұлы суреткерлер жазған шығармалар қайталап оқыған сайын – жаңа бір қырын танытып, бұрынғы оқығанына үстемелеп ой қосып отырады.

Әбіш Кекілбайұлы – төл әдебиетіміздің көрнекті өкілі. Талантын алғашқы жазған шығармаларында ақ байқатып, сөз еткен сарабал қай тақырыбын да жоғары биіктікке көтеріп, көркемдік шешіміне оқырманды иландыра алатын шынайы суреткер. Оның әңгімелерінен бастап повесть романдары да жеңіл-желпі оқуға көнбейтін, қадалып, қайталап ой көзімен оқуды тілейтін, иірімдері мол, астарлы ой күрделі философиялық түйіндерден тұратын туындылар екені баршаға аян. Жазушы шығармалары жас ұрпақты қайратты, қайсар болуға, мақсатқа кез келген адамның, кез келген жағдайда жете алатынына үндейді. Сол себепті де Ә. Кекілбайұлының шығармалары осы күнге дейін өзектілігін жоғалтпай келеді. Жазушы қай мәселені сөз етсе де әріден бастап, халық өмірінің бүгінімен шебер ұштастыра білген. Ә.Кекілбаевтің шығармаларының бастау алар қайнары саналатын қайырымдылық, достық, махаббат, үлкенге құрмет пен кішіге ізет көрсету мәселелері де ұрпақ тәрбиесіне әсер етуші маңызды факторлардың бірі. «Автомобиль», «Бір шөкім бұлт» хикаяттары арқылы тұтас бір ұлтты тәрбиелеуге болады.

Көркем шығарма адам жүрегінің түкпіріндегі ең нәзік қылын шерте отырып, шығармадан өзіңе керектіні, жақсыға үйреніп, жаманынан жеруге, үлгі алып, бой түзеуге үлкен жәрдемін тигізетіні анық. Әбіш Кекілбайұлының өзі айтпақшы: «Ақиқаттың мекені – жүрек. Оған мына кеңістікте бардың бәрі сыйады». Адам жүрегі барда жақсы көреді, өмірге құлшынады, жаманнан жиреніп, назалыға жаны ашиды. Шығармаларды оқи отырып, сол кезеңнің ауыртпалығы біздің де иығымызға түскендей болып, сол ауыртпалықтарды бірге көтеріп, басымыздан біз де өткеріп отырғандай күй кеше отырып, бүгінгі біздің заманның тыныштығын қадірлеуімізге септігін тигізді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық. А-Я. – Алматы: Аруна, 2005. – 576 б.
2. Кекілбаев Ә. Шығармашылығы, Энциклопедия, – Алматы, 2018 ж. – 796 б.
3. Кекілбаев Ә. Таңдамалы. 2-том, – Алматы: «Жазушы», 1989, – 407 б.
4. Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы, 1-том. – Алматы: Өлке, 1999 ж. – 396 б.
5. Сұлтанов Қ. Кекілбаев кеңістігі. Егемен Қазақстан, 17 қыркүйек 2009.

С.Б. АМИРХАНОВА

Филология ғылымдарының магистрі,

Еңбекші жалпы орта мектебінің

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, педагог-шебер

Атырау, Қазақстан

ТІЛ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОҚШАУ СӨЗДЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАБИҒАТЫ

Аңдатпа. Бұл баяндамада Қазақ тіл білімінің ғылыми еңбектерінде сөйлем мазмұнының шындыққа қатысты және сөйлеушінің сөйлем мазмұнына көзқарасын білдіретін функционалды-семантикалық категория модальдылық категориясы жайлы айтылады. Модальдық лексикалық, грамматикалық әдістермен қатар синтаксистік тәсіл-қыстырма сөздер арқылы да жасалатындығына тоқтала келе, қыстырма сөздің сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне қарай берілетін сөздер тобы екендігі айтылып, мысалдар келтіріледі.

Тірек сөздер: тіл білімі, сөйлем, лексика, грамматика, синтаксис, оқшау сөз, функционалды.

Аннотация. В данном докладе говорится о категории модальности, функционально-семантической категории, выражающей отношение говорящего к действительности содержания предложения в на-

учных трудах казахского языкознания. Помимо лексических и грамматических способов, модальные глаголы образуются с помощью синтаксических наречий.

Ключевые слова: Языкознание, предложения, лексика, грамматика, синтаксис, наречие, функциональность.

Annototion. This report talks about the category of modality, a functional-semantic category that expresses the speaker's attitude to the reality of the content of a sentence in the scientific works of Kazakh linguistics. In addition to lexical and grammatical methods, modal verbs are formed using syntactic adverbs.

Keywords. Linguistics, sentences, vocabulary, grammar, syntax, adverbs, functionality.

Тіл біліміндегі тұжырым бойынша сөйлем құрылымдық белгі мен семантикалық немесе предикативтік бірлігімен айқындалады. Құрылымдық белгілерге сөйлемді құраушы грамматикалық мағыналары бар ішкі бөліктер, синтаксистік байланыстар мен қатынастар жатады. Оларды сөйлем мүшелері деп атаймыз. Ал семантикалық немесе предикативтің ажырамас қасиеттері-модальдылық, шақтық, жақтық категориялары арқылы іске асады. Қазақ тіл білімінің ғылыми еңбектерінде сөйлем мазмұнының шындыққа қатысын және сөйлеушінің сөйлем мазмұнына көзқарасын білдіретін функционалды-семантикалық категория модальдылық категориясы деп аталады. Модальдылық лексикалық, грамматикалық тәсілдермен қатар синтаксистік тәсіл-қыстырма сөздер арқылы да жасалады. Ал қыстырма сөз дегеніміз не? Сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне айтушының қалай қарайтынын білдіретін оқшау сөздер тобы. Сөйлем ішінде қыстырма сөз сөйлемнің басында да, ортасында да, соңында да келе береді. Мұның өзі қаратпалардың тілдік қарым-қатынасқа түсетін жақтардың сезіміне әсер етуіне байланысты болса керек. Қыстырма сөздер қазақ тілі мен қатар монғол тіл білімінде де ғалымдар қызығушылығын туғызған. Монғол тіл білімінде Ш.Лувсанвандан, Д.Нацагдорж, Ш.Барайшир, Ю.Монх-Амгалан, З.Гулираанз, Б.Пурэв-Очир сынды ғалымдар сөйлемдегі орны, оларды топтастыру, сөйлемде білдіретін мағынасы, жазылуы жайында зерттеулер жүргізген. Монғол тіл біліміндегі қыстырма сөз «Сөйлемнің негізгі мағынасын толықтырушы мән беретін қызметтегі сөздер. Сөйлемдегі сөздерге грамматикалық жағынан байланыспайтын, тек қана сөйлеушіден тыңдаушыға әр түрлі әсер туғызу мақсатындағы сөздер тобы» деген анықтама қазақ тіл біліміндегі анықтамамен сәйкес келеді. Қазақ және монғол тіл білімінде оқшау сөздердің сөйлемдегі рөлі құрылымдық қызметі тұрғысынан сөз тіркесі, сөйлем мүшесімен теңестіріп бағалағаны байқалады. Қазіргі қазақ тілінде «сөйлемдегі сөздермен синтаксистік байланысқа түспей, олардан дауыс ырғағы арқылы бөлектеніп айтылатын сөздер сөйлемдегі оқшау сөздер болады. М.Балақаев «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде мұндай синтаксистік категорияларды- қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай сөз деп үшке бөледі. Оқшау сөздер туралы Ахмет Байтұрсынұлы: «Ойға құрылған сөйлемдердің айқын мүшелері болады. Олар өзара қатаң байланысқа түседі. Солардың бірін алып тастағанда орны олқы тартып қалады. Ал кейбір сөздер тікелей айтылған ойға қатысты болмайды. Оларды алып тастағанда сөйлемнің мағынасы өзгермейді,- дей келе мұндай сөздерге «бұратана сөздер» деп атау берген. Бұл сөздер тобы тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерден басқа сөйлем маңайында жүретін сөздер тобы. Ахмет Байтұрсынұлы бұратана сөздерді екіге бөледі. Бір түрі-сөз арасына керек жерінде қыстырыла айтылатын сөздер. Бұлар қыстырма сөз деп аталады. Қыстырма сөздер сөйлем ішінде басқа сөздермен үйлеспейді. Алып тастаса да сөйлем мағынасы еш өзгермейді. Екінші түрі - сөзді біреуге қарата айтқанда айтылатын сөз, бұлар қаратпа сөз деп аталады. Мысалы: Жолдастар, еңбек пен оқуды ұштастыра біліңдер! Мереке құтты болсын, достар! Бұл сөйлемдердегі «Жолдастар, достар» қаратпа сөз болып тұр. Бұларда сөйлем ішінде басқа сөздермен байланыспайды. Мұндай категориялар қазақ тіліне ертеден-ақ енген. Көне деректерде көп кездеседі.

Мыс: Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,

Айтқаныма көнбейсің,

Шабылып жатқан көрмейсің,

Хош аман бол, Жәнібек,

Енді мені көрмессің.(Асан қайғы)

Бұл жердегі «Ай, хан, Жәнібек» сөздерін сөйлем құрамынан алып тасталса да ойдың желісі бұзылмайды. Ал айтылған ойға сөйлеушінің не жазушының түрлі сезімін, көңіл күйін білдіру мақсатында айтылған сөздің түрі-одағай сөз деп айтылады. Логикалық көңілмен айтылған одағай сөз үтірмен ажыратылып, сөйлем соңына леп белгісі қойылады. Мысалы: Па, шіркін! Таңғажайып екен. Ахмет Байтұрсынұлынан кейін сөйлемдегі осындай «бұратана сөздерге» М. Балақаев, Т. Қордабаев, Т. Сайрамбаев сынды ғалымдар өз пікірлерін білдіріп, оларды «оқшау сөз» деп атаған. Оқшау

сөздердің сөйлемге айтылған ойға тікелей қатысты жоқ,оны бірде көңіл күйге, бірде өзгелердің назарын аударуға, енді бірде ішкі ойымызбен өзіміз тілдескен жағдайда қолданамыз,-дейді. Ғалым оқшау сөздерді сөйлеу барысында әр түрлі ыңғайда қолданамыз және грамматикалық талдау кезінде оқшау сөздерді сөйлемнің негізгі мүшелерінің атқарып тұрған қызметімен шатастырмау керек,- дей келіп,бұлар тіліміздегі грамматикалық категорияларды дұрыс тануға көмектеседі,- деген. Осы орайда айтылатын тағы бір жайт тіл ғылымындағы грамматиканың саласы - синтаксистің алар орнының ерекшелігі туралы. Бұл - өзге салаларға қарағанда, қандай да бір ойдың да соңғы нәтижесін жинақтайтын сала. Синтаксистің ең үлкен саласы-сөз тіркесі мен сөйлем болып табылады. Осындағы сөз тіркесі қазақ тілі білімінде кенжелеу зерттелгенінде ескертеді. Ахмет Байтұрсынұлы да бұл салада зерттеу жасап, оны синтаксистің үлкен тармағы ретінде қарастырмағаны да белгілі. Ахмет Байтұрсынұлы: «Тіл құралы»атты еңбегінде сөйлем жүйесі мен түрлерін атай отырып: «Сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып біреу айтқан ой. Сөйлегенде, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, қиындастырады. Қыры келмейтін сөздерді қиындастыру үшін қырларын өзгертіп,қисынын келтіреміз...ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғынарлық дәрежеде айтылған сөздер ғана сөйлем болады. Сондықтан сөйлемнің жаны-сөздердің басы мағыналы болып құрылуы керек. Сөйлем ішіндегі сөздердің басын түсінікті етіп құрастыру, сөйлемдерді түсінікті етіп жасау туралы сөз табиғатынан шыққан түрлі заңдар, тәртіп бар-қысқасын айтқанда,өз алдына толып жатқан білім бар» -деген тұжырым келтірген.. Мәселен, «қыры келетін, қырық келмейтін сөздер» дегенді назарға алып ескерсек, ол қазіргі сөз тіркесіне қойылатын шарттардың бірі екенін көреміз. Сөздердің өзара қырын келтіру туралы ойда бар. Мұның арғы жағынан қазіргі айтылып жүрген сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері болатынын түсінуге тұрарлықтай. Әрине, ғалым бұл ретте сөз тіркесінде «сөз табиғатынан шыққан түрлі заңдар,тәртіптер барын» айта келіп, бұдан басқада «өз алдына білерлік толып жатқан білімдер бар « - деп тұжырымдайды. Сонымен қатар ғалым ұзақ уақыт бойындағы тәжірибемізде сөз тіркесі туралы дәріс оқып,талдау жасасамда, әлі қамтылмады-ау дейтін тұстарымда болды. Бұл арада тағы бір ескеретін жайда бар. Ол осы категорияларды оқытумен байланысты. Сөз тіркесінің өз шешімін таба алмай жатқан кейбір тұстары жалпы сөз тіркесін оқытуда қайшылық туғызатыныда бар. Асылы, оқытуда әуелі зерттелетін мәселені жете қамтып барып сабақ-дәріс жүргізбесек болмайды. Әйтпесе, көп нәрсе түсініксіз болып қамтылмай қалады,-деген өзіндік қорытынды пікірінде келтіреді. Ойымызды түйіндесек, оқшау сөздердің әлі толық зерттелмеген, әлі де зерттеуді қажет ететін проблемаларының бірі-олардың стильдегі қолданысына, олардың тілдік ерекшеліктерін анықтау болып отыр. Оқшау сөздер қай тілде болса да жиі қолданылып, коммуникацияны «жанды» ете түседі. Қолданылуында өзіндік ерекшеліктері болады. Оқшау сөздерді стильдік жағынан зерттеу арқылы басқа да тілдік бірліктердің, сөз таптарының қызметін ашуға мүмкіндік туады деп есептейміз. Оқшау сөздерді қолдануының жалпы сырын ашудың да маңыздылығы белгілі. Лев Толстойдың пікірінше, «жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Әдістің бәрі жақсы. Олақтықтың белгісі-бір ғана әдісті болу, керек жерінде жоқ әдісті табу да қолынан келуі. Мұғалім көп білуге тырысу керек. Әдістерді өзіне сүйініш қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек»-деген болатын. Бұдан шығар қорытынды мұғалімі көп білген сайын өз білгенін оқушыларына тереңірек түсіндіріп, талдап көрсетсе, оқушыда қызығушылық туып, алға талпынары хақ. Сол кезде мүмкін синтаксистік құрылымдардың құпиясы ашылатын шығар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Базарбаева З. М. Қазіргі қазақ тілі интонациясының негіздері. – Алматы, 2002.
2. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. – Алматы, 2002.
3. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1998.
4. Шәукенұлы Қ. Синтаксис. – Алматы, 2004.

С.Б. ҚОЯНБЕКОВА

*Филология ғылымдарының докторы,
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ қауымдастырылған профессор,
Алматы, Қазақстан*

Л.А. БУРХАМБАЕВА

*Педагогика ғылымдарының магистрі,
Б.Момышұлы атындағы 131 мектеп-лицейі,
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛИНГВОСТИЛИСТИКАСЫНЫҢ ЛОГИКА-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Тілдің өзіне тән табиғаты оның функционалдық стильдік салалары мен тармақтары арқылы сипатталады. Мақалада тіл айрықша маңызды рөл атқаратын, ішкі құрылымдары мен жүйелері өте күрделі, тығыз байланысты құрайтын көпдеңгейлі құрылым ретінде қарастырылып, логика-философиялық қырлары анықталды. Қазақ тілі философиясы, тіл және ойлау, тіл мен сөйлеу, тілдің танымдық сипаты, тілдік таңба, ұлттық таным, сана, діл, тіл мәдениеті сабақтастықтақта талданып, логика-философиялық парадигмалары ұсынылды. Мақаланың ғылыми маңыздылығында ұлт болмысындағы мазмұны кең, терең ұғым тілдің философиялық табиғаты теориялық тұрғыдан талданып, мысалдармен дәйектелді.

Тірек сөздер: қазақ тілі, экспрессивтік стилистика, логика-философиялық парадигма, философиялық негіздері, ойлау әрекеті, таным құралы, таңбалар жүйесі.

Аннотация. Внутренняя природа языка характеризуется его функциональными стилистическими сферами и ответвлениями. В статье язык рассматривается как многоуровневая структура, играющая особую важную роль, имеющая очень сложную, тесно связанную внутреннюю структуру и систему, и выявляются его логико-философские аспекты. В непрерывности были проанализированы философия казахского языка, язык и мышление, язык и речь, когнитивная природа языка, языковой символ, национальное познание, сознание, языковая культура, представлены логико-философские парадигмы. При научной значимости статьи была проанализирована с теоретической точки зрения философская природа языка, имеющая широкое и глубокое содержание всущности нации и проиллюстрирована примерами.

Ключевые слова: казахский язык, экспрессивная стилистика, логико-философская парадигма, философские основы, мыслительная деятельность, средства познания, знаковая система.

Annototion. The inherent nature of the language is characterized by its functional stylistic branches and branches. In the article, language plays a particularly important role, its internal structures and systems are considered as a multi-level structure that is closely connected, and its logical and philosophical aspects are identified. Kazakh language philosophy, language and thinking, language and speech, cognitive nature of language, language symbol, national knowledge, consciousness, language, language culture were analyzed in continuity, logic-philosophical paradigms were presented. In the scientific importance of the article, the content of the nation's essence is broad and deep, the philosophical nature of the language is theoretically analyzed and illustrated with examples.

Keywords: Kazakh language, expressive stylistics, logical-philosophical paradigm, philosophical foundations, mental activity, means of cognition, sign system.

Тіл мен ойлаудың ұштасуы, олардың өзара әрекеттесуі әлемдік лингвистикалық және философиялық бағыттарда дәйектеліп, қай уақытта да жан-жақты зерттеліп келеді. Алайда стилистиканың философиялық негіздері мен ол сабақтастықтың сипаты, маңыздылығы туралы қазақ тіл білімінде тереңінен қарастырылмаған. Дегенмен, шешендік сөздің, сөз мәдениетінің тілдік танымын сөз еткен ғалым Н.Уәлидің зерттеуінде шешендік сөздегі дүниетаным, шешендік танымдағы пайымдаулар, ой қорытындысы талданып тұжырымдалған [1, 216 б.].

Негізінде, стилистиканың философиялық қырларын тану тіл мен ойлау мәселесінде тағы бір арнасын жүйелеп, стилистиканың теориялық бір тамыры анықталады және аса маңызды тұсы – адамның дүниетанымындағы тілдің түп мәні, адамзат қоғамы мәдениетінің мәртебесі айқындалады. Мәдениетті

кең мағынасында алатын болсақ, адамзат қоғамының материалдық және рухани құндылықтарының жүйесі ретінде танылады. Жалпы сол материалдық және рухани құндылықтар жүйесі ретінде мәдениет жанама түрде адамның ойлау қызметінің жемісі ретінде де нақтыланады. Осылайша мәдениет ойлаумен тығыз және тәуелділік байланысты құрайды. Адамзат баласының ойлауы қалай болғанда да тілмен байланысты болғандықтан, тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның, тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуі туралы мәселені анықтау қажеттілігі маңыздылық танытады. Бұл байланыстардың жүйеленуі, түптеп келгенде, әлеуметтанудың, философияның, этнографияның, тіл білімінің ортақ мәселесін танытатыны да белгілі.

Тіл мен ойлаудың өзара тығыз қарым-қатынасы туралы алғаш рет В.Гумбольдттың тұжырымдарында, тілді тек адамдардың қарым – қатынас құралы ғана емес, дерексіз ойлаудың аса маңызды белгісі екендігі нақты көрсетілді. Ақыл, ой – тек қана рухани әрекет, онда да тереңнен тыныс алатын дыбыстық тілмен білінбейтін, сезім арқылы қабылдауда ғана түсінілетін құбылыс болып табылады. Соның негізінде ғана тіл мен ойлау әрекеті айрылмас тығыз бірлікте болып танылады. Адамзаттың өз ішінен ойлау жөніндегі құбылыстың өзі тек қана тілдің көмегі барысында іске асырылып, тіл – ойлауды ұйымдастыратын процесс болып табылады.

Тіл ойлауға тікелей ықпал ететін құбылыс. Осы тұрғыдан қарастыратын болсақ, тіл адам ойының танымдық әрекетін, оның бағыты мен мазмұн-сипатын анықтайтын күшке де ие болады. Алайда қолданыс барысында тіл – субъективтік қабылдау мен елестету нәтижесін де анықтайтын құбылыс болғандықтан, әрбір жеке тұлғаны жалпы тілден бөлек, өзіндік ерекшелігі мол дүниетаным иесі деп те қабылдау керек. Сөз-сыртқы құбылыстың қарапайым таңбасы емес, сөз - сол заттың адам айналасында орналасатын бейнесі. Сондықтан барлық қабылданатын объективтік затқа қабылдаушы субъективті түрде араласып отыратыны түсінікті. Әрбір жеке адамның сөйлеген сөзінде сыртқы құбылыстың нақты бейнесі емес, оған араласқан сөйлеушінің ішкі дүниесінің қабылдау мүмкіндіктерінің нәтижесінде пайда болған бейнелер пайдаланылатынын Гумбольдттың тұжырымдары стилистиканың негізгі заңдылықтарында ескерілуі қажет [2, 74 б.]. Ойлаудың табиғатын танытатын маңызды фактор Фон Гумбольдттың қағидаларын, адам танымы, әрекеті және дүниетанымының тілдегі көрініс алу барысын көрсететін жолдар неогумбольдтиандықтар қазіргі кезде жаңа бағытта жалғастырып келеді.

Неогумбольдтиандықтардың еуропалық және американдық бағыттарының пайда болуының өзіндік қайнар көздері бар. Америкалық неогумбольдтиандықтардың қалыптасуында америкалық үндістер тілін зерттеу жолы үлкен орын алады. Америкалық үндістертілінің лексика-грамматикалық өзгеше құбылыстарды зерттеу арқылы америкалық лингвисттер Ф. Боас, Б.Уорф, Э. Сепир тіл және ойлаудың байланысы туралы тіл біліміндегі ойларды кеңейтіп, дамытты. Ф.Боас пікірінше, тілдер тек фонетикалық құрамы жағынан анықталып қоймай, тіл дыбыстарында байқалатын идеялардың әртүрлілігі жағынан да айырмашылықтарының жиі кездесетіндігін көрсетеді [3, 91 б.]. Сепир - Уорф теориясына ден қоятын алатын болсақ, ол лингвистикалық салыстырмалылық болжамын қалыптастырған, онда мінез-құлық пен ойлаудың тілге қатысы ерекшелігін терең қарастыруды қажет ететін мәселе екенін анық байқаймыз [4, 53 б.]. Бір қарағанда, Сепир-Уорф теориясы жалпы адам ойлауы бірліктерінің бар екенін жоққа шығарғандай болып көрінуі мүмкін. Ал шын мәнісінде, Сепир-Уорф болжамы негізінде ұлттық ойлау, сөйлеудің қарым-қатынасын зерттеу арқылы ғана жалпы логикалық категориялар танылуы мүмкін екенін түсінеміз. Ал еуропалық неогумбольдтиандықтардың қағидаларында Сепир-Уорф болжамына жақын болжамдар жиі кездескенімен, өзіне тән ерекше тұстары да баршылық. Л.Вайсгербердің пікірінше, заттар мен құбылыстар адам қабылдауына жол салғанымен, негізгі мәселе - олардың санада қалай және қандай орын тепкенінде болуы керек. Тек сол арқылы ғана тілдің әсері анықталады. Яғни тілдің «нәрселер» әлемінен танылған немесе танымдағы дүниелік, тұрмыстық әлеміне өту жолы анықталады [5, 72 б.].

Негізінен алатын болсақ, еуропалық неогумбольдтиандықтар тілді ойлаудың жүзеге асырылу құралы ретінде емес, объективтік шындық пен ойлаудың, сананың ортасындағы аралық әлем ретінде таниды.

Л.Вайсгербер өзінің философиялық негіздемелеріне Э.Кассирердің символикалық формаларының философиясын тірек ететіні айқын байқалады. Э.Кассирердің айтуында, тілдегі, мифтегі, өнердегі бізге танымал символикалық таңбалар – солар арқылы белгілі бір мағыналарды анықтау үшін жасалынбаған, есесіне, сол символикалық таңбалардың өзі оларда белгілі бір мағына болғандықтан ғана пайда болған. Ол таңбалардың мазмұны толықтай дерлік таңбалаушының функциясында «жұтылып кетеді». Сана сол жекеліктердегі жалпылықтарды ерекшелеу үшін қызмет етіп тұрады, соның негізінде санада мағыналар кешенін жинақтап тұратын нақты ойлау мазмұны жасалынады. Тіл білімі мен семиотиканың

түйісер тұсында пайда болған бұл бағыттың экзистенциалдық герменевтикамен байланыс көбірек байқалады. Сонымен бірге жалпы семантика мен лингвистикалық философияның қарастыратын ортақ мәселесіне тіл адамға берілген реалды құбылыс деген тезиске де жуықтайды.

Бірақ неопозитивизм бағыты өкілдерінің көзқарастары да тілді танудағы жолдары бойынша осы бағытқа ұқсайды. Неопозитивистердің айтуынша, тілдегі философиялық мәселелер тілді түсінбеуден, тілді дұрыс қолданбаудан туындайды. Неопозитивистер адамның білімін де таза тілдік проблема ретінде таниды. Стилистиканың философиялық бастау көздері лингвистикалық философиядан туындайтынын негізгі нысанда ұстай отырып, Д. Хаймстің, У. Брайттың тілдің әлеуметтік негіздерін зерттеу еңбектерін де қарастырып өтпекпіз.

Д. Хаймс, негізінен, Сепир-Уорф болжамын жалғастырушы ретінде таныла отырып, өз тарапынан тілдің түрлі болып келуінің алғы шарттары әлеуметтік факторларға байланысты екенін айтады. Ал У.Брайт тілдің әлеуметтік дифференциациясы мен тілдің құрылымы және тілдің әлеуметтік бөлімдердегі функционалдық ерекшеліктерінің арасындағы корреляцияларды негізгі деп тануға тырысты. Касталық диалектілердің арасындағы семантикалық айырма-шылықтарды негіз ете отырып, У. Брайт оларды сол диалектіде сөйлеушілердің «танымдық бағдарларының» арасындағы айырмашылық деп сипаттайды [6, 95 б.].

Тілдің адам ойлауына, танымдық іс- әрекетіне үлкен дәрежеде ықпал ететіні сөзсіз. Оны мынадай белгілері арқылы анықтауға болады деп ойлаймыз: Тіл – адамға ғана тән болып келетін дерексіз ойлау, топтастыру мүмкіндіктерін жүзеге асырады. Тілде, яғни сөз мағынасында, оның грамматикалық категорияларында, қандай да бір деңгейде болса да, адамзат танымының алдыңғы уақыттағы нәтижелері таңбаланып қалады. Сол яғни алдыңғы уақыттың таңбасы өзінен кейінгі таным әрекеттеріне бағыт-бағдар беріп отырмауы мүмкін емес. Осы тұрғыдан алғанда тілдік апперцепция мәселесі туралы айтуға болады. Тілдің дерексіз, топтастырылған ойлау негізіндегі танымдық қызметі мен шындық болмысты сезімдік тұрғыдан тану барысындағы апперцепциялық арасындағы аналогия осы ретте анықтала түседі.

Адам баласы ойлау процесі кезінде заттардың, іс-әрекеттердің жекелеген қасиеттерін тану қажеттілігіне келеді. Сол жекелеген қасиеттер заттардан бөлек алып қарастырылған кезде тілде көптеген құбылыстар дербес таныла бастайды яғни субстантивациялық құбылыс, конверсия, дерексіз зат есімдер т.б. Осының негізінде тілде заттық мағына, іс-әрекет деген сияқты жалпы грамматикалық мағыналар пайда болғаны белгілі. Сонда тілде, тілдік тәсілдерде адамның танымдық іс-әрекеті процесіндегі субъективтілік сәттер таңбаланып қалатынын осылай білеміз. Тілдің сондай қырларын зерттеу арқылы адамның танымдық іс-әрекетінің заңдылықтарын анықтауға, сонымен бірге ол заңдылықтардың тарихи даму жолын тануға мүмкіндік алынады.

Тіл мен ойлаудың диалектикалық қарама-қайшылықтағы бірлігінде ойлауға алдыңғы орын берілгенімен, тілдің салыстырмалы тұрғыдағы дербестігін де мойындау қажет. Өйткені тіл – өзін-өзі ұйымдастыра алатын белгілі бір ішкі заңдылықтарға ие болып келетін, даму жолының белгілі бір қағидалары бар ерекшеліктерге ие құбылыс. Осы тұрғыдан алғанда тілдің, шын мәнінде, ойлауға өз тарапынан ықпал ете алатын, әсер ете алады. Бірақ Э. Леннебергтің айтуынша, сөз – адамның танымдық іс-әрекетін толық билеп ұстап тұра алмайды. Объективтік болмысты санада сәулелендірудің тілдік мағына жасалуындағы маңызды қызметі мен тілдік мағынаның сыртқы болмысты сәулелендіруге тигізетін әсерін тани отырып, оларды түрлі өзгерістер мен тарихи ықпалдарға да қатысты болатынын көруге болады [7, 81 б.].

Тілдің жүйелік және құрылымдық болмысын қарастыратын болсақ, онда алдымен, тілдің таңбалық сипатына ден қоюымыз қажет болады. Билатералды тілдік бірліктің таңбалық табиғаты туралы қағидалар бойынша, тіл бірлігі – тіл жүйесінде алатын орнына байланысты келесі тіл бірлігін құруға қарым-қатынасының жемісі ретінде танылуы керек. Тілдің болмысын тануға осы тұрғыдан келу дегеніміздің өзі - тілді имманенттік құбылыс деп тану және тіл бірліктеріне түпкі атқаратын қызметі – өзінен жоғары тіл бірлігін құруға қызметі тұрғысынан келу дегенді білдіреді. Тіл белгілі бір дәрежеде иерархиялық құрылымға ие жүйе болып, оның ішкі бірліктері төменгісі жоғарысын құруға қызмет етеді, ал бірақ жоғары деңгей - төменгі бірліктерден қалай болса солай құрала салған деңгей емес. Атап айтсақ, морфемді фонемдерден құралған бірлік десек те, морфемдік мағынаны тікелей фонемдердің жекелеген мағыналарынан құрала салған дүние деп айта алмас едік. Тілдік жүйенің өзіндік мәртебесі бар, ол мәртебе сыртқы Факторларға, атап айтсақ, ойлау мен қоғам арасындағы байланысқа тікелей тәуелді болмайды. Экстралингвистикалық факторлардың тілге тигізетін әсері мен ықпалы зор екендігінде дау жоқ. Дегенмен де, экстралингвистикалық құбылыстар тілдің ішкі жүйелік тәртібі мен заңдылықтары арқылы ғана танылады.

Тіл – дерексіз, топтастырылған ойлауды жүзеге асыру құралы ретінде және қарым-қатынас құралы ретінде пайда болды. Бұл функциялар тілдің ішкі құрылымы дамуына алдыңғы орында ықпал ететіні анық. Тіл мен ойлаудың арасындағы сәйкессіздіктер, әсіресе, тілдің экспрессивтік функциясы тұсында айқынырақ байқалады.

Лингвистикалық философия мәселелерінен қарапайым тілдік қолданыстың кейбір ерекшеліктерін қарастыруға ауысатын болсақ, сол қарапайым тілдік қолданыстың өзінде сөзді айтушы адамның дүниетанымдық үлкен де күрделі процесінің нәтижесі, жемісі болып табылады.

Егер «Төлеген қоңыр шапан киіп, тобылғы қамшысын ұстап, сыртқа шықты» деген сөйлемді қарастырсақ, мұнда қолданысқа түскен сөздер адамды, оның атын, шапанды, қамшыны, олардың түсін қарапайым формада ғана атап тұрған сияқты болғанымен, шын мәнінде тіпті де олай емес екені белгілі. Өйткені бұл сөздер – адамдардың (қазақтың) талай жылғы экономикалық белсенді еңбегінің, сыртқы табиғатты, дүниені, ортаны, өз-өзін танудың жемісі. Ал жекелеген сөздерді байланыстырып тұрған грамматика-лық тәсілдер тіпті басқа күрделі мәселе екені анық. Шапанға дейінгі талай киімдердің эволюциясы, сол шапанды түске бояуға дейін ойдың жету эволюциясы, тобылғының қамшыға тамаша сап болатынына дейінгі сананың жету жолы - барлығы, шындығында, үлкен философиялық мәселе. Сондай үлкен жүктерді яғни қазақ тілінің даму жолын бір сөздің бойына сыйғызып тұрған тілдің күшін пайдалана білетін және күнделікті терең ойланбастан-ақ пайдаланып жүрген адамдардың санасының күші туралы қалай сөз жеткізер едік.

Ал егер осы «Төлеген қоңыр шапан киіп, тобылғы қамшысын ұстап, сыртқа шықты» деген сөйлемді:

«Сыртқа Төлеген қоңыр шапан киіп, тобылғы қамшысын ұстап шықты» деп бір өзгертсек, «Қоңыр шапан киіп, тобылғы қамшысын ұстап, сыртқа Төлеген шықты» деп тағы өзгертсек, «Төлеген сыртқа қоңыр шапан киіп, тобылғы қамшысын ұстап, шықты» десек, «Төлеген шықты сыртқа, қоңыр шапан киіп, тобылғы қамшысын ұстап» деп өзгертсек, бұлардың барлығы тілдің нақты қолданысының түрлі ой берудегі бейімділігі мен мүмкіншілігін көрсетеді. Бұл мәселе әр сөздің бойындағы стилистикалық мүмкіндіктің өзін сол сөздің құрылымы мен мағынасының дамуы барысында жинақтаған «дәндері» деп танылу керектігіне меңзейді.

Әр тілдің өзінің сөздік қорымен, грамматикасымен ерекшеленетіні белгілі. Сонымен бірге әр тіл сол тілде қарым-қатынас жасаудың түрлі амалдарына, оралымдарына, идиомдарына бай болып келеді. Мысалы ағылшын тіліндегі «it» және «is» деген екі сөз екі түрлі позицияда келіп, екі түрлі мағынаны: бірде сендіруді, екіншісінде сұрақты білдіреді. Ал қытай тілінде сенімділік пен терістеу екеуі бірдей айтылып, тыңдаушысына екеуінің бірін қалау мүмкіндігін беріп тұрған сияктанады: «Бұл осылай, бұл осылай емес пе?»

Тілдің шарттылық мағынасындағы оралымдар мен амалдары арқылы қолданысы түрлі тілде түрліше болып келеді, ал кейде бір тілде олар орын алмасуы арқылы түрлі мағына беріп тұрады және мұндай мүмкіндіктер бір тілдің өзінде шексіз жасалына беруі мүмкін.

Адамның ойлауы еңбекпен біте қайнасып дамып, жетіліп, қалыптасып, сөйлеу тілін де дамытқан ерекше күш болып табылады. Тіл мен ойлаудың көмегімен адам баласы табиғат пен адамзат қоғамының құпия сырларына терең үңіле беруді, соның жолдарын ашады. Адамның ойлауы мен тілдік құдіретінің арқасында ғылым да, көркем әдебиет те дамып, жетіліп келеді. Сондықтан да стилистиканың теориялық негіздері ретінде философия мен логика ғалымдарын алудың өзі – стилистикалық мүмкіншіліктердің тамырларында тұнып жатқан құпиялар мен сырларды тануға негіз болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1984. – 225 б.
2. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. Пер. с нем. – Москва, 2000. – 400 б.
3. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – Москва, 1993. – 656 б.
4. Вайсгерберг Л. Родной язык и формирование духа. – Москва, 1993. – 135 б.

V. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

А. АЛДАШ

*Филология ғылымдарының докторы, профессор
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Тіл мәдениеті бөлімінің бас ғылыми қызметкері
Алматы, Қазақстан*

ТІЛДЕГІ СТЕРЕОТИП, КЛИШЕ ЖӘНЕ ШТАМП ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

Аңдатпа. Қазіргі қазақ әдеби тілінің функционалды стильдерінде – публицистикалық, ғылыми, ресми-іскери стильдерде, оқу-ағарту мәтіндерінде әр стильдің архитектурасын танытатын, жиі қолданылатын стандартты тілдік құрылымдар бар. Стандартты тілдік құрылымдар нақты бір типтік жағдаяттарда, стильдердің ерекшеліктеріне қарай ақпарат беру, әсер ету, коммуникативтік қарым-қатынастың шапшаң орнығуына қол жеткізу қызметтерін атқарады. Стандарт құрылымдар – әдеби тілдің жетілгендігінің, әдеби нормалардың қалыптасқандығының көрсеткіштерінің бірі. Әлемдік лингвистикада оларды клише және штамп деп бөліп атау орныққан және олар біршама дәрежеде зерттелген. Дегенмен стандартты тілдік құрылымдардың парадигматикалық және синтагматикалық сипаттамасы, сондай-ақ номинативтік және коммуникативтік ерекшеліктері, жағдаятқа қарай шарттылығы әлі де болса нақтылауды қажет етеді.

Мақалада бір ресми-іскери мәтіндегі тұрақты құралымдарды топтастыру арқылы қазақ тіліндегі клише үлгілерінің ерекшеліктері қарастырылады.

Тірек сөздер: мақсатты стиль, стереотип, клише, штамп, тілді стандарттау, дайын формулалар.

Аннотация. В функциональных стилях современного казахского литературного языка – публицистическом, научном, официально-деловом стилях, в учебно-просветительских текстах имеются часто используемые стандартные речевые структуры, характерные для архитектуры каждого из стилей. Стандартные речевые структуры выполняют функции передачи информации, воздействия, достижения быстродоступного коммуникативного общения в конкретных типичных ситуациях, в зависимости от особенностей стилей. Стандартные структуры – один из показателей литературного языка и литературных норм. В мировой лингвистике их принято называть клише и штампами и в достаточной степени изучен. Тем не менее, парадигматические и синтагматические характеристики стандартных речевых структур, а также номинативные и коммуникативные особенности, ситуативная обусловленность все еще нуждаются в конкретизации.

В статье рассматриваются особенности клише и штампов в казахском языке на материале текстов официально-делового стиля.

Ключевые слова: функциональный стиль, стереотип, клише, штамп, стандартизация языка, готовые формулы.

Annotation. In the functional styles of the modern Kazakh literary language - journalistic, scientific, official business styles, in educational texts there are often used standard speech structures characteristic of the architectonics of each style. Standard speech structures perform the functions of transmitting information, influencing, achieving quickly accessible communicative exchange in specific typical situations, depending on the characteristics of styles. Standard structures are one of the indicators of literary language and literary norms. In world linguistics they are usually called cliches and phrase cliché and have been sufficiently studied. Nevertheless, the paradigmatic and syntagmatic characteristics of standard speech structures, as well as nominative and communicative features, and situational conditionality still need to be specified.

The article examines the features of cliches and phrase cliché in the Kazakh language based on texts in official business style.

Keywords: functional style, stereotype, cliché, phrase cliché, standardization of language, ready-made formulas.

Әлемдік лингвистикада мақсатты (функционалды) стильдерге қатысты айтылған пікір-тұжырымдарда «стереотип» «стандарттылық» (немесе тілді стандарттау), «клише», «штамп» деген ұғымдар жиі аталады және бірқатар стильдердің басты ерекшеліктері, стильдік байлаулы белгілері осы ұғымдармен тығыз байланыстырылады.

Осы мәселелерге қатысты біралуан ойларды айтудың алдында алдымен сөз болғалы отырған ұғымдардың лингвистикалық-энциклопедиялық анықтамаларына тоқталалық.

«Стереотип – форма целостной деятельности больших полушарий головного мозга высших животных и человека, выражающаяся в фиксированном (стереотипном) порядке осуществляемых ими условнорефлекторных действий; имеет важное значение для приспособления организма к условиям окружающей среды» [1, 484 б.].

«Тілді стандарттау – тілдің нормаға түсуі, тілдік құралдардың стандартталуы, тілдік единицалардың лексикалық, дыбыстау, грамматикалық варианттарын нормаға түсірудің үлгісі ретінде алынған тілге сүйене отырып, бір деңгейге түсіру... Тілді стандарттау бар мүмкіндіктермен жүзеге асырылады» [2, 362 б.].

«Клише – қарым-қатынас жасау барысында оңай айтылатын дайын сөйлем орамы, сөздер тіркесі, стереотип. Мыс., келешекке үміт арту, тығырықтан жол табу, сәлем айт, тісімен құс тістеу» [2, 180 б.].

«Штамп... тілдің өңделіп ажарланған, тұрақты қалыптасқан құралы (дайын элементі). Кез келген сөз, сөз тіркесі, сөйлем жиі қолданудың нәтижесінде штамп бола алады. Мыс., ақ алтын, үзеңгілес жолдас» [2, 428 б.].

Мәселеге қатысты зерттеулердің көпшілігінде әсіресе клише мен штамп тіл-тілдердің барлығында да бар құбылыс деп танылады. Бұлайша бағаланудың бір себебі, біздің байқауымызша, стереотип құбылысына байланысты. Қалып (стереотип) – физиология ғылымына қатыстырыла берілген жоғарыдағы анықтаманы негізге алғанда, адамның ойлау санасына тәуелді құбылыс; адамның ойлау санасында стереотиптің қалыптасуына бірқатар факторлар ықпал етеді: ең алдымен қалып (стереотип) – адам санасында қалып алған, қандайда бір ұғымның, құбылыстың шындық екеніне күмән тудырмайтын ұғымдық образ. Адам өз санасында орныққан ұғымдық образды нақтылап жеткізуге ұмтылады, тіпті күрделі құбылыстарды да беру үшін олардың басты белгілерін негізге алып, қарапайымдандырады және өз санасындағы қалыптасқан ұғымдық образды тіл арқылы әлденеше мәрте қайталайды. Осыдан барып сөйленісте (речь) клише (одан әрі – штамп) қалыптасады.

Қазақ тіл білімінде стилистика жайын алғаш зерттеген көрнекті ғалымдар қоғамдық ойсананың жоғарылауы нәтижесінде тілде бір қалыпқа түскен сөз орамдары болатындағын атап өтеді [3, 21 б.].

Академик Р. Сыздық ісқағаздар стилінде «шаблон құрылымдар: сөйлем түрлері, сөз тіркесімдері, мәтіннің құрылымы орын алады» деген пікірі клише, штамп ұғымдарын анықтай түседі [4, 74 б.].

Бұл турасында В.Виноградовтың да сөзіне нұсқайық: «В системе современного литературного языка слова по большей части функционируют не как произвольно и неожиданно сталкиваемые и сцепляемые отдельные компоненты речи, а занимая устойчивые места в традиционных формулах. Большинство людей говорит и пишет с помощью готовых формул, клише» [5, 121 б.].

«Дайын формула» дегенге топтасатын тілдік құрылымдар, ғалымдардың көзқарастарына сүйенсек, бірқыдыру. Клише мен штампқа қатысты жоғарыда аталған анықтамаларға дәйек ретінде, мәселен, тұрақты тіркестер (тісімен құс тістеу, үзеңгі жолдас); калька құрылымдар (*ақ алтын*); газет фразеологизмдері (*келешекке үміт арту*) ұсынылған. Зерттеуші В.Костомаров клишеге сериялы қолданыстарды жатқызады (*бұлар – 70-80 жылдары аударманың ықпалымен қазақ баспасөзінде жоғары жиілікпен қолданыс тапқан ақ алтын, көгілдір отын, жұмсақ алтын, дала аруы типтес перифразалар*), ал В. Телия фразеологизмдерді саралағанда, идиомдардың, фразалық тіркестердің, паремияның, қанатты сөздердің қатарына клише мен штампты қосады, яғни оларды фразалық тіркестер деп таниды [6, 58 б.]. Дегенмен тағы бір зерттеулерде «фразеологизм» деген терминнің нақты анықтам асына байланысты клише тұлғаларды олардың қатарына қоспау қажеттігі де айтылады. Ал қазақ тілтанымындағы тұрақты тіркестерге, фразеосемантикаға қатысты еңбектерде жоғарыдағы анықтамағы сәйкес клише дегендер фразалақ тіркестер қатарына қосылмайды.

Қазақ әдеби тілінің қазіргі қолданылу қызметінің жай-күйімен салыстыра қарағанда, тілдің бүгінгі сипатына клише тән бе немесе тән емес пе; олар қалай пайда болады; сондай-ақ клише қай стильде (немесе стильдің ішкі тармақтарында) көбірек кездеседі; клише мен штамптың айырым белгілері неде (клишенің штампқа айналу себептері қандай) деген біралуан сауалдар ілгері шығады.

XX ғасырдың 70-80 жылдарында қазақ баспасөзінің тілінде «дайын формула» түріндегі құрылымдар жоғары жиілікпен жұмсалды. Бұған баспасөзде ресми-саяси мазмұндағы материалдардың аударма, оның ішінде сөзбе-сөз тәржімалау тәсілімен жасалуы, тілдік норманың біршама қатаң жүйеде танылуы себеп болды. Басқаша айтқанда, сол тұста тілдік құралдардың іріктелген, тілді қолданушылар мақұлдаған жиынтығы ретіндегі норма қадағалана реттеліп отырды. Кейінгі кезеңдегі сипат мүлде тың бағытта: әсіресе қазіргі баспасөз тілінде әдеби тіл элементтері де, жалпыхалықтық қолданыстағы тілдік

бірліктер де өзара «кездейсоқ» тіркесіп, қолданысқа түсуде; тіпті ресми мазмұнды жанрлардың тілінде де синонимдік қатарлардың шеткері немесе бейәдеби сыңарларымен өзара еркін алмасуы, жергілікті тіл ерекшеліктерінің, сирек қолданылатын сөздердің игерілуі, жаңа сөздердің жасалуы аңғарылады. Демек, тілдік құралдарды іріктейтін нормада бүгінгі тұста біршама кеңдік, «демократиялану» сипаты бар. Бұған қазақ тілінің дәстүрлі формуладан гөрі образдылыққа, сөздердің тіркесімділік белсенді қабілетке бейімділігі де мүмкіндік береді. Тұтастай алғанда, қазақ тілінің сөздік байлығын жан-жақты айналымға түсіру арқылы тілдің коммуникативтік қызметінің аясын кеңейту бағыты нормалық талаптардың шеңберін де ұлғайтып отыр. Дәлел ретінде бірер мысал келтірелік: 1. *Оның үстіне біз – біреулерге таныс, біреулерге бейтаныс қауымбыз. Ежелгі тағдырымыз табиғаттан іргесін ажыратпаған анайылық, кейінгі тағдырымыз басқаның жарылқаушылығына иек артқан мүжәлсіздік кейіпінде сипатталып баққаны аян* (Ә.Кекілбаевтың Мәдени мұра бағдарламасына арналған мәжілісте сөйлеген сөзі, Егемен Қазақстан, 2003, 29 қараша). 2. *Біз ұлтымыздың ұлы ұрангерін, ұлы күрескерін еш уақытта ұмытпауымыз керек* (Алматы ақшамы, 2003, 11 желтоқсан). 3. *Тұмау – қыстың меншікті ауруы* (Жас алаш, 2003, 9 желтоқсан).

Сонымен, клише мен штамп құбылыстарына қарай нақты ойысар болсақ, айтылған тұжырымдардың ішіндегі салмақтысы, назар аудартарлығы – сөз тіркестерінің сөйленісте (речь) қайталанып, қайырадан бірнеше мәрте қолданысқа түсетіндігі. Бұндай қасиетке, сөз жоқ, ең алдымен фразалық тіркестер ие, алайда клише – біртектес, нақты бір ситуацияға қатысты сөйлеу қарым-қатынасында қайталанып отыратын сөз тіркестері екендігін ескеруіміз қажет. Клише ғылым тілінде, ресми-іскери тілде және мерзімді басылымдардың тілінде көрініс табады. Клише – тілден тысқары тұратын, Адам санасында жиналған ақпараттың жинақталып, сақталып, белгілі бір ситуацияға байланысты тіл арқылы таралатын құбылыс, әрі әрқашанда тұрақты сипатқа ие сөз тіркесі. Міне, осыған байланысты лингвистикалық анықтамада клише түріндегі сөз тіркестері фразалық тіркестермен қатар деңгейде ұсынылған. Сонымен қатар тұрақты қалыптасқан, дайын тұрған, қайталануға мүмкіндігі бар сөз орамдарына мол стиль дамыған, жетілген, стильдік байлаулы белгілері айқын көзге түсетін тармақ болып табылады.

Клише – ресми-іскери стильге және ғылыми стильге тән белгілердің бірі; бұл құбылыс аталған тармақтардың функциялары, мақсаттары үшін өте-мөте тиімді тілдік элементтер болып саналады. Сонымен қатар қазіргі баспасөз тілі де нормалық еркіндік сипатына қарамастан тұрақты сөз орамдарын игеруге бейім тұрады. Біздің тарапымыздан орталық бірнеше басылымдардың тіліне статистикалық талдау жүргізілді; олардың қатарынан ресми-саяси мазмұндағы бір мәтіннің лексикалық құрамына жасалған сараптамаға назар аударталық.

Ресми-саяси мазмұнды мәтінде қолданылған сөздің жалпы саны – шамамен 830 сөз.

Оның ішінде:

– географиялық атаулар, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің аты-жөні, номенклатуралық атаулар – 90 сөз.

– фразалық тұтастықтарды дәнекерлеуші тілдік құралдар (*сондай-ақ; аталған; сонымен қатар; сол себепті және т.б.*) – 11 сөз және сөз тіркесі.

– мәтіннің мазмұнына қатысты терминдер (*ақша бірлігі; даму банкі; қорғаныс күштері; Қарулы Күштер; мемлекет басшысы; қорғаныс шығыны; өсім; жеке кәсіпкерлік және т.б.*) – 27 сөз және сөз тіркесі.

– сирек қолданылатын сөздер (*салтанат-шарғыларын жасап қарсы алды*) – 1 сөз.

– ауызша әдеби тілге тән бірлік (*біраз шаруа тындыру*) – 1 сөз.

– образды синонимдер (*оңтүстігін Араб теңізі жуып жатыр; өкілдердің бір шоғырын алып келді; жергілікті халыққа қат өнім*) – 3 сөз.

Міне, осы аталғандардан басқа шамамен 600-ге жуық сөз тіркесі «дайын формула» сипатында көрінеді. Оларды екі қатарға қарай топтастыруға болады:

– есім тіркестер – ресми сапар; екіжақты ынтымақтастық; жоғары мәртебелі мейман; құрметті қарауыл; ресми тіл; ресми атау; ресми дерек; толайым табыс; өтпелі кезең; жеке кездесу; ынталы топ; іскер топ; оң ықпал; белсенді жұмыс; маңызды бағыт; қысқа мерзімді; орта мерзімді; тұсауксер рәсім және т.б.;

– етістікті тіркестер – қарсы алу; сап түзеу; бет түзеу; әңгіме қозғау; аяқ басу; жүзеге асыру; іс жүзіне асыру; жақсарта түсу; қол жеткізу; атап көрсету; қызығушылық таныту; байқалып отыр; баса айту; көздеу; сенім білдіру; жоспарланып отыр және т.б.

Берілген мысалдардың басты айырым белгісі – олардың баспасөз тілінде, ресми құжаттарда жоғары жиілікпен жұмсалатындығында. Ақпараттар ағыны толассыз жүріп отырған қазіргі кезеңде

көрсетілген типтес дайын құрылымдар ойды нақты әрі шапшаң жеткізу үшін, хабарланатын мәліметті қабылдаушы (оқырман немесе тыңдарман) кедергісіз игеру үшін мейілінше қажет болып саналады. Сондықтан да мерзімді баспасөз тілі ықпал ету қызметіне қарай әр алуан образды тілдік құралдарды таңдаумен қатар іріктелген, сыртқы нысаны жағынан қалып алған сөз орамдарын пайдалануға мүдделі.

Қайталана қолданушылық – клишенің сипатты белгісі. Дегенмен қайталанбалылық әртүрлі болады: шектен тыс қайталанған тұрақты орам ақпаратты нақты, шапшаң, мағыналық айқындықпен жеткізу қабілетінен ажырайды, тіркес құрамындағы сөздердің семасиологиялық байланысы жоғалады. Клише – белгілі стильдік тармақтың стильдік байлаулы лексикасы (стилистикалық маркированная лексика) ретінде орныққан, біртектес сөйлеу жағдаятында қайталанғанда, ақпаратты шапшаң, әрі нақты жеткізу қабілеті жоғары, мәтіннің қажетті құрылымдық бірлігі болып саналатын, стильдік норма болып табылатын, бір мағыналы, семантикасы айқын, мәтінге эмоциялық-экспрессивтік біршама реңк қоса алатын сөз орамы. Клишені «ойды жеткізудің зерделі құралы» (интеллектуализированное средство выражения) [7,125-131 бб.] тұрғысында бағалайтын көзқарастар да бар. Таптаурын (штамп) – клише түріндегі тіркестің стильдік уәжсіз, шектен тыс жиі қолданысынан туындаған, көп жағдайда адам жадында сақталған тіркес ретінде қайталанатын, образды бояуы бәсең сөз тіркестері.

Қазақ тіліндегі клише дербес сөздің тіркесімділік икемділігі (*мыс.,қызу қолдау; жүргізілу; атсалысу; іргелі жұмыс; шара; оң ықпал; құбылыс; қатаң тәртіп; бақылау; сынға алу*); фразалық тіркестердің жиі қайталанып барып белгілі бір стильге бекітілуі (*мыс., бет түзеу; жолға қою; қолға алу; бой түзеу; етек алу; орын алу*); сондай-ақ сөзбе-сөз аударма (*алтын гасыр; дөңгелек үстел; суық қару; тұтынушылар қоржыны; төртінші билік; өкімет дағдарысы; жұмыс күші*) арқылы жасалады. Бірнеше стильдерге ортақ, «стильдердің араласуы» үрдісін танытатын тұрақты орамдар да бар.

Тілдегі стандарт құрылымдарды (сөздер мен сөз тіркесін), клише және одан пайда болатын таптаурын (штамп) үлгілерді қарастырғанда, олардың тілдік санаға қатысы жайында да сөз қозғауға тура келеді. Өйткені қазақ тілі аса бай, ақпаратты беруге әлеуеті мол тіл деген әбден мойындалған тұжырыммен салыстырғанда, қайталанбалық сипатқа ие құрылымдардың (сөздер мен сөз тіркестерінің) пайда болу себептері мен сипаты да ойландырады. Бұлар, ең алдымен:

- санада, жеке адамның лексикалық қорында эксплицитті пайда болған тілдік бірліктер;
- жазба тілдің қолданысындағы бір мәрте көрініс тапқан тәжірибенің қолданыс жиілігінің артуы;
- сөйтіп, тіл арқылы қарым-қатынасты өнімді және логикалық түрде жеңілдетуге, шапшаң қабылдауға оңтайлылық танытуы;
- ақиқат шындықты жеткізе алатын, ақпараттың кодталуын танытатын тілдік эталон тәрізді сипатта болуы.

Стандартты құрылымдар (дайын сөз орамдары) тілдің қолданысында ақпараттық, әсер ету, коммуникативтік, адресат пен қабылдаушы арасында байланыс орнату қызметтерін атқарады және мағыналық жүгі де бола бермейді. Алғашында әсер ету функциясы танылған сөз орамы қолданыс жиілігінің артуы нәтижесінде штампқа айналады, бірақ ақпарат беру коммуникативтік қарым-қатынас орнату үшін штамп та тіл қолданысында болады. Демек, қазақ тіліндегі клише және штамп құбылысы арнайы зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Словарь иностранных слов. – Москва: Русский язык, 1980. – 670 с.
2. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 с.
3. Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е. Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1974. – 189 б.
4. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
5. Виноградов В.В. Русский язык: Грамматическое учение о слове. Учебное пособие для студентов филол. фак. спец. ун-тов. 2-е изд. – Москва, 1972. – 614 с.
6. Телия В.Н. Фразеология в контексте культуры: сб. статей / ред.: В.Н. Телия. – Москва: Языки славянской культуры, 1999. – 337 с.
7. Сорокин Ю.А. Стереотип, штамп, клише: к проблеме определения понятий // Общение. Теоретические и прагматические проблемы. – Москва, 1978. – с. 125-131.

КӨНЕ ТҮРКІЛІК ҚАТЫН, ҰЛУ СӨЗДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ МӘН-МАҒЫНАСЫ ТУРАЛЫ

Аңдатпа. Қазіргі таңда мерзімді баспасөз беттерінде көне түркі кезеңдерінен қолданыста келе жатқан бірқатар атаулардың бастапқы мән-мағынасы ұмытылып, мүлде басқа мағынада пайдаланылып жүргені байқалады. Соның ішінде «қатын», «ұлу» лексемаларын сипаттау, насихаттау, суреттеп түсіндіру мәселесінде бірқатар олқылықтар кездеседі. Мақалада қазақ тілі тарихи лексикасының құрамына кіретін «қатын», «ұлу» сөзінің мән-мағынасы лингвосемантикалық және этимологиялық тұрғыдан қарастырылды. Зерттеу жұмысы ХІХ-ХХІ ғасырлар аралығындағы этимологиялық және аударма сөздіктер арқылы аталған лексикалардың уәжділігін анықтау басты назарға алынды.

Тірек сөздер: Бұқаралық ақпарат құралдары, қатын, ұлу, этимология, семантика, лексика.

Аннотация. В настоящее время на страницах периодической печати некоторые древнетюркские лексемы, теряют свое первоначальное значение, употребляется совершенно в ином значении. В частности, имеется ряд пробелов в вопросе описания, пропаганды, иллюстративного толкования лексем «қатын», «улитка». Суть слова «қатын», «ұлу», которая является частью исторической лексики казахского языка, рассматривается в терминах лингвосемантической и этимологической точки зрения. Исследование основывалось на этимологических и переводческих словарях ХІХ-ХХІ веков, чтобы определить мотивацию этих лексиконов.

Ключевые слова: Средства массовой информации, қатын, ұлу, этимология, семантика, лексика.

Annototion. Currently, on the pages of the periodical press, some ancient Turkic lexemes lose their original meaning, are used in a completely different meaning. In particular, there are a number of gaps in the issue of description, propaganda, illustrative interpretation of the lexemes «katyn», «snail». The essence of the word «katyn», «ulu», which is part of the historical vocabulary of the Kazakh language, is considered in terms of linguosemantic and etymological point of view. The study was based on etymological and translation dictionaries of the ХІХ-ХХІ centuries to determine the motivation of these lexicons.

Keywords: Mass media, katyn, ulu, etymology, semantics, vocabulary.

Көне түркі заманында аса қадірлі атаулардың бірі – қатын атауы болған. «Древнетюркский словарь» сөздігіне назар аударалық: «QATUN I 1. госпожа, вельможная дама, женщина знатного происхождения, жена правителя, знатного человека: umaj teg ögim qatun qutiña inim küл tegin er at bultı для (т.е. на радость) ее величества моей матери-катун, подобной Умай, мой младший брат получил геройское имя Кюль-Тегина (КТ₃₁); tört eşi toquz qatunı otuz üç miñ jaranı у него четыре сподвижника, девять жен и тридцать три тысячи сотоварищей (Qas₅₂); bu savıy elig begli qatunlı ešidip правитель-князь и его жена, услышав эти слова (Siv 625₁)» [1, 463 б.].

Осы сөздің қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі мағынасы: «ҚАТЫН зат. 1. Жалпы әйел атаулы, ерге тиген әйел. // экспр. жағымсыз. Төменетек, қоғамда орны жоқ, үйде дауысы жоқ, сөзі өтпейтін әйел. 2. Зайып, жар, жұбай. // Қорқақ, сужүрек, еркек емес» [2, 778 б.]. Жалпы сөздіктегі осы мағынаның негізгі реңктері бұқаралық ақпарат құралдарында түгел камтылып отырады. Оларды толық келтіру міндет емес. Тіл білетін оқырманға түсінікті жағдай. Бірде ақиық ақын Мұқағали Мақатаев көшеде такси ұстап тұрса, қасына бір такси тоқтаған екен. Сонда Мұқағали:

– Шопыр бала, Шопыр бала! Машинаңда орын барма отырғанға? – десе, рульде отырған (сол кездегі ең алғашқы таксист әйел екен) әйел:

– Мен саған бала емеспін, – депті.

Сонда Мұқағали тағы да:

– Шопыр қыз, Шопыр қыз! Онда мені машинаңа отырғыз, – депті.

Әйел тағы да:

– Мен саған қыз емеспін, – депті.

Мұқағали әйелдің бетіне қарап:

– Шопыр қатын, Шопыр қатын! Машиненде орын барма отыратын?! – депті.

Ашуға булыққан әйел: – Немене, келіншек десең тіліңе жара шығама, қатын деп қақылдамай? – десе, Мұқағали:

– Әй қалқам, «қатын» деген сөздің түп төркінін түсінбеген жан екенсің.

«Қатын» деген қасиетті бес әріптен құралған:

Қ – дегенім – қадірлім,

А – дегенім – ардақтым,

Т – дегенім – тынысым,

Ы – дегенім – ырысым,

Н – дегенім – намысым! – деген екен.

Сонда әйел, «Отырыңыз аға! Ендігі жерде қатын болып жүрейін!» – деген екен... [3, 56 б.]

Сол айтқандай, «қатын» сөзінің байырғы мән-мағынасынан айрылуының себебі айдан анық және түсінікті. Біріншіден, ол егемендіктен айрылған, халқымыздың басына түскен қилы замандардың әсерінен, жалпы түркілік биік дүниелерден баз кешушіліктің болуынан. Екіншіден, мұсылманшылыққа көшуге байланысты, еліміз бен жерімізде сонау орта ғасырлардан бері кең етек жайған ислам мәдениетінің әсерінен, «қатын» сөзінің ежелгі құрметті, зиялы мәндегі атауының орнын арабы-парсылық «әйел, зайып, жар» сөздерінің басуы. Ал, «қатын» атауы өзінің бұрынғы құзар биіктегі айбынды да айдынды мәнінен айрылып, күнделікті қолданыстағы «тұрмыстағы әйел» мәнінде қолданыс тапты. Тіпті одан да төмен, «төмен етек» дегендегі тәрізді қарапайым, қарабайыр қолданысқа түсті...

Ендігі жердегі халық, ұлт ретіндегі, ежелден Ұлы Даланы мекендеп, жайыла қоныстанған қазақ елі ретіндегі абыройлы міндеттердің бірі – осы «қатын» секілді игі дәстүрлі атауларымызды бұрынғы биік тұғырына қондыру, байырғы асыл мәніне қайтару оралу болмақ.

Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында байырғы кезеңдерде, көне түркі заманында кең қолданымда болған бірқатар атаулардың бастапқы мән-мағынасы ұмыт болып, мүлде басқа мағынада пайдаланылып жүргенін байқаймыз. Мысалы, бұқаралық ақпарат құралдарында «ұлу жылын» сипаттау, насихаттау, суреттеп түсіндіру мәселесінде олқылық байқалады. Әңгіме 2012 жылғы 19 қаңтардағы «Түркістан» газетінде жарияланған Арасанбай Естеновтің «Ұлу – улитка емес» деген мақаласынан басталған еді [4, 68 б.]. Осы мақаласында автор «Ұлу жылы қазіргі жорамалшылар айтып, жазып, суретін салып жүрген ұлуқұрт, яғни улитка емес, ағайын» деп бастайды. Мақала авторы өз пікірін дәлелдеу үшін көрнекті ғалым Мыңбай Ысқақов ағамыздың «Халық календары» деген өте құнды еңбегіне сілтеме жасаған [5, 79 б.]. Ғалым ағамыз бұл еңбегінде он екі жыл санауға кірген жануарлардың атауларына талдау жасағаны да белгілі. А.Естенов ғалымның «ұлу – балық та, айдаһар да емес, барыс тұқымдас аң... деген дәлелін алға тартып, бұдан артық дәлелдің қажеті қанша. Демек, ғалымның тұжырымынша, ұлу кәдімгі «Жайра, Зіл (мамонт) тұқымдас, бұл күнде тұқымы жойылып біткен барыс тұқымдас жыртқыш аң болып шығады» – деген түйінді тұжырым жасаған еді. Осыдан кейін жарыса жазған көп оқырман: «Жоқ. «Ұлу – улитка емес» дегеннің өзі дұрыс емес. Ұлу – улитка» деп, өз ойларын дәлелдей келіп, осы мәндегі ұлудың қазақ халқы үшін қаншалықты құтты жыл болғандығына кеңінен тоқталады. «Ұлудың бейнесін кәдімгі өзіміз күнде көріп жүрген оралмалы бақалшағы бар ұлу кейпінде берілуі тиіс деп ойлаймыз. Соңғы жылдары ұлу жылын «Айдаһар жылы» – деп шатастырып атап жүргендерді де баспа беттерінен жиі көреміз. Мұның өзі де мүлде теріс пікір екендігін атап айтқан жөн» деген мазмұнда жазылған дүниелер жиі ұшырасады. Осындай дау-дамайлар бұқаралық баспасөз бетінде өте көп. Басым көпшіліктің сипаттауында оны, жоғарыда сөз болғандай, суда тірлік ететін кішкентай ғана қабыршақты жәндік – ұлу бейнесінде суреттеу орын алады. «Ұлу – Жер бетінің ең ежелгі тұрғындарының бірі. Олар 500 миллион жыл бұрын пайда болған. Бұл жануарларға көп тамақ қажет емес және олар кез-келген ортаға бейімделе алады. Ұлулар орташа есеппен 15 жыл өмір сүреді. Суда да, құрлықта да тіршілік етеді. Қолайсыз жағдай кезінде, 6 айлық ұйқыға кете алады...» [6, 73 б.]. Ал енді осы титімдей ғана жәндіктің қазақтың жыл қайыруына, мүшел есебіне қандай қатысы бар деген сауал қойсақ, жартымды тұшымды жауап ала алмаймыз. Оның себебі де анық. Себебі – бұл мүлде түсініксіз жағдай. Осы түсініксіз мәселенің байыбына бару үшін, бұдан әрі қарай әңгімемізді ұлу тақырыбында бұрын жарық көрген мақаламыздың материалдарын пайдалана отырып өрбітсек дейміз [7, 52 б.].

Түсіндірме сөздікте де осы түсініксіздік орын алған: «ҰЛУ зат. 1. зоол. <лат. molluscus> Омыртқасыз, көпшілігі сауытты, былқылдақ денелілерге жататын жәндік түрі... 4. этн. *Ескіше жыл аты – мүшел есебінің бесінші жылына негіз болған жәндік аты; Ұлу жылы. Қоян жылынан кейін,*

жылан жылынан бұрын келеді. Әрбір 12 жылда қайталанып отыратын мүшел есебінің 5-жылы» тәрізді жалпылама мәндегі анықтамалар беріледі [8, 709 б.].

«Ұлу» сөзі – дәл осы мәнде сөз қылуға тұратын, қазақтың ескі мүшел есебіне кіретін, яғни қазақтың тарихи лексикасы құрамына кіретін атаулардың бірі. Ескі сөздіктерге назар аударар болсақ, олардың біразында мүшелдегі бесінші жылдың атауы «дракон» мәніндегі ұлу болып берілген. Мысалы, қазақ тілінің 1861 жылы Н.И.Ильминский тарапынан даярланған материалдары құрамында берілген сөздікте 12 мүшел жылдар атаулары төмендегідей құрамда беріледі: «**Жыл – год. Названия 12-летнего цикла: 1 – тышкан, 2 – сы́ыр, 3 – барс, 4 – ко́ян, 5 – луу, 6 – жылан, 7 – жылкы, 8 – ко́й, 9 – мешін, 10 – тауук, 11 – ит, 12 – до́уыз. Такой год начинается с наурыза...**» [9, 134 б.]. Сөздіктегі одан арғы түсіндірмелерден де бұл сөздің «дракон» мәніндегі қолданымы айқындала түседі.

Алайда, 1915 жылы Қазан қаласында Қазан Оқу округы Басқармасы жанындағы Аударма істері бойынша Комиссияның шешімімен жарияланған «Орысша-қазақша сөздіктегі» [10, 57 б.] «год» сөзінің берілісі төмендегідей: «**Годъ** – жыл. Каждый год – жыл сайын. Чрезъ годъ – жыл аралаб. Прошлый год – былтыр. Новый год – науруз: около 10 марта в Тург. обл., а в Уральской обл. и в Букеевской орде 1 марта. От науруза до науруза 12 годов: 1-й – мышь – **тышкан**, 2-й – корова – **сыйыр**, 3-й – барс – **барс**, 4-й – заяц – **койан**, 5-й – водяной жук (дракон) – **луу**, 6-й – змей – **жылан**, 7-й – лошадь – **жылкы**, 8-й – баран – **кой**, 9-й – обезьяна – **мешин**, 10-й – курица – **тауык**, 11-й – собака – **ит**, 12-й – свинья – **донгуз**. Ал енді осы сөздікте жоғарыда келтірілген деректен кейін, іле-шала келтірілген мүшел жылдар кестесін келтірелік:

«По киргизскому летосчислению русские года соответствуют следующим:

год мыши	1852	1864	1876	1888	1900	1912	тышкан жылы
год коровы	1853	1865	1877	1889	1901	1913	сыйыр жылы
год барса	1854	1866	1878	1890	1902	1914	барс жылы
год зайца	1855	1867	1879	1891	1903	1915	койан жылы
год дракона	1856	1868	1880	1892	1904	1916	луу жылы
год змей	1857	1869	1881	1893	1905	1917	жылан жылы
год лошади	1858	1870	1882	1894	1906	1918	жылкы жылы
год барана	1859	1871	1883	1895	1907	1919	кой жылы
год обезьяны	1860	1872	1884	1896	1908	1920	мешин жылы
год курицы	1861	1873	1885	1897	1909	1921	таук жылы
год собаки	1862	1874	1886	1898	1910	1922	ит жылы
год свиньи	1863	1875	1887	1899	1911	1923	донгуз жылы

Бұл жерден байқалып тұрған жайт: жыл атауы ретінде («луу жылы») дракон мәнінде аталған. Осы сөздіктің 68-бетінде «дракон» сөзінің өзіне *аждага (жылан), айдагар* түрінде аударма жасалады. «Улитка», «водяной жук» деген атаулар мүлде ұшыраспайды. Яғни, түсінікке қиындау жағдай. Осындай жайт кейбір басқа сөздіктерде де ұшырасады.

Ал енді осы жоғарыда келтірілген мағынадағы орыс сөзіне, яғни «улитка» сөзіне берілген баламаларға, аудармаларға назар аударалық: қарақалпақша – *суў өгизи*, өзбекше – *шилиққурт*, қырғызша – *үлүл*, әзірбайжанша – *илбиз*, моңғолша – *дун*, якутша – *чоху хаата*, қалмақша – *хорханцг*, ... осылай кете береді. Ал енді мүшел есебіндегі жыл атауы ретіндегі, «дракон» мәніндегі **ұлу** сөзін өзге тілдер бойынша салыстырып қарайтын болсақ: қырғыз тілінде – **улуу**, моңғол тілінде – **луу** [11, 45 б.], қалмақ тілінде – **лу** [12, 75 б.], тува тілінде – **улу** [13, 136 б.], бурят тілінде – **луу** [14, 305 б.] варианттарында ұшырасады екен. Демек, бұл заңдылық. **Ұлу** сөзінің тіл-тілдегі «дракон» мәнінде қолданылуында заңдылық бар. Мәселен, Қ.Кемеңгеров бастаған авторлардың Мәскеуде 1925 жылы бастырып шығарған «Қазақша – орысша тілмәш» сөздігінде «ұлу – дракон» түрінде аударма жасалған [15, 76 б.].

«Дракон» мәніндегі ұлу сөзінің тарихи тұрғыдан бұрыннан қолданымда болып келе жатқандығын түркі тілдерінің этимологиялық сөздігіндегі «ұлу» мәнінде жинақталған материалдардан да байқауға болады. Ендеше осы этимологиялық сөздіктегі «ұлу» сөзінің берілісіне назар аударалық: «УЛУВ / ULUW – крымский диалект караимского языка, каракалпакский; **үлүв/ülüw** – казахский; **улу/ulu** – алтайский, сарыг-югурский, тувинский; **олу/olu** – сарыг-югурский; **лу/lu** – сарыг-югурский, древнеуйг. (Турфан)». ♦ **Дракон** – во всех названных выше источниках; название дракона-громовержца – сарыг-

югурский; **год дракона** – алтайский [59, 282]. ◊ Рассматриваемая основа в древнеуйгурском обозначается в виде *loŋ, luo* (возможно *lō*) и трактуется как заимствование из китайского (*lung*) с тем же значением «дракон» [16, 45 б.].

Этимологиялық сөздікте, сондай-ақ, осы сөздің Турфан ескерткіштерінде **lu** тұлғасында ұшырасатыны жазылған. *Улув ~ улу ~ олу ~ лу* тұлғаларын моңғол деректерімен де байланыстыруға болатындығын, түркі тілдеріндегі тұлғалардың моңғол тіліндегі тұлғаға (*luu/луу*) жақындығы айтылады. Шынында да, түркі-моңғол тілдерінде (қазақ, қырғыз, ұйғыр, алтай, тува, бурят, моңғол, т.б.) «дракон» мәніндегі атаулардың *лу ~ луу ~ улу ~ ұлу ~ олу* тұлғаларында кездесетіндігі жоғарыда баяндалды. Қалай болғанда да, бұл тұлғаның түркі-моңғол тілдерінде ежелден бері қолданылып келе жатқандығы анық байқалады.

Туыстас тілдерге назар аударсақ, өзбек тілінде ұлу жылының орнына «балық» жылы келеді екен. Бүкіл үндіеуропа тілдерінде осылай беріледі. Тәжік тілінде де солай. Демек, біздің ойымызша, өзбектер көп бас қатырмай, осы тәжікше атауды өздеріне қабылдап алған. Алайда шығыс елдерінің басым көпшілігінде, әсіресе біз тіршілік жасап отырған аумақта «ұлу жылы» атауының қолданылатыны анық. Қырғыз тіліндегі жылдардың он екі мүшел есебі бойынша реті мынадай: жыл I 2. Летосчисление по двенадцатилетнему животному циклу; название годов этого цикла в последовательном порядке: 1) чычкан мышь, 2) уй корова, 3) барс барс, 4) коён заяц, 5) улуу дракон, 6) жылан змея, 7) жылкы лошадь, 8) кой овца, 9) мечин обезьяна, 10) тоок курица, 11) ит собака, 12) доуз свинья [17, 79 б.].

Түркі тілдерінің тарихындағы аса құнды тілдік деректер көзі болып табылатын М.Қашғари сөздігі бойынша мүшел есебіндегі жылдардың атаулары мынадай ретте берілген: 1 – «**сижған**» (*тышқан*), 2 – «**ууд**» («өгіз»: қазіргіше – *сыыр*), 3 – «**барс**», 4 – «**тавишған**» (*қоян*), 5 – «**наак**» (*қолтырауын*) / «**луу**» (*дракон*), 6 – «**йилан**» (*жылан*), 7 – «**йунд**» (*жылқы*), 8 – «**қуй**» (*қой*), 9 – «**бижин**» (*мешін*), 10 – «**тақағу**» (*тауық*), 11 – «**ит**», 12 – «**туңуз**» (*доңыз*) [18, 43 б.]. Сондай-ақ, осы сөздікте кездесетін «**улуз луу**» тіркесі «**қадірлі луу**» дегенді білдіреді. Бұл жердегі «луу» - «дракон» мәнінде. Сонымен, «дракон» мәніндегі «**ұлу**» сөзінің М.Қашғари сөздігінде де ұшырасып отырғандығы анық жағдай.

1969 жылы шыққан «Древнетюркский словарь» сөздігінде де «ұлу» сөзі «дракон» мәнінде берілген екен: «LŪ [кит. лун, lun] 1. дракон» түрінде түсініктеме берілген. Мысалдың бірін келтірсек: «*Он улуз луу қанлары*» [19, 334 б.]. Бұл қытай тілінен жасалған аудармадан алынған. Бұл жерде, «әрине, аударма болған соң осылай болып отыр» деуге болар еді. Алайда, осы «дракон» мәніндегі нақты «ұлу жыл» тіркесін 731 ж. Онгин ескерткішінен (*lii jil*), сондай-ақ, XII-XIV ғғ. жататын көне ұйғыр жазбаларынан (*луу йыл екінті ай беш отузқа*) байқаймыз. Демек, көне түркі заманында, көне түркілердегі он екі жылдық мүшел есебінде осы аталған мәнде «ұлу жылы» болған.

Біріншіден, қазақтың даласында, жалпы қазақ түсінігінде, ежелгі көшпелілер мифологиясында «аспанда ұша алатын қанатты жыланның, болмауы, немесе болған жағдайда да кейін ұмыт болуы, екіншіден, «аузынан от шашатын алып жыланның» қазақ тілінде сонау ерте кезеңнен иран тілдерінен еніп, сіңісіп кеткен басқа сөзбен, яғни «айдаһар», «аждаһа» сөздерімен аталуы белгілі бір дәрежеде өз рөлін атқарған болу керек деп ойлаймыз. Үшіншіден, байырғы кезеңде қытай тілінен енген көне ұлу атауының өзінің дыбысталуы тұрғысынан тілімізде «ұлу» жәндігінің атауымен сәйкес келуі жағдайы да әсер еткен болу керек. Соның нәтижесінде мағынаның ауысуы, контаминация құбылысы орын алған. Бір мәнді екінші мән ауыстырған. Демек, осылайша, кейінгі тарихи дәуірлердегі ұлттық санамызда түсінігімізге жат «луу» ұғымын қазақ тіліндегі халыққа түсінікті судағы жәндік ұлудың образы ығыстырған. Тіл-тілде мұндай жағдайлардың болатындығы әбден дәлелденген жайт. Демек, ендігі жерде бұқаралық ақпарат құралдарында «ұлу» сөзінде екі мағынаның бар екендігін көрсеткен жөн. Және де мүшелдегі тиесілі жыл атауына «**миф. Ертегілерде болатын, қанаты бар, от-жалын шашатын алып жылан**», «**аспанда ұша алатын алып айдаһар**» тәрізді түсіндірмелер жасау қажет болмақшы. Ал жылды суреттеу, кескіндеп бейнелеу кезінде теңіздегі қабыршақты жәндік ретіндегі ұлудың бейнесін беруді тоқтатқан жөн деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Древнетюркский словарь. Издание второе, пересмотренное. – Астана: «Ғылым» баспасы, 2016. – 760 с.
2. Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі). – Алматы, 2013. – 1488 б.
3. «Қазалы» газеті, 17 тамыз, 2023 жыл.
4. Естенов А. «Ұлу – улитка емес» // «Түркістан» газеті, 2012 жыл, 19 қаңтар.
5. «Халық календары». – Алматы, 2009.

6. Ұлу жайлы қызықты мәліметтер. Толығырақ: <https://faktiler.kz/ylu-zhajly-kyzykty-malimetter/>
7. Малбақов М., Игілікова С. Қазақ тілі тарихи лексикасы құрамына кіретін «ұлу» сөзінің мән-мағынасы туралы // ҚР ҰҒА, Абай ат. ҚҰПУ Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы, №4 (320), шілде-тамыз, 2018.
8. «Қазақ әдеби тілінің сөздігі». 14-том. – Алматы, 2011.
9. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1861.
10. «Русско-киргизский словарь». – Казань. 1915.
11. Базылхан Б. Қазақша-монғолша сөздік. – Уланбаатор, 1977.
12. Русско-калмыцкий словарь. – Элиста, 1963.
13. Русско-тувинский словарь. – М., 1953. 10
14. Бурят-монгольско-русский словарь. – М., 1951. .
15. Қазақша-орысша тілмәш. – М., 1925.
16. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Том 1. – М., 1974.
17. Киргизско-русский словарь, Фрунзе, 1985, 1-кітап, 278-б.
18. Махмуд ал-Кашғари. «Диван Луғат ат-Турк». – Алматы, 2005.
19. Древнетюркский словарь. Л., 1969.

А.А. СЕЙІТБЕКОВА

*Филология ғылымдарының кандидаты,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Алматы, Қазақстан*

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ДІНИ СӨЗДЕРДІҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Аңдатпа. Қоғамның рухани-адами құндылығын қалыптастыруда діни сана мен танымның орны ерекше. Уақыт өте қоғамның діни санасындағы өзгерістер тіл арқылы танылатыны анық. Осыған орай мақалада семантикалық өзгерістерге түскен, қайта жаңғырған діни мазмұндағы лексикалық бірліктер қарастырылады. Діни сөздердің жаңғыруы БАҚ-да материалдары негізінде талданады. БАҚ-тағы діни сөздердің қолданысы, кейбір сөздердің жаңғыру әлеуеті үш бағытта қарастырылады: 1. Дәстүлі ислам діні негізінде қалыптанып келе жатқан діни-ғылыми дискурстағы лексикалық бірліктер; 2. Жалпыхалыққа түсінікті, қолдану жиілігі артқан діни лексикалық бірліктер; 3. Дәстүрлі емес, жалған діни ағымдар негізінде пайда болған лексикалық бірліктер.

Тірек сөздер: діни сөздер, БАҚ, жаңғыру, мағына.

Аннотация. Религиозное сознание и познания особое место занимают в формировании духовно-нравственной ценности общества. Известно, в связи с течением времени изменение религиозного сознания общества отражается через его язык. В связи с этим в статье анализируется возрождение религиозных слов на основе материалов СМИ. Использование и возрождение религиозной лексики в СМИ рассматривается в трех направлениях: 1. лексические единицы в религиозно-научном дискурсе, формирующемся на основе традиционной исламской религии; 2. религиозные лексические единицы, понятные населению в целом и имеющие повышенную частотность употребления; 3. лексические единицы, возникшие на основе нетрадиционных, лжерелигиозных течений.

Ключевые слова. религиозны слова, СМИ, возрождение, значение.

Annotation. The article analyzes the revival of religious words based on media materials. The use and revival of religious vocabulary in the media is considered in three directions: 1. lexical units in the religious and scientific discourse formed on the basis of the traditional Islamic religion; 2. religious lexical units understandable to the population as a whole and having an increased frequency of use; 3. lexical units that arose on the basis of non-traditional, pseudo-religious trends.

Keywords: religious words, mass media, revival, meaning.

Дін – дүниетанымның ерекше формасы ретінде мәдениеттің құрамдас бөліктерінің бірі. Сондықтан дін мәдениеттің бір бөлігі ретінде рухани құндылықтар жүйесінде ерекше орын алады [1]. Түркі халықтарында ислам дініне қатысты лексикалық бірліктердің қолданысы қарахандықтар

дәуірінен бастау алып, олардың ең мол қоры діни-дидактикалық тақырыпта жырланған ортағасыр жазба ескерткіштер мәтіндерінде көрініс табады. Ортағасыр дәуіріндегі жазба ескерткіштердің көбі ең әуелі Алланы дәріптеуге, пайғамбарларды мадақтауға, жалпы шығарма мазмұнының астары – Алланы тануға бағытталған. Одан кейін діни сөздердің мол қоры XX ғасырдың басына дейінгі ескі қазақ жазба мұралар тілінде жалғасын тапты. Бұл жайында дінтанушы ғалым А. Әбдірәсілқызы «Қазақ даласындағы рухани білім кеңістігінің бірегейлігін қамтамасыз еткен көзге көрінбейтін факторлардың ең негізгілері – халықтық рухани мұралар болды. Қазақ халқының дүниетанымы, діни көзқарастары, ұлттың рухани құндылықтары ауыз әдебиеті шығармаларында көрініс тапты. Діни тақырыпқа арналған қисса-дастандардан ислам дінінің негізгі қағидалары, танымал тұлғалары, шариғат заңдары жайлы мол мәлімет алуға болатын. Есепсіз көп мұндай туындылар көпшілікке арналған діни оқулықтың рөлін қоса атқарып, қазақ мұсылмандығын қалыптастырудың, діни сауатын көтерудің теңдессіз құралына айналды» [2].

1920-30 жж. Кеңестік кезең саясаты Қазақстандағы діни қайраткерлердің қоғамдық қызметіне шектеу қойылды. Бұның салдары қоғамның діни сөздердің қолдану өрісін тарылтты. Біршама уақыт ислам құндылықтарынан қол үзген еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдары ислам дінін жаңғырту шаралары қолға алына бастады:

біріншіден, 1991 жылдан басталған жаңғыру үдерістерінің нәтижесінде ел аумағында көптеген діни білім беру ұйымдары (ДББҰ) ашыла бастады. 2011 жылдың 11 қазанында қабылданған ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы ДББҰ қызметіне елеулі өзгеріс әкелді. Діни білім беру жүйесі бес бағытта болды: 1. Діни сауат ашу курстары 2. Қарилар дайындау орталықтары. 3. Медреселер. 4. Білім жетілдіру институты. 5. Университет [2].

екіншіден, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының мақұлданған діни мазмұндағы сайттар жұмыс жасайды. Діни сайттардың саны – 22. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ресми сайты muftuat.kz, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы пәтуа бөлімінің сайты fatua.kz, Астана қаласы Республикалық «Әзірет Сұлтан» мешіті muslim.kz, т.б.

Сондай-ақ, «Ислам және өркениет» Қазақстан мұсылмандарының діни-танымдық газеті, «Шапағат нұр» Исламтану, «Иман» журналдарының мерзімді басылымдары жарияланып тұрады.

үшіншіден, қалалық үлкен мешіттерде, Youtube арналарында, TikTok, Instagram, Facebook веб-парақшаларында дінтанушы ғалымдардың, имамдардың, молдалардың Алланы тануға, Аллаға құлшылық етуге бағытталған насихаттау шаралары мен дәрістері, шағын мақалалары діни сананың оянуына, жаңғыруына септігін тигізіп отыр.

Осылайша Кеңес өкіметінің саясатының ықпалымен актив қордағы сөздер пассив қорға өткен діни сөздер, қайта қолданысқа еніп жатыр. Ж.К. Қиынова қайта оралған сөздердің тақырыптық топтардың ішінде – дін лексикасы. Кеңестік өкімет орнатылған жылдарда бұл сөздер адамдардың тілдік санасынан шығып, лексикалық жүйенің перифериясына жылжытылған» деп атап көрсетеді [3]. Діни сөздердің семантикалық өзгерістерін, жаңаруын, жаңғыруын бұқаралық ақпарат құралдары мәтіндерінде көрініс табады. Себебі бұқаралық ақпарат құралдарында тілдің қызметі, оның адам санасына әсері айқын көрінеді.

Жалпы БАҚ-тағы діни сөздердің жаңаруын, жаңғыруын үш бағытта қарастыруға болады:

- дәстүлі ислам діні негізінде қалыптанып келе жатқан діни-ғылыми дискурстағы лексикалық бірліктер;
- жалпыхалыққа түсінікті, қолдану жиілігі артқан діни лексикалық бірліктер;
- дәстүрлі емес, жалған діни ағымдар негізінде семантикалық өзгерістерге түскен лексикалық бірліктер.

Бірінші бағыт бойынша, БАҚ құралдарында діни-ғылыми қауымдастықтың арасында (діни басқарма өкілдері, дінтанушы мамандар) ислам дінінің мәртебесі, тарихтағы ұлы тұлғалардың діни көзқарастарын, еңбектерін дәріптеуге, ондағы діни құндылықтардың мәнін түсіндіретін ғылыми мақалалар жарияланып тұрады. Мақалалар мазмұны жалпы халық түсіне бермейтін көбіне діни қауымдастық ортада, діни дискурста терминдік мағынада қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері, тіпті Құран Кәрімнен алынған сүрелердің түсіндірмелерінен тұрады: *ханафиттік мазхаб*, *ақида* (сенім), *әбдал* (беделділер, құрметтілер), *әмри маруф* (дінде әмір етілген нәрселерді насихаттау), *бурақ* (жаннат жануары), т.б. Қазақ ғылыми мәтіндерінде немесе дискурста кездесетін терминдерге назар аударайық.

Мәтіннен үзінді:

«Құлшылық уақыты болғанда жамырап *Ханафи мазхабы* бойынша намаз оқып жататын. Шейхтың *мүридтерімен* намаз оқып жатқан видеосы да жарияланды. Жебірейіл періште

пайғамбарға *ИХСАНДЫ* түсіндіріп, сабақ бергенде «Құлшылықта Алланы көріп тұрғандай, Алланы көре алмасаң, Құдай мені көріп тұр» деген хәлде *мінәжат* ет деген. Иә, Яссауи хикметінде *шариғатсыз тариқатқа* өтуге қатаң тыйым салады. Мұхамбет пайғамбар ең бірінші *уахи* алғанда қай жерде, кімдермен отыр еді? Оның тарихын бәрі біледі. Бірақ бізде *шілхана* практикасын *жария зікіршілер* тұрақты қолданды. Ал *нақышбанди сопылары* қазір қолданбайды. Араб қоғамы *мурууба* дәстүрімен өмір сүріп жатты. Професионал қожалар *Матуруди мектебінің* өкілдері <https://ult.kz/>».

Мәтіндегі *Ханафи мазхабы* және *Матуриди мектебі* тіркестері орын алған. Яғни, бұл дінтанушылардың Ханафи мазхабы мен Матуриди мектебінің ғылыми мұраларын зерделеп, қоғамдағы өзектілігін ғылыми тұрғыда негіздеу мақсатында жиі кездесетін діни терминдердің біріне айналған. *Ихсан* сөзі «адамның құлшылық жасағанда адалдық танытуы және рия атаулыға жол бермеуі, өзін Алланың көріп тұрғанындай орындау» мәнінде кездесіп отыр.

Мәтінде *шариғат – тариқат – ақиқат – мағрифат* ұғымдарының кездесуі – автордың Иассауи ілімін терең түсінетіндігін аңғартады. Сол сияқты кез келген діни мазмұндағы ғылыми мәтіндерде діни, тарихи, символикалық мағынадағы тұлғалар мен әулиелердің есімдері жиі кездесіп отырады.

Қазіргі қоғамға түсініксіз лексикалық бірліктерді ауызша және жазба тілде түпнұсқа тіліндегідей қаз-қалпында беріліп жүр. Мәселен, *уахи келді* (хабар келді емес), *мазхаб жолы* (тура жол емес), *мурид* (шәкірт емес), *сахабалары* (замандастары, достары емес), *муджахит* (күресуші емес), *табиғиндер* (артынан ергендер емес) т.б. Бұның себебі құраннан алынған діни сөздердің мағынасына нұқсан келтірмеу мақсатында бастапқы қалпында діни қауымдастықтың ауызша және жазба тілінде сақталған.

Осы сияқты «Абдуллаһ есімді төрт сахабаның ортақ атауы» мәніндегі абадилә, «жаннат пен тозақ арасындағы мекен» мәніндегі ағраф, «діни сенім, ұстаным» мәніндегі ақида, «Құдыстағы мұсылмандар қасиетті санайтын үш мешіттің үшіншісі» ақса мешіті, «Адамдардың осы дүниеде жасаған амалдары жазылған дәптер» мәніндегі амал дәптері, т.б. сөздер мен тіркестер діни қауымдастық орта тілінде жиі кездесіп отырады. Сонымен қатар мамандар ислам ілімдерінің қағидаттарын негіздеп отыру мақсатында фикх ілімі, ақида ілімі, хадис ілімі, Иассауи ілімі терминдерінің қолданысы да жоғары.

Еліміздегі діни бірлестіктердің атқарып жатқан жұмыстары, имам-молдалардың уағыздары жалпы халықтың діни сенімдерінің артуына ықпалы зор екені байқалады. Ислам дінін насихаттауға, рухани тұрақтылықты қамтамасыз етуге, діни сауаттылықты арттыруға байланысты электронды басылымдар, сондай-ақ, «Намаз – діннің дінгегі», «Қари болғым келеді», «Хадистер жинағы», «Ақырет жайлы 100 сұрақ», «Рамазан күнделігі», «Рамазан – жаңғыру айы» сияқты нұсқаулықтар мен кітаптардың көптеп жарыққа шығуы, діни орындардың көбеюі, жастардың медреселерде араб тілін үйреніп, құран үйренуі, намаз оқуға бет бұруы – дініміздің қайта жаңғыруының бір көрінісі.

Қазіргі таңда қажылыққа бару үрдісі де артып келеді. Осыған байланысты қажылыққа, қажылықтың түрлеріне қатысты орындалатын амал атауларына қатысты лексикалық бірліктер сөзсіз адам санасында қалыптанады: *Мекке, үлкен қажылық, кіші қажылық (умра), әкбар қажылық, ифрад қажылық, қыран қажылық, тәматту қажылық, зікір ету, қара тас, ихрамға кіру, тауаф, сайи жасау, зиярат тауапы, Шәууал, Зұлқада, Зұлхижжа күндері, мүфрид қажы, қарин қажы, муутәматти қажы, Арафат тауы, Сафа және Маруа таулары, рәмәл, т.б.*

Екінші бағыт бойынша, жалпы әлеуметтік желілерде, тіпті ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылғандықтан, қазіргі қоғам санасында оңай қабылданып, қалыптанып кеткен жалпыхалықтық діни лексикалық бірліктер жетерлік: *намаз, ораза, халал, харам, сәжде, ораза, рамазан, құран, сүре, аят, хатым, қажылық, хадис, иман, т.б.* Мәселен, ертеректе ескі жазба мұраларында *адал, шариғат рұқсат берген нәрсе не іс»* мәніндегі *халал* сөзін «таза, рұқсат етілген», *харам* сөзін «таза емес, рұқсат етілмеген» мәнде қолданылатынын қазіргі әрбір сөз иелмені біледі.

XII-XIV ғғ. ортағасыр жазба ескерткіштерінде *халал* сөзі мәнмәтінге қарай былайша түрленеді:

1. Халал (ар.) *حلال* – адал (әрекет). Жүмлә асбабы ішінде істесең кім аның қанында өзге йоқ халал. Бүкіл болмысынан іздесең, оның қанынан өзге адал әрекеті жоқ (Гл). Халал иетті барча харам үстеді. Адалдықты түгел арам таптады (ҚБ).

2. Халал (ар.) *حلال* – мазасыздық.

Халалны шаһ көңліңді кетірді – көңліңдегі мазасыздықты кетірді. Хуш ахаң бірлә башлаб бұ газалны кетірді шаһ көңліңді халалны. Әдемі дауысымен бұл газалды бастап еді, шаһтың көңліңдегі мазасыздықты кетірді (ХШ).

3. Халал (ар.) *حلال* – кемшілік. **Халал табма** – кемшілік таппа. **Халал** табма сөзүмде иахшы бақғыл. Кемшілік таппа сөзімді жақсы тында (ХШ).

XX ғ. басындағы діни дастандар мәтінінде:

Әуелгі уәдемде тұрам, – деді,

Мен саған *х а л а л* болдым алсан, – деді (Бабалар сөзі. Діни дастандар, 14-том).

Дүниеде *х а л а л* жұфұт жар болмаққа,

Сол еді ұшып кеткен бұлбұл құсым (Бабалар сөзі. Ғашықтық дастандар, 18-том).

Қазіргі БАҚ-тағы қолданысы:

Құрметті Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтары! «HALAL EXPO-2023» көрмесінде отандық және шет елдік халал өнімдердің түрлі ассортиментімен танысып, қолжетімді бағада ала аласыздар!

Халал сөзі алғашында ас өнімдеріне қатысты, оның ішінде шұжық өнімдерімен байланысты жиі қолданылған. Қазір «халал» сөзі брендтік белгі ретінде латын, араб графикаларында бірқатар басқа да сертификатталған өнімдерге де қойылып жатыр. Сондай белгісі бар өнім қоғамның психологиясында «қауіпсіз» деген түсінік қалыптастырады. Сондықтан *халал* сөзінің мағынасы біршама кеңейген, яғни «өнімнің құрамында зиянды қоспалары жоқ» деген мәнде қолданылады. Осы сияқты той-домалаққа қатысты «халал той» тіркесі де қоғамда жиі орын алып жатыр. «Рұқсат етілген» деген мәндегі *халал* сөзін қазақ тіліндегі «таза» сөзімен ауыстыруға келмейді, яғни семантикалық жүгін көтермейді. Сондықтан болса керек, *халал* сөзі дыбыстық үйлесімділік жағынан да, мағыналық жағынан да қоғамның діни санасында жеңіл қабылданып, тіпті брендтік атауға айналып кеткен.

Уацап, тик-ток веб-парақшаларында діни мерекелерге орай құттықтаулардың (*жұма мұбәрак болсын, айт құтты болсын, ораза қабыл болсын*), діни амалдарды дұрыс орындауға арналған ескерту-түсіндіру сынды хабарламалардың (*құрбан айтта, ражаб, рамазан, шағбан, айларында, қадір түнінде Аллаға құлшылық етуге қатысты амалдар, оқылатын дұғалар, салауаттар, ақырзаман түсініктері*), қатысымдық репликалардың: (*Алла жар болсын, Алла қаласа/Құдай қаласа/Құдай жазса / Бұйырса; Аллаға шүкір, әмин/әмин*) т.б. жиілігі жылдан-жылға артып келеді.

Сонымен әлеуметтік желіде Алланы тану, Аллаға құлшылық етуге қатысты хабарламалар мен түсіндірмелердің таралымы желі тұтынушылардың діни танымын, сауатын ашуға, рухани санасын жетілдіруге ынталандырады. Осылайша визуалды немесе дыбыстық хабарламалар желі тұтынушының сырттай бағалау, пайымдау, тану әрекеттері арқылы бірте-бірте тілдік санасында қайта жаңғыру үдерісінде қалыптанып жатыр.

Үшінші бағыт бойынша, әртүрлі дәстүрлі емес діни ағымдардың пайда болып, күшеюіне байланысты *уахабис, уахабизм, салаф, салафизм* сияқты терминдер жиі қолданылады. Бұл ағымдарды жүзеге асырушы және олармен күресуші топтардың әлеуметтік желідегі сұхбаттарда, диалогтарда анық байқалады. Мұсылман қауымы үшін қасиетті болып есептелетін кейбір діни ұғымдар *уахабизм* ағымын қолдаушылар тілінде, әсіресе, осы бағытты ұстанып жүрген кейбір жастардың тілінде өз түпнұсқа мағынасынан бұрмаланып қолданылады: *ширк, жиһад, ахи, жахил, муширик, мунафиқ, бидғат, ағзубиллаһ, талақ, мәкруһ, намазхан* т.б. Мәселен, араб тілінде белгілі бір мақсатқа ұмтылу, еңбектену, талпыну мағынасындағы *жиһад* сөзі «күресу» деген мағынада қолданылады. «Ортақ болу», «ортақтық» мағынасындағы *ширк* сөзін де әртүрлі түсінікпен жұмсалып жүр. Дінтанушы Д. Кенжетай *ширкті* былайша түсіндіреді: «Ширк адам еркіндігін шектейтін, Аллаға барар жолдардан адастырып кедергі келтіретін, адамды нәпсі мен ортасына құл қылып, санасын улайтын ең басты кедергі. Сондықтан, ширк түсінігі күпірлікке бастайтындықтан, адамды ең басты құндылықтан алыстатып, діни әрі дүниелік барлық құқтардан мақұрым қылатын фактор» [4].

Баламасы бола тұрса да *Алла – Аллах, астыпыралла – астафируллаһ, інім, бауырым – ахи, ауызаашар – ифтар, Құдай қаласа – Иншалла*, т.б. сөздерімен ауыстырылып, екі түрлі жарыспалы қолданыстарды туғызып отыр. Бұның барлығы теріс ағымның жетегінде жүрген азаматтардың ежелден келе жатқан ислам дінінің құндылығын толыққанды түсінбеген деп қабылдауға болады.

БАҚ-дағы діни сөздердің жаңғыру әлеуетін сараптағанымызда, мынадай қорытынды шығаруға болады:

- БАҚ-да діни сайттар саны – 22. Діни мазмұндағы газет-журналдарға қарағанда сайттарда діни мәліметтерді жеткізу, тарату тұрғысынан озық. Олардың ішінде діни қауымдастық арасында қолданылып жүрген сөздер мен терминдер ислам дінін негізін қалаған діни тұлғаларға, негіздеген діни ілімдерге, құран сүрелері, аяттарынан алынған үзінділерге берілген түсініктемелер, қажылыққа, шарифатқа қатысты терминдер молынан қамтылған;

- діни дискурстан жалпыхалықтық қолданысқа еніп жатқанын діни терминдер көбіне қажылыққа қатысты қолданылған;

- қазақ халқының тілінде бұрыннан қолданылып жүрген діни лексикалық бірліктердің (құттықтаулар, діни амалдарды дұрыс орындауға арналған ескерту-түсіндіру сынды хабарламалар, қатысымдық репликалар) қолдану жиілігі жоғарлаған;
- жалған экстремизмнің, терроризмнің, т.б. діни ағымдардың идеологиясынан туындаған түсініктер діни сөздердің мағынасын бұрмалап қолдану, игеріліп кеткен сөздерді кірме (араб, парсы) тілдің нұсқасымен дыбыстау, орфографиялау үдерісі байқалады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Галиева М.Р. Религиозное сознание в языковой картине мира. Вестник МГЛУ. Выпуск 5 (716)/2015.
2. Әбдірәсілқызы А. Қазақстандағы діни білім жүйесі: тарихы, қазіргі жай-күйі және өзекті мәселелері / <https://kazislam.kz>.
3. Қиынова Ж.К. Вестник КазНУ. Серия филологическая, №4 (134). 2011.
4. Кенжетай Д. Ширк туралы не білеміз? <https://e-islam.kz/>

А.Ж. АМАНБАЕВА

*Филология ғылымдарының кандидаты
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ТІЛІ МОРФОНОЛОГИЯ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа. Қазіргі таңда қазақ тіл білімінде әр сала бойынша жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізіліп, оны тарихи тұрғыдан қарастыру, оның болмысын танып білудің маңыздылығы артып отырғандығы белгілі. Осындай қажеттіліктен туындайтын морфонологияның тарихын зерттеу, оның сан-қырлы болмысын таныту керектігі қазіргі таңда өзекті болып отыр. Осы орайда берілген мақалада қазіргі қазақ тіл біліміндегі морфонология саласының зерттелуі мен морфонология жайындағы ғалымдардың ғылыми көзқарастарына шолу жасалып, даму заңдылықтары көрсетіледі.

Тірек сөздер: фонетика, фонология, морфология, морфонология, протеза, эпентеза, эпитеза.

Аннотация. В настоящее время в казахском языкознании проводится всесторонняя исследовательская работа по каждой области, что делает его исторически значимым для изучения его сущности. Изучение истории морфологии, вытекающей из такой необходимости, представляется актуальным в настоящее время. В данной статье дается обзор научных подходов ученых в области морфологии и морфонологии в современном казахском языкознании, отражаются закономерности развития.

Ключевые слова: фонетика, фонология, морфология, морфонология, протеза, эпентеза, эпитеза.

Annotation. It is known that today in Kazakh linguistics, a comprehensive study of each area is carried out, the importance of considering it from a historical point of view, knowing its essence is increasing. The need to study the history of morphonology, to show its multifaceted nature, arising from this need, is becoming relevant today. In this regard, the article provides an overview of the study of the field of morphonology in modern Kazakh linguistics and the scientific views of scientists on morphonology.

Keywords: phonetics, phonology, morphology, morphonology, prosthesis, epentesis, epithesis.

Морфонология құбылысы қазақ (түркі) тіл білімінде А.Айғабыловтың қолға алуымен белгілі бір жүйеде арнайы зерттелді [1]. Алайда қазіргі таңда оны дамытып, әр қырынан зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Яғни морфонологияның тарихына үңілу арқылы тілдегі көптеген құбылыстардың сыры ашылады.

Морфонология саласы оңайлықпен шешілмейтін, күрделі әрі маңызды құбылыс. Өйткені морфонология құбылысы бір жағынан фонетикалық, ал екінші жағынан морфология аясынан туындайды. Тіл білімінде дыбыстық жағынан өзгеруін фонетикалық құбылыс немесе заңдылық дейтін болсақ, ал қосымша морфеманың варианттары морфологияның объектісі ретінде қарастырылады. Морфонологиялық құбылысты тануда ең алдымен дыбыстар тіркесімі, сөз, сөз формасының буын жігі анықталып, олардың әртүрлі өзгерісін, әсіресе фонетикаға қатыстысын бір бөлек, морфологияға

қатыстысын бір бөлек қарастыра отырып зерттеу қажеттілігі туындайды. Яғни, морфонологиялық құбылыстар грамматикаға (морфологияға), мағынаға (лексикологияға), сөйлеу нормасына, буын санына, түріне т.б. байланысты болып келеді.

Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша тұңғыс-манчжур, моңғол, түркі тілдері жалғамалы тілдер қатарына өтпес бұрын полисинтетикалық, яғни түбірлік құрылым дәуірін басынан өткізген екен. Сондай-ақ, полисинтетикалық құрылым дәуірі сөз басында, сөз ортасында, сөз аяғында қос дауыссыздың болуына жол берсе, ал жалғамалылық оны жойып отырған. Сөйтіп, сөз соңындағы қос дауыссыздардың бірқатары элизияға ұшырап, түбірден қосымшаға қарай ығысқан. Ата тілдің қалыптасқан құрылымы бізге беймәлім себептерге байланысты бұзылып, қайта қалыптасқаннан кейін сөздің мағыналық тұтастығын сақтау үшін сингармонизм заңы өмірге келген.

Ғалымдардың тұжырымдары бойынша түркі тілдерінде өте ежелгі кезеңде жіңішке дауыстымен айтылмай, сөз басы мен аяғы бірыңғай қатаң дыбыстардан тұрған және **ғ, г** дыбыстары сөз ортасында, сөз соңында түсіріліп айтылған екен. Профессор Б.Сағындықовтың пікірінше, қосымша басталатын дауыстының ықпалынан түбір сөз аяғындағы **п** қатаңы **у** сонармен алмасады: *тап-ып – та-уып, шап-ып – ша-уып* т.б. Бір замандарда таза айтылатын **у** дауыстысынан бөлініп шыққан **у** сонары ежелгі дәуірде де, көне түркі дәуірінде де, қазіргі кезде де, тілде өмір сүріп отырған аса байырғы дыбыстың қатарына жатады. Ол дами келе бір кезеңде аралық звенолар арқылы қатаң **п** дауыссызына айналған. Сондай-ақ, көп ғалымдар **қ** мен **ғ**-ның, **к** мен **г**-нің генетикалық табиғатының бір екендігін айтып өтеді [2, 157 б.].

Ежелгі дәуірден бері **й, у** (аллофондары **п, б, в**) және **һ** (аллофондары **х, қ, к, ғ, г**) дыбыстарыны протезалық, эпентезалық қызмет атқарып келген. Өйткені дауыстыға аяқталатын бір буынды түбір мен дауыстыдан басталатын бір буынды түбір қатар келгенде протеза, эпентеза қажет болады. Әсіресе түбір мен қосымша аралығындағы дауыстылыр элизияға ұшырап, яғни бірінің түсіп қалуы морфонологиялық құбылыс болып табылары анық.

Жалпы қатар келген дауысты дыбыстың жайын білу тіл тарихы үшін өте қажет. Элизияда сөздердің буын жігіне бөлініп отыруы сөйлеу актісіне тікелей байланысты. Сондықтан сөзді буынға бөлгенде қалай болса солай орналастырмай, белгілі бір жүйе сақталып отырады. Әсіресе қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциялануы мен метатезалық құбылыс, сөздердің ықшамдалуы, қыстырма дыбысының пайда болуының өзі буынға байланысты болып отырады. Қазақ тілінде сөздердің айтылуы нормасының өзі буын жігінің бөліну дәстүріне тікелей байланысты болады. Сондай-ақ дауыссызға біткен сөзге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда морфема жігі мен буын жігі сәйкес келмейді. Мысалы, *өт-ін, жат-а, бет-і* сөздері *ө-тін, жа-та, бе-ті* болып бөлінеді. Яғни бұның өзі түбір мен қосымшаның аралығындағы буын жігінің өзгеріске ұшырап отыратындығын көрсетеді.

Түркологияда ең алғаш рет И.Павлов чуваш тілінің морфонологиясын зерттеп, морфонологияның элементі ретінде морфонеманы, интерфонема, ықшамдалатын фонеманы атап өткен болатын [3]. Сондай-ақ, ол екі мәселені бөліп қарайды. Оның бірі морфема құрылымы болса, ал екіншісі сөз ішіндегі морфтардың өзара жалғасу заңдылығы. Сонан кейінгі морфонология құбылысына тоқталған азербайжан ғалымы Ф.Жамилов морфемалардың дыбыстық құрамы мен тіркесімі, буын құрылымы, морфемалардың буынға бөліну тәртібі, дыбыс алмасулары, фонетикалық құбылыстар және олардың грамматикалық мағынаға қатысы морфонологияға тән дегенді айтады. Сондай-ақ ол фонология мен морфонологияны позициялық, позициялық емес алмасу деп бөлмейді.

Сары ұйғыр тілін зерттеу барысында Э.Р.Тенишев морфонема терминін қолданбай, фонеморфонологияның (морфонология) объектісі ретінде сингармонизмді, дауыссыз дыбыстардың үндесуін, ассиляция мен морфологияға қатысты фонемалар алмасуын қарастырып, фонетиканың, дәстүрлі түрін ажыратпайды. Сондай-ақ дауысты, дауыссыз дыбыстардың сәйкестігін, протеза, эпентеза, эпитеза, афереза, дауыссыздардың түсіріліп айтылуын, метатеза, буын және оның бөлінуін морфонологиядан тыс құбылыс деп есептейді [4, 21-46 бб.].

Жалпы дыбыстардың алмасуы мен метатеза секілді морфонологиялық құбылыстардың пайда болуына үнемдеу принципі ерекше қызмет атқарады. Мәселен, *ақ, ек* сөздеріне *-ын, -ін* қосымшасы жалғанғанда, *ағын, егін* болып дыбысталатындығы немесе *әпке-әкпе, өкпе-өпке* болып *пк* тіркесімінің оңайлатып айту үшін *кп*-ге ауысып отыруы да морфонологияға тән қасиет екені анық. Көбінесе морфонологияда варианттылық орын алса, ал фонологиялық дыбыс алмасуда варианттылық кездеспейді.

Жалпы морфонологияның қажеттілігін С.Б. Бернштейн тілдік типологиялық тұрғыдан сипаттап, зерттеу жұмысын салыстырмалы түрде жүргізсе, ал Э.А.Макаев, Е.С.Кубрякова сынды ғалымдар диахрониялық тұрғыдан зерттейді. А.А.Реформатский морфонологияны фонология мен морфологияның

арасын жалғап тұратын «көпір» деп түсіндіреді [5], ал В.А.Редкин морфонологияны морфологияға да фонологияға де жатқызбай, грамматикада өзіндік орны бар екенін баса айтады [6].

Негізінде морфонологияның пайда болуын анықтап, тілдік тұрғыдан сипаттау үшін тілдің нақты синхрондық түріне (типологиялық, контрастивті, дескриптивті бағыттағы зерттеу) байланысты ең алдымен морфонологияның қалай квалификацияланатынын және онда негізгі қандай критерии құрылатынын белгілеп алу қажеттілігі туындайды. Бұнда морфеманы құрайтын сөздің морфологиялық құрылымының фонологиялық қағидасы, сондай-ақ бір морфеманың морфы морфологиялық бірліктерді кеңірек айтқанда грамматикалық функцияны құрайды.

Е.С.Кубрякова неміс тілін зерттеу барысында екі морфтың бірін неміс тілінің морфемасында әке – *vater* және *väter* екі түрлі мағына береді. Бірі жекеше түрдегі әкені білдірсе, ал екіншісі көпше түрдегі әкелер дегенді білдіреді екен. Яғни, бұнда қатысымдық (функционалдық) жағы екі түрлі көрініс табады. Осы тұрғыдан қарағанда фонологиялық айырмашылығы жағынан мағына ажыратса (первичная диакретика), сонымен қоса қосымша грамматикалық жағынан айырмашылығы да байқалып отырады. Бұл екінші диакретиканың негізін құрайды. Егер морфонологияның пайда болу қағидасы принцип бойынша морфологиялық фактор арқылы анықталса, морфонологиялық қағида сол жағдаятқа байланысты шықпастан сақталып отырады.

Жалғамалы тілдер қатарындағы қазақ пен қырғыз тілі түбірлерінің қосымшалануындағы аттракция мен лабиальдық, әр ұлттық тілге тиісті ерекшеліктеріне сүйеніп, оны ғылыми түрде сипаттағанда фонетикамен қатар морфонологияда да ерекше көрініс табады. Яғни қазақ тілінде 6 морфты көптік морфемасының *-лар*, *-дар* болып келетін ерін дауысты альтернаты жоқ, *-нү*, *-дү*, *-тү* табыс септік, жалғаулар да осы тәрізді. Сондай-ақ татар тілінің *әниеленәр* сияктанып келетін көптік жалғауының *-нар*, *-нәр* түрі якут, шор т.б. тілдерде олардың саны он алтыға жететіндігін ғалымдар дәлелдей түскен, яғни бұл салыстырмалы морфонологияға жол салады. Ол үшін әрбір түркі тілінің, жақын тілдер тобының морфонологиялары арнайы зерттеуден өтсе, түпкі мақсат салыстырмалы-тарихи теориялық жағына жетудің де негізгі бағыт-бағдары нақтылана түсері анық.

Академик І. Кеңесбаев ассимиляция, яғни дауыссыздар үндесуін прогрессивтік, регрессивтік деп бөліп, морфонологияға қатысы бар жағын жақша ішінде көрсетіп отырады [7]. Мысалы ассимиляцияға берген анықтамасында: «Бір сөз көлемінде (түбір мен қосымша аралығында) немесе бірнеше сөз көлемінде (сөздер аралығында) тетелес келген дыбыстардың үндесуін ассимиляция дейміз». Бұнда автор прогрессивтік ассимиляцияға жасаған талдауы мен келтірген мысалдарында түбірдің соңғы дыбысы мен оған жалғанатын қосымшаның басқы дауыссыз дыбысы үнемі айтылып отырады. Туынды, біріккен түбірлер, күрделі сөздер, синтагмалар: *ақ ешкі*, *көк дөнен*, *божжігіт* айтылуда: *ағешкі*, *көгдөнөн*, *божжігіт* болуы, сондай-ақ тіл арты: *қарт*, *қалай етіп*, *барлық*, *тұр* дегеннің *кәрі*, *кәйтiп*, *бәрі*, *түрегел* болып, тіл алды позициясына ауысуы, жіңішке: *мен*, *сен* т.т. септелгенде, керісінше, *маған*, *саған* тәрізденіп бастапқы позицияларға өзгеруі де морфонологияға тән құбылыс. Осылардың құрамына зер салсақ, екі, үш морфемалардың қосылуынан келіп шығатын заңдылық екені байқалады.

І. Кеңесбаев зерттеу барысында кері ықпал заңдылығының негізгі себебі де түбір мен түбір морфеманың көрші дыбыстары, яғни соңғы морфеманың (түбір, жұрнақ, жалғау) бірінші дыбысы, сондай-ақ жуанды, жіңішкелі болып келгенде, алдыңғыны да өзіне игеріп кетуі кері ықпал нәтижелерінен саналатындығын айта келіп: «Міне осылар тәрізді фонетикалық өзгерістер мейлі айтылуда ғана естіліп, жазылуында морфологиялық принципке сүйенілсін, сөзжасам, сөздерді түрлендіру, сөздерді байланыстыру, синтагмалық сипат т.б. яғни сөзформалардың сөйлеу процесі, сөйлемдердегі функционалды динамикасымен тікелей байланысады. Бұл құбылыстың бәрі морфонологиялық ерекшеліктердің аясына енеді» – дейді. Кері ықпал тұсында түбір соңы **к**, **қ**, **п** қатаң дауыссыздарға біткендерге дауыстыдан басталатын екінші морфеманың басқы дыбысы әсер етіп *көк-і* – *көг-і*, *шақ-ы* – *шағ-ы*, *тап-ып* – *тау-ып* т.б. құбылулар да морфонологияға тән құбылыс.

Түркі тілдеріндегі регрессивтік ассимиляцияны түрколог И.А. Батманов көненің қалдығы дегенге академик І. Кеңесбаев қосылмайтынын айта келіп, осындай заңдылығы аса дамыған үндіеуропа тілдерін негіздей отырып, тағы да арнайы зерттеу қажет екенін атап көрсетеді. І. Кеңесбаевтың бұл тұжырымы соңғы жылдары орыс тілі морфонологиясына арналған еңбектерде ғылыми түрде дәлелденген болатын. Бұл салада шыққан авторлар коллективінің «Морфонология в описании языков» атты кітабында үндіеуропа тілдерінің бірсыпырасы қамтылған [8]. Бұрын «морфонология парадигматикалық жүйеге дейінді деңгейлерді ғана қамтиды» деп келген дәстүрдің шеңберін кеңітіп, авторлар морфеманың морфтар жүйесін, яғни сөзформаларды түгел аяға енгізеді. Қорыта келгенде, морфонологияның тари-

хын әр қырынан зерттеу үшін белгілі ғалымдардың морфонология жайындағы еңбектерін жан-жақты қарастыру қажеттілігі туындайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы, 1995ж.
2. Сағындықов Б. Түркі тілдері лексикасы дамуының фонологиялық сипаты. – А., 1994.
3. Павлов И.Г. Краткий очерк морфонологии советского чувашского языка // Чувашский язык, литература, фольклор. Вып. 4 ЧНИИ, – Чебоксары, 1974.
4. Тенишев Э.Р. Фономорфологические особенности // Строй сарыюргурского языка. – М., 1976 – 307 б.
5. Реформатский А.А. О соотношении фонетики грамматики (морфология) – В кн.: Вопросы грамматического строя. – М., 1955.
6. Редкин В.А. Из истории морфонологических учений В кн.: Основы построения описательной грамматики современного русского литературного языка. – М., 1966.
7. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (Лексика, фонетика). – А., 1962.
8. Кубрякова Е.С., Понкрац Ю.Т. Морфонология в описании языков. – Москва, 1983.

З. САДЫРБАЕВА

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Ономастика бөлімінің ғылыми қызметкері
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ШЕТТІЛДІК ЭКЗОНИМ АТАУЛАРЫН ДҰРЫС ТАҢБАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Жер-су атаулары, ғылыми тілде «топонимика» деп аталады. Грек тілінен аударғанда «мекен, орын атауы» деген мағынаны білдіреді. Шетелдік мемлекет, қала, елді-мекен атаулар жүйесін ономастика ғылымында экзоним терминімен белгілейді. Әр мемлекеттің, ұлттың сипаты, ең алдымен, оның тілі мен ономастикалық атауларынан көрінеді. Шеттілдік атауларды латын графикасында жазудың өз ерекшеліктері бар. Қазақ тілінің жаңа әліпбиінде дұрыс жазу, дұрыс таңбалау тілдік сауаттылықты қажет етеді. Өйткені оларды таңбалаудың өз заңдылығы мен тәртібі бар.

Тірек сөздер: ономастика, латын әліпбиі, шетелдік географиялық атаулар, экзонимдер.

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы, касающиеся транслитерации наименований иноязычных населенных пунктов на казахском языке, и особенности их правописания

Ключевые слова: ономастика, латинский алфавит, зарубежные географические названия, экзонимы.

Abstract: The article deals with the problems related to transliteration of names of foreignlanguage localities in the Kazakh language and the peculiarities of their spelling.

Keywords: onomastics, Latin alphabet, foreign geographical names, exonyms.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының өзі қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертілуі керек деген қағидатқа сүйенгені мәлім. Бұл ретте «Қазақша сөз жазушыларға» деп аталатын мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы: «...Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ» деп жазады.

Тіл – ұлт болудың бірінші белгісі десек, тілдің дамуы да ұлттың дамуымен тығыз байланысты. Тіл дегеніміз – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, болашағы. Сен содан қорек аласың. Сен сол қорекпен дүниені танысың.

Әр нәрсенің алдымен аты, содан соң заты ойға түседі. Сол ойға алған дүниеміз атына сай болса, көп мәселе туындамайды. «Көптің түсін білгенше, бірдің атын біл» дейді халық даналығы.

Тіл қай елде болсын, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдыретті. Тіліміздің тілдік А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. 2020 №1 44 қазынасының едәуір бөлшегін ономастикалық атаулар алып жатыр. Соңғы уақытта шеттілдік мемлекет, қала атауларын жазу қазақтілді дерек көздерінде әртүрлі жазылып жүр.

Соңғы уақытта шеттілдік атауларды транслитерациялаудың практикалық мәселелері жиі ғылыми талқыға түсіп жүр. Мәселен, «Венгрия ма, Мажарстан ба?», «Германия ма, Алмания ма?», «Си Цзиньпин бе, Ши Жыңпин ба?», «Хосни Мубарак па, Ғұсни Мүбәрек пе?» деген сияқты сұрақтар жиі туындайды. Әркім өзіне ыңғайлы жолмен әрқилы жазып жүр. Кейбір шеттілдік есімдер мен атаулар академиялық жазбаларда бір бөлек, ақпараттық, я діни сайттарда бір бөлек, Google, Yandex, т.б. аудармаларда және бір бөлек ұшырасады.

Шеттілдік атаулар жүйесін ономастика ғылымында экзоним терминімен белгілейді. Экзонимдерді қазақ тілінде транслитерациялау мәселесі дүниежүзілік саяси картаны, мектеп оқулықтарын, энциклопедия және басқа да анықтамалықтарды жасау барысында туындайды. Экзонимдік атаулар деп тіліміздегі әлемдегі барлық мемлекеттер мен олардағы көптеген қала, елді-мекен, жер-су атауларына қатысты айтылады.

Экзонимдік атаулар жөнінде ереже жасалмағандықтан, бекітілген ресми тізім болмағандықтан шет мемлекет атауларын транслитерациялауда қазақтілді дерек көздері ала-құла жазады. Ресми дереккөздерде көптеген мемлекеттердің атаулары орыстілді нұсқада жүр. Тек Грек Республикасы, Пәкістан сынды атаулар ғана қазақшылған. Ал Мажарстан мен Алмания орыс тілінде Венгрия, Венгр Республикасы, Германия күйінде жүр. Осыған тағы бір дәлел: «Әзербайжан ба, Әзірбайжан ба, Азербайжан ба?», «Моңғолия ма, Монғолия ма?», «Грузия ма, Гүржістан ба?», «Мысыр ма, әлде Египет пе?», «Грекия ма, Греция ма?» деген сияқты сұрақтар жиі туындайды. Шетелдік географиялық атауларды жаңа латын әліпбиінің негізінде қазақ тілінде таңбалау аса ауқымды, күрделі мәселенің бірі, яғни бірзділікті қажет етеді.

Шет тілдерінің терминдері қазақ тіліне орыс тілі арқылы транслитерацияланып келеді: Болгария, Абхазия, Албания, Армения, Алжир, Антрактида, Беларусь, Бахрейн, Бельгия, Боливия, Гвинея және тағы басқалары.

Шетелдік мемлекет, қала, елді-мекен атаулар жүйесін ономастика ғылымында экзоним терминімен белгілейді. Шеттілдік экзонимдерді қазақ тілінде транслитерациялау мәселесі дүниежүзілік саяси картасындағы заңдылықтары мен өзгерістері, мектеп оқулықтары мен басқа да анықтамалықтарды жасау барысында туындайды. Экзонимдік атаулар деп тіліміздегі әлемдегі барлық мемлекеттер мен олардағы көптеген қала, елді-мекен, жер-су атауларына қатысты айтылады. Қазақ тілінде кейбір шеттілдік атаулардың қалыптасқан өзіндік атаулары бар. Мысалы: Жапония, Ұлыбритания, Өзбекстан, Қытай, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғаныстан т.б. Жалпы экзонимдік атауларды жаңа латын әліпбиінде дұрыс жазу, дұрыс дыбыстау тілдік сауаттылықты қажет етеді. Өйткені оларды таңбалаудың өз тәртібі, заңдылығы бар.

Ономаст ғалым Қ.Рысберггеннің айтуынша: «Қазақ тілінің латын графикасына көшуіне байланысты транслитерациялауда тек жалқы есімдерге тән бірқатар өзіндік өзгешеліктер бар. Яғни, кейбір тұстары, әсіресе, шеттілдік атауларға қатысты жалпы ережелік қағидаттарға бағынбайды. Сондықтан кісі аттарына, еліміздің географиялық атауларына, шеттілдік атауларға арнайы ережелер жасалуы тиіс» дейді [1].

Шет тілдерден терминдер қабылдағанда шет тілдерден енген халықаралық терминдерді латын графикасы негізінде таңбалау барысы алға шығады. Демек, ендігі кезек әліпби ауыстыру саясатын қолға алу мәселесі тұр. Бұл – ұлтаралық, халықаралық, жалпы дүниежүзілік таралу деңгейі жоғары әрі «тілдік фактілерді» дәл таңбалаудың үлгісі ретінде ресми түрде халықаралық фонетикалық транскрипция болып қабылданған латын жазуы болу керектігін пайымдайды. Транскрипция – белгілі бір тілге тән дыбыстарды дәл беру үшін пайдаланатын жазу, шартты А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. 2020. №1 45 таңба.

Мысалы ағылшын тіліндегі мына сөздерді алып көрейік: Gorge Washington [джодж уошиңтн], America [імерики], Univercity [юнивөсіти], Computor [кімпюті]. Байқап отырсаңыз, мұнда сөздер түпнұсқа тіліндегідей дәлме-дәл дыбысталатындай етіліп таңбаланған. Яғни, бұны айтылуы мен дыбысталуы түпнұсқа тілінің фонетикасына барынша сай, дәл өзінше етіп қайталау дейміз. Сондықтан, транскрипция бір тілді үйрену немесе сол тілде сөйлеу кезінде пайдаланылатын тілдік құрал. Ал, транслитерация – белгілі бір тілге тән дыбысты екінші бір тілдің орфографиялық заңдылығына лайық белгілеу [2]. Мысалы: George Washington [Джордж Вашингтон] America [америка], Univercity [университет], Computor [компьютер]. Транскрипциямен салыстырғанда, бұл жерде керісінше дыбыстар түпнұсқадағыдан «бұзылып», «ауытқып» жеткенін байқаймыз. Біздің көбіне көп жаңылысып жататын тұсымыз осы екеуінің (транскрипция мен транслитерация) ара жігін ажырата бермейтінімізде» [3].

Қорыта айтқанда латын – әлемді біріктіретін әліпби. Латын графикасы бүгінгі ағылшын тілінің әліпбиі ғой. Әлемде ағылшын тілінде ғана транслитерация жоқ. Қалған елдің бәрінде бар. Транслите-

рация – әліпби ауыстыру. Дыбысталуына сай басқа әліпбиді қолдану құбылысын осы ғылым зерттейді. Қазақ тілі осыған дейін бірнеше графиканы қолданғаны тарихтан мәлім. Қазақ тілі латын графикасы арқылы бағдарлама тіліне енеді. Демек, әліпбидің ауысқанынан ешқандай қауіп төнбейді. Ал кірме атауларды, яғни шеттілдік экзонимдерді қазақ тілінде икемделіп жазылуы тиіс деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рысберген Қ. Ономастикалық атаулар бірізділікті талап етеді. «Егемен Қазақстан» газеті, 14 тамыз, 2019 ж.
2. www.azattyq.org/a/kazakhstan_kazakh_language_transliteration.
3. Қабшықбайұлы Н. Шетел атауларын жазуда қаншалықты сауаттымыз? <http://ult.kz/post/shetel-ataularyn-zhazuda-kanshalykty-sauattymyz>. 03.03.2018 ж.
4. Туған тілің – тұғырың// <http://anatili.kazgazeta.kz/> 12.02.2015 ж.
5. Суперанская А.В. Транслитерация // Лингвистический энциклопедический словарь/М.: Советская энциклопедия, 1990.
6. Рысберген Қ. Географиялық атауларды латын графикасында жазу мәселесі. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, – Хабаршы, «Филология ғылымдары» сериясы №1, 2019 ж.
7. Жұбаева О. Жаңа әліпбиде кірме сөздерді игеруге қатысты ұстанымдар. «Тілтаным» журанлы, 2019, №3.

Д.М. ПАШАН

*Филология ғылымдарының кандидаты
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Ономастика бөлімінің аға ғылыми қызметкері
Алматы, Қазақстан*

ЕСІМ ҚОЮ МЕН АТЫ-ЖӨНДІ ӨЗГЕРТУДЕГІ ЖАҢА ҮРДІСТЕР

Аңдатпа. Мақалада қазіргі таңдағы кісі есімдерін қою, таңбалау, өзгерту, қате жазуға қатысты мәселелер қозғалды. Алматы мен Алматы облысы аумағындағы АХАЖ бөлімдерімен тікелей қарым-қатынас орнату арқылы көптеген қателіктер реттелуде. Қазақ тілінде аты-жөндерді таңбалау соңғы жылдары біршама алға жылжыды. Сонда да шешімін таппаған жайттар бар. Солардың біршамасын осы мақалада көрсетуге тырыстық. Кісі есімдеріне әлеуметтік, психологиялық жайттардың да әсері бар. Сол жайттарды санамалап көрсетуге тырыстық.

Тірек сөздер: омоним, антропоним, кісі есімдері, есім сыры, есім.

Аннотация. В статье были затронуты вопросы, связанные с присвоением, маркировкой, изменением, неправильным написанием имен современных людей. Многие ошибки устраняются путем установления прямых отношений с отделами ЗАГС на территории Алматы и Алматинской области. Маркировка имен на казахском языке в последние годы несколько продвинулась вперед. И все же есть моменты, которые не решены. Мы постарались показать некоторые из них в этой статье. На имена людей влияют как социальные, так и психологические аспекты. Мы постарались перечислить эти моменты.

Ключевые слова: омоним, антропоним, имена людей, Тайна имени, Имя.

Annotation. The article touched upon issues related to the assignment, labeling, modification, and misspelling of the names of modern people. Many mistakes are eliminated by establishing direct relations with the registry offices in Almaty and Almaty region. The marking of names in the Kazakh language has made some progress in recent years. And yet there are moments that are not resolved. We tried to show some of them in this article. People's names are influenced by both social and psychological aspects. We have tried to list these points.

Keywords: homonym, anthroponym, names of people, mystery of the name, name.

Заман өзгереді, қоғам ауысады, мәдени құндылықтар алмасады. Олармен қатар тілдік сана да өзгерістерге тап болады. Бұл өзгерістер ономастика саласында да көрініс тауып отыр. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Алматы мен Алматы облысы аумағындағы АХАЖ

бөлімдерімен бірлесе жұмыс істейді. Кісі есімдерін қою, ауыстыру, таңбалау барысында туындаған қиындықтарға тілдік сараптама жасаймыз.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде есім мен ат қоюда көптеген өзгерістер бар. Бұның әлеуметтік, психологиялық, т.б. себептері бар деп білеміз. Аты-жөн беру, өзгерту, түзету, ауыстырумен негізінен тікелей республика аумағындағы АХАЖ бөлімдері айналысады. Бірақ кей құжаттар тілдік сараптаманы талап ететін жағдайларда олар біздің мекеменің қызметіне жүгініп жатады. Бұл тұрғыдан біз де АХАЖ бөлімдерімен тікелей жұмыс жасап, кем-кетіктерді реттеуге көмектесеміз. Себебі, бұл жағдайлар да біздің тікелей назарымыз мен зерттеуімізде. Халықтың есім қою, түзеу процесі арқылы қоғамдағы ономастикалық өзгерістерді бағдарлай аламыз. Бұл бір шетінен әлеуметтік ғылыми зерттеулер үшін қажет болса, екіншіден ғылыми мекемелер мен мемлекеттік мекемелер, халық тікедей байланыса жұмыс істеу барысын білдіреді. Осы бағыттағы кейбір өзгерістерді назарларыңызға ұсынғалы отырмын.

1. Тәуелсіздік алған соң бостан болдық, ешкімге тәуелді емеспіз, өз ұлттық дәстүр мен мәдениетімізді, ұлттық тілімізді қайта қалпына келтіру процесі белең алды. Бұл міндетті дүние емес, әркімнің ішкі қалауының арқасында жүзеге асуда. Бұның ең басты көрінісі – аты-жөндерді қазақы үлгіде жазу принципі. Орыс тілінің әсерінен орын алған -ов, -ев, -иналардан арылу үрдісі. Джармуханбетов Қайрат Бекбулатович – Жармұханбет Қайрат Бекболатұлы, Жолаң Марат Нұрланұлы, Дубиров Данияр Балгабаевич – Дүбір Данияр Балгабайұлы, Джурабеков Болуспай Мадымарбекович – Жорабек Болысбай Мадымарбекұлы, Ямагулова Гульджагон Ибрайевна – Жұмағұл Гүлжан Ыбырайқызы, Абдижалалов Каират Абдимталипович – Әбдіжәлел Қайрат Әбдімтәліпұлы, Джуманазаров Рустем Абиькасымович – Жұманазар Рүстем Әбілқасымұлы, т.б.

2. Екінші ер адамға қойылған әйел есімдері, әйел адамдарға қойылған ер есімдерін реттеу, ауыстыру мәселесі. Осы сұрақ бойынша шыныда да әйел есіміне не ер есіміне жатпайтындығын растау үшін анықтама береміз. Бізде соңғы уақыттарда нақты анықтама алған мына жайттар орын алды.

2.1. Есімі ер адамға лайықты емес деп құжат ауыстырғандар.

Думан Акерке есімін ауыстырды. Ол Акерке деген есімін ер балаға лайық емес, әйел адамның есімі ретінде көпшілікке танымал және сол себептен ол өз әлеуметтік ортасында қолайсыз сезінетіндігін алға тартты.

Сұлтан Айдара Тұрсынбекұлы. Бұл есімнің семантикалық мағынасы ер балаға да, қыз балаға да тән. Ай+дара «ай – тәж, дара – жалғыз, ерекше [1, 63]. Сондай-ақ есімнің дыбысталуы Айдана әйел есіміне жақындау болғандықтан, ер балаға оғаштау естіледі. Бұл жігіт есімін *Айдарын* деп өзгертті.

Мырзабекұлы Ақниет. Қазақ тілінде, жалпы қазақ халқының ұлттық танымында Ақниет есімі тек көбінесе әйелдерге тән есім ретінде қалыптасқан. Сондықтан ер адамның ресми құжатта және күнделікті тұрмыста әйел есімімен аталатындығы қисынсыз және көп жағдайда бұл есім иесіне психологиялық тұрғыдан қолайсыздық туғызады. Ақниет есімін *Әлиханға* ауыстырды.

Дөшкеев Жанат Асқарұлы. Расында, Жанат есімі («ең көркем, керемет» деген мағынаны білдіреді [1, 145] – қыз балаға да, ұл балаға да қойылатын есім. Жанат есімі мазмұн жағынан негізінен қыз балаға лайық келеді. Қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-мәдени кеңістігінде Жанат есімі негізінен әйел адамында жиі кездеседі, ал ер азамат есейе келе бұл есімнің мағынасын өзіне ерсі көруі мүмкін. Сондықтан өтініш иесі ер азамат болғандықтан, Жанат есімі психологиялық, әлеуметтік тұрғыда жайсыздық тудырады. Атын *Әли* есіміне ауыстырды.

Самалдыков Данагул Ермекович. Қазақ тілінің кісі есімдер жүйесінде ер азаматтар мен әйел адамдардың есімдері ретінде қатар қолданыла беретін модельдер кездеседі, мысалы, Бақыт, Бейбіт, Жанат және т.б. Алайда қазақ тілінде, жалпы қазақ халқының ұлттық танымында Данагүл есімі (ир. *гүлдей құлтырған дана, данышпан, ақылды*) мағынада айтылады. Яғни, бұл есім тек әйелдерге тән есім ретінде қалыптасқан. Сондықтан ер адамның ресми құжатта және күнделікті тұрмыста әйел есімімен аталатындығы қисынсыз және көп жағдайда бұл есім иесіне психологиялық тұрғыдан қолайсыздық туғызады. Есімін *Данияр* деп өзгертті.

Бекбай Самал Алданышович. Расында, С.А.Бекбайдың есімі «самал» деп берілген, ол *араб тіліндегі мағынасы «Шығыстан соғатын жел», парсы тіліндегі мағынасы «таңғы салқын жел».* Қазақ тілінде «жанға жайлы, қоңыр салқын жел» деген ұғымда қолданылады [2, 245 б.]. Сонымен қатар, Самал есімі ұл балаға оғаш естіледі және күнделікті өмірде психологиялық қолайсыздық тудырады. Есімін *Әбдісамат* деп өзгертті.

3.1. Есімі әйел адамға лайықты емес деп құжат ауыстырғандар.

Рахимбаева Айдын Нурболдыевна. Бұл есім ер адамдарға қойылады: Айдын «Айбат, қаһар, 2. Айқын, жарық» мағынасында [1, 63 б.]. Сондықтан аталған есім қыз балаға оғаштау естілетін-

діктен, өтініш иесінің қалауы бойынша «Айдана» (ай – тәж. Дана – білгір, данышпан) әйел есіміне өзгертті.

Хайсар Ерлан. Бұл есім ер адамдарға қойылады: Ерлан+(лен) «батыл, өжет бол» мағынасында [1, 135 б.]. Сондықтан аталған есім қыз балаға оғаштау естілетіндіктен, өтініш иесінің қалауы бойынша «Еркегүл» әйел есіміне өзгерткісі келетінін хабарлаймыз. Атын **Еркегүл** есіміне ауыстырды.

Айдын Бегзат. Бұл Бегзат есімі ер адамдарға қойылады: Бек + зат «батыл, өжет адам» мағынасында [1, 108 б.]. Сондықтан аталған есім қыз балаға оғаштау естілетіндіктен, өтініш иесінің қалауы бойынша «Бегайым» әйел есіміне өзгерткісі келетінін хабарлаймыз. Атын **Бегайым** есіміне ауыстырды.

Нұрдәулет Аян Жақыпқызы. *Аян* есімі көбіне ер адамдарға қойылады: Аян «көпке белгілі, жұртқа мағлұм» мағынасында [1, 86 б.]. Сондықтан аталған есім қыз балаға оғаштау естілетіндіктен, өтініш иесінің қалауы бойынша дыбысталу жағынан ұқсас «Аяна» әйел есіміне өзгерткісі келетіндігі туралы өтініш білдірді. Расында қазақ ұлттық есімдер жүйесінде Аяна есім формасы кездеседі. Аталған есім Аян есімінің фонетикалық варианты екенін, семантикалық мағыналары бір екенін хабарлаймыз. Аян есімін **Аянаға** ауыстырды. Дәл осы жағдай **Мухтар Аян Санатқызында** да орын алды. Ол да есімін **Аяна** деп өзгертті.

Совет Ердана Бахытқызы. *Ердана* есімі ер адамдарға қойылады: Ер + дана «батыл, өжет адам» мағынасында [1, 134 б.]. Сондықтан аталған есім қыз балаға оғаштау естілетіндіктен, өтініш иесінің қалауы бойынша «Елдана» әйел есіміне өзгерткісі келетінін хабарлаймыз. Ерданамыз **Елдана** есімін иеленді.

Досмуратова Ельнур Еламанқызы Қазақ халқының ұлттық танымында Елнұр (қаз. елдің нұры) деген мағынадағы бұл есім көбінесе ер балаға тән есім ретінде қалыптасқан. Сондықтан әйел адамның ресми құжатта және күнделікті тұрмыста ер балаға қатысты есімімен аталатындығы қисынсыз және көп жағдайда бұл иесіне психологиялық тұрғыдан қолайсыздық туғызады деп есімін **Ельнур** деп өзгертті. Дәл осы жағдаймен келген **Аманжолова Ельнур Суиндиқова** да есімін **Ельнур** деп өзгертті.

Калкаева Исагуль Батырхановна. Бұл есім екі тілдік элементтің бірігуінен жасалған: Иса+гүл. Бұл есімнің бірінші компоненті діни мазмұндағы Иса пайғамбардың аты болғандығы (діни мифология бойынша ер адамның аты. Есімнің екінші бөлігі гүл қазақ тіліндегі әйел есімдеріне жалғанатын қосымша, мысалы: Назгүл, Айгүл, Нұргүл және т.б. немесе күрделі есімдердің бірінші компоненті ретінде қолданылады, мысалы: Гүлжан, Гүлдархан, Гүлсім, Гүлім, Гүлнұр және т.б. Ыңғайсыздық туындағандықтан, сол себепті өтініш иесінің қалауы бойынша **Гүлім** есіміне ауыстыруға болады деп қорытынды бердік.

Сағындықова Қуан Талхановна Қазақ тіліндегі Қуан есімі ұл бала туғанда қатты қуану себепті қойылған есім [1, 198 б.]. Сондықтан өтініш иесі әйел адам болғандықтан, Қуан есімі психологиялық, әлеуметтік тұрғыда үйлеспейді деп басқа есімге ауыстыруға болады деген едік.

1. Ислам дінін қабылдауға байланысты есімдерін ауыстыру. Бұл негізінен әйел адамдардың есімін өзгертуде орын алуда. Достовалова Галина Геннадьевна – София, Екатерина Олейник Анатольевна – Касим Амина Анатольевна.

2. Аты-жөнінің жағымсыз мағынасы бар екенін айтып, аты-жөнді өзгерту. Қазіргі таңда Ошақбай, Жаманбай, Қорлан, Тезекбай, Жаманкүл, Тұяқ, Башпай, Итемген деген есімдерді тек ретінде ғана кездестіреміз. Мұндай мағынасы жағымсыз есім қою қазақ халқында бар ырым. Олай қоядың да өз себебі бар. Балаға кісінің назары түспесін, тіл-көз тимесін, аман болыс деген наным-сеніммен қойылатын болған. Сонымен қатар, бала тұрмаған отбасылар да өмірге келген нәрестеге осындай есімдер беруге тырысқан. Бұл мәселемен де көп азаматтар келеді. Байқағанымыз, келетін азаматтардың басым бөлігі жастар. Себебі, оларға кезінде қазақ халқы ырымдап қойған есімдер түсініксіз әрі қазіргі заман тұрғысынан сәнді емес көрінеді.

Джанманчалов Жеңіс Әшімұлы. Джаманчалов тегі қазақ тіліндегі Жаман+шал тілдік компоненттерінің бірігуінен жасалған. Ертеректе ырым ретінде қойылған бұл аттың қазіргі тілдік кеңістігіміздегі семантикасы (мағынасы) жағымсыз, эстетикалық потенциалы төмен болып тұр. Сондықтан ол тек иесіне психологиялық қолайсыздық туғызады. Яғни бұл текті (фамилияны) басқа жағымды семантикадағы текке, мәселен, әкесінің атына ауыстыру мүмкін деп есептейміз. Қазақ азаматтары өз аты-жөндерін екі және үш мүшелі жүйемен рәсімдеуге құқығы бар және оған еш кедергі, мысалы: Бауыржан Момышұлы немесе Момышұлы Бауыржан, Асан Гүлмира Асанқызы және т.б. Осы үлгіде Әшім Жеңіс Әшімұлы болып рәсімделді.

Койшыбаев Рамазан Хайруллаевич. Қазіргі тілдік кеңістігімізде Қойшыбай есімі семантикасы (мағынасы) жағымсыздау, эстетикалық потенциалы төмен, психологиялық жағынан қолайсыздық

туғызады және қазіргі таңда қазақ бұл есімді өз баласына есім ретінде қолданбайды. Сондықтан, қазақ тілінің ұлттық есімдер жүйесіндегі Қойшы+бай (қой бағатын қойшы болсын, малы көп болсын деген мағынады) тілдік компоненттерінің бірігуінен жасалған есімді қазіргі таңда ескірген есімдер қатарына қосамыз. Р.Х.Койшыбаевтың тегін басқаға ауыстыруға болады деп есептедік.

Шортамбай Данияр Сергеевич. Қазақ тілі есімдер жүйесінде Шортанбай есімі қолданысқа ие, бұрыннан келе жатқан есім үлгісі. Құжатта Шортамбай деп қате жазылған. Алайда, адам есімі ретінде құлаққа жағымсыздау тиеді. Себебі, «Шортан» (лат. *Esox lucius*) – балық; ірі жыртқыш, шортан тәрізділер отрядының бір тұқымы. Қазақстанның барлық табиғи су айдындарында кездеседі. Осы балық атауы, кісі есіміне ауыстырылған. Қазақ халқының дәстүрінде кісі есімдерін табу ретінде басқа атаулармен атау көрінісі бар. Бұл есім осындай мақсатта қойылған болу керек. Бірақ ондай есімдер қазіргі таңда жастар арасында қолайсыздық пен психологиялық жағымсыздық туындадатыны рас. Тегін эстетикалық тұрғыдан әуезді текке ауыстыруына болады деп есептейміз.

1. Аты-жөнінің жазылуында қателік бар құжаттар. Абдукадиров Баранбай – Әбдіқадыр Боранбай, Төлөгөнова Айкыз Төлөгөновна - Толегенова Айкыз Толегеновна, Досубаев Альдеберген Кельсович – Досыбай Аллаберген Келісұлы, Амиров Улан Абдубекевич – Әмір Ұлан Әбдібекұлы, Ертурин Айбар Бекмуканович – Ертөре Айбар Бекмұқанұлы, Маратқызы Айшабубу – Маратқызы Айшабибі, Алишев Биғазы Кваншбекович – Әліш Биғазы Қуанышбекұлы, Сайлевканов Бахыт Джунуспекович – Сайлаухан Бақыт Жүнісбекұлы, Бектембаева Зарнкуль Оразаевна – Бектембаева Зәуреғұл Оразаевна, Қаблан Қәусәр Ерболқызы – Қабылан Кәусар Ерболқызы, Несбек Біәли Дауренұлы – Несбек Биәли Дауренұлы, Дюсенов Болат Мукадынұлы – Дүйсен Болат Мұқадінұлы, Орысбай Банар Думанқызы – Орысбай Баһар Думанқызы, Ергалиева Айсулу Талгатовна - Ергалиева Айсулу Талгатовна, Исаков Рысбек Денисламович – Ысқақ Рысбек Дінісламұлы, Бақыт Аийм Бақытқызы – Бақыт Айым Бақытқызы, Жұмақын Дұлат Даулетұлы – Жұмақын Дулат Даулетұлы, Арыбджанов Аманкелды Ағасұлтанұлы – Әріпжан Амангелді Ағасұлтанұлы, Тулюгин Мирас Нұрсұлтанұлы – Төлөгін Мирас Нұрсұлтанұлы, т.б.

2. Түпнұсқа жазылуы бойынша сақталуды қалайтын азаматтар. Исакова Данисо Манарбековна – Исакова Данисо Манарбековна, Әлімбек Әтилла Ержанұлы – Әлімбек Атилла Ержанұлы, Жугралин Мухамед Даулетбекұлы – Мұхаммед Дәулетбекұлы

3. Алла Тағаланың 99 есімімен қойылған кісі есімдері. Алланың 99 есімін қазақтілді ортада қойылған кезде «құл» мағынасын беретін «абд» сөз басына қосымша қойылуы керек. Себебі Алланың есімін тікелей қоюға болмайды. Алланың құлы деген мағынада болуы керек теген түсінік бар. Осы мәселемен де келетін жайттар болады. Араб тіліндегі «абд» қазақ тілінде «әбді» формасында енеді. Сайранбай Аррахман Еркебұланұлы – Сайранбай Әбдірахман Еркебұланұлы, Рақыш Әл-Хамид Нұрсұлтанұлы – Рақыш Әбдіхамит Нұрсұлтанұлы.

4. Бірнеше компоненттен тұратын, екі немесе үш атаудан бірігіп жасалған есімдерді бөліп жазу немесе қысқарту. Бейсембеков Аттиламару Бауырбекович - Бейсембеков Аттила Амару Бауырбекович, Бейсембеков Виленшакура Бауырбекович - Бейсембеков Вилен Шакур Бауырбекович.

Осымен байланысты қазіргі кезде өмір табалдырығын енді аттай бастаған сәбиге қазақ тілінде емес, басқа тілдегі есімдерді беру бір сәнге айналғандай болды. Кейінгі кездері балаға ат қою, ат беру шегі кеңейе түсті, тіпті шегі жоқ деуге болады. Қазақтың көне, мағыналы, әдемі есімдерінен гөрі басқа тілден енген есімдерді қоюға құштар болып тұрады. Мысалы, батысқа еліктеп қойылған адам есімдері: Агата, Аийлин, Айзель, Айлана (Райлана түрі бар екен), Айлара (Айнара түрі бар), Айрин т.б. Бұл әрине қоғаммен, тіодік сананың өзгеруімен тікелей байланысты. Әрине бұл үрдіс орыс, батыс және қазақ халықтарының өзара тығыз мәдени қарым-қатынасына байланысты екені айдан анық.

5. Шетелде, көрші мемелкеттерді туылған, сол тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне қарай аты-жөні таңбаланған кісілер де келіп, аты-жөнін түзейді. Кабулов Нурсұлтан Кахраман углы – Қабыл Нұрсұлтан Қахарманұлы, Яхшиликов Биржан Нуржан уғли – Жақсылық Біржан Нұржанұлы, АлмахановАмирхон Аймахан уғли – Әлмахан Әмірхан Аймаханұлы, Азимбаев Қалдибек Нуржон уғли – Әзімбай Қалдыбек Нұржанұлы, т.б.

Азимбаев Қалдибек Нуржон кизи. Құжат Өзбекстан Республикасы Ташкент облысынан алынған екен. Құжаттың орыс тіліндегі бөлімінде ұл балаға «кизи» (қызы) формантын қосып жазған. Әзімбай Қалдыбек Нұржанұлы деп түзеттік.

Бұдан басқа да көптеген жайттар орын алуда. Мысалы, соңғы уақытта Нұрсұлтанхан есімін өзгерткісі келген азамат келді. Есімінің айтылуы да жазылуы да ұзақ, қолайсыздық тудырады, қысқартқым келеді деп сұрады.

Бұдан басқа, анасымен бірге жасөспірім Ернұр есімді қыз бала келді, достары оны ұл бала деп келеке ететін көрінеді. Есімін ауыстырам деп қоймапты. Баласына ат қою ата-анаға міндет болғандықтан, баласына есімді ата-ана қойып жатады. Баласы өсе келе ол есімді ұнатпай жататын сәттер де бар. Жоғарыдағы жайттар осыған айғақ.

Быттырғы жылы бөлімге Жаннұр есімді жас шамасы 40 тағы қыз келді. Нумерологқа барған екен «сенің есімің сәтсіз некеі көрсетіп тұр» деп айтыпты. «Есімімді өзгерткім келеді, қайтсеңіздер де осы аттан құтқарып беріңіздер» деген өтініш айтты. Есімінің мәні де жазылуы дұрыс екендігін айтып түсіндірдік. Мұндай жағдайда филолог-ономаст емес, психологтың көмегі керек пе деп қаламыз.

Міне, көріп отырғандарыңыздай, аты-жөндерді қазақ тілінде таңбалауда көптеген қателіктер орын алып отыр. Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда АХАЖ бөлімдерінде аты-жөнді қатесіз жазу басты мақсаттардың бірі. Байқағанымдай, қате жазылған атаулардың көпшілігі тек пен әкесінің есіміне қатысты болып келеді. Жас буынның атын жазуда қатты қателіктер жоқ.

Қазақ тіліндегі есімдер санаулы жыл ішінде тосыннан пайда бола қалмаған. Оның да өзіне тән тарихы, шығу, пайда болу жолдары бар. Өмірге келген жас бөбек, сәбиге жарасымды ат қойып, есім беру – ертеден келе жатқан ата дәстүр, дағдылы әдет. «Адамның өз есімінде үлесі бар», «Атына заты сай», «Адам есімі тағдырына әсер етеді» деген ойлар да айтылады.

А.Смағұловтың айтқаны бар: «Есімдер де жаңаланып отырады. Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Олардың кейбір топтары қазақ ауылының ертедегі тіршілік, іс-әрекетінен және шаруашылық күйінен мағлұмат береді. Мысалы, төрт-түлік малға, шаруашылық, тұрмыстық сөздерге байланысты есімдер. Шындығында бұлай болудың өзіндік сыры бар. Өйткені әрбір кісі аты өзінің шыққан заманы мен дәуіріне, оның тілдік заңына тікелей байланысты» - деген болатын. [3, 22 б.]

Аты-жөндерін өзгерту үшін бізге анықтама алуға келген азаматтардың өтініштері негізінде төмендегідей топтарды көрсете аламыз.

1. Есімінің айтылу мен жазылуы ыңғайсыз, ұзақ.
2. Қыз баалаға немесе ұл балаға лайық есім емес.
3. Нумерология тұрғысынан сәтсіздік шақырады.
4. Қоғамда жағымсыз саяси ықпалы бар есім.
5. Достарының ортасында келеке етуге ыңғайлы есімдер т.б. айтуға болады.

Ата-анаға жүктелген негізгі міндеттердің бірі – балаға әдемі ат қою. Сондықтан да балаға есім қояр кезде ең бастысы – мағыналы, әуезді есім таңдау. Қазақ халқында мағынасы терең, әдемі естілетін, әуезді есімдер көптігін айтқым келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ есімдерінің анықтамалығы. Құрастырушылар: Ғ. Әнес, Т. Жанұзақ. – Алматы, 2009.
2. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. Құрастырушылар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.
3. Смағұлов А. Қазақ есімдері, – Алматы: Атамұра, 2006.

Н.Қ. ШҮЛЕНБАЕВ

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Терминология бөлімінің ғылыми қызметкері, гуманитарлық ғылымдар магистрі
Алматы, Қазақстан*

ТЕРМИНОЛОГИЯДАҒЫ КӨПМАҒЫНАЛЫЛЫҚ (ПОЛИСЕМИЯ) ПЕН КЕҢ МАҒЫНАЛЫЛЫҚ (ЭВРИСЕМИЯ)

Аңдатпа. Көпмағыналылық (полисемия. гр. poly - көп + sema - таңба) – сөздің екі немесе бірнеше мағынаға ие болуы. Полисемия екі түрлі: грамматикалық және лексикалық полисемия. Полисемия сөздің қандай мағынада айтылуы, сол сөздің басқа әр түрлі сөздермен тіркесіп келуі арқылы белгілі бір контексте, нақтылы жағдайда, әңгіменің жалпы тақырыбына байланысты жүзеге асады. Сөздің негізгі (басты, тура) мағынасы мен оның туынды (қосалқы, ауыспалы) мағыналарын өзара ажырату барысында оның негізгі мағынасы контекстке тікелей бағынышты болмайды, сол сөз айтылған кезде сөйлеушінің

ойына бірден келетін мағына болып табылады. Сөз мағыналарының арасындағы семантикалық өзара байланыс олардың арасында ортақ мән беретін элементтердің, яғни семаның рөлі арқылы көрінеді. Сөздік қордағы сөздер ең алғашқы пайда болған кезде тар мағыналы болғандығы байқалады. Кейін олар бұрынғы мағынасының үстіне жаңадан тағы бір немесе бірнеше қосымша туынды мағыналарға ие болған.

Кеңмағыналылық (эврисемия) – бұл лексикалық-семантикалық деңгейдің лингвистикалық құбылысы, ол әртүрлі денотаттарға арналған сөздің семантикалық көлемінің кеңеюімен сипатталады. Алайда, полисемант сөздерден айырмашылығы, эврисемант сөздер құрылымдық біртұтастықпен сипатталады. Белгіленген ұғымдар сөзбен, оның фонетикалық қабатымен ғана байланысты, бірақ мағынаның құрылымына кірмейді. Олар сөздің нақты сөйлеу контекстінде жұмыс істеуі кезінде пайда болады және бірыңғай жалпыланған кең ұғыммен байланысты.

Тірек сөздер: термин, терминтаным, көпмағыналылық, кеңмағыналылық, полисемия, эврисемия.

Аннотация. Многозначность (полисемия. гр. poly-много + sema-символ) – наличие в слове двух или нескольких значений. Полисемия бывает двух видов: грамматическая и лексическая многозначность. Многозначность осуществляется в зависимости от того, в каком смысле слово произносится, в каком слове оно сочетается с другими разными словами, в определенном контексте, в конкретном случае, в зависимости от общей темы разговора. При взаимном различении основного (главного, прямого) значения слова и его производных (вспомогательных, переносных) значений его основное значение не подчиняется непосредственно контексту, а является значением, которое сразу приходит в голову говорящему при произнесении этого слова. Семантическая взаимосвязь между значениями слова выражается через роль элементов, которые придают им общее значение, т. е. семы. Замечено, что слова в словарном запасе имели узкое значение при первом появлении. Позже они получили еще одно или несколько дополнительных производных значений, которые были новыми, помимо их прежнего значения.

Широкозначность (эврисемия) – лингвистическое явление лексико-семантического уровня, характеризующееся расширением семантического объема слова для различных денотатов. Однако, в отличие от многозначных слов, эврисемантовые слова характеризуются структурным единством. Обозначаемые понятия связаны только со словом, его фонетическим слоем, но не входят в структуру смысла. Они возникают при функционировании слова в конкретном речевом контексте и связаны с единым обобщенным широким понятием.

Ключевые слова: термин, терминология, многозначность, широкозначность, полисемия, эврисемия.

Annotation. Polysemy (polysemy. гр. role-many + sema-symbol) - the presence of two or more meanings in a word. There are two types of polysemy: grammatical and lexical polysemy. A polysemous word is realized depending on the sense in which it is pronounced, in which word it is combined with other different words, in a certain context, in a particular case, depending on the general topic of conversation. Mutually distinguishing the main (main, direct) meaning of a word and its derivatives (auxiliary, figurative) meanings, its main meaning does not obey the direct context, namely what immediately comes to the speaker's mind when pronouncing the word. The semantic connection between the meanings of a word is expressed by the role of elements that give them a common meaning, i.e. semes. It has been noticed that words in the vocabulary have a narrow meaning when they first appear. Later, they received one or more additional derived values that are new in addition to their previous value.

Broad semantic (eurysemeal) is a linguistic phenomenon of the lexico-semantic level, characterized by the expansion of the semantic volume of a word for various denotations. However, unlike polysemantic words, euryssemantic words are characterized by a structural unit. The designated concepts are related only to the word, its phonetic layer, but are not included in the structure of meaning. They arise in the functioning of a word in a certain speech context and are associated with a broad concept generalized into a single whole.

Keywords: term, terminology, ambiguity, broad-meaning, polysemy, euryssemy.

Термин – (лат. terminus деген сөзі, қазақша мағынасы – бір нәрсенің шегі, шекара) шекаралық белгі. Терминдер – ғылым мен техника, мәдениеттің әр саласына қатысты белгілі бір ұғымды дәл білдіретін арнаулы сөздері. Терминдер – нақты бір ұғым атауы. Терминдердің лексеманың басқа түрлерінен басты айырмашылығы олар көп мағыналы емес, бір ғана нақты мағыналы болып келеді: оларда эмоционалды бояу, экспрессивті-стилистикалық қызмет болмайды.

Терминдер ғылым – білімнің бір саласына – бір терминологияға тән болып келеді. Сонымен бірге, кейбір термин ғылымның бірнеше саласында қолданылуы мүмкін. Жеке бір ғылымның өзіне тән негізгі терминдері мен терминологиясы болады.

Терминология кең мағынасында «адамның кәсіптік қызмет саласындағы қолданылатын арнаулы лексиканы қамтитын, тілдік сөздік құрамының бөлігі». Терминология – арнаулы ұғымдарының жүйелік ерекшелігін көрсете отырып, оның коммуникативтік қажеттілігін өтеуге қызмет ететін атаулар жиынтығы.

Терминология терминінің өзі – көп мағыналы термин. Ғалымдар оның 5 түрлі мағынаны білдіретінін көрсетеді.

1. Термин – сөздердің жиынтығы немесе жалпы көптеген саны белгісіз терминдер.
2. Қандай да бір сала терминдерінің (ұғымдары мен атауларының) жиынтығы (медицина терминологиясы, география терминологиясы).
3. Терминдердің жасалуы, құрамы мен қызметі туралы ілім.
4. Белгілі бір тілде қолданылатын белгілі бір білім саласы терминдерінің жасалуы, құрамы мен қызметі және олардың басқа тілдердегі баламалары туралы ілім.
5. Жалпы терминологиялық ілім.

Осы көпмағыналықтан арылу мақсатымен болса керек, соңғы он шақты жыл көлемінде Ресей ғалымдары термин, терминология мәселелерін зерттейтін ілімді «терминоведение» деп атап жүр. Біз де ұғымдар ара-жігінің бұлайша ажыратылуын қолдаймыз. Сондықтан да «терминоведение» атауын «терминтаным» деп қолданып жүрміз. Тілдегі барлық терминдер жиынтығын – «терминология», ал белгілі бір арнаулы сала терминдерінің жиынтығын – «салалық терминология», ал «общая терминология» атауын – «жалпы терминтаным» деп бірізді атаған дұрыс болар деп санаймыз.

Терминологиялық лексиканың әдеби тілге қатысы туралы мәселеге деген ғылымдардың көзқарасы да бірдей болмай келгендігі белгілі. А. Суперсканская және басқа ғалымдар ондай пікірлерді үш топқа жіктейді:

Терминология – әдеби тіл лексикасының құрамына кіретін бір бөлігі.

Терминология әдеби тілмен аз ғана ортақтығы бар ұлттық тілдің дербес лексикалық бөлігін құрайды.

Терминология ешқандай тіл емес, ол жасанды таңбалардың жүйесі болып табылады.

Бұл үш түрлі пікірдің алғашқы екеуінің қайсысы дұрыс деген мәселе туралы ойлануға, пікір таластыруға болар, ал үшіншісінің ғылыми негізі берік деп айтуға болмайды.

Терминдердің негізгі басым бөлігі белгілі бір ұлт негізінде жасалған сөздер екендігін ескерсек, бүкіл терминологияны жасанды таңбалар жиынтығы деп оны тілден мүлде бөліп қарастырудың реті бар деп айту қиын. Ал алдыңғы екі көзқарасты жақтаушылардың да алға тартатын өзіндік деректері мен дәлелдері бар. Қазақ тіл білімінде соңғы жылдарға дейін тек «Терминология – әдеби тіл лексикасының құрамына кіретін бір бөлігі» деген пікір ғана орын алып келеді. Екінші көзқарасқа назар аударушы зерттеушілер бізде соңғы кездері ғана пайда болды. Жалпы терминологияның әдеби тілге қатысы туралы мәселе әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Ғылым мен техниканың, өндіріс пен өнердің алуан түрлі сондай арнаулы салаларындағы деректі және дерексіз ғылымдардың атаулары мыңдап саналады. Сонда белгілі бір арнаулы сала атауларының жиынтығын – салалық терминология деп атайды. Мұндай терминдер жиынтығын география терминологиясы, физика терминологиясы, математика терминологиясы, музыка терминологиясы деп саласының атауларын негізінен осы салаларды зерттейтін ғалымдар мен практик мамандар жасайды.

Мынадай негізгі терминжасам қағидаттарын ұсынуға болады:

1. Ана (қазақ) тілінің өз, ішкі мүмкіндігін пайдаланып терминжасау қағидаты. Ол былай жүзеге асады: а) кірме сөзге тілімізден қажетті жаңа балама сөз (*айтылым, жасалым, көптесім, мәндесім, қарсыласым, аттасым, әдістеме, буынтаным*) табу; ә) байырғы көнерген сөздерге (*құн, бәйге, тұсаукесер, жасақ, айдауыл, қарауыл, алқабі, шолғыншы*) жаңа терминдік мағына үстеу арқылы термин жасау. Мұнда тілдігі ертегілерден, тұрмыс-салт жырлары, қисса дастандар, тіпті ауызекі тілдегі сөздерді де алуға болады. Бұл үрдісте сөздің мағынасын кеңейту, сөзге жаңа, терминдік мағына үстеу, жүзеге асады. б) кірме терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшелігін ескере отырып қабылдау (*режім, реліс, зауыт, сиез*). Бұл сөзжамсамда сөздерді ана тіліне икемдеу, үйлестіре жаңа термин жасау жүргізіледі; б) кірме терминдерді сөзбе-сөз (калькалау) аудару.

2. Туыстас түркі тілдерінен термин алу (*ұшақ*, т.б.) принципі. Бұл ортақ түркілік терминологиялық қор қалыптастыруға, түркі тілдерінің ықпалдасуына септігін тигізетін сөзсіз.

3. Аударуға келмейтін және дүниежүзінің бірнеше тілдеріне ортақ жалпы халықаралық терминдерді аудармай беру (*музей, архив, композитор, пианино*). Бұл бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселеге айналды.

4. Қысқарту (әріп, буын, сөз) тәсілі арқылы сөз жасау (*ПӘЖ – пайдалы әсер коэффициенті, ҚҰЖ – құрылысты ұйымдастыру жобасы, ЖӨЖ – жұмыс өндіру жобасы және т.б.*).

Полисемия (гр. poly - көп + sema - таңба) [1] – сөздің екі немесе бірнеше мағынаға ие болуы. Полисемия екі түрлі: грамматикалық және лексикалық полисемия. Полисемия сөздің қандай мағынада айтылуы, сол сөздің басқа әр түрлі сөздермен тіркесіп келуі арқылы белгілі бір контексте, нақтылы жағдайда, әңгіменің жалпы тақырыбына байланысты жүзеге асады. Мысалы, орыс тілінде: поле – ржаное поле, футболисты на поле, поля шляпы. Сөздің негізгі (басты, тура) мағынасы мен оның туынды (қосалқы, ауыспалы) мағыналарын өзара ажырату барысында оның негізгі мағынасы контекстке тікелей бағынышты болмайды, сол сөз айтылған кезде сөйлеушінің ойына бірден келетін мағына болып табылады. Сөз мағыналарының арасындағы семантикалық өзара байланыс олардың арасында ортақ мән беретін элементтердің, яғни семаның рөлі арқылы көрінеді [2].

Көп мағыналылық – сөздің екі немесе одан да көп мағынаға ие болуы. Тілдің байлығы мен даму дәрежесі сөздік құрамдағы сөздердің саны көп болуымен ғана өлшеніп қоймайды, сонымен бірге ондағы сөздердің көп мағыналы байлығымен де ерекшеленеді. Сөздердің сапа жағынан дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі – көпмағыналылық. Бұл, негізінде, сөздік қордағы сөздерге тән қасиет. Сөздік қордағы сөздер ең алғашқы пайда болған кезде тар мағыналы болғандығы байқалады. Кейін олар бұрынғы мағынасының үстіне жаңадан тағы бір немесе бірнеше қосымша туынды мағыналарға ие болған. Мыс., «қанат» алғашында құстар мен шыбын-шіркейлердің ұшып-қонатын дене мүшесін білдірген. Одан кейін балықтың жүзу мүшесін, киіз үйдің керегелерін (алты қанат ақ орда), арба-шананың үстін кеңейту үшін салынған ағашты (қанаты жоқ шанаға шөп аз сияды), ұшақтың қанаты және белгілі бір нәрсенің орналасқан шебі, екі жағы (футбол алаңының оң жақ, сол жақ қанаттары, т.б.) мағыналарын білдіріп, көп мағыналы сөзге айналды.

Кеңмағыналылық («эврисемия») ұғымының анықтамасын алғаш рет Н.Н. Амосова ұсынды: «кеңмағыналылық – бұл лексикалық-семантикалық деңгейдің лингвистикалық құбылысы, ол әртүрлі денотаттарға арналған сөздің семантикалық көлемінің кеңеюімен сипатталады» [3, 114 б.]. Алайда, полисемант сөздерден айырмашылығы, эврисемант сөздер құрылымдық біртұтастықпен сипатталады. Белгіленген ұғымдар сөзбен, оның фонетикалық қабатымен ғана байланысты, бірақ мағынаның құрылымына кірмейді. Олар сөздің нақты сөйлеу контекстінде жұмыс істеуі кезінде пайда болады және бірыңғай жалпыланған кең ұғыммен байланысты.

Полисемия ұғымынан «кеңмағыналылық» ұғымын ажырата алу керек. Бұл терминді Н. Амосова енгізген. Онымен бірге әдебиетте оның шет тіліндегі баламасы, «эврисемия» кездеседі. Кейбір авторлар, мысалы Д. Н.Шмелев, сөздің «неғұрлым жалпы лексикалық мағыналары» туралы айтады. Көп мағыналы сөз тілде бірнеше мағынаға ие болады. Сөйлеуді қолдану жағдайында мағыналардың бірін таңдау контекстке ықпал етеді. Кең мағыналы сөз, керісінше, контекстен тыс, бір мағыналы, бірақ бұл жалғыз мағына бірнеше түрлі ой объектілерімен байланысты. Осылайша, сөз кең мағыналық анықтамаға ие, оның тұжырымдамалық көлемі үлкен және нақты мазмұны сөйлеу жағдайында, яғни контексте нақтыланған (бірақ өзгермейді).

Кең және көпмағыналылық ұғымдардың арақатынасы мәселесін көптеген лингвистер белсенді зерттеді. Кең мағынаны (эврисемия) және көпмағыналылықты (полисемия) ажыратудағы қиындықтар көбінесе критерийлердің ішінара ортақтығына байланысты туындайды, олардың негізінде қарастырылатын категориялар ерекшеленеді.

Эврисемия мен полисемия құбылыстарының ортақтығы полиденотативтілік қасиетімен, кең мағыналы және көп мағыналы сөздердің семантикалық құрылымының ашық сипатымен байланысты, оларды қолдану барысында жаңа лексикалық-семантикалық нұсқалардың пайда болуына мүмкіндік беріледі. Өз кезегінде, осы лексикалық-семантикалық категориялар арасындағы айырмашылықтың негізінде кең және көп мағыналы лексемалардың полиденотативтілігі әртүрлі сипатқа ие екендігі жатыр.

Эврисемия мен полисемия категорияларының арасындағы айырмашылықты толығырақ қарастырмас бұрын, кейбір орыс тіл мамандары ұстанатын бұл құбылыстардың жалпы анықтамаларына қысқаша талдау жасаған жөн сияқты.

Тілдегі сөздің көп мағыналылығын тіл мамандары бұрыннан зерттеген. Көп мағыналылық туралы әдебиеттер және онымен байланысты тілдік құбылыстар өте ауқымды. Онда орыс тіл білімінде А.А. Потебнядан бастау алған, тіпті полисемияны жоққа шығаруға дейінгі біршама сантүрлі тұжырымдар берілген. Бұл мақалада біз полисемияның Т.И. Вендина берген классикалық анықтамасын ұстанамыз.

Зерттеуші «полисемияны бір сөзде өзара байланысты бірнеше мағынаның болуы» деп анықтайды. Тіл біліміндегі полисемияның бұл анықтамасы классикалық болып саналады.

Сөздің көп мағыналылығы сөз мағыналық ауысуларға ұшыраған, объективті шындықтың бір объектісін немесе құбылысын белгілеумен қатар, кейбір мүмкіндіктер немесе қасиеттері бойынша оған ұқсас басқаны белгілеу үшін қолданыла бастаған кезде тілдің тарихи даму процесінде пайда болады. Потенциалды түрде тілдің кез келген сөзі қажеттілік туындаған кезде жаңа мағынаға ие болуы мүмкін, сондықтан, әдетте, тілде бір мағыналы сөздерге қарағанда көп мағыналы сөздер көбірек болады [4, 136 б.].

Сөздің полисемиясын «таңба Заңын» бұзу яғни мән мен мазмұнның мінсіз бір-бір мәнді сәйкестігі деп санауға болады. Табиғи тілдегі сөздердің көпмағыналылығы кездейсоқ емес екеніне күмән жоқ. Табиғи тілдегі мән мен мазмұнның бір-бір мәнді сәйкестігі өте үнемді болмас еді, яғни тілдік код бірліктерінің күрт өсуіне әкеліп соқтыратын, ал бұл ана тілінде сөйлейтіндерге оны пайдалануды қиындататын еді. [5, 4 б.].

Тіл біліміндегі полисемиялық құбылыс жеткілікті түрде зерттелгендіктен, біз басқа категорияны – зерттеуімізде полисемияға қарама-қайшы келетін эврисемияны анықтауға көбірек тоқталамыз. «Кеңдік» терминін Н.Н. Амосова енгізді, ал «эврисемия» терминін кейінірек В.Я. Плоткин мен Гросул ұсынды. Екі жағдайда да бұл құбылыс әдеттегі көпмағыналылықпен (полисемия) қарама-қарсы қойылды және одан ерекше түрдегі лексикалық-семантикалық вариация ретінде оқшауланды [6, 111-112 бб.].

Ресейлік семасиологтардың бірқатар еңбектерін талдау көрсеткендей, ғалымдардың көпшілігі кең мағыналы сөздің біртұтас, инвариантты, шекті жалпыланған мағынасы бар деген көзқарасқа сүйенеді. Мысалы, біз кең мағынаны «кең мағыналы сөздің мағынасы соншалықты жалпыланған, сондықтан ол грамматикаланады» деген Е.И. Малютина [7, 124 б.], белгілі бір лексикалық бірлікті жалпылау немесе жалпылау дәрежесі ретінде анықтайтын Е. А. Евдокимова [8, 176 б.], кең мағыналы сөздерді сигнификативті жалпыланған мағынасы бар сөздер ретінде анықтаған О.Е. Федосованы [9, 219 б.] және басқаларды атаймыз.

Сондай-ақ П.С. Федюк те кең мағыналы құбылысты зерттеді. Ғалымның пікірінше, кең мағыналы сөздің бір жалпы мағынасы және көптеген нақты нұсқалары бар. Яғни, кең мағыналы лексеманың негізі контекстік тарылған, семантикалық нұсқалар бекітілген белгілі бір қозғалмайтын семантикалық негіз болып табылады. Ол мұны ойдың заты немесе неғұрлым тар – «зат, бұйым, бір нәрсе, әлдене» ретінде қызмет ететін кез келген мәліметтілікті білдіретін және күнделікті тұрмыста *қасық, сабын* және т. б. атайтын ағылшын тіліндегі *thing* лексемасының мысалында түсіндіреді. Бұдан шығатыны, келесі белгіленетіндер барлығы алғашқының белгілеу саласына енеді, өйткені оның мазмұнының құрамындағы минимумға дейін азайтылған дифференциалдық белгілер контекстпен берілген денотаттардың іс жүзінде шексіз шеңберімен теңдес. Осылайша, кең семантика сөзінің мағынасының негізінде ең жалпыланған және абстракцияланған белгі жатады, оның негізінде бұл сөз осы белгіге ие барлық заттармен немесе құбылыстармен семантикалық үйлесімді болып шығады [10, 201 б.].

М.В. Никитин кең мағыналылық деп десигнатор (сөз формасы) мен десигнат (сөздің мазмұны, мағынасы) арасындағы байланыстың басқа, әлдеқайда барынша еркін сапасын түсінеді. Кең мағыналы қолданыстағы сөз өз мағынасын тіркестің жиынтық мағынасына енгізбейді, бірақ өзі сол сөз тіркесінің басқа компоненттерінің мәндерін шегергендегі үлесінде қалатын бөлігі ретінде сөз тіркесінен жасалады [6, 122 б.].

Е.И. Малютина «кең мағынасы бар сөздің мағынасы лексикалық мағынасын жоғалтады: кең мағыналы сөз контекстке өз мағынасын әкелмейді, бірақ өздері одан «қоректенеді» дей отырып, М.В. Никитиннің көзқарасын жақтайды. [7, 123 б.].

Эврисемия проблемасына тәсілдемелердің әртүрлілігі және де кейде қарама-қарсы көзқарастар осы мәселеге байланысты мәселелерді зерттеудің өзектілігін анықтайды. Сондай-ақ, кеңмағыналылық әртүрлі сөз таптарында біркелкі ұсынылмайтындығын атап өту керек, өйткені бұл тұрғыда барлық аналитикалық лексика бірінғай бөлінбейді. Онда етістік лексемалары басым, сондықтан кең мағыналы зат есімдерге қарағанда кең мағыналы етістіктер көп. Осылайша, ғалымдардың кең мағыналы сөздер мәселесі бойынша еңбектері көп жағдайда кең мағыналы зат есімдер мен етістіктерді қарастыруға арналған. Басқа сөз таптарындағы кең мағыналы сөздерге әдетте аз көңіл бөлінеді.

Тілдегі полисемиялық және кең мағыналық құбылыстар ұқсас, бірақ түбегейлі әртүрлі лексикалық құбылыстар. Әдетте, кеңмағыналылық әлдебір анықталмаған көпмағыналылық ретінде қарастырылады, өйткені сөздіктер әртүрлі мағыналарды береді, кейде семантикалық құрылым соншалықты

ауқымды, оның қалай сақталатыны түсініксіз. Кеңмағыналылық құбылысына тиісті көңіл бөлінбеді деп айтуға болады: бұл мәселені қозғаған зерттеушілер жарты жолда тоқтады және қазіргі уақытта кеңмағыналы сөздің мағыналық шектерін қалай анықтауға болады деген сұраққа жауап жоқ. Екі лексикалық құбылыстың айырмашылығы неде және ол бар ма, ол да түсініксіз болып қалды. Бұл мәселе тек лингвистикалық қызығушылық тудырады, өйткені қарапайым тіл тұтынушы адам көп мағыналы сөздің мағыналарының қайсысы сөйлеуде қолданылғанда өзекті болатынын ешқашан ойламайды [7, 123 б.].

Н.Н. Амосова кең мағынаны бірдей фонетикалық сөздің бірнеше мағынасымен араластырмауға кеңес береді, өйткені оның көпмағыналылық құрылымында сөздің әр түрлі мағыналарын жиынтықтаумен байланысты бұл сөзді сөйлеуде қолданған кезде нақтылау процесі жүреді. Осыған байланысты сөздің кең мағынасы өзінде контекстке немесе сөйлеу жағдаятына негізделген көптүрлі нақтылау мүмкіндіктерді қамтиды. Контекст немесе жағдаят сөздің өзінің кез келген тарылған нұсқасының немесе ішкі мағынасының негізі болып қалатын кең мағынасын нақтылайды, бірақ өзгертпейді немесе жоймайды [3, 114 б.].

Басқа көзқарастарға сәйкес, кеңмағыналылық – бұл сөзде шексіз мағыналар пайда болған және сөз кең қолданыста толыққанды номинативті бірліктің сапасын жоғалтқан кездегі көпмағыналылықтың ерекше түрі [7, 124 б.]. М.В. Никитин кең мағынаны оның максималды мәндерінің шкаласында орналасқан полисемияның бір түрі ретінде емес, кейбір сөздердің ерекше шектен тыс семантикалық күйі ретінде түсіну керек екенін атап өтіп, бұл көзқараспен келіспейді, Бұл мағыналық сапаның ерекшелігі мынада: белгілі бір жағдайларда сөз семантикалық вариация ауқымын шектен тыс кеңейтуге және семантикалық құрылымның тұтастығын қолдайтын модельденген мәндік туынды құралдардың нормативтік шегінен шығуға мүмкіндік алады [6, 113 б.].

Сонымен қатар, П.С. Федюк кең мағыналы сөздерге тән қолданудың салыстырмалы түрде жоғары жиілігі олардың тікелей тілдік мазмұнының рефлексиялық қайта құру нәтижесіндегі полиденотативтілігіне және қоршаған шындықтың әртүрлі объектілері мен құбылыстарын белгілеу қабілетіне тікелей байланысты екенін атап өтті. Дегенмен, көп мағыналы лексемаларға қарағанда кең мағыналы лексемалардың салыстырмалы түрде жоғары жиілігі фактісі оларда (кең мағыналыларда) полиденотативтіліктің жоғары дәрежесінің болуын болжауға негіз береді, өйткені көп мағыналы сөздің денотаттары қазіргі уақытта тіркелген мәндермен шектелуі мүмкін, ал кең мағыналы лексеманың денотаттары көптеген теориялық мүмкін контекстермен анықталады. Алайда, бұл екі құбылыстың шекаралары соншалықты бұлыңғыр және олардың денотаттары сандық түрде анықталмаған, сондықтан жақсы дамыған полисемиялық лексемаларда полиденотативтілік белгісінің болуын жоққа шығару қиын [10, 202 б.].

Көптеген ғалымдар (Е.И. Малютина, В.В. Елисева, Н.Н. Амосова, А.М. Плотникова) көп мағыналы сөз көптеген мағыналарды қамтиды деп келіседі, ал кеңмағыналы сөз жағдаятқа байланысты нақтыланатын және өзгеретін жалғыз жалпыланған мағынаға ие. Сонымен, Е.И. Малютина кең мағына адамның жадында бір жүйелік мағына түрінде сақталады деп санайды (және сонымен ол полисемияны тіл құбылысы ретінде түсіндіретін дәстүрлі танымнан ажырталады), ал көптеген сөйлеу мағыналарын (лексикалық-семантикалық нұсқалар) жүзеге асыру – сөйлеу деңгейіндегі полисемия болып табылады [7, 127 б.].

Ұқсас идеяны «көп мағыналы сөздің тілде бірнеше мағынасы бар» деп те санайтын В.В. Елисева да дамытады, Сөйлеуді қолдану жағдайында мағыналардың бірін таңдауға контекст ықпал етеді. Кең мағыналы сөз, керісінше, контекстен тыс бір мағыналы, бірақ бұл жалғыз мағына бірнеше түрлі ой объектілерімен байланысты. Осылайша, сөз кең мағыналық анықтамаға ие, оның тұжырымдамалық көлемі ауқымды және нақты мазмұны сөйлеу жағдайында, яғни контексте нақтыланған (бірақ өзгермейді) [11, 47 б.].

Бұл көзқарасты А.М. Плотникова да ұстанады. Ол: «кең дамыған көпмағыналылық» және «кең мағыналылық» ұғымдары синоним емес, өйткені біріншісінде құбылыстың сандық (көптеген мәндердің болуы), ал екіншісінде семантикалық (семантиканың жалпыланған сипаты, ауқымды анықтама, мәннің контекстке тәуелділігі, мағыналар арасындағы эксплицитті көрініс таппаған байланыстар) аспекті көрініс табады» деп түйіндейді [12, 85 б.].

Контекстік талдауды жүргізе отырып, біз әртүрлі контексттерде кең мағыналы сөздерді қолданған кезде контекстік мағыналардың негізгі, жалпы мағынамен байланысы айқын болмайтын семантиканың осындай маңызды модификациялары орын алады деп пайымдаймыз: *letters are getting ever harder to ignore* (хаттарды елемей барынша қиынға соғып барады), *they thought they would just get away* (олар жай

ғана кетіп қаламыз деп ойлады), they couldn't get a job (олар жұмыс таба алмады), she won't get jealous (ол қызғанбайтын болады), he should get a secretary (оған хатшы табу керек), I wanted to get her a present (мен оған сыйлық бергім келді) және т.б. Бұл Г.В. Колшанский тұжырымдаған семасиологиядағы белгілі заңдылыққа сәйкес келеді: «Сөздің мағынасы неғұрлым кең болса, оның контекстке тәуелділігі соғұрлым көп болады» [12, 35 б.].

Көп мағыналы сөздер, керісінше, әдетте жалпыланған сигнативтік мағынаға ие емес, бірақ нақты жағдаяттарда өзекті болатын бірнеше байланысты мағыналарға ие. Мысалы, *play* сөзін қолдану жағдайлары бұл мәлімдемені айқын көрсетеді: *the children play indoors when it rains* (жаңбыр жауғанда, балалар үйде ойнайды), *he taught young ladies to play billiards* (ол жас ханымдаға бильярд ойнауды үйретті), *just then the music began to play* (дәл музыка ойнай бастаған кезде), *Miss Kelly plays Marie* (Мисс Келли Маридің рөлін ойнайды) және т. б.

Біздің ойымызша, полисемиялық және кеңмағыналылық категориялардың арақатынасы мәселесіне Е.И. Малютинаның көзқарасы барынша сенімді болып табылады. Негізгі идея мынада: көп мағыналы сөз өзіне көптеген мағыналарды қамтиды, ал кең мағыналы сөздің жалғыз шекті жалпыланған, сигнативтік мағынаға ие болады.

Жоғарыда айтылғандардан түйгеніміз, кең мағыналы сөздердің бір жалпы мағынасы бар және белгілі бір жағдайларда тар мағыналарға ие болады, сондықтан олардың мағынасы контекстке түбегейлі байланысты болады. Сол себепті кейде негізгі және контекстік мағынаның байланысы мүлдем айқын болмауы мүмкін, бұл көбінесе аудару кезінде айтарлықтай қиындықтар тудырады. Көп мағыналы сөздердің көптеген мағыналары бар, олар тек қолдану жағдайына байланысты нақтыланады.

Полисемия мен эврисемияның арақатынасы мәселесіне қатысты әртүрлі көзқарастардың қатар өмір сүруі бізге бұл мәселе пікірталас және көп қырлы, ал лингвистикадағы эврисемия құбылысы өте күрделі болып көрінеді және аз зерттелген болып қалады деп пайымдауға мүмкіндік береді. Бұл тақырып зерттеу үшін қызықты және өзекті болып көрінеді.

Адам санасындағы белгілі бір зат туралы түсінік басқа бір затпен де ұқсастырылып, байланысып тұрады. Соның нәтижесінде екі заттың екі сапасында, яки атқаратын қызметінде жалпы ұқсастық пайда болады. Сол ұқсастықтың негізінде адамдар ұқсас келген екі не бірнеше затты бір атаумен айтатын болған. Мыс., «судың асты» мағынасындағы «түп» сөзінің қазіргі қазақ тілінде мынадай мағыналары бар: 1. Бір заттың төменгі, ішкі қабаты (ыдыстың түбі). 2. Өсімдіктің жер астындағы бөлігі (томардың түбін қопардық). 3. Өсіп тұрған немесе қазып алынған өсімдік (бес түп отырғыздық). 4. Түкпірдегі, шеткі (түп бөлмеде отыр). 5. Адамның шыққан тегі, арғы заты («Мен сол керей ішіне сіңген аз атаның баласы едім, түбім – қызай». М.Әуезов). 6. Бір нәрсенің жаны, қасы («Мәскеу түбінде фашистер талқан болды»). Сөздердің семантикалық құрылысы неғұрлым күрделі әрі бай болса, соғұрлым олардың тілдегі атқаратын қызметі де күшейе бермек. Әсіресе, көп мағыналы сөздер сөздік құрамдағы синонимдердің көбеюіне үлкен ықпал етеді.

Көп мағыналы (полисемиялық) терминдер: Мысалы: Капелла (итальянша *capella* – кішкене шіркеу) [13]; 1) архитектурада – бір ғана әулеттің мінәжат етуіне, табынатын діни қасиетті заттарды сақтауға, кейде шіркеу әншілерін орналастыруға арналған діни құрылыс (не құрылыстың бір бөлігі). 2) музыкада – капелла ғибадатханалар мен шіркеулерде (бүйірлік нефтерде немесе хор төңірегінде – готикалық сәулет өнерінің «капеллалар азагүлі» түрлік пішінінде), қамалдар мен сарайларда да болған. Сондай-ақ, жеке тұрған Капелла салынды. Мысалы, 17 ғасырда сәулетші Джованино де Дольчи IV Сикст папасының тапсырысы бойынша Сикстин капелласын тұрғызды; 2) музыкада – шіркеу әншілерінің хоры. Орта ғасырдағы капеллаға музыкалық аспаптар араласпаған. Бірыңғай әншілерден тұратын хорды «а капелла» деп атау осыдан шыққан. Аспаптық музыканың өрістеуіне байланысты капелла әншілер мен музыкалық аспабында ойнаушылардың аралас ансамбліне айналып кетті.

Заряд – әр түрлі мақсаттарға арналған қопарғыш заттардың белгілі бір мөлшері. Ол қолданылу мақсатына, жасалуына тегіне және қолданылу тәсіліне байланысты бірнеше түрлерге бөлінеді:

1) тау-кен өндірісінде заряд тұтасып жатқан қатты кенді (кентас, көмір, т.б.) шетінен ұсатуға пайдаланылады. Мұнда заряд массасы мен пішіні алдын-ала қопарылысқа есептеліп арнайы заряд қуысына салынады;

2) жарғыш заряд – снаряд корпусын жару немесе оның ішіндегі жаракаттағыш заттарды жан-жаққа шашырату үшін снаряд ішіне салынатын қопарғыш зат;

3) атомдық заряд – ядролық қаруда (ракета, снаряд, бомба) қопарылыс тудыру үшін қолданылатын зат;

4) қопарғыш заряд – әскерлердің қозғалысына тосқауыл келтіретін құрылыстарды жою үшін пайдаланылады;

5) қатты ракеталық отын заряды – белгілі бір пішінде бір немесе бірнеше блок етіп жасалып, ракеталық қозғалтқыштың камерасына салынған қатты отын;

6) термоядролық заряд – ядролық синтез реакциясына бейім әрі орасан көп энергия бөліп шығаратын сутек изотоптарының қоспасы [14].

30 томдық Терминологиялық сөздік бойынша көпмағыналылыққа (полисемияға) мынадай мысалдар келтіруге болады:

Капелла. мәд. (25-т., 112-б.), капелла. сәулет. (9-т., 93-б.), капелла. тар. (23-т., 105-б.); заряд. спорт. (30-т., 296-б.), заряд. әск. (11-т., 120-б.), заряд. физ. (1-т., 24-б.); заряд. кен ісі. (18-т., 89-б.); база. әск. (11-т., 55-б.), база. сәулет. (9-т., 35-б., 240-б.), база. спорт. (30-т., 40-б., 245-б.), база. экон. (27-т., 44-б.); амортизация. экон. (27-т., 30-б., 383-б.), амортизация. маш. (7-т., 196-б.), амортизация. көлік. (8-т., 28-б., 227-б.), амортизация. энерг. (5-т., 196-б.); түсім. экон. (27-т., 245-б.), түсім. ауыл ш. (15-т., 240-б.); өнім. экон. (27-т., 194-б.), өнім. ауыл ш. (15-т., 188-б.); салым. экон. (27-т., 213-б.), салым. спорт (30-т., 166-б.); байлам. экон. (27-т., 45-б.), байлам. маш. (7-т., 42-б.); науқан. экон. (27-т., 178-б.), науқан. филос. (22-т., 159-б.), науқан. әск. (11-т., 127-б.), науқан. әск. (11-т., 153-б.); қанат. маш. (7-т., 91-б.), қанат. көлік. (8-т., 115-б.), қанат. биол. (13-т., 123-б.),

Эврисемияға әдетте жалпы ғылыми және жалпы техникалық терминдер бейім болады. Эврисемант терминдері, ең алдымен, жалпыға белгілі әлеуметтік мағынасымен ерекшеленеді және оларды кәсіби терминология курсына қарастыру олардың мағынасының ерекше салалық аспектісін көруге мүмкіндік береді. Мәселен, «концепция» термині кең әлеуметтік мағынада «тұжырымдама, идея», клиникалық терминологияда «ұрықтану, әйел жұмыртқасының ұрықтануы» дегенді білдіреді. Бұл эврисемант латынның «conspicere – бастау, түсіну» етістігінен шыққан. Немесе латынның «incrustare – қабық, қабатпен қаптау» етістігінен жасалған «инкрустация» термині медицинада – некротикалық тіндерде тұздардың жиналуы немесе олардың бөгде денелерде жиналуы, қыртыстың немесе қотырдың пайда болуы» Ал бұл терминнің танымал мағынасы – «заттарды қандай да бір басқа материалдан жасалған өрнектермен немесе суреттермен безендіру».

«Қосу, байланыстыру» мағынасын беретін латын тіліндегі «апликация» етістігі «матаға, қағазға матаның немесе қағаздың түрлі-түсті бөліктерін тігу немесе желімдеу арқылы ою-өрнектер, кескіндер жасау тәсілі» әлеуметтік денотаты ретінде қолданылады. Медициналық денотат «физиотерапиялық процедура» ретінде аударылады, ол дене бетінің шектеулі аймағына емдік балшық, парафин, энергияның қандай да бір түрін тасымалдаушы және т. б.

Латынша «aspirare – тыныс алу» етістігінен шыққан аспирация термині бірнеше денотаттармен ұсынылуы мүмкін. Аспирация «бөлмеден шаңды сору жүйесі» деп аталатыны белгілі. Медицинада, бір жағынан, дене қуыстары мен тыныс алу жолдарынан әртүрлі сұйықтықтарды немесе ауаны сору, екінші жағынан, ингаляция кезінде тыныс алу жолдарына бөгде заттардың енуі.

Қазіргі қоғамда «бір нәрсені немесе біреуді таныстыру» мағынасындағы «презентация» термині өте танымал болды. Ол латын етістігінен шыққан «praesentare – ұсыну» етістігінен шыққан. «Презентация» етістігінің негізі осы шақ «presens, entis» болып табылады, ол өз кезегінде «presum – алда болу, басында тұру» етістігінен қалыптасады Сондықтан клиникалық терминология бөлімінде презентация деп «босану кезінде ұрықтың басы немесе денесінің бір бөлігі алдыңғы жағында болған кездегі ұрықтың жатысы» деп аталады.

«Ассимиляция» деп әдетте кез-келген бірігу, ұқсастықты атайды. Бұл термин латынның «similis – «тәрізді, ұқсас» сын есімнің мағынасын қамтиды. «Ассимиляция» термині әдетте бір халықтың тілін, мәдениетін игеру арқылы екіншісімен сіңісуін білдіретін әлеуметтік денотатты көрсетеді. Сондай-ақ, бұл термин лингвистикада «бір дыбыстың екіншісіне ұқсастығы» деген мағынада қолданылады. Медициналық денотат – ағзадағы күрделі заттардың қарапайым заттардан түзілуі». Жоғарыда келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, терминдердің эврисемантизациясын олардың десемантизациясы деп санауға болады, өйткені тарихи тұрғыдан бұл термин моносемиялық құрылымға жатады. Моносемиялық құрылым бірнеше денотаттарды белгілеуге мүмкіндік беретін абстрактілі сипатқа ие. Егер терминнің семантикасы «концепция» сөзіндегі тәрізді тарихи бірмағыналы болса, онда денотаттардағы дивергентті процестер сөзсіз болады. Терминдердің эврисемиясын қарастырған кезде ұқсас заңдылық бірқатар басқа мысалдармен расталады.

Мысалы «базис» сөзі құрылыста «негіз, тірек, іргетас» мағынасын берсе, медицинада «бассүйек негізі» мағынасын береді. «Дислакация» клиникалық термині «сынған сүйектердің қозғалуы, орын ауыстыруы» ретінде аударылады. Бірақ кең мағынасында дислакация «құрлық әскерлері мен әскери мекемелерді бейбіт уақытта оларға бөлінген жерлерде орналастыру, кварталдау», сондай-ақ «әскери

бөлімдерді майданға орналастыру» деп аталады. Бірақ фармацевтикалық терминологияда бұл ұғымның жаңа семантикалық – «күрделі тағайындалымдағы басты, негізгі немесе белсенді дәрі, күрделі дәрі-дәрмектің негізгі ингредиенті» ренкі бар.

«Іштей нығайту, қорғау» мағынасындағы «иммунитет» термині қазірде қоғамда жиі қолданылады. Бұл жағдайда терминді түсіндіру кезінде «ағзаның ауру қоздырғыштарына қарсы тұру қабілеті» медициналық денотаты қолданылады. Терминнің әлеуметтік мағынасы тарихи тұрғыдан медициналық денотатқа қарағанда ертерек пайда болды және Батыс Еуропаның феодалдық құқығында қолданылды, бұл феодалдың өз иеліктерінде орталық биліктің араласуынсыз кейбір мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру құқықтарының жиынтығын білдірді. Сондықтан, қазіргі өмірде заңдық иммунитет мемлекетте ерекше жағдайға ие адамдарға берілген кейбір жалпы заңдарға бағынбаудың айрықша құқығы деп аталатыны заңды да. Мысалы, дипломатиялық иммунитет немесе депутаттың иммунитеті.

«Бір нәрседе жату» мағынасын білдіретін латынның «инкубация» термині де кең мағынада қолданылады. Бұл терминнің мағынасындағы дивергентті процесс тарихи түрде анықталады. Терминнің негізгі мағынасы ежелгі гректердің, содан кейін римдіктердің құдаймен емделуін күтіп, құрбандыққа шалынған жануардың терісінде науқастарды ғибадатханаларда қалдыру әдетінен туындайды. Терминнің эврисемиясының әлеуметтік және медициналық аспектілері етістіктің екінші мағынасымен байланысты.

Көптеген адамдар «инкубация» деп жас құстарды, балықтарды, құрттарды инкубаторларда, инкубаторияларда және инкубациялық камераларда өсіруді атайтынын біледі. Медицинада «инкубация – жасырын, сыртқы көріністерсіз, ағзаға енгізілген патогендік организмдердің көбеюі және дамуы» деп аталады, адам ағзасы бұл жағдайда патогендік микробтар үшін «инкубатор» болып табылады.

«Интервенция» сөзі латынның «арасына келу, араласу» етістігімен байланысты. Интервенция дегеніміз – бір немесе бірнеше мемлекеттердің екінші мемлекеттің ішкі істеріне күштеп араласуы. Интервенция әскери, экономикалық, дипломатиялық, идеологиялық болуы мүмкін. Медицинада бұл термин хирургиялық интервенцияны, яғни хирургиялық араласуды білдіреді.

Эврисемант терминдер көп жағдайда латын немесе грек тілінен шыққан. Алайда эврисемантизация процесі басқа тілдерге де әсер етті. Мысалы, французша «пломба» термині эврисемант болып табылады. Француз тілінен шыққан «plomb» – «қорғасын» сөзі өз кезегінде латын тіліне сол «plumbum» мағынасында енген. Терминнің денотаттары – оралған тауарлар, құлыпталған есіктер және мөрі (таңбасы) бар қаңылтыр, қорғасын және басқа материалдардан жасалған пластина. Медицинада – емдейтін тығыз масса, ол тиісті емдеуден кейін ауру тістегі, сүйектегі қуыс толтырылады.

Сондай-ақ, ағылшын тіліндегі «blockade – блокада» терминін эврисемия тұрғысынан қарастыруға болады. Бүкіл ел Ленинград тұрғындарының жау қоршауындағы жарқын ерлігін құрметтейді және еске алады. Бұл жағдайда «қандай да бір мемлекетті, өңірді белгілі бір талаптарды орындауға мәжбүрлеу үшін сыртқы әлемнен оқшаулау мақсатында соғыс немесе өзге де халықаралық қақтығыс барысында қолданылатын шаралар жүйесі» терминінің мағынасы қоршаудағы қала тұрғындарының батылдығын көрсетеді. Медициналық термин ретінде – «кез-келген органның немесе жүйенің функцияларын өшіру». «Блокада» термині екінші дүниежүзілік соғыс кезінде, новокаин блокадасы кең таралған кезде қолданыла бастады.

Corona, corpus, constitutio, cementum, confrontatio, crisis, focus, complexus, apparatus, formula, resolutio, index сияқты және де көптеген терминдерді олардың мағынасының әлеуметтік және салалық аспектісін бөліп көрсете отырып, эврисемия тұрғысынан қарастыруға болады. Айта кету керек, терминэврисеманттардың көпшілігі *-io* жұрнағы қолданыла отырып, жалпы сөзжасамдық мағынасы бар зат есім ретінде етістіктің туынды негіздерінен қалыптасады. Мысалы, «секция» термин-эврисеманттың бірнеше денотаты бар: *бөлім, ұйым бөлік, қоғам, сауда кәсіпорны*; Францияның Париж бен басқа да қалаларының ауданы, медицинада – мәйітті ашу.

Жоғарыда келтірілген мысалдар эврисемантизация процесін моносемиялық құрылымда сөздің мағынасын кеңейту ретінде қарастыруға болатындығын көрсетеді. Бұл жағдайда моносема абстрактілі сипатқа ие болады және термин мәні бойынша шексіз болады. Термин-эврисеманттың семантикасы жалпылаудың жоғары деңгейімен сипатталады, бұл оны әртүрлі әлеуметтік салаларда қолдануға мүмкіндік береді. Эврисемант терминдерінің моносемиялық құрылымын және олардың белгілі әлеуметтік аспектісін қарастыру салалық білімдер дағдысын қажет етеді.

30 томдық Терминологиялық сөздік бойынша кеңмағыналылыққа (эврисемияға) мынадай мысалдар келтіруге болады: дислокация. әск. (11-т., 350-б.), дислокация мед. (14-т., 350-б.), блокада. мед. (14-т., 293-б.), блокада. әск. (11-т., 309-б.); аппарат. әск. (11-т., 30-б.). аппарат. мед. (14-т., 383-б.), индекс.

әск. (11-т., 123-б.), индекс. іс жүрг. (28-т., 101б., 324-б.): корпус. әск. (11-т., 137-б.), корпус. сәулет. (9-т., 100-б., 321-б.); базис. мед. (базис, негіз) (14-т., 289-б.), базис. сәулет (9-т., 35-б.), базис. экон. (27-т., 44-б.); цемент. сәулет (9-т., 112-б.), цемент. мед. (тіс цементі) (14-т., 237-б.); иммунитет. саяси. (22-т., 105-б.), иммунитет. мед. (14-т., 367-б.); инкубация. мед. (14-т., 109-б.), инкубация. ауыл ш. (15-т., 328-б.), инкубация. тар. (23-т., 99-б.); плomba. іс жүрг. (28-т., 186-б., 408-б.), плomba. мед. (14-т., 186-б.); конституция (конституция, дене бітім). мед. (14-т., 387-б.), конституция. ауыл ш. (15-т., 342-б.), конституция. заң. (29-т., 118-б., 364-б.); фокус (фокус, сиқыр), мәд. (25-т., 517-б.), фокус (ауру ошағы, фокус), мед. (14-т., 213-б.); формула мед. (12-т., 270-б.), формула мат. (2-т., 206-б.), интервенция. саяс. (22-т., 107-б.), интервенция. тар. (23-т., 99-б., 318-б.); құн. экон. (27-т., 154-б.), құн. тар. (23-т., 134-б.); баға. экон. (27-т., 41-б.), баға. экон. (24-т., 34-б.), бәйге. спорт. (30-т., 45-б.). бәйге. ауыл.ш. (15-т., 46-б.).

Қорыта айтқанда, Полисемия (гр. poly - көп + sema - таңба) [1] – сөздің екі немесе бірнеше мағынаға ие болуы. Полисемия екі түрлі: грамматикалық және лексикалық полисемия. Полисемия сөздің қандай мағынада айтылуы, сол сөздің басқа әр түрлі сөздермен тіркесіп келуі арқылы белгілі бір контексте, нақтылы жағдайда, әңгіменің жалпы тақырыбына байланысты жүзеге асады. Мысалы, орыс тілінде: поле – ржаное поле, футболисты на поле, поля шляпы. Сөздің негізгі (басты, тура) мағынасы мен оның туынды (қосалқы, ауыспалы) мағыналарын өзара ажырату барысында оның негізгі мағынасы контекстке тікелей бағынышты болмайды, сол сөз айтылған кезде сөйлеушінің ойына бірден келетін мағына болып табылады. Сөз мағыналарының арасындағы семантикалық өзара байланыс олардың арасында ортақ мән беретін элементтердің, яғни семаның рөлі арқылы көрінеді. Сөздік қордағы сөздер ең алғашқы пайда болған кезде тар мағыналы болғандығы байқалады. Кейін олар бұрынғы мағынасының үстіне жаңадан тағы бір немесе бірнеше қосымша туынды мағыналарға ие болған.

Кеңмағыналылық (эврисемия) – бұл лексикалық-семантикалық деңгейдің лингвистикалық құбылысы, ол әртүрлі денотаттарға арналған сөздің семантикалық көлемінің кеңеюімен сипатталады. Алайда, полисемант сөздерден айырмашылығы, эврисемант сөздер құрылымдық біртұтастықпен сипатталады. Белгіленген ұғымдар сөзбен, оның фонетикалық қабатымен ғана байланысты, бірақ мағынаның құрылымына кірмейді. Олар сөздің нақты сөйлеу контекстінде жұмыс істеуі кезінде пайда болады және бірыңғай жалпыланған кең ұғыммен байланысты.

Эврисемия мен полисемия құбылыстарының ортақтығы полиденотативтілік қасиетімен, кең мағыналы және көп мағыналы сөздердің семантикалық құрылымының ашық сипатымен байланысты, оларды қолдану барысында жаңа лексикалық-семантикалық нұсқалардың пайда болуына мүмкіндік беріледі. Өз кезегінде, осы лексикалық-семантикалық категориялар арасындағы айырмашылықтың негізінде кең және көп мағыналы лексемалардың полиденотативтілігі әртүрлі сипатқа ие екендігі жатыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл. – 509 б.
2. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Лингвистика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2007.
3. Амосова Н.Н. Основы английской фразеологии: издательство Ленинградского университета 1963. – 208 с.
4. Вендина Т.И. Введение в языкознание: Учеб. пособие для педагогических вузов. – М., Высш. шк., 2001. – 288 с.
5. Литвин, Ф.А. Многозначность слова в языке и речи: учеб. пособие для студ. пед. ин-тов по спец. N 2103 «Иностранный язык»/ Ф. А. Литвин. - 2-е изд., стер.. – М.: КомКнига, 2005. – 118 с.
6. Язык. Человек. Общество: междунар. сб. науч. трудов (К 60-летию проф. В.Т. Малыгина)/ М-во образования и науки РФ, Федер. агентство по образованию, Рос. гос. пед. ун-т им. А.И. Герцена, Владимир. гос. пед. ун-т. – СПб.; Владимир, 2005. – 514 с.
7. Малютина Е.И. Широкозначность против полисемии на уровне языка и речи (на материале глаголов современного английского языка). Общественные и гуманитарные науки. 2008. – С. 123-127.
8. Евдокимова Е.А. Местоимение it как широкозначное слово // Ярославский педагогический вестник. № 2(59). 2009. – С. 176-178 4. Елисеева В.В. «Лексикология английского языка». 2005. – 80 с.
9. Федосова О.В. Глаголы широкого значения в испанском обиходном дискурсе // Филологические науки. Вопросы теории и практики, №1. 2010. – С. 218-221.
10. Федюк П.С. Специфика определения критериев широкозначности лексических единиц // Филология. 2009. – С. 200-204.

11. Елисеева В.В. «Лексикология английского языка». 2005. – 80 с.
12. Плотникова А.М. Когнитивное моделирование семантики глагола (на материале глаголов социальных действий и отношений) автореф. дис. канд. филол. наук. Екатеринбург, 2009. – 210 с.
13. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, IV том.
14. Қазақ Энциклопедиясы», 4 том, 3-бөлім.

Г.С. АХМЕТОВА

*PhD докторант, «Alikhan Bokeikhan University» ББМ
Семей, Қазақстан*

АБАЙ ӨңІРІ ОНОМАСТИКАСЫНДАҒЫ АНТРОТОПОНИМДЕРДІҢ ОРНЫ

Аңдатпа. Жер – су атаулары – тарихымыз бен мәдениетіміздің айқын көрінісі. Елді мекен атаулары халқымыздың бай тілі негізінде жасалып, халық тарихымен байланыста дамып отыратыны белгілі. Топонимикалық атаулар белгілі бір оқиғалардың мерзімін меңзеу арқылы тарихи дерек көзінің сырын саралап, танып – білуге септігін тигізеді. Олай болса, топонимдер – ел тарихы мен жер тарихын танытар, оның өмірінен сыр шертер тарихи шежіре болып табылатыны сөзсіз.

Зерттеудің мақсаты – Абай өңірі жер – су атауларының құрамында адам атына байланысты қалыптасқан антропотопонимдердің басым келуі жерді меншіктеу, жер иесінің кімге тиесілі екенін нақты анықтау болып табылады. Сондай-ақ, бұл тұлғалар тарихта өзіндік сипатқа ие, аймаққа танымал болып табылатындығын жан – жақты ашып көрсетіледі.

Зерттеуде антропотопонимдердің көп жағдайда белгілі бір жерді ұзақ уақыт мекен еткен адамдардың, қоғамдағы тарихи тұлғалардың, көшбасшылардың есімі негізінде қалыптасатындығы қарастырылады. Осыған орай, кісі есімінің жер-су атауына ауысуы белгілі бір тарихи кезеңде адамның сол жерді мекен етуімен тікелей байланысты болып табылатындығы мақалада мысалдармен жан – жақты талданады.

Тірек сөздер: антропонимика, ономастика, топонимика, этимология, этнолингвистика, детерминизация.

Аннотация. Топонимы – яркое отражение нашей истории и культуры. Известно, что названия населенных пунктов и географических объектов создаются на основе богатого языка и развиваются в тесной связи с историей народа. Топонимические наименования помогают узнать тайны исторического прошлого, установить время происхождения тех или иных событий. Топонимы – это своеобразная историческая хроника, раскрывающая особенности истории развития земли, страны и жизни ее населения.

Целью статьи является исследование особенностей антропотопонимов в топонимической системе Абайского района, выявление личности человека, чье имя легло в основу появления того или иного наименования, а также определение ее исторической роли в ходе исторического развития.

В работе указывается на то, что антропотопонимы указанного региона в большинстве случаев формируются на основе имен людей, издавна населявших это место и игравших в обществе большую роль благодаря своим лидерским качествам. В связи с этим всестороннему исследованию подвергается историческая значимость персоналий, чьи имена стали позже наименованием населенных пунктов.

Ключевые слова: антропонимика, ономастика, топонимика, этимология, этнолингвистика, детерминизация.

Annotation. Toponyms are a vivid reflection of our history and culture. It is known that the names of settlements and geographical objects are created on the basis of a rich language and develop in close connection with the history of the people. Toponymic names help to learn the secrets of the historical past, to establish the time of origin of certain events. Toponyms are a kind of historical chronicle that reveals the peculiarities of the history of the development of the earth, the country and the life of its population.

The purpose of the article is to study the features of anthroponyms in the toponymic system of the Abai district, to identify the personality of the person whose name formed the basis for the appearance of a particular name, as well as to determine its historical role in the course of historical development.

The work indicates that the anthroponyms of the specified region in most cases are formed on the basis of the names of people who have long inhabited this place and played a big role in society due to their

leadership qualities. In this regard, the historical significance of the personalities whose names later became the names of settlements is subjected to a comprehensive study.

Keywords: anthroponymy, onomastics, toponymy, etymology, ethnolinguistics, determinization.

Табиғатты алғаш игеруші адам екендігінде дау жоқ. Адамды өзінің қанатының астына алып, құшағында аялаған да табиғат – ана екені кім – кімге де белгілі. Топоним терминінің мағынасын осы ұғымдардың қиылысқан жерінен іздеу қисынды. Қоршаған орта – табиғаттың баяғы заманнан қоныс тепкен орны. Осы орындардың қай – қайсысы да адамзат тарапынан өзіндік атаулармен белгіленіп отырады. Тіл білімі ғылымында ол атаулар **топонимдер** деген атауға ие. Белгілі бір аймақтың жер – су атауларының жиынтығы топономия деген терминмен белгіленсе, жер-су атауларын зерттейтін тіл ғылымының саласы топонимика деп аталады.

Атаулар табиғаты, оның пайда болуының себептері мен мағыналық ерекшеліктері ғалымдарды көне дәуірлерден бастап – ақ қызықтырды. Белгілі неміс философы, материалист Л.Фейербах «Атау дегеніміз – ерекше бөлектенетін белгі. Зат деп сипатталатын нәрсенің көзге түсетін қандай да болсын бір белгісін мен заттың өкілі етемін» деп түсіндірген болатын. Қалай десек те, географиялық атаулардың берілуінің белгілі бір заңдылығы болғандығы белгілі. Мысалы, көшпелілердің күн көрісіне ауа райы (климат), тіршілік көзі, өсімдіктер және аңдар да үлкен септігін тигізген.

Шынымен де тіліміз топонимдер жасауда маңызды қызмет атқаратын географиялық терминдерге өте бай. Ол қазақ тілінің сөздік қорының көптігімен, халықтың жер-суға ат беруде тапқыр болуымен байланысты болса керек. Топонимдер – біздің сан ғасырлар бойы қалыптасқан тарихымыздың және мәдениетіміздің айқын көрінісі. Байтақ қазақ даласының қай қиырына көз салсақ та, ондағы жер – су атауларының аталу болмысынан осыны аңғарамыз. Яғни, ол атаулардың халықтың дүниетанымын да, психологиясын да, тұрмыс-тіршілігін де, шаруашылық кәсіптерінің көріністерін де, салт-дәстүрін де, жер-су, елді мекен атауларын кие тұтқандықтан туындаған биік талғам мен танымды да көре аламыз.

Біз топонимикалық атауларды зерттеуге өзек етіп Абай өңірін алып отырмыз. Өңірде бізді қызықтырғаны, негізінен, адам атына байланысты қалыптасқан атаулар болды. Қайсыбір жер атын, су атын алсақ та, оның аталуының өзіндік бір ашылмаған тарихы бар.

Абай өңірі топонимдері де басқа өңірлерінің топонимдері сияқты белгілі бір мерзім, кезеңнің ғана емес, тұтас бір дәуірдің жемісі.

Қазақстан картасында көп таралған атаулардың бірі – адам атына қойылған географиялық атаулар. Бірқатар жер – су аттары кезінде сол жерде мекендеген адамның атымен тікелей аталып, кейін топоним ретінде қалыптасып кеткен. Мұндай атаулар өте ертеден бері келеді. Көбінесе сол жерді қыс қыстап, жаз жайлаған адамдардың атына байланысты қалыптасады. Адам атының жер-су атауына ауысуы белгілі бір тарихи адамның сол жерді мекен етуімен тікелей байланысты. Бұл топонимдер қатарында тарихта аты қалған белгілі тұлғалар есімі де, қарапайым адамдар есімі де көптеп кездеседі, сол сияқты кезінде өмір сүрген белгілі тарихи адамның түрлі атағымен аталатын топонимдер де бар. Мысалы: *Абай, Құнанбай, Абыралы, Кеңгірбай би, Көкбай, Алиынбай, Ералы, Есқожа, Зұлғарыш, Нұрлан, Тоқтамыс, Шыңғыстау, Ескене, Жексен, т.б.*

Өңір жер-су атауларының көп бөлігін кісі есімдері атауларынан қалыптасқан топонимдер құрайды. Топонимика ғылымында оларды антропотопонимдер деп атайды.

Жер – су атауларының құрамынан орын алатын антропонимдер – тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізі қаланған ономастиканың күрделі бір саласы. Антропонимика – адам есімдерін, лақап және бүркеншік есімдерді зерттейтін сала. Антропонимиканың негізгі қарастыратын мәселесі антропонимдердің даму заңдылығы, шығу тегі, олардың құрылымы, жүйесі және басқа тілдердің антропонимдерге тигізетін әсері болып табылады. Тіл біліміндегі аталған салаға жүгіне отырып, жер-су атаулары құрамындағы кісі аттарына жүйесі сипаттама беруге болады. Тіл білімінде кісі аттарын М. Мусабоева этнолингвистикалық таным тұрғысынан, Б. Әбдуәліұлы қазақ тіліндегі көне есімдерді және қазақ ономастикасындағы антропонимжасам мәселелерін, З. Жанғабылова егістік тектес антропонимдерді, Ж. Ағабекова арап тектес кісі атауларының жасалу ерекшеліктерін, Н. Асылбекова антропонимдердің уәжділі және танымдық сипатын, Ф. Әшімханова қазақ антропонимдерінің лингвомәдени ерекшеліктерін, М. Әлімбаев қыпшақ тектес антропонимдеріне тарихи-лингвистикалық сипатын қарастырып, ғылыми тұжырымдар қалыптастырды. А. Суперанская өз еңбегінде жалқы есімдердің зерттелу тарихына мұқият тоқталып: «Ономастикалық лексиканың өзіндік ерекшелігі лингвистикалық емес әдістермен айқындалатын аталушы нысандармен (объектілермен) тығыз байланыстығына орай олардың лингвистикалық құндылығы өздерінің әлеуметтік, тарихи, географиялық, экономикалық

маңыздылығымен өлшенеді, ал тілдегі тағдыры экстралингвистикалық факторлармен анықталады» [1, 86 б.] деген пікір айтады.

Осы мәселелер төңірегінде ой қозғаған тіл мамандарының еңбектері қазіргі кезде өз маңыздылығын жоғалтқан емес. Жалпы тіл білімінде А.В. Суперанская, Н.А. Никонов, В.А. Попова, В. Бартольд, В. Радлов, Н. Катанов, Э. Мурзаев және т.б. түркі тілінің ономастикасын, соның ішінде қазақ антропонимикасын қарастырған С. Аманжолов, Ә. Қайдар, Ә. Керімбаев, Ж. Досқараев, Қ. Жұбанов, Т. Жанұзақов, З. Жанғабылова, Ж. Ағабекова, А. Омарбекова, Ф. Әшімханова, М. Алимбаев Б. Әбдуәлиұлы және басқа ғалымдардың ғылыми еңбектері таптырмас құнды жәдігердің бірі.

Ғалым Т. Жанұзақов есімдерді тарихи дәуірлерге бөлу принципін алға ұсынады. Автор қазақ антропонимдерінің даму тарихын 4 дәуірге бөліп қарастырады: 1) көне түркі заманын V-VIII ғасырлардағы антропонимдерді қамтиды; 2) орта ғасырларға тән кісі аттарын; 3) жаңа заманда XVII-XIX ғасыр;

4) қазан төңкерісінен кейінгі уақыттарда пайда болған антропонимдерді қамтиды [2, 223 б.]. Ал «Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері» атты еңбегінде Б. Әбдуәлиұлы қазақ тіліндегі кісі есімдерінің антропогенездерін, тарихи-лингвистикалық табиғатын, экстралингвистикалық табиғатын, сөзжасамдық қырларын зерделеп, қазақ тілінің ономастика саласын есімдер зерттеуімен толықтырды. Өз зерттеуінде автор қазақ есімдерінің қалыптасқан өзіндік жүйелі құрылымы бар екенін айта келе, белгілі бір кісі есімін қалыптастырудың түрлі әдіс-тәсілдерін қарастырады. Зерттеу нәтижесінде «антропонимжасам» атты сөзжасамның жеке дербес бір саласын қалыптастырды. Сондай-ақ, тілші: «...қарапайым сөздерден антропонимдердің жасалуы бар да, антропонимдердің сөзжасамдық қабілеті бар» [3, 10 б.], дей келе, тіл тілде антропонимдердің сөзжасамдық ерекшеліктеріне тоқталады.

Жалпы ономастика саласы қазақ тіл білімінде кенже ғылым болып есептеледі. Оның өзіндік себептері де жоқ емес. Әр зерттеуші ғалым өз тәжірибесі мен ой-тұжырымын ой елегінен өткізетіні анық. Мәселен, «Топонимдер орнына жұмсалатын антропонимдер басқа жер-су атауларындай тұрақты болып келмейді. Кісі есімдерінен жасалған топонимдер адамдардың отырықшыл, көшпелі тұрмысынан хабар беріп, топонимикалық номинацияның негізгі жолдарына сәйкес дамып отырады. Әсіресе бұл ерекшелік адам қызметін бейнелейтін топонимдерден көрінеді. Адам мен оның қызметінен туатын топонимикалық номинация антропотопонимдерді құрайтын жеке адамдардың есімдері, лақап аты, фамилиялары сияқты категориялармен тығыз байланысты болады. Сонымен қатар, этнотопонимдерді құрайтын халық, ұлт, тайпа атаулары мен генотопонимдерге негіз болатын ру-тайпа тармақтарының атауларымен де тығыз қарым-қатынаста болады» [4, 72 б.]. Ілгеріде айтылған пайымдаулардан біз ономастика, соның ішінде антропотонимика саласының әлі де көп, жан-жақты әр қырынан қарастыру керектігін түсінеміз. Осы тұрғыдан алғанда өңір жер-су атауларының көбі антропотопонимдер болғандықтан, олардың қалыптасуына негіз болған антропонимдерді қарастырудың маңызы өте зор деп айтуға болады.

Антропонимдер адам есімдерін атауға байланысты болғанына қарамастан, мәдениет тарихымен, адам психологиясының ерекшеліктерімен, салт-дәстүрмен және т.б. көптеген құбылыстармен байланысты аттар категориясының өте қиын спектрін береді. Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Халықтың әдет-ғұрып, тарихи дәстүрлері мен кісі аттарының арасында тығыз байланыс бар.

Қазақ ономаст ғалымдары Т. Жанұзақ пен Қ. Рысбергеннің пікірінше: «Антропонимдік жүйенің қызметі әрбір қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өресінің дамуымен ұштасып жатады. Тіліміздегі кісі аттары қоғамның даму кезеңі, оның мәдениеті мен этнологиясы, саяси экономикалық жағдайы, қоғамдық құрылысы жөнінде мағлұмат береді» [5, 43 б.].

Антропонимдер жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Олардың кейбір топтары қазақ ауылының ертедегі тіршілік, іс-әрекетінен және шаруашылық күйінен мағлұмат береді. Мәселен, төрт түлік малға, шаруашылық, тұрмыстық сөздерге байланысты есімдер. Немесе қазақ халқының ұлттық әдеті бойынша жас келіндер күйеуінің жақын туыстарының, ата-енесінің аттарын атамайтын. Сөйтіп жас келін күйеуінің ағасын, інісін я қарындасын тура атымен атай алмай, жанама ат қойып алатын. Атап айтқанда, қайынсіңлілерін – шырайлым, бикеш, бойжеткен, әке қыз, еркем, ержеткен, ерке қыз, ал ер адамдарды төрем, шырақ, мырза жігіт, молда жігіт т.б. деп атайды. Тіпті күйеуінің құрдастарының аттарын атауды да ұят санап құрдас, замандас немесе аттас деп атау дәстүр ұстаған.

Түркітанушы Э. Мурзаев: «В названиях населенных мест наиболее часто присутствуют имена, фамилии, прозвища» [6, 3 б.] деп көрсеткеніндей, жер-су атауларының кісі есімімен аталуы Абай өңірі

жер-су атауларының негізгі бөлігін құрайды. Антропонимдердің қойылуына сол жерді мекендеген немесе сол мекенге қатысты маңызды оқиға кейіпкерінің есімдері себеп болған. Жалпы өңір жер-су атауларының, соның ішінде антропонимдерінің дені ер адамдардың есімдерінен жасалған. Мысалы, Ақымбет, Алшынбай, Ералы, Есқожа, Зұлғарыш, Нұрлан, Тоқтамыс, Шыңғыстау, Ескене, Жексен, Абай ауданы, Абай бұлағы, т.б.

Бұл заңдылықтың өзі қоғамдық ортада ер адамдардың орны ерекше болғанын дәлелдеп, салмақты істердің ерлердің мойнында екенін көрсетіп, «ер мойнында қыл арқан шірімес» дегенді білдіретін, ер-азаматты қадірлеу, сыйлау, ардақтау психологиясының бір ұшығын танытқандай. Халық шығармашылығы елі мен жерінің қорғаны, тірегі санаған ер-жігіт, асыл-ұлдарын қасиеттеп, қадірлеген жер-су атауларының тәркінімен де байланыстырады [7, 19 б.].

Абай өңірі жер-су атауларының құрамынадағы антропонимдер жайлы сөз еткенде, ең алдымен, «Абай жолы» шығармасы ойға оралады. М. Әуезовтың энциклопедиялық туындысы – ел тарихи, жер тарихы, өңірді мекен еткен ру-тайпалар мен танымал, беделді тұлғалардың және т.б. көптеген жалқы есімдерден мол ақпарат беретін шығарма. Бұл ретте көркем шығарманың тілін зерттеуге негіз болған Е.Жанпейісовтың «Этнокультурная лексика казахского языка» еңбегінің қазақ тіл біліміндегі этноантропонимия саласын қалыптастыруда маңызы ерекше [8]. Сонымен қатар Э. Орынбетованың «М. Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының ономастикалық кеңістігінің лингвомәдени сипаты» атты ғылыми зерттеуі Абай өңірі жер-су атауларындағы антропонимдердің табиғатын айқындауда жол көрсетуші маңызды еңбектердің бірі болып табылады. Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесін қарастырған зерттеуші Ф. Әшімханова, Е. Жанпейісовтың еңбегі негізінде Абай жолында кездесетін адам есімдерін өзара 1) Араб-парсы тілдерінен енген адам есімдері, 2) Ай, нұр, күн сөзімен тіркескен есімдер, 3) Бек, бей, бай, мырза, сұлтан, хан, батыр, ер сөздерімен тіркескен есімдер, 4) Жан, тай, сөздермен тіркескен есімдер, 5) Қымбатты метал, ру атауына байланысты кісі есімдер деп топтастырады [9, 17 б.]. Абай өңірі топонимдер жүйесінде орын алатын антропонимдерді Ф. Әшімханованың антропонимдерді топтастыру ерекшеліктеріне сүйене отырып топтастыруға болады. Мысалы, жер-су атауларын қалыптастыруға негіз болған араб-парсы тілдерінен енген адам есімдеріне Әбді, Әбдірайым, Әбділдә, Әбек, Әзберген, Әзмағанбет, Әбілпейіс, Әділ, Мансұр, Омар қыстауы, Әшім бұлағы, Арап болыс күмбезі, Мұсақұл төбесі және т.б. атауларды жатқызуға болады.

Жалпы Абай өңірі жер-су атауларының құрамындағы антропонимдердің топонимге айналуының негізгі үш түрі бар. Соның біріншісі жеке адам аттары детерминизация үдерісін басынан кешіріп, жер-су атауының орнына жұмсала бастайды. Мысалы: Абүйырбай, Ағали, Айбала, Айбек, Абралы, *Кеңгірбай би*, *Көкбай*, *Ақымбет*, *Алшынбай*, *Ералы*, *Есқожа*, *Зұлғарыш*, *Нұрлан*, *Тоқтамыс*, *Ескене*, *Жексен*, *Айтуған*, *Айдарбай*, *Айпара*, *Айтқазы*, *Ақметбек*, *Әбді*, *Әлпейіс*, *Әзберге*, *Сүлеймен*, *Тазабек*, т.б. Бұл типтес атаулар көп жағдайда жерге иелік еткен адамның есімінен байланысты болады. Көшпелі тұрмыс салтын ұстанған сахара қазағы жазын жайлауға, күзде күзеуде, қыста қыстауға көшіп қону барсында әрбір жайлау, қыстау, күзеу жерлерді сол жерді жайлаған адамның атымен атап отырған. Ондағы мақсат шекара белгілеу, біреуі иелік ететін жерге екінші бірі баса көктеп кірмеу үшін, бәлембайдың күзеуі, тұлғембайдың жайлауы деген қолданыс сақталған. Адам атымен аталған жерлер уақыт өте келе бекіп, сол жерге топонимдік атау болып қалып қояды. Яғни көріп отырғанымыздай, жеке кісі атынан қалыптасатын атаулар көп жағдайда жер иелік етумен тығыз байланысты болады.

Адам есімімен берілетін атаулардың екінші түріне белгілі бір географиялық терминмен немесе есім сөзбен тіркесте келетін күрделі атауларды жатқызуға болады. Мысалы: *Кеңгірбай би*, *Әнеттің ақшиі*, *Бабахан қырманы*, *Байшора сайы*, *Бақай бұлағы*, *Балтаның тасқұдығы*, *Барлыбай өзені*, *Бейсенбай қарағаны*, *Бөкенші өзені*, *Ералы жазығы*, *Ербол қарағаны*, *Есболаттың қарасуы*, *Жәнібек өзені*, *Жексенай жырасы*, *Керей қонысы*, *Қанай қарағаны*, *Мамай батыр мазары*, *Оспан көл*, *Пұшарбай*, *Өтеғұл бұлағы*, *Рамазан*, *Сәдіхан бастауы*, *Сая қорасы*, *Тәкежан Қасқабұлағы*, *Шолпан бұлағы*, *Наманай бейіті*, *Нұртаза*, *Олжайдың аққұдығы*, *Оразбек қорасы*, *Ысқақ Қасқабұлағы*, т.б. [10, 29 б.]. Аталған мысалдардан көріп отырғанымыздай, адам есімдері ши, сай, адыр, қырман, бұлақ, тасқұдық, өзен, қараған, жазық, қарасу, жыра, қоныс, мазар, бастау, қора, бейіт, аққұдық тәрізді сөздердің тіркесінде келген, күрделі антропонимдер болып табылады. Бұл типтес атаулардың күрделі құрамын анықталушы, анықтауыштық қатынаста келген сөз тіркестерінен қалыптасқандығын аңғарамыз. Яғни о баста белгілі бір жердің ерекшелігі ретінде адам есімін қолдану тәсілі десек те болады. Мәселен, бұл жай қараған өскен жер емес, Бейсенбайға тиесілі жерде өскен қараған, не болмаса, бұл жай жыра емес Жексенай жырасы. Яғни бұл жыра Жексенайдың жерінде орналасқан, не болмаса, жырада Жексенайға қатысты белгілі бір оқиға орын алса керек.

Адам есімімен берілетін атаулардың үшінші түріне міндетті түрде негізінде белгілі бір оқиға жатқан атауларды жатқызамыз. Мысалы: Қодарқұлаған құз, Өтепбайдың Көкқұдығы, Мамай батыр мазары және т.б. Бұл атаулардың мағынасынан міндетті түрде өңірде орын алған оқиғаның белгісін көреміз. Атап айтқанда, Қодарды құлатып өлтірген құз, уақыт өте келе дәл осылай аталып кеткен. Не болмаса, Өтепбай деген адамның қазып, орнатып, сыртына орнатқан ағашын көкпен бояп қоюына байланысты Өтепбайдың Көкқұдығы аталып кеткен.

Қорыта айтар болсақ, жер-су атаулары – біздің ұлттық құндылығымыз. Атаулар кез – келген елдің тарихынан сыр шертіп, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылығынан, салт-дәстүрінен, тілі мен дінінен хабар береді. Осы жер-су аттары мағлұматтарға толы ел мен жер шежіресі, өткен заманның хабаршысы іспеттес. Халқымыз басынан өткерген сан қилы замандар асыл мұрамызға өз залалын тигізгені белгілі. Еліміз егемен болып, тәуелсіздігін алғаннан кейін еліміздің топонимикасына да тәуелсіздікке қол жеткізді. Себебі, географиялық атауларды бұрынғы қалпына келтіріп, оларды өзгертілген жер-су, елді-мекен аттарын көне атаулары ұмытылған елді мекендерді қайта атау тәрізді жұмыстар бүгінгі таңда жақсы қарқынмен жүргізілуде. Оның куәсі ретінде бүгінгі таңда ұмытылғанымызды қайта жаңғыртып, ескерткіштер мен тау-тасымыздың атауларын бүгінгі өскелең ұрпақтың жадында мәңгі сақталатындығында деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Суперанская А. В. Общая теория имени собственного. – М.: Наука, 1973. – 300 с.
2. Жанұзақов Т. Орталық Қазақстанның жер – су аттары. – Алматы: Ғылым, 1989. – 256 б.
3. Әбдуәлиұлы Б. Қазақ антропонимжасамы: теориялық және практикалық негіздері. – Астана: Астана Полиграфия, 2012. – 320 б.
4. Ержанова Ұ.Р. Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі: Монография. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2018. – 250 б.
5. Жанұзақов Т., Рысбергген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: Азия, 2004. – 192б.
6. Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. – Москва: Наука, 1974. – 382 с.
7. Әлімхан А., Ахметжанова Ф.Р. Қазақ шығысының жер-су атаулары /А.Әлімхан Ф.Р.Ахметжанова. – Өскемен, 2000. – 104 б.
8. Жанпеисов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (наматериалах произведений М.Әуезова). – Алма-Ата: Наука, 1989. – 175 б.
9. Әшімханова Ф.М. Қазақ тіліндегі антропонидердің лингвомәдени жүйесі. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007, 115 б.
10. Исабаев Б. «Ұлылар мекені» – Новосибирск, – 2001. – 29 б.

MUSTAFAYEV FIZULI NƏCMƏDDIN OĞLU

AMEA Nəsimi adına Dilçilik İnstitutu,

Təbii dilçilik şöbəsinin aparıcı elmi işçisi,

filologiya üzrə fəlsəfə doktoru, dosent

KİNO DİLİNDƏ ONOMASTİK VAHİDLƏRİN YARANMASINDA NİTQ HİSSƏLƏRİNİN İŞTİRAKI

Аннотация. В статье говорится об участии частей речи в создании ономастических единиц в киноязыке. Отмечается, что морфологический и синтаксический способы словообразования в общем словообразовании идут в грамматическом порядке. При рассмотрении с этой точки зрения компонентов ономастических единиц со сложной структурой в азербайджанском языке можно обнаружить специальные имена, образованные на основе разных частей речи.

Исследование показывает, что другие части речи в киноязыке в процессе субстантивации образуют специальные наименования.

Что лежит в основе статьи? Он заключается в том, что компоненты сложных ономастических единиц в языке кино имеют несколько моделей по частям речи.

Каждая модель детализирована. Что это за модели?

1. Имя нарицательное + имя нарицательное.

2. Имя нарицательное + имя собственное + имя нарицательное.

3. Имя нарицательное + конкретное существительное.
4. Конкретное существительное + имя нарицательное.
5. Конкретное существительное + имя нарицательное + имя нарицательное.
6. Имя собственное + имя собственное.
7. Прилагательное + имя нарицательное.
8. Прилагательное + имя собственное.
9. Прилагательное + имя нарицательное + имя нарицательное.
10. Считать + считать.
11. Число + имя нарицательное или число + имя собственное.
12. Число + прилагательное.
13. Глагол + глагол.
14. Имя нарицательное + глагол.
15. Имя нарицательное + глагол + имя нарицательное.
16. Наречие + имя нарицательное или наречие + имя собственное.
17. Имя нарицательное + наречие.
18. Имя нарицательное + союз.

Ключевые слова: ономастика, топоним, антропоним, гидроним, космоним, зооним, лексика, грамматика, синтаксис, морфология.

Annotation. The article deals with the participation of parts of speech in the creation of onomastic units in film language. It is noted that the morphological and syntactic ways of word formation in general word formation go in grammatical order. When considering from this point of view the components of onomastic units with a complex structure in the Azerbaijani language, one can find special names formed on the basis of different parts of speech.

The study shows that other parts of speech in film language form special names in the process of substantiation.

What is the basis of the article? It lies in the fact that the components of complex onomastic units in the language of cinema have several models for parts of speech.

Each model is detailed. What are these models?

1. Common noun + common noun.
2. Common noun + proper name + common noun.
3. Common noun + specific noun.
4. Specific noun + common noun.
5. Specific noun + common noun + common noun.
6. Proper name + proper name.
7. Adjective + common noun.
8. Adjective + proper name.
9. Adjective + common noun + common noun.
10. Count + count.
11. Number + common noun or number + proper name.
12. Number + adjective.
13. Verb + verb.
14. Common noun + verb.
15. Common noun + verb + common noun.
16. Adverb + common noun or adverb + proper name.
17. Common noun + adverb.
18. Common noun + union.

Keywords: onomastics, toponym, anthroponym, hydronym, cosmonym, zoonym, cthematonym, vocabulary, grammar, syntax, morphology.

Dildə morfoloji və sintaktik sözyaratma yolları ümumi şəkildə qrammatik qaydada sözyaratma sayılır. «Azərbaycan dilində mürəkkəb quruluşlu onomastik vahidlərin komponentlərini bu cəhətdən araşdırdıqda müxtəlif nitq hissələri əsasında formalaşan xüsusi adlara rast gəlinir» [1, 143 s.].

Kino dilində nitq hissələri içərisində ümumi isim onomastik vahidlərin yaranmasında daha fəal rol oynayır. Bu da, şübhəsiz, ümumi isimlə xüsusi isimlərin qohum leksemlər olması ilə bağlıdır. «Başqa nitq hissələri substantivləşmə prosesində xüsusi adlar əmələ gətirir» [2, 76 s.].

«Dilimizdə mürəkkəb onomastik vahidlərin komponentlərinin nitq hissələrinə görə bir neçə modeli mövcuddur» [3, 59 s.].

Ümumi isim+ümumi isim.

Bu növdə [ü/i+ü/i] iki ümumi isim iştirak edir. Həmin modelin tərkibində müxtəlif məzmunlu ümumi isimlər müxtəlif sintaktik əlamətlərlə birləşmiş və xüsusi ad əmələ gətirmişdir. Məsələn, qızıl+ağac>Qızılağac, qızıl+daş>Qızıldaş, ağac+qala>Ağacqala, qala+boyun>Qalaboyun, təpə+məhlə>Təpəməhlə, şah+bulaq>Şahbulaq, qarğa+bazar>Qarğabazar, qaya+kənd>Qayakənd, burun+qovaq>Burunqovaq, badam+ağac>Badamağac, ay+bulaq>Aybulaq, bulaq+otağı>Bulaqotağı, şah+ağac>Şahağac, ceyran+çöl>Ceyrançöl, torpaq+körpü>Torpaqkörpü və s. toponimlər.

«Ələmdar: – Get, Qızıldaş, Ağacqala, Qalaboyun, Təpəməhlə, bir də ki Şahbulaq camaatından soruş.

Özüm ağrıyıram, gecələr sümüklərim sızıldayır... Bilirəm, qocalıqdandır; əlacı yoxdur bunun... Bircə bu çomağı əlimdən alan olsaydı, canım qurtardı».

Maral+göl>Maralgöl, zəli+göl>Zəligöl, şamlıq+göl+ü>Şamlıq gölü, naxır+göl>Naxırgöl, at+göl+ü>At gölü, qazan+göl>Qazangöl, ayı+bulağı>Ayıbulağı, daş+bulaq>Daşbulaq, qoz+bulaq>Qozbulaq, yarpız+bulağı>Yarpız bulağı və s. hidronimlər.

«Akşad: – Bəs necə? Sən mənə istəklə baş vəzirimsən.

Qərib: – Sağ ol şahim, mən bu gün gedirəm Naxırgöl, Qozbulaq və Yarpız bulağına.

Akşad: – Vəhşi bir diyarı bu cür gözəl şəkllə salan ağıl sahibinin qeydinə necə qalmayım. Yoxsa, qara qaşına, qara gözünə aşıq olmamışam ki...» [4, 197 s.].

Ata-kişi>Atakişi, baba+kişi>Babakişi, xan+oğlan>Xanoğlan, xanım+qız>Xanımqız, daş+dəmir>Daşdəmir, el+dost>Eldost, el+dəniz>Eldəniz, ay+gün>Aygün və s. antroponimlər.

«Hacı Həsən: –Eldəniz və Daşdəmir kimi naxoşlar bu yana, uşaq həsrətində olan Xanımqız, Aygün kimi övrətlər bu tərəfə, oğul istəyən Eldost və Babakişi o biri tərəfə, siğə eləmək istəyənlər isə yuxarı başa – Şeyxin yanına» [5, 19 s.].

2. Ümumi isim+xüsusi isim+ümumi isim.

Bu modelin [ü/i+x/i+ü/i] birinci, üçüncü komponenti ümumi, ikinci komponenti isə xüsusi isimdən ibarət olur. Məsələn, bəy+Əhməd+yurd>Bəyəhmədyurd, qədim+Əli+qışlaq>Qədiməliqışlaq, ərəb+qardaş+bəy+li>Ərəbqardaşbəyli, ərəb+Mehdi+bəy+li>Ərəbmehdibəyli və s.

«Səlim bəy: – Ağalar, patrona heyfiniz gəlsin. Saldatlar da yazıqdırlar, sətəlcəm olurlar. Biz getdik Ərəbmehdibəyliyə.

Slavoçinski: – Molodes, Nəbi! Ağalar, vallah bu Suvorovdu» [6, 98 s.].

3. Ümumi isim+xüsusi isim.

Belə hallarda [ü/i+x/i] xüsusi adın birinci komponenti ümumi isimdən, ikinci komponenti isə xüsusi isimdən ibarət olur. Məsələn, dəhnə+Xəlil>Dəhnəxəlil, çoban+Kərəhməz>Çoban Kərəhməz, çöl+Ağaməmmədli>Çöl Ağaməmmədli, çay+Qurban+çı>Çay Qurbançı və s. toponimlər.

«Qönçə: – Eh... Allaha nöş and verirsen? Kül onun başına... Çay Qurbançıdan gələnləri də biabır etdi.

Lətifə: – Hə, düz deyirsən, bax deməsən üzünə baxmaram ha...» [«Qəzəlxan», 1991].

Ağa+Səlim>Ağasəlim, xan+Əli>Xanəli, gül+Məmməd>Gülməmməd, hacı+Məmməd>Hacıməmməd, mirzə+hüseyn>Mirzəhüseyn və s. antroponimlər.

«Əlabbas: – «Nəçənnik qızı» bircə sənsən? Bazarın nəçənniki Ağasəlim, klubunku Xanəli, stadionun rəisi isə Hacıməmməd.

Bahar: – Mənə elə baxma, yuxularına da fikir ver» [7, 20 s.].

4. Xüsusi isim+ümumi isim.

Bu modelə [x/i+ü/i] birinci tərəf xüsusi isim, ikinci tərəf ümumi isimdən ibarət olur. Məsələn, Fətulla+qışlaq>Fətullaqışlaq, Məlik+çoban+lı>Məlikçobanlı, Həsən+qaya>Həsənqaya, Xəlil+oba>Xəliloba, Alı+kənd>Alıkənd, Abbas+kənd>Abbaskənd və s. toponimlər.

«Kapitan: – Asif Sadıqov. Zəhmət olmasa xəbər eləyin. Alıkənd və Abbaskənddəki adamlarımız gəlsin. Onlara çatdırasınız təşəkkürnamələrimiz var. Onların qəhrəmanlıqları üçün hələ bu azdır.

Müdirə: – Bu dəqiqə xəbər edərəm.

Xalid: – Arzu müəllimə, onları mən çağırma bilərəmmi?» [8, 205 s.].

Bədir+bəy>Bədirbəy, Bədir+xan>Bədirxan, Dadaş+bala>Dadaşbala, Qulam+mirzə>Qulammirzə, Əli+baba>Əlibaba, Əli+yoldaş>Əliyoldaş, Əhməd+ağa>Əhmədəğa, Kərim+ağa>Kərimağa və s. antroponimlər.

«Şeyx Əhməd: – Ay kişi, kəsmək lazımdır, kəsdir! Daha mənə yanına niyə gəlmisən?

Xəstə: – Başına dönüm, şeyx cənablarından iltimas elə mənə bir tikə... dua yazsın ki, bu dalağım əriyib ketsin. Axşama qədər Əhmədəğa və Kərimağa da gələcəklər.

Şeyx Əhməd: – Çox əcəb, ancaq indi şeyx cənabları məşğuldur» [9, 98 s.]

5. Xüsusi isim+ümumi isim+ümumi isim.

Belə mürəkkəb xüsusi adlarda [x/i+ü/i+ü/i] onomastik vahidin birinci tərəfi xüsusi isimdən, sonrakı hər iki komponenti isə ümumi isimdən ibarət olur. Məsələn, Eyvaz+xan+bəy+li>Eyvazxanbəyli, Nəcəf+qulu+bəy+li>Nəcəfqulubəyli, Əli+bəy+qış+laq>Əlibəyqışlaq, Əli+qul+u+uşağı>Əliquluuşağı, ərəb+qardaş+bəy+li+Ərəbqardaşbəyli və s.

«Qaraşad: – Anan öləndə vəsiyyət eləyib ki, nə yolla olursa olsun oğlumu şahlıq taxtına qaldırmalısan. Budur, indi sənin şahlıq taxtına yolda o məlun bəniadam dayanmışdır.

Raki: – Düzdür, ata, şaha bir şey olsa, cümlər şahlıq taxtına Qəribi əyləşdirəcəklər. Eyvazxanlıbəyli, Nəcəfqulubəyli və Əliquluuşağı əhalisi də Qəribi seçmək istəyirlər» [10, 97 s.]

Xüsusi adlar tərkibində bu model azlıq təşkil edir.

6. Xüsusi isim+xüsusi isim.

Televiziya, radio, qəzet, səhnə dilində olduğu kimi kino dilində də xüsusi isim+xüsusi isim modelinin [x/i+x/i] hər iki komponenti xüsusi addan ibarət olur. Məsələn, toponimlər – Əli+Mərdanlı>Əlimərdanlı, Hacı+Məmmədli>Hacıməmmədli, Məşədi+İbişli>Məşədiibişli, Məlik+Əhmədli>Məkiləhmədli, Abas+Alı>Abasalı, Məlik+Qasımlı>Məlikqasımlı, Məlik+Umudlu>Məlikumudlu, Muğan+Gəncəli>Muğan Gəncəli, Muğancıq+Müslüm>Muğancıq Müslüm və s. antroponimlər.

«Qasım: – Bu qız burda neynəyir?

Ələmdar: – *Qəndabın qızıdı – Tovus! Məlikqasımlı camaatının mal-qarasını otaran yoxdur. Heyvanı olanlar özləri növbəynən aparırlar naxırı... Hərəyə ayda bir dəfə növbə düşür» [«Kişi sözü», 1985].*

Soltan+Paşa>Soltanpaşa, Məmməd+Həsən>Məmmədhasən, Əli+Əsgər>Əl(i)əsgər, Murad+Əli>Muradəli, Məmməd+Hüseyn>Məmmədhusəyn, Soltan+Əli>Soltanəli, Qulam+Əli>Qulaməli, Əli+Heydər>Əliheydər, Əli+Mərdan>Əlimərdan və s.

«Qönçə: – Eh... nə deyəcək? Deyir... məni tanımadın? Deyirəm yox, nöş tanımalıyam səni. Bura Azərnəşdir. O qədər şair gəlir ki, bura. Dedim ki, Ələsgər və Muradəli də sən kimi şairdirlər.

Lətifə: – Hə, o qədər şair gəlib-gedir ki, hamısını tanımaq olmur. Qeyidib nə desə yaxşıdır?» [11, 199 b.].

Kino dilində müxtəlif üsulla yalnız isimlərdən yaranan xüsusi adların miqdarı təxminən 70 % təşkil edir.

7. Sifət+ümumi isim.

Bu modelin şərhinə keçməzdən əvvəl, yalnız sifətdən xüsusi ad yarandığını xatırlayaq. Məsələn, antroponimlər – qara+ş>Qaraş, göy+üş>Göyüş, ağ+ca>Ağca

«Xatirə: – Keyfindən də qalmır. Qaraşnan Göyüş kimi sırtıqlıq edir. Vay onun halına. Bahar ona heç salam da verməz» [12, 200 b.].

Toponimlər – kiçik+li>Kiçikli, gödək+lər>Gödəklər, çal+lı>Çallı, çopur+lu>Çopurlu və s.

«Səlim bəy: – İbiş, medal əvəzinə qulağının dibini götürərsən.

İbiş: – *Nəcərnik, Kiçikli, Gödəklər, Çallı və Çopurlu əsgərlərinə, axı, payladın medalı?*

Səlim: – Bir təklifim də var, nəcərnik?» [13, 190 b.].

Sifətin iştirakı ilə əmələ gəlmiş mürəkkəb adların sifət+ümumi isim [s+ü/i] növünün birinci komponentini sifət təşkil edir. Məsələn,

Toponimlər – göy+dəllək+li>Göydəlləkli, qara+yazı>Qarayazı, soyuq+bulaq>Soyuqbulaq, ulu+daş>Uludaş, ağ+baş>Ağbaş, arı+su>Arısu, arıq+dam>Arıqdam, bala+kənd>Balakənd, acı+dərə>Acıdərə, boz+binə>Bozbinə, qara+baldır>Qarabaldir.

«Qaraşad: – Ağlına görə. Onun üçün də hökmən onun ağlını oğurlamaladır. Yubanmaq olmaz. Bozbinədəki ağlısızlar gəlsələr onun ağlını tez oğurlayacaqlar.

Küpəgirən: – Ağam, düz deyirsiz, mənə quluq?»

Antroponimlər – bala+kişi>Balakişi, bala+bəy>Balabəy, bala+oğlan>Balaoğlan, böyük+kişi>Böyükkişi, xas+polad>Xaspolad, böyük+ağa>Böyükəğa, qara+xan>Qaraxan, xırda+xanım>Xırdaxanım, böyük+xanım>Böyükxanım, xoş+qədəm>Xoşqədəm, təzə+gül>Təzəgül, qara+tel+Qaratel və s.

«Şeyx Əhməd: – Balakişi, Böyükkişi, Təzəgül, Qaratel və neçə-neçə belələri deyir ki, allah şeyx cənablarının kölgəsini bizim üstümüzdən əksik eləməsin».

8. Sifət+xüsusi isim.

Bu modeldə [s+x/i] sifət mürəkkəb adın birinci tərəfdə durur. Məsələn, qara+Məmməd+li>Qaraməmmədli, qara+Yusif+li>Qarayusifli, qara+Süleyman+lı>Qarasüleymanlı, qara+Mahmud+lu>Qaramahmudlu, qara+Kazım+lı>Qarakazımlı və s. toponimlər.

«İkinci azarlı: – Şeyx Əhməd, bu baş ağrısı məni həlak eləyib. Qaraməmmədlidən qəlişimdir, ağrıya dözə bilmirəm. Nə gecəm var, nə gündüzüm. Gedirəm Cəfərin yanına, deyir qanın çoxalıb. Qarayusifliyə

Qarakazımlıdan gələn xəstələrdən xeyli qan alıb – dediyinə görə. Özü də girvənkəsin on manata alır. Gedirəm Mir Bağır ağanın yanına, deyir: qanın azalıb, gərək sənə qan yeridəm, girvənkəsi də 20 manatdan. Sonradan xəbər tuturam ki, Mir Bağır ağa mənim qanıma usta Cəfərdən geri yetirib özümə satıb. Belə şeyxin qədəmlərinə qurban olum, heç zad istəmirəm, elə mənə bircə mərhəmət nəzərilə baxsa, başımın ağrısı kəsilər».

Xas+məmməd>Xasməmməd, bala+Dadaş>Baladadaş, bala+Mirzə>Balamirzə və s. antroponimlər.

«Akif: – Xoş gördük, Akif! Həmişə şadlıqlarda! O gün olsun, səninçün olsun, keç içəri, keç yuxarı başa.

Balamirzə: – Çox mübarək, Xasməmməd və Baladadaş da gələcək. Oğullu-uşaqılı olsunlar. Sən də balalarından görəsən».

Belə adlarda, əsasən, «qara» sözü – sifəti iştirak edir.

9. Sifət+ümumi isim+ümumi isim.

Mürəkkəb adların bu formasında [s+ü/i+ü/i] sifət birinci yerdə durur, ikinci və üçüncü komponentləri ümumi isim təşkil edir. Məsələn, qara+su+qumlaq>Qarasuqumlaq, ağ+dam+kənd>Ağdamkənd, ala+göz+məzrə>Alagözməzrə və s.

«Qasım: – Yəni bu boyda Qarasuqumlaqla Alagözməzrədə bir başpapaqlı tapılmadı ki, qız uşağını göndəriblər naxıra?

Ələmdar: – Hərənin öz iş-gücü var. Qızın anası gələ bilməz, fermadadı... Qəndab yazıq neynəsin? Əri yox, oğlu yox, öz əvəzinə qızını göndərir» [14, 85 b.].

Bu növ az inkişaf etdiyindən dildə, tələffüzdə ağırlıq törədir.

10. Say+say.

Bu model çox maraqlıdır. Adətən, dildə sözyaratmada sayların rolu azdır. Belə cəhət burada da özünü göstərir. Belə ki, saylarda [s/y+s/y] çox az onomastik vahid meydana gəlmişdir. Məsələn, otuz+iki+lər>Otuzikilər, yüz+bir+piket>101 Piket, otuz+iki+nci>Otuzikinci, otuz+iki>Otuziki və s.

«Xalid: – Tez gedək, Arzu müəllimə! Qaçaq polis Otuzikiləri, 101 Piketini və bizim Otuzikincini axtarır.

Müdirə: – Afərin sənə Asif... Danış görüm hadisə necə oldu?

Asif: – Mən onu görən kimi hiss elədim ki, düz adama oxşamır. Yerişindən də, baxışından da...».

Kino dilində ifadə olunmuş bəzi toponimlərin mənasında müəyyən tarixi hadisə, mərkəzdən kəndə olan məsafə, kənd evlərinin sayı və s. öz əksini tapır.

11. Say+ümumi isim və ya say+xüsusi isim.

Bu növ [s/y+ü/i, sa/y+x/i] mürəkkəb adlarda say bildirən söz birinci komponent kimi çıxış edir. Məsələn, altı+ağac>Altıağac, üç+oğlan>Üçoğlan, min+bəşli>Minbəşli, yeddi+oymaq>Yeddi oymaq.

«Yavər: – Nə olsun ki, burda erməni var? Öz təyyarələrimizdən də...»

Qadın: – O təyyarə Yeddi oymaqda görünüb. Nədənsə o təyyarəni görən kimi Nisə həyəətə çıxıb, bərkdən-bərkdən ağlamağa başladı.

Yavər: – Niyə, bəlkə Altıağacdən məktub gəlib?».

S/y+ü/i modelində «birinci» və «ikinci» sözlərinin iştirakı ilə daha çox xüsusi yer adı əmələ gəlmişdir. Məsələn, Birinci Ağası, Birinci Aral, Birinci Şıxlı, İkinci Qala, İkinci Aşıqlı, İkinci Nügədi və s. Ümumiyyətlə, «birinci» sözü ilə əmələ gələn 30, ikinci sözü ilə 29 toponim qeydə alınmışdır.

Qarıçı: – Bilirsən niyə soruşuram? Bu gün səhər bura İkinci Aşıqlıdan yaralılar gətiriblər. Əlləri, ayaqları tamam yanıb, üz-gözləri bağlıdır. Quruca nəfəsləri gedib-gəlir. Uşaq kimi tənziflə bələyiblər. Adaların da bilən yoxdur. Heç kəs bilmir kimdirlər, nəçidirlər».

12. Say+sifət.

Bu forma [s/y+s/t] çox qeyri-məhsuldardır. Burada say mürəkkəb adın birinci komponentini təşkil edir. Məsələn, beş+dəli>Beşdəli (Zəngilan).

«Bayandur: – Başqası ola bilərəm, Mirzə Salman. Amma yaddan çıxarma ki, mən bu xanlığın ordusunun komandiriyəm. Və Başdəlidə bir müharibə varsa, əlbəttə, fikirlərimi rahat deyə bilərəm.

Ziyad xan: – Yaxşı, yaxşı... Oğul, de görüm ağılında nələr var? Nə eləmək lazımdı?».

13. Feil+feil.

Dilimizin onomastik leksikasında feildən əmələ gəlmiş xeyli ad vardır, məsələn: Qorxmaz, Daşqın, Dinməz, Dursun, Yaşar, Yetər, Gülər, Çapay, Sevər, Tapdıq və s.

«Səkinə: – Qurban olum Rüstəm, Çapayı, bir də Tapdığı nə evimizə burax, nə də həddindən artıq dövrəndə hərlənməyə qoy.

Rüstəm: – Sən nə danışırsan, ay arvad? Görmürsən nə qədər ayağımın altın eşən var? Onlar da olmasa, bəs mən kimə arxalanım?».

Bütün bunlarla bərabər feil+feil modeli [f+f] də müşahidə olunur. Məsələn, dəymə+dağıldı>Dəymədağıldı.

«Birinci kəndli: – Dedi gözünü çıxart, day demədi vur öldür. At sərilib yatan yerdə, götür bir dəyirman daşını çırp Dəymədağıldıdan gələn atın başına. Yazıq heyvancığaz elə o saat canını tapşır. İndi, ağa nəçərnək nə deyirsən, mən də gedib bunun atını öldürüm?».

14. Ümumi isim+feil.

Azərbaycan dilində ümumi isim+feil [ü/i+f] formasında xeyli mürəkkəb ad formalaşmışdır. Belə mürəkkəb adlarda feil ikinci komponenti təşkil edir. Burada həm morfolojiya, həm də sintaktik üsulla yaranmış adlara təsadüf olunur. Məsələn, toponimlər *allah+verən+li>Allahverənli*, *arı+qıran>Arıqıran*, *inək+boğan>İnəkboğan*, *kənd+axan>Kəndaxan*, *körpü+sındıran>Körpüsındıran*, *soğan+verdiklər>Soğanverdiklər*.

«Eldar: – Yadınızdan çıxmasın, mütləq qeyd elə ki, Moskvada mənzilim də var, şahmat üzrə ustalığa namizəyəm. Allahverənli və İnəkboğan kəndlərində olimpiadalarda qələbə çalmışam, uşaqlıqda isə Lenin haqqında şeirləri əzbərdən deyirdim. Sonra əlavə elə ki, bir-iki dəfə məktəbdən qaçıb kinoya getmişəm. Hər şeyi danış, qoy bilsinlər ki, kimi alırlar.

Xala: – Lap ağılı itirib deyəsən».

Antroponimlər – *ağa+verdi>Ağaverdi*, *qız+yetər>Qızıyetər*, *gül+ə+batın>Güləbatın*, *gül+gəz>Gülgəz*, *imam+verdi>İmamverdi*.

«Mahmud: – Yolu olan insan döyüşlə maraqlanmaz ata. Bizim yolumuz barış içində yeriylə biləcəyimizdir. Belə bir zülmə xalqdan alacağını 3-5 qəpiyə də şərik çıxmaq heç bir insançın içində yer olmaz. Ağaverdi, Qızıyetər, Güləbatın, İmamverdi. Daha kimləri deyim. Görmürsən belələrinin güzəranını?»

Ziyad xan: – Sən hələ uşaqsan...».

15. Ümumi isim+feil+ümumi isim.

Bu formada [ü/i+f+ü/i] əmələ gələn mürəkkəb adın birinci və üçüncü komponenti ümumi isim, ikinci tərəfi isə feil olur. Məsələn, *ağa+verdi+oba>Ağaverdioba*.

«Arvad: – Vasifə nəyə olub, mən Ağaverdiobaya girdirəm!

Yavər: – Nə gic-gic danışsən? Məktub almısan?

Arvad: – Sənə deyirəm ki, ona nəyə olub! Ata deyilsən? Bir tərən də!

Yavər: – Neyniyim axı?».

16. Zərf+ümumi isim və ya zərf+xüsusi isim.

Belə adlarda [z+ü/i, z+y] birinci komponenti zərfdən, ikinci isə ümumi isimdən ibarət olur. Məsələn, *qabaq+təpə>Qabaqtəpə*, *aşağı+quşçu>Aşağı Quşçu*, *Yuxarı-naxır+lı>Yuxarı Naxırlı*, *Orta+Salahlı>Orta Salahlı*, *qırağ+Kəsəmən>Qırağ Kəsəmən* və s.

«Qarıçı: – Ancaq zalım hündür, nataraz oğlandır. Deyirəm bəlkə işdi də oldu... Nə bilirsən gözəl allahın işini. Qabaq Quşçudan, Aşağı Quşçudan, Yuxarı Naxırlıdan o qədər gətiriblər ki...

Yaşlı arvad: – Hardadır indi oğlum? [17, 95 s.].

Bu model Azərbaycan toponimik sistemində daha geniş yayılmışdır.

Bu, eyniadlı yaşayış məskənlərinin relyefə görə bir-birindən fərqləndirilməsi ilə bağlıdır.

17. Ümumi isim+zərf.

Bu modelin [ü/i+z] birinci tərəfini ümumi isim, ikinci komponentini isə zərf təşkil edir. Məsələn, *qala+altı>Qalaaltı*.

«Tubu: – Bıy, başıma xeyir, bu nədi belə?

Mirzə Fətəli: – Dayan görüm, kəlmeyi-şəhadəti oxumağa tələsmə, hələ Qalaaltıya ziyarətimiz var.

Nəcəf: – Aman! Burnum qızıldı... Udd, allah ömrünü uzun eləsin ağa! Dedim day axırımdır. Nə biləydim qazanın qırağı burnuma ilişəcəymiş».

Bu modelə nadir hallarda təsadüf edilir.

18. Ümumi isim+qoşma.

Bu növdə [ü/i+q] birinci tərəfi ümumi isim, ikinci tərəfi isə qoşma təşkil edir. Məsələn, *ay+təkin>Aytəkin*, *gül+təkin>Gültəkin*.

«Səkinə: – Səhərin ala qararlığında o sözgəzdiren Aytəkinlə Gültəkindən nə xeyir gözləyirsən, Rüstəm?

Rüstəm: – Yaxşı, yaxşı, mənim işlərimə qarışma!

Səkinə: – Bu yalnız sənin işindirmi, ay Rüstəm?».

Bu modeldə «təkin» qoşması «kimi» vahidinin xalq danışığı variantı kimi işlənir.

Nəticə. Ümumiyyətlə, nitq hissələrinin onomastik vahidlərinin yaranmasında rolu bu sahədə xüsusi tədqiqat aparmağı tələb edir. Gələcəkdə bu modelləri zəngin faktlar əsasında aşkara çıxarmağa ehtiyac vardır.

Әдәбиyyat:

1. Qurbanov A.M. Azərbaycan onomalogiyası məsələləri. Bakı. Maarif. 1986. 334 s.
2. Qurbanova F.A. Antroponimiyanın nəzəri məsələlərinə dair. Bakı. Şərq-Qərb. 2002. 203 s.
3. Mollazadə S.A. Coğrafi adlar və Azərbaycan dilinin tarixi. Bakı. Azər nəşr. 1973. 253 s.
4. «Kişi sözü», 1985.
5. «Qərib cmlər diyarında», 1977.
6. «Ölülər», 1980.
7. «Qaçaq Nəbi», 1980.
8. «Qəzəlخان», 1991.
9. «Dərs», 2005.
10. «Yuxu», 2001.
11. «Yalan», 2006.
12. «Ümid», 1995.
13. «Mahmud ilə Məryəm», 2011.
14. «Böyük dayaq», 1962.
15. «Sabahın elçisi», 2010.
16. «Məhkumların cənnəti», 2012.

Д.Е. МЫРЗАХАНОВА, Ж.Т. ТАУБАЕВ

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан*

АНТРОПОНИМ ЖӘНЕ ТОПОНИМ НЕГІЗІНДЕГІ ЭПОНИМДЕР

Аңдатпа. Қазақ ғалымдарының лингвистикалық сөздіктеріне енбей жүрген терминдердің бірі – эпоним. Мақалада эпонимдердің қызметін зерттеген ғалымдардың еңбектері қарастырылады. Эпоним терминдердің қолданыстық ерекшеліктері сипатталады. Метонимиялық жолмен жасалған бір сөзден тұратын және тірек сөзбен берілетін екі сөздерден тұратын эпонимдер топтастырылып, мысалдар көрсетіледі. Сондай-ақ эпоним сөздердің өзектілігі мен маңыздылығы жайында сөз қозғалады.

Тірек сөздер: эпоним, ономастика, топоним, антропоним.

Аннотация. Одним из терминов, не вошедших в лингвистические словари казахских ученых, является эпоним. В статье рассматриваются труды ученых, изучавших функцию эпонимов. В статье характеризуется особенности употребления терминов Эпонимов. Эпонимы, состоящие из одного слова, образованного метонимически, и двух слов, переданных вспомогательным словом, сгруппированы и показаны примеры. Также речь пойдет об актуальности и важности слов-эпонимов.

Ключевые слова: эпоним, ономастика, топоним, антропоним.

Abstract. One of the terms not included in the linguistic dictionaries of Kazakh scientists is an eponym. The article examines the works of scientists who have studied the function of eponyms, and also characterizes the features of the use of eponymous terms. Examples of eponyms consisting of one word formed metonymically and two words transmitted by an auxiliary word are grouped and given in the article. It is also devoted to the relevance and importance of eponym words.

Keywords: eponym, onomastics, toponym, anthroponym.

Халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесі, ізгі ойлары мен рухани құндылықтары, қоғамның әлеуметтік сипаты, сөйлеу әдебі мен сөйлеудің ішкі ұстанымдары, аялық білімі, жалпы этнологиялық кеңістігі туралы түсініктер ұлтымыздың тілінде, тілдік құрылымдарында көрініс табу арқылы сақталған. Қазақ тіліндегі антропонимдердің әлеуметтік қызметі ғасырлар бойы жүйеленіп, тұрмыс-тіршілігі мен ұлттың әлемді қабылдаудағы эстетикасы мен танымы, тарихы негізінде қалыптасқан.

Қазақ тіл біліміндегі тіл мен мәдениет сабақтастығына негізделген зерттеулерде мәдениеттің өзі метатіл ретінде анықталып, оның коммуникативтік, кумулятивтік, әлеуметтік қызметтерін талдауға ерекше көңіл бөлініп келеді. Соның ішінде мәдениет метатілін этномәдени негізде сипаттайтын өзекті

арнаның бірі – жалқы есімдердің әлеуметтанымдық жүйесі.

Қазақ тіл біліміндегі антропонимдердің әлеуметтік рөлі мен қызметі тарихи дереккөздердегі, эпостық жырлар мен фольклордағы, прецеденттік жүйедегі тілдік деректердің ұлт санасындағы ізін анықтау негізінде қарастырылады. Осымен байланысты ұлт пен тіл, ұлт пен мәдениет сабақтастығын қарастыратын үрдіс тіл табиғатын зерттеуде жаңа сапаға көтеріліп келеді.

Жалпы онимдердің, соның ішінде эпонимдердің жасалу, пайда болу құбылысында маңызды орын алатын мәселенің бірі – тарихи-әлеуметтік жағдайлар, яғни халық өмірінде болған елеулі оқиғалар, түрлі кезеңдерге сай қоғамдық құрылыстардың тіл мен мәдениетке ықпалы, діни танымға негізделген ақпараттық кеңістік, көрші елдермен жасалған алуан түрлі мәдени қарым-қатынастар, т.б. Мұның бәрі тіліміздегі есімдер құрамының молая түсуіне, антропонимдердің әлеуметтік мәнінің жетілуіне табиғи зор ықпал жасағаны анық.

Қазақ есімдерінің баюы, құрамының молая түсуі шығыс халықтарының мәдениетімен де тығыз байланысты. Ең алдымен, діни есімдер, дін иелерінің, әулие-әмбиелердің, сопы-қажылардың есімдері әсер еткен болса, екіншісі – құраннан қойылған діни мағыналы есімдер. Ал үшінші топтағы есімдер – қарапайым тұрмыстық сөздер, халық арасында жиі қолданылатын күнделікті сөздерден жасалған есімдер. Жалқы есімдердің тарихын, тілдік құбылыстарын жіті байқап, оның көнелері мен жаңаларын салыстыра зерттеу осы ретте антропонимдердің әлеуметтік мәнін тілдік тұрғыдан қарастыру үшін өте құнды болмақ.

Тіл қызметінің ерекше бір саласы – ономастика. Жалқы есімдердің жинақтық атауын лингвистикада ономастика дейді де, оны зерттейтін ғылым ономосиология деп аталады. Ономастика кез келген жанды және жансыз заттарды не құбылыстардың есімін зерттейді. Қазақ ғалымдарының лингвистикалық сөздіктеріне еңбей жүрген терминдердің бірі – эпоним. Зерттеуші Г.Күзембаеваның «Қазақ тіліндегі эпонимдік аталымдар» деген мақаласында эпонимдердің тілде қажеттілікке байланысты туындап және қазақ тіл білімі саласында қолдануындағы өзіндік ерекшеліктері болатыны кең түрде көрсетілген [1,56 б.].

Эпонимдік терминдерге көптеген еңбектер арналған, олармен Е.А.Лобах, Н.В.Новинская, Е.М.Какзанова, В.Д.Бондалетов, Л.Б.Ткачев сияқты ғалымдар айналысқан. Сонымен қатар, В.М.Лейчик және С.Д.Шелова, В.М.Виноградова мен Н.В.Васильева, В.А.Иконникова және де кейбір шетелдік ғалымдардың жұмыстарында оларға көңіл бөлінеді.

Эпоним дегеніміз – діни, мифологиялық, тарихи кейіпкерлердің, батырлардың немесе нақты бір адамның аты берілген нысанды атайды. Бұрын географиялық атау ғана болған эпонимдер, қазір маркетинг саласына дендеп еніп жатыр. Осы ретте эпоним дегеніміз не екеніне кеңірек тоқталамыз. Эпоним – аңызға айналған адам, мифологиялық құдай атының жер-су атауына немесе басқа да бір терминдік атауға айналуы.

Қазақ терминологиясының қорына енген эпонимдерді екі классификацияға жүйелеп шықтық:

– метонимиялық жолмен жасалатын бір сөзден тұратын эпоним сөздер. Бұл эпонимдік сөздер тобы тілдің әлеуметтік қызметін, динамикасын, сипатын дәлелдейді. Метонимиялық бір сөзден тұратын эпоним сөздер тобына ғылым, әдебиет, өнер, саясат қайраткерлерінің есімдерімен қатар, ғылым тарихында алғаш жаңалықтар ашқан адамдар есімдері және әдебиет, тіл, тарих салаларына қатысты қазақ тіл білімі, әдебиеті саласында қолданылатын маңызды тілдік фактілермен жер-су атаулары да жатады. Мысалы: Абайтану, Жұбановтану, Мерседес, Кардиган, Оливье, ампер және т.б.

– тірек сөзбен берілетін екі немесе одан көп сөздерден тұратын эпоним сөздер. Бұл эпонимдерге тіл білімінде терминдік атауға айналған жалқы есімдердің, оның ішінде адам аттарынан жасалғандары, ескерткіштер, өзен-көлдер, жазулар, тілдер, мешіттер, қалалар, аудандар т.б. осы терминдік топқа кіреді. Мысалы: Рентген сәулесі, Паркинсон ауруы, Кох таяқшасы, Даун синдромы, Ом заңы, Мерседес, Ньютон заңы, Нобель сыйлығы, Афина қаласы, Пеллей тауы, Орхомен қаласы, Посейдон көлі және т.б.

Эпоним негізінде жасалған жер-су атауларынан бөлек, жалпы терминге, атауға айналған онимдерді эпонимдер тобына жатқызамыз. Мысалы, Секвойя ағашы – үнді көсемінің есіміне, құрметіне берілген; Вулкан – ежелгі гректің от құдайы; Июнь – ежелгі рим құдайы Юноның құрметіне берілген ай атауы; Зенобия өсімдігі – Пальмир ханшайымы Зенобидің құрметіне берілген есім..

Ғылыми әдебиеттерде «эпоним деген сөз біреуге өз есімін беретін деген мағына береді» деп анықталады. Басқаша айтқанда эпоним – басқа оним жасауға себеп болатын атақты адам есімі. Орыс әдебиетінде эпоним терминінің басқа да аталымы бар. Мысалы, мәдениеттанушы ғалым Д.С. Лотте оны «фамилиялық» (ата есімдік) деп атаған. Блау М.Г. бұл терминдер туралы: «Эпонимдік терминдер біз жеке адамдар есімдерімен жасалған терминдерді айтамыз» дейді. Эпонимдік есімдерге байланысты

мәселенің бірі – жеке адам есімінің семантикасы.

Жалқы есімдерінің семантикасының ерекшелігі оларды әртүрлі білім салаларындағы көптеген ұғымдарға атау ретінде жұмсауға болатынымен байланысты. Мысалы, философиядағы бағыттардың, ағымдардың, мектептердің атаулары және сол бағыттармен баланысты өкілдерінің аттары: Кант мектебі, Энгельс мектебі, т.б. Медицина да белгілі симптомдардың (белгілерін) емдеу әдістерін, анатомиялық ұғымдарды, бірінші зерттеген және ойлап тапқан медицина құралдарының атаулары адам есімдерімен аталып жатады. Физикада физикалық модельдер, құбылыстар, заңдар, өлшем бірлігі, т.б. Эпоним терминдер – белгілі бір дәуір «куәлары», ғылыми жаңалықтар ескерткіштері. Эпоним атауларына әр саладағы ғалымдардың есімдерімен қатар, өткен ғасырдағы өмір сүрген хандар, билер, басқа да белгілі адамдардың есімдері енеді. Мысалы: Қасым салған қасқа жол, Абылайдың ақ туы, т.б. Термин эпонимдердің пайда болуына негіз болатын семантикалық өрістер білімінің нақты саласындағы, ұғымдық аппаратында антропонимдер ретінде қолданудағы өзіндік ерекшеліктер байқалады. Ол терминология теориясында қарастырылады.

Жалпы эпонимдер адамның сөздік қорын байытуға белгілі бір дәрежеде септігін тигізеді. Адамның сөзі, пікірі айтылып жатқан салаға байланысты ғылыми, нақты болады. Керекті мағлұматты барынша толық жеткізеді. Мысалы, медицина туралы тақырып болып жатқанда «қолы дірілдейтін ауру» дегеннен гөрі «Паркинсон ауруы» десе ғылыми және жинақы, құлаққа тұрпайы естілмей сөздік қорыныңыздың жинақы екендігін көрсетеді [3, 198 б.]

Қазіргі уақытта эпонимдік аталымдар медицина, химия, математика, геология және басқа да білім салаларында көбірек ұштасады, сондай-ақ информатика, экономика және тағы басқа салаларында да қалыптасып келе жатыр. Ежелгі атақты философтар есімдері, олардың идеяларын жүзеге асырған ағымдар мен мектепке берілген: Сократ мектептері, аристотелизм. Математикада «Пифагор теоремасы» деген термин, физикада «Архимед заңы», «Архимед күші» деген сөз тіркестері қолданылады.

Эпонимдер қазіргі уақытта адамдар қоғамдық кездесулер, тұрмыстық деңгейдегі коммуникацияда да қолданылады. Адамдар тіптен олардың эпоним екендігіне назар аудармаса керек. Өйткені көптеген шығарылған өнім, саяхатқа барғандағы қала атаулары, техникалық жабдықтардың және тағы басқалары эпонимдермен тікелей байланысты. Өйткені барлығы бір топ адамдардың еңбегі, ой ұшқырларының жемісі. Эпоним дегеніміз – жалқы есімдердің, адамның дүниетанымын айшықтайтын жалқы есімдерге айналуы. Бастапқыда бұл жалқы есімдер белгілі бір ортада ғана белгілі болып, қолданысқа ие болса, кейін әлемге таралып, жалпыхалықтық сипатқа ие болады. Эпонимдердің өзекті мәселелеріне байланысты көптеген ғалымдар лингвистер және де өзге де ғылым салаларының өкілдері өздерінің жұмыстарын арнаған. Олардың қатарына А.Азимов, М.Г.Блау, В.Н.Губина, С.Д.Шелова С.Б.Королева, В.М.Лейчика және тағы басқа ғалымдарды жатқызуымызға болады [4, 97 б.]

Эпонимдер әрбір адамның лексиконында, сөйлемдерінде кездеседі. Уақыт өте келе қоғамның, заманның өзгерісіне байланысты оның айтылуы мен семантикасы да өзгеріске ұшырап отырады. Оның негізгі себебі ғылыми-техникалық төңкеріспен, ғалымдардың жаңа дүниелерді ойлап табуымен байланысты. Осыдан келіп эпонимдердің объектісі субъектіден гөрі ашылған зерттеуге ауысады және семантикасы да өзгереді.

Белгілі бір саланың немесе ғылымның терминдік эпонимдері қалыптасқан сөзжасамдық модельдерге сәйкес қалыптасады [5, 82 б.] жалпы тілден алынған сөздердің терминологиясына, олардың семантикалық түрленуіне – мағыналардың таралуына немесе кеңеюіне, сөздердің мағынасын қайта қарастыруға, шет тілін меңгеруге немесе іздеуге негізделген.

Әрбір сөздің шығу тарихын зерттеу қашанда тіл мамандарының назарында болған. Кейбір сөздердің тарихи тұлғалардың аттарымен байланысты болуы сол сөздердің астарында қаншама еңбектің, өнер туындысының, ғылыми жаңалықтың жатқандығының айқын көрінісі. Тарихқа жүгінсек бұл тақырыптың қашанда өзекті екенін аңғарамыз. Себебі эпоним терминдер бізге күнделікті өмірде де, әдеби шығармаларда, сонай-ақ ғылыми жариялымымызда да көптеп кездеседі. Сонымен қатар бұл терминдердің интернационалдық сипаты мәдениеттердің байланысуына зор ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, кез келген халықтың болмысын, оның жер бетіндегі өмір тіршілігін дәйектейтін деректердің бірі – топонимдік жүйенің өзегінде мәдени-танымдық коннотацияға сәйкес антропонимдер құрайды. Сондай мәдени-әлеуметтік таңбаның бір саласы – қазақ тіліндегі эпонимдік терминдер.

Әдебиеттер тізімі:

1. Күзембаев Г. Қазақ тіліндегі эпонимдік аталымдар. Тілтаным. 2001, №2.
2. https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyr/asyil_soz/69656/.

3. Какзанова Е. М. Имя собственное в термине. – М.: Галлея-Принт, 2015.
4. Блау М.Г. Судьба эпонимов. 300 историй происхождения слов: словарь-справочник. 2010.
5. Лейчик В. М. Обсуждение проблем эпонимии в современной науке. – М, 1997.
6. Меженина Е.П., Куценко Я.Б., Печерский А.Г., Крук З.В. Словарь эпонимических названий болезней и синдромов. – Киев: Вища, 1982. – 184 с.

Д.К. АЛТАЕВА

*Педагогика ғылымдарының магистрі
Илияс Жансүгіров атындағы №30 жалпы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші
Шымкент, Қазақстан*

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ОНОМАСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада XX ғасырдың басындағы қазақ ономастикалық зерттеулерінің негізгі бағыттары қарастырылады. Қазіргі қазақ ономастикасының алдында тұрған міндеттердің бірі осы әліпбиді ауыстыру процесінде тіл жазудағы қате олқылықтарды ретке келтіру болып табылады. Әрбір анонимдік бірлік өзінің мазмұнына сәйкес берілуге тиіс. Жаңа тілдік құбылыстардың дәйекті емлесінде сақталуы керек принциптер нақты және айқын болуы өте маңызды. Әр модель үшін ғылыми негіздеме жасау керек.

Тірек сөздер: ономастика, латын әрпі, жаңа қазақ жазуы, оним, орфография, донор тілдер, алфавит.

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы основных направлений казахских ономастических исследований начала XX века. Одной из задач, стоящих перед современной казахской ономастикой, является упорядочение ошибочных пробелов в написании языка в процессе замены этого алфавита. Каждая онимная единица должна быть передана в соответствии со своим содержанием. Особенно важно, чтобы принципы, которые следует придерживаться при последовательном правописании новых языковых явлений, были четкими и ясными. Для каждой модели необходимо разработать научное обоснование.

Ключевые слова: ономастика, латинская буква, новая казахская надпись, оним, орфография, языки-доноры, алфавит.

Annotation. This article discusses the main directions of Kazakh onomastic research in the early twentieth century. One of the tasks facing the modern Kazakh onomastics is the ordering of erroneous spaces in the spelling of the language in the process of replacing this alphabet. They're a lot each unit shall be transmitted in accordance with its content. It is especially important that the principles that should be followed in the consistent spelling of new linguistic phenomena are clear and clear. For each model, it is necessary to develop a scientific justification.

Keywords: onomastics, Latin letter, new Kazakh inscription, onym, spelling, donor languages, alphabet.

Өткен жыл қазақ халқының тарихы үшін атаулы жылдардың бірі болды. Ғасырға жуық пайдаланған кирилл жазуын латыннегізді әріптерге ауыстыру жөнінде шешім қабылданды. Кирилл әріптеріне негізделген қазақ әліпбиі халықтың ұлттық дыбыстарын еркін дыбыстауға мүмкіндік бермеді. Екі дыбыстарды бір әріппен белгілеу қағидасы пайда болды. Бір әріп дауысты да дауыссыз да бола береді деген жаңа ереже пайда болды. Нәтижесінде халықтың артикуляциялық құрылысына зиян келді, халық тілінің дыбыстық қор әлеуетінің дамуына кері әсер етті. Шет елден кірген сөздер мен терминдер донор тілдің ережесі арқылы еніп отырды. Соған байланысты тілімізде емлесі қиын сөздер пайда болып, бір термин мен онимдердің бірнеше жазу үлгісі араласып қолданылып, сөздердің жазылуындағы бірізділік жоғалды. Жаңа қабылданған әліпби қазақ халқының дыбыстарын толық белгілеп, сөздерді дұрыс жазуға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Қазақстанның халықаралық кеңістікпен еркін араласуы арқасында елімізде пайда болған терминдер мен ономастикалық қордағы бірліктерді жазуда кеткен олқылықтардың орнын осы әліпби толтырады деген сенімдіміз. Қазіргі қазақ ономастикасының алдында тұрған міндеттердің бірі тіліміздегі жазуда қате кеткен олқылық тұстарын осы әліпби ауыстыру ба-

рысында ретке келтіру болып табылады. Әрбір онимдік бірлік өз мазмұнына сәйкес берілуі қажет. Әсіресе, жаңа тілдік құбылыстардың бірізді орфографиялануында ұстанатын принциптер нақты әрі айқын болғаны дұрыс. Әрбір моделдерге ғылыми негіздеме жасап қабылдауға тырысқанымыз жөн. Кейбір донор тілдердің әсерімен дұрыс дыбысталмай кеткен жалқы есімдерді түпнұсқасына жақындата отырып жазып, дыбыстауды өз артикуляциямызға бейімдеп қалдыру керек. Елбасы Н.Назарбаевтың сөзімен айтқанда, «алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» [1]. Ономастика ғылым ретінде тіл білімінің бір саласы болғанымен адамзат баласының өмірінде үлкен рөл атқарады. Онимдік бірліктер әрбір этностың тарихымен, әлеуметтік, саяси – экономикалық өмірімен тікелей байланысты. Адамзат баласының жеке тұлғасын анықтау барысында оның есімдерінің (антропонимдердің) орны ерекше. Адам өмірге келгеннен соң оған есім беріліп, ресми қоғам мүшесі ретінде тіркеледі. Бірақ, антрополог ғалымдардың айтуынша әртүрлі жағдайларға байланысты кейбір адамдардың «есімсіз жерленетіндігі туралы ойлау өте қиын» [2]. Есімдердің жеке бір адамға тиістілігі екі түрлі мазмұнда түсіндіріледі. Әлемдік тәжірибеде жеке адамдарды белгілі бір сан беру арқылы (кодпен) белгілеу үрдісі жүрде. Халықтарды этнос ретінде сақтауда осы антропонимдердің дұрыс берілуі маңызды. Қазіргі латыннегізді қазақ әліпбиінің негізінде ономастикалық құжаттардың қайта қаралу ықтималдылығы жоғары болып отыр. Сондай жағдайда біз назар аударатын бірнеше мәселеріміз бар. Қазіргі ұлты қазақ азаматтардың аты-жөнінің жазылу ретінде бірізділік жоқ. Жеке куәлігінде бірінші қатарда тегі тұрады, ал екінші өз есімі, содан кейін әкесінің аты тұрады. Бірақ, көптеген құжаттарда бұл реттік сақталмайды. Оның себебі бұл құрылымда ұлттық сипат жоқ. Қазақ тарихында кісі есімдерін атау жүйесі үнемі тек ғана екі бөлімнен (сыңардан) тұрған. Бірінші- өз аты, екінші -әкесінің аты. Оның соңына «қызы» және «ұлы» деген сөздер жалғанып отырған. Кейінгі отаршылдық саясаттың салдарынан үш компонентті атау құрылымы пайда болды. Қазіргі уақытта осы идеологиялық атаулардан арылуды негіздеу қиын емес. Әлемдегі антропонимия тарихында дамыған елдердің барлығында кісіні атауда белгілі бір реттік болған. Антикалық Римдегі есімдердің тұрақты жүйесі адамның жеке есімінен, ру тегінен, жалған есімнен, ататек есімінен және қосымша есімнен тұрады. Үнді елінде бұл жүйе үш құрамнан тұрады: жұлдызнамалық есімі, жыныстық немесе діни секталық есімі, қасталық есімі. Мысалы, әйгілі жазушы Рабиндранат Тагордың есімі: Рабиндра (Күн құдайы), Натх (еркек), Тхакур (жер иеленушілер қастасынан) құралымынан тұрған. Кейбір антропонимдер белгілі бір жинақтармен, жүйелермен шектеулі болады. Оған мысал ретінде Қытайды алуға болады. Қытай отбасында нәресте өмірге келген кезде оның тегі тікелей «Байцзясин» деп аталатын жинақтан алынады. Бұл жинақта 504-ке жуық тектер бар. Мысалға, Чжоу тегі «жан-жақты» деген мағынаны білдіреді. [3, 85 б.]. Дамыған мемлекеттер заңдарында атау туралы түрлі заңдар мен заң актілері қабылданған. АҚШ-та әрбір штаттың жергілікті ономастикалық заңдары бар және олар федералды заңнамаларға бағынбайды. Америка антропонимдік жүйесінде ономастикалық заңдар штаттарға қарай әртүрлі болып келеді және ол есімдердің көбінесе мағынасына емес, грамматика және стилистика жағынан дұрыс жазылуы, есімнің оңай айтылуы туралы ережелерді қамтиды. Жалпы көптеген штаттарда кездесетін ономастикалық заңдардың бірі - есімнің ұзындығын шектеу. Мәселен, кейбір штаттарда есімнің ұзындығы белгілі бір таңба санынан аспауы тиіс, ал басқаларында бұндай шектеу мүлдем қарастырылмауы да мүмкін. Мысалы, Айова штатының әкімшілігі өзінің электрондық деректер жүйесінің технологиялық шектеулеріне байланысты есім беруде әріптеріне сандық лимит қойған [4, 159 б.] Осыған ұқсас тағы бір жағдай Массачусетс штатында да туындаған. Технологиялық ахуалдарға байланысты баланың есімі, тегі және әкесінің аты құжатында 40 символдан аспауы тиіс болса, Аризона штатында ол 45 символға дейін шектелген [5]. Ал Вашингтон штатында бала есімі ең көбінде 30 символға дейін жетсе, тегі мен әкесінің аты 50 символға дейін жетеді. Бұндай көптеген өңірлерде кездеседі. Ономастикалық заңдардың тағы бір ескеретін жағдайлары - есімде екпін белгісі мен диакритикалық белгілердің қолданылмауы, яғни есім тек ағылшын әліппесіндегі әріптерден және символдардан құралуы тиіс; бұндай ономастикалық заңды ұстанатын штаттарға Канзас, Массачусетс, Мичиган, Калифорния, Алабама, Батыс Вирджиния және Колорадо жатады. Аталған екпін және диакритикалық белгілерге «e´» «ñ´» және «c´» сияқты символдарды жатқызуға болады. Бұл заңға байланысты екпін және диакритикалық белгілерден басқа, сызықша мен дәйекше (апостроф) қолдануға болады. Атап айтқанда, O´Connog (O´Конор), O´Connel (O´Коннел), O´Neil (O´Нэиль), A´Aron (A´Арон), Jones-Smith (Джонс-Смит), Young-Parker (Янг-Паркер) және т.б ағылшын есімдері бұл заңға қайшы келмейтін мысалдар бола алады. Ал, керісінше, Esmé, Björn, André, Lucí a, Chloë, Beyoncé´, Chaco n сияқты басқа тілдерден енген жиі кездесетін есімдерді қолдануға аталған штаттарда тиым салынған[4,102б.]. Бұндай заңдардың штаттарда қолданылуы бір жағынан Америкадағы антропонимдерді біркелкі стандартқа

келтіруге септігін тигізеді. Еуропаның алдыңғы қатарлы көптеген мемлекеттерінде кісіні атау қатал әрі мұқият қадағаланады. Германияда бала өмірге келместен бұрын оған ат қою жөнінде ресми органнан рұқсат алады. Оның арнайы нормаларын да қарастырылған. Швейцария, Исландия, Дания сияқты мемлекеттерде де есім беру ісі заң арқылы қадағаланып отырады. Балаға қоюға тыйым салынған есімдер де бар. Олардың арасында зұлымдық, қатыгездік сынды теріс ассоциация тудыратын есімдердің болмауын ескертетін баптар бар. Исландияда аттардың барлығы исланд тілінің орфографиясына сәйкес дұрыс жазылуы керек. Исланд тілінің әліппесінде C,Q,W деген әріптердің жоқтығынан «Ludwig», «Duncan» деген есімдер қоюға рұқсат бермеген. Данияда да есімнің дат тілінің орфографиясына сәйкес келген есімдерді қоюды талап етеді. Кісі есімдерінің қадағалануы біріншіден, елдің қауіпсіздігін сақтауға әсер етсе, екіншіден сауаттылықты, тілге, ұлтқа деген құрметті көрсетеді. Коммуникациядағы мәдениетті айқындайды. Кейбір ортада «Ардақ Берік», «Жанат Ермек», «Айдын Жалмырза» сияқты аты-жөндерді кездестіргенде қайсысы аты, қайсысы тегі екенін ажырату қиынға соғып жатады. Екіншіден, олардың жынысы да белгісіз болып тұрады. Осы тұрғыдан алып қарағанда ономастикалық заңның қажеттілігі аса туындап отырғаны шындық. Осы заңда антропонимдердің құрамы мен мағынасына да назар аудару қажет. XIX ғасырдың екінші жартысында қабылданған «Америка Құрама Штаттарының атаулары туралы» қаулысы мен XIX ғасырдың басында қабылданған қаулыны салыстырсақ, қазіргі кезде елдің ағылшын тілінің қолданысын және күшін жоғары болатындығын көздейтінін байқауға болады. Бұған бірден-бір мысал ретінде, кез келген қоныс аударған шет елдік азаматтар елге келген бетінде құжатын өзгертеді. Бұл құжатта адамның жеке мәліметі ағылшын тілінде болады және туған тілдерінің ерекшеліктеріне қарамастан, атаулардың барлығының транскрипциясы ағылшын тілінде болуы қажет [6, 222б.]. Екінші мәселе, топонимдерге байланысты. Еліміздегі топонимдердің жазылуы туралы да арнайы стандарттар жоқ. Әр қалада түрліше жазылады. Қазіргі қолданыстағы шетел атаулары мен бұрынғы КСРО республикаларының географиялық атауларының жазылуына қатысты өткен ғасырдың 50-70 жылдарында тек орыс орфографиясын байланысты жүзден аса ереже жасаған. Күні бүгінге дейін сол ұстанымдар басшылыққа алынып келеді. Яғни шетел мемлекет, астана атаулары мен одақтас республикадағы, тіптен түркітілдес республика атаулары да орыс тілі арқылы енгізіліп, визуалды-оптикалық тұрғыда әбден тұрақталып, санамызға сіңісті болып кетті. Жаңа графикаға көшер алдында қандай атауларды тіліміздің орфографиясына сындырып аламыз, қай атаулар сол дәстүрлі қалыпта қала бермек деген мәселені шешіп алу қажет. Қазіргі ұстаным атауларды түпнұсқадағыдай жазып, айтылуын тілдегі дыбыстармен икемдей отырып айту керек. Топонимдер бойынша да стандарттау жұмыстары ақсап отыр. Географиялық объектіге берілген бір атаудың еліміздің әр жерінде түрлі жазылуы жергілікті халықтың атауларға деген қызығушылықтарын төмендетеді. Осындай кемшіліктерді болдырмау үшін елімізде географиялық атаулардың ұлттық стандарты жасалуы керек. Ол анықтамалық немесе нұсқаулық емес, мемлекеттік деңгейде жасалынған стандарт шығарылып, соған байланысты еліміздегі топонимдердің қазақ тілінде дұрыс бірізді жазылуы мен шетел тілдерінде берілуі қадағалануы қажет. Бұл жұмысты атқаратын географиялық атаулар бойынша комитет құрылып олар негізінен атаулардың картада жазылуы мен берілу ерекшеліктерін көрсетіп отыруы керек. Объектілерді халықаралық стандартқа сай етіп кодтау мен транслитерациясын бекітуде, транскрипциясын беруде кеңестер беріп, оларды бақылап отыратын орган болады. Бұндай органдар да әлемдік тәжірибеде жақсы нәтижелерін беріп отыр. Сонымен қатар, еліміздің солтүстік аудандарында мағынасы көмескі болып келген, басқа тілдердегі атаулар өте көп. Қазіргі уақытта олардың ауыстырып, тарихи атауларын қайтаратын кезең келген сияқты. Бұл мәселе жан-жақты қарауды талап етеді. Ең бастысы қарапайым халық қиындық көрмеу мәселесі қаралады. Басқа тілдерден келген атауларды транслитерациялау қиынға соғу ықтималдылығы жоғары. Грек тілінен тікелей аударғанда «орын» және «атау» деген мағынаға сәйкес келетін топонимика ғылымы зерттейтін жер-су атаулары ежелден бері дала кеңістігін белгілеу мен есте сақтауда өте пайдалы болғаны сонша, атаулардың адамдар тілі мен мәдениетінде жер, аймақ иеленушілігін білдіру арқылы Жер шарындағы барлық дерлік қоғамдарда бірдей қолданылғаны дәлелді қажет етпейтін сияқты көрінеді. Басында бұл ғылым саласының тек қана жағрапия ғылымымен байланысты екені рас болып көрінгенмен, тереңірек үңілген жанға бұл байланыстың жалғыз еместігі анық байқалады: топонимикалық зерттеудің толықтығы ғалымның лингвистика мен тарихтағы білімін де қажет етеді. Мысалы, топонимик ғалым жердің тарихы мен картасын өз зерттеуінде қолданумен шектелмей, жергілікті тұрғындардан атаулардың қолданысының аясын нақтылайды, айтылуын, ерекше мағынасына көңіл бөледі, шығу тегіне байланысты болып есептелетін әңгіме-аңыздарды қағазға түсіреді [8]. Оған қоса, топонимикалық зерттеу дұрыс жасалған жағдайда сол аймақтың тарихында орын алған қауымдар мен халықтардың көшуінің, қоныстануының, және сауда жолдарының заңдылығын

көбірек түсінуге көмектесе алады. Осы мәселені шешуге септігін тигізетін негізгі факторларды ономастика бойынша маман даярлау және антропонимдер мен топонимдердің берілуін шешумен қатар жүргізілетін жұмыстардың бірі – ономастиканы оқыту. Жақында ғана «Туған жер» жобасы шеңберінде мектеп оқушыларына өлкетану пәні оқытылатындығын хабардар етті. Оқушыларға шыққан тегін, туған өлкенің тарихы мен дәстүрлерін біліп, зерттеуге және бүгінгі мен келешегі туралы ой түйіндеуге мүмкіндік беретін бұл пән дер кезінде қолға алынып отыр. Жастардың туған жеріне деген махаббаты мен патриотизмді қалыптастыруда бұл пәннің оқытудың маңызы зор. Ол пән міндетті түрде өлкенің атауынан басталатыны анық. Жаңартылған білім беру бағдарламасында да сыныптарда ономастика мәселелерін оқытатын бөлім кіргізіліп отыр. Осы бастаманы тиімді пайдалануда атқарылатын іс-шаралар көп. Бұл мәселеде де шетелдік тәжірибені алып пайдалану артықтық етпес. Еуропаның көптеген елдерінде ономастика курстарында арнайы елдердің атауларының тарихы мен қолданысы оқытылады. Білім алушыларға тәлім-тәрбие беру барысында өз жерінің, өз елінің тарихын білу басты мәселе болып саналады. Мысалы, Ньюкасл, Манчестер и Ноттингем университеттерінің ағылшын тілі және тілі білімі мамандықтарында, Хорватияда университеттерде тұрақты пән ретінде оқытылады. Ал, Норвегияда осындай оқытылудың арқасында осы күнге дейін 200 ден аса магистрлік диссертация қорғалған. Студенттер үнемі жер-жерлерді аралап тәжірибе жасап жүреді. Швейцария мен Швецияда, Солтүстік Африка елдерінде, Американың көптеген университеттерінде атауларға байланысты пәндер оқытылады. Бұл тәжірибені біз де пайдалансақ, көп нәрсені ұтар едік. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылы тамызда «Хабар» агенттігінің тілшілеріне берген сұхбатында елдің, жердің тарихын зерттеуде студенттерді жұмыссыз қажеттігін баса айтты. Қазіргі уақытта урбаноонимдер мен менсонимдер, эргонимдерді жазуда бірізділік жоқ. теледидар хабарларындағы атауларда ағылшын тілінің сөздерімен араласып келген атаулар нұсқалары өте көп. Болашақта қазақ тілінің мәртебесі қазіргіден де жоғары болып, топонимдер мен антропонимдеріміз қазақыланып, тарихи дәстүріміз толыққанды қайтарылады деп ойлаймыз.

Еліміздің жер-су, елді мекен атауларына көңіл бөлу, оларды тарихи тұрғыдан реттеу жұмыстары Тәуелсіздік алғаннан кейін қолға алынды. Кеңес Одағы кезінде, сол замандағы тоталитарлық жүйенің әсерінен көп өзгеріске түсіп, қазақтың байырғы атауларынан бір белгі, не бір із қалмағандай еді. Бұл халқымызды ұлттық санасынан ажыратудың, бөліп-бөлшектеудің Кеңес кезеңінде жүргізілген саясаты болатын. Ата-бабасының жері, елді мекендері Андреевка, Дмитриевка, Иванова, Ленин, Ямышево, Славогородская болып аталған соң тарихпен байланыстырып тұрған тамырдың үзілгені емес пе? Бүгінде ұмытылып, халық жадынан өшірілген тарихи атауларды қайтару, қалпына келтіруге мемлекеттік деңгейде үлкен көңіл бөлінуде.

Ел мен жер атаулары ұлттық ерекшелігімізді танытып тұруы керек. Атырау мен Алтай арасын мекендеген ата-бабамыз әр жердің қиырына, тауы мен тасына, сай-саласына, өзені мен көліне, құзы мен жартасына, ойпаңы мен шоқысына лайықты атаулар бере білген. Біз өзіміздің атау берудегі ұлттық танымымыздан айырылмауымыз керек. Әйтпесе, дөңгелек үстелде айтылғандай, бүгінгі кейбір жастар: «Мына тауға қарашы, Кинг-Конгқа ұқсайды екен?» демес еді...

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»// http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleketbasshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy.
2. Susan Black//The Guardian, 26 June 2001:16.
3. Қазақ тілі энциклопедиясы. –Алматы, 1998ж.
4. Larson, Carlton. 2011. «Naming Baby: The Constitutional Dimensions of Parental Naming Rights». // THE GEORGE WASHINGTON LAW REVIEW Vol. 80 No. 1: 159-201.
5. Ramnarace, Cynthia. 2017. «Craziest Baby Naming Laws by State». Retrieved from <https://www.thebump.com/a/baby-name-rules>
6. Schneider Edgar. Focus on the USA. – 1998 – 222-232.

ТІЛДІК НОРМА – ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада тілдік норманың тіл мәдениетінде алатын орны мен қазіргі қазақ тіл білімінде дұрыс қолданылмай, жүйесіз, тіл тазалығы мен тілдік талғамның сақталмай, «норма» ұғымының тек қағаз жүзінде ғана қалып, тілдік қолданыста өзекті мәселені тудырып жатқаны туралы қарастырылады. Әрбір жасалған қателік әдеби тіл нормасына кері ықпалын тигізіп, тіл жүйесінің бұзылуына алып келуі мен сөз мағынасының дұрыс білу, тілдік бірліктерді сай қолдану, жалпыхалықтық қолданыста бәріне түсінікті болу мәселелеріне назар аударамыз. Тілдік норма атауларының күні бүгінге дейін өзгеріске түсіп, қателіктерді жібермеу мәселесі нақты шешімін таппай, тілдің басқа да құбылыстарымен араласып, аражігі толық ажыратылмай жүргеніне тоқталып, бұл мәселелерді болдырмау талаптарына тоқталдық.

Тірек сөздер: тілдік норма, тіл мәдениеті, тіл тазалығы, тілдік талғам, әдеби норма.

Аннотация. В данной статье рассматривается место языковой нормы в языковой культуре и то, что в современном казахском языковом образовании она не используется правильно, без системы, чистота языка и языковой вкус не сохраняются, понятие «норма» остается лишь на бумаге и создает реальную проблему в использовании языка. Мы уделяем внимание проблемам правильного знания значения слов, правильного употребления языковых единиц, разборчивости всем в общеупотреблении, так как каждая ошибка отрицательно влияет на нормы литературного языка и приводит к расстройству языка. Мы указали, что названия языковых норм до сих пор изменяются, а проблема не допущения ошибок не решена, они смешаны с другими явлениями языка и их границы не разграничены полностью, и мы сосредоточили внимание на требованиях, позволяющих избежать этих проблем.

Ключевые слова: языковая норма, языковая культура, чистота речи, языковой вкус, литературная норма.

Abstract. This article discusses the place of the language norm in language culture and the fact that in modern Kazakh language education, it is not used correctly, without a system, language purity and linguistic taste are not preserved, the concept of «norm» remains only on paper and creates an actual problem in language use. We pay attention to the problems of correct knowledge of the meaning of words, correct use of linguistic units, intelligibility to everyone in general use, as every mistake has a negative impact on the norms of the literary language and leads to the breakdown of the language system. We pointed out that the names of linguistic norms have been changing to this day, and the problem of not making mistakes has not been solved, they are mixed with other phenomena of the language, and the boundaries are not completely separated, and we focused on the requirements to avoid these problems.

Keywords: language norm, language culture, purity of speech, language choice, literary norm.

Норманы сөз еткенде, ең алдымен, тілдік норманың қалыптасуы мен жасалуына мән береміз. Тілді жұмсау кезінде нақтылық, дәлдік, айқындылық болуы шарт. Осыған сәйкес тілдік норманың қалыптасып, дамуына тіл білімі ғылымында жол ашылады. Сөз мәдениетінің ең маңызды мәселесі тілдік норма деген ойға келе отырып, зерттеуші Р.Сыздық «*тілдік норма дегеніміз – тілдің өзі ұсынған тәртіп*», яғни «*тілдік норма – көпшіліктің қатынас құралы ретіндегі тілдің қолданысында оның әлдеқайда орныққан, дәстүрлі құралдары, амал-тәсілдері, тәртіптері*» деп айта келіп, «*норма – тіл-тілдің қай-қайсысының да даму(қызмет ету) кезеңдерінің баршасына тән құбылыс*» [1] деп есептейді.

Ғалымның көрсетуінше, тілдік норманың табиғаты екі түрлі: бірі – тілдің өзінде қалыптасқан нормалар және ереже бойынша ұсынылатын нормалар. Норма тілдің барлық көрінісінде, яғни қолданысының барлық түрінде орын алатын тілдік, әлеуметтік категория [2]. Ғалым сонымен қатар норма танымы тұрақтылық, дәстүрлілік, ортақтық деген белгілерді қамтитынын да атайды.

Ұлттық әдеби тіл – тіліміздегі норма ұғымы арқылы айқындалатын халық тілінің ең жоғарғы формасы, байлығы. Оның басты белгісінде нормалылық қызметі көрсетіледі. Норма ұғымын анықтау кезінде сөйлеу әрекетіне тікелей әсер ететін тіл жүйесінің ішкі факторларына мән береді. Әдеби тіл мен тілдік норма бір-бірімен ұштасып жатыр.

Өзінің зерттеу диссертациясында мәселеге байланысты барлық дерлік көзқарастарды зерделей келе, К.Алдашева: «Тілдік норма – қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде қоғам мүшелерінің тіл қолданысында орныққан тіл дамуының тарихи және табиғи заңдылықтарының көрінісі, қоғам дамуының нақты бір кезеңінде тіл практикасы үшін қоғам қабылдаған және мойындаған, әлеуметтік бағалаудан өткен фактілердің көрінісі. Тілдік норма – қоғамның нақты бір даму кезеңінде тіл құралдарын қолдану және іріктеу қағидаларының, тіл құрылымына сәйкес келетін, дәстүрлі сипат алған, коммуникативтік актіде пайдаланылатын, барынша тұрақты тілдік бірліктер жиынтығы» деп қорытынды жасайды [3].

Тілдік нормалардың тәсілдері – ғасырлар бойы даму үстінде болып, қалыптасқан сөздік қор, грамматикалық мағына, фонетикалық заңдылықтармен қатар, ресми түрде қабылданған орфография ережелері; терминдер және оқулықтар мен оқу құралдарындағы нормативті ереже, нұсқаулар болып табылады.

Тілдік норма теориялық тұрғыдан зерттеліп, бір жүйеге түскенімен, қазіргі қоғамда нормалық қателіктер көп орын алууда. Тілдік норманың мәселелерінің басым бөлігі практикалық тұрғыдағы талаптардың бәсең болуына байланысты. Тіл білімінде тілдік норманың мәселелері зерттеуді талап етіп отырған сала.

Қалыптасқан «тілдік норма» барынша шартты түрде қызмет атқарады. Бірақ бұл шарттар кей кездері ауытқушылыққа душар болады. Ауытқудың ең өзекті екі түрі бар:

1. Нормаға сай жасалған сөздерді білмей, қоғамдық ортада, ел арасында осылай айтылып жатыр ғой деп, өздеріне үйреншікті, тілге оңай келетіннің бәрін араластырып, жаза салатын жағдайлар көп. Бұл қателіктер әдеби емес, норма емес деген айтылымдарға мән бермегендіктен жіберіледі. Керісінше өзіндік тілімді таптым, жасадым деудің кесірінен нормаға сай ережелер бұзылады. Бұл қателіктердің кеткенін мойындаудың орнына, өзгеден өзгеше болғанын мақтан етеді. Бір мысал: «*«Бісмиллә» деді алдымен басындағы жаулығын қарманып», «Бірыңғай Ұлттық тестілеу кешені биыл да талай талапкердің арманын жерге ұрды»*. Бұл сөйлемдердегі сөздердің орналасу нормасы былай емес пе? *«Басындағы жаулығын қарманып жатып, алдымен «бісмиллә» деді, «Айтпағымыз, Бірыңғай Ұлттық тестілеу кешені талай талапкердің арманын жерге ұрды»* болады. Сөйлемдегі сөздерді осылай, соңын басына қойып, «аяғын аспаннан келтірдінің» кейпіне ендіреді. Олар сөйлемді дұрыс құрауды білмейді емес, – біледі. Бірақ осылай жасаса, өзгешелік болмайды, сөйлемнің құрылысы басқалардікіндей болып кетеді деп айырмашылық іздеп кетеді. «Дұрысы осы, ауызекі тілде осылай айтылып жүр ғой» деген ұстанымда жүрген кейбіреулер әдеби тілдік норманың өзгерістерге ұшырауына алып келетінінен хабарсыз.

2. Әдеби норма мен нормалану заңын біле тұра, оны басқаша бір мақсатқа сай етіп, асыра сілтеп, мағынасы дұрыс келмесе де өзгеше етіп жұмсаудан болған қателіктер. Осыған М.Балақаевтың көрсеткен мысалдары дәлел. «Мысалы, М. Әуезов «Қараш-Қараш оқиғасында» бойшаң, сом денелі Тектіқұлды «атан жілік азамат еді» деп суреттейді.

Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешуде» етектері сүйретіліп би билеп жүрген жағымсыз әйелдерді *«Мысық құйрық етектер»* деп атайды; Абай *«Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап»* деп, тауды адамша қалғытып, *«ұйқыға кетер балбырап»* деуі – сөздердің жайшылықтағы тіркескен топтарының нормалары емес – көріктеу, көркемдеу мақсатымен нормадан ауытқыған әсем суреттері. Немесе диалектизмдер әдетте әдеби тіл нормасына енбейді, бірақ Мұхтар Әуезов *«Білекке – білекте»*, Ілияс Жансүгіров балықшылар өмірінен жазған пьесасында жергілікті диалектизмдерді әдейі персонаждарына айттырып, өте орынды қолданғанын білеміз. Ондайдың жөні бір басқа»[4].

Бұл мысалдар сол заманғы ақын-жазушыларымыздың өзіндік жазу стиліне сай жасалған тіркестері екенін көріп отырмыз. Қазіргі таңда да осыған ұқсас қателіктер көп кездеседі. Мысалы: *–Бағдарламаның «негізгі аналығы» қайдажүр?» (Әділбек Ыбырайымұлы.2020)*. *Негізгі аналығы* деген сөз тіркесі тілдік норманың талаптарына сай келмейді, негізгі аналық деп айту норма жүйесінде жоқ. *–Кезінде дүркіреген «Үміт мүйісі» еді. (Ырысбек Дәбей. Жарғанат)*. *Үміт мүйісі* деген сөз тіркесі түсініксіз, тілдік нормаға жат тіркес. Автор өзгеше дүние жасаймын деп әңгімеде жұмыс атауын осылай атағанынан норманың талаптарына кері әсерін тигізген.

Тілдік нормадан ауытқулар көркем әдебиет тілі стилінде жиі кездеседі. Яғни онда басқа стильдерге тән тілдік тәсілдердің қолданылуын байқаймыз. Бұның басты себебі көркем әдебиетте әдеби норма деп танылған сөздерді, әдеби тілді әр алуан қоғам өмірі мен әр түрлі адамдар бейнелерін, табиғатты, қоғамды, айналаны суреттеудің бірден-бір құралы, әрі түрлі түсті «бояу» ретінде қолданылуы болып табылады. Осыған байланысты әрбір көрнекті жазушы, ақынның өзіндік стилі, тіл жұмсау дағдысы,

шеберлік шабытына сәйкес тілдік қоры болады. Онымен қоса, жеке жазушының туған жері, айналасы, әдеби тілі, өмір сүрген ортасындағы тәлім-тәрбиесі, көргені мен білгені біркелкі болмайды. Осы мәселелерге байланысты тіл мәдениетінде белгілі бір мақсат болуы шарт. Бірақ бұл мақсат солардың барлығының тірлігін бір мақсатқа бағындырып, жүзеге асыру емес, сол ортақ тілдің ішіндегі бар байлықты жазушы өз «сөзім» деп емес, қоғам «сөзі» деп қарауы керек.

Тілдік нормадағы ауытқушылықтарды халықтың диалект сөздерінен көруге болады. Оған классик жазушыларымыз Мұхтар Әуезов пен Бейімбет Майлиннің шығармаларынан мысал келтіруге болады. Б.Майлиннің «Қыздың зары» әңгімесінде Шынарғүл әкесіне арнап төмендегідей зар айтады:

Қойдай ғып әкем сатты мал бергенге

Жете алмай ой түбіне болдым делбе

Аяса қайтетін еді әкем байқұс,

Баласы ем кемерінен шыққан мен де!»

Осындағы *делбе* сөзін халықтың барлығы түсіне бермейді.

«Қаудыр тон» әңгімесінде: «Газетке қатысымның жоғын сезіп қалған соң, айтқысы келмеді білем, анау-мынау еді деп жұбатайын деді». Бұл жерде қарапайым сөзді қолдану арқылы нормалық талапқа сай келмей тұр.

Тілдік норманың мәселелеріне тілдік тәсілдер де өз үлесін қосуда. Тілдік тәсілдер адамның ойын тек бір қалыпты күйінде емес, әр алуан ерекшеліктері мен нәзік кейде қатал, эмоция мен экспрессивті құбылыстарын білдіру құралы ретінде қолданылады, кейде жазушылардың тілдік тәсілдерді асыра қолдану кесірі норманы елемеге алып келеді.

Мағына мен ұғым, ой мен пікір бірдей болмайтындай **таппадым мен тапқаным жоқ, қайтпаймын мен қайтпан** дегендердің мағыналары, жұмсалы аясы, қызметі бірдей емес. *Бұл сұрағымызға айтарлықтай дәлелді жауап таппадым мен бұл сұрағымызға айтарлықтай дәлелді жауап тапқаным жоқ* деген сөйлемде мағынасы бірдей болғанымен, жұмсалы аясы бірдей болып тұрған жоқ. *Айтқаным айтқан, Ақбөпені қатын қылып алмай қайтпан.* (Әлихан Қалдыбаев. *Шертпектен шеке зардап шекпейді*). Осы мысалдағы сөйлемді *айтқаным айтқан, Ақбөпені қатын қылып алмай қайтпаймын* деп өзгертер болсақ, сөйлемді жеткізу қызметінің бәсеңдеу үнмен жеткізілгенін байқаймыз.

Сөзді немесе сөз тіркесін тілдік норма деген атауға лайықты деу үшін оған қойылатын шарттар болуы қажет. Бұл шарттар «норма» деген ұғымды көрсетіп, айшықтап тұрады. Шарттардың бірі – норма сол тілдің ішкі өзіндік заңдылықтарына, табиғилығына, құрылымына сәйкес болуы керек.

Көпшілік қолданысына ие болу нормалылықтың бір белгісі болып табылады, мұны тек сөздің мағынасынан ғана емес, тәжірибе жүзінде де байқаймыз. Сол себепті, біз қоғамның сөйлеу жүйесіне баса назар аударамыз, норма өзгеріп, сол қолданыс көпшілік қолдауына тап болса, тіл сапасының өзгеруі мен ауытқушылықтарға алып келеді. Мысалы, кейбір сөздердің тек жағымсыз немесе жағымды мағынада ғана қолданылатындығын айта кетуге болады. Сөз мәдениеті нормасы бойынша әрбір ұғым өзіне қатысты сөздерді таңдап тіркесуі тиіс. Айталық, *кесірінен* сөзі жағымсыз мағынадағы тіркес құрайды: *вирустың кесірінен, мина жарылуының кесірінен, акциялардың құлдырауы кесірінен, жалқаулықтың кесірінен, уайымның кесірінен, ал қуаныштың кесірінен, бақыттың кесірінен, сенімнің кесірінен* деп айтылмайды, ол сөз мәдениеті нормасы түгіл, ауызекі тілде де қолданылмауы керек. Ал *қабырғасынан күн көрінді, демі сөнді, дымы құрыды, тап болды деген фразеологизмдер тек жағымсыз* мағынаны білдіреді, сондықтан олар жағымды мағыналы сөздермен тіркеспейді. Мысалы, *байлық үшін қабырғасынан күн көрінді, күткен демі сөнді, қуанышқа тап болды* сияқты қолданыстар дұрыс емес. Сол сияқты көптеген етістіктер тек қана болымсыз тұлғада жұмсалады, олардың болымды тұлғасы жоқ. Мысалы, *бой бермеді (айтқанға көнбеді), арасынан қыл өтпейді (тату-тәтті), пысқырып та қарамады (менсінбеді), қолды-аяққа тұрмады (сабырсызданды, шыдамы жетпеді), оқпаны толмады (азырқанды, місе тұтпады), ат ізін салмады (қатыспады, көріспеді)* деген тіркестердің *бой берді, арасынан қыл өтті, пысқырып қарады, қолды-аяққа тұрды, оқпаны толды, ат ізін салды* деген жағымды сыңарлары болмайды. Демек, сөз мәдениеті айтылғанда, ең алдымен, әдеби тілді қалай игергеніне мән береміз. Сөйлеуші өзіне тән тілдік ерекшеліктерімен қатар, жалпыға ортақ әдеби тілдің нормасынан хабардар болуға тиіс.

Бұдан байқайтынымыз – қалың жұртқа тіл нормаларын үйрету, тіл мәдениетіне қарай жеткізудің жүйесіздігі, әлсіздігі. Тіпті қазіргі таңда радио, теледидар экрандарында сөз мәдениетімізді құртатын бағдарламалардың көбеюі, қарапайым жарнама тілінің жұтаңдығы, нормаға сай сөздердің ескерілмей, ауызекі сөйлеудің әртүрлі варианттарын көрсетіп қоюы. Қазақша сөйлеу үстінде сөздерді рет-тілікпен, жүйелілікпен қиюластырып, ана тіліміздің табиғи дыбыстарына сай заңдылықтары мен тіл

нормаларының сақталуын үйрету сынды іс-әрекеттердің мектептерден бастап, барлық ортада, ауызша тілді қолданатын жерлерде көңілге қонымсыз дәрежеде жүріп жатқанын айта аламыз.

Тіліміздің дұрыс, жүйелі, әсерлі түрде қолданылуын жүзеге асыру барысын тек мұғалімдер мен тіл мамандарының міндеті деп артып қана қоймай, бұл іске барлық күшімізді жұмылдыруымыз қажет. Теледидар, радио, баспасөзді қосу да – бүгінгі күнге қойылған талап.

Белгілі бір жағдаяттарда тілді талғампаздықпен жұмсау, дұрыс қолдану мәселелері тілдік дағдыларды жетілдіріп, әдеби тіл нормаларына сай заңдылықтарды меңгеруге келіп саятыны белгілі.

Әдеби тілдің нормалық жүйелерінің сұрыпталып, таңдалып отыруына ең алдымен қоғамның мәдени өмірі мүдделі. Сондықтан да білімді де зиялы қауымның тілдік нормалардың дұрыс сақталмауына сәналы түрде араласып отыруы керек деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы(кодификациясы). – Алматы: «Ел-шежіре», – 2014.
2. Алдашева К. Нормативті лингвистиканың кейбір мәселелері: норма және қалыптану. – Орал, 2017.
3. Өрелі өнер (Тіл мәдениеті туралы). – Алматы: ҚазақССР-нің «Ғылым» Баспасы, 1976. – 11-21 бб.

Г.Б. КӨБДЕНОВА

Филология ғылымдарының кандидаты,

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Тіл тарихы және түркітану бөлімінің аға ғылыми қызметкері

Алматы, Қазақстан

САЯСИ МӘТІНДЕРДЕГІ ЕСКІ СӨЗДЕРДІҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада «сауға сұрау, сауын айту, айпарадай болу, күлдір-күлдір кісінетіп, ажырғы» ескі сөздердің, этнографизмдердің бұрынғы жыр-дастандардағы қолданысы мен бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарының сайттарындағы қолданыстарын салыстырып, мәдени семантикасын қарастырады.

Тірек сөздер: мәдени семантика, этнографизмдер, ескі сөздер.

Аннотация. В этой статье рассматривается культурная семантика, сравнивается использование старых слов, этнографизмов в прежних песнях и на сайтах современных средств массовой информации.

Ключевые слова: культурная семантика, этнографизм, архаизмы.

Annotation. This article examines cultural semantics, compares the use of old words, ethnographisms in former songs and on the websites of modern mass media.

Keywords: cultural semantics, ethnographism, archaisms.

Тілдегі ұлттық элементтердің заманға сай берілуі, жаңаша қолданылуы ұлттық тілдің жаһандық толқынға жұтылып кетпеуіне, халықаралық тілдердің көлеңкесінде қалып қоймауына септігін тигізіп, халықтың ұлттық, тарихи, тілдік жадысының жандануына, сөздік қордағы сөз мағыналарының жаңғыруына серпін береді, ұлтсызданған адамдардың типінен құралған қоғамның ауруына дауа болмақ.

Тілдегі ұлттық элементтердің қолданысы жайында профессор Н.Уәли, Р.Шойбеков, Ж.Манкеева, З.Ахметжанова, Б.Момынова т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты талдау жасалады.

Біз бұл мақалада баспасөз құралдарының сайтында кездесетін саяси тақырыптағы публицистикалық мақалаларда кездесетін көнерген немесе пассив сөздердің қолданысы, олардың жаңа мағынаға ие болуы, жаңаша мағыналық реңк алып, жаңғырып қолдануы және бұрынғы жыр-дастандардан мысалдар келтіру арқылы оқырманға белгілі бір сөздің бұрынғы және қазіргі қолданысы туралы мәлімет береміз. Мәселен қазақ тілінде «сауға» деген сөз бар. Бұл сөз қазіргі тіл тұтынушыларының бәріне түсінікті сөз емес. Бірінші топқа бұл сөздің мағынасын, қолданысын анық, жақсы білетін, әсіресе жас шамасы ересек, ақын, жазушы, қазақ тілін ана тілі дәрежесінде, терең түсінетін адамдар, екінші топ бұл сөзді бұрын естіген, бірақ мағынасын дөп басып, дәл айта алмайтындар, әдетте бұлар орта жастағы адамдар, үшінші топқа бұл сөзді бұрын-соңды естіп көрмеген, мағынасын түсінбейтін жас топ өкілдері деп үш топқа бөлуге болады.

Ғалым Н.Уәлидің пікірінше, «Сөз мағынасы этномәдени тілдік ұжымның санасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан білімнің айрықша түрі.» [1, 53 б.]

Ғалым Р.Шойбеков, «бұрынғы уақытта қолданылған *жұрт жаңғыртты, сүйек жаңғыртты, төсек жаңғыртты* сөз тіркестерінен бүгінгі күні жаңғырту сөзінің мағынасы мен қолданыс аясы кеңейіп *рухани жаңғыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді жаңғырту, жаңа тұрпатты жаңғырту, тарихи сананы жаңғырту, саяси жаңғыру, жаңғырған ел, жаңғырту ісі, жаңғырған қоғам, жаңғырған атаулар т.б. жаңа қолданыстағы сөз тіркестерінің қалыптасуына негіз болғанын*» айтады [2, 42 б.]

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясында *сауға* сөзінің соғыста түскен әскери олжаның бестен бір бөлігі; соғысқа қатысқан жауынгерлерге берілетін әскери олжа; соғысқа қатыса алмаған адамдарға берілуге тиіс бөлік; өзіне қалаған үлесті сұрап алуына құқылы болуы; ел ішінде кемтар, асыраушысы жоқ, жарлы адамдарға әскери олжадан берілетін қамқорлықтың түрі; тұтқынның бас бостандығын сұрап, өмірін сақтап қалуға мүмкіндік беру; *аң аулағаннан түскен олжа, сыйлық* секілді бірнеше мағынасы берілген.

«*Сауға сұрау, сауға беру, сауға салды, сауғалау, сауғашы адам, сауға сұраушы адам, басын сауғалау, жан сауға, бас сауға, жанын сауғалау, сауғаға әкесінің сүйегін, өзінің бас бостандығын сұрау, бір қасық қанды сауғаға сұрау,*» сөз тіркестері мен «*Аңшыдан – сыралғы, батырдан – сауға*» мақалы, «*Сауда жүрген жерде сауға кем*» мәтелі, «*Сауға берсең өзің бер, Сөйлеп бір тұрған сөзің бер*» деп өлеңдетіп сөзін бастау сөз этикеті «Бабалар сөзінің» 100 томдығындағы жыр-дастандарда көптеп кездеседі: «Сауға» деп мына екеуі екеуін ап, Қазанға қазы қосып салып еді [4, 16 б.] Қызды алғанын білген соң, – Қарлығажан, *сауға*, - деп, Қарлығаның алдынан, Қараман кетіп барады [5, 95 б.] Бір қасықтай қанымды, Сауғаға енді бер, - деді [6, 140 б.] Қазақ батырларынан, оның ішінде Қабанбайдан арнап *сауға* сұрайды: – Сауға берсең өзің бер, Сөйлеп бір тұрған сөзің бер! - деп *сауғаға* әкесінің сүйегін, өзінің бас бостандығын сұрайды [7, 278 б.]

Дәстүрлі әлеуметтік институттардың жоғалуымен, ұрыс-шабыс, соғыстың тоқтауымен бұл сөздің көп мағынасы ескіріп, қолданыс аясы тарылып, бүгінгі тілімізде адамның өз басын, жанын өлімнен сақтауға тырысуы» деген мағынасы ғана сақталғанын байқаймыз. Бұл мағынадағы қолданысты БАҚ сайттарда кездестіреміз: «Сот Саакашвилиге *сауға* бермеді...» немесе «ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтан Марғұлан Боранбайға *сауға* сұраймын»; Жаңа сайланатын Президентке *сауға* «Қара нар керек біздің бұл іске!», «Неге» сайтында берілген «*Сауға сұраған сұхбат*» деген жаңа қолданысты «сұхбат берушінің бас амандығын, жанына *сауға* сұрау үшін берілген сұхбат немесе журналистің сұхбат берушіден қатты қалап сұраған, эксклюзивті сұхбаты» деген екі түрлі мағынада берілген болу керек деген ойдамыз

Қазіргі баспасөздерде кездесетін бұл мысалдарда «жанын сауғалау, басын аман сақтап қалу» мағынасында қолданылып тұр.

Бұқаралық баспасөз құралдарында ұлттық тілдік бірліктердің, этнографизмдердің, дәстүрлі білімдер жүйесіндегі сөздердің қолданылуы өз оқырмандарына қалыптасқан этностық сана-сезімін дамытып; этностың құндылықтарын, дүниетанымын түсінікті әрі етене жақын етіп, ана тілдің бұлағымен сусындатады. Саяси мәтіндердің ішінде кездесетін көнерген сөз этнографизмдердің бірі «сауын айту» сөзі. «Қазақ әдеби тілінің 15 томдық сөздігінде»:

1. Үлкен ас, ұлы той сияқты үлкен жиындар туралы ел-елге жариялап хабар беру;
2. Жорық, аттаныс жайында алдын ала елге хабар беру;
3. Жұртқа жария салып, жағдайын айту» деген бірнеше мағынасын көруге болады [7, 35 б.]

Академик Р.Сыздық «Сөздер сөйлейді» деген еңбегінде *сауын* сөзінің түбірі көне түркі тілдеріндегі *саб/сап (sab)* дегеннің «сөз, сөйлеу, хабар айту, баяндау» мағынасында қолданылып, бұл мағына бүгінгі «сауын айту, сөз саптау» дегендегі тұрақты сөз тіркестерінің құрамында сақталған деген дәйек келтіреді. Демек, *сауын айту* сөзінің мәні – *хабарлау* [4, 56 б.] *Сауынды* кез келген адамға айтпайды, бетке ұстар, беделді игі жақсыларға айтылатын болған. Ф.А.Фиельструптың адайлар мен арғындардың, жалайыр руларының ішіндегі *сауын айту* дәстүрі жайында жазбалары бар.

Мұса Шорманұлының асында екі облысқа *сауын айтып*, екі оязнай мен он бес болыс қатысқан үлкен ас берген. «Қозы Көрпеш жырында» «Сарыбай жұрт асқан бай салтанатты, Құдай оған көп қылды қолғанатты. Орманбет би ноғайдың бір тап елі, Ат шаптырған ас бар деп *сауын айтты*» деген жыр жолдарынан елдің абыройын асқақтатын үлкен шара болғанын көреміз. Енді бұл сөздің бүгінгі саяси мәтіндердегі қолданысын кездестіре аламыз: «Әлемнің 110 еліне *сауын айтылған* ұлы жиынға біз «әскери держава», «аспан асты елі» деп дәріптейтін екі дөкей көршіміз шақырылмады [5, 68 б.]

«Соғыс басталған соң олардың бетпердесі *айпарадай* болды» деген сөйлемдегі «айпарадай» сөзін бүгінгі оқырманның бәрі түсіне бермеуі мүмкін. Бұл ескі, жергілікті сөздің «тіріліп» жаңаша қолданылып, саяси мақалада «жаңғырып» қолданыс тауып отыр. Бұл сөздің мағынасын «Қыз Жібек» жырындағы «Айпарадай болыпты, Бәрі де анық көріпті» [8, 236 б.] қолданыста «анық көріну» мағынасында, «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» *айпара* сөзінің «әшкере, көрнекті, әдемі» деген мағыналары бар екенін көреміз [9, 29 б.]

Ақтамберді жыраудың *Күлдір-күлдір кісінетін*, Күренді мінер ме екеміз?! Күдеріден бау тағып, Ақ кіреуке киер ме екеміз? деген жыр шумағын «*Күлдір-күлдір кісінетін*, «креслоға» мінер ме екенбіз?!» деп ұйқастырып келтіріп, метафоралық қолданыспен оқырманның назарын бабалар тілімен тарту, оқырман санасында тарихи-поэтикалық сәуле шашып, ескі сөздердің жаңғыруына, қолданыс аясының кеңеюіне серпін береді.

Ажырғы, ажырық – 1. *Жазалы адамның* мойнына салатын ағаш бұғау. Жазаланған адамның мойнына кигізетін ауыр тақтай Кетіпті қол-аяғын кісен қиып, Салыпты ажырғыны неше батпан [10, 255 б.] Жатады домаланып екі ғаріп, «Ажырғы қиып кетті мойнымды» деп [11,74 б.] Деп зарлап, тұрды қайғы құшағында, Ажырғы мойнын қатты қысады да [12,279 б.] Мойыныңа ажырық жектіріп, Кигіземін шегенін [13,128 б.] Мамайға ажырық кигізді, Зынданның тастап түбіне [14,124 б.] 2. Жауыр малға байлайтын, мойнына салынатын ағаш. – Сізге *ажырғы* керек пе? – Сен ажырғыны қой, атты дәрігерге көрсет. 3. Масқаралау үшін мойнына кигізілетін мойынтұрық. ауысп. Құлдық бұғау.

Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарынан «ажырғы» сөзінің қолданылуына мысалдар келтірсек: «Оның айтуынша алдыңғы үкімет бекіткен бұл бағдарлама Құрама Штаттың өнеркәсіп тебінінің артуына *ажырғы* болады екен.» Бұл жерде «ажырғы болады» деген ескі сөз қолданысын «кедергі болады, дамуына тежеу жасайды» деп түсіну қажет.

«Украина президенті Зеленский Париже Ресей президентімен кездескелі жатқанда Киевте оппозиция тарабы шеру ұйымдастырып «Капитуляцияға жол жоқ!», «Мәскеуден алыс бол!», «Ресейдің газы – мойныңдағы ажырғы» деген жалаулар көтерді. Авторлық құқықты сақтаңыз. «Ресейдің газы – мойныңдағы ажырғы» деген жалаулар көтерді. Егерде түсінікті қарапайым сөзбен берер болсақ «Ресейдің газын пайдалансаң құлдыққа түсесің, тәуелді болып, емін-еркін қозғалуға кедергі келтіреді, мойныңа түскен тәуелділіктен құтылып, еркіндік ал» деген мағынаны білдіреді.

«Жас Алаш» газетіндегі мақалада «Сол себепті кедергі болса, тазалау керек, *ажырғы* болса, шешу керек!» деген қолданыста «тәуелділіктен арылу» мағынасында қолданылып тұр.

Ұлттық қазақы коммуникативтік мәдениеттің күшеюіне БАҚ құралдары өзіндік үлес қосып келеді. Оқырманға ақпаратты қазақы сөз орамдарымен, ескі сөздерді жаңғыртып қолдану, этнографизмдерді жаңғыртып қолдану, ұлттық тіл бірліктеріне қызығушылықты тудыру, қоғамдық санаға қозғау салу арқылы ықпал етіп, этностық ренессансқа қозғау салады. Бұл кейбір оқырманның бөтен этностық бірегейліктің шылауында кетпеуіне, өз этносының тілдік құралдарын меңгеруге, ескі сөздерді жаңғыртып қолдану арқылы тілдің мұрагерлік қызметін түсінуге әсер етеді.

Қорыта айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдарында ұлтқа тән бірліктердің қолданылуы, ескі сөздердің «тірілуі», кең қолданыс тауып, мағынасының кеңейіп, жаңғыруы тіл өміршеңдігінің, тіл бірегейлігінің, одан кейін ұлттың бірегейлігінің сақталуына, дамуына әсер етеді. Ұлттық тілдік бірегейліктің өзегі ұлтқа тән сана-сезімді, дәстүрді білдіретін сөздер мен сөз орамдары. Тілді тұтынушылары этносқа тән тіл бірліктерін түсініп, коммуникацияда, сөйлескенде қолданып, оған жаңаша мағыналық реңк беріп, заманауи мәтіндерде қолданыс тауып жатса тілдің имунитеті күшейіп, ұлттық қалыбы нығайып, заман ағымына ілесіп, дами бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Уәли Н. Ұлттық мәдениеттің мәдени кодтарын ашу мәселелері // Tiltanym. 2015;(3):40-52. <https://www.tiltanym.kz/jour/article/view/514/354>
2. Шойбеков Р. Қазақ лексикасындағы жаңғырған атаулар // Tiltanym. 2022;87(3):81-90. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2022-3-81-90>
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы, 2011.
4. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1980.
5. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы, 2017. I том.

КӨМЕКТЕС СЕПТІГІНІҢ ТҮРКІЛІК НЕГІЗІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚОЛДАНЫСЫ

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі көмектес септікке қатысты зерттеулер мен қазіргі қолданысы баяндалады. А.Байтұрсынұлы, С.Исаев тәрізді ғалымдардың пікірлеріне сүйене, септіктің көнетүркілік негізде пайда болуы, оның басқа түркітілдес халықтарынан ерекшелігі, негізгі қызметі мен халық арасында кең таралған қате тіркестер туралы жазылды.

Тірек сөздер: **салыстырмалы-тарихи зерттеулер**, септік жалғаулары, көмектес септік, қате қолданыс, калька, сөз, сөйлем.

Аннотация. В статье излагается исследование и современное использование вспомогательного падежа в казахском языке. На основе научных мнений таких ученых, как А. Байтұрсынұв, С. Исаев, было написано о возникновении вспомогательного падежа казахского языка на древнетюркской основе, его отличии от падежей других тюркоязычных народов, об основной деятельности и распространенных среди населения ошибочных фразах.

Ключевые слова: сравнительно-исторические исследования, падежные окончания, вспомогательный падеж, калька, слово, предложение.

Annotation. The article describes the research and modern use of the auxiliary case in the Kazakh language. Based on the scientific opinions of such scientists as A. Baitursynov, S. Isaev, it was written about the emergence of the auxiliary case of the Kazakh language on the ancient Turkic basis, its difference from the cases of other Turkic-speaking peoples, about the main activity and erroneous phrases common among the population.

Keywords: comparative historical research, case endings, auxiliary case, tracing paper, word, sentence.

Тіл – күрделі құбылыс. Адамзат дамуының алғашқы қоғамында тауды – тау, тасты – тас, суды – су деп қана танып, тек, белгілі бір ұғымды білдіретін жекелеген сөздер туралы түсінік қалыптасты. Сөз тілдің мағыналы, мәнді бөлшегі болумен қатар, сөйлем құрауға негіз болатын тілдік единица. Жекелеген сөздер бөлек тұрып мағына бергенімен, ойды білдіре алмайды. Тек бір-бірімен грамматикалық байланысқа түсуі арқылы ой білдіріп, сөйлем құрайды. Сөйлемде сөздердің арасындағы алуан түрлі синтаксистік қатынастарды көрсетіп, өзі жалғанған сөзге әр түрлі грамматикалық мағына үстеп, сөз бен сөзді байланыстыруда үлкен орын алатын зат есімнің парадигмалық түрлену жүйесінің бірі – септік жүйесі [1, 126 б.].

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы септік жалғауының емлесі жайындағы зерттеуінде «сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну»- дейді. Ғалымның тұжырымы бойынша сөзге жалғана, әртүрлі грамматикалық мағына үстеп, сөздердің өзара байланысуын орнататын түрлену жүйесінің бірі – септік жалғаулар.

Осы септік жалғауына қатысты анықтамаларды зерттеп келе, ғалым Сөйілбек Исаев өз пікірін былай түйіндейді: «...септік жалғауларына (категориясына) зат пен оның іс-әрекеті (қимылы), я зат пен заттың (сынның) арасындағы субъектілік, объектілік, меншіктілік - қатыстық, мекендік-мезгілдік, көлемдік, амалдық-құралдық, себеп - мақсаттық сияқты қатынастарды білдіріп, заттық мән үстеп тұратын түрлену тұлғасы деген анықтама беруге болады. Септік жалғау жүйесінің басқа жалғаулардан күрделілігі де осында» [1, 127 б.]

Қазақ тілінде жеті септік бар екендігі бәріне белгілі. Сол жеті септік ішінде өзіндік үлкен ерекшелігі бар септік – көмектес. Көмектес септік – түркі тілдерінің көпшілігінде жоқ, жалғаулары тек қазақ пен қарақалпақ тілдеріне тән қосымшалар. Түркітанушылар зерттеулерінде көмектес септіктің мәніне етене жақын септік жалғауының чуваш, якут тілінде барлығын айтады.

Көмектес септіктің алғашқы мәнін V-VIII ғасыр ескерткіштерінде бірле шылауы атқарған. Кейін біле, білен, бірлен, мінән, мәнән тәрізді шылаулар да кездесе басталған. Қазірдің өзінде бұл шылаулар басқа түркі тілдерінде көмектес септік жалғаудың қызметін атқарады. [2, 165 б.] Қазақ тілінің көмектес септігінің тұлғасы: -мен, бен, пен септеулік шылаудан қалыптасқан: бірлән, білән > бінән, мінән, бынан > -мынан, -менен, -пенен, - мен, - бен, - пен.

С. Исаевтың пайымдауынша, «сыртқы тұлғасы жағынан бұл мен, бен, пен жалғаулық шылауларына ұқсас болғанымен, одан жасалмаған. Бәлкім, жалғаулық шылау мен септеулік шылау тәркіндес болып, бір сөзден тарап, бөлек-бөлек қалыптасып дамуы мүмкін. Сөйтіп, көмектес септік жалғауы кейін ғана қалыптасып, септік жалғау жүйесіне кеш енді. Оның бұл ерекшелігін көмектес септік жалғауының сырт тұлғасы да аңғартады: біріншіден, сингармонизм заңына бағынбайды, жалғаулардың жуан буынды нұсқасы жоқ, екіншіден, дыбыс үндестігіне қарай нұсқалануы да ерекше... Көмектес септіктің осындай ерекшеліктері жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелуінен де көрінеді; көмектес септігі тікелей түбірге жалғанбайды: мен - мен + і+ мен, сен+і+мен т.б. Бұл жердегі түбір мен көмектес жалғауының арасындағы -ны, -ні тұлғасы ілік септік сөздің түбіріне ғана емес, ілік септік тұлғасына жалғанған болу керек деген тұжырым тудырады»[1, 148 б.]

Көмектес септік іс-әрекеттің, қимылдың немен, қандай құралмен, қалай істелгенін, амалын және қимылға ортақтықты білдіріп, сөйлемде пысықтауыш және толықтауыш қызметін атқарады. Көмектес септігі жалғаулары шартты түрде бір буынды, екі буынды болып келгенімен, олардың мағына тудыруларында, стилистикалық қызметінде айта қаларлықтай айырмашылық байқала қоймады. Тегінде, қазіргі әдеби тіл нормасына бір буындылар сәйкес келеді. Екі буындылар ауыз әдебиеті туындыларында, кейбір жекелеген адамдардың сөйлеу дағдыларында ұшырасуы мүмкін. Мысалы,

Көшкенде көш айдаймын даламенен.

Аулыңа барушы едім аламенен (халық әні «Екі жирен»).

Көмектес септігінің жалғауын жалғаған сөздер мынадай мағыналар тудыруға қатынасады:

1. Іс-әрекеттің амалын білдіреді: Ақылмен шешті, кіші пейілділікпен айтты, байыппен қарады. Жолындағы бақшасына байыппен қарап, бөгеле келеді (Ғ.Мұстафин). Тұс-тұстан көтерілген қою шаң, тымық әуе де жайымен ғана ыдырап барады. (Ғ.Мұстафин);

2. Мұндай сөздер жанама объектіні білдіреді: бастықпен танысу, мүмкіндікпен (орыс тілінің әсері) пайдалану т.б. Әлеумет әсері тимейтін, әлеуметтен құрық алып шығып кететін ешбір адам болмақ емес. Олай босла, ол заманның ақыны сол замандағы әлеуметтік тұрмысымен, әдет-ғұрпымен, мақсатымен, рухымен, салт-санасымен суарылып, әлеуметімен бітеқайнап өсіп шықпақшы.

3. Құралдық мағына береді: балтамен шапты, қаламмен жазды, инемен сұқты. Сүгірбай біреу инемен сұғып алғандай селк етті, бірақ тез есін жинап, мырс-мрыс күлді.

4. Қимыл-әрекеттің мақсатын танытады: мақсатпен айтып отыр, оймен келді, әдетімен аралап жүр т.б. Тымырсық аяздағы тымық аулын аралап келеді (Ғ.Мұстафин)

5. Мекендік мағынаны білдіреді: көшемен келе жатыр, даламен жүрді т.б. Үлкен қара жолмен керуен келе жатыр [3, 29 б.]

Көмектес септік жалғауының негізгі ерекшеліктері: буын үндестігі заңына бағынбайды, жуан сыңарлары жоқ. Көмектес септік – бертінде жазу-сызу өріс ала бастаған кезде заңдастырылған жалғау. Жуан-жіңішке вариант алдымен жалғауға тән. Ол үшін тілдік элемент ауызша ұзақ қолданудан, дамудан өтуге тиіс. Ал, көмектес септіктің жалғауы бірден жазуға килікті де, шылау кезіндегі жіңішке қалпынан (бірлө, бірлән) ұзай алмай қалды. Аталған құбылысты тіл үндестігінен іздемей, көрші тілдерден іздеуі ойландырады. Жалғаудың тек бір (жіңішке) вариантта ұшырауы сингармонизммен үйлеспесе керек. Сөздің соңғы буыны жуан болса да, жіңішке болса да жіңішке жалғау (-мен, -бен, -пен) жалғанады. Сондай-ақ мен, бен, пен деген жалғаулық шылаумен ұқсас келеді. Егер бұлар қатысты сөз -мен, -бен, -пен тұлғасынсыз айтылмаса, ол көмектес септік жалғауы болғаны, сөзбен бірге жазылады, онсыз айтуға болса немесе және деген сөзбен алмастыруға болса, жалғаулық болғаны, бөлек жазылады.

Диалектологтардың айтуынша: «қазақ жерінің оңтүстік өңірінен бұл тұлғаны -ман, -бан, -пан, сосын -мынан, -бынан, -пынан, -манан, -панан, -банан (қысқаша -ман) деген нұсқаларда кездестіреміз». Мысалы: таяқпан ұрды, құлағымман естідім, қызбан отыр, ақылманан істе, алыспан жүрмей, жақымман жүр, қар қысыман жауды, жазыман күн ыссы болды, осыман (осымен), соныманан (соныменен) т.б.

Көмектес септіктің жуан (-мынан) түрі Ы.Алтынсаринде де кездеседі екен. «Ол хрестоматияның бет ашары болып есептелетін жалғыз ғана «Кел балалар, оқылық!» өлеңінде.

Мысалы:

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге,

Ықыласмынан тоқылық.

Бұл өлеңнің қайырмасында қолданылған, басқа өлең, әңгімелерінің бірде-бірінде кездеспейді. Сондықтан сол кездегі шағатай тілінің элементі болып саналатын бұл жалғаудың түрі Ыбырай шығармаларындағы грамматикалық тұлғалардың негізін құрай алмайды.

Әрине, бұл жалғауды сол кездегі ақындар кеңінен пайдаланған. Қазақша шығып тұрған баспа беттерінен де кездеседі». [4,153]

XIX ғасырдың екінші жартысында шығып тұрған «Түркістан уәлаяты газеті» мен «Дала уәлаяты газеті» беттерінде көмектес септіктің жалғауы дыбыс үндестігіне қарай құбылып отырмағандықтан, басқа варианттары жоқ болды да, тек бір ғана - менен түрінде қолданылды.

«Айқап» журналында қазіргі қазақ тіліндегі көмектес септіктің қосымшасы және ыңғайластық мағына беретін меп/бен/пен шылауының орнына барлық жерде оның толық түрі менен/бенен/менен қолданылған.

Жиырма сегіз хәріппенен жазғанымыз жарамды-ақ болсын, соныменен жазылып шығып жатқан кітаптар оқуға қолайлы-ақ болсын, бірақ жақсыдан да жақсыны іздеу, алға басу, ілгері басу керек дейсіз ба?!

Ал «Қазақ» газеті беттерінде мен /пенен тұлғалары жарыса қолданылған. Өзіміздің қазақтың нағыз қара тілімен жазып тұрса, «Қазақ» газеті қалың жұртымыздың оқып тұруына оңай түсінікті болар еді (Қазақ, 1913, 18 февраль).

Қазіргі таңда халық ауызында жүрген, жастардың тілін бүлдіретін, жағымсыз, құлаққа түрпідей тиетін қате қолданыстар орын алуда. Оның ішінде көмектес септік жалғауының қызметіне қарай қолданбауы кеңінен таралуда. Басты себебі- орыс тілінің әсерінен туындаған калькалау мәселесі.

Қазақ тілінде әр септіктің ережесі бар. Соған байланысты көмектес септікте тұрған сөз істің, қимылдың немен, қандай құралмен (құралдық) істелгенін (пышақпен кесу, таксимен бару), қимылға ортақтық, қатысқан затты (досымен хат алмастырып тұрады), қимылдың амалын, қалай істеуін (үлкен жауапкершілік таныту), іс-әрекеттің, қимылдың мақсатын мекенін, мезгілін (шаруамен бару, жолмен жүрді, күнімен отырды), қимылдың себебін (сөйлеумен естімей қалды) т.б. білдіру.

Яғни, әрекет субъекті де, әрекет объекті де көмектес септігінде тұруы мүмкін емес. Осы мәселеге сүйене, қазіргі қазақ тілінде кездесетін қате тіркестерді жинақтап, ұсынып отырмыз. Мысалы:

1. Мұны**мен** не істеймін? - Что с этим делать? - дұрысы - Мұны не істеймін. Не**мен** бөлісе аласыз? - Чем можете поделиться? - дұрысы - Нені бөлісе аласыз? Не**мен** сасып тұр? - Чем воняет? - дұрысы - Не сасып тұр? Сені**мен** не болды? - Что с тобой? - дұрысы - Саған не болды? Тамағымен бөлісті - Поделился едой- дұрысы- Тамақты бөліп берді. Жаңалықтар**мен** таныстыру. - Знакомить с новостями. дұрысы - Жаңалықтарды таныстыру. Себебі, бұл жерде адамды жаңалықтармен таныстырмайсыз, адамға жаңалықтарды таныстырасыз. За**нмен** тыйым салынған. - Запрещено законом. - дұрысы - Заңда тыйым салынған. Орны**мен** ауысты. - Поменялись местами. - дұрысы - Орын ауыстырды. Өз ойым**мен** бөлісем. Бұл қолданыс тек ауызекі сөйлеу тілімізде ғана емес, тіпті кітаптарда, мектеп оқулықтарында кездесетін өте қате тіркес. Халықтың да санасына сіңісіп кеткен. Бұл жердегі қолданыс ойым**мен** бөлісемін емес, сенімен ой бөлісемін, ойын ортаға салды.

2. Алаң жастар**мен** қоршалған. Орыс тілінен тура аударылған «Площадь окружена молодежью» калька тіркесі. Бұл тіркес орыс тілінде «кем? чем?» сұрағына жауап беретіндігі, қазақ тілінде дәл солай екендігін білдірмейді. Ережеге сай қазақ тілінде көмектес емес, атау септігіндегі зат есім мен өздік етістігі етістік тіркес құра алады. Оның дұрысы- «аланды жастар қоршап алған».

3. Келесі, қате болса да, дұрыс, қалыпты қолданыс болып еніп кеткен- «Туған күнің**мен** құттықтаймын!», «Туған күнің**мен**!», «Мейрамыңыз**бен**!», «Оқу бітіруің**мен**!», «Келуің**мен**!», «Жаңа жылыңыз**бен**!» калькасы. Орысшаның «Поздравляю с праздником» аудармасы. Бұл жағдайда қазақ тіліндегі көмектес септік жалғауының қызметін еске түсіру керек. Аталған қолданыс жасанды болғанымен, ол адам санасына сіңісіп, әлдеқашан қабылданып қойған. Бұл қате қолданыстарды жойып, жай ғана «Құтты болсын!» дегеніміз әлдеқайда абзал болар еді.

4. Қазақ тіліндегі көмектес септік іс-әрекеттің құралын не адамға іс-әрекетті істеуге көмектесетін адамды білдірмейді. Мысалы: ақша**мен** төледі - заплатил деньгами. Дұрысы- Ақшалай төледі.

5. Ауызекі сөйлеу тілін сыра тұрған өзінде БАҚ құралдарында кездесетін бұрыс қолданыстар жетерлік: Министрдің бұйрығы**мен** әзірленді, Мен+і+**мен** ересің, вакцина**мен** егілді, айту**мен** бастадық, айыппұл**мен** келіспесеңіз, пандемия**мен** байланысты т.с.с. [5]

Жоғарыда келтірілген мысалдардан көмектес септігінің қазіргі таңдағы қате қолданысын байқауға болады. Бұдан, қазақ тіліндегі көмектес септік жалғауының функционалдық қызметінің немен, қандай құралмен (құралдық) қимылды білдірудегі (қимылдың амалы, себебі, мақсаты, мекені т.б.) сөз тіркестерінің әдеби тілдік нормадан ауытқуы өрістеп бара жатқанын байқауға болады. Түркі тілдері арасында шығу тегі бір бола тұра, қазақ тілі септік жалғаулары қалыптасуындағы бұл ерекшеліктер қазақ тілінің өзіндік табиғатын танытатын фактор саналады. Көмектес септігі көлемдік септіктерге

қызметі жағынан ұқсас болғанымен синтаксистік мағынасы жағынан ерекшеленеді, соған орай ол құралдық септік аталады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Исаев С. «Қазіргі қазақ тілі: Морфология», 2007 ж.
2. Томанов М. «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», 1988 ж.
3. Серғалиев М. «Қазіргі қазақ әдеби тілі (морфология және синтаксис)», 1991 ж.
4. Мырзабеков С. «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы», 2013 ж.
5. Құрманбайұлы Ш. «Сөзтүзер: қате қолданыстар сөздігі», 2022 ж.

Ә. СЕЙТБАТҚАЛ

PhD докторант,

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Ономастика бөлімінің кіші ғылыми қызметкері

Алматы, Қазақстан

ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІН ӘЛЕМДІК ТОПТАСТЫРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аңдатпа. Мақалада түркітанудағы ежелгі, кейінгі және жаңа топтастырулар беріліп, олардың ерекшеліктері мен ұстанымдары сипатталады. Қазіргі түркі тілдеріндегі жіктемелерге шолу жасалып, түркітанудағы орны мен маңызы көрсетіледі. Зерттеуде сипаттамалы, салыстырмалы, талдау жасау әдістері қолданылды. Мақалада айтылған мәліметтер мен тұжырымдар қазіргі түркітанудағы зерттеулерді толықтырады.

Тірек сөздер: Түркітану, түркі тілдері, фонетика, морфология.

Аннотация. В статье представлены прежние, последующие и новые классификации в тюркологии, описаны их особенности и принципы построения. Дается обзор классификаций в современных тюркских языках, указывается их место и значение в тюркологии. В исследовании использовались описательный, сравнительный, аналитический методы. Данные и выводы, изложенные в статье, дополняют исследования в области современной тюркологии.

Ключевые слова: Тюркология, тюркские языки, фонетика, морфология.

Abstract. The article presents previous, subsequent and new classifications in Turkology, describes their peculiarities and principles of construction. An overview of classifications in modern Turkic languages is given, their place and significance in Turkology is pointed out. Descriptive, comparative and analytical methods were used in the study. The data and conclusions presented in the article complement the research in the field of modern Turkicology.

Keywords: Turkology, Turkic languages, phonetics, morphology.

Ғылым атаулының барлығында қандай да бір жақындық (тектік, шектестік т.б.) бойынша топтастыру әдісі қолданылады. Бұл зерттеу нысанын жақсырақ тану үшін, оның ашылмаған қыр-сырларын білу үшін жүргізіледі. Тіл ғылымында да тілдерді туыстық жақындығына, типтік ұқсастығын ескеріп топтастыру бар. Оның біріншісі генеологиялық, екіншісі типологиялық топтастыру деп аталады. Тілдерді генеологиялық тұрғыдан топтастыру салыстырмалы тарихи тіл білімінің пайда болуымен байланысты. XIX ғасырда әртүрлі тілдердің лексикасында ғана емес, грамматикасында да ұқсастықтардың бар екені анықталды. Бұл ұқсастық оған дейін де айтылған болатын. Дей тұрғанмен салыстырмалы-тарихи әдіс – олардың бір негізден тараған тілдер екенін дәлелдеп шығуға мүмкіндік берді. Өйткені бұл әдіс тілдерді өзара салыстыруға және тарихи тұрғыдан зерттеуден тұрды.

Түркі тілдері өзара туыстық негізінде жеке топ болып айқындалып шықты. Түркі тілдерінің Орал-Алтай тілдік отбасына кіретіні белгілі. Орал-Алтай тіл бірлестігіне негіз болатын бұл тілдерде ұқсастықтар бар. Бұл жайында Ә.Қайдар мен М.Оразов: «Орал-Алтай тіл бірлестігі жайындағы пікірлерге негіз болатын бұл тілдерде ұқсастықтар бар. Мысалы: дауысты дыбыстардың үндесуі, дауыстылардың ассимиляциясы, түбірдегі үнді дыбыстардың біршама ұқсастығы, жалғамалық белгісі, жалпылық мағыналық түбірдің жекеше формасы арқылы беру мүмкіндігі, атау септігінің, тәуелдік

жалғауының болуы, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыштардың өздері қатысты сөздердің алдында тұруы, сандық сәйкестіктің болмауы, құрмалас сөйлемдердің көсемше, есімше формаларымен құрмаласуы, т.б. Бұл сияқты ұқсастықтар қаншалықты қызықты болғанымен, типологиялық ұқсастықтан асып түсе алмайды. Себебі бұл тілдер аралығында дыбыстық немесе формалық сәйкестік жоқ (Қайдар, Оразов: 2004, 108) – деген ой-пікірін ортаға салады.

Ә.Жүнісбек тілдік туыстық белгілерінің өзін ғалым үшке бөледі. Туыстықтың ежелгі белгісі, көне белгісі және жаңа белгісі. (Орал-Алтай) түркі тілдерінің фонетикасында, лексика-грамматикасында ежелгі ортақ ұқсастықтар сақталған.

Орал-Алтай бірлестігінен өзіндік ерекшелігімен сараланып түркі тобы тарайды. Бұл топқа кіретін тілдердің құрамында түркілік көне дыбыс пен лексика-грамматикалық ұқсастықтар сақталғандығына назар аударады (Жүнісбек: 2009, 20).

Түркі тілдерін топтастыруда бірізділік жоқ. Ғалымдар түркі тілдерін жіктеу үшін тілдік те, тарихи да мағлұматтардың жеткілікті екенін айтады. Түркі тілдерін топтастыруда бір ғалымдар тілдік ерекшеліктеріне басымдық берсе, енді бірде бұл халықтардың географиялық орналасуы негіз етіп алғанын байқаймыз, енді бірде тарихи себепке сүйенетін ғалымдар да бар. Дей тұрғанмен біз мынаны ұмытпауымыз керек. «Бүгінде түркі әлемі 40-қа жуық этностарға бөлінді. Олардың тарихи дамуы мен болмысы да, тағдыры да әр қилы. Олар кейіннен шартты түрде оғыз, қыпшақ, қарлұқ, қырғыз тілдес түркі тайпалары деген тармақтарға бөлінсе де, бәріне ортақ өркениеті, мәдениеті бар, бір-біріне көп жағдайда әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, өмір сүру салты ұқсас келетін, түп тамыры, ділі, діні бір жекелеген ұлттық мемлекеттерге айналды» (Асқар және т.б.: 2015, 4).

Түркі тілдерін топтастыру М.Қашқаридан басталады. М.Қашқари түркі тілдерін географиялық қоныстануы бойынша бір жіктеп алады да, таза және араласқан (бұзылған) тілдер деп тағы топтайды. Географиялық орналасуы бойынша Румнан Синға дейінгі аймақта қоныстанған халықтар деп бөледі. «Рұм өлкесіне бәрінен жақын орналасқан тайпа бешенек, одан қалса қыпшақ, оғыз, иемек, башғырт, басмыл, қай, иабаку, содан татар, содан қырғыз тараптары. Қырғыздар Шынға жақын жайласқан. Бұл тайпалардың барлығы Рұм өлкесі жағынан шығысқа қарай осы ретпен созылып жатыр.

Содан шігіл, тохсы, иағма, ұғрақ, жарұқ, жомыл, ұйғыр, таңғұт, хытай. Қытай өлкесі Шын деп аталады. Одан соң табғаш, оны Машын дейді (Қашқари, 54).

Сонымен бірге М.Қашқари таза тіл мен араласқан тілдің сипаттарын ашып көрсетеді. «Ең ашық-айқын әрі тура-түзу тіл – тек сол бір ғана тілді біліп, парсылармен араласпайтын және шет өлкелермен барыс-келіс жасамайтын кісілердің тілдері. Екі тіл білетін және шахарлармен араласып қалған кісілердің тілінде бұзықтық бар. Соғдақ, кенжек, арғу тайпалары сондай екі тіл білетіндерге кіреді. Шетелдіктермен араласатын және қалалықтармен араласатын хотан, түбіт халықтары мен таңғұттардың бағзылары сондай. Бұлар түріктер еліне кейінірек келгендер (Қашқари, 55). М.Қашқари тілдердің ең жеңілі оғыз тілі деп, ең түзуі, турасы тоғсы мен иағма тілдері деп көрсетеді. Сонымен бірге Іле, Ертіс, Иамар, Еділ бойларынан ұйғыр шаһарларына дейінгі түркі тілдерін жақсы тіл деп түсініктеме береді.

Батыс ғалымдарынан алғаш болып түркі тілдерін топтаған А.Ремюза болатын:

1. Якут тобы – саха тілі
2. Ұйғыр тобы – ұйғыр, шағатай, түрікмен тілдері
3. Ноғай тобы – Қырым-Астрахан төңірегіндегі татарлар тілі
4. Қырғыз тобы – қырғыз, қазақ тілдері
5. Түрік тобы – чуваш тілі. А.Ремюза өз топтастыруында түркі халықтарының қоныстануы және тұрмыс-тіршілігіне байланысты қосымша мәліметтер ұсынған. Дегенмен бұл топтастыру – түркі тілдерін толық қамтымағанын байқаймыз.

Келесі бір топтастыру В.В.Радловтың топтастыруы. В.В.Радлов түркі тілдерін 1) шығыс тобы; 2) батыс тобы; 3) Орта Азия тобы; 4) Оңтүстік тобы деп 4 топқа бөлді. Бұл топтастыру түркі тілдес халықтардың қоныстануы және фонетикалық ерекшеліктерін негізге алған. Шығыс тобына Алтай, Барабин, Обь, Енисей, түркілері мен шұлым татарларының тілін, қарақас (тофалар), хақас, шор, тыва тілдерін жатқызады. Бұл топтың негізгі фонетикалық ерекшеліктері: «1) /и/ (i) дыбыстарының болуы; 2) /о/ дауысты дыбысының өзінен кейінгі қысқа дауысты дыбыстарға ықпалының бәсеңдігі; 3) /ө/ дауысты дыбысының өзінен кейінгі қысқа дауысты дыбыстарға күшті ықпал етуі; 4) түбір сөздердің қатаң дауыссыздардан болуы (бас деудің орнына пас); 5) /ш/, /т/ дыбыстарына аяқталатын түбірлерге дауысты дыбыстан басталатын қосымша қосылса, олардың ұяңға айналуы (тиш + и – тижі; тут + ар – тудар); 6) сөз соңындағы қатаң п, қ, к дыбыстарының дауысты дыбыс алдында ұяңдануы; 7) л дыбысының әрі ұяң, әрі қатаң айтылатын нұсқалары болуы; 8) сөз құрамында мұрын

жолды дауыссыздар болған жағдайда сөз басындағы б дыбысы да мұрын жолды дыбысқа айналуы» (Қайдар, Оразов: 2004, 193).

Батыс тобына Батыс сибір татарларының тілін, Еділ татарларының тілін, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, татар тілдерін жатқызады. «Бұл топтағы тілдердің фонетикалық ерекшеліктеріне: 1) сөз басында қатаң дауыссыздардан /к/, /к/, /т/ және /п/ дыбыстары қолданылады (гүн орнына – күн); 2) сөз басында ұяң /б/ дыбысы қолданылады (пас орнына – бас); сөз соңында үнсіз дауыссыздар қолданылады; 4) сөз басында /д/ дыбысы қолданылады; 5) сөз соңындағы қатаң дауыссыздың дауысты дыбыстың алдында тұрып ұяңға айналады (кітап – кітабы, етік – етігі); сөз соңындағы /т/ дыбысы дауысты дыбыстан басталған қосымша алдында өзінің қатаңдық қасиетін сақтайды; 7) /л/ (жуан) және /л/ (жіңішке) дыбыстарын ажыратады; 8) /с/, /з/, /ш/ дыбыстары сөздің барлық позициясында қолданылады; 9) с-ш, ч-ш, ч-ц дыбыстарының сәйкес келуі (қырғызша таш, қазақша тас); 10) э-и, ө-ү, о-у дыбыстарының өзара сәйкес келуі (қырғызша қол, татарша құл)» (Қайдар, Оразов: 2004, 194).

В.В.Радлов бойынша түркі тілдерінің үшінші тобы Орта Азия. Бұл топқа өзбек және ұйғыр тілдерін жатқызады. «Олардың мынадай ерекшеліктерін көрсетеді: 1) еріндік /о/, /ө/ дыбыстары түбір сөздің бірінші буынында қолданылуы; 2) /ы/ және /и/ (и) дыбыстары өзгеріске ұшырайды; 3) сөз соңында ұяң дауыссыздар қолданылады; 4) сөз соңындағы -ығ көрсеткіші -ық нұсқасымен ауыстырылады (ұйғырша серик, өзбекше сорық); 5) етістіктің түбіріндегі /к/, /п/ қатаңдары дауысты дыбыстың алдында тұрып ұяңданбайды (қырғызша чығат орнына чықады); 6) /л/ мен /л'/ дыбыстарының конвергенциясы байқалады, т.б. Осы группа ішінде тараншы тілін (Құлжа, Іле өлкесін мекендейтін түркі халқының тілін) жеке топ етіп береді. Шын мәнісінде тараншылар да – ұйғырлар.

Төртінші етіп оңтүстік топты көрсеткен. Бұл топтың құрамына түрікмен, әзірбайжан, оңтүстік және Қырым татарларының кей говорларын қосқан. Бұлардың өзіндік белгілері ретінде 1) /о/, /ө/ дауыстылары тек бірінші буында қолданылады; 2) /ы/ және /и/ (и) дыбыстары бір-бірінен ажыратылды; 3) қосымшалардағы қысаң дауыстылар еріндік дауыстыларға айналады; 4) кірме сөздер өте көп болғандықтан дауысты дыбыстардың буын үндесуі (сингармонизм) толық сақталмайды; 5) сөз басында /д/, /г/ дыбыстары көп қолданылады; 6) сөз соңындағы /ч/ және /т/ дыбыстары өзінен кейін келген дауыстылардың ықпалымен /дж/ және /д/-ға өтеді (түрікменше ач+ы – аджы, эт+ер – едер) деп көрсетеді» (Қайдар, Оразов: 2004, 194).

Келесі топтастыру Ф.Коршқа тиесілі. Ғалым түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып, солтүстік, батыс, шығыс және аралас деп топтастырады. Автор фонетикалық ерекшелік ретінде ашық дауыстылардан кейін /ғ/ дыбысының /у/-ға алмасу мүмкіндігін ескерген (тағ – тау), сонымен бірге қосымшалардың басында және сөз соңында қысаң дауыстыдан кейін /ғ/, /г/ дыбысының қолданылуы не қолданылмауына назар аударған (-ған > -ан: қалған > қалан, сарығ>сары). Ф.Корштың түркі тілдерін топтастыруы:

1) Солтүстік тобында сөз соңында /ғ/ дыбысы /у/-ға алмасқан, соның нәтижесінде кей тілдерде созылыңқы айту қалыптасқан: тағ – тау – тоо (қырғызша) – туу (чувашша). Бұл топқа қазақ, алтай (ойрат), қырғыз, қарашай, ноғай, татар, башқұрт т.б. жатады.

2) Батыс тобына түрікмен, түрік, әзірбайжан, гагауыз т.б. тілдерді енгізген. Бұл топта сөз соңында ғ дыбысын сақтап қалған (тау орнына тағ).

3) Шығыс тобында да ғ дыбысы сақталып қалған (тағ). Бұл топқа көне орхон, көне ұйғыр, шағатай, қыпшық (половец), қарағас т.б. тілдерді жатқызған.

4) Аралас топқа чуваш, саха тілдерін кіргізеді.

В.В. Радловтың, Ф. Корштың топтастырулары түркітанудағы алғашқы жіктеу болып саналады. Сондықтан бұл топтастырулардың кемшілігі болуы заңды. Дей тұрғанмен де аталмыш топтастырулар өзінен кейінгі ғалымдарға жақсы жол нұсқаушы бола білгендігі белгілі.

А.Н. Самойлович болса түркі тілдеріндегі алты сөздің (тоғыз, аяқ, бол, тау, сары, қалған) фонетикалық, морфологиялық белгісіне негізделе отырып, оларды алты топқа бөледі.

I. Р – тобы немесе бұлғар, чуваш тобы: 1) тыхыр (тоғыз), 2) ура (айақ, р>з>й, у>а), 3) пул (бол, етістік), 4) тау//ту (ағу), 5) сары (ғ-о), 6) қалан // йулна.

II. Д – тобы, ұйғыр немесе Солтүстік шығыс тобы: 1) токуз, 2) адак//азақ, 3) пол, 4) тағ, 5) сарығ, 6) қалған негізгі белгілері жағынан бұл топ алдыңғы топқа қарама-қарсы деуге болады. Бұған Орхон-Енисей жазбаларының тілі, көне ұйғыр тілі, қарағас, салар, тыва, сары ұйғыр, шор, хакас тілдері жатады.

III. Тау тобы, қыпшақ немесе солтүстік батыс тобы: 1) тоғыз, 2) афак, 3) бол//бул, 4) тау, 5) сары, 6) қалған. Бұл топқа қазақ, ноғай, татар, башқұрт, құмық, қарашай, балқар, қарайым тілдері кіреді.

IV. Тағылық тобы, шағатай, оңтүстік-шығыс тобы: 1) тоқуз, 2) аяқ, 3) бол, 4) тағ, 5) сарық, 6) қалған. Бұған көне шағатай, Қытай Түркістаны тілдері, өзбек, қара татарлар (Сібірлік) тілдері жатқызылады.

V. Тағлы тобы, қыпшақ-түрікмен немесе орта топ, айырым белгілері: 1) тоқуз, 2) аяқ, 3) бол, 4) тағ, 5) сары, 6) қалған. Өзбек тілінің хорезм говору жатады.

VI. Ол тобы, түрікмен, немесе оңтүстік-батыс тобы: 1) доқуз, 2) аяқ, 3) ол, 4) дағ, 5) сары, 6) қалан. Бұл топқа түрікмен, әзірбайжан, түрік тілдері жатқызылады (Қортабаева: 2016, 14).

Түркі тілдерінің топтастырылуы дегенде көпшілік зерттеушілер Н.А.Баскаковтың жіктемесіне тоқталады. Ғалым түркі халықтары тарихын негізге ала отырып топтастырған. Бұл топтастыруды жасағанда автор тілдің тарихы сол тілде сөйлейтін халықтың тарихымен тығыз байланысты деген ұстанымды ұстанған. Н.А.Баскаковтің топтастыруын баға бере отырып, Н.З.Гаджиева тіл тарихы әрқашан да халық тарихымен қабыса бермейтініне айтқан болатын. Соған қарамастан көпшілік түркітанушылар Н.А.Баскаковтың топтастырылуына жоғары баға берген.

Ғалым ең алдымен түркі тілдерін батыс ғұн, шығыс ғұн деп екі тармаққа жіктеп алады. Батыс ғұнды төрт топқа бөледі: бұлғар, оғыз, қыпшақ, қарлұқ. Ал шығыс ғұн тармағын ұйғыр-оғыз, қырғыз-қыпшақ деп екі топқа бөледі.

Батыс ғұн бұтағы:

I. Бұлғар тобы Бұл топқа көне бұлғар, хазар тілдерін және чуваш тілін жатқызады.

II. Оғыз тобы іштей үш топқа бөледі: оғыз-түрікмен, оғыз-бұлғар, оғыз-селжүк.

1) Оғыз-түрікмен тобына М.Қашқари сөздігінде көрсетілген оғыздар мен түрікмен және Кавказдағы түрхмен тілін жатқызады.

2) Оғыз-бұлғар тобына көне печенег, үз, гагауыз тілдері жатады.

3) Оғыз-селжүк тобына көне селжүк, көне осман тілі және қазіргі әзірбайжан, түрік тілдері кіреді.

III. Қыпшақ тобы

1) Қыпшақ-половец тобы. Бұл топқа көне қыпшақтар, құмандар тілі және қазіргі тілдерден қарашай-балқар, құмық, қырым татарларының тілі енеді.

2) Қыпшақ-бұлғар тобына орта ғасыр батыс Алтын Орда әдеби тілі және қазіргі татар, башқұрт тілдері жатады.

3) Қыпшақ-ноғай тобы. Бұл топқа қазақ, ноғай, қарақалпақ, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі (ж-мен сөйлейтін) енеді.

IV. Қарлұқ тобы

1) Қарлұқ-ұйғыр тобына қарлұқ-хорезм, шығыс Алтын Орда тілі, көне өзбек тілі және қазіргі өзбек, ұйғыр тілдері жатады.

Шығыс ғұн бұтағы

I. Ұйғыр-оғыз тобы

1) Ұйғыр-тукою тобы: Орхон-Енисей жазбасының тілі, көне ұйғыр тілі, қазіргі тілдерден тыва, карағас (тофа) тілдері кіреді.

2) Саха-якут тобы: якут тілі.

3) Хакас тобы: хакас тілі, қамасын, шор тілдері, кюэрих, алтай тілінің сарлұқ диалектісі енеді.

II. Қырғыз-қыпшақ тобы. Бұл топқа ескі қырғыз тілі, қазіргі қырғыз тілі, алтай тілі, телеуіт тілі жатады.

Түркі тілдес халықтардың көршілес орналасуы, олардың тарихи жақындығы, тілінің бір негізден тарағандығы т.б. негізгі туыстық белгілер өзара қабысып жататынын біз түркі тілдерінің топтастырылуынан да байқаймыз. А.Аманжолов түркі тілдерінің жіктеген ғалымдар, ондағы ұстанымдар жайында: «Бір-біріне етене жақын түркі тілдерінің жіктелуіне келсек, мұнда бірнеше жүйелеу принципін қолданатынын білеміз. Мысалы, тарихи, географиялық, фонетикалық және фонетика-морфологиялық. Түркі тілдерінің осы күнге дейінгі ұсынылған классификацияларында (И.Н.Березин, В.В.Радлов, Ф.Е.Корш, А.Н.Самойлович, В.В.Богородицкий, С.Е.Малов, Н.А.Баскаков, И.Бенцинг, К.Менгес, А.Дж.Емре, М.Ергин) сыңаржақтылық кемістік пен жетілмеген жерлер бар. Мұнда түркі тілдерінің диалектілері мен даму тарихы ескерілмеген» (Аманжолов: 2012, 69) – деген пікірін ортаға салады.

Қазіргі түркі тілдерінің әдеттегі шартты жіктелуін А.Аманжолов төмендегіше көрсетеді:

1) Оңтүстік-батыс – түрік, әзірбайжан, түрікмен, гагауыз, өзбек тілінің оғыз диалектісі.

2) Солтүстік-батыс – қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қарашай-балқар, құмық, қырғыз, алтай және т.б. тілдер, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі.

3) Оңтүстік-шығыс – жаңа ұйғыр, өзбек тілдері.

4) Солтүстік шығыс тобы – якут (атах), тыва (адақ), сары ұйғыр мен хакас (азақ) тілдері, мұндағы т-д-з дыбыстары көптеген (чуваштан басқа) тілдерде й дыбысына айналады (аяқ/аяқ).

5) Бұлғар немесе Р тобындағы чуваш тілі (ура – аяқ, тахар – тоғыз) (Аманжолов: 2012, 70).

Түркі тілдерінің топтастыруда фонетикалық ұстанымға сүйенген түрік ғалымы Т.Текин. Ол түркі тілдеріндегі дыбыс алмасуының алты түрі негізінде өз топтастыруын жасаған. Сондай-ақ ғалым түркі тілдерінде топтастыруда өлі тілдерді қоспау керек деген ойын айтады. Автор түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктеріне сүйене отырып он екі топқа жіктейді (2-кесте):

2-кесте

Т.Текиннің түркі тілдерін топтастыруы

I	Чуваш тілі (<i>p~л</i>)
II	Халаж (<i>hаdағ</i>)
III	Саха тілі (<i>атах</i>)
IV	Тыва (<i>аdағ</i>)
V	Хакас (<i>азағ</i>), орта чулым, морас, сары ұйғыр
VI	Солтүстік алтай диалектісі, кондон (<i>тағлық</i>)
VII	Алтай тілінің оңтүстік диалектісі (<i>тұлу</i>)
VIII	Қырғыз тілі (<i>толу</i>)
IX	Өзбек тілі (<i>оғыз</i>), жаңа ұйғыр тілі (<i>егиз</i>)
X	Қазақ, қарақалпақ, башқұрт, татар, қарашай-балқар, ноғай, қарайым, қырым татар
XI	Салар тобы (<i>тағлы</i>)
XII	Түрікмен, хорасан, әзірбайжан, түрік, гагауыз тілдері

Этнолог жобасы (ethnologue.com) түркі тілдерін 6 топқа жіктейді.

1) Ұрым тілі (Грузиядағы түркі тілі)

2) Бұлғар – чуваш тілі

3) Шығыс – айну, шағатай, іле түркі, ұйғыр, солтүстік өзбек (Өзбекстан), оңтүстік өзбек (Ауғанстан), югур тілдерін жатқызады.

4) Солтүстік – солтүстік алтай, оңтүстік алтай, долған, қарағас, хакас, шор, тыва, якут тілдері кіреді.

5) Оңтүстік – қырымтатар, қашқай, халаж, салар және әзірбайжан, түрік, түрікмен топшаларына жіктеген. Әзірбайжан топшасы іштей солтүстік әзірбайжан (Әзірбайжан), оңтүстік әзірбайжан (Иран), салжұқ тілдерінен түрік топшасы – балқан гагауыз (Түркия), гагауыз, хорасан, түрік тілдерінен, түрікмен топшасы – түрікмен тілінен тұрады.

6) Батыс – Арал-Каспий, Понто-Каспий, Орал атты топшаларға жіктеген.

Арал-Каспий топшасына қазақ, қарақалпақ, қырғыз, ноғай тілдері, Понто-Каспий – қарашай-балқар, қарайым, қырымшак, құмық тілдері, Орал – башқұрт, чұлым, сібір татарлары, татар тілдеріне жіктейді (<https://www.ethnologue.com/subgroups/turkic>).

Алайда жоба авторлары топтастыру ұстанымдарын көрсетпеген. Алайда, бұл топтастыруға тарихи, тілдік т.б. мәліметтермен қатар, түркі тілдерінің қазіргі геосаяси фактілері негіз болғаны байқалады. Өйткені өзбек, әзірбайжан тілдерінің екіге бөлініп көрсетілуі, Түркиядағы гагауыздардың Молдовадағы гагауыздардан бөлек көрсетілуі осыны аңғартса керек (<https://www.ethnologue.com/subgroups/turkic>).

Жүргізілген топтастырулардың бәрінде жанама түрде болса да халықтардың географиялық орналасуы ескерілгенін байқаймыз. Тілдік ерекшеліктер де, тарихи жақындық та географиялық жақтан бірыңғай қоныстануымен тікелей байланысты болатынына жоғарыдағы топтастырулар арқылы көз жеткіземіз. Мақалада қазіргі түркі тілдерін топтастырудың тарихына шолу жасалып, ғылымға қосқан үлесі, оларға қазақ ғалымдарының берген көзқарасы айтылды. Әр топтастыруға негіз болған ұстанымдар, бағыттар сипатталды. Соның нәтижесінде тілдік ерекшеліктер негізінде топтау жасаған В.Радлов, Ф.Корш, А.Самойлович, Т.Текин сынды ғалымдар түркі тілдерінің дыбыстық және морфологиялық белгілерін басшылыққа алғаны білінді. Сондай-ақ, географиялық (М.Қашқари), тарихи (Н.Баскаков), саяси-географиялық (ethnologue.com) ұстанымдар негіз болған топтастырулардың бар екені көрсетілді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – 360 б.
2. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы, «Арыс», 2009. – 312 б.
3. Асқаров Н., Исхан Б.Ж., Зайсанбаев Т.Қ., Мәтбек Н.Қ., Оспанова Б.Р., Сабыр М.Б. Түркі тілдері. – Астана, 2015. – 456 б.
4. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): Қазақ тіліне аударған А.Егеубай. – Алматы: Хант.
5. Қортабаева Г.Қ. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы: – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 302 б.
6. Аманжолов А.С. Түркі филологиясының негіздері. Алматы: Мектеп, 2012. – 344 б.
7. <https://www.ethnologue.com/subgroups/turkic>.

А. БИСЕНҒАЛИ

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Терминология орталығының аға ғылыми қызметкері
Алматы, Қазақстан*

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ТЕРМИНДЕНУ ҮДЕРІСТЕРІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ (ТЕРМИНЖАСАМДЫҚ) ОРТАҚТЫҒЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі терминжасам үдерістері өзара салыстырылып, ортақ тұстары мен айырмашылықтары анықталып, көрсетілді. Зерттеуге қажетті тілдік материалдар 1995-2023 жылдар арасындағы қазақ және түрік баспасөз беттерінен жинастырылды.

Тірек сөздер: терминжасам, жаңа сөздер, жаңа атаулар, сөз тудыру тәсілдері.

Аннотация. В статье сравниваются процессы терминообразования в современном казахском и турецком языках, выявляются и отражаются их общие черты и различия. Языковые материалы, необходимые для исследования, были собраны со страниц казахской и турецкой прессы в период с 1995 по 2023 год.

Ключевые слова: терминообразование, новые слова, новые наименования, способы образования слов.

Annotation. The article compares the processes of term formation in modern Kazakh and Turkish languages, identifies and demonstrates common points and differences. The necessary language materials for the study were collected from the pages of the Kazakh and Turkish press between 1995 and 2023.

Keywords: term formation, new words, new names, ways of forming words.

Тілдік жүйенің ең жанды бөлігі лексика жаһандану мен ғылыми-техникалық жетістіктер қарқынды дамып отырған осы дәуірде тілімізге күнделікті көптеп еніп жатқан жаңа атаулар өктемдігіне ұшырап отыр. Бұл үрдіс қазіргі қазақ және түрік тілдерінде де жаңа сөзжасам, терминжасам үдерістерінің күшеюіне түрткі болуда.

Қазіргі қазақ және түрік тілдерінде жаңа сөз тудыру негізінен мынадай жолдармен жасалуда:

1. Аффикстер арқылы
2. Түбірлерді біріктіру
3. Сөз қосарлау
4. Сөз тіркесі
5. Бұрынғы сөзге жаңа мағына жүктеу
6. Калькалау
7. Сөз қысқарту
8. Будан (гибрид) атаулар.

Қазіргі түркі тілдеріндегі осы тәсілдер негізіндегі терминжасам үдерісінің қысқаша сипатын төмендегідей көрсетуге болады.

1. Аффикстер арқылы сөз тудыру (синтетикалық тәсіл). Екі тілде қолданылып жүрген жаңа сөздердің көбісі сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалғаны байқалады. Өйткені бұл тәсіл өте өнімді

әрі сөз тудыру үдерісінде маңызды рөл атқарады. Соңғы 40-45 жылда туыстас қазақ және түрік тілдерінде жаңа сөздерді тудыруда өнімділік танытып жүрген аффикстердің көбісі бірдей. Сондықтан оларды кесте түрінде көрсетуді жөн көрдік.

қазақ тіліндегі негізгі сөз тудырушы аффикстер	түрік тіліндегі негізгі сөз тудырушы аффикстер
-ма/-ме/-ба/-бе/-па/-пе: <i>қаптама, кепілдеме, сызба, тізбе, аңдатпа, ілеспе</i> т.б.	-ma/-me: <i>soruşturma, özelleştirme</i> т.б.
-шы/-ші: <i>бопсалаушы, демеуші</i> т.б.	-cı/-ci/-cu/-cü/-çı/-çi/-çu/-çü: <i>savcı, girişimci, solcu, sözcü, sanatçı, çiçekçi, tostçu, çöpçü</i> т.б.
-ша/-ше: <i>алаңша, белдемше</i> т.б.	-ca/-ce/-ça/-çe: <i>başlıca, kaynakça, dilekçe</i> т.б.
-м/-ым/-ім: <i>тоқтам, салым, түсім</i> т.б.	-m/-im/-im/-um/-üm: <i>işlem, tarım, seçim, tutum, bölüm</i> т.б.
-с/-ыс/-іс: <i>тапсырыс, үдеріс</i> т.б.	-ış/-iş/-uş/üş: <i>alışveriş, buluş, görüş</i> т.б.
-лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік: <i>жемқорлық, іскерлік, көнімпаздық, белсіздік, ықпалдастық, лаңкестік</i> т.б.	-lık/-lik/-luk/-lük: <i>kaçakçılık, çiftçilik, yolluk, günlük</i> т.б.
-қы/-кі/-ғы/-гі: <i>су қашыртқы, есірткі, қондырғы, сүзгі</i> т.б.	-gi/-gi/-gu/-gü/-ki/-ki/-ku/-kü: <i>algı, vergi, sorgu, görgü, baskı, tepki, düşkü</i> т.б.
-кер/-гер: <i>банкер, бітімгер</i> т.б.	-ar/-er/-ır/-ir/-r: <i>yazar, gider, gelir, okur</i> т.б.
-ман/-мен: <i>шабарман, мәжілісмен</i> т.б.	-man/-men: <i>danışman, gözetmen</i> т.б.
-лас/-лес/-дас/-дес/-тас/-тес: <i>сыбайлас, пікірлес, құрамдас, жемдес, сұхбаттас, әріптес</i> т.б.	-daş/-deş/-taş/-teş: <i>vatandaş, türdeş, veslektaş, sesteş</i> т.б.
-хана: <i>наубайхана</i> т.б.	- hane: <i>yazıhane</i> т.б.

2. Түбірлерді біріктіру (аналитикалық тәсіл).

Аналитикалық сөзжасамдық тәсіл – тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл. Ол көпшілік тілдердің сөзжасамында орын алады. Аналитикалық тәсіл дегеніміз екі я онан да көп сөзден бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуы.

Қазақ тіл біліміндегі осы мәселеге қатысты зерттеулер нәтижесіне сай қазақ тілінде сөздер төмендегі жолдармен бірігіп, жаңа атаулар пайда болады:

1) тілдік әдістерді тиімді пайдалануға ұмтылу нәтижесінде изафеттік тіркестер біріккен сөзге айналады. Мысалы: атазаң (ата заңы), елтаңба (ел таңбасы), жолсерік (жол серігі) т.б.

2) Анықтауыш + бастауыш тіркестерінің көбі уақыт өте келе біріккен сөзге айналады. Мысалы: сенімхат, жеделхат, тұсқағаз, мекенжай, зейнетақы т.б.

3) Үнемі бірге қолданылатын тұрақты тіркестер бара-бара біріккен сөздерге айналады. Мысалы: халықаралық, қолжазба, келісімшарт, көркемөнер, қолхат, біртұтас т.б.

Біріккен сөздер, біріккен компоненттердің арақатынасы мен ішкі мазмұны жағынан екіге бөлінеді:

1) біріккен сөздердің екі компоненті де бастапқы формаларын да, мағыналарын да түп-түгел сақтап, жинақталып бірігу арқылы біртұтас лексикалық-семантикалық тұлға ретінде қалыптасады.

Мысалы: Ақорда, елбасы, елорда, дереккөз, жолсерік, аспансерік, әскербасы, елтаңба, әнұран, сенімхат, алғысхат, қолхат, қолдаухат, зейнетақы, еңбекақы, жәрдемақы, жолақы, пәтерақы, сыйлықақы, шәкіртақы, тілашар, алғышарт, айыппұл, ғаламтор, екіжақты, келісімшарт, тікұшақ, бейнефильм, бейнекөрініс, бейнебақылау, бейнетүсірілім, белгітас, аяқдоп, бетмай, ғаламшар, жанармай, жеделсаты, жеделхат, күнтізбе, қолжетімді, құлаққап, оққағар, отшашу, тосынсый, төлқұжат, төсбелгі, ұлтжанды, ұнтаспа, ұнқағаз, ықшамаудан, мөлтекаудан, іссапар, бәссауда, келіссөз, көшбасшы, мерейтой, пікірталас, қолтаңба, жанұя, пернетақта, қоларба, өнертапқыш *т.б.*

2) біріккен сөздердің кейде екі компоненті, кейде біреуі әрі мағынасынан, әрі дыбыстық жағынан екі жақты өзгеріске ұшырап, тұтас тұлға ретінде қалыптасады. Осы ерекшелігіне қарай біріккен сөздердің бұл түрі кейде кіріккен сөздер деп те аталады. Мысалы: бүгін (бұл+күн), ағайын (аға+іні), білезік (білек+жүзік), қолғап (қол+қап), орынбасар (орнын+басар), жаздыгүні (жаздың+күні) *т.б.*

Кіріккен сөздер – құрылымы тарихи даму барысында танымастай өзгеріп кеткен біріккен сөздер. Яғни, бұл сөздер тілдік қорда ұзақ уақыт бойы қалыптасады. Сондықтан, жаңа қолданыстар арасында кіріккен сөздер көп кездеспейді.

Түрік тіліндегі сөз біріктіру тәсілдері.

Түрік тілінде де сөздердің бірігуі арқылы көптеген жаңа сөздер жасалуда. Бұл тәсілмен жаңа сөз тудыру әсіресе 1940 жылдардан кейін қолданыла бастап, 1970 жылдары кеңінен таралды [1, 165 б.].

Мысалы: *bilirkişi* – сарапшы; *milletvekili* – депутат; *güvenoyu* – сенім вотумы; *başbakan* – премьер-министр; *başbayan* – елбасы жұбайы; *başkent* – астана; *özçekim* – селфи; *gökdelen* – көп қабатты үй; *işbirliği* – ынтымақтастық; *işveren* – жұмыс беруші; *altyapı* – іргетас; *arabulucu* – арашы; *başkent* – астана; *bilgisayar* – компьютер *т.б.*

Қазіргі қоғамдық-әлеуметтік заманауи үдеріс кеңістігінде қазақ және түрік баспасөзі беттерінен жинақталған тілдік деректерге қарап, екі тілде де сөздерді біріктіру арқылы көптеген жаңа сөздер жасалу қарқыны күшейгені байқалады.

3. Сөз қосарлау (аналитикалық тәсіл).

Қазақ және түрік тілдерінде бұл тәсілмен жасалған жаңа сөздер алдыңғы екі тәсілге қарағанда әлдеқайда аз. Мысалы: *kөші-қон* – миграция, *ал-ауқат* – благосостояние, *ойын-сауық* – развлекательный, *арыз-тілек* – петиция, *тепе-теңдік* – паритет, *өлім-жітім* – смертность, *келісім-шарт* – договор, *іс-шара* – мероприятие *т.б.*

Түрік тіліндегі сөздерді қосарлау тәсілі. Түрік тілінде бұл тәсілмен жасалған жаңа сөздер аз. Сонымен қатар, соңғы кезде түрік тілінде қос сөздерді арасындағы сызықшасыз, не біріктіріп жазу үрдісі пайда болғаны байқалады.

Мысалы: *Alış-veriş* – шоппинг, сауда; *Tatilya çevresine 25 katlı bir otel, alış-veriş merkezi ve Bayındır Tıp Merkezi* уарılacak (Hürriyet, 23.08.97).

Бұл 1997 жылғы баспасөзден алынған мысал. Мұнда *alış-veriş* сөзінің арасында сызықша бар.

Ал келесі екі мысал осы газеттің 2015 жылғы сандарынан алынған. Біріншісінде әлгі сөз арасындағы сызықшасыз жазылса, ал екіншісінде бірігіп жазылған.

Toplantı odaları ve 3 bin metrekarelik alış veriş merkezi ile sakinlerine hareketli ve prestijli yaşam olanağı sağlamayı taahhüt ediyor (Hürriyet, 15.05.2015).

Capacity Alışveriş Merkezi'nin Uçak Simülatörü ile heyecanlı bir uçuş sizi bekliyor (Hürriyet, 21.05.2015).

2023 жылғы баспасөз беттерінен де бұл сөздің бірігіп жазылып жүргенін көреміз.

Yeni iş ve projeler için toplantı yapan çift, sonrasında da mağazaları dolaşır alışveriş yapmayı ihmal etmedi (Sabah, 26.07.2023). *Son yıllarda internet alışverişlerinin artmasıyla tüketiciler, üreticiler ve taşıyıcı firmalar arasında birçok anlaşmazlık meydana geliyor* (Vatan, 25.09.2023).

Қазақ тілі қос сөздерге бай тіл болғанымен, 90-шы жылдарға дейін бұл әдіспен жаңа сөз тудыру өте сирек кездесетін. Кезінде ол негізінен орыс тілінің әсерімен, аударма негізінде пайда болған. Бірақ, соңғы жылдары қазақ тілінде сөзжасам үдерісінде бұл тәсіл арқылы да жаңа сөз тудырудың жандана бастағаны байқалады. Ал қазіргі түрік тілінде қос сөздерден жасалған жаңа сөздер мүлдем кездеспейді деуге де болады.

4. Тіркесу (аналитикалық тәсіл).

Бұл тәсілмен қазақ тілінде де, түрік тілінде де жасалған ұлттық баламалар өте көп. Қазақ баспасөзінен жинақталған екі-үш сыңарлы мына тіркескен сөздер сөзімізді дәйектей түседі: *есеп айырымы, банк шоты, құнды қағаз, кедендік одақ, қолма-қол ақша, салауатты өмір салты, сенім телефоны, сыбайлас жемқорлық, тапсырыс беруші, ұялы байланыс, ұялы телефон, үлгі шарт, шаруа қожалығы, шеберлік сыныбы, қауіпсіздік белдігі, келісімді баға, бас банк, аудиторлық тәуекел, теңге бағамы, жылжымалы*

мүлік, жылжымайтын мүлік, қайырымдылық көмек, еркін экономикалық аймақ, ниет хаттамасы, сауда желісі, сауда орталығы, бөлішек сауда, ақылды үй т.б.

Түрік тіліндегі сөздерді тіркестіру тәсілі. Түрік баспасөзінде де осы тәсілмен жасалған жаңа атаулар баршылық: *yönetim kurulu* – басқарма, *basın toplantısı* – баспасөз маслихаты, *belediye başkanı* – әкім, *büyükelçi* – елші, *hisse senedi* – акция, *dizüstü bilgisayar* – ноутбук, *havaalanı* – әуежай, *bilirkişi* – сарапшы, *yaıınevi* – баспахана, *yıldönüm* – мерейтой, *yüzölçüm* – аудан т.б.

Терминжасаудағы өнімді тәсілдің бірі сөзтіркестіру болып саналады. Ғұламағалым А.Байтұрсынұлы мұны өте тиімді пайдаланған. Құрамы бір компонентті терминдер ойдан шықпай жатқан тұста, ол екі не үш компоненттен тұратын сөз тіркесін жасаудың да үлгілерін көрсетті. Осы тәсілмен жасалған терминдер санының қазіргі таңда қарыштап дамуы бұл заңдылықтың негізін дәлелдейді.

5. Бұрынғы сөзге жаңа мағына жүктеу.

Семантикалық тәсіл – терминжасамның негізгі тәсілдерінің бірі ретінде терминологиялық лексика қабатының толығы, байи түсуіне үлкен септік жасайтын негізгі амалдардың бірі. Осы тәсіл арқылы жасалған терминдер *тіл-ұлт* секілді танымдық сабақтастыққа негізделеді.

Қоғамдық-әлеуметтік жаңғыру кеңістігінде көнерген сөздер терминжасамның өзекті де құнарлы көзі ретінде танылып, термин шығармашылығында іске жарай бастады. Бұл амал көбінесе сөзге нақты терминдік мән беруде пайдаланылады.

Бұл – кез келген тіл тәжірибесінде болып тұратын құбылыс. Мысалы, қарындас, пікір, ақсақал, сәулет; және ХХ ғасыр басында баспасөзде қолданылған айтыс, жарыс, құрал, сайлау, шәкірт, мүлік, жолдас, орталық т.б. сөздер қазіргі таңда қоғамдық-әлеуметтік лексика және салалық терминологияда жаңа мағынада өзектеліп, белсенді қолданылуда [2].

Сондай-ақ: жариялылық, сауаттылық, апталық, төрешілдік, ілгерішіл, қоғамдастық, теңгермешілдік, зайырлы, зиялы, ұсыныс, саясаткер, заңнама, заңгер, лаңкес, лаңкестік, кепілдік, отырыс, алаштық, жаһандану, жаһандық, егеменді, егемендік, елжанды, елжандылық, ғаламдану, құзыреттілік, кеден, орда, сарбаз, жасақ, қазы, сауыт, тұсаукесер, кіреуке сөздері де жаңа терминдік мағынаға ие болған байырғы тілдік бірліктер.

Түрік тіліндегі бұрынғы сөзге жаңа мағына жүктеу.

Анатолияның түрлі аймақтарынан жинақталып, қазіргі түрік тілі лексикасына еніп отырған басқа сөздер мен терминдер мыналар: *çalgın* (сал ауру), *yetik* (ғалым), *yolak* (жалғыз аяқжол), *yülgü* (ұстара), *utku* (жеңіс), *kalıklık* (кемшілік), *sergen* (витрина), *seki* (сәкі, терраса), *susak* (кружка), *yüzyıl* (ғасыр), *seçim* (сайлау), *konuk* (қонақ), *il* (шет аймақ), *ilçe* (аудан), *oran* (сәйкестілік), *yanıt* (жауап), *görkem* (көркем), *bilge* (данышпан), *erdem* (қасиет, абырой), *çağ* (дәуір), *erk* (күш-қуат, билік), *iye* (иегер), *kut* (құт), *üçün* (өнім) т.б.

Сонымен, терминжасамның бұл тәсілі – терминологиямыздың ұлттық сипатын арттыратын, тиімді тәсіл. Осы кезге дейін орыс терминологиясының көшірмесі болып келген қазақ терминологиясы енді тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін сарқа пайдалану арқылы қалыптасуда. Сондықтан шетелдік сөздерге жүгінуді қойып, термин қабылдағыш тілден нағыз ұлттық сипаттағы төл терминдерді жасайтын кез келді.

6. Калькалау тәсілі.

Қазіргі терминжасамда өте өнімді тәсілге айналып отырған калькалау тәсілі мәні әр заманда да тиімді қызмет атқарғаны белгілі. Аударма ісінің жандануына байланысты кеңес дәуіріндегі терминжасамда да бұл тәсіл өнімділік танытқан [3].

Бұл туралы академик Ә.Қайдар: «Калькалау – қазақ тілінде жаңа термин жасайтын жетекші және өнімді тәсілдердің бірі» деген болатын [4, 177 б.].

Қазіргі таңда калька жолымен жасалып, қазақ баспасөзінде шығып жүрген жаңа атаулар мыналар: таза табыс (чистая прибыль), *жылжымалы мүлік* (движимое имущество), *жылжымайтын мүлік* (недвижимое имущество), *бітімгерлік күштер* (миротворческие силы), *бейнетаспа* (видео пленка), бейнежазба (видео запись), *бейнебақылау* (видео наблюдение), *мүмкіндігі шектеулі адам* (человек с ограниченными возможностями), ауысым (смена), автотұрақ (автостоянка), жинақтаушы зейнетақы қоры (накопительный пенсионный фонд), бір терезе (одно окно), сенім телефоны (телефон доверия), тауарөндіруші (товаропроизводитель), жол-көлік оқиғасы (дорожно-транспортное происшествие), айлық есептік көрсеткіш (месячный расчетный показатель) т.б.

Түрік тіліндегі калькалау тәсілі.

Калькалау түрік тілінде де кең таралған құбылыс. Қазақ тілі негізінен орыс тілінің ықпалына ұшыраса, ал түрік тілі лексикасы ұзақ уақыт бойы араб, парсы, итальян, грек, француз, ағылшын, оңтүстік славян және басқа да еуропалық тілдердің әсеріне ұшырады.

Ең көп калькаға ұшыраған техникалық және ғылыми терминология: 1933 жылдан кейін шыққан жаңа сөздердің көбісі толық немесе жартылай калька болып табылады. Мысалы: *demir yol* – темір жол (французша «le chemin de fer») мен *gökdelen* – көп қабатты үй (ағылшынша «sky-riscer») толық калька-сөздер. Өйткені мұнда әр сөз аударылған.

Жартылай калькаға мысал: *vatansever* – отансүйгіш (парсыша «vatanperver»). Соңғы кезде бұл ұғым жиі-жиі *yurtsever* формасына өтіп, толық калькаға айналды. Яғни бірінші сөздегі *vatan* арабша сөзі *yurt* түрікше сөзімен алмастырылды.

Түрік баспасөзінде кездесетін басқа да калька-терминдер мыналар:

Mikrodalgalar – микро толқындар (ағылшынша «microwaves»); *anaokulu* – балабақша (французша «école maternelle»); *telsiz* – сымсыз, рация (ағылшынша «wireless»); *öli sezon* – өлі маусым (французша «morte saison»); *serbest bölge* – еркін аймақ (ағылшынша «free zone»).

Сонымен, калька арқылы тілде жаңа номинациялар пайда болады әрі терминжасам жүйесінде жаңа терминдер дүниеге келеді. Калька тәсілі алғашқы қазақ газеттерінен бастап қолданылып, қазақ қауымының бұрын ұғымында жоқ атауларды атауда, қолданыстағы төл сөздердің өрісін кеңейтіп, олардың сөзжасам саласындағы ерекше өнімділігін ашуда, жаңа номинациялық атаулар ретінде қолдануына өз септігін тигізді.

7. Сөз қысқарту тәсілі.

Аббревиация немесе қысқарту (сөз, буын не әріп қысқарту) амалдарының терминжасамда қолданылуы қазіргі жаһандану, интеграциялық заманда да жалғасуда. Бұл – қазақ тілінде ғана емес, өзге туыс тілдерде де тілдің коммуникациялық қызметі негізінде орыс тілі арқылы пайда болған жаңалықтардың бірі. Әсіресе ғылыми-техникалық ұғымдарды, түрлі мекеме, ұйым атауларын т.б. таңбалауға қатысты оның мүмкіншілігі кең екенін тілдік тәжірибе көрсетіп отыр. Оның тиімділігінің басты себебі, белгілі бір нәрсе туралы ұғымды барынша қысқа әрі үнемді білдіруге бейім тұратындығында, үнемдеуіш қасиетінде.

Түрік тіліндегі сөз қысқарту тәсілі. Түрік тілінде де ұйымдар, елдер, кітап-журнал т.б. атауларын қысқарту әр сөздің бірінші әрпін жазу арқылы жүзеге асырылады:

TBMM – Türkiye Büyük Millet Meclisi (Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі); *TDK* – Türk Dil Kurumu (Түрік тілі қоғамы); *TDED* – Türk Dili ve Edebiyatı Derneği (Түрік тілі мен әдебиеті бірлестігі).

Алайда, түрік тілінде кейде сөздердің, әсіресе соңғы сөздің бірнеше әрпін бас әріппен жазу арқылы қысқарған сөздердің жасалуында айырмашылық байқалады: *TÖMER* – Türkçe Öğretim Merkezi (Түрік тілін үйрету орталығы).

Бұл қысқарған сөзді жасауға алғашқы екі сөздің бас әрпі мен соңғы сөздің бірінші үш әрпі қатысып отыр.

Ал, кейде ортадағы сөздерден тіпті әріп алынбайды: *BOTAŞ* – Boru Hatları ile Petrol Taşıma Anonim Şirketi (Құбыр желісімен мұнай тасымалдау жөніндегі акционерлік қоғамы); *İLESAM* – İlim ve Edebiyat Eseri Sahipleri Meslek Birliği (Ғылыми және көркем туындылардың авторларының қауымдастығы).

Көріп отырғанымыздай, қазақ және түрік тілдерінде сөз қысқарту тәсілдерінде айырмашылық бар екен. Түрік тілінде кейбір қысқарған сөздерді жасауға алғашқы екі сөздің бас әрпі мен соңғы сөздің бірнеше әрпі қатысады. Ал, кейде ортадағы компоненттерден мүлде әріп алынбайды.

8. Будан (гибрид) атаулар. Ғалым-маман Ш.Құрманбайұлы терминдену үдерісі мен жаңа қолданыстарға қатысты будан атауларды атап көрсетеді. Будан атаулар дегеніміз не? Ғалым былай дейді: «Бір бөлшегі төл сөзіміз, екінші жартысы кірме сөз немесе шетелдік терминбөлшек болып келетін атаулар тілімізде көп емес еді. Бұрын радиохабар, телехабар деген сияқты аралас құрамды сөздер аз ұшырасатын болса, бүгінгі уақытта олардың саны күрт өсті. Бұл ерекше назар аударатын құбылыс. Будан атаулар санының бірден артуының лингвистикалық, экстралингвистикалық себептерін анықтап, олардың жасалу жолдарын, мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін көрсету өте маңызды іс. Мұндай жұмыстарды атқарып, тиісті талдау жасау үшін алдымен оларды түрлі салалардан жинақтап, жүйелеп алу қажет. Ғылым салаларында да будан атаулар саны артып келеді. Оларды да сала-сала бойынша жинап, терминжасамдағы үлесін, жасалу ерекшеліктерін анықтау керек» [5, 766-767 бб.].

Қазіргі қазақ баспасөзінде төмендегідей будан атаулар қолданылып жүр: теле – телеарна, теледидар, тележүргізуші, телекөрермен, телеойын, телехабар; бейне – бейнекамера, бейнемагнитофон, бейнеклип, бейнематериал, бейнефильм; еуро – еуроаймақ, еуроодақ; авто – автоапат, автобекет, автотектеп, автотұрақ, автожол, автожорық, автожүргізуші, автошеру, автомотокөлік; фото – фототілші, фотокөрме, фотокұжат, фотобайқау, фотоқадағалау, фотокөшірме; әуе – әуебилет, әуесерік, әуевоқзал; эко – экоөнім, экожоба, экоорталық; вело – веложарыс, велошеру, веложол, велосайыскер, велотұрақ,

велешабандоз; агро – агроқалашық, агросаясат; этно – этносаясат, этномәдениет, этнолингвистика, этнотаңба, этнотаным *т.б.*

Сондай-ақ: субкоржын, санэпидқадағалау, зообак, геосаясат, ксерокөшірме, мультинәтиже, инфракұрылым, кинобайқау, радиобайланыс *т.б.*

Баспасөз материалдарынан авто, авиа, агро, анти, аудио, вело, био, гео, еуро, зоо, инфра, кино, ксеро, макро, микро, метео, мульти, суб, теле, транс, фото, эко, этно секілді кең тараған терминбөлшектердің қатысуымен жасалған көптеген атаулардың екінші бөлігі ғана аударылып жүр. Тағы бір назар аударатын нәрсе – жаңа пайда болған будан атаулардың қазақшаға аударылып алынған екінші сыңарларының көпшілігі орыс сөздері: авиатransпорт – авиатасымал; аудиокнига – аудиокітап; микроуровень – микродеңгей; метеоборудование – *метеожабдық*; кинопроизводство – *киноөндіріс*.

Түрік тіліндегі будан атаулар.

Бұл жұмыста қарастырылып отырған уақыт мерзімінде түрікше будан атаулар көп кездеспейді. Мұның себебі, Түркияда тіл реформасы әлдеқашан болып, өтіп кеткендіктен көптеген шет елдік бөлшектер түрікшеге аударылып, таза түрікшелендірілген.

Мәселен, парсыша «үй» дегенді білдіретін *hane* жалғауы (*doğumhane, yatakhane, hastahane*) бара-бара *evi (doğum evi, ordu evi), yurdu (öğrenci yurdu)* және *ocak (sağlık ocağı)* деген таза түрікше жалғаулармен алмастырылды.

Сол сияқты, француз тілінен еніп, «өлшеу» деген мағынаны беретін *metre* сөзі уақыт өте келе дәл сол мағынаны білдіретін *ölçer* түрікше сөзімен алмастырылды: *süreölçer* (kronometre), *basınçölçer* (barometre), *akışölçer* (debimetre), *gerilimölçer* (voltmetre), *akımölçer* (ampmetre), *sıklıkölçer* (frequencymetre), *titreşimölçer* (vibrometre) *т.б.*

Француз тілінен алынып, «сызу» деген мағынаны беретін *graphe* сөзі біраздан кейін тура сол мағынадағы *çizer* түрікше сөзімен алмастырылды: *depremçizer* (sismographe), *işilçizer* (thermographie) *т.б.*

Парсы тілінен келіп, «әуес» деген мағынаны білдіретін *perver* сөзі уақыт өте келе дәл сол мағынаны білдіретін *sever* түрікше сөзімен алмастырылды. Онымен де тоқтамай, мысалда көрініп тұрғандай бара-бара бұл екі сөздің бірінші бөлшегі де түрікшелендіріліп, бұл екі сөз таза түрікше сөзге айналды.

Мысалы: *misafirperver* → *misafirsever* → *konuksever* – қонақжай; *vatanperver* → *vatansever* → *yurtsever* – отансүйгіш.

Жоғарыда айтылған үдерістерге қарамастан, кейбір будан сөздердің түрікше баламасы әлі де табылмай отыр. Сонымен қатар, қазіргі жаһандану дәуірінде кез-келген тілге күн сайын көптеп еніп жатқан шет елдік сөздер баршылық. Сондықтан, толық түрікшелендірілмеген будан сөздер түрік тілінде әлі де бар. Олар көбінесе мынадай формаларда кездеседі:

1. Біреуі түрік, біреуі шығыс тіліндегі екі сөз бірігіп, ортақ сөз құрайды: *başhekim, hoşgörü т.б.*

2. Біреуі батыс, екіншісі түрік сөзі бірігеді: *başgarson, başrol, mikrodalga, mikroişlemci, mikrobilgisayar, minibilgisayar, biyoyakıt, biokütle т.б.*

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі жаңа сөз тудыру тәсілдерін салыстырмалы түрде қарастыру нәтижесінде анықталғаны: кейбір тұстарда өзгешеліктер кездескеніне қарамастан түрік тіліндегі терминжасам мен жаңа сөздердің дамып, қалыптасуына байланысты мәселелердің көпшілігі қазақ тіліндегі осы саладағы мәселелермен өзектесіп, үндесіп жатыр.

Кезінде ұлт көшбасшылары Ахмет Байтұрсынұлы мен Ататүрік басқа тілдердің ықпалынан аман сөздерді, яғни түбі бір түркі сөздерін алу арқылы ана тілінің тазалығын сақтау қажеттілігіне баса назар аударып еді. Алайда кертартпа кеңестік саясат салдарынан туыстас түркі тілдерімен тығыз байланыста ұлттық терминологияны қалыптастыру жұмыстары жалғаспай қалды. Енді тәуелсіздігімізге қауышқан осы таңда туысқан түрік мемлекетімен өзара сөз алмассак, будан екі ел де, күллі «түркі әлемі» де ұтары сөзсіз. Ал бұл үрдіс осы тектес салыстырмалы зерттеу жұмыстары арқасында іске аспақ.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті ЖТН АР19679140 ««Түркі әлемінің» қазақ және түрік тілдеріндегі лингвокогнитивтік негіздері мен терминдену үдерістерін салыстырмалы зерттеу» атты гранттық қаржыландыру аясында жарияланды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Zülfiyar H. Terim Sorunları ve Terim Yapma Yolları; – TDK Yayınları. – Ankara, 1991.
2. Сапина С.М. «Түркістан уәлаяты» газетінің лексикасы: фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2002. – 25 б.
3. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007.

4. Қайдар Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993.
5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2014.
6. «Айқын» газеті, 2004-2023 жж.
7. «Алматы ақшамы» газеті, 1995-2023 жж.
8. «Ана тілі» газеті, 1995-2023 жж.
9. «Егемен Қазақстан» газеті, 1995-2023 жж.
10. «Жас алаш» газеті, 1995-2023 жж.
11. «Zaman-Қазақстан» газеті, 1995-2001 жж.
12. «Қазақстан-Zaman» газеті, 2001-2015 жж.
13. «Hürriyet» газеті, 1995-2023 жж.
14. «Milliyet» газеті, 1995-2023 жж.
15. «Sabah» газеті, 1995-2023 жж.
16. «Vatan» газеті, 2002-2023 жж.
17. «Zaman» газеті, 1995-2015 жж.

Н.Б. ОСПАҢҒАЗИЕВА

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Фонетика бөлімінің кіші ғылыми қызметкері
Алматы, Қазақстан*

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ДЫБЫСТАРДЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа. Мақалада түркі тілдерінің дыбыс жүйесіне тән ерекшеліктер және дыбыс құрамы, тарихи дамуы айтылады. Түркі тілдерінің дыбыс жүйесі. Сондай-ақ, дыбыстарды талдаудың түрлері көрсетіліп, олардың өзіне тән ерекшеліктері көрсетілген.

Тірек сөздер: лингвистика, фонетика, фонология, тарихи фонетика, салыстырмалы фонетика.

Аннотация. В статье излагаются особенности, характерные для звуковой системы тюркских языков, состав звука, историческое развитие. Звуковая система тюркских языков. Также показаны виды анализа звуков и показаны их характерные особенности.

Ключевые слова: лингвистика, фонетика, фонология, историческая фонетика, сравнительная фонетика.

Annotation. The article discusses the features inherent in the sound system of Turkic languages and the composition of sound, historical development. Sound system of Turkic languages. Also, the types of analysis of sounds are indicated and their characteristic features are indicated.

Keywords: linguistics, phonetics, phonology, tarikh phonetics, salystormaly phonetics.

Жалпы әлемдік тіл ғылымы үшін тарихи-салыстырмалы бағыт үлкен жетістіктермен ерекшеленді, тіпті бұл бағыт тіл ғылымын жаңа бір деңгейге көтеріп, қоғамдағы орнын қарқындап дамып келе жатқан жаратылыстану ғылымдарының орнымен теңестіріп, рөлін біршама көтеріп тастады. Басқа да ғылымдар санатынан лингвистика өз орнын ойып алды деген болсақ, осы тарихи-салыстырмалы бағыттағы зерттеулердің нәтижелері мен жетістіктері соған басты тірек болды. Мәселен, лингвистикадағы фонология, морфология сияқты тілдік құрылымның деңгейлік базасын құрайтын тіл деңгейлері бірліктерін, олардың күрделі қатынастарын анықтауда жоғары ғылыми танымдық жаңалықтар дәл осы компаративистикалық зерттеулер арнасында ашылды. Мұны бүгінге дейінгі зерттеушілердің көбі айқындап, аталмыш бағыттың орнын көрсетіп кеткен. О баста жаратылыстану ғылымында басшылыққа алына бастаған тарихилық принципі мен ілгерілеу (прогресс) теориясының негізінде Ч.Дарвин, А.Р.Ж.Тюрго, Г.Э.Лессинг, И.Г.Гердер, Ж.Б.Ламарк және т.б. XIX ғасырдағы еуропалық ғалымдармен жүргізілген зерттеулер тіл ғылымындағы көзқарастардың төңкерісіне себеп болды. Мәселен, алғаш рет жаратылыстану ғылымында танылған «жүйе», «жүйелілік», «архетип-үлгілер», «элементтер мен бірлік қатынасы», «бірліктер иерархиясы» сияқты т.б. базалық ұғымдар тіл ғылымында да қолданыла бастады. Сондай-ақ бұл ұғымдар тек қана қолданылып қоймай, тіл ғылымы контексінде өзінше жетілдіріліп, басқа ғылымдарға әсерін тигізді.

Осы тұрғыда еуропалық тілші ғалымдар И.Г.Гердердің «Тілдің шығуы туралы зерттеулері» (1770), Ф.фон Шлегельдің «Үндістердің тілі мен даналығы туралы» (1808), Ф.Бопптың «Грек, латын, парсы, герман тілдерімен салыстырғандағы санскрит тіліндегі етістіктің жіктелу жүйесі туралы» (1816), Р.К.Расктің «Көне солтүстік тілі туралы ізденістер» (1818), Я.Гриммнің «Неміс тілінің грамматикасы» I-IV томдар (1819-37), В. фон Гумбольдтың «Дамуының әртүрлі кезеңдеріне қатысты тілдерді салыстырмалы зерттеу туралы» (1820), А.Шлейхердің «Үндігерман тілдерінің салыстырмалы грамматикаларының компендиумы» (1861-1862), Г.Паульдің «Тіл тарихы принциптері» (1880), Г.Шухардтың «Фонетикалық заңдылықтар туралы» (1885), А.Мейенің «Үндіеуропа тілдерін салыстырмалы зерттеуге кіріспе» (1903) және тағы басқаларының осы сынды еңбектері үндіеуропа тілдерін зерттеуге ғана емес, жалпы тарихи-салыстырмалы бағыттағы зерттеулердің негізгі ұстанымдары мен зерттеу тәсілдеріне, ғылыми аппараты мен проблематикасын қою, ашу жолдарына да арналған іргелі еңбектер саналады.

Сондай-ақ түркітанушы ғалымдар М.А. Кастрен, Г.Й. Рамстедт, А.М.О. Рясянен, В. Томсен, орыс ғалымдары С. Хальфин, Н.И. Ильминский, О. Бетлинг, Г.С. Саблуков, Е.А. Малов, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, А.Н. Самойлович, Н.Ф. Катанов, А.К. Казем-Бек, Л.З. Будагов, Ф.Е. Корш, В.А. Богородицкий, Н.И. Ашмарин, Е.Д. Поливанов, А.А. Пальмбах, К.К. Юдахин, Н.К. Дмитриев, И.А. Батманов, Е.И. Убрятова, С.Е. Малов, Э.В. Севортыян, Н.А. Баскаков және т.б. еңбектері бүгінгі түркітану ғылымының негізін қалап отыр.

Компаративистика, яғни тарихи-салыстырмалы тіл білімі генеративті лингвистика, математикалық лингвистика, құрылымдық лингвистика, статистикалық лингвистика, ареалдық лингвистика, лингвогеография, аймақтық лингвистика, контрастивтік лингвистика, лингвистикалық палеонтология, диалектология, этимология, әдеби тілдердің тарихы сияқты т.б. қазіргі тіл ғылымы салалары және ностра тілдері теориясы, мәтін реконструкциясы теориясы, ата-тіл және тілдік одақ туралы ілімдер, универсалий мен «фреквенталий» теориясы, плоттогенез бен моногенез теориялары сияқты т.б. негізгі ғылыми-лингвистикалық теориялар мен ілімдердің қалыптасып дамуына зор ықпалын тигізді.

Олай болса, қазіргі тіл ғылымы үшін тарихи-салыстырмалы зерттеулердің беретінінен бергені көп болар, бұл бағыттағы зерттеулердің бүгінгі күн талаптарына қатысты өзектілігі, әсіресе қазақ тіл білімі үшін қажеттілігі қаншалықты деген сауалдарға жауап іздегенде, мынадай жайттарға тоқталып кеткен орынды.

Ең алдымен тарихи-салыстырмалы бағыттағы зерттеулер бүгінгі әлемдік тіл ғылымында моногенез және ностра тілдері теориялары аясында қайта жаңғырып, өзектілігі артып отырғанын айту керек.

Моногенез теориясы бойынша әлем тілдерінің барлық макротоптарының ата-тілдері жалпы-адамзатқа ортақ бір ата-тілден тараған деген болжам ұсынылады. Соңғы жылдары бұл ұстанымның қарсыластарынан гөрі жақтастарының пікірлері дәлелді шығып отыр. Мұны ностра тілдері сияқты үлкен тілдік макротоптардың ортақ ата-тілдерін табу әрекеттерінің, негізінен, болжалды болса да, жемісті нәтижелері қуаттайды. Мәселен, ностра тілдері теориясы бойынша (латын тілінен *nostra, nostra* – біздікі дегенді білдіреді) үндіеуропа, картвель, семит-хамит, орал, алтай (түркі, моңғол, тұңғыс-манжур, корей), дравид тілдік макротоптардың бір ата-тілден тарағандығы көрсетіліп, осындай басқа да топтардың ортақ ата-тілдері айналып келгенде жалпыадамзаттық ата-тілден бастау алады деген болжам айтылады. Ностра тілдері бойынша аталған тілдік топтардың салыстырмалы сөздігін құрастыруға алғаш қадам жасаған ғалым В.М.Иллич-Свитычтың еңбектері бүгінде жалғасын тауып келеді.

Қазіргі кезде лингвистикалық компаративистика тарихи білімдер, жүйесінің бір бөлігін құрап, көне және ежелгі заман тарихының жазуы болмаған және жазуға дейінгі кезеңдерін зерттеуде этногенез, этникалық байланыс тартуралы ақпараттар алатын, сондай-ақ реконструкцияланатын тілдік жүйелердің кезіндегі тұтынушыларының өмір сүру ортасы мен мәдени ерекшеліктері туралы сенімді дереккөздердің біріне айналып отыр.

Бұнымен қатар тарихи-салыстырмалы тіл білімінің бір тармағы ретіндегі ностра тіл білімі Жер лингвогенезінің картинасын, әлем тілдерінің ортақ таптастыруын жасауда зор мүмкіндік беретін ғылым саласына айналып отыр. Мәселен, биологиядағы түрлердің бір түрден эволюциялық жолмен дамығандығы туралы ілім дәлелденіп отырған тұста, тілдердің де таралуының ортақ көзі анықталуы керек.

Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетика тұрғысында соңғы елу жылда жазылған еңбектердің қатарына КСРО Ғылым академиясы Тіл білімі институтының түркі тілдері секторы 1955 жылы шығарған «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков» деген еңбекті атай аламыз.

Бұл ұжымдық еңбектің бірінші бөлімінде түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін бір-бірімен салыстыра зерттеу көзделген. Бұл жинақ шыққанға дейінгі белгісіз болып келген кейбір тұжырымдар алғаш

рет осында жарық көрді. Түркі тілдерін салыстырмалы әдіспен зерттеу нәтижесінде айтылған еңбекте бұл тілдердің дауысты дыбыстарына жалпы шолу, ұқсастықтары мен айырмашылықтары, сондай-ақ түркі тілдерінде кездесетін бірінші және екінші дәрежелі созылыңқы дыбыстардың берілу жолдары, ерекшеліктері, түркі тілдеріндегі қос дауыссыздар туралы мәліметпен қоса, бұл тілдердегі сингармонизм, ассимиляция, сондай-ақ сөздің әртүрлі позициясында кездесетін фонетикалық құбылыстар туралы және түркі тілдерінің фонетикасына байланысты басқа да деректер келтірілген.

Аталған еңбекте жеке немесе бірнеше тілдерге, сондай-ақ жалпы түркі тілдеріне ортақ мәселелер Н.К. Дмитриев, Э.В. Севортян, Ф.Г. Исхаков, Н.А. Баскаков, А.А. Пальмах сияқты ғалымдардың зерттеулерінде жан-жақты талданды.

Сонымен қатар жоғарыда атап өткеніміздей түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін бір-бірімен салыстыра зерттеу сонау орта ғасырда М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрік» атты әйгілі еңбегі арқылы бастау алады десек, бүгінде бұл істің өз жалғасын тауып отырғанын осы салада жазылған еңбектер арқылы көреміз. Мұндай ізденістер тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде П.Мелиоранский, В. Радлов, А. Щербак, И. Батманов, Н. Дмитриев, М. Ряснен, Н. Серебренников, Н. Гаджиева, С. Малов, Н. Баскаков сияқты орыстың түрколог ғалымдарының зерттеулерімен қатар қазақ ғалымдары Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Томанов, Ж.Аралбаев, Ә.Қайдаров, Ғ.Айдаров, Б.Сағындықұлы, М.Оразов сынды түрколог ғалымдар зерттеулерінен бастау алады.

Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы А.М.Щербактың «Сравнительная фонетика тюркских языков» (1970) деген еңбегінде қарастырылып, ондағы дауысты, дауыссыз дыбыстарына талдау жасалып, буын, екпін, просодика мәселелері сөз болады. Сонымен қатар түркі тілдері туралы мәлімет пен қазіргі тілдердің тарихи фонетикасына байланысты зерттеу жарияланған.

Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасына қатысты М.А. Черкасскийдің «Тюркский вокализм и сингармонизм» (1965), Н.А.Баскаковтың «Введение в изучение тюркских языков» (1969), «Тюркский язык» сияқты елеулі еңбектері бар. Сол сияқты салыстырмалы-тарихи әдіспен жазылып, түркі тілдерінің дыбыстық жүйесінде болып жатқан ерекшеліктерді сол тілдердің диахрониясы арқылы көрсете білген түрколог ғалымдар бірлесіп жазған 1984 жылы жарық көрген ұжымдық «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» сондай-ақ Н.Г. Гаджиева мен Б.С. Серебренниковтің «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» (1986) атты еңбектері де түркі тілдерінің дыбыс жүйесін зерттеудегі маңызды еңбектер болып саналады. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы бойынша жазылған «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» атты еңбекте тілдердің дыбыстар жүйесіндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетуге арналған дауысты, дауыссыз дыбыстар түрлері, әрі олардың негізгі ерекшеліктері К.Сартбаев (1962), Ә.Нұрмаханова (1971), М.Томанов (1992) сынды ғалымдардың еңбектерінде зерттелді.

М.Томановтың «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» аталатын оқулығында, нақтырық айтқанда, оның салыстырмалы фонетикаға байланысты бірінші тарауында, түркі тілдерінің әртүрлі топтарына тән фонетикалық ерекшеліктер жан-жақты сөз болады. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлері, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтары, дауыссыздардың түсіп қалу себептері, дауыссыздардың ассимиляциясы сияқты құбылыстарға теориялық тұрғыдан сипаттама беріледі және жасалған тұжырым, талдаулардың бәрі туыстас тілдерді өзара салыстыру арқылы қорытылған [1].

Ғ.Айдаров бұл еңбегінде көне түркі жазба ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктерінен жан-жақты кеңіне тоқталып, әр ескерткіштің өзіндік ерекшелігі мен айырмашылықтарына ғылыми тұрғыдан талдау жасайды. Мұнда көне түркі жазулары, Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің табылу тарихы, мәні, тілдік ерекшеліктер мен тілдік деректер біршама сөз болады. Автор тілдік және географиялық ерекшеліктеріне қарай көне түркі ескерткіштерін 3 үлкен топқа бөліп қарастырады:

1. Енисей ескерткіштері. Қолданылу жағынан шамамен V–VII ғасырларды қамтиды.

2. Талас ескерткіштері. VIII ғасырды қамтиды. Талас өзені бойынан табылған 12 ескерткіш жатады.

Орхон ескерткіші. VII–VIII ғасырлардың басында Орхон, Селенгі, Тола өзендері мен Минусинск ойпатынан табылған Құтлығ қаған (Онгин), Білге қаған (Могилян), Күлтегін, Тоникук, Мойын Чор, Күлі Чор, Суджы және т.б. бірқатар ескерткіштер жатады [2].

Келтірілген салыстырмалы зерттеулердің қол жеткізген нәтижелері кейінгі жұмыстар үшін өз сонылығымен ерекшеленеді. Түрколог ғалымдар түркі тілдерінің әрбір өкіліне қатысты үлкен ғылыми-лингвистикалық материал жинап, соның негізінде жеке тілдер ерекшелігі мен олардың типологиялық ұқсастықтарын ажыратып берді. Бүгінде түркі тілдерінің жалпы тіл біліміндегі жемісі болған салыстырмалы-тарихи бағытта зерттелуі герман тілінің зерттелуінедей жоғары дәрежеде деп анықтасақ қателеспеген болар едік. Салыстырмалы-тарихи еңбектердің маңызды нәтижесі көне түркі тілінің

үлгісін реконструкциялауы болды. Қазіргі кезде тектес түркі тілдерді салыстыруға арналған бір де бір зерттеудің түрколог ғалымдардың осы жемісін пайдаланбай өз мақсатына жете алмайтыны белгілі.

Жоғарыда аталған ғалымдар зерттеулерінің көтерген мәселелері бүгінгі күні де өз жалғасын тауып отыр. Қазіргі таңда түркі тілдері өкілдерінің синхронды жағдайын салыстыруға арналған зерттеулер бір тілдің типтік тобы ішіндегі өкілдерінен немесе басқа топ ішіндегі тілдерден айырмашылықтарын, сонымен қатар олармен ұқсастықтарын анықтап, осының нәтижесінде болатын алдағы тілдік фактілер өзгеретінін болжап түсіндіре алу мүмкіндігімен қажетті болып отыр.

Сондықтан біз түркі тілдері бойынша жүргізілген ғалымдар еңбектері жемістерін пайдалана отырып, туыстас қазақ, қырғыз, түрік тілдерінің қазіргі кезеңдегі дыбыстық жүйесіндегі ерекшеліктер мен ұқсастықтарды тауып, мүмкіндігінше олардың себебін анықтауда алдымен қазақ тіл білімінің мәселелерінің қалыптасуын алға қойып отырмыз.

Кононов «Ресейдегі түркі тілдерінің оқытылу тарихы» еңбегінде түркі тілдерінің классификациясын бере отырып, оларды Ресейде зерттеу ісінің қолға алынғаны мен осы салада еңбек еткен тілші - ғалымдардың зерттеу жұмыстарына шолу жасап өз көзқарасын келтіреді.

Автор Ресейде түркі тілдерін ғылыми зерттеудің негізі XVIII ғ. 60-жылдары қаланғанын тілге тиек етіп 1769 ж. Қазан гимназиясында татар тілін оқыту ісі қолға алынып, Петербургте чуваш тілінің тұңғыш грамматикасы жарық көргенін атап өтеді. Ғалым осы кезеңді түркология тарихындағы ғылыми сатының бастауы, алғашқы баспалдағы деп есептейді.

Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңнің түркі тіл білімінің жалпы библиографиялық көрсеткішінің болмауы себепті Кононов алдына түркологиялық еңбектердің жалпы мазмұнын мүмкіндігінше бірін камти отырып ашу міндетін қояды. Түркі тілінің грамматикасы жайлы жазылған еңбектерге, сөздіктер мен оқу құралдарына арнайы тоқталған автор: «Мен қолымнан келгенін жасадым, кімде-кім бұдан жақсырақ істеуге шамасы жетсе, істесін» деген қағидасын оқырманға құлаққағыс етеді. Ол Н.А. Баскаков «Введение в изучение тюркских языков», Аристов «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности» Бравин мен Беляев сынды зерттеушілердің еңбегіне сүйене отырып, түркі тілдерінің классификациясын жасайды [3]. Оған сүйенсек, түркі тілдерінің классификациясын былай көрсетеді.

- 1) Бұлғар тобы
- 2) Оғыз тобы
- 3) Қыпшақ тобы
- 4) Қарлұқ-ұйғыр тобы
- 5) Ұйғыр-оғыз тобы
- 6) Қырғыз-қыпшақ тобы
- 7) Якут тобы

Ал А.Н.Баскаков түркі тілдерін батыс ғұн тілдері және шығыс ғұн тілдері деп екіге бөліп алып қарастырады. Кононов бұлғар тобына: бұлғар, хазер, чуваш тілдерін жатқызса, оғыз тобына әзербайжан, гагауз, түрік, түркімен тілін және түркілік руникалық ескерткіштер тілін жатқызады. Оның ішінде қыпшақ тобын 3 топшаға бөледі:

1. Қыпшақ-половец тобы (қарайым тілі, қарашай-балқар, құмық, құмық қырым татарларының тілі, урым говоры мен литвалық татарлардың тілі);
2. Қыпшақ-бұлғар тобы (башқұрт және татар тілдері);
3. Қыпшақ-ноғай тобы (қазақ, қарақалпақ, ноғай татар тілі).

Қарлұқ-ұйғыр тобына: көне ұйғыр, жаңа ұйғыр, сары ұйғыр тілі, салар тілі, лабнор тілі мен өзбек тілін жатқызса, ұйғыр-оғыз тобына: қарағас, тувин, хақас, шор, чулым-түркі тілдерін жатқызады. Қырғыз-қыпшақ тобын алтай тілі мен қырғыз тілі құраса, якут тобына тек якут тілінің бір өзін жатқызады.

Кононов өзінің жоғарыда аталған еңбегінде түрік тілін оғыз тобына жатқыза отырып, түрік тілі 1774 жылы бітімшілік негізінде оған деген әскери және саяси қызығушылық туындады. Мәскеу университетінің Академиялық гимназия оқушыларына түрік тілін үйрету қажеттілігінен түрік тілінің тұңғыш грамматикасы жарық көрді. «Турецкая грамматика или легчайший способ к изучению турецкого языка с собранием имё, глаголов нужнейших к познанию речий и многих дружеских разговоров» – дейді. XIX ғасырдың 20-жылдары Батыстағы саяси жағдай түрік тілін практикалық оқыту құралын жарыққа шығаруға түрткі болды. Бұл іске белсене кіріскен Сенковский «Карманная книга для русских войнов в турецких походах» еңбегін жазды. Бұл еңбек Ресейде жазылған тұңғыш орыс-түрік сөздігі әрі тұңғыш түрік грамматикасы болып есептеледі. Сенковский түрік тілінің фонетикалық заңдылығын, яғни дауыстылар мен дауыссыздардың үйлесімділік заңдылығын, яғни үндестік заңын қарастырды.

Казем-Бектің 1834 жылы жарыққа шыққан «Грамматика турецко-татарского языка» атты еңбегін атуға болады. Аталған еңбектің бірінші бөлімінде автор алфавит пен дыбыстардың айтылу ерекшелігіне тоқталады. Екінші бөлімде етістік, үстеу, шылау, одағайларды көрсетсе, үшіншіде сөзжасам мен синтаксиске арнайы тоқталған. Осылайша ол түркі тілінің жалпы грамматикасына қыр-сырын ашып берді деп айтуға болады.

XIX ғ. 70-жылдарында түрік тілдерін оқытудың түрлі оқу-құралдары шыға бастады. Бұл тұрғыда М.А.Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» және «Хрестоматия турецкая, персидская и узбекская» еңбектерін ерекше атауға болады.

Осы кезеңде Смирнов түркі тілінің грамматикалық құрылысын зерттеумен айналыспаса да, «Древнейшая датированная турецкая рукопись XIV века» еңбегі арқылы осы тілдің грамматикасын жете меңгерген ғалым ретінде танылды. Және ол оқыған лекциялардың жазбалары қазірде кітапханаларда сақтаулы деген деректер бар. Өйткені ол жазбалар түрік тілін оқытып, зерттеуде таптырмайтын материал болып бағаланған.

Кононов қазақ тілін – қыпшақ тобының қыпшақ ноғай топшасына жатқызады да, Қазан төңкерісіне дейін қырғыз, қырғыз-қазақ атаған халық сөйлеген қазақ тілі XVIII ғ. 2-жартысында зерттеу нысанына айналды. Клапрот қазақтар жайлы тарихи анықтама бере келіп, французша-қазақша сөздік құрастырып шығарады. XIX ғ. ортасынан бастап қазақ тілін практикалық мақсатта жүйелі зерттеу ісі алға басты. Кононов ондай маңызды еңбектердің қатарына Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия», Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» және «Хрестоматия турецкая, персидская, киргизская и узбекская» еңбектерін атап өтеді.

Қазақ халқының тарихы мен этнографиясын зерттеу саласында айрықша із қалдырған Левшин «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-койсецких орг и степей» еңбегінде қазақ тілінің фонетикасы мен лексикасына көңіл бөлген. Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка» еңбегінде қазақ тілінің фонетикасы, этимология және синтаксисіне арнайы тоқталса, Катаринский де «Грамматика киргизского языка» еңбегінде де осы салаларды жан-жақты сипаттап, толықтыра түседі. Ы.Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы», Букиннің «Орысша-қазақша» және «Қазақша-орысша» сөздігі, В.В. Радловтың «Образцы народной литературы тюркских племен» еңбектері де құнды да мәнді.

Қырғыз тілі – қырғыз қыпшақ тобына жатады. «Қазан төңкерісіне дейін кара-қырғыз деп аталған бұл тіл нашар зерттелді дейді», – Кононов. Енисей қырғыздары жайлы алғашқы мәлімет беруші – Спелфарий. Алғашқы орысша-қазақша сөздікті құрастырған Соколон болатын. Ал жалпы қырғыз халқын тарихи филология жағынан зерттеген этногров Ш.Уәлиханов еді.

К.Ш. Хұсайыновтың «В.В.Радловтың еңбектеріндегі қазақ тілінің фонетикасы мен лексикасының зерттелуі», С.Омаровтың «Сравнительный анализ ареальных черт казахских говоров в сфере консонантизма», З.Базарбаеваның «Интонация система казахского языка», М. Райымбековтың «Ассимилятивные сегменты в казахском языке», А.Айғабыловтың «Қазақ тіліндегі морфонологиялық құбылыстар», М.Жүсіповтың «Сингармонический звуковой строй в сопоставлении с несингармоническим», Ж.Назбиевтың «Сингармонические сегменты в казахском» атты т.б. еңбектері қазақ фонетикасына қосқан елеулі үлес болып табылады.

Соңғы кездегі қазақ тілін экспериментті зерттеу арқылы толыққан еңбектерді атайтын болсақ: З.Базарбаева «Экспериментально-фонетическое исследование гласных французского языка сравнительно с гласными казахского языка», А.А. Исенгельдина «Спектрально - рентгениологическое исследование сонорных согласных казахского и английского языка», Ә.Жүнісбек «Қазақ тілінің дауысты дыбыстары», С.С. Татубаев «Синтаксический анализ спектров гласных», М.К. Исаев «К вопросу о фонетической структуре слова в казахском языке», С.Р.Ибраев «Фонетические особенности подражательных слов казахского языка», А.Б. Кошкарлов «Спектральный анализ фрикативных гласных казахского языка в структурах типа СГС», Б.Тайлақбаевтың «Экспериментально фонетическое исследование шумных согласных казахского языка», Ж.Әбуовтың «Сингармонические основы восприятия речи» т.б. тақырыптағы еңбектері қазақ тілінің дыбыстарын жан-жақты ашуға үлес қосты.

Қазақ тіл білімі – қазақ тілінің тарихы, қазіргі жайы туралы ғылым, туркология ғылымының бір саласы. Қазақ тіл білімінің қалыптасуын үш кезеңге бөлуге болады: 1) 19 ғ. 2-жартысында Қазақ тілі білімінің ғылыми негізі салынған кезең. Бұл кезең орыс түркологтері Н.И.Ильминский, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, М.А.Терентьев, В.Катаринский т.б. еңбектерімен байланысты. Қазақ тілінің алғаш ғылыми зерттелуі Н.И.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» (Казань, 1890-1861) еңбегінен басталады. Аталған еңбекте қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, грамматикалық құрылысы жайын-

да алғашқы деректер, Қазақстанның батыс өлкесіндегі қазақтардың тіл ерекшелігіне байланысты құнды материалдар берілген. В.В.Радловтың «Солтүстік түркі наречиелерінің фонетикасы» (Лейпциг, 1882-1883), «Опыт словаря тюркских наречий» (4-том, СПб., 1888-1911) еңбектерінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне, ауызекі тіліне, лексикасына қатысты бағалы деректер берілген. П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» (1, 2 бөлімдер, СПб., 1894, 1897) еңбегінде қазақ тілінің дыбыстық, грамматикалық құрылысы тұңғыш рет ғылыми негізде жүйелі зерттеу объектісі болды. Дәл осы кезеңде Абай шығармалары арқылы қазақтың осы күнгі жазба әдеби тілінің негізі салынды. Ы.Алтынсарин қазақ балаларына арнап «Қырғыз хрестоматиясы», «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» (Орынбор, 1897) оқу құралдарын жазды. Ш.Уәлиханов түркі (қазақ) тілдерінің орта ғасырдағы жазба ескерткіші Қадырғали Жалаиридың «Жәми-ат-тауарих» («Шежірелер жинағы», 16 ғ соңғы мен 17 ғ. басы) шығармасының тілдік құрылысын зерттеді. 2) *20 ғ. басында ана тілінде ұлттық қазақ тіл білімі қалыптаса бастаған кезең.* Бұл кезең А.Байтұрсынұлының есімімен байланысты. Ол 1910 ж. бастап қазақ тілінің дыбыстарын зерттеп, «Жаңа емле» деп аталатын қазақ әліпбиін жасады. Оның «Тіл-құрал» оқулығы (3 бөлімнен тұрады, 1914, 1915, 1916) қазақ тілінің дыбыстық, грамматикалық құрылысын ана тілінде талдап, жүйелеп берген тұңғыш ғылыми зерттеудің басы болды. А.Байтұрсынұлы қазақ тілін зерттеуде өзінен бұрынғы зерттеушілердің ізімен кетпей, жаңаша бағыт – қазақ тіл білімінің ана тілінде дамыту бағытын ұсынды, сөйтіп ол қазақ тілі терминдерінің негізін қалады. Орыс түркологтері қазақ тілін ғылыми негізде алғаш зерттегенімен, олардың еңбектері орысша жазылып, зерттеушілерге ғана арналды, олар қазақ тілінің терминдерін жасаған жоқ. Сол себепті А.Байтұрсынұлы 20 ғ. басында ана тілінде ұлттық тіл білімінің негізін қалаған қазақтың тұңғыш ғалымы ретінде танылады. 3) *20 ғ. 20 жж. кейінгі тіл білімі қалыптасқан кезең.* Бұл кезең кеңестік дәуірге сәйкес келеді. Бұл дәуірде Қазақстан тоталитарлық тәртіп жағдайында өмір сүргенімен, онда ұлт мәдениетін, ғылым, өнерді дамытуға, оқу-ағарту, баспасөз, ұлттық жазбаны жүйеге келтіріп, әдеби тілді қалыптастыруға объективті мүмкіндіктер туды. Кеңестік дәуірдегі қазақ тіл білімінің қалыптасу, зерттелу жайы іштей біркелкі емес. 1920 ж. сол кезеңнің талабына сай әліппе түзу, оқулықтар, сөздік жасау т.б. практикалық мақсаттарда қазақ тілін Х.Досмұхамедов, Т.Шонанов, Ж.Аймауытов, Қ.Кемеңгеров, Ә.Байділдин, Н.Төрөқұлов, т.б. қазақ зиялылары зерттеді. Қазақ тілін қолданбалы мақсатта зерттеу 1930 ж. Жалғасты. Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, С.Жиенбаев, Ш.Сарыбаев, Н.Сауранбаев, Ғ.Бегалиев, Қ.Басымов т.б. мектеп үшін, жоғары оқу орындары үшін қазақ тілінің оқулықтарын, әдістемелік құралдарын жазумен бірге, ғылыми - зерттеу жұмыстарымен де шұғылданды. Мәселен, Қ.Жұбанов «Қазақ тілі грамматикасы» (1, 2 бөлімдер, 1938, 1939) оқулығында, мақалаларында алғаш рет қазақ тіліндегі буын, шылау, біріккен сөздер, сөздердің орын тәртібі, көмекші етістіктер, емле, термин мәселелері, Абайдың қазақ әдебиетіндегі орны туралы тың зерттеулер жүргізді. С.Аманжолов қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді жинап, зерттей бастады және «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы» даярлады, ол кейін жоғары оқу орындарына арналған алғашқы оқу құралы болды. Бұл сияқты зерттеулер сонылығымен, алғашқылығымен құнды еді. 1940 ж. Қазақ тіл білімінде күрделі еңбектер жазылып, болашақ зерттеушілер үшін ірі басылымдардың негізі салынды. І.Кеңесбаев қазақ тілінің фразеологиясын (1944), Н.Сауранбаев қазақ тіліндегі құрмалас сөйлем жүйесін (1943), С.Аманжолов қазақ диалектологиясын (1948) зерттеді. 1940 ж. орыс әліпбиіне негізделген қазақ әліпбиі қабылданды. Осы кезеңде «Орысша-қазақша сөздік» (1, 2 т., ред. басқ. С.Аманжолов), тұңғыш терминологиялық сөздік (1, 2 т, ред. басқарған Н.Сауранбаев) жарық көрді. 1950 ж. Н.Я.Марр ілімінің қателіктерінен алынғаннан кейін қазақ тіл білімі зерттеуінде өнімді кезең болды. Бұл кезеңде қазақ тілі дәстүрлі үлгілерімен бірге бірқатар жаңа бағытта зерттелді, қазақ тілін жаңа қырынан зерттеушілер көбейді. Фонетика саласында: І.Кеңесбаев (фонемалардың құрамы, акцентуация, дауыстылар үндестігі), Ж.Аралбаев (экспериментті фонетика), Ә.Жүнісбеков (сингармонизм, үндес үйлесім теориясы), С.Татубаев (фонология), А.Қошқаров (ызың-дауыссыздарды спектрлік талдау), З.Базарбаева (интонация жүйесі) т.б.

Шығу тегі жағынан қазақ тілі Батыс түркі тілдерінің қыпшақ тобына кіретін тілдермен, оның ішінде әсіресе ноғай, қарақалпақ тілдерімен жақын туыстық қатынаста тұрады. Қазақ тілінің өз ішіндегі диалектілік ерекшеліктері негізінде қалыптасқан говорларға бөлінеді, говорлар өзара жақындығына қарай бірнеше говорлар тобына біріккен. Қазақ тілінің басты белгілері: фонетикада 9 дауысты дыбыстың болуы, сингармонизм (үндестік) заңдылығының (еріндік, езулік, үндесуі) тұрақтылығы, дауысты дыбыстардың тұрақты түрде жуан-жіңішке болып бөлінуі, ерін үндестігінің сөздің екінші буыннан ары қарай аспауы [4].

Түркі тілдері өзара туысқан болғандықтан, олардың бір-бірімен жақындықтары, ортақ қасиеттері мол. Қазақ тіліне ең жақындары – ноғай, қарақалпақ, қарашай-балқар, қырғыз, татар, башқұрт, құмық

тілдері. Түркі тілдерінің туыстастығы олардың лексикалық құрамынан, фонетикалық (дыбыстық) жүйесінен, грамматикалық құрылысынан байқалады. Көптеген сөздер түркі тілдеріне ортақ болып келеді.

Сондай-ақ сөздердің бір-бірінен айырмашылықтарын да білген жөн. Қазақ тіліне тән мына сияқты ерекшелікті байқауға болады:

1) басқа түркі тілдерінде сөз басында «й» келетін жерде қазақ тілінде ж дыбысы айтылады: йаш-жас, йол-жол, йаз-жаз, йыл-жыл т.б.

2) басқа түркі тілдеріндегі ш дыбысы қазақ тілінде с, ал ч дыбысы ш дыбысына ауысады: аш – ас, тас – таш, ич – іш, куч – күш т.б.;

3) дыбыс үндестігінің ілгерінді ықпал заңдылығы бойынша қазақ тіліндегі қосымшалардың қатаң, ұяң, үнді дыбыстардан басталатын бірнеше түрлері басқа түркі тілдерінде бола бермейді. Мысалы: қазақ тілінде сөзге ат-тар, қыз-дар, жас-тың, қыз-дың, бала-лар, бала-ның, көш-тер, көш-тің болып қосымша жалғанса, өзге түркі тілдерінде, негізінен, олар былай қолданылады: ат-лар, йаш-ниң, қиз-ниң, бала-лар, бала-ниң, көч-лер т.б.

Сонымен қатар, ана тіліміз – қазақ тілінің қырғыз тілімен, түрік тілімен туыстық негіздеріне сүйеніп және осы үш тілдің лексикалық, фонетикалық, грамматикалық, жалпы типологиялық ұқсастығы мен жақындығын барынша ескеруге тырыстық.

Дүниежүзіндегі халықтар сияқты түркі халықтарының да өздеріне тән даму, қалыптасу тарихы бар. Ешбір тайпа, халық және ұлт тарихсыз болмайды. Әрбір халық ұлт болып қалыптаспас бұрын талай тарихи кезеңдерді бастан кешіретіндігі белгілі. Қай халықтың фонологиясы зерттеу нысаны етіп алынса да, алдымен оның жазуының ерекшелігі мен тарихын назардан тыс қалдыруға болмайды. Түркі тілінің тарихында ең алғашқы алфавит осы Орхон жазуларынан басталады. Сол себепті де ең алдымен осы күнгі фонологияның негізі қайдан басталады және олар белгілі бір тілдің дыбыстық жүйесін бере ала ма, өзінің даму тарихы барысында қандай дыбыстық өзгерістерге ұшыраған деген мәселеге мән берілді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992.
2. Айдаров Ғ. Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Рауан, 1995. – 159 б.
3. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков Москва, Высш школа 1969.
4. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. Алматы, «Арыс», 2009. – 312 б.

А. ДАРМЕН

*«Түркі филологиясы» мамандығының 2-курс магистранты
Алматы, Қазақстан*

КӨНЕ ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Аңдатпа. Фразеологиялық бірліктер, ғасырлар бойы қалыптасқан тілдік бірлік ретінде мақал-мәтелдер негізгі мәдени кодтардың бірі болып табылады. Қазақ фразеологизмдері мен мақал-мәтелдерінің бастауы Орхон-Енисей жазуынан бастау алады. Мақалада Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілінде фразеология мен мақал-мәтелдердің қолданылуы сипатталған. Бұл мақаланың негізгі мақсаты ежелгі түркі тілдерінен бастау алатын рухани құндылықтарды ғылыми-теориялық және функционалдық-практикалық игеру, Орхон жазба ескерткіштерінің ғылыми-әдістемелік негіздемесі болады.

Тірек сөздер: фразеология, көне түркі мұралары, тілдік құбылыстар.

Аннотация. Фразеологизмы, пословицы как языковая единица, сложившаяся на протяжении веков, являются одним из основных культурных кодов. Истоки казахских фразеологизмов и пословиц восходят к орхон-енисейской письменности. В статье описывается использование фразеологии и пословиц на языке орхон-енисейских памятников. Основной целью данной статьи будет научно-теоретическое и функционально-практическое освоение духовных ценностей, восходящих к древнетюркским, научно-методологическое обоснование Орхонских письменных памятников.

Ключевые слова: фразеология, древнетюркские наследие, языковые явления.

Annotation. Phraseological units, proverbs as a linguistic unit that has developed over the centuries, are one of the main cultural codes. The origins of Kazakh phraseological units and proverbs go back to the Orkhon-Yenisei script. The article describes the use of phraseology and proverbs in the language of the Orkhon-Yenisei monuments. The main purpose of this article will be the scientific-theoretical and functional-practical development of spiritual values dating back to the ancient Turkic, scientific and methodological justification of the Orkhon written monuments.

Keywords: phraseology, ancient monuments, written heritage, linguistic phenomena.

Түркі халықтарының жазба әдебиетінің тарихы тым тереңде жатыр. Түркі мәдениетінің ірі құндылықтары – көне түркі, орта түркі жазба мұраларының жалпы ескерткіш ретіндегі мәні рунологиялық, грамматологиялық және тарихи - салыстырмалы негізде тіл білімінің аясында зерттелуі түркітанудағы лингвистиканың басымдылығын сипаттайды.

Тілдің фразеология саласы – өте күрделі құбылыс. Сондықтан ол әр аспектіде, әр қырынан зерттеуді қажет етеді. Тілдік бірлік ретінде фразеологизмдердің семантикалық құрылымы, лексикалық құрамы, лексика-грамматикалық ерекшеліктері, қолданылу тұрғысынан экспрессиялық-стилистикалық реңктері, диахрония тұрғысынан шығу тегі, жасалу жолдары т.б. мәселелер өз алдына жеке-жеке зерттеу объектілері болатындығы даусыз.

Фразеологизмдер – тарихи тілдік құбылыс болып табылады. Олар тұрақты тілдік қолданысының нәтижесінде және бейнелікті білдірудің тұрақталған тәсілі ретінде қалыптасатындығы ғылыми еңбектерде айқындалған. Фразеологизмдер табиғаты және олардың қызметі, сондай-ақ көркем шығармадағы түрлене қолданылуы жайлы Виноградов В., Ефимов А., Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ., Ысқақов А., Аханов К., Сыздық Р., Хасенов Ә., Кожаметова Х., Смағұлова Г., Авакова Р., Сарекенова К., Қоңыратбаева Ж. еңбектерінде тылыми түрде сараланып зерттелген.

Белгілі ғалым Р. Сыздық: «фразеологизмдер – сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы, сонымен қатар, ол жеке қаламгердің табысы, еңбегі, ізденісі», – деп тұжырымдады [1, 95 б].

Халық тілінде байырғыдан келе жатқан тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтел, қанатты сөздер т.б. сан алуан сыры бар. Халық өзінің өткен өмірінде наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін аз сөздің аясына сыйғызып, әрі нәрлі, әрі әрлі етіп ерекше өрнектей білген.

Мысалы, «тон» сөзі ол кезде жалпы киім атауын білдірген. Ескерткіштегі «Ічіре ашсыз, ташра тонсыз» [2, 147 б.] сөз тіркесі «ішетін тамағы, киетін киімі жоқ» деген мағына береді.

«Тон» сөзінің этимологиясы

«Тон» сөзінің киім деген мағынада қолданылғанын қазақ тіліндегі «Ас – аттынікі, той – тондынікі», «Көрген жерде тон сыйлы, көрмеген жерде бой сыйлы», «Тонның ішкі бауындай» сияқты мақал-мәтелер, тұрақты сөз тіркестері дәлелдеп тұр. Қазір тілімізде қолданылып жүрген «сырт киім», «іш киім» сөздері ертеректе «сырт тон», «іш тон» болып қолданылған.

Ежелгі мәдениет ескерткіштерінің ең бір жаухары, бүкіл әлемге әйгілі Орхон, Енисей, Селенгі және Талас бойынан табылған – Орхон-Енисей ескерткіштері.

V-IX ғасырларда түркілер қоныстанған Алтай, Сібір, Орта және Орталық Азия жерінде жазу, сызу, егін, әдебиет өнері, тарих ғылымдарының, діни сенімдердің, Орхон жылнамасы мен Талас аңғарынан табылған ескерткіштер айғақ.

Орхон-Енисей жазу ескерткіштері табылған уақыт түркі тілдерінің даму тарихындағы «Көне түрік» дәуірінде сай келеді. Шығыс Түркі құрамында өмір сүрген тайпалар осы Орхон – Енисей жазуын қолданып, осы жазу тілінде сөйлеген.

Түркі тайпаларынан қалған бұл ескерткіштер көне дәуірдің қоғамдық мәдени, әрі әдеби тұрмыс-салт өміріне хабар беретін жәдігерлер қазына ретінде бүгінгі күні барлық түркі тектес халықтарға ортақ мұраға айналды. Түркінің сары даласының ішкі сырын бойына сіңірген таңбалы тастар қас батырдың ерлігіндей сан ғасырларды аттап, өз заманының шындығымен қайғы-қасіретін, амал-әрекетін бейнелеп еш өзгерместен күні бүгінге жетіп отыр. Болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдырған көне түркілік жазба ескерткіштер кең байтақ Қазақстанның барлық аймақтарынан табылып ескерткіштер саны жыл санап өсіп жатыр.

Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Мысалы: түн қаттымыз (түн қаттық), ісіг кучіг бірміс /КТҮж 2/ (ісін-күшін беру), Јукунтурміс /КТ Үж 2/ (бастыны еңкейттік), тізлігігі сокурміс /КТҮж 2/ (тізеліні жүгіндірдік) т.б. [3, 44 б.]

Ж. Абитжанова «Тамақ/Bogus сезінің қатысуымен bogus тоқ тұрақты тіркесі жасалған, бұл Тоныкөк ескерткішінде кездеседі: bodun bogsi toq erti / халықтың тамағы тоқ болды» дейді [3, 110 б.].

Ежелгі адамдар күннің жарығы мен жылуының пайдасын ерте біліп, жарық пен күннің жылуының символы ретінде жерге от жағатын. От культімен байланысты көптеген ұғымдар бар. От культінің көптеген қасиеттері бар. От-құдай, жердегі күн бөлшегі ретінде қарастырылады. Отқа табынудың бастауы күнге табынуда жатыр. Қазақтардың түсінігі бойынша от – қасиетті ана. Сондықтан отқа «қасиетті ана – от» деген сөздер айтылды. Отты тазарту кезінде қолданылған. Қалыңдық болашақ күйеуінің үйінің табалдырығын алғаш аттағанда, ол тізесін бүгіп, үйдің ошағын үш рет айналып, содан кейін отқа май құйып, еңкейіп: «От-ана, Май ана жарылқа!», - дейді.

Махмұд сөздігі – өз заманы ғана емес, күні бүгінге дейін ғылыми мәнін жоймаған, түркі тілдерінің тарихын зерттеуде таптырмайтын бірден-бір тарихи материал. Мұнда бай тілдік материалдармен қатар түркі халықтарының сол кездегі қоныс ыңғайлары мен этнографиялық жақтарынан да құнды материалдар бар. Сөздік алфавит тәртібімен емес, буын саны тәсіліне қарай жасалған. Махмұд сөздігі әдеттегі сөздіктер сияқты тек лексикалық материалдармен ғана шектелмейді, ол – өте кең мазмұнды зерттеу. Махмұд Қашқари еңбегінде қамтылған 262 мақал-мәтелдің біразы ішінара лексика-семантикалық трансформациялануға ұшырағанымен, қазіргі түркі тілдерінде, айналым, қазақ тілінде мағынасын сақтаған.

Мәселен, жинақта: Ікі қоңқар башы бір әшәчта бышмас;

Қазақ тілінде: Екі қоңқардың басы бір қазанға сыймайды [4].

Ежелгі түркі халқының байырғы кезеңіндегі өмірге деген көзқарастарының негізі тәңіршілдікте жатыр. Тәңірлік адамның табиғатқа табынуынан, табиғатты құдай деп түсінуінен туындаған түсінік. Байырғы түркі халқы дүниетанымында адамзатты жаратушы табиғат, яғни «Тәңірі» болып саналады. Байырғы түріктердің түсінігі бойынша Тәңір көктегі жалғыз жаратушы, ол көзге көрінбейді. «Тәңір – ең жоғарғы Құдай» [5, 10 б.] деп түсінген ежелгі түркілер Көкке (Тәңір) және Жерге (жер-суға) сыйыну арқылы Тәңірді жаратушы ретінде, ал жерді тіршіліктің тірегі ретінде қабылдаған. Сол себепті түркі халқы Тәңірі жаратқан табиғаттың әрбір жаратылысына ерекше көңіл бөліп, оған зор сүйіспеншілікпен, үлкен құрметпен қарауды үйренген.

Көкке (Тәңір) және Жерге (жер-суға) сыйынуы – Тәңірлік діннің өзіне тән ерекшелігі болып табылады. Түркілер күнге, айға және отқа, су мен жерге де құдай деп табынған. Жер-суды тіршіліктің тірегі, өмірдің өзегі деп сенген түркілердің наным-сенімдерінде әйел-құдай – Ұмай ерекше құрметтелген. Күлтегіннің жеті жаста әкесінен жетім қалып, бүкіл өмірін сипаттайтын жыр жолдарында: «Әкем қаған өлгенде, Інім Күлтегін жеті жаста қалды. Ұмай текті шешем – қатынның бағына, Он жасында інім Күлтегін ер атағын алды» деген өлең жолдарынан ежелгі түркілерің Ұмай анаға үлкен құрметпен қарағандығын байқамыз. Ұмай ананың отбасын жамандықтан сақтайтын әйел тәңірісі ретіндегі бейнесі «Тонькөк» жырында да көрініс тапқан: Тәңірі Ұмай, қасиетті Жер-Су Бізді қорғайды, ойлану керек. [6, 22 б.]

Тәңір тілдік бірлігіне қатысты Тәңір төбесіне ұстап, Тәңір қуат берген соң, Тәңірі ақыл берген соң, Тәңір жарылқады, Төбеңнен Тәңір баспаса, Көтерген Тәңір, Тәңір, Ұмай, қасиетті жер-су жеңіс берген фразеологизмдер бар: Әкем Елтеріс қағанды, Шешем Елбілге қатынды, Тәңір төбесіне ұстап, Жоғары көтерген екен (КТ) [6, 177 б.];

Түркілердің өміріндегі рухани-діни аясына келер болсақ, көне түркілік дінде Көкке, бабаларға, анимистік тотемдерге табыну, шаманизмнің белгілері күрделі тоғысқан. Түркілердің басты тотемы – түркілердің тегі болып саналатын бөрі (қасқыр). Түркі халықтарының барлығында, түркі халықтарының шығу тегі ортақ екенін көрсететін ұқсастық көрсететін, халық дастандары сақталған (қырғыздарда «Манас», қазақтарда «Қобыланды батыр», якуттарда «Олонхо», балқарлықтарда «Нарты») [7].

Табиғатпен біте қайнасып бірге өскен түркілер дүниетанымының қайнар көзі табиғат болғандығы белгілі. Бұл табиғатта болып жатқан құбылыстарды жіті бақылайтын көшпелілер әулетінің қоршаған ортамен тығыз байланысты екендігін білдіреді. Қазақ әдебиетінде түркілерге ортақ ұғымдардың, мифтер мен аңыздардың авторлық ойды жеткізуде көркемдік тәсіл ретінде қолданылуы жиі кездеседі. Көне түркілер дүниетанымы негізінде пайда болған мифтердің, аңыз-әңгімелердің, табиғат пен адам арақатынасы тақырыбының, жан-жануарлар бейнесінің көркем шығармаларда көрініс табуы ежелгі әдебиетіміздің бүгінгі күні қайта жаңғыруы деп түсінеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сыздыкова Р. Абайдың сөз ернегі. - Алматы, 1995. -207 Б.Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің мәтіні. – Алматы, «Ғылым», 1990.
2. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. (Қазақ әдебиеті бастаулары). Жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.

3. Абитжанова Ж.А. Орхон-енисей ескерткіштері тіліндегі фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің қолданысы «Тілтаным» журналы. 2018. №3.

4. Махмуд Қашқари. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк»). – Алматы: «Ана тілі», 1993.

5. Жанайдаров. О. Ежелгі Қазақстан мифтері. – Алматы: «Аруна» баспасы, 2007, – 256 б.

6. Тенищев, А.М. Щербак. – Ленинград: Наука, 1969. – С. 676.

7. Авакова Р. Әлем мәдениеті мен өркениетіндегі түркілік синергетика // «Түркі мәдениетінің әлем өркениетіне ықпалы» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары 14 желтоқсан 2018 ж.

А.Б. БЕЛБОТАЕВ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті,

А.Иасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің

академиялық профессоры

Тараз, Қазақстан

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚАДІРІН ҚАЙТСЕК АРТТЫРАМЫЗ

Аңдатпа. Мақала иесі мақалада Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты танымал мақаласына пікір айтып, оның сөзін толық қолдайды. Сонымен бірге мемлекеттік тіліміз – қазақ тілін қоғамымыздың барлық саласында жан-жақты дамытуға, өркендетуге күш салуға қоғамды үндейді.

Тірек сөздер: тіл, мемлекеттік тіл, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат», «әділетті мемлекет» құру, мемлекеттік тілді білу, оны өркендету, мемлекеттік тіл – ел мұраты!

Аннотация. Автор статьи полностью поддерживает слова Президента Республики Казахстан Кассым-Жомарта Токаева, комментируя известную статью «Независимость – самое дорогое». В то же время наш государственный язык – казахский язык – призывает общество прилагать усилия для всестороннего развития и процветания во всех сферах нашего общества.

Ключевые слова: язык, государственный язык, «Независимость - самое дорогое», создание «справедливого государства», знание государственного языка, его развитие, государственный язык - миссия страны!

Abstract. The author of the article fully support the words of the President of the Republic of Kazakhstan, Kassym-Zhomart Tokayev, commenting on the well-known article «Independence is the most expensive». At the same time, our state language – the Kazakh language – calls on society to make efforts for the comprehensive development and prosperity in all areas of our society.

Keywords: language, the state language, «Independence is the most expensive», the creation of a «fair state», knowledge of the state language, its development, the state language – the mission of the country!

Сөз болып отырған «Мемлекеттік тілдің қадірін қайтсек арттырамыз» деп аталынатын хабарламамызды Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген танымал мақаласында жазылған жүрек тебіренісіне толы мына бір сөзімен бастағым келіп отыр. Онда: «Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз. Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырары анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет», – деген [1].

Президент мұнда Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болатынын айтып, одан ары әр онжылдықтың әрқайсысында атқарылған миссиясы тұрғысынан

«ғасырдың жүгіне лайықты істердің» орындалғандығын санамалап келтіреді. Ал енді ғана басталған төртінші онжылдық жайында: «Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет. Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез-келген істе әділдік қағидатын басшылыққа аламыз, оны орындаймыз. Мысалы, тұрғындардың тұрмысын жақсарту түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімнің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдар сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын. Біз халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бірдей қорғаймыз. Менің ұғымымдағы әділетті мемлекет дегеніміз – осы», – дейді [2]. Сондай-ақ бұл айтылған сөзін іс жүзінде орындап жүргенін де көреміз. – Сондықтан, қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шетел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн. Оған сұраныс жоғары. Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек», – дейді [3].

Рас. Ашығын айту керек, мемлекеттік тіл мәселесіне келгенде бұл өте орынды айтылған сөз. Біз Президент сөзін толығымен шын жүректен қолдаймыз: ол – ашық айтты: «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы», – деді; ашып айтты: «Міндеті деп те айтуға болады», – деді; жақауратып та айтты: «Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді» [4], – деді. Басқаша не деуге болады, айтыңыздаршы.

Меніңше, басқа-басқа емес, Президентіміздің тура осы бір сөздерінен кейін әрбір жаны бар қазақ «Елім!» деп, «Ана тілім – қазақ тілі!» деп, алға ұмтылса керек еді. Жай ғана емес, жүрегімен, жүрегінің әмірімен ұмтылса керек еді! Осындай бір толғаныстан туса керек, орыс оқымыстысы ма, Петр Вяземский деген кереметтей жан «Ана тілін шекараны қорғағандай қорғау керек» деген екен. Міне, керек болса! Ал енді шекара дегеннің не екендігін, оны қалай қорғау керектігін «бесіктегі баладан, еңкейген қартқа дейін» білетіндігімізге дау жоқ. Бірақ солай ма? Неге мемлекеттік тіліміздің тұғыры нықталмай, еңсесі көтерілмей жатыр? Бұған кім кінәлі, кім жауапты? Тілімізді дамытудың, оны қорғаудың қандай нақтылы жолдары бар?.. Қысқасы, көкіректе тек арман бар, сұрақ көп, жауап жоқ. Шынымен де солай ма? Жоқ. Бұлай болуы мүмкін емес қой. Қандай да бір жолы не шешімі болса керек қой, ағайын. Сіз қалай ойлайсыз?

Енді мына бір қызыққа қараңызшы, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласынан кейін теле-радио, баспасөз беттерінде біразға дейін қолдаулар, үнқосулар болды. Көптеген іс-шаралар өткізіліп, жиындар болып жатты. Бірақ тілдің дамуында, не қолданылуында кісіні пәлендей елең еткізерлік, не селт еткізерлік не өзгеріс, не қозғалыс (құбылыс) байқалмады. Қайта мемлекеттік тіліміздің дамуы кері кетіп бара жатқандай әсерде жүргендейміз: аялдамалар атаулары қазақша емес орысша айтыла бастады: « – Келесі аялдама – Горбольница, келесі аялдама – Магазин», сөйлеу тілі болса, шұбарланып барады, жарнамалар болса – «жаралы», аудармалары болса – адам түсінбестей «қойыртпақ» дүние, т.б. деген сияқты. Әрине бұл – үлкен кемшілік, әсіресе ұлттығымызға сын болып тұрған жай.

Рас, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында тіл мәселесіне қатысты оның болашағына байланысты елеулі ашықтық, емен-жарқындық байқалып, оның қолданысына, мәдениетіне, тазалығына, болашақ даму мәселелеріне қатысты бүкіл халықтық қолдау үрдісі байқалды. Бұл – «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның қабылдануы – «мың өліп, мың тірілген» қайсар еліміздің жер шарының саяси картасында қазақ ұлтының ұлттық нышандарымен қатар, мемлекеттік тілі бар зайырлы Қазақстан Республикасы ретінде танылуы еді, соның ықпалды әсерінен де болды-ау.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданылуына негізінен ықпал еткен Заңның 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі» деп жазылуы - Қазақстан Республикасы халқының еңсесін рухани тұрғыдан көтергені анық [5]. Ал 1998 жылғы 14 тамызда «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту туралы» Үкіметтің № 769 қаулысы қабылданды [6]. Бұл қаулының өміршеңдігі сонда – кеңес дәуірінен бері орысша жүргізіліп келе жатқан кеңсе тілін мемлекеттік тіл ретінде сөйлетіп, қазақ тілі мәртебесінің көтеріле түсуіне әжептәуір септігін тигізді

десек болады. Бұл – анық. Десек те бұл мәселе әлі бел алалмай келеді. Өйткені ол тұрмысымыздың барлық салаларын түгел қамтуы тиіс, бірақ олай болмай тұр.

Сондай-ақ Үкімет қабылдаған нормативтік - құқықтық актілердің өз дәрежесінде орындалуы үшін алысты болжаған, тиянақты жоспарланған бағдарламаның қажет екендігін уақыт өзі көрсетіп берді. Осыған байланысты мемлекеттік тілдің басқару тіл ретінде қолданылуын қамтамасыз ету үшін, іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру кестесін белгілеу арқылы оның негізгі тіл ретінде қолданылуын реттеу сияқты маңызды мәселелерге арналған мемлекеттік маңызы бар құжаттар – мемлекеттік бағдарламалар да қабылданды [7], [8]. Бірақ бұл бағдарламалар да толық орындалмады: жарым-жартылай ғана орындалды десек болатындай.

Бұдан кейін де мемлекеттік тұрғыдан Қазақстан республикасындағы тілдердің қолданылуына, дамуына байланысты біршама маңызды құжаттар дүниеге келді. Олардың бәрінде де мемлекеттік тіл, оның қолданылуы мен дамуы, соларға байланысты іс-шаралар мәселелері сөз болып отырды. Олар да өз шама-шарқынша атқарылып жатты. Бірақ, қалай болғанда да мемлекеттік тілдің қолданысында, дамуы мен қалыптасуында мардымды өзгерістер байқалмады, анығын айтқанда – ілгерілеушілік болмады. Бұл – ащы да болса шындық еді.

Бұл айтқандарымызды басқаша айтып түсіндірер болсақ, мемлекеттік тіл – қазақ тілінің толыққанды болып өсіп, өркендеуі үшін бұл аты аталған салаларда (ғылым, мәдениет, саяси-әлеуметтік, дипломатия, басқару т.б.) қоғамымызда қажеттілік тудыру қажет еді. Бірақ ол да болмады, қоғам оны тудыра алмады. Осы себептен келіп, оның қолданылу өрісі де болмады, дамымады.

Заң баптарының, оның тармақтарының орындалуын – іс жүзінде іске асырылуын қатаң бақылауға алынуы керек еді, бұл да болмады. Нәтижеде – өзі қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылуы тиіс, соның негізінде дамиды мемлекеттік тіл – қазақ тілі қолданылатын өрісі болатұра оның орындалуын қамтамасыз ететін тиісті тетіктерінің болмауынан дамусыз тоқырауға ұшырады. Сөйтіп өзіндік дамуы жағынан тұйыққа келіп тірелді. Бұл – біздің елдің мемлекеттік тілімізді дамыту саясатындағы үлкен кемшілігіміз болды. Осындай себептерден де тілдерді дамытудың Мемлекеттік Бағдарламалары іс жүзінде орындалмай қалды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақ елін күллі әлем таныды, мойындады. Экономикамыз бен ғылымымыз, халқымыздың әлеуметтік жағдайы мен әл-ауқатымыз жан-жақты дамыды. Бүкіл әлемдік саяси аренадағы мәртебеміз де арта түсті. Соның ішінде ғылым-білімнің негізгі кілттерінің бірінен саналатын ұлттық жазуымызға да күрделі реформа жасалды. Латын әліпбиіне негізделген Жаңа қазақ жазуын жасап, оны қабылдадық. Мұндағы мақсат – осы мемлекеттік тіліміздің абройын асқақтату еді әрі оның өміршеңдік сипатына толық жағдай жасау еді. Бұл мәселе әзірге тыныс алғандай тоқтап тұр.

Анығын айтқанда, қазіргі кезде бізге ұлттық ана тіліміз – қазақ тілінің қадір-қасиетін арттырудың жолдарын жан-жақты іздестіруіміз қажет, сол үшін талмай еңбек етуіміз керек. Айталық тілімізді, ұлтымызды, әдет-ғұрпымызды, салтымызды, өнерімізді, батырларымызды, данышпан ғұламаларымызды т.б. бәрі-бәрін насихаттап, олардың үлгілерін көрсеткеніміз жөн. «Өз жаныңды жаттай күт, жат жаныңнан түңілсін!» – деген мақалдың іс жүзінде орындалатын дер кезі.

Тағы бір ауыз сөз, біздің білуімізде – мемлекеттік тіл – мемлекеттігіміздің негізгі әрі басты ұстындарының, өлшемдерінің бірі. Сондықтанда оның мазмұндық та, құндылық та, руханилық та, сондай-ақ саясылық та сипаты оның ұлттық рәміздеріміз – Ту, Елтаңба, Әнұранымыз сияқты солардың қатарында солармен бірге ұлттық рәміздеріміздің бірі сияқты тең дәрежеде тұруға лайықтылығын көрсетеді. Өйткені, Тіл – ұлтымыздың ең басты байлығы, тәуелсіздігіміздің тұмары, азаттығымыздың айғағы. Бұл ретте Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында мемлекеттік тілдің дамуы мен келешегі жөнінде айтқан пікірлері өте орынды әрі дұрыс айтылған. Оның біздер үшін маңызы да өте зор деп білеміз. Сондай-ақ бұл жерде белгілі Алаш ардақтысы, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады», – деген, Ғ.Мүсіреповтің «Тіл – аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» – деген сияқты ұлағатты асыл сөздерінің де барын ешқашан ұмытпағанымыз жөн.

Қысқасы, қорыта айтқанда, мемлекеттік тіліміз – қазақ тілін дамыту, қорғау – біздің баршамыздың, қазақ ұлты ұрпақтарының басты міндеті. Өйткені ол – ұлттығымыздың, мемлекеттігіміздің басты тірегі. Сондықтанда оның өсіп-өркендеп, қоғамымыздағы тұрмыс-тіршіліктің барлық саласында толыққанды қызметке ие болып төрге озуы, елімізде өмір сүріп жатқан халықтарды ұйыстырып, бірлігін жарастыруы – елдігіміздің басты мұраты! – деп айтқымыз келеді.

Әдебиетер тізімі:

1. Тоқаев Қ.-Ж. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. – «Егемен Қазақстан». 5 қаңтар, 2021.
2. Тоқаев Қ.-Ж. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. – «Егемен Қазақстан». 5 қаңтар, 2021.
3. Тоқаев Қ.-Ж. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. – «Егемен Қазақстан». 5 қаңтар, 2021.
4. Тоқаев Қ.-Ж. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. – «Егемен Қазақстан». 5 қаңтар, 2021.
5. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы. – Алматы, 1997, шілденің 11-і.
6. «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту туралы» Үкіметтің № 769 қаулысы. – Астана, 14.08.1998.
7. Назарбаев Н.Ә. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2000.
8. Назарбаев Н.Ә. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

MAKSUTHAN AMANJANULI JAKIP

*Ahmet Baytursynuli Til Bilimi İnstitutu,
Almati, Kazakhstan*

M. AUEZOV'UN «ABAY YOLU» ROMANINDAKİ «SARI» KELİMESİNİN SIRRI

Özet: Bu çalışmada M. Aueзов'un «Abay Yolu» adlı romanında kullandığı «sarı» renk adının kullanımları ele alınmıştır. «Abay Yolu», Kazakistan halkının ulusal mirası, ulusal varoluşunun Sarı Arka gibi dev anıtı, ana dilimizin altın tohumudur. Bu eser M. Aueзов'un hünерli bir şekilde işlediği, Kazak dilinin önemli unsurlarını barındıran bir eserdir. Yazar, «sarı» sözünü romanda öylesine kullanılmış bir sözcük değildir, «sarı» kavramını kullanarak nesnelere ve olgulara açıklayarak anlatmıştır. «Sarı» kelimesi eserde geniş bir anlam alanına karşılık olarak kullanılmıştır. Bu söz sararmışlık, solmuşluk olarak olumsuz durumlar için kullanılmıştır. Sarı, geniş bozkırla özdeşleştirilerek uzun, geniş gibi anlamlarda kullanıldığı durumlar da vardır. Ayrıca sarı sakal, «sarı ala düğме» gibi ifadelerde «Rus»u temsilen kullanılmıştır. Muhtar Aueзов'un «Abay Yolu» adlı romanında sarı sözcüğü, dokuz kez isim olarak, yüz almış iki kez sıfat olarak, otuz kez fiil ile kullanılmıştır ve bunların türevleri de dâhil olmak üzere toplam iki yüz yirmiyi aşkın kullanımı görülmektedir.

Anahtar Kelimeler: Aueзов, Abay Yolu, renk, sarı, Kazakça.

Aңдатпа: М.Әуезовтің «Абай жолы» романы – қазақ өмірінің рулық, халықтық, ұлтық болмысының Сарыарқадай алып ескерткіші, ана тіліміздің сары уызы, сары алтыны. Ия, «тіл өнері дертпен тең» дей отырып, данышпан Абай «тіл өнерімен» туған халқының дертін дауалаған. М.Әуезов те тіл өнерімен ұлтының ұлы мұнарасын жасаған. Сол мұнараның нақыш бояуының бірі – «сары» сөзі болатын. Негізнен, жеті түстің ішінде «сары» – қолданылуы жағынан қара, ақ, қызыл, көктен кейінгі орынды ұстайды. Көркем шығарма тілінде қандай сөз болса да, ол құлпырып тұруы керек: сөздің ішкі мағынасы мен грамматикалық формасы ауызекі айтылуынан жаңғырып, жазушы тіліне тән, шығарма сипатына хас өзгеше өңденіп, қырланып түрлі қызмет атқарады. Романда «сары» сөзі жай түсті білдіріп, заттар мен құбылыстарды даралап, айқындап, анықтап тұр, деп ұққанның өзінде ұлы жазушы «сары» тіркескен сөзді тегін жұмсай салмаған. Данышпан суреткердің бұл ерекшелігін қара сөз поэзиядағы Абай үлгісі – «сөз түзелдіні» жанғыртқаны өзінен бұрынғы прозадағы стильдік кемшілікті түзеп кейінгіге жол салғаны деп біліміз.

Тірек сөздер: Мұхтар Әуезов, Абай жолы, түр-түс, сары, қазақ.

Annotation: In this study, the uses of the color name «yellow» used by M. Aueзов in his novel «Abay Yolu» are discussed. «Abay Yolu» is the national heritage of the people of Kazakhstan, a giant monument of their national existence like Sarı Arka, the golden seed of our native language. This work is a work that contains important elements of the Kazakh language, skillfully handled by M. Aueзов. The author explains the word «yellow» by using the concept of «yellow». The word «yellow» is used in the work to correspond to a wide range of meanings. This word was used for negative situations such as yellowness and fadedness. There are also cases where yellow is identified with the wide steppe and used in meanings such as long and wide. It has also been used to represent «Russian» in expressions such as blond beard. In M. Aueзов's novel «Abay»,

the word yellow is used nine times as a noun, twice as an adjective, thirty times as a verb, and including their derivatives, it is used more than two hundred and twenty times in total.

Keywords: Muhtar Auezov, Abay Road, color, yellow, Kazakh.

M. Auezov'un «Abay Yolu» romanı, Kazakistan halkının ulusal mirası, ulusal varoluşunun Sarı Arka gibi dev anıtı, ana dilimizin altın tohumudur. Evet, «dili hünerli adam dertle bir», bilge adam Abay «hünerli dili» ile halkının davasını dillendirmiştir. M. Auezov da dil hüneriyle ulusunun ulu anıtını oluşturmuştur. Bu anıtın güzel nakışlarından biri de «sarı» sözüdür.

Genel olarak «sarı» yedi ana renk arasında siyah, beyaz, kırmızı ve maviden sonra gelmektedir. Sarı, herhangi bir kelime gibi görünse de edebi dilde önemli yere sahiptir: sözcüğün temel anlamı dışında farklı gramer biçimlerinde kullanımıyla kendini konuşma dili seviyesinden kurtarır ve ayırt edici bir yaratıcı özelliklerle türlü anlamlarda kullanılabilir.

Bu sözcük romanda öylesine kullanılmış bir sözcük değildir, «sarı» kavramını kullanarak nesnelere ve olguları açıklayarak anlatmıştır. Kelimelerin anlamı, anlam derinliği, olaylara, okuyucunun kavram dünyasına, anlayışına ve eğitim durumuna göre değişebilmektedir. Yazar bu durumları göz önünde bulundurarak «sarı» sözünü eserinde ustalıkla kullanmıştır. Örneğin: sarı adam, sarı gelin, sarı kızıl ihtiyar, sarı yüz, sarı saç, sarı kaş, sarı göz, sarı bıyık, sarı sakal, sarı başlı kamçı, sarı diş, sarı bıçak, sarı semaver, sarı kırmızı, sapsarı kırmızı, sarı fincan, sarı yağ, sarı kadife, sarı perde, sarı su, sarı peynir, sarı tepe, sarı ot, sarı döşek, sarı deve, sarı at, sarı tay, sarı kuş, sarı tazi, sarı kunduz, sarı safran, sarı akbaba.

Sarı: sarı hasta gibi, sarı hastalıktan kalkmış gibi, sarı altın gibi havlu, altın gibi sarı sakal, sarı sarı altın beşik gibi, sarı sarı ot gibiyiz, altın gibi sarıdır. (1)

Yukarıda da görüldüğü gibi bir kuyumcu inceliği ile Muhtar Avezov, asırlık yaşam romanı olan «Abay yolu»nda, «sarı» kelimesinin tonları ile yapılan etnografik bir hayat hikayesi sunmaktadır.

Sarı kelimesi, romanda ayırt edici bir renk sunumu ile zenginliğe sahiptir.

Şimdi farklı anlamlarda kullanıldığı çeşitli örnekler üzerinde duralım (2-8):

Sarı - bol, kalın, iyi düzenlenmiş. Abay adlı üç günlük bir çocuk Jumabay tarafından hapse konuldu.

-Eyyvah, elimizde ne var? Yalnız ikimiz... sararmış eller.

Sarı pis, sıkı. Bazen sarı eyer hırsızıydı.

Sarı yıpranmış, eski, yaşlı: köyün çevresi kurumuş, sarı yurt olsa da zengin. Güz olduğundan otlar kurumuş, etraf sararmış... sarımsı görünen ince kar.

Bu ve bu gibi örneklerde daha çok olumsuz durumları anlatmak için kullanıldığı görülmektedir.

Sarı - «uzun, uzak, geniş, sürekli, sonsuz.

Şimdi, yavaş yavaş, ikiniz de sarı yıldız karşınıza alın. Kımıldamayan, ses duyulmayan, geniş, sarı bozkır. Ocak ayı ortasında, şehir sarı, donuk ve terk edilmiş, soğuk ve terk edilmiş durumdaydı.

Sarı-Arka A. Medoev, E. Qoyşıbaev, N. Bayandin gibi toponomistler, bilim adamları, E. Janpeyisov R. Sızdıkova gibi araştırmacılar (9-13) «Sarı» sözünün uzak, geniş anlamları olduğunu, geniş bozkırlar için kullanıldığını belirtirler. Kazak bozkırlarının kuzey ve güney olarak iki kesimi vardır. «Sarı-Arka», yaz yayla olarak kullanılan, kışın kışlak olarak kullanılan, dört evcil hayvan ve yıldı da dahil barındırıp besleyen, Kazaklar için verimli bir vatan, ata yurdu olmuştur.

Kazaklar için önemli yurt olan «Sarı Arka» M. Auezov'un «Abay Yolu» adlı eserinde kutsal bir nitelikte yer almıştır. Örneğin: O, Sarıarka'nın en zengin adamıdır. Gökdelenine tırmandığında kırsal bölgeyi izledi ve Sahara'nın serin, göbeğinde kaplı bir göl olan Sarıarka'ya indi (IV-62). M. Auezov burada «Sarıarka» yı yalnızca bir arazi olarak görmemiştir. Sarıarka, «sarı» kelimesinin sembolik anlamını açıklamak ve «serin kır», «esen göl» olarak tanımlanmış, Kazak halkının kutsal bir yeridir.

Sarıarka, M. Auezov'un kullanımında «tüm Kazak bozkırları, tüm Kazak halkları» anlamlarını da barındırır özelliğindedir. Abay köyünde yaşayan en şerefli şarkıcının şarkıcısı Abay, «Sarıarka, Atıgay, Karaul, Kerey, Uak'tan sadece sizin adınız var. Örneğin, Abay'ın ağızındaki «Sarıarka çevresinden» sözü Kazak tarihinde yer alan bir sözcüktür. Dolayısıyla, «Abay Yolu» adlı iki bin sayfalık romanda beş kez geçen «Sarı-Arka» sözcüğü eskisi gibi gizemli, şaşırtıcı bir şekilde kullanılmıştır.

«Sarıarka» olduğu kadar sembolik olmasa da toprak ve su adlarına girmiş olan «sarı» sözcüğü sadece renk değildir.

Sarı dala, Sarıdır, Sarjal, Sarjazık, Sarjirik, Sarıköl, Saratau gibi.

Arazilerin isimleri dışında «Sarı» kelimesinden kabile, eyalet adları da üretilmiştir, Sarı, Sarı ırmak, Sarımirza, Altınsarı, Baysarı, Toysarı, Sarmolla, Sarbas.

«Sarı» kelimesi de farklı renklerde hoş ve tatsız bir anlam ifade etmekte ve bu karakter «Abay Yolu» romanında korunmaktadır.

Sarı renk, gözün doğal görünümünü üzerinde yararlı bir etkiye sahiptir. Altının ve güneş ışığının rengi sarı olduğu için sarı renk, sözcük daha sıcaktır. Örneğin: Parlayan büyük sarı samuray yuvarlak bir masanın yanında oturuyor ve ince keten bez ve altın taçlar ile örtülmüş. Sarı, güzel bir kamçı vardı.

«Şeffaf kaseler», «sarı tüyler», «sarı şahin», «gizemli sarı» vb. gibileri bu nitelemelerin kullanıldığı örneklerden bazıları.

Sarı sözcüğü aynı zamanda türlerin ve renklerin adlarının neredeyse birbirinin yerine geçebilir hale gelmesi olgusuyla da karakterize edilir.

Ayrıca «Sarı kan it», «Sarı ala köpek», «sapsarı», «sarı hırsız» ifadelerindeki «sarı» isimleri de negatif çağrışımlara sahiptir. Yine de «sarı köpek, köpeği», «köle kız», «delinin deliliği», «hırsızın hırsızlığı» yazılmıştır.

«Sarı» rengin kişiye olumsuz etkileri, maceraperest şeyler ve sarımsı olan olaylardır. Örneğin, büyük böcek ilacı sarımtırak bir renge sahiptir. İnsan hayatını tehdit eder.

İnsan hayatının dört mevsiminin en güzeli bahardır. Bütün dünya «mavi», «yeşil» dir. Bu bir yastık gibi «mavi», «yeşil» dünya, mevsim sonunda sarıya döner. Örneğin: Abay'ın adlandırdığı «Sarı çiyen» uykudaki adamı ısırır ve uyandırır. Daha dün çocukluğuyla, yiğit gençliğinin, yeşil otları sarar-mamış altın beşiği gibiyken, o cazip geniş yayla şimdi soğuk kabrin acı soğluğu gibi buz kesen taş tabut misali. (II, 285)

Yazar, olumsuz bir izlenim vermek için çeşitli durumlarda seçici olarak sıralamak, seçmek için «sarı» kelimesini kullanıyor.

Arkada sarı uzun bir masanın önünde bir adam vardı. «Verniy'de kim daha fazla?» «Sarı ala kılıçlı çok sayıda jandarma var» dedi.

Verilen örneklerde, «sarı sakal» Rus adam olarak tanımlanır; «sarı düğme», onun bir kraliyet yetkilisi olduğunu gösterir.

Uzun zaman sağlıklı bekletilmiş yıllık sucuğunun yumuşak yeri altın gibi sarı, külçe altından ziyade toz altın renginde olur. İyi pişerek iyice yumuşayan sucuğun bu kısmı doğranarak tabağa düşerkenki görünüşü ufalanan altın gibiydi.

Bu iki örnekte, renkle söylenen deyimle «Sarı altın gibi yele yağı» demekle onun renginden ziyade değeri ve görünüşü ifade edilmek istenmiş, tabağa konulan sucuk ve yele yağı, kazanda kızartılmış kuyruk yağından farklı olarak külçe altın diye özellikle tasvirlemiştir. Bunlar, hazırlanan kazı*, çevrilen kuyruk, sarı altın gibi bık bık eden cal celin** yağlardı. (I, 140)

Tabaklardan birinde tümüyle dilimlenmiş kazı yanı sıra haşlanmış kuzu kuyruğu, sarı altın gibi yumuşacık yele ve meme yağları... Örneğin; birbirine benzer şekilde yapılmış yıllık sucuğu, kazanda pişirilen kuyruk yağı sarı altın gibi...

«Altın gibi sarı yıllık yağı» deyiminde bu yağın son derece güzel görünüşü ve beğenilen tadı, yumuşaklığı, pişirilmekte ki ustalık dile getirilmiştir. Sarı sözcüğünün Altın kelimesinin önüne getirilmesi onun altın gibi değerli olduğunu ifade edebilmek için kullanılmıştır.

Canlı cansız bir varlığı Altın'a ve onun rengine eşleştirmek, insanlığın eskiden beri ola gelen ortak anlayış ve ifadesidir. Muhtar Avezov, deyim bulamadığından değil, kendi halkının altın gibi asil milli yapısını yüceltmek ve milletin kutsal iç ve dış alemine göstermek için özellikle ele almıştır.

Yazarın, at türünü tek tek ele alarak, ne renk atı kime bindirmesi gereğindeki sırrı açmak için yukarıda söylediklerimizin üzerinde biraz daha duralım. Ayrıca yazar, insan resminin her alanında «sarı» sözcüğünün sırrını çizer ve kahramanın iç ve dış karakterini verir. Abay'ın hediyesi, Birzhan'ın çizdiği sarı bir attır. «Sarı at» isminin renkli, hak ettiği bir at olduğu ve Birzhan gibi Abay'ın fahri misafir olarak seçtiği de belli.” Abay'ın sevgili oğlu, genç delikanlı Abış'in sağlığı ile alakalı olarak morali her zaman bozuk olduğu için onu sarı at'a bindirmişti. “Kurum sarı”, “Altın sarı” gibi birleşik renk ve lakaplarla çok çeşitli manaları ihtiva eden isimler ortaya çıkar.

Muhtar Avezov'un «Abay Yolu» adlı romanında sarı sözcüğü, dokuz kez isim olarak, yüz altmış iki kez sıfat olarak, otuz kez fiil ile kullanılmıştır ve bunların türevleri de dâhil olmak üzere toplam iki yüz yirmiyi aşkın kullanımı görülmektedir. (15)

Bu söz sararmışlık, solmuşluk olarak olumsuz durumlar için kullanılmıştır. Sarı, geniş bozkırla özdeşleştirilerek uzun, geniş gibi anlamlarda kullanıldığı durumlar da vardır. Ayrıca sarı sakal gibi ifadelerde «Rus»u temsilen kullanılmıştır.

Unutulmaması gereken şeylerden biri Muhtar Avezov'un, ulusumuzun eski dilinden ifadeler, atasözleri kullanmış olmasıdır.

Kaynaklar:

1. Әуезов М. Абай жолы. Жиырма томдық шығармалар жинағы. III-VI том. Алматы: Жазушы, 1979. – 80 б.
2. Кононов А.Н. Семантика цветообозначений в тюркских языках. //Тюркологический сборник. 1975. М.: Наука, 1978. – С.159-179.
3. Қайдаров Ә, Өмірбеков Б, Ахтамбердиева З. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992.
4. Шаниязов К.Ш. Этноним «сары» в составе тюркских народов. Ташкент, 1989.
5. Қоңыров Т. Теңеу және түс атаулары. Қаз.ССР ҒА Хабаршысы, фил. сериясы. 1984, № 1.
6. Исаев Д. Слово «Сары» в Киргизских топонимах. ИАН Кир.ССР, 1970, №3. – С.86-91.
7. Жаркынбекова Ш.К. Цветообозначающие прилагательные как объект художественного перевода (на материале произведения И.С.Тургенева). Автореф.дис...канд.филол.наук. 1994. – С. 24.
8. Жанпейісов Е. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынын тілі. Алматы, 1976. – 134 б.
9. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. А.: Санат, 1994. – 136-137 б.
10. Болатов Ж. М. Әуезовтің «Абай жолы» романында халық тілін пайдалануы.– Кіт.: Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер. Алматы, 1965.
11. Койчубаев Е. Нецветовая сущность топонимических компонентов ак, кара, кок, сары в географических названиях // Всесоюзная конференция по топонимике. СССР М., 1965.
12. Медоев А. Сарыарқа: К топонимике Казахстана //Вестник АН КАЗ ССР, 1948, № 1. – С. 56-57.
13. Баяндин Н. Сарыарқа // Білім және еңбек, 1984, № 1. – 8 б.
14. Конкашпаев Г.Н. Цветовые слова в тюркских топонимах. // Географические науки. вып.1, Алма-Ата, 1969. – С.72-83.
15. М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі. Алматы, Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1979 ж.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

I. ПРОФЕССОР Р.ШОЙБЕКОВТИҢ ТІЛТАНЫМДЫҚ МҰРАСЫ

Керімбаев Е.Ә. Тілші-ғалым Р.Н.Шойбеков – жақсы адам	4
Манкеева Ж.А. Зергерлік лексиканың этнотаңбалық синергиясы.....	5
Қабадайы О. Лексикография және лексикология салаларына арналған ғұмыр	7
Әшімбаева Н., Өтебаева Э. Зергерлікті зерделеген ғалым	9
Отарбекова Ж.К., Асанбаева С.А. Зергерлік өнер тілінің зергері	12
Әмірбекова А. Ғалым Р.Шойбеков және қазақ логосферасы	14

II. ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕТАТІЛІ

Смағұлова Г. Қазақ лингвомәдениеттанымының бүгінгі мен болашағы	17
Юсупова А.Ш. Отражение кодов культуры в татарских поговорах и пословицах с семантикой о труде	21
Ғабитханұлы Қ. Қытайда тұратын қазақтардың тілінде сақталған этномәдени бірліктер.....	23
Байтелиева Ж.Д., Омарова Ж., Нұрманова Б. «Адалдық, әділдік» ұғымдарының этномәдени ерекшелігі.....	28
Тогжанова Л.К., Тажибаева Ш.А. Развитие языковой культуры студентов технического профиля	33
Амантаева Н. Қазақ тіліндегі лингвомәдени түр-түс атауларының аудармадағы көрінісі (Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» романы бойынша).....	37
Бексұлтан Ж.Қ. Тілдегі мәдениет, мәдениеттегі тіл	41
Амангелдиева С.С., Дауткулова А.Қ. Ұлттық сенім көрінісіндегі субстантивтердің когнитивтілігі	44
Kistaubayeva A.B. The peculiarities of kazakh and english languages in the linguoculturology	48
Өтебаева Э.Ә., Серікқызы М., Нұстаева А.Б. Белсенді қолданыстағы паремиологизмдер	51
Серікқызы М. Этномәдени бірліктердің лексикографиялық базасын әзірлеу.....	54
Махамбетова А. Сөздің мәдени-семантикалық мағынасын ашу жолдары	59
Әмзе Н.Н. Когнитивтік лингвистиканың лингвомәдениеттану және этнолингвистика ғылымдарымен сабақтастығы	64
Нұстаева А.Б. Қазақ және түрік тілдеріне ортақ фразеологизмдер.....	68
Талғатқызы Г., Байсыдық И.Б. Этномәдени атаулардың көркем шығармадағы көрінісі.....	72
Аманжолова А.Қ. Ақтөбе өңірі фитонимдерінің лингвотанымдық сипаты	76
Барменкулова А.С. Этномәдени бірліктерге тән мәдени кодтардың корпуста берілуі.....	80
Аманбекқызы Ж. Тілдік тұлғаны тануға бағытталған зерттеулер	83
Арынбаева Д.Ж., Абдуразов Б.Б. Этнолингвистика және жаһандану	87
Ғазезова Н.М. «Салт-дәстүр» ұғымы туралы түсінік және ұлттық дәстүрдің мазмұнына анализ	91
Утебаева Н.А. Құрақ құрау – қазақтың қолөнері.....	95
Құлбаева Г.А. Қазақ тіліндегі киіз үйге байланысты атаулардың танымдық мәні.....	99

III. ЭТНОГРАФИЯ, ЛИНГВОЭТНОЛОГИЯ

Шәйкен Ж.А. «Саздауға біткен сарыағаш, кімдерге сайғақ болмаған»	103
Белтенев Ж.М. XVIII-XIX ғғ. қазақ хан-сұлтандарының эпистолярлық мұраларындағы арабизмдер	108
Бектұрсын А.С. Тарихи атауларға қатысты қазіргі таңдағы ономастика мәселесі.....	119
Белботаев А.Б., Кадирғалиева А.Т. Әлемдік өркениет бағыттарының кейбір ерекшеліктері туралы	123
Семби М.К. Мустафа Шокай в отечественной историографии	125

IV. ТІЛДІК-МӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ЛИНГВОДИДАКТИКА

Кажигалиева Г.А. Билинговокультурная природа стихотворений Олжаса Сулейменова в лингводидактическом аспекте	130
Рысбаев С. Калыптандыруучу билим берүү мезгилиндегі ишмердикке негизденген деңгээлдік технология	134
Мамырбаева Ж.С. Мәтіндердің құрылымдық ерекшелігі және оқу танымға әсері.....	141
Әміржанова Н. Қазақ орфографиясын алгоритмдеудің лингводидактикалық негізі.....	145
Zholdykarayeva Y. The impact of social interaction and new teaching methods on learning motivation and outcomes in higher education.....	151
Hasanova A.J., Abitova G.T. Okul öncesi kuruluşlarda erken kariyer rehberliği çalışmalarının organizasyonunda dilbilimin önemi.....	154

Тлеубекова Б.Т., Толеева Н.А. Сөйлесім әрекетінің тіл меңгертудегі маңызы (кәсіби мәтіндер негізінде).....	157
Төлегенова М.Ә. Дискурс – талдау мен прагмалингвистика: зерттелуі мен өзара байланысы.....	161
Turlibek A., Kortabaeva G. A comparative analysis of phraseological units with proper names in kazakh and turkish languages	164
Хаджимуратова Ә.Ә. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы балалар бейнесінің рухани-танымдық ерекшелігі	168
Амирханова С.Б. Тіл жүйесіндегі оқшау сөздердің функционалдық табиғаты	173
Қоянбекова С.Б. Бұрхамбаева Л.А. Қазақ тілі лингвостилистикасының логика-философиялық ерекшеліктері.....	176

V. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Алдаш А. Тілдегі стереотип, клише және штамп құбылыстары.....	180
Малбақұлы М. Көне түркілік қатын, ұлу сөздерінің қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарындағы мән-мағынасы туралы.....	184
Сейітбекова А.А. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы діни сөздердің жаңғыруы	188
Аманбаева А.Ж. Қазақ тілі морфонология жүйесінің даму заңдылықтары.....	192
Садырбаева З. Қазақ тілінде шеттілдік экзоним атауларын дұрыс таңбалау ерекшеліктері.....	195
Пашан Д.М. Есім қою мен аты-жөнді өзгертудегі жаңа үрдістер.....	197
Шүленбаев Н.Қ. Терминологиядағы көпмағыналылық (полисемия) пен кең мағыналылық (эврисемия)	201
Ахметова Г.С. Абай өңірі ономастикасындағы антропонимдердің орны.....	211
Mustafayev F.N. Kіno dilindә onomastik vahidlәgin yaranmasında nitq hissәlәginin іştirakı.....	215
Мырзаханова Д.Е., Таубаев Ж.Т. Антропоним және топоним негізіндегі эпонимдер	221
Алтаева Д.К. XX ғасыр басындағы ономастикалық зерттеулердің негізгі бағыттары.....	224
Төлбасы Л.Н. Тілдік норма – тіл мәдениетінің өзекті мәселесі.....	228
Көбденова Г.Б. Саяси мәтіндердегі ескі сөздердің жаңғыруы	231
Жасқайратов А.М., Даутқұлова А.Қ. Көмектес септігінің түркілік негізі және қазіргі қолданысы.....	234
Сейтбатқал Ә. Қазіргі түркі тілдерін әлемдік топтастырудағы ерекшеліктер	237
Бисенғали А. Қазіргі қазақ және түрік тілдеріндегі терминдену үдерістерінің лингвистикалық (терминжасамдық) ортақтығы мен айырмашылықтары	242
Оспанғазиева Н.Б. Түркі тілдеріндегі дыбыстардың дамуы мен қалыптасуы.....	248
Дармен А. Көне түркі ескерткіштеріндегі тұрақты сөз тіркестерінің қолданылуы	254
Белботаев А. Мемлекеттік тілдің қадірін қайтсек арттырамыз	257
Жақір М. М. Auezov'un «Abay yolu» romanındaki «sari» kelimesinin sirri	260

**«ҚАЗАҚ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМЫ:
ТЕОРИЯСЫ, ЭМПИРИКАСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ»
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары**

Беттеген: Т. Есжанов
Мұқабасын көркемдеген: Б. Альдибаев

Басуға 10.10.2023 жылы қол қойылды. Пішімі 70x90 1/16
Қаріп түрі «Times New Roman». Қағазы офсеттік.
Көлемі 16,625 б.т. Таралымы 100 дана.

Редакцияның мекенжайы:
050010, Алматы қ. Құрманғазы көшесі, 29
ҚР ҒЖЖМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Тел./факс: 8 (727) 272-55-47, 272-69-61